Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

Қызмет хроникасы



1996–1997

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

ҚЫЗМЕТ ХРОНИКАСЫ 1996–1997 жылдар

МАЗМҰНЫ

Астана Деловой Мир
БАСПАСЫ ИЗДАТЕЛЬСТВО
АСТАНА 2013

Мазмұны

КІРІСПЕ 3

1996 жыл

ҚАҢТАР 11
АҚПАН 27
НАУРЫЗ 37
СӘУІР 49
МАМЫР 61
МАУСЫМ 77
ШІЛДЕ 89
ТАМЫЗ 99
ҚЫРКҮЙЕК 111
ҚАЗАН 123
ҚАРАША 137
ЖЕЛТОҚСАН 147

1997 жыл

ҚАҢТАР 163
АҚПАН 171
НАУРЫЗ 179
СӘУІР 191
МАМЫР 201
МАУСЫМ 215
ШІЛДЕ 229
ТАМЫЗ 241
ҚЫРКҮЙЕК 251
ҚАЗАН 267
ҚАРАША 285
ЖЕЛТОҚСАН 297
ҚОСЫМШАЛАР 309

Қазақстан Республикасы Парламенті бірінші шақырылымы
I сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі 310

Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан арасындағы
Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге
қол қоюына орай жасаған мәлімдемесі 322

Қазақстан халықтары Ассамблеясының III сессиясында
«Қоғамдық келісім — Қазақстанның демократиялық дамуының негізі»
тақырыбында сөйлеген сөзі 323

Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
сөйлеген сөзі 337

«Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі
бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына Жолдауы 345

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 5 жылдығына арналған салтанатты
жиналыста «Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және
қазіргі заман» атты сөйлеген сөзі 370

Жаңажылдық құттықтауы 390

Қазақстан халықтары Ассамблеясының IV сессиясында «Қазақстан халқының
азаматтық таңдауы — тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық
реформалар» атты сөйлеген сөзі 391

М.О. Әуезовтің 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
сөйлеген сөзі 411

«Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендуі, қауіпсіздігі
және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына
Жолдауы 414

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бірінші шақырылымының
бірлескен отырысында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының
астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығына байланысты
сөйлеген сөзі 451

Қазақстан халқына Үндеуі 456

Тәуелсіздік күніне және Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының
астанасы етіп жариялауға арналған салтанатты жиналыста
«Тоталитарлықтан — саяси тұрақты демократиялық Қазақстанға»
атты сөйлеген сөзі 458

Жаңажылдық құттықтауы 468

1996 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі 470

1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі 474

1996 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Президенті
жарлықтарының тізбесі 483

1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының тізбесі 502
Қысқартылған сөздер тізбесі 518
Географиялық атаулар көрсеткіші 520
Есімдер көрсеткіші 530
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші 538

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:
М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.
Қызмет хроникасы. 1996–1997 жылдар. — Астана: Деловой Мир Астана, 2013. — 552 б.

© Қасымбеков М.Б., 2013
© «Деловой Мир Астана» ЖШС, 2013
© Барлық құқықтары қорғалған

1996–1997 жылдар бұған дейін бұрынғы бүкіл КСРО кеңістігінде теңдесі болмаған екі ұзақмерзімді маңызы зор жобаларды ұсынуымен және іске асыруымен сипатталды.

Бұл мемлекетті 2030 жылға дейін дамыту стратегиясы мен астананың көшірілуі.

Ел ішіндегі мемлекеттік-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда етек алған ауқымды реформалар ел дамуының жаңа бағдарлары мен көкжиегін айқындаған түбегейлі құжат — «Қазақстан–2030» стратегиясында өзінің теориялық дамуына ие болды.

Мемлекет басшысы Стратегияны 1997 жылдың қазанында сол кездері жаңа оқиға болып табылған өзінің «Қазақстан–2030: барлық қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсаруы, қауіпсіздігі және гүлденуі» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында жария етті. Дәл сол кезеңде жаңа дәстүр — Мемлекет басшысының ел халқына жыл сайынғы ресми Жолдаулары басталған болатын. 1996 жылы басталған бұл дәстүр әлі күнге дейін жалғасын тауып, алдағы жылға әрі жақын арадағы келешекке нақты саясатымен жол көрсетіп келеді. Келешегі зор жоспарлар мен мақсаттарды талдау, болашаққа зер салуға тырысу мен соған өзін өзі бейімдеу осы құжаттардың басты ерекшелігі болды. Құжаттардың бірыңғай концептуалдық және стратегиялық желісі 1997 жылы, Президент өзінің Қазақстанның ұзақмерзімді келешектегі стратегиялық дамуының көрінісін ұсынған кездері негізін қалаған еді.

«Қазақстан–2030» бағдарламасы қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің мұраты хақындағы менің пайымдауым болып табылады, — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев. — Бұл қатаң түрде қолданылатын қатып қалған қағида не заң емес. Алайда мақсатсыз өмір сүру мүмкін емес, онсыз өмірдің мәні қалмайды. Сондықтан

«Қазақстан–2030» біздің болашаққа деген пайымымыз, тыныс-тіршілігіміздің бағдары болды. Біздің басты мақсатымыз — өзіне тән либералды құрылымы, ұлттық бірлігі, қуатты демократиялық институты, әлеуметтік әділдігі және бүкіл халқының экономикалық әл-ауқаты бар тәуелсіз, гүлденген әрі саяси тұрақты Қазақстан құру».

Стратегияның негізгі мазмұнын 7 басты басымдық құрайды:

- ұлттық қауіпсіздік;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы;
- шетел инвестициялары мен ішкі қорлардың деңгейі жоғары, дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуі;
- Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты;
- энергетика ресурстары;
- инфрақұрылымды, көлік пен байланысты дамыту;
- кәсіпқой мемлекет.

Қазақстан халқының кең қолдауына және халықаралық қоғамдастықтың жоғары бағасына ие болған «Қазақстан–2030» стратегиясы бірден жүзеге асырыла бастады.

Стратегия идеяларын іс жүзіне асыру жолындағы алғашқы қадамдардың бірі астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру еді.

Астананы көшіруге бірқатар бұлтартпас геосаяси, экономикалық, әлеуметтік-демократиялық сипаттағы жағдайлар себеп болды. Әрі бүгінгі күні өткен жылдардың биігінен қарасақ, бұл қадамның стратегиялық жағынан орынды болғаны айқын көрінеді.

Бұл идеяны сонау 1994 жылы алғаш рет ресми түрде Н.Ә. Назарбаев жария еткенін айта кеткен жөн.

Одан кейінгі 1995–1997 жылдары Президент Ақмоланы дамытуға бағытталған: астана туралы, Ақмола арнайы экономикалық аймағын және «Жаңа астана» бюджеттен тыс қорын құру туралы, Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетін құру туралы, жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарды көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы және тағы басқа бірқатар жарлықтар мен өкімдер шығарды.

Мемлекет басшысы Ақмола қаласын орнықтыру мен 1996 жылдың соңында басталған мемлекеттік биліктің орталық органдарының қонысын ауыстыру үдерісін егжей-тегжейіне дейін қарастырып, барлық сұрақтарға өзі жетекшілік етті. Н.Ә. Назарбаевтың үздіксіз бақылауымен, астананы ауыстыруға байланысты істерді үйлестіру үшін арнайы құрылған Жоғары және орталық мемлекеттік органдардың қоныс аударуы жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмыс істеді. Осы кезеңде Президент Ақмола қаласында бірнеше рет болып, онда болашақ астананың салынып жатқан нысандарындағы жұмыстармен мұқият танысты және шетел компанияларының өкілдерімен кездесіп, іскерлік белсенділік пен инвестициялар ағынын қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызды. Осы ауқымды және жылдамдығына қарай күрделі жұмыстың қорытындысындай 1997 жылғы 10 желтоқсанда Президент, Парламент және Үкімет жаңа астанада өз жұмысын бастады. «Бүгін, біз Қазақстан Республикасы билігінің жоғары органы, 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола қаласы біздің мемлекетіміздің астанасы екенін салтанатты түрде

жариялаймыз. Бүгінгі күннен бастап және сан ғасырлар бойы байтақ еліміздің осы орталығында халқымыздың тағдырына қатысты шешімдер қабылданады. Осы жерде Отанымыздың жүрегі соғады. Осы жерде Қазақстан үшінші мыңжылдық қарсаңында өзінің тарихи тағдырын анықтайтын болады. ...Осы таңдауға лайықты болайық!», — делінген болатын Елбасының Қазақстан халқына Үндеуінде.

Астананы көшірумен бірге еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жалпы оңтайландыру жүргізілді, оның нәтижесінде Семей, Жезқазған, Торғай және Көкшетауды қоса алғанда бірқатар облыстар таратылды және басқа өңірлердің құрамына берілді. Қорытындысында, аумағы жағынан республика 14 облыс пен 2 республикалық маңызды қаладан құралатын болды.

1996–1997 жылдар — бұл мемлекеттік меншіктің жеке меншікке ауысуын жалғастырған және шаруашылық пен басқарудың жаңа нұсқаларын үдемелі бекіткен ел экономикасындағы құрылымдық өзгерістердің күйзелісті әрі қиын уақыты. 1996 жылдан Қазақстанда электр энергетикасы мен мұнай-газ салаларын, сондай-ақ әлеуметтік салаларда — денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және мәдениетті қоса алғанда, экономиканың стратегиялық салаларындағы секторлық бағдарламаларға ауысуды белгілеген жекешелендірудің үшінші кезеңі басталды.

1995 жылғы желтоқсан айының соңында Н.Ә. Назарбаев «Жекешелендіру туралы» Заңының күші бар Жарлыққа қол қойды, ал 1996 жылдың ақпанында Үкімет «1996–1998 жылдарға арналған жекешелендірудің үшінші кезеңі бағдарламасын» қолданысқа енгізу туралы қаулысын қабылдады. Бұл бағдарламаның мақсаты жекешелендірудің, бағалы қағаздар нарығын дамытудың, халықты жұмыспен қамсыздандыруды арттырудың негізгі үдерістерін жедел аяқтау, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Еліміз жаңа институттар мен заңнамалық рәсімдеуді ғана емес, сонымен қатар, бастысы, қоғамдық сананы өзгертуді талап еткен нарықтық экономиканың ережелері мен қағидаттарын меңгерген болатын.

Сонымен бірге шетел инвестициялары мен технологияларын тарту бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілді. Осыған байланысты кез келген экономиканың инвестициялық тартымдылығын дамытуда өзекті болып табылатын шетел салымдарын, меншік құқығын айқын әрі заңмен бекітілген мемлекеттік сақтау, пайданы шығару және еркін кәсіпкерлік қағидаларын қолдау талап етілді. 1997 жылғы «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң экономиканың басымды секторына қосымша шетелдік және ішкі инвестицияларды тартуды ынталандыру мақсатында қолданысқа енгізілді. Шетел инвестициялары туралы заңнама республикамыздағы шетел инвесторларының қызметі үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етуде кепілдігін берді.

Көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемалар ерекше назар аударуды талап етті, оның ішінде қаржылық тұрақтылық, халыққа еңбекақы мен зейнетақыны төлеу бойынша қарыздар, өнеркәсіп нысандарының тоқтатылуы және жаңа экономиканың негізі ретінде кәсіпкерлікті ынталандыруды, инвестицияларды талап ететін көптеген кәсіпорындардың іс жүзінде банкротқа ұшырауы мәселелері бар. Осы сұрақтардың бәрі Президенттің жұмыс кеңестері мен кездесулерінің негізгі күн тәртібін құрады. Шынында, осы кезеңде ол еліміздің стратегиялық

дамуы немесе жекешелендіру, өнім жинауға және алдағы қысқа дайындалу, зейнетақы мен еңбекақыны төлеу тәрізді барлық мәселелерді талқылап, әлеуметтік-экономикалық үдерістерді іс жүзінде «қолмен» басқаруға ауысуға мәжбүр болды. Осыған байланысты, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен өңірлердегі реформалар барысын Н.Ә. Назарбаев тұрақты бақылауда ұстады. Мемлекет басшысы онда үнемі жұмыс сапарымен барып, жаңа кәсіпкерлік бастамалармен таныста және жергілікті бизнес-қауымдастықты белсене жұмыс істеуге ынталандыра отырып, экономикалық өзгерістерді және өз тапсырмаларының орындалуын бақылады

Елдің саяси өмірінің басты бағыты 1995 жылғы жаңа Конституцияда жазылған нормалар мен ережелердің институтталуы болды, ол саяси жүйе жұмысының қағидаларын түбегейлі өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар, азаматтық қоғамның институттарының қалыптасуына да серпін берді. 1996 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының жаңа екі палаталы Парламентінің I сессиясының ашылуы биліктің жүйелік басқарушы реформасы символының бірі ғана емес, сонымен қатар, жалпы қазақстандық демократияның да символы ретінде есте қаларлық оқиға болды. Сонымен, іс жүзінде билік тармақтарын бөлу қағидаты бекітілді, ал Парламенттің ішінде құрылған жоғарғы және төменгі палаталардың арқасында уәкілетті билік жұмысында дағдарыстың пайда болуын төмендеткен іркілістер мен қарама қайшылықтардың икемді тетіктері құрылды.

Президент депутаттар алдында сөз сөйлегенде: «Біз сіздермен Қазақстан жылнамасында, оның мемлекет ретінде құрылу тарихының айрықша беттері болуына бағытталған оқиғаның қатысушыларымыз. Шынында, біз нақты, өркениетті ұғымдағы қазақстандық парламентаризм пайда болуының қайнар бастауында тұрмыз. Алғаш рет мемлекет құру тәжірибесінде Парламент жоғарғы және төменгі палаталарға бөлінді. Енді Парламенттің өзінде қарама-қайшылықтар жүйесі бар, ол міндетті түрде депутаттардың өзара талап етуінің артуына мүмкіндік туғызады, сөйтіп «шала» заңдарды қабылдау ықтималдығы төмендейді. Парламенттің қабылданатын заңнама актілерінде дәйекті түрде іске асырылуға тиісті басты саяси міндеті — еліміздің бірте-бірте даму деңгейіне өту үшін алға қойылған дамудың оң бағытын бекіту, елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайын біржола тұрақтандыру».

Сот-құқықтық жүйенің тиімділігін қамтамасыз ету де өте маңызды міндеттердің бірі болды. Қазақстанға мұра боп қалған ескі сот жүйесі соттардың құқық қорғау арналымын іске асыруына мүмкіндік туғызбады, кәсіпкерлік ынта мен жеке меншік қатынастарының дамуына жол бермегендіктен, реформаға кедергі болды. Осының барлығы сот жүйесін батыл түрде реформалау қажеттілігіне итермеледі.

1996 жылғы 19 наурызда Президент Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесінің бірінші отырысын ашты, оны құру соттарды қалыптастыру бойынша жаңа тәсілдемелерді жасауға, судьялардың тәуелсіздігі мен дербес құқықтылығына кепілдікті қамтамасыз етуге, сот жүйесін және заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Жергілікті төрешілерді сайлаудың орнына, олар ел Президентімен тағайындалатын болды, бұл жергілікті жерлердің ықпалынан төрешілердің нақты тәуелсіздігінің кепілдігі болды. Жоғарғы сот кеңесінің тұрақты отырыстары барысында өзекті

кадрлық мәселелер, соттарды ұйымдастыру және заңнамалық қамтамасыз ету проблемалары шешілді.

Осы кезеңде саяси алаң бәсекелестігін дамытудың және Қазақстандағы азаматтық қоғамды қалыптастырудың негізі қаланды. 1996 жылы қабылданған қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялар туралы заңдардың арқасында көппартиялық пен азаматтық бастамаларды дамыту үшін қажетті құқықтық жағдайлар жасалды. Оларды қабылдағаннан кейін қоғамдық ұйымдардың қызметін құру, тіркеу және жою сұрақтары нақты регламенттелді. Әскери құрылымы, нұсқасы, ішкі тәртіп пен басқарудың негізгі шарттары, қаруы, соның ішінде ұқсатылған қаруы бар әскери құрылымының түрі бойынша бірлестіктерді құруға; шетелдік мемлекеттердің партиялары мен кәсіби одақтарының қызметіне, сондай-ақ, халықаралық ұйымдар, шетелдің заңды тұлғалары және азаматтарымен қазақстандық қоғамдық бірлестіктер мен саяси партияларды қаржыландыруға тыйым салу маңызды аспект болды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметін кеңейту және мемлекеттік тіл саясатын нақты регламенттеу базасында елімізде ұлтаралық келісім мен бейбітшілікті нығайту бойынша жоспарлы жұмыстар жалғастырылды. Мысалы, 1997 жылғы 11 шілдеде Мемлекет басшысымен «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңына қол қойылды, оған сәйкес елімізде мемлекеттік тіл — қазақ тілі, орыс тіліне ұлтаралық қатынас тілі мәртебесі берілді, ал Қазақстанда тұратын этникалық диаспоралардың тілдеріне еркін және толыққанды даму мүмкіндігі заңнамамен кепілдендірілді. Ұлтаралық қатынастар саласын тұрақты назарда ұстау және жаңа Конституция негіздеріндегі сындарлы қағидалар ұлтаралық шиеленістің төмендеуіне және елімізде азаматтық бейбітшілік пен саяси тұрақтылықтың сақталуына себеп болды.

Сыртқы саясат саласында Қазақстанның алдында ерекше назар аударуды талап ететін көптеген міндеттер қойылды. Біріншіден, тарихымызбен бірге жалпы экономикалық инфрақұрылымы тығыз байланыста болған КСРО кезіндегі көршілермен сындарлы байланысты сақтау ғана маңызды болған жоқ, сонымен қатар, кеңес тұсындағы мемлекеттермен өзара әрекеттесуді интеграциялық серіктестіктің жаңа деңгейіне шығару да аса маңызды болды. Екіншіден, шекара мәселелерін құрылымдық жағынан шешу және көршілермен мемлекеттік шекараны анықтау міндеті тұрды. Үшіншіден, әлемдік қоғамдастыққа үйлесімді ықпалдасу және оның толық құқылы мүшесі болу маңызды еді. Осы міндеттер Президенттің халықаралық қызметінің негізін құрады және екі жыл бойы сыртқы саяси байланыстардың өнімді кестесінің мазмұнын белгіледі.

Осы мерзім ішінде Н.Ә. Назарбаев Австралия, Әзірбайжан, Бахрейн, Беларусь, Ұлыбритания, Германия, Грузия, Израиль, Үндістан, Иран, Қытай, Кувейт, Малайзия, Оман, Польша, Португалия, Ресей, Сингапур, АҚШ, Түркия, Швейцария және басқа да елдерге сапарға барды. Швейцарияның Давос қаласындағы Бүкіләлемдік экономикалық форумының, Кран-Монтана халықаралық форумының, ЕҚЫҰ, БҰҰ, ЭЫҰ, ТҮРКСОЙ және басқа да халықаралық форумдардың жұмысына белсене қатысты. Осының барлығы Қазақстанның сыртқы саяси байланыстарының кеңеюі мен тереңдеуіне және әлемдік қоғамдастықтың жас мемлекетке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

Дәл осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың күш салуымен Қазақстан егемендік үшін өзекті болып табылатын мемлекеттік шекара проблемасын, ең алдымен, Қытаймен арадағы қарым-қатынасты шешті. Бұл проблема жас республикаға көптеген оңжылдықтар бойы сындарлы әрі мәмілелі шешімге келе алмаған бұрынғы Кеңес Одағынан мұра боп қалған еді.

Осы мәселені реттеу үшін Қазақстан консенсус негізінде және өзара мүдделерді ескере отырып, келіссөздер жүргізу жолын таңдады. Осыған байланысты барлық мүдделі тараптардың қатысуымен — Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстаннан құралған кеңес тұсындағы республикалардың бірлескен делегациялары аясында жан-жақты форматта Қытаймен шекаралас ауданда сенім шараларын талқылау шешімі қабылданды. Нәтижесінде КСРО-ның құлауы кезінде пайда болған ҚХР-мен шекара жөніндегі аумақтық мәселелерді шешуге арналған тетік ретінде «Шанхай бестігі» құрылды.

1996 жылы бұл мәселеде үлкен жетістікке қол жеткізілді. Көптеген келіссөздерден кейін, 1996 жылғы 26 сәуірде Шанхай қаласында салтанатты түрде жоғарыда көрсетілген бес мемлекеттің басшыларымен халықаралық қатынастарда теңдесі жоқ шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылды. Дәл осы сәттен бастап Қазақстан мен Қытай арасында өзара сенім мен ынтымақтастыққа негізделген өзара қарым-қатынастың жаңа деңгейі басталды деп айтуға болады.

1997 жылғы 24 сәуірде бес мемлекеттің — Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан және Тәжікстанның президенттері шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы жаңа келісімге қол қойды. Сөйтіп, 2020 жылға дейін жасалған екі келісім шекарада тұрақты жағдайды қамтамасыз ету мақсатында әскери саладағы ынтымақтастықтың бастамасы болған Азия құрлығындағы алғашқы әскери-саяси құжаттар болды.

Ауғанстан мен Тәжікстандағы әскери-саяси жағдайлар қазақстандық дипломатияның назарында тұрды, онда Қазақстан Мәскеу қаласында 1997 жылғы маусымда қол қойылған тәжікаралық бейбітшілік келісімдерінің кепілі ретінде шықты.

Осы кезеңде 1996 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 51-ші сессиясында жалпы ядролық сынақтарға тыйым салу туралы шартқа қол қоюы, сонымен қатар Кеңес Одағынан мұраға қалған ядролық қару-жарақтарды республика аймағынан шығару үдерісінің аяқталуы Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікке қосқан зор үлесі болды. Сөйтіп, Қазақстан аумақтық тұтастық кепілі мен АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Қытай ядролық державаларының егеменді елге деген құрметіне ғана ие болып қоймай, сонымен бірге, бейбіт сыртқы саяси бағытты жүргізіп отырған сындарлы мемлекет ретінде де өзін көрсете білді.

Осының аясында халықаралық қатынастардың маңызды факторы Қазақстанның Президентімен ұсынылған АӨСШК шақыру үдерісі болды, оны азиялық елдердің көбісі түсінікпен қабылдады. Кеңес тұсындағы Қазақстанның ықпалдастық күш-жігері де табысқа жетті. 1996 жылғы 29 наурызда Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Беларусь арасында «4+N» формуласы ретінде танымал әрі осыдан екі жыл бұрын Н.Ә. Назарбаевпен ұсынылған Еуразиялық Одақ идеяларын іс жүзіне асырған Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету туралы шартқа қол қойылды.

Осы кезеңдегі Қазақстанның жетістіктерін қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздіктің 5 жылдығына арналған сөзінде: «Жер шарының кез келген халқының тағдыры осылай шешіле бермейді, кез келген халыққа осындай қысқа мерзімде соншалықты күрделі мәселелерді шешу сынағы бұйырмаған. Ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтай отырып, өз мықты мемлекетіңді әрі тиімді экономиканды құру — XXI ғасырдың табалдырығындағы міндетті қалыптастыратын тіл, міне, осы. ...Біз бұрын ешқашан, бірде бір ұлттық тарихтың бетінде, жүздеген жылдарға жеке мемлекеттілігімізді құруға осыншалықты жақын болмағанбыз. Осы кез келгенге беріле бермейтін тарихи мүмкіндікті пайдалану — біздің ұрпағымыздың міндеті», — деді.

1996

ҚАҢТАР 1996



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



3 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен және Президенті Әкімшілігінің басшыларымен ел экономикасының жай-күйі және Қазақстан Республикасы Парламентінің I сессиясына дайындық мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Президент Үкіметтің алдына тұрақтандыру үдерісіне орнықты сипат беру, оларды макроэкономикалық саладан микроэкономика саласына ауыстыру және одан әрі экономикалық өсу сатысына көтеру жөнінде 1996 жылға арналған міндеттер қойды. Бұл ретте, Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, аталған шаралар барлық деңгейдегі мемлекеттік тәртіпті нығайтумен, құқықтық тәртіп орнатумен, ауылға көмек саясатын белсенді жүргізумен, тұрғын үй құрылысына көмек көрсетумен, кәсіпкерлік қызметті ынталандырумен және аз қамтылған азаматтарға мекен-жайлы әлеуметтік көмек көрсетумен нақты түйісуі тиіс екендігін атап айтты.

Мемлекет басшысы орталық пен жергілікті жерлердегі атқарушы органдар қызметіне бақылауды күшейту туралы тапсырма берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясын шақыру туралы» №2739, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерту енгізу туралы» №2740, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімді бекіту туралы» №2741, «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы» №2742 жарлықтарына қол қойды.

5 қаңтар

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінде алғашқы ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Тель-Авив қаласында Премьер-министр Ш. Переспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастығының жай-күйі мен келешегін талқылады, сондай-ақ бірқатар өзекті халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Израиль іскер топтарының өкілдерімен кездесіп, олармен Қазақстан және Израиль арасында, атап айтқанда, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен өңдеу, агроөнеркәсіп секторын суару жүйесі мен технологиялары салаларында бірлескен серіктестік құру мүмкіндіктерін талқылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Иерусалим қаласының шығыс бөлігінде орналасқан діни қасиетті орындар — Куббат Ас-Сахра мен Әл-Ақса мешіттерін, Құдай табыты мен Аза тұту қабырғасын қарап шықты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы Достық қарым-қатынас пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» №2748, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 сәуірдегі №2220 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» №2749 жарлықтарына қол қойды.

6 қаңтар

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетіне ресми сапары барысында Палестина Мемлекетінің Президенті, Палестинаны азат ету ұйымының Атқарушы комитетінің төрағасы Я. Арафаттың шақыруы бойынша Палестина ұлттық әкімшілігінің басшылығындағы Газа секторына барды.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Таяу Шығыстағы ахуалдың жай-күйі, келешегі және Қазақстанмен бастамасы көтерілген Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) аясында бейбіт жолмен реттеу жолдары, сондай-ақ түрлі салалардағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша экономика, өндіріс және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол қойылды.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы және Семей епархиалды басқармасымен, «Бөбек» республикалық балалар қайырымдылық қорымен және Алматы қалалық әкімшілігімен ұйымдастырылған рождестволық қайырымдылық балына қатысты.

9 қаңтар

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакқа Францияның бұрынғы Президенті Ф. Миттеранның қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

10 қаңтар



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне барып, банк ұжымына жаңа төрағасы О.Ә. Жандосовты таныстырды және республикадағы банк ісін жетілдіру бойынша нақты міндеттерді белгіледі.

Мемлекет басшысы Франция бұрынғы Президенті Ф. Миттеранның қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Франция Республикасының Елшілігіне барды.

Қазақстан Президенті Франция танымал мемлекет қайраткерін еске алып, құрмет көрсетті және көңіл айту кітабына: «Президент Ф. Миттеранды данышпан, көреген саясаткер, сыпайы әрі ұқыпты адам ретінде білетінмін. Оның тартымдылығы кез келген адамды өзіне дос етерліктей әсерлі еді. Қазақстан оны бізге қиын-қыстау жылдары қолдау көрсеткен жан ретінде есінде сақтайды. Біз бәріміз әлемдік ауқымдағы саясаткерімізден айрылдық. Франциямен бірге қайғырамыз», — деп жазды.

Сол күні Мемлекет басшысы қазақстандық «Интерпресс» клубының мүшелерін қабылдап, оларға «Жыл атауы» дипломын табыс етті.

Мемлекет басшысы «Д.Х. Сембаев туралы» №2753, «О.Ә. Жандосовты Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2754, «Н.М. Макиевскийді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2755 жарлықтарына қол қойды.

11 қаңтар

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болды.

Павлодар қаласына келісімен Президент «Казахстанская правда» газетінің тілшісіне сұхбат беріп, Қазақстанның экономикалық, саяси және сыртқы саяси бағыттарына қатысты сұрақтарына жауап берді.



Облыс бойынша жасаған сапары барысында Н.Ә. Назарбаев республикадағы жалғыз түрлі-түсті кірпіш шығаратын, автокөліктерді жөндеу мен сату бойынша мамандандырылған «Қамқор» АҚ барды, медициналық препараттар шығаратын жаңа зауытты іске қосуға қатысты, «Japan Chrome Corporation» жапондық компаниясының басқаруына берілген Ермаков ферроқорытпа зауытының жұмысымен танысты.

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2765, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2766, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№2767–2770 жарлықтарына қол қойды.

12 қаңтар



Мемлекет басшысы Көкшетау облысының Бурабай қаласында өткен ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Тараптар 2000 жылға дейін үш республиканың экономикаларын жақындастыру бағдарламасы негізінде Орталық Азия мен ТМД-дағы ықпалдасу үдерісінің барысы туралы пікір алмасты. Тараптар бұл үдерістердің өз елдерінің игілігі үшін белсенді дамуының маңыздылығына назар аударды және осы қатынастардың стратегиялық сипатын атап өтті.

Кездесу барысында Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Мемлекетаралық кеңесі Атқарушы комитетінің қызметі, Орталық Азиялық ынтымақтастық және даму банкінің үш елге ортақ өндірістік құрылым құру жөніндегі қызметі оң бағаланды, сондай-ақ Ташкент қаласында өткен орталықазиялық мемлекеттер зиялы қауым өкілдерінің форумына жоғары баға берілді.

Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым. Интеграциялық үдерістер 1994 жылы Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының қол қойылуынан бастау алады. 1998 жылғы 26 наурызда Келісімге Тәжікстан қосылды.

ОАЭҚ органдары: Мемлекетаралық кеңес, Премьер-министрлер кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Атқару комитеті, Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі.
2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымына (ОАЫ) айналды.
2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.

15 қаңтар



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Э. Джоунсты қабылдады.

Әңгімелесу барысында тараптар энергетика саласындағы Қазақстан-Америка ынтымақтастығының, сондай-ақ 1996 жылғы 19 қаңтарда Мәскеу қаласында болатын ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесі отырысының мәселелерін талқылады.

16 қаңтар



Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Иран Ислам Республикасының вице-президенті Х. Хабибіні қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың, сондай-ақ Ақтау қаласының теңіз портын қалпына келтіру бойынша бірлескен жобалардың перспективалары, Иранның Оңтүстік-Каспий жағалауындағы мұнай терминалы және қазақстандық мұнайды тасымалдау мәселелері талқыланды.

Тараптар өңірдегі, әсіресе жағдай шиеленісіп тұрған жерлердегі саяси жағдайды тұрақтандыру бойынша өз пікірлерін айтты. Одан басқа, Н.Ә. Назарбаев пен Х. Хабиби екі дін — ислам мен христиан діндерінің өзара қатынасын, олардың саяси астары мен салдарын талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Инвестицияларды ынталандыру мен өзара қорғау туралы келісімге, Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға қатысты салық төлеуден жалтарудың алдын алу туралы келісімге, Қазақстан мен Иранның үкімет делегациялары арасында сауда-экономикалық мәселелер бойынша жүргізілген келіссөздер қорытындысы жөніндегі хаттамаға, сондай-ақ мұнай және көлік салаларындағы ведомстваралық құжаттарға қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанынан Қорғаныс Өнеркәсібі жөніндегі комитетін құру туралы» №2774,

«Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1994 жылғы есебі туралы» №2776, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№2777–2782 жарлықтарына қол қойды.

17 қаңтар



Мемлекет басшысы Беларусь Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Минск қаласында Президент А.Г. Лукашенкомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Кеден одағын құру және екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартқа, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Беларусь Республикасы азаматтарының құқықтық мәртебесі және Беларусь Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы шартқа, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін келетін Беларусь Республикасы азаматтарының және Беларусь Республикасына тұрақты тұру үшін келетін Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық алуының жеңілдетілген тәртібі туралы келісімге, Мәдениет, ғылым және білім беру салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімге, сондай-ақ бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының Ғылым академиясына барып, ғылыми және шығармашыл зиялы қауыммен, республиканың министрліктері мен ведомстваларының, өнеркәсіп кәсіпорындарының басшыларымен кездесті.

Академия президенті Л.М. Сущеня ғылыми кеңестің Н.Ә. Назарбаевты Беларусь Республикасы Ғылым академиясының шетелдік мүшесі етіп сайлауы туралы шешімін жариялады және оған сәйкес дипломды табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы әуе қатынастары туралы келісімді бекіту туралы» №2784, «Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің мемлекеттік шекараны күзету тұжырымдамасы мен мемлекеттік шекараны қалыптастыру және жайласты-

ру, Қазақстан Республикасының шекара әскерлерін құру мен дамыту бағдарламасы туралы» №2786 жарлықтарына қол қойды.

18 қаңтар



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына 1996 жылғы 19 қаңтарда болатын ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін келді.

Қазақстан Президенті Тағзым тауындағы мемориалдық кешенге барып, онда 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза болғандарды еске алды, арасында 96 Кеңес Одағының Батыры және 20 Даңқ орденінің кавалерлері болған қазақстандық жерлестерге құрметпен бас иіп, тағзым етті.

19 қаңтар





Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте Н.Ә. Назарбаев мәлімдеме жасап, онда: «...Сайлауалды науқан кезінде Ресейде кейбір саясаткерлер байырғы шекараларда бұрынғы Одақты қайта құру туралы популистік үндеулерін жариялаған болатын. Бұл идеяны ұстанушылар Достастық елдерінің бірқатар елдерінде де бар. Сондықтан Қазақстан өз халқының егемендіктен ешқашан бас тартпайтынын, және ешкім республиканы тәуелсіздігінен айыра алмайтындығын батыл түрде мәлімдеуге мәжбүр болып отыр. Сөйте тұра еліміз, әсіресе, экономика саласындағы тығыз ықпалдасуға мүдделі. Ал оның басты өзегі құрылып қойылған Кеден одағы, бірыңғай төлем кеңістігі, өркениетті нарықтық қатынастар болуы тиіс...», — деп атап айтты.

Қазақстан Президентінің мәлімдемесін ТМД барлық мемлекеттерінің көшбасшылары қолдады.

Отырыс қорытындылары бойынша Н.Ә. Назарбаевтың мәлімдемесі туралы шешім, ТМД интеграциялық дамуының перспективті жоспары туралы шешім, ТМД қатысушы елдері азаматтарының азаматтық алуының жеңілдетілген тәртібі туралы конвенция қабылданды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды. ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының елшілігінде ТМД Мемлекет басшылары кеңесі отырысының қорытындылары бойынша баспасөз мәслихатын өткізді.

Президент, атап айтқанда, ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесі отырысының күн тәртібі туралы айтты. Саммитте талқыланған маңызды тақырыптардың қатарында Н.Ә. Назарбаев Кеден және Төлем одақтарын құру барысы мен перспективалары, ТМД аумағындағы шиеленістердің алдын алу және реттеу тұжырымдамасын және Тәжікстанда ұжымдық бітімгерлік күштердің болу мерзімін 1996 жылдың маусымына дейін созу мәселелерін атап көрсетті.

Қазақстан үшін Каспий теңізінің болашақтағы мәртебесі қалай көрінеді деген сұраққа жауап бере отырып, Н.Ә. Назарбаев «... оның дау-жанжал теңізіне айналмауы үшін біздің республикамыз оның түбін ұлттық секторларға бөлуді, ал еркін теңізде жүзу мәселелерін, бірегей су қоймасының табиғи ресурстарын тиімді пайдалануды, оның экологиясын сақтап қалу жұмыстарын пәтуаластықпен, барлық бес Каспий маңы елдері арасында келіссөздер жолымен шешуді ұсынады...», — деді.

Президент сондай-ақ: «Достастық жан-жақты ықпалдастық үшін пісіп-жетілді. Бұл ретте ешкімге өз мүддесін міндеттеу емес, мемлекеттерді ынтымақтастық пен өзара тиімділік негізінде жақындастыру маңызды — Қазақстанның түбегейлі ұстанымы осындай. Ендігі бар мәселе — әрбір тараптың қол қойылған құжаттарды белсенді іске асыруға кірісуінде...», — деп атап өтті.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысуына байланысты Ресей Федерациясында болған кезінде Ресей Президенті Б.Н. Ельцинмен, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар Кеден одағын қалыптастыру барысын және Төлем одағына өту перспективаларын талқылады, сондай-ақ ірі экономикалық жобаларды жүзеге асыратын бірлескен қаржы-өнеркәсіптік топтарды құру мәселесін қарастырды.

23 қаңтар

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы» №2788, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2789, Заң күші бар «Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2790, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2791, «Халықаралық қорғаумен қамтылатын адамдарға, соның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстарға жол бермеу және оларды жазалау жөніндегі конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №2792, «Қазақстан Республикасы мен Жапония Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры арасындағы Дружба стансасы темір жол көлігінің қуатын дамытуға арналған займ туралы келісімді бекіту туралы» №2793, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы» №2794, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынудың, оларды тапсырудың, есепке алудың және сақтаудың тәртібі жөніндегі нұсқаулықтарды және «Алтын Қыран» ордені кітапшасының үлгісін бекіту туралы» №2795, «Ә. Кекілбаев туралы» №2796 жарлықтарына қол қойды.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы үкіметтік емес ұйым — Кран-Монтана форумының президенті Ж.П. Картеронды қабылдады. Ол Қазақстанға Н.Ә. Назарбаевты 1996 жылдың 22–23 маусымында болатын форум отырысына құрметті қонақ ретінде қатысуға шақыра келген болатын.

Мемлекет басшысы Конституциялық Заң күші бар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» №2797, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2798, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2799, «Өлім жазасына — атуға

кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2800, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2801, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2802, «Б.С. Әйтімованы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №2803, «С.А. Қасымовты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №2804, «А.К. Котовты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №2805, «Ә.Ә. Сатыбалдинді Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №2806, «Д.Х. Сембаевты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №2807, «С.В. Тихоновты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №2808, «З.Л. Федотованы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №2809, «Б.С. Әйтімова туралы» №2810, «Ю.А. Кимді Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2812, «З.Я. Балиеваны Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2813, «Ю.А. Ким туралы» №2814, «Құқықтарды өзара тану және меншік қатынастарын реттеу туралы келісімді бекіту туралы» №2815, «Кепілге адам алуға қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №2816, «Е.В. Кулешованы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №2817 жарлықтарына қол қойды.

25 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясының Қорғаныс министрі П.С. Грачевты қабылдады.

Кездесу барысында түрлі әскери салалардағы өзара іс-әрекеттердің келешегіне қатысты мәселелер кеңінен талқыланды.

26 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Жамбыл ауданындағы Ж. Жабаев мемориалдық мұражай-

кешенін қарап шықты және мұражайдың мәжіліс залы құрылысын салатын жерде алғашқы іргетасын қалау салтанатты рәсіміне қатысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев ұлы ақын әрі әншісазгердің кесенесі мен мұражайында болып, қалпына келтіру жұмыстарының және Ж. Жабаевтың 150 жылдығына арналған мерейтойлық шараларды өткізуге дайындық барысымен танысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті бірінші шақырылымының I сессиясы қарсаңында өкілдері депутаттық мандаттардың көп бөлігіне ие болған саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің көшбасшыларымен кездесті.

Қазақстан халықтарының бірлігі, Демократиялық партия, Аграрлық одақ партияларының өкілдері қатысқан кездесу барысында Парламент палаталары қызметін ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» №2823, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2824, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары туралы ережені бекіту туралы» №2825, Заң күші бар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2827 жарлықтарына қол қойды.

27 қаңтар

Мемлекет басшысы Заң күші бар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» №2828, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2829, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2830, Заң күші бар «Ішкі істер органдарының

қатардағы және басшы құрамының арнаулы әскери атақтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы» №2831, Заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерту енгізу туралы» №2832, «Қ. Тұрғанқұловты Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2833, «Ү. Жетенов туралы» №2834, Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) толықтыру енгізу туралы» №2835 жарлықтарына қол қойды.

29 қаңтар

Мемлекет басшысы облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен кеңес өткізді.

Президент өңір басшыларының алдында тұрған негізгі міндеттерді айқындады, олардың арасында экономикадағы жағымсыз құбылыстар мен беталыстарды еңсеруге ұдайы қомқорлық көрсету, әлеуметтік сала проблемаларын шешу міндеттері бар. Н.Ә. Назарбаев әрбір қала мен аудандарда еңбекақыны, зейнетақыны, шәкіртақыны және де өзге төлемдерді уақытында беруге қол жеткізу, мүгедектерге, қарт адамдарға, көпбалалы отбасыларға, барлық әлеуметтік аз қамтылған топтардың өкілдеріне қолдауды күшейту тапсырмасын қойды.

Мемлекет басшысы әкімдерден көбірек бастамашылдықты, жұмыста табандылықты, қорларды толығымен іске қосуды, орын алған әлеуметтік-экономикалық және өзге проблемаларды тезірек және тиімдірек шешуді талап етті.

«... Қазір әрбір өңірде қиын, алайда ескірген стереотиптерден арылып, жұмыста шын мәнінде заманауи, тиімді жұмыс әдістерін басшылыққа алатындар әлеуметтік сала мен экономиканы тезірек көтере алады», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинге Ресейдің Еуропалық кеңеске кіруіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Ресейді осы беделді халықаралық ұйымға қабылдау туралы шешімнің өзі Ресей Федерациясының Еуропалық құрлықта тұрақтылықты сақтауды және конфронтациялық дәуірдің жаңа саяси шындығындағы демократиялық еркіндікті жан-жақты сақтауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын

білдіреді. Ресейдің Еуропалық кеңес қызметіне қатысуы қоғам өмірін демократияландыру үдерісін одан әрі дамытуға ықпал ететініне, сондай-ақ ТМД барлық қатысушы мемлекеттеріне лайықты үлгі болатынына сенімдімін», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы «Т.М. Досмұхамбетовті Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы» №2836, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы №688 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» №2837, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№2838–2842, «Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы» №2843, «Мемлекеттік тергеу комитеті органдары мен ішкі істер органдары әскери қызметкерлерінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының ақшалай жалақылары туралы» №2844, Заң күші бар «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің еңбекақы мәселелері жөніндегі кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №2845 жарлықтарына қол қойды.

30 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, Парламенттің бірінші шақырылымының I сессиясын ашты.

Депутаттар алдында сөйлеген сөзінде Президент: «Біз сіздермен Қазақстан жылнамасында, оның мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында айшықты бетке айналуы тиіс оқиғаның қатысушыларымыз. Шынында, біз нақты, өркениетті ұғымдағы қазақстандық парламентаризм пайда болуының қайнар бастауында тұрмыз. Алғаш рет мемлекет құру тәжірибесінде Парламент жоғарғы және төменгі палаталарға бөлінді. Енді Парламенттің өзінде қарама-қайшылықтар жүйесі бар, ол міндетті түрде депутаттардың өзара талап етуінің артуына мүмкіндік туғызады, сөйтіп «шала» заңдарды қабылдау ықтималдығы төмендейді. Парламенттің қабылданатын заңнама актілерінде дәйекті түрде іске асырылуға тиісті басты саяси міндеті — еліміздің бірте-бірте даму деңгейіне өту үшін алға қойылған дамудың оң бағытын бекіту, елдің саяси, экономикалық және

әлеуметтік жағдайын біржола тұрақтандыру», — деп атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Бірінші сессияның ашылу рәсімінің соңында отандық парламентаризм тарихында алғаш рет жаңадан сайланған депутаттар Конституцияның 44 б. 2 т. сәйкес өз міндеттеріне кірісе отырып, Қазақстан халқына ант берді.

Әрбір парламентарий жеке қол қойып, мәтінді дауыстап оқыды: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, маған жүктелген жоғары депутаттық міндеттерді адал атқаруға ант етемін».

Қос палаталы парламент — заң шығарушы билікті ұйымдастыру жүйесі, жоғарғы заң шығарушы орган екі коллегиялық құрылымнан — палаталардан (әдетте жоғарғы және төменгі, теңқұқылы сирек) құралады. Парламент палаталары құрамы, қалыптасу тәртібі, өкілеттік шеңберімен ерекшеленеді. Әдетте, палаталардың бірі — жоғарғы, екіншісі төменгі болып табылады. Бұл дегеніміз заңдар алдымен төменгі палатамен қабылданып, содан кейін жоғарғыға мақұлдау үшін жолданады. Жоғарғы палатаға заңға өзгерістер енгізу құқы берілмейді, оның міндеті — заңды қабылдау немесе қабылдамау.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес, парламенттің төменгі палатасы әрқашан тікелей халықпен сайланады. Жоғарғы палата әртүрлі әдістермен қалыптасады — жанама сайлаумен (Франция, Австрия, Германия) немесе тікелей сайлау тәртібімен — (АҚШ, Италия, Австралия, Жапония). Кейбір елдерде жоғарғы палата ішінара мұрагерлік белгі бойынша (Ұлыбритания) сайланады, немесе оның мүшелерін мемлекет басшысы тағайындайды (Канада). Бірқатар жағдайларда жоғарғы палаталар аралас жолмен жасақталады: оның мүшелерінің бір бөлігі сайланады, бір бөлігі тағайындалады, қалған орындарға мұрагерлік қағидаттар бойынша сайланады (Непал).

Қос палаталы парламенттің тиімділігі елдің барлық тұрғындарының үйлесімді өкілдерінің және көлеміне қарамай жеке аумақтардағы тең өкілдіктерінің болуына, сонымен қатар заңнамалық шешімдерді қабылдауда тұрақтылықты көбірек қамтамасыз етуіне негізделген.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының отырысына төрағалық етті.

Өзінің конституциялық өкілеттігін пайдалана отырып, Президент Ө. Байгелдінің кандидатурасын Парламент Сенатының төрағасы лауазымына ұсынды және оны сенаторлар бірауыздан қолдады.

АҚПАН 1996



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	
Сн	3	10	17	24	
Жк	4	11	18	25	



1 ақпан

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысты.

Дүниежүзілік экономикалық форум — 1971 жылы құрылған халықаралық үкіметтік емес ұйым. Оның қызметі халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.
Жыл сайынғы кездесулер Давос қаласында (Швейцария) өткізіледі. Одан басқа, Форум түрлі елдерде іскерлік шараларды ұйымдастырушы болып табылады.

Мемлекет басшысы «А.М. Нұрмағамбетовті Қазақстан Республикасы Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №2847, «И.К. Сәдуақасова туралы» №2848, «С. Сәбікенов, В.В. Мамонов туралы» №2849 жарлықтарына қол қойды.

2 ақпан



Мемлекет басшысы Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Швейцариялық «UBS» банкінің президенті Э. Сеннмен әңгіме барысында банктің үкіметтік кепілдіктер беру арқылы Қазақстанның бюджет тапшылығын сырттай қаржыландыруды ұйымдастыру мүмкіндіктері талқыланды, әлемдік мұнай нарығында консультациялық әрекеттесу және республикада банктің өкілдігін ашу мәселелері қаралды.

ЕҚДБ президенті Ж. Ларозьермен және ЕҚДБ вице-президенті Р. Фриманмен кездесуде банктің Ақтау теңіз портын қайта құру мен кеңейтуді қаржыландыруға қатысуы, сонымен қатар Каспий құбыры консорциумы жобасын қаржыландыру мәселелері талқыланды.

БҰҰ бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Женевадағы бөлімшесінің басшысы В.Ф. Петровскиймен әңгіме барысында тараптар 1996 жылы «Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімге» қол қоюды қамтамасыз ету, таратпау режимін күшейту, қаружарақ сатудың келісілген халықаралық ережелерін жасау мәселелері бойынша пікір алмасты. Жаһандық және өңірлік ықпалдастық мәселелері туралы арнайы сөз қозғалды. В.Ф. Петровский өз сөзінде Қазақстан Президентінің Еуразиялық Одақ туралы идеясы өзекті

күйінде қалып отырғанын, мұны Еуропа мен ТМД-дағы оқиғалар дәлелдеп отырғандығын атап айтты.

3 ақпан

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Түркия, Египет, Испания, Франция елдерінің жетекші компаниялары өкілдерімен кездесті.

Президент шетелдік бизнесмендердің Қазақстандағы саяси және экономикалық ахуалға, нарықтық жағдайлардағы білім беру жүйесіне, республиканың астанасын Ақмола қаласына ауыстыруға және т.б. байланысты қызығушылық танытқан сұрақтарына жауап берді.

Сол күні Мемлекет басшысы бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

«Deutsche Morgan Grenfild Bank» директоры Д. Суратгармен кездесу кезінде Васильков алтын кен орнын игерудегі ынтымақтастықтың келешегі туралы, сондай-ақ қазақстандық көмірсутекті халықаралық нарыққа тасымалдаудың баламалы бағыттары туралы сөз қозғалды.

АҚШ Федералды тергеу бюросы (ФТБ) директоры Л. Фримен әңгіме барысында Қазақстан мен АҚШ-тың құқық қорғау қызметі саласындағы ынтымақтастығы мәселелері талқыланды. Қазақстандық өкілдерді АҚШ сәйкес ведомстваларында сынақ мерзімінен өткізу және Қазақстанның құқық қорғау органдары қызметкерлерін сәйкес бейіндегі американдық оқу орындарында оқыту туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

«Siemens AG» компаниясының президенті Х. фон Пирермен келіссөздер кезінде компанияның энергетикалық жобаларды, телекоммуникациялық желілерді дамытуға, Қазақстанға жоғары технологияларды беруге қатысу мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан дамуының алдағы жылдарға арналған негізгі басымдықтары және осы үдеріске әлемдік бизнесті тартудың күтілетін деңгейі» тақырыбымен өткен Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы отырысына қатысты.

7 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанға АӨСШК саммитіне әзірлік аясында бірлескен отырысқа қатысу үшін келген азиялық мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары мен халықаралық ұйымдар өкілдеріне сәлемдеме жолдады.

«Қазақстан астанасына АӨСШК мүше елдердің отырысқа қатысуға келуінің басты қозғаушы себебі — біздің кең-байтақ өңіріміздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталған игі ұмтылысы болып табылатындығы сөзсіз. Біз АӨСШК-ні құрлықтағы мемлекеттер қатынасының жүйесінде жаңа әдіс ретінде қарастырамыз. Олардың саяси дербестігі, аумақтық тұтастығы және сыртқы қауіпсіздігінің кепілдіктеріне қатысты принциптерді пәтуаластық негізде келісу көзделуде. Осылайша, экономикалық ынтымақтастық пен демократиялық институттарды әмбебаптандыру үдерісі қосымша серпінге ие болмақ. Бұл ретте азиялық мемлекеттердің мәдени өзгешелігі мен ұлттық ерекшеліктері сақталып, дами түспек.

Өткен жылдар ішінде үдерісте қатысушылар үлкен жұмыс атқарып, құжаттар жобалары келісілді. Болашақта олар АӨСШК қызметінде негізге алатын құжаттар болуы ықтимал.

Бүгінгі кезеңде АӨСШК жаңа деңгейге шыққанын атап өтуге болады. Азия елдері мықты әлем мен қауіпсіздікке қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуге ниетті және де істей алатындығы бірлескен әрекеттермен дәлелденді.

АӨСШК өңірлік саясаттың нақты факторына айналғаны да маңызды жайт. Бірақ алдымызда ұзақ және қиын жол тұр, бізге онымен бірлесіп жүріп өтуге тура келеді.

АӨСШК барлық қатысушы елдерінің өміршең мүдделеріне жауап беретін осы идеяны дамыту үдерісінде Азия құрлығының бейбітшілігі мен гүлденуі үшін белгіленген мақсаттарға қол жеткізілетініне сенімдімін», — делінген жолдауда.

13 ақпан

Мемлекет басшысы ресейлік «Барвиха» санаторийінде демалу барысында Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Келіссөздер барысында Қазақстан-Ресей қатынастарын дамыту мәселелері, сондай-ақ

ТМД-ға ықпалдасу проблемалары талқыланды. Екі елдің басшылары Қазақстан мен Ресей халықтарының мүдделеріндегі экономикалық, мәдени және ғылыми салаларға ықпалдасуды тереңдету жолында жаңа қадам жасау туралы пікірлерін ортаға салды.

14 ақпан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасында аяқталған III қысқы Азия ойындарында табысты өнер көрсетулеріне орай қазақстандық спортшылар мен жаттықтырушыларға құттықтау жеделхатын жолдады.

«Жалпыкомандалық есептегі құрметке лайық екінші орын, бәсекелі додаларда жеңіп алған 31 медаль, соның ішінде 14 алтын, 9 күміс және 8 қола — бұл үлкен жетістік, біздің спортшыларымыз бен спорт қозғалысы ұйымдастырушыларының ерік-жігерлері, өсіп келе жатқан шеберліктері және мақсаттылықтарының көрсеткіші. Бұл жеңіс қазақстандық спорттың беделін арттырып қана қоймай, мемлекетіміздің халықаралық аренадағы абыройының өсуіне ықпал етеді», — делінген жеделхатта.

Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтардың тамаша жеңістері елімізде спорттың үдемелі дамуына серпін беріп, мыңдаған жас азаматтарды дене шынықтырумен айналысуға тартып, оларға үлкен спортқа жол ашатынына нық сенімін білдірді. Президент спортшыларға алдағы уақытта да жоғары нәтижелерге жетіп, алдағы Олимпиада ойындарында, өзге халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсетуге, сонымен қатар жаңа рекордтарға жетуге, спорттық шеберліктің шыңына талмай ұмтылуға тілектестігін білдірді.

16 ақпан

Мемлекет басшысы Мәскеу қаласында «Еуразиялық Одақ: жаңа межелер, проблемалар және перспективалар» тақырыбымен өткен Ресей Федерациясы Әлеуметтік ғылымдар Академиясының сессиясына қатысты.

Сессия жұмысына Ресей Федерациясы Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының және Федерациясы кеңесінің депутаттары, Қазақстанның, Израильдің, Абхазияның мемлекеттік және саяси қайраткерлері, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың өкілдері қатысты.


«Екі жыл бұрын өзімнің ықпалдастық жайлы пайымымды қалыптастыру барысында мен жобаның барлық ережелерін бұлжылпай орындауды жоспарлаған жоқпын, мен сол кезеңнің барлық саяси коннотацияларын жақсы түсіндім. Мені екі пікір алға жетеледі.

Біріншісі — кеңес тұсындағы елдер кеңістігінде бірдей уақытта пайда болған ықпалдастықты әрі қарай дамыту бойынша барынша нақты ұсыныстарды біртұтас етіп жинақтау.

Екіншісі — ТМД институттары қызметінің келеңсіз созылып кеткен үзілісін тоқтату. Мен екі тапсырманы да орындай алдым деп ойлаймын. Ұсынылған Еуразиялық Одақты құру жобасы Достастық елдерінде, сонымен қатар алыс шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар толқынын, ғылыми орталарда пікірталастар мен конференцияларды туғызды», — деді Н.Ә. Назарбаев сессияға қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде.

Сонымен қатар ол: «... Ұлттық егемендікке қаупі бар КСРО-ны қайта қалпына келтіру ұрандары біздің елдерді бір бірінен одан әрі алшақтата түседі. Консервативті күштердің еркі мен тілегіне қарамастан, егемендік — бұл бүгінгі нақтылық. Бір де бір мемлекет одан бас тартпайды. Күшпен жасалған ықпалдастық біздің мемлекеттеріміздің сыртқы саяси бағдарларын шұғыл өзгертуге әкеліп, ықпалдастық жұмыстарының векторын ТМД кеңістігінен тыс бағыттауы мүмкін. Осы идеяны саяси жарнама мақсатында қолданбайтын ықпалдастықты шынайы жақтаушылар бүгінде өркениетті, озық ықпалдасу үдерісі қатар жүріп, тіпті мемлекеттің ұлттық егемендігін нығайтуды толықтырып отыру керектігін жете түсініп отыр. Осындай ықпалдасу тұрақтылық пен қауіпсіздіктің синонимі болып табылады. Мұны Еуропаның, Солтүстік Американың тәжірибесі көрсетіп отыр», — деп ерекше атап өтті.

21 ақпан



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі Е.М. Примаковты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Ресейдің Кеден одағы аясындағы экономикалық, қаржылық және технологиялық ынтымақтастығының проблемалары бойынша кеңінен пікір алмасу өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы ресейлік «Энергия» ракеталық-ғарыш орталығының бас директоры — бас конструкторы Ю.П. Семеновты қабылдады.

Шағын құрамда өткен әңгімелесуге «Байқоңыр» ғарыш айлағының бастығы А.А. Шумилин де қатысты.

Кездесу барысында ғарыш кешенін дамытудың жай-күйі мен келешегі талқыланды.

22 ақпан

Мемлекет басшысы «Е.М. Асанбаевты Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2851, «Б.Қ. Нұрғалиевті Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2852, «Т.С. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Венгрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №2853, «Т.С. Сүлейменов туралы» №2854, «Е.М. Асанбаев туралы» №2855, «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережеге өзгертулер енгізу туралы» №2856, «Д.Х. Сембаевты Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қоры басқармасының кеңесіндегі қызметінен босату туралы» №2857, «О.Ә. Жандосовты Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қоры басқармасының кеңесіне тағайындау туралы» №2858 жарлықтарына қол қойды.

23 ақпан

Мемлекет басшысы «Б.Ж. Өтемұратовты Қазақстан Республикасының Швейцария Конфедерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі және Женева қаласындағы (Швейцария) Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімі және басқа халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2861, «Е.М. Асанбаевқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2862 жарлықтарына қол қойды.

26 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Израиль Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі

Б. Кармелді оның Қазақстандағы миссиясының аяқталуына байланысты қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы Израильдің бірінші елшісінің қызметі егеменді жас мемлекетіміздің қалыптасу кезеңінде айтарлықтай жемісін бергендігін және бұдан әрі де бейбітшілік пен өрлеу игілігі жолында тереңдеп, кеңейе беретін түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға ықпал еткендігін атап өтті.

27 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің құрамына ішінара өзгеріс енгізу туралы» №2863 Жарлығына қол қойды.

28 ақпан

Мемлекет басшысы қылмыспен күрес мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңесте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Қ.Ш. Сүлейменовтің, Бас прокуроры М.С. Нәрікбаевтың, Мемлекеттік тергеу комитетінің төрағасы Ж.А. Тұяқбаевтың ақпараттары тыңдалды.

Президент республикадағы криминогендік жағдайға сыни баға беріп, талдау жасады, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жеткіліксіз кәсібилігіне назар аударды, қылмыспен күресті жетілдіру бойынша өз пайымын жеткізді.

Қылмыспен күресті күшейту бойынша нақты шаралар ретінде Президент Жоғарғы сот кеңесін құруды жеделдетуді, судьялар аттестациясын өткізуді, Қауіпсіздік кеңесінің жанынан қылмыспен күрес стратегиясын әзірлеумен айналысатын жұмыс тобын құруды, Мемлекет басшысы жанынан жоғары кәсіби тергеушілер тобын құруды ұсынды, сондай-ақ өз әкімшілігіне күш құрылымдарының қызметін бақылау міндетін жүктеді.

Бұл ретте Н.Ә. Назарбаев күш құрылымдары басшыларынан қылмыспен күресті қатайтып қана қоймай, оны жас егемен мемлекетіміздің өміріндегі жаңа ағымдарына сай өзгертіп отыруды талап етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №2865 Жарлығына қол қойды.

29 ақпан

Мемлекет басшысы өз жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасының жобасын талқылауға арналған отырысына төрағалық етті.

Құжаттың маңыздылығын айта келе, Президент: «...Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы дәл қазір, кідіріп, еркін тыныстап, өткен жолымызға зер салатын уақыт жеткен кезде қажет болып отыр. Бұл дегеніңіз, тұжырымдаманы жасау және теориялық мәселелерімен айналысу қажеттігін көрсетеді. Қазақстан одан әрі дамуының жолдарын айқын белгілеп алды. Республикамыз әлемнің көптеген дамыған елдеріндегідей, либералды саясат пен экономикаға қарай талпынуда. Әрі бұл жолдан бұрылып кетуге болмайды», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2866, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2867–2871 жарлықтарына қол қойды.

НАУРЫЗ 1996



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31



1 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі этносаралық қатынастардың үйлесімділігінің проблемалары жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияға қатысу үшін келген ЕҚЫҰ Аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссары М. ван дер Стулды қабылдады.

М. ван дер Стул өзге елдермен салыстырғанда Қазақстанда этносаралық қатынастар проблемасын үнқатысу мен теңдік негізінде шешудің бай тәжірибесі жинақталғандығын атап өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасы Президентінің уәкілі, Сыртқы істер министрі А. Велаятиді қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевқа Иран Президенті Х. Рафсанджанидің Иранға келіп, «Мешхед-Серахс-Теджен» темір жол учаскесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысуға шақыруын жеткізді.



4 наурыз

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №2873, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №2874, «А.С. Есімов туралы» №2875, «Ж.С. Кәрібжановты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2876, «Ж.С. Кәрібжанов туралы» №2877 жарлықтарына қол қойды.

5 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Көрмелер және аукциондар дирекциясы Алматы қаласында ұйымдастырған көркем экспозицияны тамашалады.

Экспозиция қылқалам шебері атанған сондай-ақ жаңадан бастап келе жатқан 43 суретшінің жұмыстарынан құралған. Экскурсия барысында Президентті көрме залдары арқылы Қарағанды қаласының бас суретшісі Л.И. Устьянцева, Алматы қаласы Суретшілер одағының төрағасы Е.С. Айтуаров және дирекция басшысы Е.Т. Жангельдин ертіп жүрді.

Экскурсия аяқталған соң Е.С. Айтуаров Президентке өзінің А. Құнанбаевқа арнаған «Халық ақыны» картинасын сыйға тартты.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №2878, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№2879–2881, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2882, «С.Ш. Ақымбековты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №2884, «С.Ш. Ақымбеков туралы» №2885 жарлықтарына қол қойды.

6 наурыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімі С.Ә. Үмбетовті таныстырды.

Мемлекет басшысы 8 Наурыз — Халықаралық әйелдер күні қарсаңында бір топ әйелдер қауымын қабылдады.

«...Біз отбасының, әйелдердің, ана мен баланың проблемаларын мемлекеттік саясат деңгейіне көтеретін халге жеттік. Оны жүзеге асыру, жүйелік талдау, зерделеу және ұсыныстар мен практикалық шешімдерді дайындау үшін Мемлекет басшысы жанында арнайы кеңес құрылды. Қазір Үкімет пен Президент Әкімшілігінде осы кеңестің қатысуымен отбасының, ана мен баланың қорғалуын қамтамасыз етуді жетілдіру және әйелдің қоғамдағы жағдайын жақсарту мақсатында құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шаралары жасалуда», — деп атап өтті Президент кездесуге қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде.

Мемлекет басшысы «С.Ә. Үмбетовті Алматы облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2887, «Ө. Өзбековті Талдықорған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2888, «Ө. Өзбеков туралы» №2889, «Ж.А. Тұяқбаевқа әділет генерал-полковнигі арнаулы атағын беру туралы» №2890, «А.С. Әлібаевқа, Ә.А. Ахмадинге, Б.С. Бейсеновке, Т. Дуабековке, Б.Ғ. Ысқақовқа, Р.Е. Қайдаровқа, М.Я. Керцманға, Ә.К. Мәмбетовке, Б. Сәрсековке, Р. Тілеухановқа, В.Ф. Шведюкке, В.П. Шумиленкоға әділет генерал-майоры арнаулы атағын беру туралы» №2891 жарлықтарына қол қойды.

7 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында екі ел арасындағы одан әрі өзара әрекеттесу мәселелері бойынша пікір алмасу өтті. Атап айтқанда, Қазақстан мен Ресей арасында экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету туралы шартты әзірлеу жөніндегі сарапшылардың табысты жұмысы атап өтілді, сондай-ақ президенттердің жақын арада осы құжатқа қол қоюы үшін кездесуі туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының вице-президенті Е.М. Асанбаевтың өкілеттігін аяқтау рәсіміне қатысты.

Президент Е.М. Асанбаевтың барлық лауазымдарда атқарған қызметіне жоғары баға берді және оның жоғары іскерлік қасиеттерін, Отанына шын берілгендігін, республиканың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан зор үлесін, демократиялық, гүлденген Қазақстан құру бағытына шексіз қолдау көрсеткендігін атап өтті.

Рәсімнің соңында Н.Ә. Назарбаев Е.М. Асанбаевқа «Отан» орденін табыс етті.



«Отан» ордені 1993 жылы белгіленді. Бұл орденмен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №2892, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы туралы» №2893 жарлықтарына қол қойды.

11 наурыз

Мемлекет басшысы Жаңа тәуелсіз мемлекеттермен қатынастардағы ерекше тапсырмалар жөніндегі елші

Дж. Коллинз бастаған Америка Құрама Штаттарының үкіметтік делегациясын қабылдады.

Делегация құрамында Халықаралық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі Қорғаныс министрі А.Б. Картер, Президенттің арнайы көмекшісі, Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің директоры К.Д. Блаккер, Қазақстан Республикасындағы АҚШ Төтенше және Өкілетті Елшісі Э. Джоунс, сондай-ақ Президенттің арнайы кеңесшісі, Жаңа тәуелсіз мемлекеттерге американдық көмек көрсетуді үйлестіруші Р. Морнингстар болды.

Кездесу барысында қорғаныс және қауіпсіздік салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастыққа, қаржылық ресурстарды пайдалануға байланысты нақты мәселелерге назар аударылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және Ауылшаруашылық ғылым академиясының нақты мүшелерімен кездесті.

Президент кездесуге қатысушыларды өзінің «Қазақстан Республикасындағы ғылымды мемлекеттік басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен таныстырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесін құру туралы» №2894, «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №2895, «В.Л. Метте туралы» №2898 жарлықтарына қол қойды.

12 наурыз

Мемлекет басшысы қазақстандық ірі өндірістерді сырттай басқаруды жүзеге асыратын шетелдік және отандық компаниялардың, сондай-ақ шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істейтін бірлескен кәсіпорындар басшыларының қатысуымен өткен кеңеске төрағалық етті.

Кеңесті аша отырып, Президент мұндай кездесудің алғаш рет өткізіліп отырғанын атап өтті және қатысушыларға өз жұмыстарының практикасы мен алғашқы нәтижелері туралы ой-пікірлерімен бөлісуді, туындаған проблемаларын ортаға салып, оны шешу жолдарын белгілеуді ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев осындай кездесулерді жылына кемінде екі рет өткізіп тұру туралы кеңесте айтылған

ұсыныстықолдады. Оның пікірінше, «Үкімет жанынан қазақстандық өндірістерді сырттай басқаруды жүзеге асыратын фирмалар мен компаниялардың жұмысында туындаған проблемаларды шұғыл шешіп отыратын қоғамдық кеңес құру керек».

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттері туралы» №2896 Жарлығына қол қойды.

13 наурыз

Мемлекет басшысы ХВҚ екінші еуропалық басқармасының директоры Дж. Смитті қабылдады.

Кездесуде Қазақстанның ХВҚ-мен өзара қарымқатынасын одан әрі дамыту, атап айтқанда, 1998–1999 жылдары қазақстандық экономиканы тұрақтандыру және көтерудің ортамерзімді бағдарламасын несиелеуге дайындық мәселелері талқыланды. Бұл ретте республиканың сыртқы қарыздарды уақытылы төлеп отыратындығы, әрі бұл шетелдік инвесторлардың оң көзқарасын тудыратыны атап өтілді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауылшаруашылық ғылым академиясының бірлескен жиналысына қатысып, онда Президент физика-математика ғылымдарының докторы В.С. Школьниктің кандидатурасын Қазақстан Республикасының Ғылым министрі — Ұлттық ғылым академиясының президенті лауазымына ұсынды.

Жиналыс бірауыздан Мемлекет басшысының ұсынысын қолдады.

«Қазақстан Республикасындағы ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ғылым министрі — Ұлттық ғылым академиясының президенті лауазымына тағайындау Премьер-министрдің ұсынуымен Ұлттық ғылым академиясы және Ауылшаруашылық ғылым академиясының нақты мүшелерінің көпшілігінің келісімімен жүргізіледі.

Мемлекет басшысы «В.С. Школьниктің Қазақстан Республикасының Ғылым министрі — Ұлттық ғылым академиясының президенті қызметіне тағайындау туралы» №2897 Жарлығына қол қойды.

14 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі В.И. Долговты оның өтініші бойынша қабылдады.

Әңгіме барысында екі елдің теңқұқықты және өзара тиімді ынтымақтастығын тереңдету мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «В.С. Школьник туралы» №2900, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2901–2905, «М.С. Өтебаевты Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2906 жарлықтарына қол қойды.

15 наурыз

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Өнеркәсіп, пошта және телекоммуникация министрі Ф. Боротра бастаған делегациясын қабылдады.

Келіссөздер барысында екіжақты Қазақстан-Франция қатынастарының жай-күйі мен екі елдің экономикалық ынтымақтастығын дамыту перспективалары талқыланды.

16 наурыз

Мемлекет басшысы жұбайымен бірге Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында өткен Дж. Верданың «Аида» операсының алғашқы қойылымын тамашалады.

17 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының қаулыларына байланысты республикалық теледидар арқылы мәлімдеме жасады.

Президент 1996 жылдың 19 қаңтарында Мәскеу қаласында ТМД мүше мемлекеттер басшыларының кеңесінде жариялаған арнайы мәлімдемесінде, Кеңес Одағын қалпына келтіру мақсатын көздейтін кез-келген әрекеттердің зарарлы салдары туралы ескерткендігін еске салды және Қазақстан өзінің егемендігі және тәуелсіздігінен ешқашан бас тартпайтындығын атап өтті.

«Біз қазір Ресеймен бірге әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықтың жаңа моделін жасау бойынша жұмыс жасап жатыр-

мыз. Наурыз айының соңында біз ықпалдасуды жаңа деңгейге шығаратын ауқымды құжатқа қол қоюды жоспарлап отырмыз. Бұл, егемендікті, тәуелсіздік пен бір-бірінің аумақтық тұтастығын өзара сыйлаушылық және теңқұқылық қағидаттарына негізделген өзара тиімді ықпалдастық болмақ», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев.

18 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының саны, Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты аппаратының құрылымы мен штаты туралы» №2909 Жарлығына қол қойды.

19 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы құқық қорғау ведомстволарының басшыларымен кеңес өткізді. Онда елдегі заңдылықты сақтау жағдайы талқыланды және азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің Конституция талаптарын бұлжытпай сақтау қажеттігі ерекше аталып өтілді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғары сот кеңесінің бірінші отырысына төрағалық етті.

Соттың қылмыспен күрестегі аса маңызды факторлардың бірі — жазаның қолданылмай қалмайтындығы принципін қамтамасыз етудегі рөлін айта келе, Президент «әрбір заң бұзушыға істеген ісі үшін бара-бар жаза қолданылуы тиіс. Қатаң бейтараптық пен заңды мүлтіксіз сақтау — өркениетті әлемдегі әділ соттың басты ұстанымы осы. Егер әрбір қылмыскер сазайын тартпаса, барлық қылмыспен күрес маңызын жоғалтады».

Н.Ә. Назарбаев «қызмет жасайтын судьяларды қайта аттестациялаудан өткізуді қарастыратын соттар мен судьялар мәртебесі туралы жарлық — судьялар корпусын өз абыройларын түсірген адамдардан тазартудың, оны кәсіби даярланған кадрлармен нығайтудың қуатты тетігі болмақ. Бұл ретте Жоғарғы сот кеңесі мен әділеттің біліктілік алқасы маңызды рөлге ие болмақ», — деп мәлімдеді.

Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру, судьялар тәуелсіздігін және олардың жеке басына қол сұғылмаушылықты кепілдендіру, сот жүйесі

мен заңнаманы жетілдіру жөніндегі конституциялық өкілеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Кеңес қызметінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен, «Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен және Регламентпен белгіленеді.

20 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2728 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №2914, «Қазақстан Республикасының облыстық және соларға теңестірілген соттарының кейбір судьяларын қызметтерінен босату туралы» №2915 жарлықтарына қол қойды.

21 наурыз



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында елдің дамуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының бір топ бұрынғы басшы қызметкерлерін, еңбек ардагерлерін қабылдады.

Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде Президент: «Сіздердің тікелей қатысуларыңызбен Қазақстан өсіп, нығайды, зор әлеует жасалып, арттырылды, онсыз қазір мемлекет өмірінің барлық салаларында болып жатқан түбегейлі оң өзгерістердің болуы екіталай еді. Біз сіздерге ең алдымен басшылардан асқан қажырлы күшті талап ететін уақыт қиындығына қарамастан, көпжылғы шексіз беріліп атқарған еңбектеріңіз үшін, борыш пен жоғары идеалдарға адалдықтарыңыз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз», — деді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Онда Ұлттық ядролық орталық нысандарының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі мәселелері талқыланды, республиканың қоғамдық және экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамаларының жобалары, Қазақстан аумағына өзге мемлекеттер азаматтарының заңсыз кіруіне байланысты ел қауіпсіздігінің мәселелері қаралды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы баспасөз бетінде Наурыз мейрамына орай қазақстандықтарға құттықтау жолдап, онда барлығына денсаулық, игілік әрі бақытты болашақ тіледі.

26 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы №2600 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №2918 Жарлығына қол қойды.

27 наурыз



Мемлекет басшысы Қазақстанға Ұлттық тамақтану саясаты жөніндегі Халықаралық конференцияға қатысу үшін келген БҰҰ бас хатшысының орынбасары, ЮНИСЕФ атқарушы директоры К. Белламиді қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастығы халықаралық жұртшылықтың жас егемен мемлекетке балалық шақты қорғаумен байланысты проблемаларды шешуге көмек көрсетуге шынайы ниетінің негізінде дамып келе жатқанын атап өтті. Президент 1994 жылдан бастап ЮНИСЕФ 6 млн. доллар көлемінде көмек көрсеткенін, бұл Арал маңы мен Семей ядролық полигонымен шектесетін өңірдегі ахуалды жақсартуға оң әсер еткенін атап өтті.



Сол күні Мемлекет басшысы «Hanwha Group» өнеркәсіптік-қаржы тобының Директорлар кеңесінің төрағасы Ким Сын Иен бастаған оңтүстік кореялық делегацияны қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев делегацияны елдегі экономикалық реформалар барысымен таныстырып, «Hanwha Group» тобының ел аумағында жергілікті мемлекеттік және шаруашылық құрылымдармен өзара тиімді негізде қызметін ұйымдастыруына көмектесуге әзірлігін білдірді.

Өз кезегінде кореялық тарап қазақстандық кәсіпкерлермен өзара тиімді қатынастарды дамытуға ниеттестігін білдіріп, өздерінің бизнесті кеңейтуге, өнімді сату үшін жаңа нарықтарды іздеуге, техникалық ілгерілеуді жылдамдату мен өндірісті басқаруды жетілдіруге бағытталған жұмыс жоспарларымен бөлісті.

28 наурыз

Мемлекет басшысы 1996 жылғы 29 наурызда болатын Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей Федерациясы арасындағы экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдасуды тереңдету туралы шартқа қол қою рәсіміне қатысу үшін Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына келді.

Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1996 жылдың сәуір-маусымында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №2919, «Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы» №2920, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес құру туралы» Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» №2921 жарлықтарына қол қойды.

29 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей Федерациясы («4+N») арасындағы экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдасуды тереңдету туралы шартқа қол қою рәсіміне қатысты.



Қол қою рәсімі аяқталған соң президенттер бірлескен баспасөз конференциясын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Еуразиялық Одақ жобасында олармен көрсетілген тармақтардың жартысынан көбі қол қойылған шартқа енгізілгендігін атап айтты.

Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдасуды тереңдету туралы шарт «4+N» деген атаумен едәуір танымал. Ол Н.Ә. Назарбаевпен 1994 жылғы 29 наурызда М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің қабырғасында ұсынылған Еуразиялық Одақ идеясын жүзеге асырудың іс жүзіндегі нәтижелерінің бірі болды.

СӘУІР

1996



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы» №2922 Жарлығына қол қойды.

2 сәуір

Мемлекет басшысы «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» №2923, «А.А. Тілеубердин мен Ө.Е. Шөкеев туралы» №2925, «Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Н.Ә. Әбіқаевты Қазақстан Республикасының Швеция Корольдігіндегі, Норвегия Корольдігіндегі, Ирландия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2927, «Қазақстан Республикасының Венгрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Т.С. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Польша Республикасындағы, Болгария Республикасындағы, Чехия Республикасындағы, Словакия Республикасындағы, Румыниядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2928, «Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Т.А. Мансұровты Қазақстан Республикасының Финляндия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2929, «Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі О.О. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Грекия Республикасындағы, Мальта Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2930, «Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Қ.С. Сұлтановты Қазақстан Республикасының Корея Халық Демократиялық Республикасындағы, Вьетнам Социалистік Республикасындағы, Моңғолия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2931, «Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.Қ. Тайжанды Қазақстан Республикасының Марокко Корольдігіндегі, Тунис Республикасындағы, Алжир Халық Демократиялық Республикасындағы, Иордания Хашимиттік Корольдігіндегі, Сирия Араб

Республикасындағы, Ливия Социалистік Халықтық Араб Жамахириясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №2932, «В.С. Школьник туралы» №2933, «Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) соттарының кейбір судьяларын қызметтерінен босату туралы» №2934, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөнінде комиссия құру, оның құрамын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы» №2935 жарлықтарына қол қойды.

3 сәуір

Мемлекет басшысы Қазан қаласында Татарстан Республикасы Мемлекеттік кеңесінің сессиясы аясында өткен Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевті ұлықтау салтанатты рәсіміне қатысты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевпен кездесті.



Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан Республикасы мен Татарстан Республикасы арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге қол қойылды.

4 сәуір

Мемлекет басшысы Жезқазған облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент «Жезқазған түсті металл» АҚ іске қосылған Аннен кенішінде шахтаға түсіп, жұмысшылармен әңгімелесті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев облыс активінің жиналысын өткізіп, онда өңірдегі ахуал, макроэкономикалық тұрақтандырудың мүмкіндіктері мен перспективалары туралы баяндама жасады.

Актив жиналысының соңында Президент Балқаш қаласына аттанды. Онда Балқаш металл өңдеу зауытында алтын қорытуға қатысты және «Балқашмыс» АҚ жаңа эмаль өткізгіш жасау цехының символикалық лентасын кесті.

9 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық

деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру мәселелері туралы» №2940, «Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының Қазақстан Акционерлік халықтық жинақ банкіндегі салымдарын өтем жасау туралы» №2941, «М.Ф. Малахов және Қ.Ә. Мәмиев туралы» №2942, «Л.В. Десятник туралы» №2943 жарлықтарына қол қойды.

10 сәуір

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімі Қ.Ы. Нағмановты таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Жезқазған облысына жұмыс сапарымен аттанып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімі Е.Б. Смайыловты таныстырды.

Мемлекет басшысы «Қ.Ы. Нағмановты Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2944, «Е.Б. Смайыловты Жезқазған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №2945 жарлықтарына қол қойды.

11 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Жоғары экономикалық кеңес құру туралы» №2946, «П.В. Своик туралы» №2947, «Кешірім жасау туралы» №2948, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2949, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2950, «Е.Ә. Өтембаевты Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңес төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2951, «Е.Ә. Өтембаев туралы» №2952 жарлықтарына қол қойды.

12 сәуір

Мемлекет басшысы елімізге «Қазақстандағы бизнес-климат» семинарына қатысу үшін келген Америка Құрама Штаттарының бұрынғы Мемлекеттік хатшысы, Қазақстан-Америка кеңесінің және Қоғамдық саясат институтының төрағасы Дж. Бейкерді қабылдады.

Әңгіме барысында екі елдің жан-жақты қатынастарын дамыту мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы АҚШ бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен бірге «Қазақстандағы бизнес-климат» семинарына қатысты.

Қазақстандық және американдық бизнесмендер алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Дж. Бейкердің осы сапары өткен ынтымақтастықты қорытындылап, оның Қазақстандағы американдық бизнесті белсендіруге бағытталған жаңа кезеңін ашып отырғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Онда «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шараларын жүргізу барысы, Мемлекеттік тергеу комитетінің 1996 жылдың I тоқсанындағы қылмыстарды ашу мен тергеу бойынша жұмыстарының нәтижелері, сондай-ақ республикадағы заңдылықтың жай-күйі талқыланды.

13 сәуір

Мемлекет басшысы АҚШ бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты мен Дж. Бейкердің Қоғамдық саясат институты арасындағы ынтымақтастық қағидаттары туралы келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

18 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған Каир конференциясының іс-қимыл бағдарламасын ЭЫҰ мемлекеттерінде іске асыру жөніндегі БҰҰ халықаралық конференциясының қатысушыларына сәлемдеме жолдады.

«Қазақстанның халықаралық қоғамдасдастыққа лайықты кіруге, әлемдік экономикалық және рухани кеңістіктің бөлігіне айналуға деген ұмтылысы жеке тұлғаның орталық рөлін мойындауды, тұрғындарды алда тұрған тапсырмаларды шешуге тарту мен жаңжақты әдістерді қолдануды дамыту қажеттілігін және қоғамды тұрақты көтеру, кедейлікті жою, отбасын жоспарлауға қоса өсімпаздық денсаулықты нығайту бойынша бағдарламаларды іске асыруды талап етеді — осылар Каир конференциясы іс-қимыл

бағдарламасының басым бағыты болып табылады», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Арнайы өкілі туралы ереже туралы» №2955 Жарлығына қол қойды.

19 сәуір

Мемлекет басшысы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы» №2956 Жарлығына қол қойды.

22 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Б.Н. Ельцинмен ұсынылған бейбіт реттеу жоспарына сәйкес Шешенстан Республикасындағы қантөгісті тоқтату бойынша күштерді белсендіру жолдары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Н.В. Родостовецті Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №2957 Жарлығына қол қойды.

23 сәуір

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.Б. Макадамнан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан кәсіподақтар федерациясының төрағасы С.О. Мұқашевты қабылдады. Ол кәсіподақтардың әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесіне әлеуметтік серіктестік қағидаттарын енгізу барысы туралы хабарлады.

Президент Алматы қаласында 1996 жылғы мамырдың екінші жартысында «Кәсіподақтар мемлекетаралық ықпалдасуды тереңдету, әлеуметтік өрлеу және ынтымақтастық үшін» атты Беларусь,

Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және шекаралас өңірлердің кәсіподақ орталықтары басшыларының қатысуымен халықаралық кездесу өткізу бастамасын қолдады.

Мемлекет басшысы өзінің «XXI ғасыр табалдырығында» атты жаңа кітабының жарық көруіне орай қазақстандық және шетелдік журналистер үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Өз сөзінде Президент: «XX жүзжылдықта менің халқым өзге есен-сау ұлттардың түсіне де кіріп шықпайтын қиыншылықтарды басынан өткерді. Талай рет қазақтар қырылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Бірақ өмірге деген, азаттыққа деген ерік-жігері халықты қайта-қайта бас көтеруге итермеледі. Мен өз халқымды сүйемін, мені даналық пен сабырлыққа, соғыстың соқыр заңдарына берілмей, бейбіт жолды таңдауға үйреткені үшін оны мақтан тұтамын. Барлық басынан өткергеніне қарамастан, мәрттігі мен шыдамдылығын, басқа халықтарға құрметпен қарайтын асыл қасиеттерін сақтап қалған халықпен мақтанбауға болмайды. Мен өзімді осы қиын-қыстау жылдары халқымның бір бөлшегіндей сезінемін. Халқымыз XXI ғасырдың табалдырығында өз тағдырын өзі таңдады», — деп атап өтті.

24 сәуір

Мемлекет басшысы өзіне Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы З.Я. Балиевамен мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасына берілетін ресми ерекшелік белгісі — ерекше үлгідегі «Алтын Қыран» орденін, кеуде белгісін және Президент штандартын табыс ету салтанатты рәсіміне қатысты.

Рәсімге сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Ә.М. Қажыгелдин, Мемлекеттік хатшысы А.С. Есімов, Парламенті Мәжілісінің және Сенатының төрағалары М.Т. Оспанов пен Ө. Байгелді қатысты.



1



2

«Алтын Қыран» ордені Қазақстан Республикасының ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. 1995 жылы бекітілген. Орденмен қазақстандық және шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін марапатталады. Орден жұлдыздан (1-сурет) және ілмекті алқалық белгіден (2-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағында Мемлекет басшылары аллеясының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсімнің соңында Президент БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап беріп, «өз тапсырмасы бойынша республика облыстарының, қалалар мен аудандарының әкімдері бүгінгі күні елді мекендерді жаппай көгалдандыру бойынша жұмыстарды күшейтіп, әрбір тұрғын осы игілікті іске қатысуға жұмылдырылып жатқандығын» атап өтті.

Мемлекет басшысы «1996 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» №2959, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №2960, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2961–2963 жарлықтарына қол қойды.

25 сәуір

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласына 1996 жылғы 26 сәуірде болатын Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы бесжақты келісімге қол қою рәсіміне қатысу үшін келді.

26 сәуір

Мемлекет басшысы Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы бесжақты келісімге қол қою рәсіміне қатысуына байланысты Қытай Халық Республикасында болған кезінде Шанхай қаласындағы Автомобиль шығару бойынша бірлескен Қытай-Герман зауытында болып, Шанхай қаласының мэрі Сюй Куандимен кездесті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында мемлекет басшылары екіжақты қатынастарды одан әрі дамыту перспективаларын, сондай-ақ өңірлік және халықаралық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін талқылады.



Сол күні Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьмен,

Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен бірге Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы бесжақты келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

Қол қою рәсіміндегі мәлімдемесінде Қазақстан Президенті «Бес мемлекет басшысының Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы бесжақты келісімге қол қоюы Азия-Тынық мұхит өңірінде қабылданған әскери-саяси деңгейдегі әрі географиялық ауқымдағы алғашқы құжат болып отырғандығын, мұндай акт Азия-Тынық мұхит өңірінде және бүкіл ғаламшарда бейбітшілікті, тұрақтылықты одан әрі сақтау мен нығайтуға оң әсерін тигізетінін» атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы бесжақты келісім және 1997 жылы жасалған Шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісім өңірдегі тұрақтылықтың және Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан арасындағы ұзақмерзімді тату көршілік қатынастардың берік іргетасын қалады, сондай-ақ «Шанхай бестігі» мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) тәрізді өңірлік ұйымдар аясындағы тығыз ынтымақтастыққа жол ашты.

27 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі елдің халықаралық аренадағы, оның ішінде халықаралық құрылымдар мен одақтар аясындағы өзара іс-әрекеттерінің мәселелері, сондай-ақ екіжақты қатынастардың жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Каспий теңізін пайдалану жөніндегі ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме, Дизельді қозғалтқыштарды шығару бойынша бірлескен кәсіпорын құру туралы келісім, «Байқоңыр» кешені жөніндегі Ресей-Қазақстан үкіметаралық комиссиясы туралы ереже қабылданды.

29 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының III сессиясына төрағалық етті.

Н.Ә. Назарбаев Ассамблеяның алғашқы жылының жұмыс қорытындыларын шығара отырып, өзінің «Қоғамдық келісім — Қазақстанның демократиялық дамуының негізі» тақырыбында сөйлеген сөзінде: «Ассамблея өзінің қызметінде алғашқы жылдың өзінде-ақ оның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындай алды деп айтуға болады.

Әрине, шешілмеген мәселелер бар, бірақ жалпы алғанда Ассамблея қоғамдық институт ретінде әбден қалыптасты. Оның рөлі уақыт өткен сайын арта түседі, өйткені ол республика халқын азаматтық біріктірудің түйінді құралдарының бірі ретінде көрініп отыр. Біздің мемлекетіміздің және біздің балаларымыздың болашағы осыған байланысты болмақ.

Биыл мамырдың 1-ін Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі ретінде атап өтетін боламыз. Бұл орайда да Ассамблея көп іс тындырды, өйткені осы мерекенің идеясы Ассамблеяда туған болатын. Ал мереке тартусыз болмақ емес. Мен, Ассамблеяның төрағасы ретінде осы жарқын азаматтық мерекемен баршаңызды құттықтаймын», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан халықтары Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған.

Этникааралық мәселелер жөніндегі қоғамдық институтты құру идеясын алғаш рет Мемлекет басшысы 1992 жылы Қазақстан халықтарының Форумында жариялаған болатын.

Ассамблея міндеттері Қазақстанда этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, рухани мәдени жаңаруға және оның аумағында өмір сүретін этностарды теңқұқылық принципін сақтау негізінде дамытуға жәрдемдесу, этникалық мүдделердің көптүрлілігін ескере отырып, мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Ассамблея құрылымына сондай-ақ барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында әрекет ететін және әкімдер жанында консультативтік кеңесші орган мәртебесін иеленген Кіші Ассамблеялар да кіреді.

2007 жылғы 21 мамырда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді, конституциялық мәртебеге ие болды, өздерінің өкілдерін Парламент Мәжілісіне ұсынуға мүмкіндік алды.

2007 жылғы 20 тамызда Ассамблеядан Мәжіліске 9 депутат сайланды.

2008 жылдың қазанында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.

30 сәуір

Мемлекет басшысы Жапония қорының төрағасы А. Сононы қабылдады.

Әңгіме барысында болашақта екі бағытта дамытуға болатын ынтымақтастық жөнінде пікір алмастырылды. Біріншісі — Азия мемлекеттері арасындағы байланыстарды жолға қоюға бірлесіп қатысу және екіншісі — республикамыздағы ядролық сынақтардың зардабын жоюға көмек көрсету.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға орталықазиялық елдердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысына қатысу үшін келген Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының сыртқы саяси ведомстволарының басшылары Р.И. Отынбаеваны және А. Камиловты қабылдады.


Әңгіме барысында 1996 жылғы 6 мамырда Бішкек қаласында өтетін Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, оған Қазақстан тарапымен БҰҰ қамқорлығымен Қазақстанның «Ортазбат» бітімгерлік батальонын жасақтау жөніндегі мәселесі енгізілді.

Сондай-ақ бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартты іске асыру, салааралық өндірістік кооперация, мемлекетаралық көздердің су қорларын пайдалану саласындағы ынтымақтастық проблемалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында «Италавто» ЖШС техникалық қызмет көрсету стансасына, компьютерлік және электрондық техниканы жасаумен және сатумен айналысатын «Алей» Қазақстан-Сингапур бірлескен кәсіпорнына, неміс технологиясы бойынша сыра, шұжық және ысталған өнімдер өндіруді меңгерген «Беккер» БК барды.

Мемлекет басшысы «Қ.Ш. Сүлейменовке генерал-лейтенант әскери атағын беру туралы» №2966 Жарлығына қол қойды.


МАМЫР 1996



Пн		6	13	20	27
Вт		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Чт	2	9	16	23	30
Пт	3	10	17	24	31
Сб	4	11	18	25	
Вс	5	12	19	26	



2 мамыр



Мемлекет басшысы «Sakigake» (Бастама) партиясының көшбасшысы, Жапония-Қазақстан достығы парламенттік қауымдастығының төрағасы М. Такэмура бастаған Жапонияның бір топ саясат қайраткерлерін қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы сәуірде Жапонияға жасаған ресми сапарынан кейін және қол жеткізілген уағдаластықтар орындалған соң басталған екіжақты саяси диалогты жалғастырудың маңызы атап көрсетілді.

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№2970–2972 жарлықтарына қол қойды.

3 мамыр

Мемлекет басшысы «Mobil Corporation» компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Л.А. Нотоны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстандағы мұнай-газ кен орындарын бірлесіп игеру, жанар-жағар май материалдарын өндіру саласында және май құю бекеттері желісінде дамыған инфрақұрылым құру бойынша екіжақты ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы мен «Mobil Corporation» компаниясы арасында Теңіз мұнай кен орнындағы 25% үлесті сату-сатып алу туралы келісімге және Тәуелсіз энергетикалық жобаны бірлесіп жүзеге асыруға ниет білдіру туралы хаттамаға қол қою рәсіміне қатысты.

Келісімге Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрі Н.Ө. Балғымбаев, «Mobil Corporation» компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Л.А. Ното және «Mobil Corporation» компаниясы ТМД-дағы филиалының президенті Р. Бизли қол қойды.

Мемлекет басшысы «Ақмола облысының Атбасар қаласының аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызу туралы» №2973 Жарлығына қол қойды.

4 мамыр

Мемлекет басшысы «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнының мәселелері туралы» №2974 Жарлығына қол қойды.

6 мамыр



Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Келіссөздер барысында БҰҰ қамқорлығымен үш елдің біріккен батальонын жасақтау, «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы аясында оқу-жаттығуларға әзірлік, Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шарты іске асыру барысы, елдер арасындағы өндірістік кооперация проблемалары және өңірдің су-энергетика қорларын пайдалану мәселелері қаралды.

Бішкектегі кездесудің қорытынды құжаттарының бірі өндірістік кооперация туралы отырыс хаттамасы болды. Онда орталықазиялық «үштік» министрліктерінің, ведомстволарының және шаруашылық субъектілерінің экономиканы ықпалдастыру, бірлескен өндірістерді ашу және кооперацияны кеңейту бойынша жұмыстарына оң баға берілген болатын. ОАЭҚ премьер-министрлер кеңесіне өндірістік кооперация бойынша жеткізілетін тауарларды жеткізу, кедендік рәсімдеу және өткізу принциптері туралы бірізділендірілген нормативтік актілерді әзірлеп, қабылдау тапсырылды. Сондай-ақ үкіметтерге және Мемлекетаралық кеңестің Атқарушы комитетіне де тиісті нұсқаулар берілді.

Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым.

Ұйым 1994 жылы бұдан бұрын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасымен қол қойылған Экономикалық одақ құру туралы (1993 ж.) және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы (1994 ж.) шарттарға сәйкес құрылған.

1998 жылғы наурыз айында ОАЭҚ ұйымына Тәжікстан қосылды.

1996 жылы байқаушы мәртебесін — Ресей, ал 1999 жылы Грузия, Түркия және Украина алды.

2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына (ОАЫ) айналып, оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кірді.

2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ ұйымына Ресей қосылды.

2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ ұйымын ЕурАзЭҚ ұйымымен біріктіру туралы шешім қабылданды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен және Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен бірге Бішкек қаласындағы «Манас айылы» мәдени-этнографиялық кешенінде ағаш отырғызуға қатысты.

7 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен және Ұлттық банкі басшыларымен кеңес өткізіп, онда Ұлттық банктің 1995 жылғы және 1996 жылдың I тоқсанындағы жұмысының қорытындылары туралы есебі тыңдалды.

Өз сөзінде Президент инфляцияны одан әрі төмендетуге, несиелеу жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа күштер мен бастамалардың қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №2975 Жарлығына қол қойды.

8 мамыр



Мемлекет басшысы Жеңіс күніне және елдің Қарулы Күштері құрылған күніне орай Қазақстан Республикасы күш ведомстволарының жоғарғы командалық құрамымен кездесті.

Олардың алдында сөйлеген сөзінде Президент Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде 4 жыл бұрын құрылған әскердің қазіргі жағдайына талдау жасады, құрлық, авиация әскерлерінің және әуе шабуылына қарсы қорғаныстың 2000 жылға дейінгі және болашақтағы даму жолдары туралы ойларымен бөлісті.

Н.Ә. Назарбаев Азия құрлығындағы әскери-саяси ахуал, Қазақстан басшылығының әскери қауіпті одан әрі азайту, елімізге қарсы өзге мемлекеттер тарапынан басқыншылықты болдырмау бойынша халықаралық аренада қабылдаған іс-шаралары туралы толығырақ әңгімеледі. Мемлекет басшысы әскерлердің дайындығын одан әрі арттыру, тәртіпті нығайту, жеке құрамды жоғары отансүйгіштік рухында тәрбиелеуді жақсарту туралы ұсыныстар беріп, үкіметтің жаңа отандық әскери кадрларды даярлау және ауқымын кеңейту бойынша күш салып жатқандығы туралы еске салды.

Мемлекет басшысы «Ж.М. Жұманбеков пен В.К. Божкоға жоғары әскери атақтар беру туралы» №2976, «С.Қ. Нұрғажин мен П.С. Яловенкоға генерал-майор әскери атағын беру туралы» №2977, «Н.Ж. Асылов пен В.Г. Федорченкоға генерал-майор әскери атағын беру туралы» №2978, «Ә.Х. Қасымовқа генерал-полковник әскери атағын беру туралы» №2979, «Г.Г. Штойкты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №2980, «Г.Г. Штойк туралы» №2981, «С.И. Шуткинді Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының басшысы қызметіне тағайындау туралы» №2982, «Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясын құру туралы» №2983, «Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы» №2984 жарлықтарына қол қойды.

9 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Жеңіс күніне арналған мерекелік шараларға қатысты.

Президент 28 панфиловшылар саябағындағы Даңқ мемориалы алдындағы Мәңгілік алауға гүлтәжін қойды және Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

«Бұл күннің естелігі ұрыс даласында Отан үшін от кешіп, ажалмен бетпе-бет кездесіп, соғысқандардың жүрегінде мәңгілік сақталады. Қазір соғыс жылдарындағы естеліктер қайта жанданып, адамдар Мәңгілік алауға қаза болған жауынгерлердің өшпес ерлігіне құрмет көрсетуге келеді, Белгісіз сарбаздың қабіріне алқызыл гүл шоқтарын қояды», — деді Президент ардагерлер алдында сөйлеген сөзінде.

11 мамыр



Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Тегеран қаласында Президент Х. Рафсанджанимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Каспий мұнай кен орнын игерудегі ынтымақтастық перспективалары, екі мемлекеттің жаңа көлік коммуникацияларын құрудағы күштерін жұмылдыру, экономикалық және мәдени ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Тараптар сондай-ақ өңірдегі ахуал туралы пікір алмасып, Тәжікстан мен Ауғанстандағы шиеленістерді жедел түрде бейбіт жолмен реттеу қажеттігін атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Каспий теңізінің мәселелері туралы Бірлескен мәлімдемеге, екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдету туралы декларацияға және т.б. қол қойылды.

12 мамыр

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасына ресми сапары барысында 1996 жылғы 13 мамырда болатын Трансазиялық теміржол магистралінің «Мешхед-Серакс-Теджен» учаскесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысу үшін Мешхед қаласына келді.

Сол күні Мемлекет басшысы Трансазиялық темір жол магистралінің «Мешхед-Серакс-Теджен» учаскесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысушылармен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Пәкстан Ислам Республикасының Президенті Ф. Легаримен кездесу барысында тараптар бұл оқиғаның маңыздылығын жоғары бағалай отырып, Трансазиялық теміржол магистралінің ұзына бойындағы тікелей теміржол бағыты өзара тиімді серіктестікті дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашқанын атап өтті.

Грузия Президенті Э.А. Шеварднадземен әңгімесінде 1996 жылғы 17 мамырда Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында болатын ТМД Мемлекет басшылары кеңесі отырысының мәселелері талқыланды. Одан басқа, Э.А. Шеварднадзе Грузиядағы ахуал және Абхазия төңірегіндегі жағдайды қалпына келтіру бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы хабардар етті.

13 мамыр

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасына ресми сапары барысында Мешхед қаласында өткен Трансазиялық темір жол магистралінің «Мешхед-Серакс-Теджен» учаскесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Темір жол жолдарының түйісу салтанатына сондай-ақ Әзірбайжан, Армения, Грузия, Иран, Қырғызстан, Пәкстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан мемлекеттерінің басшылары, Ресей мен Украинаның үкіметтік делегациялары қатысты.

«Мешхед-Серакс-Теджен» темір жол магистралі 11 мың шақырымға созылып жатыр. Ол ішкі өңірлік сауданы дамыту, ЭЫҰ мүше мемлекеттерінің экономикаларын кооперациялау үшін мүмкіндіктерді кеңейту, Трансазиялық теміржол бағыты үшін қажетті жағдайлар жасау және Азия-Тынық мұхит өңірі елдерінің, Қытайдың, Ресейдің және Орталық Азия республикаларының Иран мен Түркияға жүк тасымалдау мерзімі мен құнын қысқарту арқылы қысқа жолмен шығуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

Сол күні Мемлекет басшысы «Мешхед-Серакс-Теджен» учаскесінің ашылу рәсіміне қатысушылармен бірге Түрікменстанмен шекарада орналасқан еркін экономикалық аймаққа барып, Трансазиялық теміржол магистралі бойынша тікелей бағыттың басталуына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Кешке қарай Мемлекет басшысы басқа да қонақтармен бірге Иран мен Түрікменстанды жалғап тұратын ірі теміржол көпірін іске қосу салтанатты рәсіміне қатысып, жолаушылар поезымен осы көпір арқылы түрікменстандық Серахс қаласына жүріп кетті.

14 мамыр



Мемлекет басшысы Түрікменстанның астанасы Ашғабад қаласында өткен ЭЫҰ Мемлекет басшылары кеңесінің IV отырысына қатысты.

Саммитте сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «ЭЫҰ шеңберіндегі әрбір жоғары деңгейдегі кездесу біздің өзара әрекеттестігіміздің дамуындағы жаңа межелерді көрсетеді. Қазірдің өзінде 10 мемлекетті біріктіретін ұйымның қалыптасуы аяқталды деуге болады. Ол халықаралық қоғамдастықпен мойындалды, басқа да өңірлік құрылымдармен белсенді қызмет етеді, ауқымды аумақтардың экономикалық салаларындағы ықпалдасудың нақты мәселелерін шешеді», — деп атап өтті.

Келіссөздер қорытындылары бойынша Ашғабад декларациясына, ЭЫҰ қайта ұйымдастыру мен қайта құру жөніндегі өзара түсіністік меморандумына, «Ералиево-Түрікменбашы-Түрікменбедер» теміржол желісі құрылысын салудағы өзара түсіністік меморандумына қол қойылды.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) — 1985 жылы Иран, Пәкстан және Түркия елдерімен құрылған өңірлік мемлекетаралық экономикалық ұйым. Ол сол қатысушылармен 1977 жылғы 12 наурызда қол

қойылған Измир шарты негізінде әрекет еткен Өңірлік даму ынтымақтастығы ұйымының құқығын иеленуші болып табылады.
1992 жылдың басына дейін ЭЫҰ аясындағы ынтымақтастық негізінен екіжақты сипатта болды. 1992 жылдан бастап ұйым қызметі жаңадан 7 мемлекеттің — Әзірбайжан, Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның қосылуына байланысты айтарлықтай белсенді бола түсті.
1995 жылы ЭЫҰ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанынан, сондай-ақ ИКҰ жанынан байқаушы мәртебесіне ие болды.
Мемлекет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Тұрақты өкілдер кеңесі, Өңірлік жоспарлау кеңесі, Хатшылық ЭЫҰ органдары болып табылады.
ЭЫҰ хатшылығы 3 жылдық мерзімге Сыртқы істер министрлері кеңесімен сайланатын Бас хатшымен тағайындалады.

15 мамыр



Мемлекет басшысы 1996 жылғы 16–17 мамырда болатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы («4+N») Мемлекетаралық кеңесінің отырысына, сондай-ақ ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына келді.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресейдегі президенттік сайлауалды науқанның негізгі қатысушыларын саяси ымыраға келу жолдарын қарастыруға шақырған «Тығырықтан шығу» үндеуіне қол қойған ресейлік бизнестің танымал өкілдерімен кездесті.

Президент Ресейдің 13 ірі қаржыгерлері мен өнеркәсіпшілерінің бастамасына қолдау білдірді. «13 тобының» мәлімдемесі Ресей тағдырына алаңдаушылықтан туындап отыр, — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев. — Мемлекет өтпелі кезеңде болғанда, оның шиеленісті жағдайларды реттейтін жеткілікті тетіктері болмайды. Сондықтан саясаткерлер мен іскер адамдар даналықтарын танытып, Ресей игілігіне жұмыс істеу үшін өзара тіл табысулары керек. Қазір Ресейде қарапайым адамдардың өмірін жақсартуға мүмкіндік пайда болды, егер осы үдеріс жалғаспаса, бұл ең алдымен Ресейдің мемлекеттілігіне зиянды әсер етеді».

Күн соңында Мемлекет басшысы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Ғылыми

кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысты. Онда оған ММУ-нің құрметті профессоры дипломы табыс етілді.

Университеттің Ғылыми кеңес мүшелері, оқытушылары мен студенттері алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «2 жыл бұрын Еуразиялық Одақты құру бойынша ықпалдастық бастамасын жариялау үшін мінберді таңдауда ММУ кафедрасына тоқталуы кездейсоқтық болмағандығын, ықпалдастыққа қарсы көңіл күй басым болып тұрған сол кездері ресейлік ғалымдардың зияткерлік қолдауы үлкен мәнге ие болғандығын» еске салды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасында экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шартты бекіту туралы» №1-I, «1974 жылғы 12 тамызда Джиддада қол қойылған Ислам даму банкінің Құрылтай шартын бекіту туралы» №2-I заңдарына қол қойды.

16 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен Қырғыз Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы («4+N») Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету туралы шартты іске асыру бойынша бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы қабылданып, Мемлекетаралық кеңес және Интеграциялық комитет бекітілді.

«4+N» деген атаумен танымал Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Беларусь мемлекетаралық бірлестігі 1996 жылғы 29 наурызда олармен қол қойылған Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету туралы шарт негізінде құрылған болатын.
1998 жылғы 28 сәуірде аталған шартқа Тәжікстан қосылды.

17 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында оған қатысушылар ТМД интеграциялық дамуының 1996–1997 жылдарға

арналған перспективалық жоспарын талқылап, мақұлдады, ТМД қатысушы мемлекеттерінің аумағында ұйымдасқан қылмыспен және қылмыстың басқа да түрлерімен күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасын қабылдады және Ресейдегі демократиялық үдерістерді қолдау туралы Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.
1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.
1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды. ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

18 мамыр

Мемлекет басшысы танымал ақын, публицист, қоғам қайраткері О.О. Сүлейменовті қабылдады.

Мерейтой иесін құттықтай келе, Президент оған «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағы берілетінін айтты және Қазақстанның халық жазушысы куәлігі мен кеуде белгісін табыс етті.

Мемлекет басшысы «О.О. Сүлейменовке Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №2986 Жарлығына қол қойды.

19 мамыр



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстанның халық жазушысы О.О. Сүлейменовтің 60 жасқа толуына және оның шығармашылығына арналған салтанатты кешке қатысты.

Құттықтау сөзінде Н.Ә. Назарбаев мерейтой иесінің қазақстандық қана емес, сонымен қатар әлемдік поэзия мен мәдениет қазынасына қосқан зор үлесін атап өтті. Президент алдағы уақытта та О.О. Сүлейменовтің шығармашылық және азаматтық қызметі егеменді еліміздің гүлдендіру ісіне арналатындығына сенім білдірді.

20 мамыр

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №2987, «Қазақстан Акционерлік халықтық жинақ банкінде 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 60 жасқа жеткен азаматтардың салымдарына өтем жасау туралы» №2988 жарлықтарына қол қойды.

21 мамыр

Мемлекет басшысы өз жанындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтының атқарушы директоры Х.Фишерді қабылдады.

Әңгіме барысында оқу орнының өткен кезеңде атқарған қызметінің негізгі қорытындылары шығарылды, институтты еліміздің заманауи оқыту ғылыми-зерттеу орталығына айналдыру мақсатында оның қаржылық және ұйымдастырушылық проблемаларын шешу жолдары, материалдық-техникалық базасын дамыту мәселелері қаралды.

Оқыту үдерісін жетілдіру, білікті отандық оқытушылар корпусын жасақтау, еліміздің және шетелдің іскер топтарымен өзара әрекеттесу, тыңдармандарды сапалы іріктеу және ҚМЭБИ түлектерін Қазақстанның қажеттілігі үшін барынша тиімді қолдану мәселелеріне баса назар аударылды.

Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ) — Алматы қаласындағы алдын ала халықаралық аккредиттеуден өткен жоғарғы оқу орны. ҚМЭБИ 1992 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы негізінде құрылған. ҚМЭБИ Солтүстік Американың білім беру үлгісімен жұмыс істейді, оқыту толығымен ағылшын тілінде жүргізіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Кәсіподақтар мемлекетаралық ықпалдасуды тереңдету, әлеуметтік өрлеу және ынтымақтастық үшін» атты халықаралық кездесуге қатысқан Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы кәсіби одақтарының, сондай-ақ шекаралас өңірлердегі кәсіби бірлестіктердің көшбасшыларын қабылдады.

22 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған «Қазақстан Республикасындағы экономикалық өзгеру: макроэкономикалық саясат, сыртқыэкономикалық қарым-қатынастар және банк жүйесін қайта

құрылымдау мәселелері» атты халықаралық конференцияны ұйымдастырушылар мен қатысушыларына сәлемдеме жолдады.

«Қазақстанда болып жатқан батыл өзгерістерге жүргізілген тәуелсіз объективті талдау, өткізілген реформалар кезеңінің білікті бағасы, оқиғалардың әрі қарай өрбуінің болжамдық нұсқалары БҰҰДБ-ның және шетел сарапшыларының Қазақстанда экономикалық ойды белсендіруге қосқан пайдалы үлесі болды. Олар мемлекеттің экономикалық саясатының қалыптасуына, алдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің оңтайлы бағыттарын таңдауға оң әсер ететіні сөзсіз», — делінген жолдауда.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Қазақстан Республикасындағы экономикалық өзгеру: макроэкономикалық саясат, сыртқы экономикалық қарым-қатынастар және банк жүйесін қайта құрылымдау мәселелері» атты халықаралық конференцияға қатысушыларды қабылдады.

Кездесуде шетелдік инвестицияларға қатысты заңнаманы одан әрі либералдау, отандық тауар өндірісі үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етіп, онда түрлі деңгейдегі соттарға қатысты кадрлық мәселелер қаралды.

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №2991–2993 жарлықтарына қол қойды.

23 мамыр



Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театрының сахнасында қойылған режиссер М. Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері» спектакль-реквиемінің премьерасын тамашалады.

Мемлекет басшысы 1996 жылғы 22–23 маусым күндері Швейцария Конфедерациясының Женева қаласында өтетін «Кран-Монтана-96» халықаралық

форумына қатысуына орай «Euronews» жаңалықтар телеарнасына сұхбат берді.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының міндеттері, экономикалық реформалар тәжірибесі, республиканың әлемдік шаруашылық байланыстарға ықпалдасуы, еуропалық елдердің қазақстандық экономикаға инвестициялар тарту перспективалары туралы журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы» №2994, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті туралы» №2996 жарлықтарына қол қойды.

24 мамыр



Мемлекет басшысы Алматы қаласына Қазақстанның барлық өңірлерінен келген талантты және дарынды балалар тобын қабылдады.


Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Көкшетау облысының Бурабай демалыс аймағында қазақстандық «Артек» іспеттес «Оқжетпес» республикалық жастар лагерін құруға тапсырма бергенін айтты. Балалардың сұрақтарына жауап бере отырып, Мемлекет басшысы: «табандылық пен қажырлылық танытқан және қабілеттері бар әрбір оқушы өмірде көп нәрсеге қол жеткізе алады, өз Отанының гүлденуіне елеулі үлесін қоса алады», — деп ерекше атап өтті. Содан кейін Президент балаларға жоғары оқу орындарына түсу үшін жолдама-ұсыныстарды табыс етіп, оқу мен шығармашылықта жаңа табыстарға жетулерін тіледі.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бюросының мүшелерін және президенттік квота бойынша тағайындалған Сенат депутаттарын қабылдады.

Кездесуде парламенттік демалыстың басталуына дейін бірқатар шұғыл заң жобаларын, олардың ішінде азаматтарды зейнеткерлік қамтамасыз ету, асыл металдар мен тастар айналымы, ерікті зейнеткерлік сақтандыру қорларына салық жеңілдіктерін беру және заңды тұлғаларды тіркеу тәртібін жеңілдетуге қатысты және т.б. заң жобаларын қабылдау мүмкіндігі талқыланды.

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№2997–3000, «Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығын құру туралы» №3001, «Қазақстан Республикасы соттарының судьяларын аттестациялау туралы ережені бекіту туралы» №3004, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен және «Күміс алқа» алқасымен наградтау туралы» №3005, «Қазақстан Республикасы Алматы қалалық сотының және облыстық соттарының кейбір судьяларын қызметтерінен босату туралы» №3006, «Б.Р. Ахметғалиев туралы» №3007 жарлықтарына қол қойды.

26 мамыр



Мемлекет басшысы Малайзия Федерациясында ресми сапармен болып, онда осы елдің ежелгі астанасы Малакку қаласына барды және «Миниатюрадағы Малайзия» саябақ-мұражайын қарап шықты.

27 мамыр

Мемлекет басшысы Малайзия Федерациясына ресми сапары барысында осы елдің астанасы Куала-Лумпур қаласында Малайзияның Жоғарғы әміршісі Туанку Джафар Абдул Рахманмен және Премьер-министрі М. Мохамадпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықты, ең алдымен малайзиялық тараптың инвестициялық жобаларға қатысуы тұрғысында одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Сауда туралы келісімге, Инвестицияларды өзара қорғау мен ынтыландыру туралы келісімге, Экономикалық, ғылыми, техникалық ынтымақтастық туралы келісімге және т.б. қол қойылды.

28 мамыр



Мемлекет басшысы Малайзия Федерациясына ресми сапары барысында осы елдің экономикалық реформалар тәжірибесімен, атап айтқанда, экономикалық жоспарлау, заңнамалық қамсыздандыру, шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау бөлігіндегі тәжірибелерімен танысты.

Президент сондай-ақ малайзиялық тараптың жапондық «Mitsubishi Corporation» автокөлік

компаниясымен бірлесіп құрған «Proton» автокөлік зауытына және Ұлттық сауда-өнеркәсіп қауымдастығына барып, малайзиялық іскер топ өкілдерімен кездесті.

29 мамыр



Мемлекет басшысы Сингапур Республикасында ресми сапармен болып, онда Президент Онг Тенг Чонгпен, Премьер-министр Гок Чок Тонгпен, Аға министр Ли Куан Юмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы жай-күйі мен перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Әуе қатынасы туралы екіжақты келісімге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Сингапурдың курорттық-туристік орталығы — Сентозу аралына барды, сондай-ақ Сингапурдың іскер топ өкілдерімен кездесті.

30 мамыр



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Германия Федеративтік Республикасының вице-канцлері, Сыртқы істер федералды министрі К. Киндельді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан-Германия қатынастарының жай-күйі мен перспективаларын талқылады және Қазақстан экономикасының өңдеуші салаларындағы ынтымақтастықты екіжақты күшейтуге күш салынып жатқандығын ризашылықпен атап өтті.

31 мамыр

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Құрылыс министрі А. Ахундиді қабылдады.

Келіссөздер барысында ирандық тараптың Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласының құрылысын салуға қатысуы бойынша ұсыныстары қаралды.

Мемлекет басшысы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» №3-I Заңына қол қойды.

МАУСЫМ 1996



Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30


ORUM
MONTANA

3 маусым

Мемлекет басшысы Халықаралық қаржы саласындағы интеллектуалдық және техникалық көмек қоғамының төрағасы, Жапонияның ауыл, орман және балық шаруашылығын несиелеу қорының вице-президенті Ч. Тадао басшылық еткен жапониялық банкирлер делегациясын қабылдады.

Келіссөздер барысында Н.Ә. Назарбаев пен Ч. Тадао екі елдің Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына инвестиция мен жаңа технологияларды ендіру саласындағы байланыстарын кеңейту туралы пікірлерін айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, бұрынғы «Воздвиженский» совхозында мешіттің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты, сондай-ақ И. Сауэрдің жеке ауылшаруашылық кәсіпорнына барды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорлары туралы» №4-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы» №3009, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №3010, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы №2680 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №3011, «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының, мүшелері мен хатшылығы қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы» №3013, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы және зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №3014, «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеге толықтыру енгізу туралы» №3016, «Қазақстан Республикасы аудандық және қалалық соттарының кейбір судьяларын қызметтерінен босату туралы» №3017 жарлықтарына қол қойды.

4 маусым

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Ақмола қаласының билік пен басқарудың жоғары республикалық органдарын көшіруге арналған құрылысы салынып жатқан нысандарын қарап шықты.

Содан кейін Президент Ақмола қаласы әкімдігінің ғимаратында еліміздің болашақ астанасының құрылысына жұмылдырылған сәулетшілермен және құрылысшылармен кездесті, сондай-ақ тұрғызылып жатқан, қалпына келтіріліп жатқан ғимараттардың макеттерімен, сызбаларымен және сызбанұсқаларымен танысты.

7 маусым



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 50 жылдығына арналған мерейтойлық сессиясына қатысты.

Президент ғалымдарды атаулы оқиға — академияның жартығасырлық мерейтойымен құттықтады және осыған байланысты отандық ғылыми мектеп құрып, оны дамытқан Қазақстан ғалымдарының көптеген ұрпақтарының еңбегін лайықты бағалауға, сондай-ақ елдің ғылыми-техникалық саласын реформалаудағы, осы салада тиімді мемлекеттік саясат құрудағы өзекті проблемаларды ақылдаса отырып талқылауға жақсы мүмкіндік туып отырғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы «Ш.Ш. Шокинге жоғары ерекшелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №3019, «Кешірім жасау туралы» №3020, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3021–3022 жарлықтарына қол қойды.

10 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Лицензиялау туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №5-I, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» №6-I заңдарына қол қойды.

11 маусым

Мемлекет басшысы Атырау облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент «Кенбай» кен орнына барып, оның салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Балықшы ауданына болып, онда бекіре балықтарының қара уылдырығын өндіретін «Атыраубалық» АҚ қалқымалы зауытын қарап шықты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы облыс активінің жиналысына қатысып, онда облыс әкімі Р.Т. Шырдабаевтың есебін тыңдады.

Жиналысқа қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Президент облыс тұрғындарын мазалаған проблемаларға, облыс аумағының 900 мың шаршы шақырымын, 9 елді мекенді, мұнай кәсібін, жолдарды, электр тарату желілерін басып кеткен Каспий теңізінің су деңгейін қалай тоқтату керектігіне тоқталды. Президент сондай-ақ облыс үшін маңызды осы проблемаға теңіз суынан өз аумақтарын қорғау бойынша үлкен тәжірибесі бар голландиялық мамандарды тартуды ұсынды.

Күн соңында Мемлекет басшысы жұмыс сапары кезінде онымен бірге жүрген Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Ә.М. Қажыгелдинмен және Мұнай және газ өнеркәсібі министрі Н.Ө. Балғымбаевпен бірге «Қазақстан-Каспийшельф» консорциумының базасына барды.

Н.Ә. Назарбаев барлау кезінде алынған мәліметтердің нәтижелерімен танысты. Ол бірінші кезекте бірегей табиғи қорық болып табылатын Солтүстік Каспийдегі жарылыс жұмыстарындағы техникалық қауіпсіздіктің сақталуына назар аударды.

12 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хаттамасының негізгі ережелерін бекіту туралы» №3028 Жарлығына қол қойды.

13 маусым

Мемлекет басшысы танымал қазақстандық ғалым, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының бұрынғы президенті, академик Ш.Ш. Шокинді оған «Халық қаһарманы» атағының берілуіне байланысты қабылдады.

Ғалымды құттықтап, ел энергетикасының дамуына қосқан үлесі үшін алғысын білдірген Президент оған Алтын жұлдызды және «Отан» орденін табыс етті.



1



2

«Халық қаһарманы» атағы 1993 жылы бекітілген, Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз (1-сурет) және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

Мемлекет басшысы Ислам даму банкінің Президенті Ахмед Мұхаммед Әли әл-Мадани бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстанның ИҚҰ нақты мүшесі ретінде кіруі және Қазақстанның Ислам банкімен дамып келе жатқан ынтымақтастығы таяу шығыс өңірінің елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі үдетуге жағдай жасайтынын атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасын ИДБ мүшелігіне қабылдау шарттарын орындауға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға, «Қарағанды-Ақмола» автомобиль жолы құрылысы жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін жасауға техникалық көмек көрсету туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) «Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы және өндірістік орта туралы» 1981 жылғы №155 Конвенциясын бекіту туралы» №7-І, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасы төрағасының республикада төлем және несие тәртібін нығайту мәселесі жөнідегі есебі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің экономикалық нормативтерін бұзғаны үшін коммерциялық банктерге қолданылатын санкциялар туралы уақытша ережеге өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің «Есеп айырысуларда қолдағы ақшаның пайдаланылуын ретке келтіру туралы» 1994 жылғы 27 қаңтардағы №1532 Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №8-І заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3029–3032, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3033, «Өлім

жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №3034 жарлықтарына қол қойды.

14 маусым

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің Қазақстанға бірінші ресми сапары қарсаңында Алматы қаласындағы Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұражайында ашылған «Қытай: кеше және бүгін» көрмесін тамашалады.



Мемлекет басшысы АҚШ Атланта қаласына XXVI жазғы Олимпиада ойындарына қатысатын Қазақстан ұлттық олимпиадалық құрамасының мүшелерін қабылдады.

Президент олимпиадалық делегацияға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын табыс етті. Дәл осы туды ұстап, қазақстандық команда Атланта-96 салтанатты рәсіміне қатысқан болатын.

Кездесу соңында Президент барлық қатысушыларға өзінің «XXI ғасыр табалдырығында» атты жаңа кітабын сыйлады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінде және оның органдарында қызмет өткеру туралы ережені, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының қызметкерлері қабылдайтын Ант мәтінін бекіту туралы» №3035, «Кәсіпкерлік қызмет бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №3036 жарлықтарына қол қойды.

17 маусым

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №3037 Жарлығына қол қойды.

18 маусым

Мемлекет басшысы «Қару-жарақ, әскері техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы» №9-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының аудандық /қалалық/, облыстық және оларға теңестірілген соттарындағы судьялардың жалпы саны

туралы» №3038, «Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы» №3039, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1995 жылғы жылдық есебін бекіту туралы» №3040 жарлықтарына қол қойды.

19 маусым

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған XXI ғасыр табалдырығында тұрған Еуразиялық өңірдегі академиялық және кәсіби ұтқырлық проблемалары жөніндегі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының Қамқоршылар кеңесі туралы» №3041, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №3044 жарлықтарына қол қойды.



20 маусым

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Женева қаласына 1996 жылғы 22–23 маусымда болатын «Кран-Монтана-96» халықаралық форумына қатысу үшін келді.

«Кран-Монтана-96» форумы 1989 жылы құрылған, еркін бейресми пікірталас түрінде жаһандық және өңірлік сипаттағы өзекті саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелер талқыланатын қоғамдық клуб болып табылады. Европа мен ЮНИДО Европалық комиссиясының қамқорлығындағы форум жұмысына әлемнің 40 елінен делегациялар қатысады.
«Кран-Монтана-96» форумының негізгі мақсаты — халықаралық форумға қатысушы елдердің арасында тығыз саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени ынтымақтастық орнатуға ықпал ету.

21 маусым

Мемлекет басшысы «Кран-Монтана-96» халықаралық форумына қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде осы елдің Президенті Ж.-П. Делямюрмен кездесіп, екіжақты ынтымақтастық мәселелерін, атап айтқанда,

Қазақстан мен Батыс Еуропа елдері арасындағы экономикалық және сауда байланыстарын кеңейту перспективаларын талқылады.

22 маусым



Мемлекет басшысы «Кран-Монтана-96» халықаралық форумына қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде ілгерілеуді дамытуға қосқан үлесі үшін салтанатты түрде форум сыйлығына ие болды.

Қазақстан Президенті жауап сөзінде форумды ұйымдастырушыларға зор құрмет көрсеткендері үшін шын жүректен алғысын жеткізді және бұл награданы «Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы рөлінің артып келе жатқанын мойындау» ретінде бағалайтынын атап айтты, сондай-ақ елдердің өзара тиімді экономикалық байланыстары ілгерілеу мен демократия жолында одан әрі дами түсетініне сенім білдірді.

23 маусым



Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Кран-Монтана жерінде өткен «Кран-Монтана-96» халықаралық форумының «Орталық Азияның қауіпсіздігі мен перспективалары» пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста Орталық Азияның өңірлік дамуы мен қауіпсіздігі мәселелері, осы өңірде транзиттік жолдарды жетілдіру, табиғи қорларды игеру, Қазақстанның инвестициялық саясаты, оның өнеркәсібі мен инфрақұрылымын дамыту проблемалары қаралды.

Қазақстанның ұстанымын жеткізе отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Біз ешнәрсе сұрамаймыз. Біз, бір жағынан, өз табыстарыңызды еселеу үшін өте тиімді шарттарда бізге келіп жұмыс істеуге, екінші жағынан — республиканың табиғи байлығын барша қазақстандықтардың игілігіне айналдыруға шақырамыз. Сонда олар реформалардың адамдар үшін, халық үшін, елдің гүлденуі үшін жасалып жатқанын бұдан да жақсы сезіне түспек», — деп мәлімдеді.

24 маусым



Мемлекет басшысы «Кран-Монтана-96» халықаралық форумына қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясында болған кезінде Женева қаласында БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Галимен кездесті.

Кездесуге сондай-ақ Халықаралық олимпиада комитетінің президенті Х.А. Самаранч, БҰҰ бас

хатшысының орынбасары В.Ф. Петровский, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссары Х. Айала-Лассо, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы И. Бертело, Қызыл крест және Қызыл жарты ай Халықаралық комитетінің президенті К. Соммаруга, Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымының бас хатшысы Г. Обаси және т.б. қатысты.

Кездесу барысында өзекті халықаралық проблемаларды шешуде БҰҰ рөлін арттыру жолдары талқыланды.

26 маусым

Мемлекет басшысы Жезқазған облысының әкімі Е.Б. Смайыловқа «Жезқазғантүстіметалл» АҚ уатқыш кешенінің техникалық ауысымы қызметкерлерінің апатқа ұшырауына байланысты қаза болғандардың отбасыларына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Еңбекшілерді жұмыс орындарындағы ауаның ластануы, шу мен тербеліс салдарынан болатын кәсіби қауіптерден қорғау туралы» Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) 1977 жылғы №148 Конвенциясын бекіту туралы» №10-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы жөніндегі келісімді бекіту туралы» №11-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды және табыс пен мүлік құнының өсіміне салынатын салықты төлеуден жалтаруды болдырмау туралы конвенцияны бекіту жөнінде» №12-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №13-I, «1993 жылғы 24 қазанда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруды болдырмау туралы конвенцияны, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруды болдырмау туралы конвенцияның кейбір ережелері

жөніндегі өзара түсіністік меморандумын және Салық конвенциясы мен Көрсетілетін қызметтер саудасы жөніндегі бас келісімге (ККСБК) қатысты ноталар алмасуды бекіту туралы» №14-І, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі №1663 «Атакент» еркін сауда аймағы туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №15-І заңдарына қол қойды.

27 маусым

Мемлекет басшысы елдің аумақтарында реформаларды енгізу мәселелері бойынша барлық деңгейдегі әкімдермен республикалық кеңес өткізді.

Президент сөзінің басты ой өзегі барлық реформалардың табыстылығы — оларға өңірлердің белсенді қатысуында дегенге саяды. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев жергілікті жерлердегі жағдайды жете талдап, экономика және қоғамды реформалауда мемлекет саясатын белсенді түсіндіру қажеттігін атап көрсетті, барлық деңгейдегі басшылардан мемлекеттік тәртіпті бұлжытпай сақтауды және тапсырылған істі жауапкершілікпен атқаруды талап етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғары сот кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етіп, онда М.С. Нәрікбаевты Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы лауазымына ұсыну мәселесі қаралды, сондай-ақ Жоғарғы соттың бірнеше судьяларын өз еріктерімен қызметтерінен босату бойынша тиісті ұсыныстар қабылданды.

28 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті палаталары бірінші шақырылымының бірлескен отырысына қатысты. Онда I сессия жұмысының қорытындылары шығарылды.

Өз сөзінде Президент «Жаңа Парламент сессиясы конституциялық реформа аясында өткенін, осы бағытта басталған жұмыстың арқасында елде тұрақтандырудың оң белгілері пайда болып, билік тарамдары арасындағы қатынастар анықталғандығын, экономикадағы реформалар қайтымсыз сипатқа ие болып, қазақстандықтардың үйлерінде бейбітшілік пен тыныштық сақталып отырғандығын» атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев парламенттік сессия нәтижелеріне жоғары бағасын берді, себебі депутаттар билік

тарамдары арасында күштер теңдігін қамтамасыз етіп, Палаталар арасында қарым-қатынастардың тиімді тетігін ретке келтіре алды. Осының бәрі жалпы республикадағы, өңірлердегі кәсібилікке, құзыреттілікке, мүдделерді ескеруге әсер етті.

Сөз соңында Мемлекет басшысы депутаттарды I сессияның сәтті аяқталуымен құттықтап, оларға алдағы уақытта да Парламент қызметі мен проблемаларын назарда ұстайтынын айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотында болып, оның ұжымына жаңа төрағасы М.С. Нәрікбаевты ресми түрде таныстырды.

Президент өз сөзінде «өркениетті қоғамда әділ сот талассыз беделге ие болатынын» еске салды. «Қазақстан осы бағытта алғашқы қадамдарын жасауда. Адамдар Президенттен, әкімдерден, кез-келген шенеуніктерден әділдікті іздейді, кей кездері сотқа жүгінуге ұялады. Сот қызметі саласының ең әлсіз тұсы — салық төлеуден жалтаратындарды айыптау. Нарықтық қоғамда салық заңнамасын бұзушыны қуылған адам деп есептейді. Біздің елімізде заңнама да, әділ сот тәжірибесі де, қоғамдық адамгершілік сана да мұндай критерийлерден әлі алыс».

Мемлекет басшысы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің бизнесмендер тобын қабылдады.

Әңгіменің басты тақырыбы Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық даму қорын құру туралы болды. Бұл ретте қонақтар республикада шетелден капиталдар ағынын тарту үшін қолайлы жағдайлар жасалғандығын айтып, өз пікірлерін білдірді.

Кездесуде сондай-ақ Ақмола қаласы мен Қазақстанның басқа да өңірлерінде инфрақұрылым мен телекоммуникацияны дамыту мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қ.Ы. Жұмабаев туралы» №3046, «Д.Б. Жанғаловты Көкшетау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3047, «М.С. Нәрікбаев, А.В. Константинов туралы» №3048 жарлықтарына қол қойды.

ШІЛДЕ 1996



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	


LUKOIL
ЛАЗАХСТАН

1 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусын құру туралы» №3049 Жарлығына қол қойды.

2 шілде

Мемлекет басшысы «Саяси партиялар туралы» №16-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау жөніндегі келісімді бекіту туралы» №17-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының заңдарын Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына және қарауына ұсыну, оларды тіркеу, жария ету және сақтау тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №3051 Жарлығына қол қойды.

3 шілде



Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьнің Қазақстанға алғашқы ресми сапары қарсаңында елімізге келген Қытайдың жетекші БАҚ — «Xinhua» мемлекеттік ақпараттық агенттігінің, «Zhenmin Zhibao», «Guangming Zhibao» газеттерінің журналистеріне сұхбат берді.

Н.Ә. Назарбаев журналистердің республиканың ішкі және сыртқы саясаты, қазақстандық экономика мен қоғамды реформалау барысы, саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастық туралы сұрақтарына жауап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №18-I Заңына қол қойды.

4 шілде

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы келіссөздер жүргізді.

Н.Ә. Назарбаев Б.Н. Ельцинді сайлаудағы сенімді жеңісімен және Ресей мемлекетінің басшысы лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

Әңгіме барысында тараптардың өзара тиімді серіктестікті одан әрі тереңдетуге, Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарын жан-жақты нығайту әрі

кеңейтуге деген талпынысы ерекше аталып өтілді, бұл біздің тату халықтарымыздың түбегейлі мүдделеріне толығымен сәйкес келеді.

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар достық, тату көршілестік пен өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарды күшейтуге, әрі осы мақсатта ұдайы саяси үнқатысу мен әртүрлі деңгейде, соның ішінде жоғарғы деңгейде де кеңестер беруді дамытуға шешім қабылдағандарын айтты. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты теңдік пен өзара тиімділік негізінде барынша дамыту мен кеңейтуге және оны XXI ғасырдың талаптарына сай Қазақстан мен Қытайдың экономикалық әлеуетіне жауап беретін жоғары деңгейге көтеруге екі жақ бірдей ниеттестіктерін танытты.

Мемлекет басшылары алдағы уақытта да Азия-Тынық мұхит өңірінде екіжақты және көпжақты негізде үнқатысу мен ынтымақтастықты дамытуға жағдай жасауға әзірліктерін білдірді. Осыған байланысты өңірлік және жаһандық өзекті проблемаларды шешуге ықпал ету мақсатында БҰҰ және басқа халықаралық ұйымдар аясында екіжақты негізде ынтымақтастықты дамыту қажеттілігі ерекше атап өтілді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Бірлескен декларациясы қабылданды, сондай-ақ Қылмыс жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін оларды беру туралы шартқа, Импорттық-экспорттық тауарлардың сапасын қамтамасыз ету және өзара куәландыру саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы» №3053 Жарлығына қол қойды.

5 шілде

Мемлекет басшысы «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» №19-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының тергеу бөлімшелерін нығайту туралы» №3054 Жарлығына қол қойды.

6 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарларымен келген Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен және Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар үш елдің бірыңғай экономикалық кеңістігін құру перспективаларын, БҰҰ қамқорлығындағы «Ортазбат» бірлескен бітімгершілік батальоны қызметінің мәселелерін, үш елді өзара азық-түлікпен және энергоресурстармен қамтамасыз ету проблемаларын талқылады, сондай-ақ Ресейдің президенттік сайлаудан кейінгі ішкі саяси ахуалы туралы пікір алмасты.



Мемлекет басшысы Алматы қаласында ресейлік «Лукойл» компаниясының президенті В.Ю. Алекперовпен бірге жаңа май құю бекетінің ашылу рәсіміне қатысты.

Журналистердің сауалдарына жауап бере отырып, Президент: «жаңа МҚБ — Қазақстан мен Ресейдің нығайып келе жатқан ықпалдастық байланыстарының дәлелі, бұл экономикалық дағдарыстан тезірек шығуды қамтамасыз ету тұрғысында екі ел үшін де өте маңызды», — деп мәлімдеді.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға жеке сапармен келген Ресей Федерациясы Ингуш Республикасының Президенті Р.С. Аушевті қабылдады.

Р.С. Аушев Президентті туған күнімен құттықтап, оған зор денсаулық, биік лауазымында жаңа табыстарға жетуін тіледі.

7 шілде

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, Ақмола қаласында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтында алғашқы түлектердің бітіруіне орай өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Президент «мемлекеттегі құқық рөлі артпайынша, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге сай құқықтық ифрақұрылымды жасамайынша, заңгерлердің жаңа буынын тәрбиелемейінше, қоғамға түбегейлі реформалау проблемаларын шешу қиынға соғар еді», — деп атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаев диплом иегерлеріне терең білімдерінің, мамандыққа деген сүйіспеншіліктерінің арқасында елді жаңа деңгейге көтере алатын жаңа заңгерлер тобын құруы үшін өздерінің қоғам алдындағы жауапкершіліктерін жете түсінулерін тіледі.

8 шілде

Мемлекет басшысы «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы» №20-I Заңына қол қойды.

12 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы Займ (Арнайы операциялар) (Білім беру жүйесін басқаруды жандандыру және жақсарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы» №21-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №22-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канаданың Үкіметі арасындағы Сауда келісімін бекіту туралы» №23-I, «Қазақстан Республикасы мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасындағы Займ («Ақтау» портын қайта жаңарту жобасы (1-кезең) туралы келісімді бекіту туралы» №24-I, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ (Қаржы секторын құрылымдық қайта құруға арналған займ) туралы келісімді бекіту жөнінде» №25-I, «1992 жылғы 9 қазанда Бішкек қаласында Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина арасында жасалған Қуғындалған адамдардың, аз ұлттар мен халықтардың құқықтарын қалпына келтіруге байланысты мәселелер жөніндегі келісімді бекіту туралы» №26-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары туралы ережені бекіту тура-

лы» №3055, «Мемлекеттік қызметтің кадр резервін жасақтау және олармен жұмысты ұйымдастырудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №3056 жарлықтарына қол қойды.

15 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» №27-I, «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» №28-I, «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» №29-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №№31–32-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы» №3057, «Қазақстан Республикасындағы этномәдени құрылымдар тұжырымдамасы туралы» №3058, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларының және олардың жекелеген нормаларының күшін жою туралы» №3059 жарлықтарына қол қойды.

16 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақ КСР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №32-I, «Қазақ КСР-інің кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №33-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №3060, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3061–3066, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы жекелеген консультативтік-кеңесші органдарды тарату туралы» №3067 жарлықтарына қол қойды.

17 шілде

Мемлекет басшысы егін жинау науқанына дайындық және энергетика және жылу кәсіпорындарының қыс мезгіліндегі жұмысы мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Кеңесте Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарлары Ж.С. Кәрібжанов пен

Г.Г. Штойк, бірқатар министрліктері мен ведомстволарының басшылары баяндама жасады.

Кеңеске қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Президент «жаппай егін жинауға уақытылы әзірлікті қамтамасыз ету үшін түбегейлі шаралар қабылдау керек, тауар өндірушілердің қосалқы бөлшектер, комбайндар, машиналар бойынша барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру қажет», — деп мәлімдеді. Ол сондай-ақ «мұнай базаларында жанар-жағармай материалдарының жеткілікті қорын алдын ала жасауды, нанды ысырап етуді мүлдем болдырмауды» талап етті. Барлық тауарлардың артығы тек қана биржа арқылы қалыптасқан бағамен экспортқа өтуі тиіс», — деді Мемлекет басшысы.

Н.Ә. Назарбаев көмір, мазут, табиғи газ қорларын толықтырудың төмен қарқынына байланысты электр және жылу стансаларының қысқы жағдайларға әзірліктеріне қанағаттанбайтындығын айтты.

18 шілде



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Малайзия Федерациясының Премьер-министрі М. Мохамадпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Малайзия қарым-қатынастарын дамытудың, сауда-экономикалық ынтымақтастық пен гуманитарлық саладағы алмасудың үдемелі сипатын атап өтті. Н.Ә. Назарбаев екіжақты қатынастарда кейбір болашағы зор жобаларды атап өтті, олардың арасында, атап айтқанда, республиканың оңтүстігіндегі энергетиканы дамытуға 850 млн. доллар сомасында инвестиция тарту, Қазақстанда жергілікті алтын және күміспен жұмыс жасайтын малайзиялық зергерлік зауытын салу мүмкіндігі бар.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Қазақстанның АСЕАН қызметіне қонақ немесе бақылаушы мәртебесімен қатысуға ниетті екендігін білдірді. Өз кезегінде, М. Мохамад өз елінің біздің республикамызды АСЕАН бақылаушысы ретінде көруге мүдделі екендігін растады.

Келіссөздер қорытындылары бойынша Екі ел ынтымақтастығының принциптері жөнінде бірлескен келісім қабылданды, сондай-ақ Әуе қатынасы жөніндегі келісімге және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Малайзияның Негара банкі

арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №34-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары туралы» №3068, «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3069, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3070 жарлықтарына қол қойды.

19 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Малайзия Премьер-министрі М. Мохамадпен бірге Қазақстан және Малайзия өнер жұлдыздарының концертін тамашалады.

22 шілде

Мемлекет басшысы «С.Т. Тұрсынов, А.С. Есімов туралы» №3077 Жарлығына қол қойды.

23 шілде

Мемлекет басшысы АҚШ Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарында алтын медальды жеңіп алуына байланысты қазақстандық күресші Ю.В. Мельниченкоға құттықтау жеделхатын жолдады.

«Егеменді еліміздің құрама командасының қоржынына алғашқы «алтынды» әкелген бұл оңайлықпен келмеген жеңіс қазақстандық спорт тарихына мәңгілік еніп, республикамыздың жүздеген жас спортшыларына шабыт беретін болады», — делінген жеделхатта.

31 шілде

Мемлекет басшысы «Азия дауысы» VII халықаралық танымал әуендер мен әндер фестивалінің қатысушыларына және әділқазылар мүшелеріне сәлемдеме жолдап, дәстүрлі әндер фестивалі басқа елдердің мәдениетін паш етіп қана қоймай, сонымен қатар Алматы қаласында байқауға қатысушылар мен қонақтар арқылы халықтардың жан-дүниесін таныту, жақындастыра түсетінін атап өтті.

«Азия дауысы» — жыл сайынғы халықаралық музыкалық фестиваль. Фестивальдің дәстүрлі түрде өтетін орны — Алматы қаласының таулы аймағында орналасқан Медеу биік таулы курортының ашық алаңы. Алғаш рет «Азия дауысы» 1990 жылы өткізіліп, оған қатысу үшін 15 елден қатысушылар келген болатын. 1993 жылдан бастап «Азия дауысы» Халықаралық фестивальдер ұйымдастыру федерациясының мүшесі болып табылады.

Мемлекет басшысы Корея Республикасының Президенті Ким Ен Самға осы елдің солтүстік провинциясында болған дүлей апат салдарынан адамдардың қаза болуына және қирауына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

ТАМЫЗ 1996



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	


150
жыл

1 тамыз

Мемлекет басшысы АҚШ Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алуына байланысты қазақстандық бессайысшы А.В. Парыгинге құттықтау жеделхатын жолдады.

Жеделхатта ол әлемнің үздік бессайысшыларымен түскен тартысты бәсекеде жеңіске жетіп, өз міндетін абыроймен атқарғаны туралы айтылған.

Президент А.В. Парыгиннің жеңісі алдағы уақытта Атланта аренасында өнер көрсететін республика спортшыларын рухтандыратынына үмітін білдірді. Н.Ә. Назарбаев А.В. Парыгинге жаңа шыңдарға жетіп, Қазақстан құрамасы бойынша жолдастарына батыл старттар мен жеңісті спорттық жарыстар тіледі.

3 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен футболдан Қазақстан Президентінің кубогы үшін бірінші халықаралық турнирдің қатысушылары мен ұйымдастырушыларына сәлемдеме жолдады.

«Біз өз республикамызда Бразилияның «Флуминенсе», Испанияның «Реал-Сарагоса», Голландияның «Фейенорд» сияқты танымал командалардың ойыншыларын қабылдағанымызға қуаныштымыз. Мен Алматы қаласында әлемдік деңгейдегі командалардың ойынын көруді бұрыннан армандап келген жанкүйерлердің осы күндері шат-шадыман болып, қуанышқа бөленетініне сенемін. Шынайы шеберлікке баулу — еліміздің жас футбол шеберлеріне алдарына жоғары дәрежелерге жету мақсатын қоюына, көптен күткен халықаралық аренадағы жеңістерге жетуге көмектесетіні аса маңызды. Осынау көрнекті халықаралық турнир осы нағыз халықтық спортты насихаттау мен танымал етуге, оны республикада одан әрі дамытуға септігін тигізері сөзсіз» делінген сәлемдемеде.

5 тамыз

Мемлекет басшысы АҚШ Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алуына байланысты қазастандық боксшы В.В. Жировқа құттықтау жеделхатын жолдады.

«Қиын додада жеңіп алған олимпиаданың алтын медалі — бұл қазақстандық спорттың дамуына қосқан лайықты үлес, оның халықаралық аренада орнығуы, еліміздің беделінің артуы», — делінген жеделхатта. Президент В.В. Жировқа жаңа жеңістерге

жетуді, шеберлікті ұдайы жетілдіруді тілеп, Атланта рингтерінде табысты өнер көрсеткен республиканың бокс құрамасына жылы сәлемін жолдады және Қазақстанның барлық спортшыларын жазғы Олимпиада ойындарының аяқталуымен құттықтады.

8 тамыз



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына 1996 жылғы 9 тамызда болатын Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинді ұлықтау рәсіміне қатысу үшін келді.

9 тамыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинді ұлықтау рәсіміне қатысты.

12 тамыз



Мемлекет басшысы «AEC» американдық компаниясының президенті Б. Уайнды және «Suntree» израильдік компаниясының президенті Б. Сверскиді қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі энергетикалық базаны дамыту және шетелдік инвесторлардың республика экономикасын реформалауға қатысу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Спортшылар мен жаттықтырушылардың бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3078 Жарлығына қол қойды.

13 тамыз

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3080, Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3081–3083, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3084 жарлықтарына қол қойды.

14 тамыз



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында АҚШ Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарында 3 алтын, 4 күміс және 4 қола медальдарды жеңіп алған жүлдегерлерді, олардың жаттықтырушыларын, Қазақстанның Ұлттық олимпиадалық комитеті мен спорттық қоғамдарының басшыларын қабылдады.

Президент спортшыларды құттықтап, оларға алдағы уақытта да спортта зор табыстарға жетуін тіледі және ойын чемпиондары В.В. Жировқа, Ю.В. Мельниченкоға және А.В. Парыгинге «Парасат» орденін табыс етті. Кездесуге қатысушылардың көбісі «Құрмет» орденін, медальдар мен құрмет атақтарын және құрмет грамоталарын алды.

XXVI жазғы Олимпиада ойындары 1996 жылғы 19 шілдеден 4 тамызға дейін АҚШ Джорджия штатының Атланта қаласында өтті. Ойын барысында 26 спорт түрі бойынша 271 медаль жиынтығы ойнатылды. Спорттық сайысқа әлемнің 197 елінен барлығы 10 700 атлет қатысты. Қазақстан Атланта қаласындағы Олимпиада ойындарына құрамында 97 спортшысы бар ұлттық құраманы жіберген болатын.



1

«Парасат» ордені (1-сурет) 1993 жылы белгіленді. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.



2

«Құрмет» ордені (2-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Президент Жетіқара және Орджоникидзе аудандарында болып, ауылшаруашылық өндірушілерімен кездесті. Н.Ә. Назарбаев өндіріс пен шаруашылықты жекеменшік басқару тәсілінің тиімділігін атап өтті, «мұндай шаруашылықтардың тиімді қызметі ауыл шаруашылығындағы өндірістік қатынастарды реформалауға бет алған бағыттың дұрыстығын көрсетіп отыр. Тек осы жолмен бірізділікпен жүріп отыру керек», — деп атап өтті.

Содан кейін Мемлекет басшысы Лисаковск қаласына ат басын бұрып, онда Лисаковск еркін экономикалық аймағының экономикалық және әлеуметтік даму қорының қолдауымен арнайы экономикалық аймақ шарттарының арқасында құрылысы салынып, іске қосылған «Лисаковск ТКБК» АҚ титан-цирконий цехының ашылу рәсіміне қатысты.

Президент сондай-ақ лимонад шығаратын «Арай» АҚ зауытында болып, халық тұтынатын тауарлардың көрмесін аралады. Н.Ә. Назарбаев заңнама өзгерістерін басынан өткерген және арнайы экономикалық аймақ мәртебесін қабылдауға дайындалып жатқан Лисаковск ЕЭА жұмысына жоғары баға берді.

Күн соңында Мемлекет басшысы Қостанай қаласында облыс басшылығымен кеңес өткізіп, онда егін жинау науқанына және энергия мен жылу кәсіпорындарының қысқы мерзімге әзірліктерінің мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3085–3086, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3087 жарлықтарына қол қойды.

15 тамыз

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары барысында Урицкий ауданында болып, онда «Агроинвест» Қазақстан-Сингапур бірлескен кәсіпорнының қызметімен танысты.

«Егер республиканың солтүстігіндегі диқандар шаруашылығын ептілікпен жүргізе білсе, Қазақстан іс жүзінде, сирек болатын жағдайларды қоспағанда, жыл сайын 20 млн. тонна астық өндіріп, оның үштен бірін басқа елдерге экспорттай алатын болады», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен аттанып, Сергеев ауданына барды. Онда фермерлермен және жеке шаруашылықтардың басшыларымен кездесіп, олармен салық салу, астық қоймаларындағы сақтау ақысы проблемаларын және агрокешенді дамытуға қатысты басқа да мәселелерді талқылады.

16 тамыз

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Петропавл қаласында облыс активімен кеңес өткізді.

Өз сөзінде Президент өңір проблемаларына толығырақ тоқталды, атап айтқанда, Сергеев су қоймасын пайдаланудағы қиын жағдайды, бөгетті және топтамалы су құбырларын жөндеу қажеттігін атап өтті.

Кеңесте сондай-ақ жаппай егін жинауға және энергия мен жылу станцияларының қысқы мерзімге әзірліктерінің жағдайлары қаралды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Көкшетау облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Президент Красноармейский ауданындағы «Котовский» өндірістік кооперативінің жұмысымен танысты, сондай-ақ өз шаруашылықтарында мол өнімділікке қол жеткізген әрі өңірдің өзге кәсіпорындарына үлгі боларлықтай тиімді қаржылық-экономикалық саясатты жүргізетін «Горьковское» ЖАҚ кәсіпорнына барды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев механизаторлармен, мамандармен, өндірістік кооператив басшыларымен, аудан әкімдерімен кездесіп, салық салудың өзекті проблемаларын, облыстағы астық өңдеу перспективаларын талқылады.

17 тамыз



Мемлекет басшысы Көкшетау облысына жұмыс сапары барысында Көкшетау қаласында облыс активінің жиналысына қатысты.

Кездесу барысында Президент облыс басшылығының есебін тыңдады және өңірдің экономикасындағы өнеркәсіп секторын дамытудың өзекті проблемаларын, Екібастұз МАЭС-1 және МАЭС-2 жұмыстарының тұрақсыздығын, сондай-ақ қазандық шаруашылығын жөндеу барысын талқылады.

Н.Ә. Назарбаев астықтың сақталуына, құқық қорғау органдарының жұмысына, Конституция күніне орай 25 мыңға жуық тұтқынды амнистиялауға байланысты облыстағы криминогендік жағдайға баса назар аударды.

19 тамыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Қырғыз Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Рысқұловтан сенім грамотасын қабылдады.

20 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Қаскелең ауданында 8 мың литр көлемінде жоғары сүт сауумен, батыстың озық технологияларын қолданатын, ТМД-дағы белсенді сыртқыэкономикалық байланыстарымен және жұмысшылардың жоғары еңбекақыларымен атағы шыққан «Каменский» асыл тұқымды мал зауыты сүттауар фермасының жұмысымен танысты.

Президент Алғабас кентінде «Үркер» парфюмерлік компаниясына барып, оның басшылары Германия технологиялық желісін сатып алу және жаңа алты өнім түрін шығаруды жолға қою бойынша жоспарларымен бөлісті.

Н.Ә. Назарбаев кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен кездесулер барысында «ел экономикасын сауықтандыру көбінесе шағын және орта бизнестің алға басуына қатысты екенін, Үкімет халыққа қажетті тауарлар өндірісімен айналысатын кәсіпкерлерге белсенді қолдау көрсететінін» атап өтті.

Содан кейін Мемлекет басшысы Шамалған кентінде жергілікті минералды суды және жоғары сапалы арақ-шарап бұйымдарын шығаруды игерген «Азер» кәсіпорнында болды. Президент Жамбыл ауданында ұлы ақын Ж. Жабаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шараларға дайындық жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізудің тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы» №3088, «Семей облысының Жаңасемей ауданын, Шымкент қаласындағы аудандарды тарату және Оңтүстік Қазақстан облысының Леңгір қаласын аудандық маңызы бар қалалардың санатына жатқызу туралы» №3089, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №3090 жарлықтарына қол қойды.

21 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында қазақ ақыны Ж. Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына орай ашылған Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы — Ғылым министрлігінің

мерейтойлық ғылыми сессиясының қатысушылары мен қонақтарына сәлемдеме жолдады.

«Ж. Жабаев туындыларының жоғары ақындық шеберлігі, ауқымы мен заманалығы оның XX ғасырдың Гомері атануына себепші болды. Туған халқының жанын тани түскен ол музыкалық және ән шығармашылығында әлемдік мәдениет қазынасының бөлігіне айналған тума алтындарды дүниеге әкелді. Сондықтан халықтың айбынды еңбегі мен жауынгерлік ерліктерін жырлаған Ж. Жабаевтың шығармашылығы бүкіл адамзатқа тиесілі», — делінген сәлемдемеде.

23 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында Мемлекетаралық кеңестің Атқарушы комитетінің төрағасы С.Д. Пірімбетовтің 1996–1997 жылдарға арналған бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының жобасы туралы ақпараты тыңдалды. Мемлекет басшылары бағдарламаны мақұлдап, шекараға жақын аумақтарда арнайы экономикалық аймақтар құру туралы шешім қабылдады.

Отырыс қорытындылары бойынша Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісімге, БҰҰ қамқорлығымен көпұлтты күштерді тарта отырып Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан бітімгерлік батальонының оқуларын әзірлеу мен өткізу туралы келісімге қол қойылды.

Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым.

Ұйым 1994 жылы бұдан бұрын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасымен қол қойылған Экономикалық одақ құру туралы (1993 ж.) және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы (1994 ж.) шарттарға сәйкес құрылған.

1998 жылғы наурыз айында ОАЭҚ ұйымына Тәжікстан қосылды.

1996 жылы байқаушы мәртебесін — Ресей, ал 1999 жылы Грузия, Түркия және Украина алды.

2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына (ОАЫ) айналып, оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кірді.

2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ ұйымына Ресей қосылды.

2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ ұйымын ЕурАзЭҚ ұйымымен біріктіру туралы шешім қабылданды.



Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен және Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен бірге Ж. Жабаевтың 150 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысты.

Мемлекет басшылары Алматы қаласында Ж. Жабаевтың ескерткішін ашу рәсіміне және Республика сарайында өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Президент өз сөзінде: «Бүгін біз өз дәуірінің ұлы жыршысы, қазақ халқының біртуар перзенті Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 150 жыл толу мерекесіне жиналып отырмыз.

Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылы ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кемеңгер ойшылы Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені, Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпа-төкпе суырып салма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс екені мәлім.

...Бүгінгі салтанат — халықтың Жамбыл шығармашылығын қаншалықты жоғары құрметтейтінінің белгісі, оның қазақтардың ұлттық өзіндік сана-сезімінің қалыптасуына, ұлтаралық келісімді, халқымыздың рухани бірігуін нығайтуға қосқан өлшеусіз үлесі. Жамбылдың туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен құштарлығы әрбір өлең жолы мен поэмасында байқалады. Жас кезінен Жамбылдың туындыларымен таныс болған әрбір қазақстандық оларды жүрегімен қабылдап, аса ұлы құндылық ретінде түсінеді, бұл мұраны ұрпақтан ұрпаққа ықыласпен жеткізеді», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Жамбыл Жабаев (1846–1945 жж.) — қазақтың атақты суырып-салма ақыны. Жамбыл ұлтаралық достық пен келісімге шақырды, көптеген лирикалық, тұрмыстық, әлеуметтік-сатиралық әндер, ерлікке толы поэмалар мен ертегілер жазды. Оның поэзиясы поэтикалық бояуға, батыл теңеу мен метафораларға бай. Жамбылды көптеген орыс ақындары аударған, әрі бұл аудармалар оқырманды оның шығармашылығына жақындата түсті, қазақ ақынының келбеті мен ойларын кең аудиторияға

жеткізді. Жамбыл аудармалары шетелге де танымал болды, оның шығармалары Қытайда, Чехияда, Ұлыбританияда және басқа да елдерде басылып шықты.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Қырғыз Республикасы Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Сақтандыру туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №35-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы» №3094 Жарлығына қол қойды.

24 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Жамбыл ауданына барды.

Президент Ұзынағаш ауылындағы Қарасай батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қойды, содан кейін Қаракестек ауылына барып, халық ақыны әрі әншісі Сүйінбай Аронұлының мүсінін салтанатты ашу рәсіміне қатысты, мұражайды қарап шығып, жаңа мектепті ашты.

Сапар соңында Н.Ә. Назарбаев мерекелік театрландырылған қойылымды және Көкбастау шатқалында өткен ат спорты жарысын тамашалады.

26 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің қатысуымен кеңес өткізді. Онда астананы Ақмола қаласына көшірудің бірінші кезеңін іске асыру жөніндегі жұмыстардың барысы қаралды.

Жоспарланған шараларды уақытында орындауға, ғимараттар мен құрылымдардың, сондай-ақ бірінші кезекте көшірілетін мемлекеттік органдарды қабылдайтын инфрақұрылымдық нысандардың дайындығына ерекше назар аударылды.

Мемлекет басшысы «В.В. Поляковты «Парасат» орденімен наградтау туралы» №3095, «Қазақстан Республикасы аудандық және қалалық соттарының кейбір судьяларын қызметтерінен босату туралы» №3096 жарлықтарына қол қойды.

29 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика сарайында Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Президент өз сөзінде: «Бүгін біз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылдағанына бір жыл толуын атап өтудеміз. Бір жыл аз ғана уақыт болса да, ол еліміздің мемлекеттілігінің қалыптасуы үшін, реформаларды алға жылжыту үшін үлкен маңызға ие болды.

...Біз өзіміз таңдаған жолмен 5 жылдан бері жүріп келеміз. Осы жолда біршама жетістіктерге жеттік. 1995 жылы Конституцияны қабылдау аса маңызды, сөзсіз, тарихи оқиғалардың қатарынан орын алады.

Бұл акт әр уақытта кез келген ел үшін біртума оқиға болып табылады. Екі ғасырдың тоғысындағы конституциялық мәселе Тәуелсіз Қазақстан үшін ерекше мәнге ие болды. Жаңа мемлекеттік құрылым проблемалары біз үшін қоғамды еркін экономика мен оған барабар саяси жүйесі бар рельстерге шығару жолдарын жаһандық іздеу түрінде көрініс тапты», — деп атап өтті.

ҚЫРКҮЙЕК 1996



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



2 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, Парламенттің бірінші шақырылымының II сессиясын ашты.

Депутаттық корпус алдында сөйлеген сөзінде Президент: «таяу жылдары республика алдында толық экономикалық тұрақтандыруға, инфляцияны тұншықтырып, елдің қаржылық саласын нығайтуға қол жеткізу міндеті тұр. ...Бұл ретте шаруашылық саласында мемлекет кәсіпорынды қорғаштамай, керісінше, кәсіпорын мемлекетті мүдделерді қорғау принципі үстемдік етуі тиіс», — деп атап айтты.

3 қыркүйек

Мемлекет басшысы Еуропалық комиссия комиссары Х. ван ден Брукты қабылдады.

Әңгіме барысында Президент Қазақстанның Еуроодақпен, ең алдымен, оған кіретін елдердің демократиялық қоғам құру бойынша бай тәжірибелерін пайдалану тұрғысында едәуір тығыз байланысты қолдауға ұмтылысын білдірді.

Мемлекет басшысы Халықаралық олимпиадалық комитетінің президенті Х.А. Самаранчты қабылдады.

Кездесуде алда болатын орталықазиялық ойындарға байланысты консультативтік кеңес көрсету бойынша мәселелер талқыланды.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген шейх Абдул Разман әл-Джерайси бастаған Сауд Арабиясы Корольдігінің Сауда-өнеркәсіп палатасы кеңесінің мүшелерін қабылдады.

Кездесуде экономиканың түрлі салаларындағы өзара тиімді екіжақты ынтымақтастықты дамытуға байланысты мәселелер кеңінен қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапарымен аттанып, оның барысында жаңғыртылған «Сарыарқа» әуежайын қарап шықты, «Қарағандынан» АҚ нан-макарон-кондитерлік комбинатының қызметімен танысты, Қазақстан-Америка қатерлі ісік ауруына шалдыққандарды

сауықтыру орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты, И.А. Костенко атындағы шахта кеншілерімен кездесті. Кездесу барысында «Ispat International» компаниясының төрағасы Л. Миттал және Көмір департаментінің атқарушы директоры Г.М. Презент шахталарды басқарудағы жаңа құрылымның алғашқы қадамдары туралы және оны іске асыруға салынған инвестициялар туралы хабардар етті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Қарағанды облысы қалалары мен аудандарының әкімдерімен кеңес өткізді.

Кездесу барысында облыс әкімі П.П. Нефедовтың, бірқатар акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар директорларының реформаларды тереңдету, астықты жинауға әзірлік, қысқа дайындық, қылмыспен күрес туралы баяндамалары тыңдалды.

Президент шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайларында өз орнын таба алмаған кәсіпорындармен табанды түрде жұмыс істеуді талап етті, сондай-ақ реформалардың жүргізілуіне жағдай жасамай, оның үдерісін тежеген облыс әкімшілігінің әрекетін қатаң сынға алды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №3097 Жарлығына қол қойды.

6 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Теміртау қаласына барып, «Испат-Қармет» компаниясының кәсіпорындарында болды.

Домна цехында Президент 1960 жылдары бірге жұмыс істеген әріптестерімен кездесті, шойын өндірісі технологиясындағы өзгерістермен, қазіргі уақытта оның қалай шығарылатынымен танысты.

Н.Ә. Назарбаев құрылысы жүріп жатқан алюминмырыштау цехында металл табағының жаңа профильдерін шығару мүмкіндіктерімен танысып, оған сұраныстың жоғары болатынын және бұл металлургтар өнімін сату нарығын кеңейтуге ықпал жасайтынын атап өтті.

Президент барлық учаскелерде жұмысшылармен және инженерлік-техникалық қызметкерлермен сөйлесті, олардың тұрмыс жағдайы, еңбекақылары және көңіл күйлерін қызығушылықпен сұрап білді.

Магниткадағы кездесулер зауыт басқармасының акт залында өткен тыңғылықты әңгімемен тәмамдалды, онда Мемлекет басшысына «Испат-Қармет» компаниясының директоры М. Мукхерджи атқарылған істер жөнінде баяндады.

7 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Н.Ә. Әбіқаев туралы» №3098 Жарлығына қол қойды.

9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясы Сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік хатшысының орынбасары Ж.-М. Булгарис, Венгрия Республикасы Сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік хатшысының орынбасары А. Эрдеш, Дания Корольдігі Сыртқы істер министрлігі ЕҚЫҰ департаментінің директоры В.Ф. Мюллерден құралған ЕҚЫҰ өкілдерін қабылдады.

Әңгіме барысында тараптар қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жалпы моделін жасау үшін ұсыныстарды дайындау мүмкіндіктерін, сондай-ақ Қазақстанның Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесін шақыруға байланысты жұмысын талқылады.

Мемлекет басшысы «Болашақ» президенттік бағдарламасының стипендиаттарымен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде: «тек университеттік білім алу ғана маңызды емес, себебі Қазақстанда қомақты білім беру базасы бар, бұл ретте демократиялық құрылымдарды қалыптастырып үлгерген елдерде біршама уақыт өмір сүріп, олардың ерекшеліктерін, адамдардың ділін сезініп, байқау да маңызды», — деді.

«Болашақ» — Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық білім стипендиясы. 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен бекітілген. Келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы жоғары білім алуды қаржыландырады. 1994 жылы қазақстандық студенттердің алғашқы тобы АҚШ, Батыс Еуропа және Жапония жоғарғы оқу орындарында оқу үшін жіберілді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

бірінші кадет корпусының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Ашылу рәсіміне сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің қорғаныс істері, қорғаныс өнеркәсібі және ғарыш мәселелері жөніндегі көмекшісі, Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы», авиация генерал-майоры Т.О. Әубәкіров, Қорғаныс министрі А.Х. Қасымов және басқалар қатысты.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы кадет корпусы — әскери-кәсіби бағыттағы орта арнаулы оқу орны. Корпус 1996 жылғы 1 шілдеде елдің Қарулы Күштерінің кадрлық даярлық сапасын арттыру мақсатында құрылған. Оқу мерзімі орта мектептің 9 сыныбы базасында 3 жылды құрайды, 2 жыл кадетті оқығаннан кейін әскери ант қабылдап, Кадет корпусында бір жыл оқуға және келісім-шарт негізінде әскерде 5 жыл борышын өтеуге шарт жасасады.

Мемлекет басшысы теннистен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына өткізілген халықаралық турнирді тамашалап, жеңімпаздарды құттықтау рәсіміне қатысты.

Рәсім аяқталған соң Президент жиналғандарға арнап сөз сөйледі: «Құрметті достар! Бізді тенниске деген ортақ қызығушылық біріктіретініне қуаныштымын. Турнирге қатысушылардың шеберліктері шыңдалып келе жатқанын көру — мен үшін зор қуаныш. Жыл сайын оның ауқымы кеңейіп келеді. ... 1997 жылы Алматы қаласында қуатты теннис орталығы іске қосылмақ. Сонда біз осы керемет спорт түрін ісіміз арқылы бұдан да жақсы насихаттай алатын боламыз».

10 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №3104, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3105, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3106 жарлықтарына қол қойды.

11 қыркүйек

Мемлекет басшысы шет елдердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссиялары басшыларымен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің алқа мүшелерімен кеңес өткізді.

Президент кеңес барысында елдің сыртқы саяси ведомствосының халықаралық аренадағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметіне талдау жасады, өз сөзінде ол «Қазақстанның геосаяси орналасуына және мемлекеттің ұлттық мүдделеріне сәйкес келетін халықаралық саясаттың көпвекторлы бағытының дұрыстығын уақыттың өзі дәлелдегенін» атап айтты.

Н.Ә. Назарбаев: «еліміздің болашағы дипломаттардың қаншалықты тиімді жұмыс жасайтындығына тәуелді. Бірақ олардың табысты қызметі ету үшін заңды іргетас қажет. Сондықтан Үкімет пен СІМ дипломатиялық қызмет туралы заңмен белсенді жұмыс жасауы қажет. Ол талқылаудан өтіп, парламентте биылғы сессия барысында бекітілуі тиіс», — деп атап көрсетті.

12 қыркүйек



Мемлекет басшысы Талдықорған облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде елдің Әскери-әуе күштерінің бөлімдері орналасқан жерде ұшу-тактикалық оқуларына қатысып, жаңадан алынған заманауи СУ-27 ұшақтарын қарап шықты. Н.Ә. Назарбаев елдің ӘӘК мен ӘҚҚ басшылығына олардың Қарулы Күштері түрлерінің туларын табыс етіп, ұшқыштар және техникалық құрамға жоғары жауынгерлік білімдері мен дайындықтары үшін алғысын білдірді.

Н.Ә. Назарбаев авиаторлар мен десантшылардың салтанатты маршпен жүріп өтуінен кейін журналистердің сұрақтарына жауап берді. Өз сөзінде ол: «кез келген мемлекетке өз мүдделерін қорғау үшін әскер талап етіледі. Қазақстан бейбіт саясатты жүргізеді, бейтараптылық доктринасын ұстанады. Оның Қарулы Күштері елдің егемендігін сақтауға қызмет етеді», — деді.



Сол күні Мемлекет басшысы Талдықорған қаласындағы «Кока-кола» сусынын өндіретін «Ақбұлақ» АҚ зауытында болды.

Президент зауыт цехтары мен дайын өнімдер көрмесін қарап шығып, жұмысшылармен сөйлесті. Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев «шағын кәсіпорындардың құндылығы — олардың шығаратын

тауарлар сұрыпталымын сұранысқа қарай тез ауыстыра алатындығында. Сондықтан олардың болашағы зор», — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы жұмысшылардың көптеген сұрақтарына жауап беріп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың мәнін түсіндірді.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға бейресми сапармен келген Ресей Федерациясы Федералдық жиналысы Мемлекеттік думасының депутаты А.В: Козыревті қабылдады.



Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен Қазақстандағы Украина мәдениеті күндерінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсім барысында Н.Ә. Назарбаевқа украиналық делегация атынан естелік сый — Қазақстаннан шыққан харьковтық суретші В. Сидоренконың «Қазақ мадоннасы» картинасы табыс етілді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы туралы» №3108 Жарлығына қол қойды.

14 қыркүйек

Мемлекет басшысы «В.В. Соболев туралы» №3110, «А.С. Павловты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №3111, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы» №3113, «М.Т. Есенбаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3114, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен белгіленген лауазымдар санаттарына мемлекеттік қызметшілердің жекелеген лауазымдарын жатқызу туралы» №3117 жарлықтарына қол қойды.

16 қыркүйек

Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасында ресми сапарда болып, осы елдің астанасы Баку қаласында Президент Г.А. Алиевпен кездесті.



Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму келешегін талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Каспий теңізінің мәселелері жөніндегі бірлескен мәлімдемесі қабылданды, онда тұңғыш рет Каспий мәртебесі проблемасына қатысты көзқарастардың біртұтастығы белгіленген болатын. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы қарым-қатынастардың негіздері туралы келісімге, Инвестицияларды өзара ынталандыру мен қорғау, Табыстар мен мүліктерге салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтарудың алдын алу, мұнай-газ өнеркәсібі, зейнеткерлік қамсыздандыру, жастар және спорт, әуе және халықаралық автомобиль қатынасы салаларындағы ынтымақтастық туралы және т.б. келісімдерге қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының Милли Мәжілісіне (Ұлттық мәжілісі) барып, парламентарийлер алдында Қазақстандағы саяси-экономикалық саяси ахуал және нарықтық өзгерістер барысы туралы баяндама жасады.


Кешке қарай Мемлекет басшысы Баку қаласының бір шағын ауданында әзірбайжандық босқындармен кездесті. Митингіде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның жақын арада бауырлас елдің босқындары үшін гуманитарлық көмек көрсететінін мәлімдеді.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы Грузияда ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Тбилиси қаласында Президент Э.А. Шеварднадземен кездесті.



Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы жай-күйі мен келешегін талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасты.



Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы экономикалық қатынастар негізі туралы декларацияға, Инвестицияларды өзара қорғау мен ынталандыру туралы келісімге, Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа, Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Транзит тәртібі туралы келісімге қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы мен Грузия Президенті Э.А. Шеварднадзе Мцхет қаласына барып, XI ғасырда салынған ежелгі кафедралды соборды қарап шықты.

Содан кейін президенттер З. Палиашвили атындағы Мемлекеттік опера және балет театрында грузиндік өнер жұлдыздарының концертін тамашалап, оның барысында Тбилиси қаласының мэрі Б. Шошитаишвили Н.Ә. Назарбаевқа «Тбилиси қаласының құрметті азаматы» атағы берілгенін жария етті.

18 қыркүйек

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында мұнайшылармен және облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарының басшыларымен кездесті.

19 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Ислам даму банкіне мүше мемлекеттердің халықаралық конференциясына қатысты.


«Республикаға ИДБ-ның осындай көрнекті делегациясының келуі және конференцияның өзі Қазақстанның осы беделді халықаралық қаржы ұйымының кең ауқымды қызмет саласына түбегейлі жаңа түрде — оның толыққанды мүшесі ретінде нақты қосылуын айқындайтын аса маңызды кезең болып табылады... Қазақстан өтпелі кезеңнің қиыншылықтарын еңсере отырып, ашық, икемді және қарқынды экономиканы құруға толықтай кірісті, осы жолда біз ИДБ қатысушы елдердің инвесторларына зор үміт артамыз», — деп атап өтті Президент.

Конференция барысында Ислам даму банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында Алматы қаласында банк өкілдігін ашу туралы және республикаға теміржол тасымалын дамытуға грант

түріндегі техникалық көмек көрсету туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына біліктілік сыныптарын беру туралы» №3118 Жарлығына қол қойды.

20 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Үндістан Республикасының вице-президенті К.Р. Нараянанды қабылдады.

Кездесу барысында тараптар кең ауқымды мәселелерді талқылады және едәуір тығыз екіжақты экономикалық және сауда ынтымақтастығын дамыту қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ халықаралық қауіпсіздік және ядролық қарусыздандыру проблемалары, Үндістанның қазақстандық АӨСШК бастамасын қолдауы туралы ұстанымы және Азия құрлығында тұрақтандыруды сақтаудың маңыздылығы жете талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы белгілі қоғам және саясат қайраткері, польшалық танымал «Газета выборчей» басылымының бас редакторы А. Михникке сұхбат берді.

23 қыркүйек



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне оқуға түскен бір топ жас қазақстандықтарды қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев жастарға оқуларына жауапкершілікпен қарап, міндетті түрде бір шетел тілін меңгерулерін және көпұлтты Қазақстанды лайықты таныта білулерін тіледі.

24 қыркүйек



Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Ақмола қаласына барды және болашақ астананың бірқатар салынып жатқан құрылыстарын қарап шықты, сондай-ақ министрлердің, Астананы көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелерінің, Ақмола қаласында құрылыс нысандарын салуға қатысқан қазақстандық және шетелдік компаниялар басшыларының қатысуымен кеңес өткізді.

Президент жаңа астанаға бірінші кезекте тұрғын үй салу және инвестициялар ағынын тарту қажеттігіне назар аударды.

27 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғары сот кеңесінің кезекті отырысына қатысып, онда судьялар корпусын қалыптастыру мәселесі қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ (Суландыру мен құрғату жүйелерін жетілдіру жобасы) туралы 1996 жылғы 25 маусымдағы келісімді бекіту туралы» №36-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Жеке тұлғаларға арнап шетелдік валютадағы және теңгемен жасырын шоттарды енгізу туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының жасырын шоттар мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №37-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына үстемеақы белгілеу туралы» №3119, «Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы» №3120 жарлықтарына қол қойды.

28 қыркүйек

Мемлекет басшысы Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросянға оның осы жоғары лауазымға қайта сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

ҚАЗАН 1996



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



4 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында «Chevron» алғашқы май құю бекетінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Өз сөзінде Президент «Chevron Corporation» компаниясының технологиялық әлеуетін атап өтіп, Қазақстанның корпорациямен мұнай-газ кешенінің түрлі секторындағы ынтымақтастығының келешегін жоғары бағалады.

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясының президенті К. Деррді қабылдады.

Әңгіме барысында «Теңізшевройл» Қазақстан-Америка бірлескен кәсіпорны қызметінің мәселелері, сондай-ақ мұнай өндіруді, Қазақстанда май құю бекеттерінің құрылысын салуды арттыру мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Э. Джоунсты қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды арттырудың және Қазақстанға АҚШ жетекші компанияларын тарту келешегінің мәселелері талқыланды.

5 қазан



Мемлекет басшысы Ауғанстандағы жағдайдың ушығуына байланысты Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Ресейдің мемлекет және үкімет басшыларының кезектен тыс кездесуіне қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов және Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдин қатысты.

Саммит қатысушылары Ауғанстандағы ахуал туралы пікір алмасып, онда ірі ауқымдағы әскери іс-әрекеттердің қайта бас көтеруіне және ТМД оңтүстік шекараларының орталықазиялық өңірлеріндегі тұрақтылыққа қауіп төнуіне алаңдаушылықтарын білдірді.

Кездесу қорытындысы бойынша БҰҰ желісі арқылы және өңірлік деңгейде оқ атуды тоқтату мен ауғанішілік проблемаларды саяси құралдармен шешу

жолдарын іздестіру бойынша кезек күттірмейтін шаралар қолдану қажеттігі туралы ортақ пікір жазылған Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

7 қазан

Мемлекет басшысы Қазақ теледидары арқылы «Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-ші бабына сәйкес халқымызға Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жолдау арнай отырып, мен Президент ретінде қоғамда қалыптасқан ахуалға, алдағы уақытта әрі, ең алдымен, келесі 1997 жылы шешуіміз қажет басты міндеттерге өз көзқарасымды баяндап отырмын», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысының 1996 жылғы 7 қазандағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы Президенттің қысқа және ұзақ мерзімді келешектегі елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыттарын айқындаған жыл сайынғы осындай жолдауларының бастамасы болды.

Мемлекет басшысы Кран-Монтана форумының президенті Ж.-П. Картеронды қабылдады.

Кездесу барысында осындай форумды Қазақстанда ұйымдастыру және Алматы қаласында ел экономикасына шетелдік инвестицияларды тартуға және қазақстандық астананы Орталық Азияға кіретін қақпа ретінде қалыптастыруға ықпал ететін Кран-Монтананың тұрақты өкілдігін ашу мүмкіндіктері талқыланды.

8 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан мүгедектері қоғамдық бірлестігінің өкілдерін қабылдады.



Кездесу барысында нарықтық экономика жағдайында мүгедектерді әлеуметтік қорғау проблемалары талқыланды. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның қаржы жинақтауы мен экономиканың жақсаруына қарай, халықтың аз қамтылған өкілдеріне және әлеуметтік қамқорлыққа мұқтаж топтарға мемлекет тарапынан көмек әрдайым артып отыратындығын» атап өтті.

Мемлекет басшысы БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Галиге жолдау арнап, онда БҰҰ Бас Ассамлеясының

50-ші мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзінде ұйымның қызметін жетілдіруге қатысты оны жаңартудың тұжырымдамалық моделін жасау қажеттігін қолдағаны туралы еске салды. Оның пікірінше, «БҰҰ реформалаудың негізгі принциптерін және ұйымның алдында тұрған жаңа мақсаттар мен міндеттерді қамтитын осы тектес модель келесі жүзжылдықта аса тиімді болмақ».

Н.Ә. Назарбаев Б. Бутрос-Галиге Орталық Азия бітімгерлік батальонын құруға жеке қолдау білдіргені үшін және Орталық Азия үшін ЭСКАТО және ЕЭК бірлескен комиссияларын құру бастамасына оң көзқарасы үшін алғысын білдірді.

Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1996 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №3122, «Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы» №3123, «Кешірім жасау туралы» №3124, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3125–3126 жарлықтарына қол қойды.

9 қазан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Египет Араб Республикасының елшісі Айман Хамди әл-Кониден және Жапонияның елшісі М. Хидэкаттан сенім грамоталарын қабылдады.



Мемлекет басшысы «Ақмола арнайы экономикалық аймағын құру туралы» №3127, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3128–3130, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3131, «Оңтүстік Қазақстан облысындағы Киров ауданының атын өзгерту туралы» №3132 жарлықтарына қол қойды.



10 қазан

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, Ақмола қаласында Қазақстан жастарының республикалық форумына қатысты.

Президент өз сөзінде жастар проблемаларына назар аударды және қазақстандық жас ұрпақ алдында тұрған егеменді Қазақстанды құру мен дамыту міндеттерін белгіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Ақмола облысы және Ақмола қаласы әкімдіктерінің, бірқатар қазақстандық ірі компаниялар мен құрылыс ұйымдарының басшыларымен жұмыс кеңесін өткізді.

Кездесу барысында Президент болашақ астанаға мемлекеттік органдарды көшіру бойынша жұмыстар барысы туралы ақпаратты тыңдап, Ақмола қаласының әкімшілік және тұрғын үйлерін салу, көркейтуді жеделдету жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Сол күні Мемлекет басшысы «McDonald's Corporation» компаниясының Кавказ және Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Э. Фазекашты қабылдады.

Э. Фазекаш Н.Ә. Назарбаевты Қазақстандағы «McDonald's» жедел қызмет көрсету мейрамханалары жаһандық желісінің жоспарлары туралы хабардар етті.

11 қазан



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Астрахан облысы Володар ауданы Алтынжар ауылында өткен қазақтың атақты сазгері Құрманғазы Сағырбаевты еске алу күндерінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Қазақстан Президенті мен Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдин Құрманғазы кесенесін салтанатты түрде ашып, сазгердің қабіріне гүл шоқтарын қойды.

14 қазан

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3134–3135, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №№3136–3137, «О. Әбдікәрімовті Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №3138, «С.И. Шуткинді Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қызметіне тағайындау туралы» №3139 жарлықтарына қол қойды.

15 қазан

Мемлекет басшысы «Marubeni Corporation» корпорациясының басқарушы директоры С. Нукина бастаған жапондық делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның жаңа астанасының құрылысын салуға, республиканың көлік-коммуникациялық инфрақұрылымын — темір және автожолдарды, байланысты жетілдіруге корпорацияның қатысуы, сондай-ақ мұнай-газ, металлургия, химиялық, жеңіл және азық-түлік өнеркәсіптеріндегі ынтымақтастықтың келешегі мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен кеңес өткізіп, онда елдегі реформа барысы туралы есебін тыңдады.

Президент Үкіметтің реформаларды іске асыру бойынша жұмыстарын сынға алды және елдегі жағдайды «қиын әрі тұрақсыз, кез келген шалыс басқан қадам бар еңбекті зая кетіруі мүмкін» деп сипаттады. Н.Ә. Назарбаев қысқы маусымға әзірлік, энергетика, өтелмеген төлемдер, азық-түліктің стратегиялық қоры, сыбайлас жемқорлық және т.б. мәселелерді қатаң түрде алға қойды.

16 қазан



Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі А. Велаятиді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Ауғанстандағы ахуал, оның өңірлік қауіпсіздікке әсері туралы пікір алмасты және Қазақстан мен Иран арасындағы өзара қатынастарды дамыту перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы 1996 жылғы 18 шілдедегі Займ туралы келісімді (Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы) бекіту туралы» №38-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «С.Т. Тұрсыновты Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3140, «Б.С. Әйтімованы Қазақстан Республикасының Израиль Мемлекетіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3141 жарлықтарына қол қойды.

18 қазан



Мемлекет басшысы «Samsung Group» концернінің президенті С. Шинді қабылдады.

Әңгіме барысында концерннің Қазақстандағы қызметінің мәселелері және, ең алдымен, оның «Жезқазған түстіметалл» АҚ-на қатысу перспективалары, сондай-ақ Қазақстанның энергетика саласындағы «Samsung Group» жұмысының жоспарлары талқыланды.

Мемлекет басшысы «1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық ынтымақтастық ұйымының транзиттік саудасы туралы келісімді бекіту туралы» №39-I, «Қазақстан Республикасы мен Венгрия Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы» №40-I, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Достастыққа кірмеген мемлекеттермен шекараны күзетудегі ынтымақтастық туралы шартын бекіту туралы» №41-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Е.С. Құрманғалиевке «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №3142, «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету жүйесі туралы» №3144 жарлықтарына қол қойды.

20 қазан

Мемлекет басшысы Қызылорда облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Қызылорда қаласының тұрғын үй шағын ауданына барып, жергілікті целлюлоза-картон комбинатының цехын қарап шықты және қаланың орталық алаңында Абылай хан ескерткішінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Абылай хан (1711–1781 жж.) — қазақтың ең атақты хандарының бірі, Көркем Уәли сұлтанның ұлы, Қанішер Абылай ханның немересі. Өзі ел басқарып тұрған кезінде Абылай хан бүкіл қазақ жерін біріктіре алды, мәдени-шаруашылықтың алға басуына және қазақтардың отырықшы егін шаруашылығымен және кәсіпшілік қызметпен айналысуына ықпал етті. Екі ірі көршілер — Қытай мен Ресейдің арасындағы тепе-теңдік желісін таба алған және жоңғар тарапынан төнген қауіпті сейілте алған Абылайдың дипломатиялық қызметі кеңінен танымал.

21 қазан

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен Түркі тілдес мемлекеттердің IV саммитіне қатысты.

Саммитке сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиев, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов және Түркия Республикасының Президенті С. Демирель қатысты.

Кездесу барысында тараптар мемлекетаралық сауда-экономикалық байланыстарды дамыту мен нығайтудың принциптері мен ұйымдастырушылық мәселелерін, сондай-ақ түркітілдес елдердің тарихындағы айшықты даталарды мерекелеу жөніндегі мәселелерді талқылады.

Саммит қорытындылары бойынша Ташкент декларациясына қол қойылып, онда тараптар әртүрлі салалардағы екіжақты және көпжақты қарым-қатынастардың дамуына қанағаттанушылықтарын білдірді және оларды әрі қарай кеңейту мен тереңдету қажеттігін атап өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевпен және Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен екіжақты кездесулер өткізді.

Әзірбайжан Президентімен әңгімесінде тараптар трансазиялық теміржол дәлізінің маңыздылығын, қазақстандық мұнайды Әзірбайжанға тасымалдауды жолға қою қажеттігін, сондай-ақ Каспий теңізі төңірегіндегі жағдайды талқылады.

Түркия Президентімен әңгімесінде Ресейдегі және Түркиядағы ағымдық жағдайлар, қазақстандық мұнайды Теңіз кен орнынан Түркияға тасымалдау мүмкіндігі талқыланды, сондай-ақ С. Демирельдің 1996 жылдың желтоқсанында Қазақстанға жұмыс сапары туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

22 қазан

Мемлекет басшысы Түркі тілдес мемлекеттердің IV саммитіне қатысуына байланысты Өзбекстан Республикасында болған кезінде кездесуге басқа да қатысушылармен бірге Ташкент қаласында Темуридтер тарихының мемлекеттік мұражайына барды, содан кейін Самарқанд қаласына ұшып барып, Темірлан ескерткішіне гүл шоқтарын қойды және қаланың көне сәулет құрылысымен танысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен аттанып, Ұлы Отан соғысы

ардагерлері мен мүгедектеріне пәтер ордерлері мен автокөлік кілттерін салтанатты түрде табыс ету рәсіміне қатысты.

Президент ардагерлерді құттықтап, оларға зор денсаулық, күш-қуат тіледі және «өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан Қазақстанда соғыс және еңбек ардагерлеріне әрқашан көмек пен қолдау көрсетіліп келеді әрі бұдан былай да солай бола береді» деп атап өтті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Шымкент қаласындағы «Кабиско» БК барды және «Сапар» жаңа қонақ үйін қарап шықты.

23 қазан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Бәйдібек ауданында болып, күзгі дала жұмыстарының барысымен танысты, сондай-ақ ауданның тарихи орындары — Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелеріне барды.

Мемлекет басшысы «Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауданының атын өзгерту туралы» №3149 Жарлығына қол қойды.

24 қазан

Мемлекет басшысы танымал американдық қаржыгер Дж. Сорос қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Сорос-Қазақстан қорының қызметін, қормен жүзеге асырылған ірі білім жобаларын, сондай-ақ «XXI ғасыр» компьютерлендірудің президенттік бағдарламасын құру бойынша жоспарларын талқылады.

Сорос-Қазақстан қоры — Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамытуға көмектесу үшін құрылған үкіметтік емес ұйым.

Қор «Ашық қоғам» институтымен құрылған және өз қызметін 1995 жылы бастады. Ол бүкіл әлем бойынша 60-тан аса елде жұмыс істейтін «Ашық қоғам» ұлттық қорларының халықаралық халықтық желісі болып табылады. Қор білім беруді, өнер мен мәдениетті, экономикалық және құқықтық реформаларды, азаматтық сектордың дамуын және ақпараттық желіні қолдау бойынша гранттарды іске асырады.

Мемлекет басшысы өз жанындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтында оның 5 жылдығына орай өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаевқа ҚМЭБИ құрметті докторы атағы берілді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанда тіркелген дипломатиялық корпус мүшелері мен халықаралық ұйымдардың өкілдерін қабылдады.

Президент елімізде соңғы 5 жылда болған күрделі үдерістерді жете талдады. Бұл ретте ол «республикадағы қоғамның саяси тұрақтылығын идеологиялық монополияны орнату және басқаша ойлауды басып тастаумен емес, барлық қоғамдық-саяси күштермен сындарлы үнқатысуды орнатуға мүмкіндік беретін баламалы тетіктерді жасаумен байланыстыратынын» атап өтті. Н.Ә. Назарбаев экономиканың жағдайын сипаттай келе, ондағы оң өзгерістерді атап өтті және оның әрі қарай дамуының аса маңызды көзі — шетел инвестициялары екендігін мәлімдеді.

Қазақстанның өзекті халықаралық проблемаларға қатысты ұстанымы жөнінде айтқан сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның АӨСШК шақыруына байланысты бастамасы азиялық елдердің көпшілігінде түсіністікпен қабылданғанына қанағаттанушылығын білдірді.

Мемлекет басшысы «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3150, Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №3151, «М.К. Мұтырғановты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №3152, «Солтүстік Қазақстан облысының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3153, «Бір топ қызметкерлерді «Ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №3154, «Т. Дулатовты ҚСРО мемлекеттік наградаларынан айыру туралы» №3155, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №3156, «А.С. Есімов туралы» №3157 жарлықтарына қол қойды.

25 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Парламент үйінің алаңында Республика күніне орай өткен салтанатты митингке қатысты.

Президент қазақстандықтарды мерекемен құттықтай келе, жас мемлекеттің тәуелсіз дамуын халықтың көпғасырлық арманының орындалуы ретінде бағалады, сондай-ақ елде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің зор маңыздылығын атап өтті. Н.Ә. Назарбаев «осы үдерістермен байланысты қиыншылықтарды түсінуге болатынын, тарихтың бұралаң жолдарында олардан құтылудың мүмкін еместігін» атап өтті. Президент сондай-ақ қоғамның таңдаған жолмен жүруінің табысты болатынына сенім білдіріп: «республика азаматтарында дамыған өркениетті елдерде бар нәрселердің бәрі болады, тек қана қажырлы жұмыс істеп, халықтың бірлігі мен келісімін сақтау қажет», — деді.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, жаңа бесжұлдызды «Анкара» қонақ үйіне барды және оның номерлерін, демалыс залын, мейрамханасын, барын, спорттық корттарын қарап шықты.

28 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Пәкстан Ислам Республикасының Президенті Ф. Легаримен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында өңірлік саясаттың, екіжақты экономикалық серіктестіктің түрлі мәселелері, екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты белсендіру үшін көлік жолдарын дамыту перспективалары талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Екіжақты қатынастардың перспективалары туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Мемлекет басшысы «Облыстық соттарды, оларға теңестірілген соттарды қалыптастыру және аудандық соттардың, оларға теңестірілген соттардың кейбір судьяларын қызметінен босату туралы» №3158, «Г.Г. Штойк туралы» №3159, «Д.Т. Дүйсеновті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №3160, «В.Б. Темірбаев туралы» №3161, «В.Б. Темірбаевты Қазақстан Республикасының Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3162, «Б.Қ. Әміреевті Қазақстан

Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3163 жарлықтарына қол қойды.

29 қазан

Мемлекет басшысы «1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық ынтымақтастық ұйымында мүше елдердің бизнесмендеріне арналған виза рәсімдерінің оңайлатылған тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №42-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Семей облысының Таскескен ауданын тарату туралы» №3164, «Жамбыл және Шымкент қалалық соттарын құру және Жаңасемей аудандық сотын тарату туралы» №3165, «Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты Өкілі А.Х. Арыстанбекованы Қазақстан Республикасының Куба Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №3166, «Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі И.Ә. Аманғалиевты Қазақстан Республикасының Грузиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №3167, «Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» №3168, «Б.М. Тұрсынбаев туралы» №3169, «Б. Сәрсековті Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №3170 жарлықтарына қол қойды.

30 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3172, «Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы» №3173, «Ә.Х. Қасымов туралы» №3174, «М.Қ. Алтынбаевты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №3175, «Ә. Кекілбаев туралы» №3177, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3179, «А.Б. Самақованы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №3180, «Е.Қ. Нұрпейісовті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №3182 жарлықтарына қол қойды.

31 қазан

Мемлекет басшысы күш ведомстволары басшылығымен кеңес өткізіп, онда министрлерінің қылмыспен күрес саласындағы істің жай-күйі, құқықбұзушылықтардың алдын алу және елдегі қылмысты жою туралы есептерін тыңдады.

Кеңесті қорытындылай келе, Президент республикалық күш ведомстваларының басшылары тапсырылған жұмыс учаскелері үшін дербес жауапкершілікте және олар өз қызметтерін белсендіруге міндетті екендігін атап айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламентінің әйел-депутаттар тобын қабылдады.

Депутаттар Президентті заң шығару жұмысын жетілдіру барысы мен жоспарлары жөнінде хабардар етті, заң шығарушы органның жаңа құрылымының тиімділігін атап өтіп, болашақта Қазақстанда кәсіби парламенттің қалыптасатынына үміттерін білдірді.

Кездесуді қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев оларды пікірлестері ретінде көретінін айтты, себебі «әлеуметтік проблемалардың өткірлігін әйелдерден артық ешкім сезіне алмайды, сондай-ақ оның саясатының нәтижелерін — қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты да әйелдерден басқа ешкім артық бағалай алмайды», — деп ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы «Х.А. Оспановты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №3183, «Қ.Е. Көшербаев туралы» №3185 жарлықтарына қол қойды.

ҚАРАША 1996



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	



1 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған «Айналайын» жас дарындардың бірінші халықаралық фестиваліне қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

«Сіздерге жаңа, жақсы жағына қарай өзгерген әлемге ену бақыты бұйырды. Бұл — биік гуманистік идеалдар билік еткен, адамдар бір-бірімен өзара түсіністік пен құрметте өмір сүру қажеттігін түсінген әлем. Сіздердің жан-жүректеріңіз өткеннің салмағынан ада. Сіздер болашақты құрып, осы әлемде өмір сүретін боласыздар», — делінген жолдауда.

4 қараша

Мемлекет басшысы «Н.А. Шәйкенов туралы» №3188 Жарлығына қол қойды.

5 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Жұмыс берушілер мен кәсіподақ өкілдерінің республикалық кеңесіне қатысты.

Кеңесте әлеуметтік серіктестікті одан әрі дамыту мүмкіндіктері талқыланды.

6 қараша

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинге жүрегіне жасалған отаның сәтті аяқталуына орай жеделхат жолдады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Қызылорда облысының күндеріне қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

«Қызылордалықтар егеменді еліміздің жарқын мерекесі — оның тәуелсіздігінің бесінші жылы қарсаңында астанамыздағы Облыстардың күндерін бірінші болып ашып отыр», — делінген сәлемдемеде.

7 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған әлемдік кинонын 100 жылдығына арналған халықаралық кинематографиялық «Фестивальдер фестиваліне» қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

«Достастық елдері үкімет басшылары кеңесінің бастамасымен ұйымдастырылған осындай ауқымды кинофорумның өткізілуі біздің халықтарымыздың рухани және мәдени өмірлерінің бірлігі мен ажырамастығының талассыз дәлелі болып табылады.

Алматы қаласында фестиваль күндері көрсетілетін ТМД және Балтық елдерінің үздік фильмдері жоғары гуманистік идеалдарды, асқақ адами сезімдерді, көркемдікке ұмтылысты көрсетіп, тұрмысымыздың проблемалары мен күрделілігін ашатыны сөзсіз», — делінген сәлемдемеде.

Мемлекет басшысы «М. Жолдасбеков туралы» №3189, «В.Х. Ғиззатовты Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3190, «С.А. Соловьев пен Н.Ө. Орынбасароваға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №3191 жарлықтарына қол қойды.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Президенті Б. Клинтонға оның осы жоғары лауазымға сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

8 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына орай ашылған ғылыми-теориялық конференция қатысушыларына сәлемдеме жолдады.

«Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылған жастардың тоталитарлық жүйеге қарсы тұруы халқымыздың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы, оның қазіргі замандағы рөлі мен орнын қайта пайымдаудағы, төл тәуелсіздігіміз бен мемлекеттік егемендігіміздің жетістіктеріндегі маңызды кезең болды», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы Уэльс ханзадасы Чарльзды қабылдады.

Әңгіме барысында тараптар Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасында түрлі салалардағы қатынастарды дамыту туралы пікір алмасты.



Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3192, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3193–3196, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3197, «Өлім жазасына — атуға кесілген


сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №3198, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3199, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3200–3201, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөнінде комиссия құру, оның құрамын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2935 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №3202, «Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» №3203, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары — Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3204 жарлықтарына қол қойды.

11 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» №3205, «Н.А. Коржованы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №3206, «П.И. Крепак туралы» №3207, «С.С. Әйімбетов туралы» №3208, «Г.Ж. Қарағұсова туралы» №3209, «Г.А. Марченконы Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3210 жарлықтарына қол қойды.

12 қараша

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Тәжікстан Республикасының елшісі Негматовтан және Канаданың елшісі Р. Маннан сенім грамоталарын қабылдады.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің төрағалары Ө. Байгелді мен М.Т. Оспановты қабылдады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебі туралы ережені бекіту туралы» №3216 Жарлығына қол қойды.

13 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан ардагерлерінің II съезіне қатысушыларды қабылдап, олармен ардагерлер қозғалысы проблемаларын, сондай-ақ қоғамды реформалаудың жай-күйі мен келешегін талқылады.



Мемлекет басшысы Алматы және Семей архиепископы Алексийді қабылдап, ол Мәскеу және Бүкіл Русь Патриархы Алексий II шешімі бойынша Н.Ә. Назарбаевты Орыс православиелік шіркеуінің жоғарғы наградасы — I дәрежелі «Мәскеулік Даниил қасиетті патшасы» орденін салтанатты түрде табыс етті.



«Мәскеулік Даниил қасиетті патшасы» ордені — Орыс православиелік шіркеуінің жоғарғы наградасы. Орден 1988 жылғы 28 желтоқсанда Русь шоқыну мерекесінің 1000 жылдығын естелік ретінде Мәскеулік және бүкіл Русь Патриархын белгілеумен тағайындалған және Қасиетті Мәскеулік Даниилге арналған.
Награда рухани өмірді жаңғыртуға қосқан еңбегі үшін беріледі, үш дәрежесі бар. I дәрежелі орденмен шіркеу басшыларын және мемлекет басшыларын марапаттау кезінде грамота, орден белгісі, қызғылт сары түсті жібек муар лента мен лентадағы орден алқасы беріледі.

14 қараша

Мемлекет басшысы «Қ.Б. Саудабаев туралы» №3217, «Қ.Б. Саудабаевты Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3218, «Жәйрем-Атасу» арнайы экономикалық аймағы туралы» №3219 жарлықтарына қол қойды.

15 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың құрамын құру туралы» №3220, «Ф.Х. Ғалымовты Қазақстан Республикасының Жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы — Қазақстан Республикасының министрі қызметіне тағайындау туралы» №3221, «Н.М. Макиевскийді Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3222 жарлықтарына қол қойды.

19 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарлары Д.Т. Дүйсенов пен И.Н. Тасмағамбетовтің, министрлер мен мемлекеттік комитеттер төрағаларының Қазақстан Республикасы халқына және Президентіне ант беру рәсіміне қатысты.

«Сіз бен бізге республикамыз үшін аса қиын уақытта жұмыс істеу салмағы түсіп отыр. Әлемнің бірде-бір мемлекетінде жаңа экономиканы құру жеңіл өткен емес. Қазақстанның дағдарыс жағдайынан тезірек шығуы үшін, халқымыз жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижелерін сезінуі үшін барлық объективті мүмкіндіктері бар. Сіздер Отанымызда түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырып жатқан Үкіметтің мүшелері болу құрметіне ие болып отырсыздар. Өздеріңіздің қиын міндеттеріңізді абыроймен атқарыңыздар», — деді Н.Ә. Назарбаев рәсімде сөйлеген сөзінде.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинге Дағыстан Республикасының Каспийск қаласындағы көптеген адамдарды құрбандыққа ұшыратқан қайғылы оқиғаға байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Семей облысының Таскескен аудандық сотын тарату туралы» №3224 Жарлығына қол қойды.

20 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Аралды құтқару халықаралық қорының отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында халықаралық жұртшылықтың Арал теңізін сақтау проблемасына назарын аударту бойынша қор қызметінің мәселелері талқыланды.

«Алдағы уақытта қорға Аралдың қайғылы жағдайына барша ғаламшардың назарын аудартып, қатысуын қамтамасыз ету қажет. Әлемдік қоғамдастықты Арал маңының апаты — жаһандық қасірет екендігіне, оның жағымсыз экологиялық салдарымен бірлесіп күресу қажеттігіне сендіру керек. Бұл проблема туралы үкімет мүшелері, мемлекет қайраткерлері, дипломаттар халықаралық форумдар мен ұйымдардың жоғары мінберлерінен талмай айтулары қажет, ол

біздің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бар дауыспен айтылуы тиіс. Ортақ күшімізді біріктіргенде ғана біз өңірдегі ірі жер телімдерінің шөлге айналуын, тұзды дауылдардың басқа елдердің аумағына жайылуын тоқтата аламыз», — деді Қазақстан Президенті отырысты қорытындылай келе.

Аралды құтқару халықаралық қоры 1993 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан президенттерінің бастамаларымен құрылған. Қордың басты міндеттері Аралды құтқару бойынша бірлескен іс-әрекеттерді, перспективалық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру мен несиелеу, өңірдің барлық мемлекеттерінің мүдделерін ескере отырып, Арал маңы мен Арал теңізі бассейнін экологиялық сауықтыру болып табылады.
Қордың жұмыс органы Қордың басшысы етіп тағайындалған Президент тұратын елдегі Атқару комитеті болып табылады. Әрбір құрылтайшы-мемлекетте қордың аумақтық органдары — Атқару комитетінің филиалдары жұмыс істейді.



Сол күні Мемлекет басшысы АҚШ Мемлекеттік хатшысының арнайы кеңесшісі, Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Дж. Коллинз бастаған Америка Құрама Штаттарының ресми делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан-Америка бірлескен комитетінің жұмысы, американдық инвестицияларды ынталандыру бойынша шаралар, сауда-экономикалық байланыстарды әрі қарай дамыту, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелері талқыланды.

Дж. Коллинз Н.Ә. Назарбаевқа АҚШ Президенті Б. Клинтонның жолдауын табыс етті, онда американдық көшбасшы Қазақстан-Америка қарым-қатынастар жағдайына терең қанағаттанушылығын білдірген.


Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Шайбалы хоккей федерациясының президенті А.П. Злотников пен «Алтай-Торпедо» кәсіпқой хоккей клубының президенті В.В. Трегубовты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның хоккейден толыққанды ұлттық чемпионатын ұйымдастыру және ел өңірлерінде хоккей клубтарын құру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Г.В. Долговты, В.В. Котовты, С.Д. Серіковті және Д.Б. Яловенконы «Ерлігі үшін»

медалімен наградтау туралы» №3226, «Қазақстан Республикасы шекара және ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3227, «Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің және Республикалық ұланның әскери нышандары туралы» №3228 жарлықтарына қол қойды.

21 қараша



Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Ислам консультативтік кеңесінің (Мәжілісінің) төрағасы А. Нуриді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты қатынастарды дамыту перспективалары, өңірлік және жаһандық проблемалар, Каспий теңізінің мәселелері, сондай-ақ Қазақстан мен Иран арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың әлеуеті мен келешегі талқыланды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының III құрылтайына қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақ тілі» қоғамының бар күш-жігері алдағы уақытта да Қазақстанның жарқын болашағы үшін республикадағы жағдайды жақсартуға, елдегі тұрақтылықты нығайтуға бағытталатын болады», — деп сенімін білдірді.

Мемлекет басшысы «А. Жұмабаевты Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3231 Жарлығына қол қойды.

22 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румынияның Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №43-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №44-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының

Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №45-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №46-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Заң күші бар Жарлығының 149-шы бабына толықтырулар енгізу туралы» №47-I, «Өрт қауіпсіздігі туралы» №48-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы №2894 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №3235, «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы» №3237 жарлықтарына қол қойды.

23 қараша



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, Мәскеу маңындағы «Барвиха» санаториінде ота жасаудан кейінгі оңалту курсынан өтіп жатқан Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев пен Б.Н. Ельцин екіжақты қатынастардың бірқатар өзекті мәселелерін, сондай-ақ алда болатын ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысына дайындық барысын талқылады.



Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен кездесті.

Кездесу барысында экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті проблемалары мен Қазақстан-Ресей мемлекетаралық өзара іс-әрекеттерін тереңдету мәселелері талқыланды.

30 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің құрылымы мен штат саны, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін лауазымды адамдар туралы» №3242 Жарлығына қол қойды.

ЖЕЛТОҚСАН 1996



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



2 желтоқсан

Мемлекет басшысы Португалия Республикасының астанасы Лиссабон қаласында өткен ЕҚЫҰ қатысушы елдерінің мемлекет және үкімет басшыларының кездесуіне қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев жаһандық қауіпсіздік жүйесін құру перспективалары туралы айта келе: «.... Қазақстан көз алдымызда дамып келе жатқан қауіпсіздік сәулеті жалпы және түгел қамти алатын тұрақтылық принциптерінде, ЕҚЫҰ барлық қатысушы мемлекеттерінің мүдделерін ескере отырып құрылуы керек деген пікірді ұстанады. Еуразиялық қоғамдастықта қандай да бір конфронтациялық желілерді жою қолданыстағы қауіпсіздік жүйесіне жаңа сапа енгізуі тиіс.

... Қазақстан Ядролық қару сынақтарын түгел қамтитын тыйым салу туралы келісім жасауды қолдайды. Біздің мемлекетіміз ғаламшарда тұңғыш болып Семей ядролық полигонын жапты. Біздің ядролық қаруды таратпау идеалдарына беріктігіміздің айғағы өзінің қырып-жою қуаты бойынша әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық әлеуетін жою болды... Сондықтан біз жалпы қауіпсіздік жетістіктерінің талаптарына сәйкес ЕҚЫҰ және басқа өңірлердегі оған ұқсас құрылымдардың арасында бөлуші сызықтарды құрудан алшақ болу қажет деп санаймыз. ... Біздің ел үшін бұл аса маңызды... Қазақстан Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесін шақыру туралы бастама жасады», — деп атап өтті Президент.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) — әлемдегі қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын ең ірі өңірлік ұйым. Ұйым қызметі әскери-саяси, экономикалық және адами өлшемдерді қамтиды. ЕҚЫҰ Солтүстік Америкада, Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан 56 елді біріктіреді. Ұйым жұмысы 1975 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесімен (ЕҚЫК) және Хельсинки қорытынды актісінің қабылдануымен басталды. Қазақстан ЕҚЫҰ 1992 жылғы қаңтарда мүше болып кірді.

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ саммиті жұмысы аясында АҚШ вице-президенті А. Гормен, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі Е.М. Примаковпен, Италия Республикасының Премьер-министрі Х.М. Азнармен, Израиль Мемлекетінің

Премьер-министрі Б. Нетаньяхумен, Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевпен, Украинаның Президенті Л.Д. Кучмамен және Швейцария Конфедерациясының Сыртқы істер министрі Ф. Готтимен және т.б. екіжақты кездесулер өткізді.

4 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Н.Ә. Әбіқаевқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3244, «Н.Ж. Дәненовке Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3245, «Н. Есқалиевқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3246, «Ю.А. Клочковқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3247, «Б.Қ. Нұрғалиевқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3248, «Қ.С. Сұлтановқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3249, «Б.Қ. Тайжанға Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3250, «В.Б. Темірбаевқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3251 жарлықтарына қол қойды.

5 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің мүшелері — Алматы қаласындағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушыларды қабылдады.

Мемлекет басшысы «С.М. Қанапияновты Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің атқарушы директоры — Қазақстан Республикасының министрі қызметіне тағайындау туралы» №3252, «Дипломатиялық дәрежелер беру туралы» №3253, «А.А. Бисембаев туралы» №3254, «Австрия Республикасында, Испания Корольдігінде, Малайзияда, Түрікменстанда, Жапонияда Қазақстан Республикасының елшіліктерін ашу туралы» №3255 жарлықтарына қол қойды.

6 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Т.С. Қабдырахманов туралы» №3256, «Т.С. Қабдырахмановты Қазақстан Республикасының Жапониядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3257,

«Б.М. Тұрсынбаевты Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3258 жарлықтарына қол қойды.

7 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ (Қазынашылықты жаңғырту жобасы) туралы 1996 жылғы 22 тамыздағы келісімді бекіту туралы» №49-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №50-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттарының төрағаларын, алқа төрағаларын, судьяларын қызметке тағайындау және Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттарының кейбір судьяларын қызметінен босату туралы» №3259, «Әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті органдары мен ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың ақшалай жалақылары туралы» №3260 жарлықтарына қол қойды.

9 желтоқсан

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Дели қаласында Президент Ш. Шармамен, вице-президент К. Нараянанмен, Премьер-министр Х. Деве-Гобдамен және Сыртқы істер министрі И. Гуджаралмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты арттыру үшін жақсы перспективалардың, зор әлеуеттің бар екендігін атап өтіп, экономикалық қарым-қатынастарды әрі қарай тереңдету қажеттігін белгіледі, сондай-ақ сауда, көлік, ғылым және технологиялар, әскери-техникалық ынтымақтастық, денсаулық сақтау, информатика, мәдениет, білім, туризм және спорт салаларын қоса алғанда, әртүрлі салалардағы алмасуды нығайту және кеңейту бойынша тиімді де нақты шараларды қабылдаудың маңыздылығын мойындады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Үндістан арасында сенімді көлік коммуникацияларын жолға қоюдың маңыздылығы атап өтілді. Осыған байланысты қазақстандық тарап Үндістан, Түрікменстан және Иранның Үндістан мен Орталық Азия арасында жергүсті

коммуникациялар жүйесін дамыту мен жетілдіру бойынша күш салуларына қосылуға қызығушылықтарын танытты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға, Өзара инвестицияларды ынталандыру мен қорғау жөніндегі келісімге, Үндістанда Қазақстан мәдениеті күндерін және Қазақстанда Үндістан мәдениеті күндерін өткізу туралы өзара түсіністік меморандумына қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Президенттің 1996 жылғы Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын беру туралы» №3263, «Р.Т. Бағлановаға жоғары ерекшелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №3264, «Қ.Н. Рысқұлбековке жоғары ерекшелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №3265, «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3266, «Қазақстан Республикасы шекара және ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3267, «Республика Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздігі комитетінің және Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3268, «М.Қ. Алтынбаевқа, К.Қ. Ахмадиевке, Ә.Ә. Тоғысовқа, М.М. Оразәлиевке, Г.Е. Цимбалға жоғары әскери және арнаулы атақтарды беру туралы» №3269, «С.И. Шуткинге және С. Оңғарбаевқа жоғары сыныптық шендер беру туралы» №3270 жарлықтарына қол қойды.

10 желтоқсан

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасына ресми сапары барысында Бомбей қаласына барып, үнді іскерлік топтарының өкілдерімен кездесті және елдегі ең ірі Хоми Баба атындағы атом зерттеу орталығын қарап шықты.



Хоми Баба атындағы атом зерттеу орталығы атомды және ядролық энергетиканы жару саласындағы жетекші үнділік зерттеу орталығы болып табылады. Орталықты Үндістанның Премьер-министрі Дж. Неру «Тромбей атом нысаны» деген атаумен ресми түрде 1957 жылғы 20 қаңтарда ашқан болатын. 1967 жылғы 12 қаңтарда нысан үнді атом бағдарламасының негізін қалаушы Хоми Бабаның құрметіне өзінің қазіргі атауына ие болды. Орталық жоғары температуралы қорғасын-висмут реакторының

тұжырымдамалық жобасын жасау бойынша зерттемелер саласындағы зор жетістіктерімен танымал.

12–13 желтоқсан

Мемлекет басшысы Австралияда ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Канберра қаласында Генерал-губернатор У. Хейденмен және Премьер-министр Дж. Хауардпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты байланыстардың жай-күйі мен келешегі талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Австралия арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы өзара түсіністік меморандумына қол қойылды және екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім парафирленді.

14 желтоқсан

Мемлекет басшысы Австралиядан Қазақстанға қайтар жолда Малайзия Федерациясына қысқаша аялдап, осы елдің астанасы Куала-Лумпур қаласында Премьер-министр М. Мохамадпен кездесті.

Кездесу барысында Малайзия іскерлік топтарының Қазақстандағы ірі жобаларды іске асыруға қатысу мәселелері талқыланды.

М. Мохамад АСЕАН мен АТЭС қызметі туралы ақпарат берді, АӨСШК шақыру бастамасын қолдайтынын растады.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында өткен Қазақстан халықтарының достығы фестиваліне қатысты.

Фестиваль барысында Н.Ә. Назарбаев Республикалық ана мен бала денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу орталығының директоры Н.А. Қаюповаға, Түркия Республикасының Мемлекеттік министрі Н.К. Зейбекке, Ресей Федерациясы Омбы облысының губернаторы Л.К. Полежаевқа Президенттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығын табыс етті.

Президенттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен бекітілген болатын. Ол бейбітшілікті, өзара сенімді, мемлекетаралық қатынастардағы теңдік пен бірдей қауіпсіздікті қолдауға бағытталған белсенді қызметі үшін, халықаралық мәдени

байланыстарды, қоғамдық дипломатия салаларын дамытуға қосқан зор үлесі үшін беріледі.
Сыйлыққа Қазақстан мен басқа да мемлекеттердің азаматтары, ұлттық мәдени орталықтар, қоғамдық қозғалыстар, қорлар мен ұйымдар ұсынылуы мүмкін.
Сыйлыққа лайықты деп табылған тұлғаларға «Президенттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және диплом, кеуде белгісі мен куәлік табыс етіледі. Сыйлық Қазақстан Республикасы Президентімен салтанатты түрде тапсырылады.



Сол күні Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай еліміздің бір топ азаматтарын қабылдап, оларға жоғары мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Президент қолынан «Халық қаһарманы» атағына лайықты деп танылған Р.Т. Бағланова мен бостандық пен тәуелсіздік жолында 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі кезінде көрсеткен ерлігі үшін қаза болғаннан кейін марапатталған Қ. Рысқұлбековтің анасы — Д. Асанбаева алтын жұлдыздар мен «Отан» ордендерін алды.

«Отан» орденімен Ш.Х. Бекболатов, Б.Д. Досымжанов, Ә.Т. Қайдаров марапатталды.

«Даңқ» ордені Қазақстан Республикасы Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы М.Ш. Ибраевқа табыс етілді.

«Парасат» орденіне Ә.М. Дінішев, Қ.К. Кенжетаев, М. Сүртібаев, Л.Д. Кривощеков, С.Ә. Мәмбеев, Х.И. Наурызбаев, Д.Х. Сембаев, Қ.К. Тоқаев, М.Х. Шигаева лайықты деп танылды.

Содан кейін Президент кезекті әскери атақтарды беру туралы жария етті, Қарулы Күштер мен Ішкі істер министрлігінің бір топ офицерлеріне генералдық погондарды тапсырды.



1



2

«Халық қаһарманы» атағы 1993 жылы бекітілген, Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз (1-сурет) және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

«Отан» ордені (2-сурет) 1993 жылы белгіленді. Бұл орденмен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі үшін марапатталады.


3


4


5


6

«Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. Екі дәрежесі бар. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және басқа органдар басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігі мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны үшін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады.
I дәрежелі «Даңқ» ордені (3-сурет) жұлдыздан және иыққа асатын лентадағы орден белгісінен (4-сурет) тұрады. II дәрежелі «Даңқ» ордені тақташасындағы белгіден (5-сурет) тұрады.

«Парасат» ордені (6-сурет) 1993 жылы белгіленді. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

16 желтоқсан



Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты байланыстардың, ең алдымен сауда-экономикалық және инвестициялық салалардағы жай-күйі мен перспективалары туралы пікір алмасты.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен бірге Алматы қаласында «Анкара» бесжұлдызды қонақ үйінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Күн соңында Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен бірге Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 5 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Өзінің «Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман» атты сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның осы кезең ішінде жеткен жетістіктерін қорытындылай келе айтты: «Мұндай тағдыр жер бетіндегі халықтардың бәрінің маңдайына жазыла бермейді, қысқа ғана уақыт аралығында осын-

шама күрделі міндеттерді шешу де кез келген халықтың қолынан келмейді. Өзіміздің қуатты мемлекеттігімізді құра отырып, тиімді экономиканы қалыптастыра отырып, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап қалу — XXI ғасырдың табалдырығындағы біздің міндетімізді осылайша тұжырып айтуға болар еді.

...Ұлттық тарихымыздың қандай бел-белесінде де біз өзіміздің мемлекеттігімізді сан ғасырлар бойы тапжылмай тұратындай етіп құруға дәл осындай мүмкіндік алып көрген емеспіз. Тағдырдың осы сирек сыйын пайдаланып қалу — біздің ұрпақтың маңдайына жазылыпты» (Қосымшаны қараңыз).

17 желтоқсан



Мемлекет басшысы Қазақстанда жұмыс сапарымен жүрген Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен бірге Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 5 жылдығына орай өткен Алматы гарнизоны әскерлерінің шеруін тамашалады.

Содан кейін мемлекет басшылары Фатих атындағы Халықаралық университетіне барды, «Бөбек» республикалық балалар қайырымдылық қорының бағдарламасы бойынша салынып жатқан балаларды оңалту орталығының құрылыс алаңында болды, сондай-ақ «Alma-Ata» Халықаралық банкінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Фатих — Түркияның ұлттық батыры, әдебиетті, өнер мен білімді жақтаған XV ғасырдың атақты ағартушысы. Фатих Ыстамбұл қаласында алғашқы медресенің негізін салып, көптеген мектептер мен білім үйлерін ашты.

18 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы облыстарының және Алматы қаласының әкімдерімен кеңес өткізді.

Кеңесте бірінші кезекте тұрғындарды электр энергиясымен, газбен, жылумен қамтамасыз етуді жақсарту, жалақыны, зейнетақы мен жәрдемақыны уақытылы төлеу мәселелеріне назар аударылды.

Сондай-ақ жекешелендіру барысы талқыланып, қосымша жұмыс орындарын ашу және жалпы, халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешу мақсатында шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту мүмкіндіктері қаралды.

Президент осы барлық бағыттардағы жұмыс нәтижелеріне әкімдер тікелей дербес жауапкершілікте болатынын, ал реформалар халық тұрмысының жақсаруы түрінде өз жемісін беруі керектігін атап айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Аргентина Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Листрені қабылдады.

Дипломат Н.Ә. Назарбаевқа Аргентина Президенті К. Менемнің оны еліне ресми сапармен шақырған жеке жолдауын жеткізді.

Сол күні Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесіне қатысып, онда агроөнеркәсіп кешенінің 1996 жылғы жұмысының нәтижелері талқыланды және аграрлық саясаттың 1997 жылға арналған басты бағыттары белгіленді.

19 желтоқсан



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Орталық банкі басқармасының төрағасы С.К. Дубининді қабылдады.

Кездесу барысында ТМД бірқатар мемлекеттерімен қол қойылған Валюталық одақ туралы келісімді нақты мазмұнмен толықтыру бойынша жұмыстардың, сондай-ақ туындаған банкаралық проблемалардың барлығы бойынша әрекеттерді үйлестіру жұмыстарының перспективалары талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан судьяларының I съезіне қатысты.

Өз сөзінде Президент тәуелсіз сот жүйесін құру саласындағы жетістіктерді талдады және елдегі жаһандық экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты сот-құқықтық реформадағы өзекті жағдайларды қалыптастырды.

Мемлекет басшысы «Ю.А. Клочков туралы» №3271, «Ю.А. Клочковты Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3272, «Жамбыл облысы Жамбыл қаласының Центральный және Завод аудандарын тарату туралы» №3275, «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996–2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №3276 жарлықтарына қол қойды.

20 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының 70 жылдығына арналған салтанатты кешке қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы» заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №51-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолданудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №3279 Жарлығына қол қойды.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қ. Абдоллаев туралы» №3280 Жарлығына қол қойды.

24 желтоқсан

Мемлекет басшысы бір топ қазақстандық жастарды — Қазақстан Республикасы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттарын қабылдап, оларға жоғары наградаларды табыс етті.

Президент қолынан А.Н. Сызганов атындағы Хирургия орталығының ғылыми қызметкері Н. Арынов, Қазақстанның алты дүркін чемпионы, самбодан бапкер-ұстаз С. Ғабдуллина, суретші А. Меңлібаева, Мемлекеттік ішекті аспаптар оркестрінің квартеті — Е. Мағауин, А. Дүйсенбаев, Е. Мыңтаев, Д. Балағұмаров лауреат белгілерін алды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы 35 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасы азаматтарына жемісті ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметі үшін беріледі. Сыйлық 2 жылда бір рет (10 адамға) мынадай аталымдар бойынша беріледі: ғылым, әдебиет, журналистика, спорт, халық шығармашылығы, дизайн және бейнелеу өнері, эстрада, театр және кино, классикалық музыка, қоғамдық қызмет. Сыйлыққа қызметі инновациялық болып табылатын және сәйкес саладағы өмірлік іс-әрекет пен жалпы қоғамды дамытуға ықпал ететін үміткерлер ұсынылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесіп, оны сауығуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы «Бюджет жүйесі туралы» №52-I, «Кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №53-I, «Валюталық реттеу туралы» №54-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №55-I, «Мәдениет туралы» №56-I, «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімді бекіту туралы» №57-I, «Қазақстан Республикасының Су кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №58-I заңдарына қол қойды.

25 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3286, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3287–3290, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3291, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №3292, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3293, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №3294, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3295 жарлықтарына қол қойды.

27 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Ақмола қаласындағы болашақ астанаға бірінші болып орналасқандардың қатарындағы министрліктерге барды, сондай-ақ облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесіп, оларға сыйлықтар табыс етті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ақмола қаласындағы Оқушылар сарайында өткен Президенттік шыршаға қатысты.

«...Сіздерді туған Отан, туған жерлеріңіз, жуырда ғана өзінің бес жылдығын атап өткен Қазақстан Республикасы шақырып отыр. Туған жерлеріңізді, Отандарыңызды сүйіңіздер, оған адал болып, қызмет етіңіздер! Болашақ — өз қолдарыңызда! Ал бақытты болу үшін жақсы оқып, ата-аналарыңызды,

жақындарыңызды, үлкендерді, ұстаздарыңызды тыңдау керек, көбірек білуге тырысқан жөн...», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Күн соңында Мемлекет басшысы Ақмола облысы мен Ақмола қаласының басшылығымен жұмыс кеңесін өткізді.

Мемлекет басшысы «Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы 1996 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы» №3298 Жарлығына қол қойды.

30 желтоқсан

Мемлекет басшысы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттарын қабылдап, оларға медальдар табыс етті.

Сол күні Мемлекет басшысы дәстүрлі жаңа жыл қарсаңындағы баспасөз мәслихатын өткізіп, қазақстандық және шетелдік журналистердің сауалдарына жауап берді.

Президент 1996 жылдың басты нәтижелері туралы айта келе, оның «елдегі саяси және экономикалық салаларда жүргізіліп жатқан реформалардың тереңдеуімен сипатталатынын» айтты.

Мемлекет басшысы «1997 жылды Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы» №3299, «Қазақстан Республикасының Азия даму банкі Басқарушыларының кеңесіндегі өкілдер туралы» №3302, «Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қоры Басқарушыларының кеңесіндегі өкілдер туралы» №3303, «Қазақстан Республикасынан Ислам даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі өкілдер туралы» №3304 жарлықтарына қол қойды.

31 желтоқсан

Мемлекет басшысы Куба Республикасы Үкіметінің және Мемлекеттік кеңесінің төрағасы Ф. Кастроға сол елдің ұлттық мерекесі — Азаттық күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан Жаңа 1997 жылмен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №59-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №60-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №61-I, «Сауда және соған байланысты мәселелер бойынша, бір жағынан, Еуропалық қоғамдастық, Көмір мен болат жөніндегі еуропалық бірлестік, Атом энергиясы жөніндегі еуропалық қоғамдастық және, екінші жағынан, Қазақстан Республикасы арасындағы уақытша шартты бекіту туралы» №62-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузияның Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузияның Үкіметіне берген мемлекеттік несиелері бойынша Грузия Үкіметінің қарызын қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы» №63-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №64-I, «Мемлекеттік баж туралы» №65-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3305, «Шетелдерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3306, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы туралы» №3307, «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» №3308, «Қазақстан Республикасынан тауарларды экспортқа шығару тәртібін оңайлату және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 желтоқсандағы №1492 қаулысының 4-ші тармағының төртінші абзацы мен 8-ші тармағының күшін жою туралы» №3309 жарлықтарына қол қойды.

1997

ҚАҢТАР 1997



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



5 қаңтар

Мемлекет басшысы «Н.Ж. Дәненовті Қазақстан Республикасының Франция Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3310, «А.М. Нұрмағамбетов туралы» №3311 жарлықтарына қол қойды.

6 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен кеңес өткізіп, онда мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдарын Ақмола қаласына көшіру және Қазақстанда Жалпыұлттық келісім мен саяси репрессия құрбандарын еске алу жылы аясындағы іс-шараларға дайындық мәселелері қаралды.

8 қаңтар



Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында өзінің қалаға бастапқы Тараз атауын қайтарып беру туралы жарлығы жөнінде мәлімдеді.

Президент сондай-ақ Ж. Жабаев ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, «Әулие-Ата» мешітінің іргетасын қалауға қатысты және Қарахан кесенесіне барды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» №66-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарының кейбір төрағалары мен судьяларын қызметінен босату туралы» №3314, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының саны, Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты аппаратының құрылымы мен штаты туралы» №3315, «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 8 қаңтардағы №3315а «Жамбыл облысының орталығы — Жамбыл қаласының атын өзгерту туралы» №3315а жарлықтарына қол қойды.



9 қаңтар

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов және Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев экономика мен саясаттағы ынтымақтастықты кеңейтуге, егемендігіне немесе аумақтық бүтіндігіне қауіп төнген жағдайда мемлекеттердің өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған ОАЭҚ қатысушы елдері арасындағы мәңгілік достық туралы шартқа қол қойды.

Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым.
Ұйым 1994 жылы бұдан бұрын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасымен қол қойылған Экономикалық одақ құру туралы (1993 ж.) және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы (1994 ж.) шарттарға сәйкес құрылған.
1998 жылғы наурыз айында ОАЭҚ ұйымына Тәжікстан қосылды.
1996 жылы байқаушы мәртебесін — Ресей, ал 1999 жылы Грузия, Түркия және Украина алды.
2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына (ОАЫ) айналып, оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кірді.
2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ ұйымына Ресей қосылды.
2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ ұйымын ЕурАзЭҚ ұйымымен біріктіру туралы шешім қабылданды.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы ЭЫҰ бас хатшысы О. Озарды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның ЭЫҰ-ға төрағалық етуіне байланысты осы өңірлік құрылымның мақсаттары мен міндеттері жөнінде пікір алмастырылды, сондай-ақ Қазақстанның ЭЫҰ-мен телекоммуникациялық желілер мен көлік құрылысы және оны жетілдіру саласындағы ынтымақтастығын кеңейту мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы өз жанындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтының Атқарушы директоры міндетіне кіріскен доктор Дж. Петроффты және уәкілдік мерзімінің аяқталуына орай қызметін босатқан Х. Фишерді қабылдады.

Президент Х. Фишерге атқарған ауқымды жұмысы үшін алғысын білдіріп, оның Қазақстанмен нарықтық экономика үшін білікті кадрларды әзірлеу ісіндегі ынтымақтастығының үзілмейтініне үмітін білдірді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3317, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3318–3325, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы» №3329 жарлықтарына қол қойды.

17 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қ.А. Досанов, Р.Н. Мамырбаев туралы» №3331 Жарлығына қол қойды.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы» №3330 Жарлығына қол қойды.

21 қаңтар

Мемлекет басшысы «Ispat International» компаниясының президенті Л. Митталды қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан Республикасында металлургиялық өндірісті дамыту перспективалары және елдің ірі комбинатындағы істің жай-күйі қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі — Ұлттық ғылым академиясының академиктері М.Қ. Қозыбаевты, Ж.С. Тәкібаевты және Ө.А. Жолдасбековті қабылдады.

Әңгіме барысында олармен Қазақстандағы ғылымды одан әрі дамыту, әсіресе, нарықтық экономика жағдайында жас кадрларды іргелі даярлау мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Банкроттық туралы» №67-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Банкроттық туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №68-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «В.И. Горячковский туралы» №3332 Жарлығына қол қойды.

22 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық

етіп, онда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаевтың «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының концепциясы туралы» баяндамасы тыңдалып, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі К.Ш. Сүлейменовпен ұсынылған 1997–1998 жылдарға арналған және 2000 жылға дейінгі қылмыспен күрес мемлекеттік бағдарламасының концепциясы қаралды, Қауіпсіздік кеңесі қызметінің 1996 жылғы қорытындылары шығарылып, 1997 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

23 қаңтар



Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Израиль Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі И. Мей-Амиден сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің төрағалары Ө. Байгелді мен М.Т. Оспановты қабылдады.

Президент реформаларды тереңдетуді заң шығарушылық жағынан қамтамасыз ету, жекешелендіруді аяқтау, зейнетақылық қамсыздандыруды жетілдіру, жалпы жалақы бойынша қарыздарды жою, орта және шағын бизнесті қаржыландыру, несиелеу және қолдау тәрізді проблемаларды жедел шешу қажеттігіне парламентарийлердің назарын аударды.

Мемлекет басшысы «Семей облысының Новошульба ауданын тарату туралы» №3335, «В.И. Долговты «Достық» орденімен наградтау туралы» №3336 жарлықтарына қол қойды.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының «Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №69-I, «Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігі арасындағы конвенцияны бекіту туралы» №70-I, «Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің

арасындағы келісімді бекіту туралы» №71-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Үкіметі арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» №72-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» №73-I, «Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канаданың Үкіметі арасындағы конвенцияны бекіту туралы» №74-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Т.Қ. Бегахметовті Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының басшысы қызметіне тағайындау туралы» №3337 Жарлығына қол қойды.

27 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің қатысуымен жұмыс кеңесін өткізіп, онда жекешелендіру, шағын және орта бизнесті, экономика мен қоғамның қаржылық тұрақтылығын дамыту мәселелері қаралды.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» №75-I, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №76-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1997 жылғы пайдасын жұмсау туралы» №3340, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөнінде комиссия құру, оның құрамын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2935 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №3341, «Алматы қаласының Алатау мен Мәскеу аудандарын тарату туралы» №3342, «Қазақстан

Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі №3108 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №3343 жарлықтарына қол қойды.

29 қаңтар

Мемлекет басшысы «Кәсіпкерлік қызмет бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №3344 Жарлығына қол қойды.

29–31 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысты.

Форум президенті К. Шваб отырысты аша келе, Давос қаласында мемлекет және үкімет басшыларының, дипломаттар мен әлемдік бизнестің ірі өкілдерінің кездесуіне бесінші рет қатысып отырған Қазақстан Президентін арнайы қарсы алды. Н.Ә. Назарбаевтың портреті мен Қазақстан туралы ауқымды мақала жарияланған «World Link» журналының арнайы шығарылымы форумның ашылуына орайластырылды.



Мемлекет басшысы Дүниежүзілік экономикалық форум жұмысы аясында Швейцария Конфедерациясының Президенті А. Коллермен, БҰҰ бас хатшысы К. Аннанмен, НАТО бас хатшысы Х. Соланамен, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен, АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының төрағасы Н. Гингричпен, Израиль Мемлекетінің Премьер-министрі Б. Нетаньяхумен, Египет Араб Республикасының Президенті М.Х. Мубаракпен, Польша Республикасының Президенті А. Квасьневскиймен, Палестина ұлттық әкімшілігінің төрағасы Я. Арафатпен, «General Electric» компаниясының президенті Д. Велшпен, «Mes Pirsson Evro-America» инвестициялық банкінің президенті М. Хольцманмен және т.б. екіжақты кездесулер өткізді.

АҚПАН 1997



Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	
Жк	2	9	16	23	



1–4 ақпан

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өтіп жатқан Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысуын жалғастырды.

5 ақпан

Мемлекет басшысы «Ғ.Е. Қасымовты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3346, «Ғ.Е. Қасымовқа кеден қызметінің 3 дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі дербес атағын беру туралы» №3347 жарлықтарына қол қойды.

6 ақпан



Мемлекет басшысы Қазақстанның саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстарының, ұлттық мәдени орталықтар мен діни бірлестіктерінің басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында елдің жұртшылық өкілдері көпұлтты Қазақстандағы халықтар арасындағы достыққа, бауырластық қатынастарға, қоғамдағы саяси тұрақтылықты сақтауға және ел экономикасын реформалауға бағытталған мемлекеттік саясатқа қолдау білдірді.

Мемлекет басшысы «Ү.Ж. Кулиновты Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №3348 Жарлығына қол қойды.

7 ақпан

Мемлекет басшысы бас мүфти, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Қ.Н. Рәтбекті қабылдап, онымен Алматы қаласындағы ислам орталығы құрылысының мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы зейнетақы мен жалақының уақытылы төленуін бақылау жөніндегі жұмыс тобының отырысын өткізіп, онда топ басшысы Ә.М. Байменов пен топ мүшелерінің өңірлерде жинақталған қарыздарды жою бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы ақпараттарын тыңдады.

Мемлекет басшысы «Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы №3039 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №3349, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мәселелері» №3350 жарлықтарына қол қойды.

10 ақпан



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі В.И. Долговты оның дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты қабылдады.

Кездесу барысында Президент дипломаттың жемісті қызметіне ризалығын білдіріп, оны «Достық» орденімен марапаттады.



1



2



3

«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

I-ші дәрежелі «Достық» ордені (1-сурет) жұлдыздан және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — омырауға тағатын орден белгісінен (3-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының бірінші хатшысы Н.М. Оразалинді қабылдады.

Кездесу барысында отандық әдебиеттің жай-күйі, М.О. Әуезовтің 100 жылдығына арналған мерейтойлық шараларға дайындық барысы туралы әңгіме өрбіді.

11 ақпан


Мемлекет басшысы «И.С. Конаев атындағы Алматы жоғары әскери училищесін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы қызметіне қайта құру туралы» №3353, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы» №3356, «Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметі қызметкерлерінің ақшалай жалақылары тура-

лы» №3357, «Н.Ы. Есқалиев туралы» №3358, «Н.Ы. Есқалиевті Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3359 жарлықтарына қол қойды.

20 ақпан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге Қытайдың белгілі мемлекет және саясат қайраткері Дэн Сяопиннің қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

21–22 ақпан



Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Бейжің қаласында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев ҚХР басшылығына және бүкіл Қытай халқына Дэн Сяопиннің қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты қатынастардың экономикалық, саяси және гуманитарлық салалардағы жай-күйі мен перспективаларын талқылады. Екі ел арасындағы көлік қатынасын жетілдіру, мұнай және газ кен орындарын бірлесіп игеру, шекаралас аймақтарды делимитациялау және Қытай инвестицияларын Қазақстанның жаңа астанасы — Ақмола қаласын орнықтыруға тарту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

24 ақпан

Мемлекет басшысы «Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге өзгерту енгізу туралы» №3360 Жарлығына қол қойды.

25 ақпан



Мемлекет басшысы «Fintraco» түркиялық компаниясының басшысы О. Берколды қабылдады.

Әңгімелесу барысында түркиялық фирманың Ақмола қаласының құрылысын салуға және жаңа астананың инфрақұрылымын жетілдіруге қатысу мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Семей облысының Новошульба аудандық сотын, Алматы қаласының Алатау және Мәскеу аудандық соттарын тарату туралы» №3362 Жарлығына қол қойды.

26 ақпан


Мемлекет басшысы зейнетақы мен жалақының уақытылы төленуін бақылау жөніндегі жұмыс тобының отырысын өткізіп, онда топ басшысы Ә.М. Байменовтің өңірлерде жинақталған қарыздарды жою бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы ақпаратын тыңдады.

Мемлекет басшысы «Hurricane» канадалық компаниясының президенті, «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ иесі Дж. Комарникиді қабылдады.

Кездесу барысында көмірсутек шикізатын игеру, тасымалдау және өткізуді кеңейту мәселелері, елдің оңтүстігінде осыған сәйкес әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №3364 Жарлығына қол қойды.

27 ақпан



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түрікменстан Президенті С.А. Ниязовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Түрікменстан қатынастарының жай-күйі мен перспективаларын талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияға, Каспий теңізі мәселелері бойынша бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сондай-ақ сауда және инвестициялар, есірткі және психотропты заттарды заңсыз таратумен күрес, құқықтық салалардағы ынтымақтастық туралы бірқатар үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдерге қол қойылды.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға Алматы қаласында өтетін Термоядролық зерттеулердің азиялық қоры халықаралық кеңесіне қатысу үшін келген Ресей ғылым академиясының вице-президенті Е.П. Велиховты қабылдады.

Әңгіме барысында академик Е.П. Велихов басқарылатын термоядролық синтез бен болашақтың

термоядролық энергетикасына қол жеткізу бойынша проблемаларды шешу үшін ТОҚАМАҚ типті жаңа қондырғыны жасау бойынша жұмыстардың жай-күйі туралы ақпарат беріп, ғалымдар атынан аса маңызды технологиялық тапсырмаларды шешуге ықпал еткені үшін алғысын білдірді.

ТОҚАМАҚ (магниттік катушкасы бар тороидальды камера) — плазманы магнитпен ұстап тұруға арналған тороидальды қондырғы. Басқарылатын термоядролық синтезді өнеркәсіптік мақсаттарға пайдалану туралы ұсыныс пен жоғары температуралы плазманы электр өрісімен термоизоляциялауды қолданудың нақты сызбасы тұңғыш рет кеңестік физик О.А. Лаврентьевпен 1950 жылдың ортасында жұмыс барысында тұжырымдалды. Бұл жұмыс басқарылатын термоядролық синтез проблемасы бойынша зерттеулердің катализаторы болды. Академиктер А.Д. Сахаров пен И.Е. Тамм 1951 жылы плазма тор пішінінде болып, магниттік өріспен ұсталынатын термоядролық реактордың теориялық негізін көрсете отырып, сызбаны түрлендіруді ұсынды.

Мемлекет басшысы 1997 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында өтетін Арал теңізі бассейнінің проблемалары жөніндегі Мемлекетаралық кеңестің отырысына қатысу үшін келген Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия өңірлері бойынша вице-президенті И. Линн бастаған делегациясын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3366, «Шетелдерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3367, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3368 жарлықтарына қол қойды.

28 ақпан



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Арал теңізі бассейнінің проблемалары жөніндегі Мемлекетаралық кеңестің отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, сонымен қатар Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия өңірлері бойынша вице-президенті И. Линн қатысты.

Отырысқа қатысушылар Мемлекетаралық кеңестің Атқарушы комитеті қызметінің қорытындыларын талқылады, оның комиссиясының жұмысы туралы есебін тыңдады, қорды басқару тәртібі мен оның жарғылық қаражатын қалыптастыру мәселелерін қарастырды.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «өткен уақыт ішінде қор әлем жұртшылығының және халықаралық қаржы институттарының Арал проблемасына назарын аударту үшін ауқымды жұмыс атқарды, бағдарламаның бірінші кезеңі — өңір халқын ауыз сумен қамту және тазарту құрылғыларын салу бойынша жұмыстар қаржымен қамтамасыз етіліп, іске асырылып жатыр. Алайда, Арал проблемасын шешуге бағытталған қаржыны жұмсау мен жинақтауды орталықтан басқару қажет», — деп атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Алматы декларациясына қол қойды, оған сәйкес 1998 жыл БҰҰ қорқорлығымен Орталық Азия өңірінде Қоршаған ортаны қорғау жылы болып жарияланды. Алматы декларациясы халықаралық жұртшылықты Семей полигоны құрылуының 50 жылдығында Орталық Азияны ядросыз аймақ ретінде жариялау туралы идеяны қолдауға шақырады.

Мемлекет басшысы «Ақмола облысының Сілеті ауданын тарату туралы» №3370, «Талдықорған облысының Бөрлітөбе ауданын тарату туралы» №3371, «Жамбыл облысының Шу қаласын аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызу және оны Шу ауданының құрамына енгізу туралы» №3372, «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту және кеңейту туралы келісімді бекіту туралы» №3373, «Еуропа қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы» №3374 жарлықтарына қол қойды.

НАУРЫЗ 1997



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	



3 наурыз

Мемлекет басшысы «Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендияларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы №1394 қаулысын орындау ісіндегі елеулі кемшіліктер туралы» №3375, «С.Б. Тоқпақбаевты Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №3376 жарлықтарына қол қойды.

4 наурыз



Мемлекет басшысы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін Қазақстан Республикасының кадрлық саясаты мәселелері бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев: «мемлекеттік басқару органдарының едәуір қысқаруы мен ел Үкіметі құрамындағы өзгерістер басқару үдерісін оңтайландыруды, мемлекеттік қызметкерлердің сапалық деңгейін арттыруды көздейді. Мемлекеттік басқару органдарының реформасы сыбайласқан шенеуніктерге ойсырата соққы беретіні аса маңызды», — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» №3377, «Қазақойл» Ұлттық мұнай-газ компаниясын құру туралы» №3378, «Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы» №3379, «Кешірім жасау туралы» №3380, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3381-3385, «Н.Ө. Балғымбаевты «Қазақойл» Ұлттық мұнай-газ компаниясының президенті қызметіне тағайындау туралы» №3386, «В.В. Храпуновты Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №3387, «Ө.Е. Шөкеевті Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №3388, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3389–3393 жарлықтарына қол қойды.

5 наурыз



Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында «Кока-кола Алматы боттлерс» Қазақстан-Түркия-Америка бірлескен кәсіпорнының және конверсиялық бағдарлама жүргізген «Белкамит» АҚ қызметімен танысты.

Мемлекет басшысы «Құнды қағаздар рыногы туралы» №77-I, «Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы» №78-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Құнды қағаздар және қор биржасы туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №79-I, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы» №80-I, «Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы Қарыз туралы (Жай операциялар) (Жолды қалпына келтіру жобасы) 1996 жылғы 18 қазандағы келісімді бекіту жөнінде» №81-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №3396 Жарлығына қол қойды.

6 наурыз



Мемлекет басшысы Қазақстан жұртшылығының әйелдер қауымымен кездесіп, оларды 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

Н.Ә. Назарбаев әйелдердің қоғамдағы жағдайы туралы қызықты пікір алмасу барысында «мемлекет адамзаттың ең көрікті бөлігі — әйелдерді алдағы уақытта да қолдауды жалғастыратынын және Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту мемлекеттік саясатының жаңа тұжырымдамасы осыған бағытталғандығын» ерекше атап өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының таратылған министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің бұрынғы басшыларын қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев кездесуге қатысушыларға қаратып айтқан сөзінде: «олардың қызметтік міндеттерін адал атқарғандықтан, өз командасының мүшелері болғанын және солай болып қала беретінін айтты. Сондықтан Қазақстан халқының игілігі үшін бірлесе жұмыс істеуді жалғастырамыз. ... Сіздердің тәжірибелеріңіз бен білімдеріңіз тиісінше сұранысқа ие болады», — деп мәлімдеді.

Президент республиканың бұрынғы министрлеріне және мемлекеттік комитеттерінің төрағаларына алғыс грамоталарын табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы» №82-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №83-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «И.Н. Тасмағамбетовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі қызметіне тағайындау туралы» №3397, «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы» №3398, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы «1996–1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасы туралы» №2680 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №3399 жарлықтарына қол қойды.

7 наурыз



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Литва Республикасының Президенті А. Бразаускаспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады, сондай-ақ өзекті халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының жүктерін Клайпеда мемлекеттік теңіз порты арқылы тасымалдау үшін көліктік және басқа да қызметтерді ұсыну туралы, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге, Табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметі арасындағы

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа Хаттамаға және т.б. қол қойылды.

8 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан әйелдерін 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне орай баспасөз бетінде құттықтады.

10 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Премьер-министрі кеңсесі басшыларының, облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің, министрліктер мен комитеттер басшыларының қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңесте Президентпен белгіленген кезек күттірмейтін әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу үшін ел Үкіметімен және жергілікті атқару органдарымен атқарылып жатқан шаралар туралы мәселе қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №84-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №3400, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3401–3404, «Ғ.Б. Жақиянов туралы» №3405, «В.Л. Меттені Семей облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3406, «Ғ.Б. Жақияновты Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3407, «Е.Ә. Өтембаев туралы» №3408, «З.Х. Кәкімжановты Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі — Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №3409, «Е.Ә. Өтембаевты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3410 жарлықтарына қол қойды.

11 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген НАТО бас хатшысы Э. Солананы қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері, «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы аясында Қазақстан мен НАТО ынтымақтастығының перспективалары талқыланды.



Сол күні Мемлекет басшысы Семей облысына жұмыс сапарымен барып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімі В.Л. Меттені таныстырды.

Мемлекет басшысы «Б.Ә. Бекназаров туралы» №3412 Жарлығына қол қойды.

12 наурыз



Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болып, Павлодар қаласында «Павлодартракторстрой» АҚ ұжымымен кездесті. Республиканың ең ірі кәсіпорнының жұмысшыларымен және басшылығымен әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев құрастыру өндірісін трактор жасау өндірісіне айналдырудың аса қажеттігін, «Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы трактор паркі тозғанын, оның өзімізде шығарылатын, арзан және елдің алқаптарында сынақтан өткен ДТ-75 МЛ тракторларына мұқтаж екендігін» атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Екібастұз қаласында болып, шахтерлер ұжымының өкілдерімен кездесті. Президент оларға елде жүргізіліп жатқан реформаларды қолдағаны үшін алғысын білдірді, елдегі экономикалық ахуал мен жақын перспективалар жөнінде әңгімеледі.

«Біз әлі де реформалардың едәуір қиын кезеңін өткеріп жатырмыз, бірақ қиындықтардың ең бастысы артта қалды. Енді біз қайда баратынымызды және не істейтінімізді анық білеміз. Біз аяқ басқан жол Қазақстан Республикасын және оның азаматтарын гүлденуге әкеледі», — деді Н.Ә. Назарбаев сөз соңында.

15 наурыз

Мемлекет басшысы Түркия Республикасы Ұлы ұлттық жиналысының төрағасы М. Калемли бастаған парламентарийлер делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың үдемелі дамуын және Қазақстан мен Түркияның түрлі салалардағы қатынастарының оң перспективаларын атап өтті.

М. Калемли Қазақстан Президентіне Түркия Республикасының Президенті С. Демирельдің жеке жолдауын жеткізді.

17 наурыз

Мемлекет басшысы «С.С. Қалмырзаев туралы» №3413, «Э.К. Өтепов туралы» №3414, «А.А. Мартыновқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №3416 жарлықтарына қол қойды.

18 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен және Президенті Әкімшілігінің басшылығымен мемлекеттік басқару органдарындағы құрылымдық өзгерістер мәселесі бойынша кеңес өткізді.

Президент басқару органдарындағы қызметтердің қосарлануын жою, кадрларды жаңарту, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің үйлестірушілік және бақылаушылық рөлін барынша күшейту қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Экологиялық сараптама туралы» №85-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар мүшелерін қызметтерінен босату туралы» №3417 Жарлығына қол қойды.

19 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджетінің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасы М.С. Өтебаевты қабылдап, оның комитет жұмысы туралы есебін тыңдады.

Мемлекет басшысы «Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары туралы» №3419 Жарлығына қол қойды.



20 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы орналасқан жерге барды.

Н.Ә. Назарбаев әскери туды тапсыру рәсімінен және «Көкжал» арнайы маңыздағы тобының көрсетілімдерінен кейін ұлан мұражайын қарап шықты, сарбаздар асханасы мен казармаларына, атқыштар тиріне барды, жауынгерлермен әңгімелесті.

«Көкжал» — Республикалық ұланның арнайы маңыздағы тобы. Арнайы бөлімше 1995 жылғы желтоқсанда құрылған. «Көкжалдың» жауынгерлері негізгі әскери мамандықтарды, тиімді ату тәсілдерін және қолмен шайқасуды ғана емес, олар сондай-ақ әуе-десанттық, тау-кен апатынан құтқару, сүңгуір және арнайы дайындықтарды да меңгереді. Дайындықтар әрбір бөлімнің өз міндетін дербес орындай алуына лайықтап құрылған. Ерекше міндеттер бола қалған жағдайда олардан аралас жауынгерлік бөлімдер құрылуы мүмкін.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Моңғолия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ю. Сандагадан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Б.Ә. Баекеновті Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы қызметіне тағайындау туралы» №3420 Жарлығына қол қойды.

21 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Э. Джоунсты қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан-Америка ынтымақтастығын одан әрі дамыту мәселелері қаралды. Атап айтқанда, келешекте барлық салалардағы серіктестік байланыстарды дамытумен тереңірек айналысатын бірлескен комиссия құру мәселесі сөз болды, сондай-ақ АҚШ Елшілігін Ақмола қаласына көшіру мәселесі талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Ә.М. Қажыгелдинді қабылдап, ол зейнетақы реформасын өткізу тұжырымдамасы туралы ақпарат берді.

Мемлекет басшысы «Республикалық ұланның бір топ әскери қызметшілерін Қазақстан Республикасының

мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3421, «А.А. Әлжановқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №3422 жарлықтарына қол қойды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы Наурыз мейрамына орай отандастарын баспасөз бетінде құттықтады.



Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевке, Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Рафсанджаниге, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевқа, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновқа, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовке, Түрікменстан Президенті С.А. Ниязовқа, Түркия Республикасының Президенті С. Демирельге, Башқұртстан Республикасының Президенті М.Г. Рахимовқа, Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевке Наурыз мейрамына орай құттықтау жеделхаттарын жолдады.

24 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 5 жылдығына арналған «Эверест-97» Гималай экспедициясына қатысушыларды қабылдап, оларға Қазақстанның Мемлекеттік туын табыс етті.

Н.Ә. Назарбаев спортшыларды жылы лебізін білдіріп, әлемнің биік тауының шыңына шығуда сәттілік тіледі.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы» №3423, «Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері туралы» №3424 жарлықтарына қол қойды.

25 наурыз

Мемлекет басшысы «Business Week» американдық журналы мен «Sunday Telegraph» ағылшын газетінің тілшілеріне сұхбат беріп, республикамыздың экономикасы мен әлеуметтік саласын реформалау барысы туралы сұрақтарға жауап берді, елдің индустриялық дамуының перспективалары және Қазақстанда халқы әлеуметтік жағынан жоғары қорғалған демократиялық қоғам құру міндеттері туралы әңгімеледі.

Мемлекет басшысы «Ақтөбе облысының Исатай ауданын тарату туралы» №3427 Жарлығына қол қойды.

26 наурыз



Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында «Станок жасау зауыты» АҚ барды және «КИА-Тұлпар» автокөлігінің тұңғыш құрастырылуы салтанатты рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда заманауи автокөліктер құрастыруды жолға қойған «Достық-Интеравто» бірлескен кәсіпорнының табысты қызметін қанағаттанарлықпен атап өтті.

27 наурыз



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына 1997 жылғы 28 наурызда болатын ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін келді.

Сол күні Мемлекет басшысы «Независимая газета» редакциясына барып, оның ұжымымен кездесті, онда Достастық елдерінің келешегі, экономика мен қоғамды реформалаудағы баспасөздің рөлі туралы пікір алмасу өтті.



Содан кейін Мемлекет басшысы құрылысы салынып жатқан Құтқарушы Христос храмына барып, Мәскеу және Бүкіль Русь патриархы Алексий II кездесті. Кездесу барысында Президент «Қазақстанның 150 мың доллар сомасындағы ең үздік мәрмәрі Мәскеу қаласына республиканың храм құрылысына қосқан үлесі ретінде жеткізілетіндігін» мәлімдеді.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Елшілігінде «Лукойл-буинг» ресейлік компаниясымен Ақмола қаласында құрылысы салынуы жоспарланған ғимарат кешенінің макетімен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзияның Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №86-I, «Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы» №87-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери

қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1997 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» №3430, «Б.Н. Ельцинді «Алтын Қыран» орденімен наградтау туралы» №3431, «1997 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» №3432, «Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарының кейбір төрағалары мен судьяларын қызметтен босату туралы» №3433 жарлықтарына қол қойды.

28 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитке қатысушылар бірлескен қызметтің қорытындылары және ТМД даму перспективалары жөнінде пікір алмасты, ТМД экономикалық интеграциялық даму концепциясына, ТМД мүше мемлекеттердің сыртқы шекаралар режимін орнату мен қолдау принциптері туралы декларациясына, сондай-ақ «ТМД мүше мемлекеттердің 1993 жылғы 22 қаңтардағы Тәжікстан және Ауғанстан мемлекеттік шекарасы учаскесіндегі жағдайды тұрақтандыру бойынша шаралар жөніндегі шешімінің мерзімін ұзарту туралы», «ТМД мүше елдерінің қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтері басшыларының кеңесі туралы» қаулыларына және т.б. құжаттарға қол қойды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды. ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

СӘУІР

1997



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 қазандағы №3144 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №3434, «Ақмола облысының Сілеті аудандық сотын, Ақтөбе облысының Исатай аудандық сотын, Жамбыл облысының Шу қалалық сотын және Талдықорған облысының Бөрлітөбе аудандық сотын тарату туралы» №3435, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» №3436 жарлықтарына қол қойды.

Мемлекет басшысы Қазақстан, Ресей, Қырғызстан слаломшыларының қатысуымен Қазақстан Республикасының таулы шаңғы спорты бойынша ашық чемпионаты болып өткен «Шымбұлақ» таулы шаңғы базасына барып, жеңімпаздар мен жарысқа қатысушыларды құттықтады.

2 сәуір

Мемлекет басшысы «Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №88-I Заңына қол қойды.

3 сәуір

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3438 Жарлығына қол қойды.

4 сәуір

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3439–3442 жарлықтарына қол қойды.


5 сәуір

Мемлекет басшысы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін белгілеу туралы» №3443, «Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының тізбесін бекіту туралы» №3444, «Инвесторлармен контракт жасасу кезіндегі жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі және оларды берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №3445 жарлықтарына қол қойды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Лицензиялау туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №89-I Заңына қол қойды.

8 сәуір



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында ОАЭҚ, Кеден одағы, ТМД аясындағы экономикалық өзара іс-әрекет мәселелеріне, өңірлік қауіпсіздік проблемаларына баса назар аударылды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы мәңгілік достық туралы шартқа және Әскери саладағы ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

9 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен бірге Ақмола облысы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында Ақмола қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде профессорлық-оқытушылық құраммен және студенттермен кездесті.

Кездесуде Қырғызстан Президенті А.А. Ақаевқа «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрметті докторы» дипломы табыс етілді.

10 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары өкілдерінің, Үкіметі мүшелерінің, облыстар әкімдерінің қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңес қорытындысы бойынша Президент Үкіметке 1997 жылғы 1 шілдеден бастап ай сайынғы зейнетақы төлеуді қамтамасыз етуді, ал 1997 жылдың аяғына дейін бюджет қаражаты есебінен зейнетақы бойынша барлық қарыздарды өтеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы «Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы» №90-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Зейнетақылар мен еңбекақыны уақтылы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы» №3446, «Б. Сәрсековті Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық

қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі — Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №3447, «Қ.Ы. Нағманов туралы» №3448 жарлықтарына қол қойды.

11 сәуір

Мемлекет басшысы «Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар жарлықтарына толықтырулар енгізу жөнінде» №91-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №92-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Мемлекеттік бюджет пен міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына қаражат түсімдерін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» №3450 Жарлығына қол қойды.

14 сәуір

Мемлекет басшысы «Атом энергиясын пайдалану туралы» №93-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қарағанды қаласының Железнодорожный ауданын тарату туралы» №3451 Жарлығына қол қойды.

15 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің кезекті отырысына қатысып, онда кейбір алқа төрағаларының, облыстар мен оларға теңестірілген соттардың судьялары лауазымдарына тағайындаулар туралы мәселелер қаралды.

16 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясына барып, профессорлық-оқытушылық ұжымымен және студенттерімен кездесті.



Мемлекет басшысы «Тұрғын үй қатынастары туралы» №94-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №95-I, «Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы» №96-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттарының кейбір алқа төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау, облыстық соттың төрағасы міндетін атқарудан әрі облыстық және оларға теңестірілген соттардың кейбір судьяларын қызметтен босату туралы» №3456 Жарлығына қол қойды.

17 сәуір



Мемлекет басшысы Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында журналистика проблемалары, экономика мен әлеуметтік саланы реформалауды басынан өткерген қазақстандық қоғамның жай-күйі мен келешегі туралы пікір алмасу өтті.

Содан кейін Президент Журналистер аллеясының алғашқы іргетасын салуға қатысып, бірінші ағаш көшетін отырғызды.



Сол күні Мемлекет басшысы Алматы-I темір жол бекетінде өткен елдің теміржол көлігін дамыту және қайта жарақтандыру бойынша жобаны іске асырудың басталуына арналған митингке қатысты.

Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «Алматы-I бекетінің вагондық депосын қалпына келтіруге 9 млрд. жапондық иена бөлінетінін әрі бұл тек бастамасы ғана екенін» атап өтті.

Мемлекет басшысы «В.Л. Меттені Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3457, «Н.А. Шәріпова мен Р.С. Сүлейменовке Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №3459, «Р. Фриманды «Достық» орденімен наградтау туралы» №3460 жарлықтарына қол қойды.

18 сәуір



Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі А. Велаятиді қабылдады.

Әңгіме барысында екіжақты ынтымақтастық мәселелері, өзара қызығушылық тудыратын өзекті халықаралық және өңірлік проблемалар талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның Татар мен татар-башқұрт қоғамдық және мәдени орталықтары қауымдастығының жаңа кеңсесіне барды.

Кездесу барысында татар тілінде оқытатын мектеп сыныптары мен бала бақшаларды ұйымдастыру, Қазақстанда Татарстанның ресми өкілдігін ашу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы өнер қайраткерлері — татар диаспорасының өкілдеріне мемлекеттік наградаларды, сондай-ақ Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрмет грамоталарын табыс етті.

Мемлекет басшысы «Солтүстік Қазақстан облысының Москва және Соколов аудандарын тарату, Бескөл және Ленин аудандарын қайта атау туралы» №3461 Жарлығына қол қойды.

19 сәуір

Мемлекет басшысы «Каспий құбыр арнасы консорциумы туралы» №3464 Жарлығына қол қойды.

21 сәуір

Мемлекет басшысы ЕҚДБ бірінші вице-президенті Р. Фриманды қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Р. Фриманға Қазақстанды халықаралық экономикалық қоғамдастыққа ықпалдастыру ісіне қосқан зор жеке үлесі үшін «Достық» орденін табыс етті.





1



2



3

«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

I-ші дәрежелі «Достық» ордені (1-сурет) жұлдыздан және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — омырауға тағатын орден белгісінен (3-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған «Республикадағы тұрғын үй-коммуналдық саланы реформалау. Қорытындылары, проблемалары, перспективалары» бүкілқазақстандық конференциясына қатысушыларға үндеу жолдады.

Н.Ә. Назарбаев конференцияға қатысушыларға мықты денсаулық және Қазақстан экономикасын реформалаудың маңызды әрі қорытынды кезеңі болып табылатын тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реформалауда табысқа жетулерін тіледі.

22 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» №3465, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы» №3466, «Алматы қаласының шекарасын өзгерту туралы» №3469, «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы» №3470 жарлықтарына қол қойды.

23 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына 1997 жылғы 24 сәуірде болатын Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысу үшін келді.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінде ресейлік бұқаралық ақпарат құралдары журналистері үшін баспасөз конференциясын өткізді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3471, «Өлім жазасына — атуға кесілген кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №3472, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3473 жарлықтарына қол қойды.

24 сәуір



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысуына байланысты болған кезінде Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьмен және Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен екіжақты кездесулер өткізді.

ҚХР Төрағасымен әңгімесінде өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері және екі елдің мемлекетаралық байланыстарын кеңейту перспективалары туралы пікір алмасты.

Б.Н. Ельцинмен әңгімелесуде екіжақты қатынастардың өзекті мәселелері, сондай-ақ Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және ТМД одағы

аясында жалпы көпжақты негізде ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Ресей Федерациясы мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысып, оның барысында Бірлескен шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы бесжақты келісімге қол қойылды.

Шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы бесжақты келісім мен 1996 жылы бұған дейін қол қойылған Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісім өңірдегі тұрақтылықтың және Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы тату көршілік қатынастардың берік негізін қалады, және олардың «Шанхай бестігі» және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) тәрізді өңірлік ұйымдар аясындағы тығыз ынтымақтастығының бастауы болды.

Мемлекет басшысы «Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» №3474 Жарлығына қол қойды.

27 сәуір



Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Әулие-Вознесенский кафедралды соборына барып, онда Алматы және Семей архиепископы Алексиймен бірге собор ішін қарап шықты, ғибадатхананы қалпына келтіруге қатысқан адамдардың есімдері жазылатын кітапқа жазба қалдырды.

Әулие-Вознесенский кафедралды соборы — Алматы қаласындағы 28 гвардиялық панфиловшылар саябағының басты назар аударарлық орны. Биіктігі 56 метр бұл инженерлік құрылымы жағынан бірегей ғимарат құрылысы 1904 жылы сәулетші А.П. Зеньковтың жобасы бойынша бір тал шегесіз Тянь-шанның көгілдір шыршасынан салынған. Собор 1887 жылғы жойқын жер сілкінуден кейін, қаланың барлық құрылыстары түгелге дерлік қирап қалған соң салынған болатын. А.П. Зеньков сейсмоқауіпті аймақтардағы құрылыстың жаңа әдісін ойлап тауып, соның арқасында собор 1911 жылы 10 балдық жер сілкінісіне төтеп бере алды. Собор қабырғаларын жергілікті суретші Н. Хлудов көркемдеді. Кеңестік кезеңде ғимаратта өлкетану мұражайы болған, ал 1995 жылғы мамырда ғимарат православиелік шіркеуге берілді. Екіжылдық қалпына келтіру жұмыстарынан кейін, 1997 жылы Соборда православиелік қызмет қайта жанданды.

28 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы О.Ә. Жандосовты қабылдап, Ұлттық банктің 1996 жылғы және 1997 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмыс қорытындылары туралы есебін тыңдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы» №97-I Заңына қол қойды.

29 сәуір



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының танымал ғылым қайраткерлері және отандық әдебиет пен өнер шеберлері — Ә. Әбішевті, Ә.К. Нұрпейісовті, Р.Т. Бағлановы, К.Н. Нәрібаевты, А.Қ. Жағановы қабылдады.

Кездесу барысында ұлттың адамгершілік және рухани саулығын дамыту мен сақтау, халықтық білім беруді реформалау, өсіп келе жатқан ұрпақ проблемалары туралы тыңғылықты әңгіме өрбіді.

Президент республиканың мәдениет және өнер қайраткерлерін қоғамды рухани жаңғырту мен егеменді Қазақстанның жас ұрпақтарын тәрбиелеуге белсене қатысып, бар күш-жігерін, тәжірибелері мен білімдерін жұмылдыруға үндеді.

30 сәуір

Мемлекет басшысы «Қостанай облысының Жетіқара қаласы мен Жетіқара ауданы атауларының транскрипциясын өзгерту туралы және Жетіқара қаласын аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызу туралы» №3475, «Түркі тілді мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО мен Бүкілдүниежүзілік туристік ұйымның Ұлы Жібек жолы бойындағы туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобасын Қазақстан Республикасында іске асыру туралы» №3476, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 1 қазандағы №1356 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы» №3477, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1996 жылғы жылдық есебін бекіту туралы» №3478 жарлықтарына қол қойды.

МАМЫР 1997



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	



2 мамыр

Мемлекет басшысы «Көкшетау облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» №3482 Жарлығына қол қойды.

3 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы» №3483 Жарлығына қол қойды.

4 мамыр

Мемлекет басшысы «Талдықорған және Торғай облыстық соттарын тарату, кейбір аудандық соттарды тарату, құру және қайта атау туралы» №3484 Жарлығына қол қойды.

5 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Италия Республикасының Президенті Скальфаромен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастардың өзекті мәселелері және Қазақстан мен Италия, ЕО елдері арасындағы саяси және экономикалық ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды.

Кездесу соңында О. Скальфаро Н.Ә. Назарбаевқа Италияның жоғарғы наградасы — «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденінің жоғарғы дәрежесі «Үлкен таспамен безендірілген Үлкен крест» орденін табыс етті.



Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.







«Үлкен таспамен безендірілген Үлкен крест» ордені «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденінің жоғарғы дәрежесі болып табылады.

«Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» ордені 1951 жылы тағайындалған және ұлт алдында әдебиет, өнер, экономика, қайырымдылық салаларындағы, мемлекеттік, қоғамдық, әскери және гуманитарлық қызметтердегі елеулі еңбегі үшін марапаттауға арналған.

Орденнің 5 дәрежесі бар: Үлкен крест кавалері, Жоғары офицер, Командор, Офицер және Кавалер ордендері.

«Үлкен крест кавалері» орденінің «Үлкен таспамен» үйлесімі Италияның жоғары наградасы болып есептеледі және олармен италиялық ұлт алдында сіңірген еңбектері үшін мемлекеттердің басшылары ғана марапатталады.

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясының президенті К. Деррді қабылдады.

Кездесу барысында Каспий құбыры консорциумы бойынша құжаттарға қол қоюмен байланысты бірлескен кәсіпорынның келешегі талқыланды.

6 мамыр

Мемлекет басшысы Италия Республикасының Президенті О. Скальфаромен оның Қазақстан Республикасына ресми сапарының бағдарламасы аяқталуына байланысты кездесті.



Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы гарнизонының мотоатқыштар бригадасы орналасқан жерде болып, жауынгерлік белгілер — егеменді Қазақстанның жаңа әскери символдарын салтанатты түрде табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қ.И. Берқалиевке, В.П. Бондаренкоға, У.Б. Еламановқа, М.Ш. Ыбыраевқа, О.Қ. Рақышевқа жоғары әскери атақтар беру туралы» №3486, «Г.Ж. Қарағұсованы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №3487, «Ф.И. Щербаковты «Құрмет» орденімен наградтау туралы» №3488 жарлықтарына қол қойды.

7 мамыр



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 5 жылдығына орай бір топ әскери қызметшілерді қабылдады.

Жиналғандарды мерейтоймен құттықтай келе, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары Ф.И. Щербаковқа генерал-майор әскери атағын берілгендігін жария етті және оған «Құрмет» орденін табыс етті.



«Құрмет» ордені 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік статистика туралы» №98-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң

актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №99-I, «Азаматтық қорғаныс туралы» №100-I, «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» №101-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Батыс Қазақстан облысының Ақжайық және Тайпақ аудандарын тарату, Чапаев ауданын қайта атау туралы» №3489, «Павлодар облысының Ақсу және Екібастұз аудандарын тарату туралы» №3490 жарлықтарына қол қойды.

9 мамыр



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Жеңіс күніне арналған мерекелік шараларға қатысты.

Президент 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябақта Даңқ мемориалының алдындағы Мәңгілік алауға гүлтәжін қойып, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды және рәсімге қатысқан соғыс ардагерлерін Жеңіс күнімен құттықтады.

«Жеңістің әрбір мерекесі біздің жүректерімізге ертеңгі күн үшін сенімділікті, жарқын болашаққа деген үмітті ұялатады. Осы сенімділік бізге бүгін де керек. Қазақстанның біріккен, біртұтас көпұлтты халқы уақыттың талабына жауап беріп, әлемдік қоғамдастықта лайықты орынға ие болатын демократиялық құқықтық мемлекетті құра алатындығына сенімдімін...», — деді Н.Ә. Назарбаев.

10 мамыр



Мемлекет басшысы Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне сапардан кейін отанына қайтар жолда Қазақстанда қысқаша аялдаған Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Кольмен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев кездесу барысында: «... Қазақстанның Германиямен ынтымақтастығы орасан зор перспективаларға ие. Бізде үлкен неміс диаспорасының тұрып жатқаны бұған дәлел. Осы сәтті пайдалана отырып, барша қазақстандық немістерге айтарым: өз отаныңыз — Қазақстаннан кетпеңіздер, осы елді мекендеген өзге ұлт өкілдерімен бірге ең жақсы болашақты құрыңыздар», — деп атап айтты.

12 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №102-I, «Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры мен Қазақстан Республикасы арасындағы Ертіс өзеніне салынатын көпір

құрылысының жобасы бойынша Қарыз туралы 1997 жылғы 12 наурыздағы келісімді бекіту туралы» №103-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «В.А. Брынкин туралы» №3492, «Д.Б. Жанғалов туралы» №3493, «Е.Б. Смайылов туралы» №3494, «Ө. Өзбеков туралы» №3495, «Жамбыл облысының Жаңатас, Қаратау қалаларын аудандық маңызы бар қалалардың санатына жатқызу, Сарысу және Талас аудандарының әкімшілік орталықтарын көшіру туралы» №3497, «Ж.М. Жұманбеков туралы» №3498, «Ә.Ә. Мұсаевты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3499 жарлықтарына қол қойды.

13 мамыр



Мемлекет басшысы Түрікменстан астанасы Ашғабад қаласында өткен ЭЫҰ Мемлекет басшылары кеңесінің V отырысына қатысты.

Отырысқа сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиев, Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Б. Раббани, Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Рафсанджани, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов және Түркия Республикасының Президенті С. Демирель қатысты.

Қазақстан Президенті өз сөзінде ЭЫҰ қатысушы елдерінің алдында тұрған көлік саласы, коммуникациялар мен ұлттық және трансұлттық құбырлар желісін дамытудағы басты проблемаларға назар аударды. Ол құрылып жатқан Трансазиялық теміржол магистралі қолданыстағы жүк ағымдарына жаңа балама болып табылатынын, оның барынша тиімділігіне қол жеткізу үшін ұлттық теміржол магистральдарының жеке учаскелерін жөндеп, жүк ағымдарының ең ұтымды бағыттарын таңдап, тиісті құқықтық база мен тарифтік саясатты жасау қажеттігін баса айтты.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Каспий теңізінің мәртебесі жөніндегі мәселелерді шешуде бірыңғай саясатты жасау қажеттігіне және Орталық Азия елдерін байланыстыратын мұнай-газ құбырларын салу мәселелерін уақыт күттірмейтін қажеттілік ретінде ерекше атап өтті.

Саммит қорытындылары бойынша қатысушылар Көлік пен коммуникациялық құрылымды және өңірде трансұлттық құбырларды дамыту жөніндегі Ашғабад декларациясына қол қойды.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) — 1985 жылы Иран, Пәкстан және Түркия елдерімен құрылған өңірлік мемлекетаралық экономикалық ұйым. Ол сол қатысушылармен 1977 жылғы 12 наурызда қол қойылған Измир шарты негізінде әрекет еткен Өңірлік даму ынтымақтастығы ұйымының құқығын иеленуші болып табылады.
1992 жылдың басына дейін ЭЫҰ аясындағы ынтымақтастық негізінен екіжақты сипатта болды. 1992 жылдан бастап ұйым қызметі жаңадан 7 мемлекеттің — Әзірбайжан, Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның қосылуына байланысты айтарлықтай белсенді бола түсті.
1995 жылы ЭЫҰ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанынан, сондай-ақ ИКҰ жанынан байқаушы мәртебесіне ие болды.
Мемлекет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Тұрақты өкілдер кеңесі, Өңірлік жоспарлау кеңесі, Хатшылық ЭЫҰ органдары болып табылады.
ЭЫҰ хатшылығы 3 жылдық мерзімге Сыртқы істер министрлері кеңесімен сайланатын Бас хатшымен тағайындалады.

Мемлекет басшысы ЭЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің V отырысының жұмысы аясында Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевпен, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен, Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен, Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Рафсанджанимен, Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Б. Раббанимен екіжақты кездесулер өткізді.

15 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы облысының Абай атындағы Қаскелең орта мектебінің директоры М. Мұхановты және өзінің мектеп қабырғасындағы жетекші ұстазы, Қазақстан Республикасының қарт педагогы С. Ахметұлын қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев жалпы халықтық білім беру проблемаларына, құрылғанына 60 жыл толғалы отырған туған мектебінің жай-күйі мен жұмысына қызығушылық танытты.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартқа Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №104-I, «Мемлекеттердің Айдағы және басқа да аспан денелеріндегі қызметі туралы келісімге

Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №105-I, «Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді қайтару туралы келісімге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №106-I, «Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №107-I, «Ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді тіркеу туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» №108-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қарашадағы №2594 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №3504 Жарлығына қол қойды.

16 мамыр




Мемлекет басшысы Қазақстанға танысу сапарымен келген Ресей Федерациясы Президентінің бас хатшысы С.В. Ястржембский бастаған ресейлік БАҚ басшыларын қабылдады.

Кездесуде Н.Ә. Назарбаев экономикалық және саяси реформалар барысы, Қазақстан-Ресей қатынастары және екі елдің масс-медиаларының ынтымақтастығы туралы әңгімелеп берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы қарыз туралы (Сумен жабдықтау жөніндегі пилоттық жоба) 1997 жылғы 24 қаңтардағы келісімді бекіту туралы» №109-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №110-I заңдарына қол қойды.

19 мамыр



Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Балқаш қаласында Н.Ә. Назарбаев таулы-металлургиялық комбинаттың жұмысшыларымен кездесті және Коунрад кенішіне барды.

Жезқазған қаласында Президент мыс нығыздау зауытының жұмысымен танысты, жергілікті ЖЭО болып, «Samsung Group» корпорациясының қатысуымен салынған жаңа медициналық орталықты қарап шықты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» №111-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы (азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөнінде)» №112-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3506, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3507, «Шетелдерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3508, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №3511 жарлықтарына қол қойды.

20 мамыр

Мемлекет басшысы төрт мемлекет шартының («4+N») Интеграциялық комитетінің төрағасы, ТМД Экономикалық одағы Мемлекетаралық экономикалық комитетінің төралқа мүшесі, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Н.Қ. Есенғаринді қабылдады.

Әңгіме барысында Атқарушы хатшылықтың, Мемлекетаралық комитеттің және ТМД басқа да жұмыс органдарының қызметін белсендіру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинге Каспий құбыры консорциумының қорытынды құжаттарына қол қойылуына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Каспий құбыр арнасы консорциумы (ҚҚК) — ҚҚК мұнай құбырын салған және қолданатын халықаралық акционерлік компания. Ол Батыс Қазақстанның (Теңіз, Қарашығанақ) мұнай кен орындарын Ресейдің Қара теңіз жағалауымен (Новороссийск қаласының маңындағы Южная Озереевка терминалы) жалғастырады. Мұнай құбырының ұзындығы — 1510 шақырым. Бірінші кезегінің қуаты — жылына 28,2 млн.тонна, оның ішінде 22 млн. тоннасы Каспийден шыққан мұнай.

21 мамыр

Мемлекет басшысы Азиялық даму банкінің вице-президенті П.Г. Салливанды қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан Республикасының әлемнің ең ірі банктерінің бірімен үшжылдық ынтымақтастығының қорытындылары талқыланды және одан әрі ынтымақтасу перспективалары қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №3512, «Ә.Ә. Мұсаевқа генерал-майор жоғары әскери атағын беру туралы» №3513, «Атырау облысының Балықшы ауданын тарату туралы» №3515, «Каспий теңізін зерттеу жөніндегі халықаралық консорциумның бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3516 жарлықтарына қол қойды.

22 мамыр



Мемлекет басшысы «Samsung Group» корпорациясының президенті Сонг Вун Лиді қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан Республикасының тау-кен базасын дамыту мәселелері мен «Жезқазған түстіметалл» АҚ кәсіпорындарында мыс өндірісін кеңейту келешегі қаралды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен халықаралық транспортшылар конференциясына қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

«Алматы қаласының осы өкілдік кездесуді өткізу орны ретінде таңдап алынуы кездейсоқ емес. Еліміз Шығыс пен Батыстың стратегиялық маңызды көлік жолдарының қиылысында орналасқан және жалпы көлік пен коммуникацияларды жетілдіру мәселелерін ең басым экономикалық бағыттардың бірі, сондай-ақ бейбіт шаруашылық байланыстарға енудің маңызды факторы деп есептейді...», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасының Президенті Н. Багабандиге оның осы жоғары лауазымға сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3517, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3518–3521, «Қ. Медеубековке «Қазақстанның еңбек сіңірген

ғылым және техника қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №3522 жарлықтарына қол қойды.

23 мамыр



Мемлекет басшысы Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұнай қорларын барлау бойынша жұмыстарын аяқтаған «Қазақстан-Каспийшельф» халықаралық консорциумының бір топ жұмысшыларын қабылдап, оларға Қазақстанның жоғары наградаларын табыс етті.

Президент қолынан «Құрмет» орденін — К. Ибрашев пен Б.М. Қуандықов, «Ерен еңбегі үшін» медалін Ж. Марабаев пен Италия азаматы Дж. Таронна алды.



1



2

«Құрмет» ордені (1-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

«Ерен еңбегі үшін» медалі (2-сурет) 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстары үшін марапатталады.



Сол күні Мемлекет басшысы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ инвестициялауға қатысқан индонезиялық бизнесмендер А. Панигоро мен Х. Панигороны қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның табиғи байлықтарын игеруге шетелдік бизнесмендердің қатысуы артқанын әрі кеңейе түскенін атап өтті, және «өзара ынтымақтастық пен республика экономикасына инвестициялар мен жаңа технологияларды енгізу халықтың әл-ауқатының артуына қызмет ететінін» айтты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Жезқазған, Көкшетау және Семей облыстық соттарын тарату, кейбір аудандық (қалалық) соттарын басқа облыстарға жатқызу және қайта атау туралы» №3524, «Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) соттарының кейбір төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау, аудандық (қалалық) соттарының кейбір төрағалары мен судьяларын қызметтен босату туралы» №3525, «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының нышандары мен ведомстволық наградалары туралы»

№3526, «Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» №3528 жарлықтарына қол қойды.

26 мамыр

Мемлекет басшысы оңтүстік кореялық «Daewoo» корпорациясының төрағасы Джунг У Ким бастаған өкілдерін қабылдады.

Өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту перспективалары, Қазақстандағы телекоммуникация желілерін дамыту мен жетілдіру туралы пікір алмасу өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссары С. Огатуды қабылдады.

Кездесу барысында өзара мүдделілік танытқан мәселелер, атап айтқанда, Ауғанстандағы қазақ диаспорасын тарихи отанына көшіру мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық қоғамдастықтардың және оларға мүше мемлекеттердің арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №113-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің нышандары және оның қызметкерлерінің нысандық киімкешегі туралы» №3530, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы №2542 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №3531 жарлықтарына қол қойды.

27 мамыр

Мемлекет басшысы Ұлттық жерсеріктік телерадиохабар мен мәліметтерді тарату жүйесін басқару бас орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсімде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Осы орталықтың ашылуы үлкен саяси мәнге ие, себебі ол мемлекеттің тәуелсіздігін ғана емес, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, телерадиохабар арналарының саны мен сапасын айтарлықтай арттырады. Ол экономиканың, қаржының дамуына

ықпал етеді. Білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау органдарының жұмысын жаңа деңгейге көтереді...», — деді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның дарынды жастары өкілдерімен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев кездесуге қатысушылардың көптеген сауалдарына жауап берді және «жақын арада барлық мектептер, бірінші кезекте ауыл мектептері компьютерлендірілетінін, бұл дегеніңіз барлық оқушыларға жаңа мүмкіндіктердің ашылуы екенін» хабарлады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №114-I Заңына қол қойды.

28 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өз жұмысын бастаған және қазақстандық археология мен этнография негізін қалаушы Ә.Х. Марғұланды еске алуға арналған «Дала мен мәдениет. Заманның ұлы жолы» атты халықаралық симпозиум қатысушыларына сәлемдеме жолдады.

30 мамыр

Мемлекет басшысы БҰҰ Гуманитарлық мәселелер жөніндегі бас хатшысының орынбасары М. Акашиді қабылдады.

Кездесу барысында БҰҰ ынтымақтастығын тереңдету мәселелері, сенім шаралары, табиғат зардаптарымен күрес, Семей мен Арал маңындағы экологиялық жағдай бойынша проблемалар талқыланды. Тараптар сондай-ақ Ауғанстандағы жағдайға баса назар аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстанға «Дала мен мәдениет. Заманның ұлы жолы» атты халықаралық симпозиумға қатысу үшін келген танымал ғалым, «Қыпшақ даласының жусаны» кітабының авторы М. Аджиді қабылдады.

Әңгіме барысында Еуразияда қоныстанған түркі халықтарының тарихи өткені мен тағдырының мәселелері сөз болды, сондай-ақ Еуразиялық Одақ құру идеясы туралы пікір алмасу өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы тоталитарлық жүйенің саяси қуғын-сүргін құрбандары болған Қазақстан азаматтарын қабылдады.

Әңгіме барысында Г. Дулатова, Б. Мұстафин, Э. Тер-Погосян және В. Ершов Н.Ә. Назарбаевқа жазықсыз жапа шеккен мыңдаған қуғынға ұшыраған қазақстандықтарға ерекше қамқорлық көрсеткені үшін шынайы алғыстарын жеткізді және Мемлекет басшысының 1997 жылды Жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы бастамасын қолдайтындықтарын мәлімдеді.

31 мамыр

Мемлекет басшысы сталиндік дәуірдің саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген орынға орнатылған мемориалдық тастың алдында өткен қаралы митингке қатысып, тас тұғырына гүлтәжін қойды.

Мемлекет басшысы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай баспасөз бетінде қазақстандықтарға үндеу жариялады.

«Біздің елімізде тұңғыш рет Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні аталып өтуде. Өзіміздің азаматтық борышымызды орындай отырып, біз тоталитарлық режимнің жендеттері қатал, жөнсіз қуғынға ұшыратқан ешбір жазықсыз отандастарымызды еске алып, қайғы-қасіретпен басымызды иеміз. 1920 жылдары бастау алған қызыл террор саясатының қанды толқыны 1930-шы, 1940-шы және 1950-ші жылдардың басында бүкіл елдің аумағын жайлап кетті. Миллиондаған адамдардың қаны, көз жасы мен қасіреті — гуманизм бетпердесін жамылған және ең жоғары идеалдардың өсиетін бүркемеленген қара ниетті озбырлық үшін адамдар осындай күйге түсті... Жендеттердің зорлығы мен жәбірін көріп, осы күнге жете алмаған әкелеріміз бен аналарымыз, ағаларымыз бен апаларымыз туралы естелік ұрпақтарымыздың есінде мәңгі сақталсын», — деді Н.Ә. Назарбаев.

МАУСЫМ 1997



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	


GA-201

2 маусым



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында экономикалық және саяси ынтымақтастықты тереңдету, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік, Орталық Азия мен ТМД елдерінің ықпалдасуы мәселелері талқыланды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев И.А. Каримовқа Қазақстан мен Өзбекстан халықтары арасындағы достық пен сенімді нығайтуға қосқан елеулі үлесі, экономика және қорғаныс салаларында өзара тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықты, Орталық Азия өңірінде тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайтуға ұдайы ұмтылысы үшін «Алтын Қыран» орденін табыс етті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында жан-жақты ынтымақтастықты және достық қарым-қатынастарын әрі қарай тереңдету туралы декларацияға, Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы шартқа, Инвестицияларды өзара ынталандыру мен қорғау туралы, еркін сауда туралы, өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы, электрондық және пошта байланысы саласындағы ынтымақтастық туралы, теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы, құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімдерге қол қойылды.



1



2

«Алтын Қыран» ордені Қазақстан Республикасының ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады.

1995 жылы бекітілген. Орденмен қазақстандық және шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін марапатталады. Орден жұлдыздан (1-сурет) және ілмекті алқалық белгіден (2-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы «Шетелдік инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №115-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «И.Ә. Каримовты «Алтын Қыран» орденімен наградтау туралы» №3537 Жарлығына қол қойды.

4 маусым

Мемлекет басшысы Орталық Азиялық- Американдық кәсіпкерлікті қолдау қорының төрағасы С. Соларцты қабылдады.

Әңгіме барысында тараптар Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жай-күйі мен одан әрі ынтымақтасу перспективаларын талқылады.

5 маусым



Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған «Қазақстандық инвестициялық саммит» халықаралық экономикалық форумына төрағалық етіп, оған 60-тан аса шетелдік компаниялар мен халықаралық ұйымдардың басшылары мен өкілдері қатысты.

Президент Қазақстанның инвестициялық саясаты туралы әңгімелеп берді және форумға қатысушыларды жаңа экономиканы бірлесіп құруға шақырды.

Сол күні Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясының президенті К. Деррді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның корпорациямен ынтымақтастығының мәселелері талқыланды, «Теңізшевройл» БК мен Каспий құбыры консорциумын дамыту перспективалары қаралды.

Мемлекет басшысы «Е.Т. Ильинскийді «Отан» орденімен наградтау туралы» №3538, «Эверест-97» экспедицияның мүшелері — бір топ спортшыларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3539, «П.М. Новиковқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №3540 жарлықтарына қол қойды.

6 маусым



Мемлекет басшысы Ақмола қаласында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының IV сессиясына төрағалық етті.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқының азаматтық таңдауы — тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар» атты сөйлеген сөзінде: «Біздің еліміз алдағы уақытта да ілгерішіл ұлттық саясат жүргізетін, болашақ ұрпақтардың бейбіт өміріне, әр адамның еркін дамуына және барлық этностарымыздың арасындағы үйлесімге кепілдік беретін демократиялық мемлекеттің заңдары бойынша өмір сүреді. Осындай

мемлекет орнатып, біз талай тауқыметті бастан кешкен, бірақ бірегей көпұлтты Қазақстан халқын асырап сақтаған, баулып-түлеткен мейірімі мәңгі де дарқан қасиетті қазақ жерінің алдындағы, қазақстандықтардың ұрпағы алдындағы өз парызымызды орындайтын боламыз», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Президент баяндамасының соңында бір топ қазақстандықтарға Қазақстан халықтары Ассамблеясының Құрмет грамоталарын табыс етті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған болатын.

Этникааралық мәселелер жөніндегі қоғамдық институтты құру идеясын алғаш рет Мемлекет басшысы 1992 жылы Қазақстан халықтарының I Форумында жариялаған болатын. Ассамблея міндеттері Қазақстанда этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, руханимәдени жаңаруға және оның аумағында өмір сүретін этностарды теңқұқылық принципін сақтау негізінде дамытуға жәрдемдесу, этникалық мүдделердің көптүрлілігін ескере отырып, мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Ассамблея құрылымына сондай-ақ барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында әрекет ететін және әкімдер жанында консультативтік кеңесші орган мәртебесіне ие Кіші Ассамблеялар да кіреді.

21 мамыр 2007 жылғы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді, конституциялық мәртебеге ие болды, өздерінің өкілдерін Парламент Мәжілісіне ұсынуға мүмкіндік алды.

20 тамыз 2007 жылы Ассамблеядан Мәжіліске 9 депутатты сайлау болып өтті.

2008 жылдың қазанында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.

7 маусым

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болды.



Президент Павлодар қаласындағы «Қазақстан алюминийі» АҚ электролиз зауытының болашақ құрылысы орнына тас салу салтанатты рәсіміне қатысты.

Митингте сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «алюминий шығаратын зауыт құрылысы Қазақстанның осы металға деген сұранысын толық қанағаттандыруға, сондай-ақ оны экспортқа шығаруға мүмкіндік беретінін» ерекше атап өтті.

9 маусым



Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Сауд Арабиясы Корольдігінің елшісі Ибрагим Мохаммед Мусселиден және Ресей Федерациясының елшісі В.Д. Николаенкодан сенім грамоталарын қабылдады.



Мемлекет басшысы әлемнің ең биік шыңына шығып, өздерінің спорттық жетістігін Қазақстан тәуелсіздігінің 5 жылдығына арнаған «Эверест-97» қазақстандық экспедиция қатысушыларын қабылдады.

Эверест шыңын бағындырушылар Н.Ә. Назарбаевқа ғаламшардың ең биік шыңында болған Қазастанның Мемлекеттік туын табыс етіп, Эверестке шығуға және дайындық жүргізуге қолдау мен көмек көрсеткені үшін алғыстарын білдірді.

Президент спортшыларды жеңісті тауға шығуларымен құттықтап, ерліктері мен қаһармандықтарын көрсеткені үшін алғыс білдірді және спортшыларға Қазақстанның мемлекеттік наградаларын табыс етті. «Отан» ордені — Е.Т. Ильинскийге, II-ші дәрежелі «Айбын» ордені тау басына оттегі маскасын кимей шыққан В.И. Сувигаға табыс етілді. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Спорт комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Орталық әскери спорттық клубының бастығы П.М. Новиковке генерал-майор погондары берілді.



1



2



3



4

«Отан» ордені (1-сурет) 1993 жылы белгіленді. Бұл орденмен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі үшін марапатталады.

«Айбын» ордені 1995 жылы тағайындалған. Үш дәрежесі бар. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және басқаларының қызметкерлері жауынгерлік даярлықта, әскерлердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейін ұстауда, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін; әскери және қызмет бабындағы парызын өтеудегі көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғауда жасаған ерлігі үшін марапатталады.
I (2-сурет) және II (3-сурет) дәрежелі «Айбын» ордендерімен кіші және аға офицерлік құрамдағы тұлғалар марапатталады.

III дәрежелі (4-сурет) «Айбын» орденімен солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер мен мичмандар марапатталады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №116-I Заңына қол қойды.

10 маусым



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық, ТМД даму жолдары, ЭЫҰ шеңберінде бірлесіп әрекет ету, Каспийдің құқықтық мәртебесін белгілеу мәселелерін талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдету туралы декларацияға, Мұнайды халықаралық нарықтарға тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға, Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы келісімге, Бас бостандықтарынан айыруға сотталған тұлғаларды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы келісімге, сондай-ақ бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы туралы конвенцияны бекіту туралы» №117-I, «Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы» №118-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір аудандық (қалалық) соттарын тарату, құру және қайта атау туралы» №3541 Жарлығына қол қойды.

11 маусым



Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев «Жаңажол» кен орнына барып, жаңа газтурбиналы стансаның іргетасын салуға қатысты, содан кейін авиажөндеу кәсіпорнына және «Феррохром» АҚ барды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Чехия Республикасы арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №119-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзияның Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №120-I заңдарына қол қойды.

13 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына төрағалық етіп, онда Қазақстан Республикасы Президентінің «Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен белсендіруді күшейту шаралары туралы» Жарлығының орындалу барысы талқыланды, сондай-ақ зейнетақы мен жалақы төлеу мәселелері және елдегі аяқталуға жақын жекешелендірудің жүргізілу барысы қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Лицензиялау туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №121-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Мұнай туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №122-I, «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Ұстап беру туралы шартты бекіту туралы» №123-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №124-I заңдарына қол қойды.

16 маусым

Мемлекет басшысы «Бюджет жүйесі туралы «Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №125-I, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» №126-I, «Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» №127-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелерін бекіту туралы» №3542, «Н.М. Макиевский туралы» №3543, «Ш. Құлмахановты Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау

туралы» №3544, «Ш. Құлмаханов туралы» №3545, «В.В. Храпуновты Алматы қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3546, «В.В. Храпунов туралы» №3547, «Д.Т. Дүйсеновті Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №3548, «Д.Т. Дүйсенов туралы» №3549 жарлықтарына қол қойды.

17 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер екі ел ынтымақтастығының дамуы, Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан және Ресей мемлекеттері басшылары саммитінің өткізілу мерзімі мәселелерін талқылады, сондай-ақ ресейлік дипломаттардың НАТО-мен келіссөздерінің табыстылығын қолдады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің елдегі шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №128-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» №3550 Жарлығына қол қойды.

18 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында кейбір облыстық соттар мен Алматы қалалық сотының төрағалары мен судьяларын лауазымдық тағайындаулар туралы мәселе қаралды.

Мемлекет басшысы «1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №129-I Заңына қол қойды.

19 маусым

Мемлекет басшысы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалау, астықты уақытылы жинап алу және қысқы мерзімдік жұмыстарға кәсіпорындарды дайындау мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Ұлы Ливия Араб Социалистік Халықтық Джамахириясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Рамадан әл-Мабрук Мухаммад әл-Жадиден сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер жағдайындағы жергілікті өкілді органдар жүйесі туралы» №130-I, «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» №131-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №132-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу жөнінде» №133-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №134-I, «Жеке кәсіпкерлік туралы» №135-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ө. Өзбековті Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3552, «Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Н.Ы. Есқалиевті Қазақстан Республикасының Молдова Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №3553, «Қазақстан Республикасының облыстық соттары мен Алматы қалалық сотының кейбір алқа төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау, облыстық соттарының кейбір төрағаларын, алқа төрағалары мен судьяларын қызмттен босату туралы» №3554, «Баспасөз қызметкерлерінің күні туралы» №3555 жарлықтарына қол қойды.

20 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» №136-I,

«Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №137-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының 1997–1998 жылдарға арналған қылмысқа қарсы күрес және 2000 жылға дейінгі құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы туралы» №3558, «Ө. Өзбековке I сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №3559, «Кешірім жасау туралы» №3561, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3562–3565, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі №3057 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №3568 жарлықтарына қол қойды.

21 маусым

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк қаласына БҰҰ Бас Ассамблеясының қоршаған орта мен орнықты даму саласындағы «XXI ғасырдың күн тәртібін» іске асыру барысына шолу мен бағалау жүргізу жөніндегі арнайы сессиясы жұмысына қатысу үшін келді.

23 маусым



Мемлекет басшысы Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының қоршаған орта мен орнықты даму саласындағы «XXI ғасырдың күн тәртібін» іске асыру барысына шолу мен бағалау жүргізу жөніндегі арнайы сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде Арал және Семипалатинск проблемаларына ерекше назар аударды. Қазақстан Президенті: «Семей ядролық полигоны мен Арал теңізінің құрғау проблемалары — Орталық Азия елдері үшін ғана өзекті болып отырған жоқ, ол барлық әлем үшін болжамсыз зардаптар әкелуі мүмкін жаһандық апат ретінде қауіп төндіруде, оларды әлем қауымдастығының назарынсыз және көмегінсіз шешу мүмкін емес», — деді.

Мемлекет басшысы БҰҰ бас хатшысы К. Аннан ұйымдастырған қабылдауда БҰҰ арнайы сессиясына келген мемлекет басшылары мен делегация жетекшілері атынан құттықтау сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы арнайы сессиясының жұмысы аясында Америка Құрама Штаттарының вице-президенті А. Гормен, Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакпен, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен, Украина Президенті Л.Д. Кучмамен, Бразилия Федеративтік Республикасының Президенті Ф. Кардозомен, Аргентина Президенті К. Менеммен, Сингапур Республикасының Премьер-министрі Гок Чок Тонгпен екіжақты кездесулер өткізді.





24 маусым

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы сессиясына қатысуына байланысты Америка Құрама Штаттарында болған кезінде «Қазақстанның жаңа инвестициялық мүмкіндіктері» бизнес-конференциясына қатысты.



Сол күні Мемлекет басшысы БҰҰ бас хатшысы К. Аннанмен кездесті.

Әңгімен барысында К. Аннан Қазақстан Президентінің БҰҰ Бас Ассамблеясы арнайы сессиясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі әлем жұршылығының зор қызығушылығын тудырып, осыған байланысты қазақстандық көшбасшының баяндамасын БҰҰ ресми құжаты ретінде таратуға шешім қабылданды, сондай-ақ Семипалатинск бойынша қарар бірауыздан қабылданды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев К. Аннанға Есік қаласының маңындағы сақ қорғанының қазба жұмыстарында табылған «Алтын адамның» көшірмесін сыйға тартты.



Мемлекет басшысы әлемнің ірі компанияларының өкілдері, Батыстың іскерлік және қаржылық топтарының көшбасшылары — Канаданың бұрынғы премьері Б. Малруни, «Chevron Overseas Petroleum» басшысы Р. Мацке, «Mobil Corporation» басшысы Л. Ното, «Amoco» басшысы У. Лаури, «John Deere» басшысы Г. Беккерер, АҚШ Президенті Әкімшілігінің бұрынғы министрлері Р. Чейни мен П. Петерсон және т.б. бірге іскерлік кешкі асқа қатысты.

26 маусым

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Лондон қаласында Ұлыбританиядағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

28 маусым

Мемлекет басшысы баспасөз бетінде Қазақстанның журналистері, баспагерлері мен баспахана жұмысшыларына құттықтауын жариялап, оларды кәсіби мерекесі — 28 маусымдағы Қазақстанда тұңғыш рет атап өтіліп отырған Баспасөз қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтады.

«Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, топтық немесе кландық мүдделердің ықпалына ұшырамаған еркін, объективті журналистика шын мәнінде ашық қоғам мен өркениетті мемлекеттің міндетті институттарының бірі болып табылады. Ел өмірінің көкейкесті проблемаларын айта отырып, ол «жариялылық дәліздерін» кеңейтіп, демократиялық нормалар мен қағидаттардың орнығуына жағдай жасайды», — делінген құттықтауда.

30 маусым

Мемлекет басшысы бір топ журналистерді қабылдап, оларға Қазақстан Республикасының сыйлықтары мен гранттарын табыс етті.

Н.Ә. Назарбаевтың қолынан сыйлықтарды «Егемен Қазақстан» газеті редакторының бірінші орынбасары Е.О. Смайылов пен Коммерциялық телевизиялық арнасының шолушысы М.Ю. Устюгов алды. Президент гранттары «Панорама» газетінің шолушысы К.К. Еженоваға және «Радио НС» комментаторы К.Е. Ивановқа табыс етілді.

Марапатталғандарды құттықтай отырып, Президент: «Мен нарықтың БАҚ саласына басып кіргенінде сіздердің цехтарыңыздың абыржулы күйін, сіздердің баспасөзді қорғау жөнінде маған жолдаған сан қырлы өтініштер мен петицияларыңызды есімде жақсы сақтадым. Бірақ өмір бәрін өз орнына қойды. Баспасөз бұрынғы жүйеде қалыптасқан асыраушылық көңіл-күйлерді еңсеріп, орнығып, аяғынан нық тұрды... Бұдан былай біз өз ақпараттық саясатымызды қалыптастырып, әлемге елдің өміріндегі жаңалықтар жөнінде шынайы ақпаратты тарата аламыз, телевизия

және радиохабар таратумен қатар, көптеген әлеуметтік-экономикалық салалардың жұмысын жаңа деңгейге көтере аламыз», — деді.

Сол күні Мемлекет басшысы II-ші сессия жұмысының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бірінші шақырылымының бірлескен отырысына қатысты.

Президент өз сөзінде «Екі сессияның, әсіресе соңғысының қорытындылары заңшығарушы органның екіпалаталы құрылымының заңдық тиімділігі мен әлеуметтік үйлесімдігін көрсетті. Оның жұмысындағы нақтылық, құзыреттілік пен жеделдік жалпы елдегі ахуалдың жақсаруына оң әсерін тигізуде», — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №138-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №139-I, ««Қазақстан Республикасы Президентінің «Күзет қызметі туралы» және «Республикалық ұлан туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №140-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №141-I, «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы» №142-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3569, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3570, «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын азаматтардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3571, «Қазақстан Республикасы аудандық (қалалық) соттарының кейбір судьяларын қызметінен босату туралы» №3572 жарлықтарына қол қойды.

ШІЛДЕ 1997



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №143-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 8-ші бабын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №3575, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы №2035 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №3577 жарлықтарына қол қойды.

2 шілде

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге ҚХР Гонконг еркіндігін қалпына келтіруіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес Үкіметтің зейнетақы төлемдері бойынша қарыздарды өтеуінің басталуына байланысты зейнеткерлерге баспасөз бетінде үндеуін жариялады.

Президент: «бұл өтеуді кезең-кезеңмен жүзеге асырып, жыл соңына дейін барлық қарыздарды өтеу жоспарланғанын» айтты. Алдағы уақытта зейнетақы ай сайын төленеді: шілде айында — маусым үшін, тамыз айында — шілде үшін және т.с.с. Осындай тәртіп бюджеттік қызметкерлердің еңбекақыларын төлеуде де белгіленген... Мен барлық деңгейдегі әкімдерге осы маңызды жұмысты жеке бақылауларына алуға тапсырма бердім», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев. — Бұдан басқа, енді олар ай сайын зейнетақы қорына қаржы жинау барысы туралы баяндауға міндетті: зейнетақылардың дер кезінде төленуі оның уақытылы толықтырылуына байланысты».

Н.Ә. Назарбаев зейнеткерлерді «оларға әрқашан қамқорлық көрсеткенін және алдағы уақытта да көрсете беретініне сендірді. Қазақстанда зейнетақы төлеуде іркілістердің орын алуы — барша кеңестік республикаларға тән құбылыс», — деп атап өтті. Бұл біреудің арам пиғылды еркі емес, қатаң экономикалық дағдарыстың нәтижесі. Бүгінгі күнде Үкімет жүргізіп жатқан реформалардың арқасында бұрын жасау мүмкін болмаған — қарыздардан толықтай құтылуға мүмкіндік берді». Президент зейнеткерлерді алдағы

уақытта да үкімет жүргізіп жатқан экономикалық өзгерістерді қолдауға, кез-келген митингтерге шақыратын әділетсіз, дәрменсіз адамдарға сеніп, жетегінде жүрмеуге шақырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №144-I Заңына қол қойды.

3 шілде



Мемлекет басшысы Қазақстанның бір топ мәдениет және өнер қайраткерлерін қабылдады.

Кездесу барысында Президенттік мәдениет пен өнерді қолдау қорынан Қазақстанның шығармашылық қайраткерлеріне тағайындалған 38 стипендия және елдің дарынды жастар өкілдеріне 70 стипендиялары табыс етілді.

Кездесу қорытындылары бойынша Қазақстанның халық жазушысы Ә.Қ. Нұрпейісов Н.Ә. Назарбаевқа «Рухани келісім конгресі» қоғамдық қорының Қазақстан басшысына тағайындаған Халықаралық ұлттық келісім сыйлығын табыс етті.

Президент өз қызметінің осылайша жоғары бағаланғанына ризашылығын білдіріп, 375 мың теңге көлеміндегі сыйақыны Алматы қаласының №2 балалар үйінің қажеттіліктеріне беретінін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Грекия Республикасының Сыртқы істер министрі Т. Пангалосты қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты қатынастарды дамыту мәселелері талқыланды және экономикалық серіктестікті реттеуге ықпал ететін келісім жобаларын әзірлеу барысы қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болды.

Ақмола қаласында Н.Ә. Назарбаев облыс активімен кездесіп, өңірдегі ауыл шаруашылығының жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты тыңдады және жиналғандарға облыстың жаңа әкімі Ж.С. Кәрібжановты таныстырды.

Мемлекет басшысы «Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымына қатысушы-мемлекеттер мен «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасына қатысатын басқа да мемлекеттер арасындағы олардың Қарулы

Күштерінің статусына қатысты келісімді және оған Қосымша хаттаманы бекіту туралы» №145-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» №146-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» №147-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы» №148-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір аудандық (қалалық) соттарын тарату, Қызылорда және Қостанай облыстық соттарын, кейбір аудандық (қалалық) соттарын қайта атау туралы» №3580, «А.Г. Браун туралы» №3581, «Ж.С. Кәрібжановты Ақмола облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3582, «Ж.С. Кәрібжанов туралы» №3583 жарлықтарына қол қойды.

4 шілде

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімі М.Т. Есенбаевты таныстырды.

Мемлекет басшысы «П.П. Нефедов туралы» №3585, «М.Т. Есенбаевты Қарағанды облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3586 жарлықтарына қол қойды.

5 шілде

Мемлекет басшысы Жапония Премьер-министрінің арнайы уәкілі К. Обучиді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен кеңейту мәселелері талқыланып, келешегі зор инвестициялық жобалар қаралды.



7 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ барып, кәсіпорын жұмысшыларымен

әңгімелесті. Әңгіме барысында кәсіпорынның тұрақты жұмысқа қол жеткізіп, жыл сайын экспортқа шығарылатын өнім көлемін арттырып отырғаны атап өтілді.

Мемлекет басшысы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенциясын бекіту туралы» №149-I, «Сот приставтары туралы» №150-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «А.Г. Браунды «Достық» орденімен наградтау туралы» №3588, «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың басымдықтары мен аймақтық бағдармалары туралы» №3589 жарлықтарына қол қойды.

8 шілде

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында жоғары деңгейлі азық-түлік өнімдерін шығаратын «Үлбі-Фуд» Қазақстан-Австрия бірлескен кәсіпорнында болды.

Содан кейін Мемлекет басшысы жергілікті кәсіпкерлермен кездесті. Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев елдегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қабылданған шаралар қазірдің өзінде жоғары нәтиже беріп отырғанын атап өтті.

11 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» №151-I, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы заем (Жылжымайтын мүлікке деген құқықты және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеудің Пилоттық жобасы) туралы 1997 жылғы 16 мамырдағы келісімді бекіту туралы» №152-I, «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капитал салықтарына қатысты салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы» №153-I, «Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №154-I заңдарына қол қойды.

12 шілде

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасының Президенті Н. Багабандиге осы елдің ұлттық мерекесі — Моңғолия Республикасы күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Ө.Е. Шөкеевті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Экономика және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №3591, «Ө.Е. Шөкеев туралы» №3592 жарлықтарына қол қойды.

14 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ғылым министрінің орынбасары — Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, Ғарыштық зерттеу институтының директоры Ө.М. Сұлтанғазинді қабылдады.

Әңгіме барысында елдің Ғылым министрлігі мен Ғылым академиясының бірлескен жұмысының алғашқы жылдағы нәтижелері, оларды басқаруды оңтайландыру мүмкіндіктері, сондай-ақ АҚШ және Жапонияның тәжірибесін ескеріп, ірі зерттеу орталықтарын салу жоспарланып отырған жаңа астана — Ақмола қаласындағы ғылымды одан әрі дамытудың проблемалары талқыланды.

Ғарыштық зерттеулер институтының жұмысы аясында ғарышкер Т.А. Мұсабаевтың жартыжылдық ұшуына әзірлік бағдарламасының негізгі аспектілері, «Байқоңырдан» Қазақстанның өз жерсерігі — байланыс және республика аумағын мониторингілеу жерсерігін ұшыру мүмкіндігі талқыланды.

Мемлекет басшысы «Нотариат қызметінің ұйымдық және құқықтық негіздері» №155-I, «Қазақстан Республикасының нотариат мәселелері туралы кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану жөнінде» №156-I, «Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу жөнінде» №157-I, «Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №158-I, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Шаруашылық серіктестіктері туралы» заң күші бар Жарлығына инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізу мәселесі бойынша толықтырулар енгізу туралы» №159-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясын құру туралы» №3593, «Б.М. Шаяхметовті «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом

компаниясының президенті қызметіне тағайындау туралы» №3594 жарлықтарына қол қойды.

15 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген алқа отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында елдің ұлттық қауіпсіздік қызметін құру мен дамыту бойынша бес жылдық қорытындылары шығарылып, осы ұйымның қызметін жетілдіру бойынша негізгі міндеттер белгіленді.

Н.Ә. Назарбаев отырыста Қазақстан ҰҚК қызметіне талдау жасап, қызметтің негізгі басым бағыттарын атап көрсетті. Президент елдің ұлттық мүдделерін толыққанды әрі уақытылы қорғау үшін, барлау мен қарсы барлау қызметін жақсарту үшін алдағы жылдары шешілуі тиіс нақты міндеттерді айқындады.

Мемлекет басшысы А.А. Мұсаевқа елдің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің туын салтанатты жағдайда табыс етті.

Сол күні Мемлекет басшысы «Hurricane» компаниясының президенті Дж. Комарникиді, директоры В. Венцельді және вице-президенті О. Эльфтериадиді қабылдады.

Әңгіме барысында Қызылорда облысындағы Құмкөл кен орнында мұнай игеру перспективалары, өңірдегі ілеспелі инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» №160-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №161-I, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» №162-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «С.Қ. Әбсәметовке, Ю.И. Серебряковке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №3595, «С.Б. Әдіқожаевты «Даңқ» орденімен наградтау туралы» №3596, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №3600 ҚБП, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы №2600 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №3601 жарлықтарына қол қойды.

16 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чэнь Диді оның Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты қабылдады.



Сол күні Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Қостанай облысына аттанды.

Қостанай қаласында Н.Ә. Назарбаев «Баян-Сұлу» АҚ барып, цехтарды қарап шықты, кәсіпорын жұмысшыларымен әңгімелесіп, облыстың іскер топтары өкілдерімен өңірдегі шағын және орта бизнесті дамытуға арналған кездесу өткізді.

Содан кейін Президент «Қиял» сән салонында болып, әйелдер киімдерінің көрмесін қарап шықты, Іскер әйелдер қауымдастығының өкілдерімен кездесу өткізді.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғарғы мектебіне барып, оқыту сыныптары мен аудиторияларын қарап шықты, курсанттармен әңгімелесіп, мектептің Құрметті қонақтары кітабында естелік жазба қалдырды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №163-I, «Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкін құру туралы» Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы 1994 жылғы 8 шілдедегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы келісімді бекіту туралы» №164-I, «Шетелдік инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №165-I, «Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу жөнінде» №166-I, «Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі» №167-I, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы» №168-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарының кейбір төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау мен қызметтен босату туралы» №3602 Жарлығына қол қойды.

17 шілде

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары барысында Федоров ауданының бірқатар нысандары мен шаруашылықтарына барды.

Аудан орталығында Н.Ә. Назарбаев қарттарға арналған пансионатты қарап шығып, ардагерлердің тыныс-тіршілігіне қызығушылық танытты.

Президент «Кең дала» АҚ машина-технологиялық стансасының филиалына барып, «John Deere» маркалы комбайнының жұмысымен танысты.

Содан кейін Мемлекет басшысы Федоров ауданының егістік алқаптарын аралап шығып, фермерлермен егіннің болжамды нәтижелері туралы әңгімелесті, «Агропромтехника» АҚ демалыс базасында және балаларға арналған демалыс лагерінде болды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен кетті.

Петропавл қаласында Н.Ә. Назарбаев Шағын және орта бизнесті қолдау орталығының жұмысымен танысты, С. Миров атындағы зауытта болып, өңір кәсіпорындарының директорлар корпусымен кездесу өткізді.

Кешке Президент Петропавл қаласының тілдерді үйренуге бейім дарынды балаларды оқыту мен даярлауға бағдарланған қалалық классикалық гимназиясын қарап шықты.

22 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етіп, онда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кеден комитеті және Салық комитетінің жұмыс мәселелері талқыланды.

Отырыста сондай-ақ «Қазақстан Республикасы ның ұлттық қауіпсіздігі туралы» заң жобасы қаралды.

Мемлекет басшысы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №169-I Заңына қол қойды.

23 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджетінің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы М.С. Өтебаевты қабылдап, комитеттің атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдады.

Есеп қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев Есеп комитетінің төрағасынан кәсіпорындардың, ұйымдар мен ведомстволардың республикалық бюджетке қарыз болу фактілері бойынша тексерулерді бақылауға алып, ақырына дейін жеткізуді талап етті.

Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасының Президенті М.Х. Мубаракқа сол елдің ұлттық мерекесі — Революция күніне орай құттықтау жедел-хатын жолдады.

Мемлекет басшысы Грузияның Президенті Э.А. Шеварднадзе мен Украина Президенті Л.Д. Кучмаға Қазақстан мен осы мемлекеттердің арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылғанына 5 жыл толуына орай құттықтау жеделхаттарын жолдады.

Мемлекет басшысы «Ақмола облысының Жаңадала және Қима аудандарын тарату туралы» №3604, «1997 жылғы 8 қазанға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» №3605, «Қазақстан темір жолы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3606 жарлықтарына қол қойды.

24 шілде



Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасы Чолпон-Ата қаласында өткен ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Отырыс барысында тараптар ОАЭҚ аясында экономикалық ынтымақтастықты белсендіру мәселелерін, Ауғанстандағы жағдайдың ушығуына байланысты өңірлік және халықаралық қауіпсіздіктің бірқатар проблемаларын, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерінің даулы жағдайды бейбіт жолмен шешуге саяси ықпал ету мүмкіндіктерін талқылады.

Сондай-ақ Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның экономиканың әртүрлі салаларындағы халықаралық консорциумдарды құру арқылы ықпалдастықты одан әрі жоғары деңгейге шығаруды жоспарлап отырғандығы туралы мәлімденді.

Н.Ә. Назарбаев, А.А. Ақаев пен И.А. Каримов БҰҰ қамқорлығымен Орталықазиялық батальонның әскери қызметшілерінің мәртебесі туралы келісімге қол қойды.

Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым.
Ұйым 1994 жылы бұдан бұрын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасымен қол қойылған Экономикалық одақ құру туралы (1993 ж.) және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы (1994 ж.) шарттарға сәйкес құрылған.
1998 жылғы наурыз айында ОАЭҚ ұйымына Тәжікстан қосылды.
1996 жылы байқаушы мәртебесін — Ресей, ал 1999 жылы Грузия, Түркия және Украина алды.
2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына (ОАЫ) айналып, оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кірді.
2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ ұйымына Ресей қосылды.
2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ ұйымын ЕурАзЭҚ ұйымымен біріктіру туралы шешім қабылданды.

Мемлекет басшысы «Н.Қ. Есенғарин туралы» №3611 Жарлығына қол қойды.

26 шілде

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасының Президенті К. Нараянанға оның осы жоғары лауазымға сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

29 шілде

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Президенті М. Хатамиге оның осы жоғары қызметке ресми кірісуіне байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Польша Республикасының Президенті А. Квасьневски мен Чехия Республикасының Президенті В. Гавелге осы елдерде болған табиғи апаттар нәтижесінде адамдардың қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

31 шілде

Мемлекет басшысы Молдова Республикасының Президенті П.К. Лучинскийге Қазақстан мен Молдова арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылғанына 5 жыл толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

ТАМЫЗ 1997



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31



2 тамыз

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінің Президенті Э. Вейцманға 1997 жылғы 30 шілдеде Иерусалим қаласында болған террорлық әрекет салдарынан қаза болғандардың туыстары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

4 тамыз

Мемлекет басшысы Түркия Республикасында демалу кезінде Анталья қаласында Президент С. Демирельмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастың кең ауқымды мәселелері мен өзара байланыстарды одан әрі нығайтудың перспективаларын талқылады.

8 тамыз

Мемлекет басшысы Сингапур Республикасының Президенті Онг Тенг Чонгке сол елдің ұлттық мерекесі — Республика күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

10 тамыз

Мемлекет басшысы Түркия Республикасында демалу кезінде Түркия Премьер-министрі М. Йылмазбен және бірқатар іскер топтарының өкілдерімен кездесті.



11 тамыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Қ.Б. Саудабаевты Қазақстан Республикасының Ирландия Республикасындағы, Швеция Корольдігіндегі, Норвегия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №3612 Жарлығына қол қойды.

12 тамыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ли Хуэйден сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында Орталық

базарға, Жетісу ауданындағы көкөніс дүкеніне барды, «Заңғар» сауда үйін қарап шықты, алыс және жақын шетелдерден 300 аса жеткізушісі бар «Думан-трейдинг» ЖШС меншігіне өткен бұрынғы «Юбилейный» дүкенінің жаңартылған сауда залдарымен танысты.

13 тамыз

Мемлекет басшысы Пәкстан Ислам Республикасының Президенті Ф. Легариге республиканың 50 жылдығына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №3613, «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы» №3614, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №3615 жарлықтарына қол қойды.

14 тамыз

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасының Президенті К. Нараянанға сол ел тәуелсіздігінің 50 жылдығына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Корея Республикасының Президенті Ким Ен Самға сол елдің ұлттық мерекесі — Тәуелсіздік күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

15 тамыз

Мемлекет басшысы Индонезия Республикасының Президенті М. Сухартоға сол елдің ұлттық мерекесі — Тәуелсіздікті жариялау күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Ақмола облысының Жаңадала және Қима аудандық соттарын тарату туралы» №3617 Жарлығына қол қойды.

19 тамыз

Мемлекет басшысы Азия мен Еуропа елдеріне турнесі аясында Қазақстанға келген БҰҰ жанындағы

Америка Құрама Штаттарының Тұрақты өкілі Б. Ричардсонды қабылдады.

Кездесу барысында БҰҰ реформалаудың перспективті бағыттары, сондай-ақ Қазақстан-Америка бірлескен комиссиясының жұмыс мәселелері талқыланды және екіжақты байланыстарды дамыту мен жетілдіру келешегі қаралды.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен кеңес өткізіп, онда ел өңірлерінде әлеуметтік-экономикалық реформалардың орындалу барысы, зейнетақылар мен еңбекақыларды төлеуге қатысты жағдай, сондай-ақ ұлттық жекешелендіру бағдарламасын орындау нәтижелері талқыланды.

Үкімет мүшелері Президентке шағын және орта бизнесті дамыту, астық жинау науқанын өткізу, энергетиктердің қысқа әзірлігі мен Ақмола қаласында алдыңғы қатарлы нысандарды салу мәселелері бойынша есеп берді.

Кеңесті қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев ел экономикасының дамуындағы оң үрдісті атап өтіп, шұғыл араласуды талап ететін проблемаларға назар аударды. Сонымен бірге Президент жер реформасын жүргізу жұмысының жеткіліксіздігі, отандық тұтыну тауарларын, әсіресе ауыл шаруашылық өнімдері: ет, құс, сүт және сүт өнімдерін өндірудің төмендеуі үшін ел үкіметін сынға алды.

Мемлекет басшысы Венгрия Республикасының Президенті А. Генцке сол елдің ұлттық мерекесі — Әулие Иштван күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

20 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужковты қабылдады.



Кездесу барысында жаңа технологиялармен алмасу, оларды өнеркәсіптік игеру мен лицензиялау саласындағы ынтымақтастық, қор нарығы саласында серіктестік принциптері, сауда және мәдениеттегі өзара әрекеттестік мәселелерін регламенттейтін келісімдер пакетіне қол қойылды.



Мемлекет басшысы белгілі қазақ жазушысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандық қозғалыстың қатысушысы, «Халық қаһарманы» орденінің кавалері Қ. Қайсеновті қабылдады.

Әңгіме барысында қазақстандық қоғамның осы замандағы өмірінің әртүрлі аспектілері, мемлекеттің ұлтаралық келісімді нығайту ісіндегі күш салуы, экономикалық реформалардың іске асырылу барысы, партиялар мен қозғалыстардың саяси белсенділігі, ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту мәселелері, осы үдерістегі зиялы қауымның рөлі талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының фармацевтік және медициналық өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» №3621 Жарлығына қол қойды.

21 тамыз



Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Қазақстан-Қытай шекарасындағы аса маңызды өткізу бекеті — «Достық» бекетінде болып, жұмысшылармен әңгімелесті.

Президент жаңа заманауи қонақ үйінің кіре берісінде символдық лентаны қиды, содан кейін «Жоңғар» шекара заставасына барып, онда офицерлермен және шекарашылармен жылыжүзді әрі қызғылықты әңгімелесті, заставаның қару-жарақтары мен әскери техникасын қарап шықты.

Талдықорған қаласында Н.Ә. Назарбаев «Қайнар» АҚ, «Құрылыс» дүкенінде болып, «Жетісу-2» қалалық стадионын қарап шықты.

Президент жергілікті жұртшылық өкілдерімен — қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, дінбасылары, ұлттық-мәдени орталықтарының жетекшілерімен кездесті.

25 тамыз



Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында өзара қызығушылық тудыратын кең ауқымды мәселелер талқыланды. Сауда-экономикалық

саладағы тікелей екіжақты ынтымақтастықты дамыту жағдайы мен болашағына ерекше назар аударылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында Татарстанның Тұрақты өкілетті өкілдігін ашу жөнінде келісімге қол жеткізілді.

Сол күні Мемлекет басшысы Татарстан Президенті М.Ш. Шаймиевпен бірге Қазақстанның жаңа геологиялық мұражайының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты және Алматы облысындағы «Панфиловский» асыл тұқымды мал зауытында болды.

26 тамыз

Мемлекет басшысы «Республика отын-энергетика кешені қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3623 Жарлығына қол қойды.

27 тамыз

Мемлекет басшысы Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы директоры Р.А. Гиниятуллинді қабылдады.

Әңгіме барысында Президент Халықаралық Аралды құтқару қорының атына Арал өңіріне жақын тұратын адамдардың проблемаларына көбірек көңіл бөлу туралы тілегін жеткізді.

Кездесуде сондай-ақ 1997 жылдың қазанында БҰҰ қамқорлығымен болатын донор-елдер мен Дүниежүзілік банк кеңесіне әзірлік мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі — Ұлттық ғылым академиясының академигі А.Д. Қонаевты қабылдады.

Әңгіме кезінде республикадағы ғылымның жай-күйі туралы сөз қозғалды. Президент ғылым академиясына жаңа өзгерістер қажет екендігін, оған мемлекеттік мәртебе беру керектігі туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Венгрия Республикасы Президенті А. Генцтің 1997 жылдың қарашасындағы Қазақстанға ресми сапары қарсаңында «Duna TV» венгриялық телекомпаниясының журналистеріне сұхбат берді.

Мемлекет басшысы Молдова Республикасының Президенті П.К. Лучинскийге сол елдің ұлттық мерекесі — Тәуелсіздік күніне орай құттықтау жедел-хатын жолдады.

Мемлекет басшысы Ақтөбе қаласында ашылған самбодан юниорлар арасындағы XXI әлем чемпионатына қатысушылар мен ұйымдастырушыларға сәлемдеме жолдады.

28 тамыз

Мемлекет басшысы БҰҰ Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі А.Х. Арыстанбекованы қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа одан әрі ықпалдасуын жеделдету мәселелері, сондай-ақ алда болатын БҰҰ Бас Ассамблеясы 52-ші сессиясының күн тәртібі мазмұны талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Сенаты мен Парламентінің төрағалары Ө. Байгелді мен М.Т. Оспановты қабылдады.

Әңгіме кезінде 51 заң жобасының, оның ішінде Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімі, Қылмыстық-процессуалдық, Қылмыстық-атқарушылық кодекстер мен Неке және отбасы кодексі жобаларының қаралуы жоспарланған алда болатын Парламент сессиясы туралы сөз қозғалды.

29 тамыз

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Федералдық экономика министрі Г. Рексродтты қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев пен Г. Рексродт Қазақстан мен Германияның уран кенін игеру, мұнай өнеркәсібін, телекоммуникацияларды, жылу энергетикасын дамытудағы ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың алдағы уақытта Германияға сапары барысында қол қойылуы тиіс бірқатар құжаттар талқыланды.

Мемлекет басшысы тұңғыш рет қазақ тілінде отандық оқулықтар шығарған баспагерлер тобын қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев қазақтың ұлы ағартушылары Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов және басқа да қазақ халқының белгілі қайраткерлерінің дәстүрлерін еске салды.

Президент ғалымдар және мамандар тобымен шығарылған мектеп оқушыларына арналған жаңа кітаптар осы дәстүрді жалғастырып қана қоймай, шет елдік өнімдерден кем түспейтінін ерекше атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев ғалымдар алдында «жеткен жетістіктерінде тоқтап қалмай, жоғарғы сынып оқушылары үшін заманауи технологиялар мен ноу-хауды қолдану мүмкін болмайтын жаратылыстану ғылымдары бойынша оқулықтар жасау» тапсырмасын қойды.

30 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай баспасөзде Үндеу жариялады.

«Біз бүгін мерекені атап өтудеміз. 2 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Қазақстан азаматтары жаңа Конституцияны қабылдауға нық сенімдерін білдірді. Мен сіздерді демократияның салтанат құруының жарқын айғағы болған осы жалпыұлттық мерекемен шын жүрегімнен құттықтаймын».

... Жаңа Конституцияны қабылдау — Қазақстан тарихында шын мәнінде айшықты оқиғалардың бірі. Ең бастысы — оның мән-маңызы мен рухы адамның мүдделеріне бағыныштылығы. Біздің қоғамның сөзсіз басымдықтары — тұлғаның жоғарғы құқықтары мен еркіндігі болды. Барша әлем үшін талассыз аксиомаларды бекіту арқылы мемлекет бұдан былай қандай да бір адам құқықтарының бұзылуына жол бермейтіндігі туралы анық аңғартты», — делінген Үндеуде.

31 тамыз

Мемлекет басшысы Кувейт Мемлекетінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Әл-Кувейт қаласында Сауда-өнеркәсіп палатасының мүшелерімен және Кувейттің іскер топ өкілдерімен кездесті.

Екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері туралы пікір алмасу кезінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның сауда-экономикалық әлеуеті, елдің мұнай-газ саласының перспективалары туралы айтып, Каспийдің табиғи байлықтарын бірлесіп игеруге шақырды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Әл-Кувейт қаласының көрікті жерлерінде, соның ішінде Ирак-Кувейт соғысы кезінде қиратылған Әл-Курейн қарсы тұру үйінде болып, Құрметті қонақтар кітабына естелік жазбасын қалдырды.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Дүниежүзілік ислам қайырымдылық қорының президенті Юсиф әл-Хаджимен, сондай-ақ Кувейт Мемлекеті Үкіметінің мүшелерімен кездесті.

ҚЫРКҮЙЕК 1997



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 қыркүйек



Мемлекет басшысы Кувейт Мемлекетіне ресми сапары барысында Кувейт Әмірі шейх Джабер әл-Ахмад әл-Джабер әл-Сабахпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар екі мемлекеттің сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту мәселелерін талқылап, Араб экономикалық дамуының кувейттік қорымен Қазақстанға экономикалық жобаларды қаржыландыруға көмек көрсетуі жөнінде келісімге қол жеткізді.


Сондай-ақ таяу шығыстық дағдарысты реттеу проблемасы және Ауғанстан мен Тәжікстандағы жағдай туралы пікір алмасу өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша өзара инвестицияларды ынталандыру мен қорғау, сауда-экономикалық ынтымақтастық, азаматтардың өзара сапарлары, екі елдің сыртқы саяси ведомстволары арасында екіжақты консультациялар беруді орнату туралы мемлекетаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевқа және Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовқа осы елдердің Тәуелсіздік күндеріне орай құттықтау жедел-хаттарын жолдады.

Сол күні Мемлекет басшысы Бахрейн Корольдігіне ресми сапармен барып, онда оның астанасы Манама қаласындағы көрікті жерлері — Фахд король көпірін, Ұлттық мұражайды және Құран үйін қарап шықты.

2 қыркүйек




Мемлекет басшысы Бахрейн Корольдігіне ресми сапары барысында Бахрейн Әмірі шейх Иса ибн Салман әл-Халифамен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында Алматы қаласында Бахрейн Елшілігін ашу туралы мәселелер талқыланып, Сауд Арабиясы Корольдігінде және қосымша Бахрейн Мемлекетінде Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісін тағайындау туралы шешім қабылданды.

Сондай-ақ «Қазақойл» Ұлттық мұнай-газ компаниясының Бахрейннің тиісті құрылымдарымен көмірсутегі

шикізаты кен орындарын барлау саласындағы ынтымақтастығы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.



Сол күні Мемлекет басшысы Сұлтан Омандығына ресми сапармен барып, осы елдің астанасы Маскат қаласында Кабус Сұлтан бен Саидпен кездесті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық, инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау, азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімдерге, Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға, Қазақстан Республикасы мен Оман Сұлтандығы арасындағы өзара түсіністік туралы бірлескен меморандумға және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы Ұлыбритания патшайымы Елизавета II Диана ханшайымның қайғылы қазасына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

3 қыркүйек

Мемлекет басшысы Оман Сұлтандығына ресми сапары барысында омандық іскер топ өкілдерімен кездесті.

Қазақстанның Оманмен экономикалық қатынастарын кеңейтудің әлеуеті зор екендігін атап өткен Президент: «Іскер адамдардың жұмыстарын жеңілдету үшін біз сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, инвестицияларды қорғау туралы келісімдерге қол қоямыз. Сыртқы істер министрлерімен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Енді Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға, Азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімге қол қоюымыз қажет», — деп мәлімдеді.

Сол күні Мемлекет басшысы Райсут омандық теңіз портына барды және Кабус Сұлтанның агрофермасында болды.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысында жұмыс сапарымен болды.

Ақтау қаласында Президент теңіз портына барып, оны қалпына келтіру жұмыстарын бастап берді.

Митингте сөйлеген сөзінде Президент «XXI ғасырда Қазақстан әлемдегі ірі мұнай тасымалдаушы болатынын, ал 2003–2005 жылдарға қарай ел алдында көмірсутек шикізатын тасымалдаудың өткір проблемасы туындайтынын, Ақтау теңіз сауда портын қалпына келтірудің маңыздылығы да осыған байланысты екенін» атап айтты.

Содан кейін Президент Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің жеке құрамымен кездесті.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласының 850 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Кездесу барысында президенттер «4+N» шартына қатысушылар — Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Беларуськ одан әрі пәрмеңділігі мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ ТМД аясында әрекеттестікті нығайтуға қолдау білдіріп, жұмысты белсендіру қажеттігін айтты. Сондай-ақ мемлекетаралық ынтымақтастық, соның ішінде экономика саласында өзара әрекеттесу мәселелері бойынша пікір алмасу өтті. Атап айтқанда, Каспийдегі ірі мұнай кен орындарын бірлесіп игеру мәселелері қаралды.



Кездесу соңында Ресей Президенті Н.Ә. Назарбаевқа Мәскеу қаласының 850 жылдығы құрметіне мерейтойлық медалін табыс етті.



Мәскеудің 850 жылдығына арналған мерейтойлық медаль Ресей Федерациясы Президентінің 1997 жылғы 26 ақпандағы Жарлығымен тағайындалған. Медаль «Мәскеуді қорғағаны үшін» медалімен наградталғандарға, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде жұмыс істеген және мемлекеттік наградалармен марапатталған тыл еңбеккерлеріне, «Мәскеудің 800 жылдығы» естелік медалімен наградталғандарға, сондай-ақ қаланың дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарға беріледі.

Күн соңында Мемлекет басшысы Мәскеу қаласындағы Тағзым тауының Жеңіс саябағында мемориалдық мешіттің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев рәсімде сөйлеген сөзінде: «...Қазіргі руханияттың жаңғыру уақытында біз Естелік мешітін құруға, Құтқарушы Христос храмын қалпына келтіруге мүмкіндігімізше көмек көрсеттік. Алдымыздағы XXI ғасырда ТМД-дағы екі дін — православие мен исламның өзара түсіністігі — халықтар арасындағы достық пен сенімді белгілейді. Қазақстанда ар-намыс еркіндігі іс жүзінде бар. Ресей-Қазақстан қарым-қатынастарын, біздің халықтар бауырластығын нығайтуды өзімнің қасиетті президенттік борышым деп санаймын...», — деп атап өтті.

7 қыркүйек

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Орал қаласына келісімен Президент «Асан» агрофирмасына барды, содан кейін Орал өзені арқылы өтетін жаңа көпірді қарап шықты.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Бөрлі ауданында болып, онда «Конденсат» АҚ аз жүкке бейімделген зауытының қызметімен танысты, «Спектр» ЖШС Қазақстандағы тұңғыш жеке газ-турбиналы электр стансасының іргетасына капсула салу рәсіміне қатысты.



8 қыркүйек

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Үрді ауданына барып, Үрді кентінде қазақ хандығының соңғы тағы орналасқан жерде болды және Жәңгір хан кесенесінің ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған Ядролық қаруды таратпау проблемалары жөніндегі халықаралық конференция қатысушыларына сәлемдеме жолдады.


Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновқа Тәжікстанның Тәуелсіздік күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.



9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында спорттық нысандардың II Орталықазиялық ойындарға

дайындығымен танысты. Атап айтқанда, Президент Орталық стадионды, Орталық жүзу бассейнін, «Достық» оқу-спорт кешенін, Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайын қарап шықты.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Премьер-министрі М. Йылмазды қабылдады.

Сапар қорытындысы бойынша қатынастарды одан әрі дамыту және ынтымақтастықты тереңдету туралы бірлескен декларацияға, сондай-ақ сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық, медицина және денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге және т.б. қол қойды.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-министрі М. Йылмазбен бірге «Қазақстан-Түркия: іскерлік ынтымақтастықтың болашағы» атты іскер топ өкілдерінің конференциясына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев конференцияға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының егемендігін мойындап, бірден іскерлік ынтымақтастықты белсенді бастаған Түркия Республикасына алғысын білдірді.

Президент жоғарғы және басқа деңгейдегі кездесулердің нәтижесінде 60-тан астам екіжақты келісім-шарттар мен келісімдерге қол қойылғандығын, алайда ынтымақтастық әлеуеті әлі де бар екендігін атап өтті.

10 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен және қаржы-экономикалық ведомстволары басшыларымен кеңес өткізіп, онда елдің 1997 жылдың 8 айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары мен 1998 жылғы бюджет жобасы талқыланды.

Президент «елдің жыл сайынғы бюджеті жасалып, қабылданып, өзгертілетін, бірақ орындалмайтын» үрдісінің сақталып отырғаны үшін Үкіметті сынға алды.

Н.Ә. Назарбаев Үкіметтің 1998 жылға әзірлеген бюджетінің іске асатындығына күмән келтіріп, оның ережелерін сыни тұрғысында қайта қарауды тапсырды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Беларусь Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Л.В. Пакуштан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Бұрын тағайындалған зейнетақылардың мөлшерін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы №689 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №3626, «Қызылорда облысының Тереңөзек ауданын қайта атау туралы» №3627, «Қызылорда арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №3628, «Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі (ҚазТАГ) туралы» №3629 жарлықтарына қол қойды.

12 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға инвестициялар үшін перспективалы салаларды зерттеу үшін келген «Blackstone Group» инвестициялық корпорациясының төрағасы П. Питерсон мен белгілі қаржыгер әрі өнеркәсіпші Д. Рокфеллер бастаған Америка Құрама Штаттары Халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесінің делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында қонақтар Н.Ә. Назарбаевты Кеңестің басты міндеттерімен таныстырды. Өз тарапынан Президент Қазақстан экономикасының ерекшеліктері және елдегі экономикалық, демократиялық өзгерістер туралы әңгімелеп берді. Кездесуде «Қазақстан-2030» стратегиясының басым бағыттары, Қазақстанның ДСҰ-ға кіру перспективалары, сондай-ақ елдің Иран аумағы мен Парсы шығанағы елдерінің порттары арқылы әлемдік мұнай нарығына шығу мүмкіндіктері талқыланды.



Мемлекет басшысы Қазақстандағы II Орталықазиялық ойындардың қатысушылары мен ұйымдастырушыларына сәлемдеме жолдады.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға Алматы қаласындағы II Орталықазиялық ойындардың ашылу рәсіміне қатысу үшін келген Халықаралық

олимпиадалық комитеттің президенті Х.А. Самаранчты қабылдады.

Кездесу барысында олимпиадалық қозғалыс мәселелері қаралып, Қазақстандағы спортты дамыту перспективалары талқыланды.

Кездесу соңында Х.А. Самаранч Н.Ә. Назарбаевқа Халықаралық олимпиадалық комитеттің жоғары наградасы — Олимпиадалық алтын орденді табыс етті.


Халықаралық олимпиадалық комитет (ХОК) — Олимпиадалық ойындарды жаңғырту мен олимпиадалық қозғалыстарды насихаттау үшін құрылған халықаралық ұйым. ХОК 1894 жылы Парижде құрылған, қазіргі уақытта комитеттің штаб-пәтері Швейцарияның Лозанна қаласында орналасқан. ХОК олимпиадалық қозғалысқа және олимпизмнің, спорт пен спорттық жарыстардың дамуына басшылық етеді, Олимпиадалық ойындардың жиі өткізілуін қамтамасыз етеді. Олимпиадалық алтын орден — олимпиадалық қозғалыс алдындағы ерекше еңбегі үшін берілетін Халықаралық олимпиадалық комитеттің ордені. 1974 жылы тағайындалған. Екі дәрежесі бар — Олимпиадалық алтын орден және Олимпиадалық күміс орден.

Мемлекет басшысы Халықаралық олимпиадалық комитеттің президенті Х.А. Самаранчпен бірге Алматы қаласында II Орталықазиялық ойындардың салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, спортшыларды жарыстың басталуымен құттықтады.

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3630, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3631–3635 жарлықтарына қол қойды.

16 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Италия Республикасының Премьер-министрі Р. Продимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты саяси және экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Ғылыми және мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Кездесу соңында өткен баспасөз конференциясында Президент журналистер алдында сөз сөйлеп, онда

қазірдің өзінде Қазақстанда 46 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейтінін, осыған байланысты «алдағы уақытта барлық салалардағы ынтымақтастықты дамытып, тікелей байланыстар орнату қажеттігін, тікелей байланыстар Қазақстан мен Италия арасындағы тауар айналымының өсуіне ықпал ететінін» атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның бір топ ғалымдары мен педагогтарын қабылдады.

Кездесу барысында Президент 1997–2002 жылдарға арналған кезеңде орта мектептерді ақпараттандыру бойынша бағдарлама қабылданғанын жариялады және «білім берумен шындап айналысатын кез келгенін, әрі мемлекет одан ештеңені аямау қажеттігін...» мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлем туралы» №3636 Жарлығына қол қойды.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанда өтіп жатқан «Ортазбат-97» әскери бітімгерлік оқуларына қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

«Осындай бірегей шараның халықаралық өмірде елеулі оқиғаға айналарына сенімдімін, себебі ол «Бейбітшілік үшін серіктестік» гуманистік бағдарламасын іске асырудың нақты мысалы болып отыр. Оқулардың бейбіт өмір тұрақтылығын нығайтуға бағытталған сипаты — осының айғағы.

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның, сондай-ақ АҚШ, Ресей және Түркия қарулы күштері өкілдерінің Орталықазиялық бітімгерлік батальоны маневрларына қатысуы — жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бірлескен мүдделілікті, ғаламшарда бейбітшілікті сақтау үшін жоғары және абыройлы миссияға әзірліктерін аңғартады», — делінген жолдауда.

18 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы М.Т. Оспановты қабылдады.

Кездесуде Төменгі палата қызметінің ағымдық мәселелері мен 1998 жылға арналған республикалық бюджет жобасының депутаттармен қаралу барысы талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент «Ортазбат-97» бітімгерлік оқулардың штабы мен лагері орналасқан Шымкент қаласы маңындағы аэродромда болып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбековтің оқуларды өткізу барысы туралы баяндамасын тыңдады, маневрларға қатысқан офицерлермен және сарбаздармен сөйлесті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев есік-терезелер блоктарын жасаумен, арнайы киім тігумен, жиһаз құрастырумен, ұн тартумен және нан-тоқаш өнімдерін пісірумен айналысатын «Сайдығани және К» ЖК барды; облыстың шағын және орта бизнес кәсіпорындары шығаратын өнімдер көрмесін қарап шықты; өлшеу құралдары — тұрмыстық газ есептегіштері, суық және ыстық су есептегіш құралдарының өндірісін бастаған «Механикалық зауыт» АҚ болды; «Астана Kauram» ЖШС сіріңке фабрикасының қызметімен танысты.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Шымкент қаласындағы Ардагерлер үйінде соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3638, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3639–3640 жарлықтарына қол қойды.

19 қыркүйек

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Сайрам ауданында болып, онда көкөніс өнімдерін өсірумен айналысатын «Азат-Дехан» шаруашылығының қызметімен танысты.



Сол күні Мемлекет басшысы Ордабасы төбесінде 1726 жылдың көктемінде қазақ халқының жоңғарлармен шайқасындағы жеңісіне арналған монументтің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы Қарағанды облысы Балқаш қаласының тұрғындарына қаланың 60 жылдығына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы Франция Республикасы Сенатының экономикалық мәселелер және жоспарлау жөніндегі комиссиясының төрағасы Ф. Понсені және осы ел Парламентінің бір топ депутаттарын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның Менеджмент, Экономика және Болжамдау институтының Құрылтайшылар кеңесі құрамындағы өзгерістер туралы» №3641, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №3644 жарлықтарына қол қойды.

23 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Беларусь сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту мәселелерін, Кеден одағы және ТМД-дағы ахуал, сондай-ақ өзара мүдделерді қамтитын бірқатар халықаралық проблемаларды талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды, сондай-ақ еркін сауда туралы, әуе қатынасы туралы, жастар саясаты саласындағы ынтымақтастық туралы, Беларусь Республикасының аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін Беларусь Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен әлеуметтік қорғалуы туралы, Қазақстан Қарулы Күштеріне және Беларусь Қарулы Күштеріне жеткізілетін өнімдер сапасына әскери бақылау туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Пэнды қабылдады.



Н.Ә. Назарбаев қытайлық делегацияны Қытай Халық Республикасының құрамына Сянганды (Гонконг) қосып, егемендігін қалыптастырылуымен құттықтап, елді бейбіт біріктіру ісінде жаңа жетістіктерге жетуді тіледі.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Қытай қатынастарының дамудың тұрақты және үдемелі сипатына ие екендігін айтып, мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықтың және өңір мен әлемдік ауқымдағы тұрақтылықты нығайтуда келісілген күштердің, АӨСШК шақыру бастамасын дамытудың маңыздылығын жоғары бағалады.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы қосымша келісімге; Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы арасындағы кен шығару және мұнай құбырларын салу бойынша бірлескен жобалар туралы Бас келісімге қол қойылды.

26 қыркүйек

Мемлекет басшысы ұлы жазушы М.О. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына орай ЮНЕСКО қамқорлығымен өткен «Мұхтар Әуезов және Еуразия мәдениеті» халықаралық әдебиет симпозиумының қатысушыларына сәлемдеме жолдады.

Н.Ә. Назарбаев өз құттықтауында: «Осы кездесудің тақырыбында аса үлкен мән жатыр, себебі сөз шебері әрі алпауыт ойшыл М.О. Әуезов Еуропа мен Азияның мәдени құндылықтарын, түрлі халықтардың рухани байлығын бойына сіңірді. Ол қазақ қоғамының өткір және өміршең проблемаларын таң қаларлық күшпен, ынтызарлықпен көрсетіп, өзінің туындыларымен халықтың әлемдегі өз орнын сезінуіне ықпал етті», — деп атап өтті.

М.О. Әуезов шын мәнінде қайталанбас еуразиялық тұлға болды. Екі құрлықты біріктіретін Ұлы далада шығармаларын жаза отырып, ол өзінің барлық қызметін, барлық дарынын игі іске — халықтарды жақындастыруға арнады... Қазақстанға келіп, сіздер де оның халқын, тарихы мен мәдениетін жақсырақ біліп, елде жүргізіліп жатқан өзгерістердің

атмосферасын сезетіндеріңізге үміттенемін. Сіздерді, еліміздің әлемнің өркениетті елдерімен тығыз байланыста өмір сүріп, жұмыс жасайтындығына, әрқашан ашық, шынайы және бейбітсүйгіш ел болып қалатындығына нық сендіремін», — деп атап айтты.

Мұхтар Оманханұлы Әуезов (1897–1961) — атақты қазақ жазушысы, драматург, ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы. М.О. Әуезовтің ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаевтың өмірі туралы жазған «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетінің бірегей туындысы болып табылады. Романда XIX ғасырдың екінші жартысында, қазақтардың санғасырлық көшпелі өмір салты күйрей бастаған кездегі қазақ қоғамының қиын тұрмысы суреттелген.

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесі премьерінің бірінші орынбасары Ли Ланьцинді қабылдады.

Әңгіме барысында екіжақты қатынастарды, бірінші кезекте — мұнай-газ саласын одан әрі дамытудың перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Литва Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі В. Буловасадан сенім грамотасын қабылдады.

27 қыркүйек



Мемлекет басшысы Алматы қаласында қайта қалпына келтірілген М.О. Әуезовтің мұражай-үйінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, жиналғандарды жазушының мерейтойымен құттықтады.

«…Бүгін біз ұлы жазушының мұражай-үйін қайтадан ашып жатырмыз. Ол бұрын да жұмыс істейтін, бірақ енді ол халық мәдениетінің университетіне, отансүйгіштік мектебіне айналмақ. Егер біз халық, мемлекет болып қалғымыз келсе, онда өзіміздің көпғасырлық тарихымызды есте сақтап, оны қорғауымыз қажет…», — деп атап өтті Президент.

Сол күні Мемлекет басшысы қазақтың ұлы жазушысы М.О. Әуезовтің 100 жылдығына орай Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

«Абай, Шоқан, Құрманғазы, Жамбыл, Шәкәрім... Қандай жарқын есімдер, даналық жарқылы, дарын жасыны іспетті! Осы ғажайып шоғырдың ішінде жарқырап Мұхтар жұлдызы нұр шашып тұр.

Құлашын кеңінен сілтеуге мүрсат бермеген ғұмырының ішінде ол кең құлашты прозалық шығармалармен қатар хас шебердің өріміндей әсем ондаған әңгімелер, пьесалар, либреттолар мен сценарийлерді дүниеге әкелді, оның қаламынан туған тың тыныстыэдеби зерттеулер мен терең мазмұнды оқулықтар қаншама, тәржімандық өнердің үлгісіндей әлемдік классиканың үздік туындыларын қазақ тілінде сөйлеткен аудармалары өз алдына бір төбе.

Әңгіме, әлбетте, санда емес, М.О. Әуезов туындыларының асылдығында, мінсіз сапасында. Ол «Абай жолы» эпопеясынан өзге бір жол жазбаған күннің өзінде, осы туындысының өзі-ақ оның келер ұрпақ көкірегінен мәңгілік орын алуы үшін жетіп жатар еді», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде (Қосымшаны қараңыз).

29 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Федералды шекара қызметінің директоры, армия генералы А.И. Николаевты қабылдады.



Кездесу барысында екі елдің шекара қызметтері арасында Қазақстан-Ресей шекараларының тәртібі мен мәртебесін анықтайтын келісімді әзірлеу барысы талқыланды.

Сол күні Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға «ТҮРКСОЙ» ұйымының IX отырысына қатысу үшін келген түркітілдес елдердің мәдениет министрлерін қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев «дәл осы мәдени серіктестік кең ынтымақтастықтың негізі болып табылатынына» министрлер назарын аударды.

Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) — түркітілдес елдерді біріктіретін халықаралық ұйым. Ұйымның басты мақсаты түркі халықтарының ортақ материалдық және мәдени ескерткіштерін сақтап, дамытып, болашақ ұрпаққа жеткізу үшін түркі халықтарының арасында ынтымақтастық орнату болып табылады.

ТҮРКСОЙ 1992 жылдың көктемінде Ыстамбұл қаласында (Түркия) өткен түркітілдес елдер мәдениет министрлерінің алғашқы кездесуінде құрылған болатын. 1993 жылғы 12 шілдеде Алматы қаласында Ұйымның алты құрылтайшы

елдері және тұрақты мүшелері — Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан, Түркия Республикасы және Өзбекстан Республикасымен «ТҮРКСОЙ» ұйымын құру және оның жұмыс істеу принциптері туралы шартына» қол қойылды. 1996 жылы бірлескен консультациялары мен өзара өкілеттігін қоса алғанда, ТҮРКСОЙ мен ЮНЕСКО ресми ынтымақтастығы басталды.

Мемлекет басшысы «Қазмырыш» ашық акционерлік қоғамының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3647, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1997 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №3648 жарлықтарына қол қойды.

ҚАЗАН 1997



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



1 қазан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге ҚХР құрылған күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

3 қазан

Мемлекет басшысы Еуропа экономикалық комиссиясы мен ЭСКАТО атқарушы хатшылары И. Бертело мен А. Муиді қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша әзірленген, Орталық Азия елдерінің экономикаларына арналған өтпелі кезең саясаты, көлік, өнеркәсіпті қайта құру, шағын және орта кәсіпорындар құру, тікелей инвестициялар тарту тәрізді салаларға өңірлік маңызы бар техникалық көмек беруді қарастыратын БҰҰ арнайы бағдарламасы қаралды.

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясының вице-президенті Р. Мацкені қабылдады.



Әңгіме барысында «Теңізшевройл» БК қызметінің нәтижелері, сондай-ақ Каспий құбыры консорциумы жобасы бойынша жұмыстарды жеделдету мүмкіндіктері қаралды.

Мемлекет басшысы әлемнің едәуір қызықты өңірлерін зерттеу бойынша жыл сайынғы зерттеу жобасы аясында Қазақстанға келген Жапонияның «Kyodo Tsushin» ақпараттық агенттігі және 16 жапондық қалалар мен префектураларының бұқаралық ақпарат құралдары журналистеріне сұхбат берді.



4 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинді қабылдады.



Келіссөздер қорытындысы бойынша «Байқоңыр» кешені аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында кешен аумағында экология мен табиғатты пайдалануда құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы үкіметаралық келісімдерге, Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссияны құру туралы және Приозерск қаласының тыныстіршілігін қамтамасыз ету туралы хаттамаларға қол қойылды.

Кездесу соңында ұйымдастырылған баспасөз конференциясында тараптар кездесудің басты нәтижесі 1998 жылдың бірінші жартыжылдығында Б.Н. Ельциннің Қазақстанға ресми сапарына әзірлік мәселелерімен және Қазақстан мен Ресей арасындағы мәңгілік сенім мен достық туралы келісім жобасын жасаумен айналысатын жоғары деңгейдегі үкіметаралық комиссияны құру болғанын атап өтті.

5 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасында жұмыс сапарымен болған Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен бірге Ақмола облысы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында Ақмола қаласына барды және мемлекеттік органдардың жаңа астанаға көшірілуіне орай қала нысандарының әзірлігімен танысты.

6 қазан



Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Ақмола қаласында министрліктер, ведомстволар мен құрылыс ұйымдарының басшыларымен кеңес өткізіп, онда Қазақстанның жоғарғы мемлекеттік органдарының солтүстік астанаға көшірілуі алдын ала белгіленген мерзімде жүргізілетінін нақтылады.

Астананың қоныс аударуына қаланың әзірлігі мәселелерін қарастыра отырып, Президент Ақмола қаласының инфрақұрылымын дамыту қажеттігіне ерекше назар аударды.

«Ақмола қаласын осындай мерзімде мемлекеттік органдардың көшірілуіне әзірлей алатынымызға ешкім сенген жоқ, бірақ біз мұны жасай алдық, сол үшін құрылысшыларға, соның ішінде шетел компанияларына және де осыған қатысы бар баршаңызға зор алғысымды білдіремін. Аса күрделі жұмыстар атқарылды, біз ұлы істі тындырып жатырмыз», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев.

Түстен кейін Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Батыс Қазақстан облысына кетті.

Президент Өскемен қаласында алғашқы қазақстандық мырыштың шығарылғанына 50 жыл толуын мерекелеуге арналған салтанатты жиынға қатысты.

Металлургтерді комбинаттың мерейтойымен құттықтай отырып, Н.Ә. Назарбаев: «...Экономиканың

тұла бойы саналатын ауыр индустрияны түзеу үшін барлық күш-қайратымызды салдық... Жаңғыртылған кәсіпорындардың қатарындағы ең ауыры — сіздердің қорғасын-мырыш комбинаттарыңыз болды, себебі мұндағы өндіріс өте күрделі, ауқымды қаражат салуды қажет етеді. Жұмысты жолға қою үшін кен базасын «тарту» қажет болды, ал бұл үлкен көлемде қаржы салуды талап етті. Бірақ бұл мәселені біз жаңа тау-кен байыту кешендері бірлестігін және облыстың металлургиялық қайта балқыту кен базасы — «Қазмырыш» ААҚ инвесторларға тартымды ету арқылы шештік», — деп атап көрсетті.

Президент металлургтердің үлкен тобына мемлекеттік наградаларды табыс етті.

9 қазан



Мемлекет басшысы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын жасаған шетел сарапшылары мен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінің қызметкерлерін қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев стратегиялық даму бағдарламасын бағалай келе, «Қазақстанның Қытай зерттеу орталығымен, Гарвард халықаралық даму институтымен, Бүкіләлемдік банкпен, Еуропалық Одақпен және басқа да ұйымдармен әріптестігі жемісті жалғасатынына» үмітін білдірді.

Президент бағдарламаны жасауға және қаржыландыруға қатысқан халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғысын білдірді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшылығымен, Үкіметі мүшелерімен және Премьер-Министрі Кеңсесінің жауапты қызметкерлерімен кеңес өткізіп, онда Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясымен жұмыстың аяқталғаны жөнінде жариялады.

Н.Ә. Назарбаев осы құжатты әзірлеу үдерісінде айтарлықтай дамуға қол жеткізген, солардың ішінде мүмкіндіктері Қазақстан Республикасымен ұқсас елдердің даму тәжірибесі жан-жақты зерттелгенін атап өтті.

Президент: «Мемлекеттігіміздің қалыптасуы мен даму тарихындағы асулы кезең келді. Біз, билік өкілдері, өз халқымыздың алдында отансүйгіштігімізді, XXI ғасырда тәуелсіз, гүлденген, ұлттық бірлігі

жарасқан саяси тұрақты, әлеуметтік жауапты және барша азаматтардың әл-ауқаты жоғары Қазақстанды құруға ниетіміз бен іскерлігімізді дәлелдеуіміз қажет», — деді. Бұл ретте Н.Ә. Назарбаев «осы жылдан бастап Президенттің, Үкіметтің, Парламенттің және жергілікті билік органдарының қызметі жалпы стратегияны іске асыруға бағытталатынын» ерекше атап көрсетті.

10 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Үкіметінің мүшелері, облыстардың, Алматы қаласының, қалалар мен аудандардың әкімдері, республикалық ведомстволардың, банктердің, ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың, жоғары оқу орындарының, шетел дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, халықаралық сарапшылардың, шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық бірлестіктер мен партиялар өкілдерінің қатысуымен республикалық кеңес өткізді.

Кеңесте Президент «Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауымен сөз сөйлеп, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын жариялады.

«Қазақстан 2030» бағдарламасы қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің мұраты хақындағы менің пайымдауым болып табылады, — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев. — Бұл қатаң түрде қолданылатын қатып қалған қағида не заң емес. Алайда мақсатсыз өмір сүру мүмкін емес, онсыз өмірдің мәні қалмайды. Сондықтан «Қазақстан-2030» біздің болашаққа деген пайымымыз, тыныс тіршілігіміздің бағдары болды. Біздің басты мақсатымыз — өзіне тән либералды құрылымы, ұлттық бірлігі, қуатты демократиялық институты, әлеуметтік әділдігі және бүкіл халқының экономикалық әл ауқаты бар тәуелсіз, гүлденген әрі саяси тұрақты Қазақстан құру (Қосымшаны қараңыз).

«Қазақстан-2030» стратегиясында посткеңестік кеңістіктегі елдер арасында тұңғыш рет еліміздің 2030 жылға дейінгі ұзақмерзімді перспективаға нақты әрі ауқымды даму басымдықтары белгіленді.
Стратегияның негізгі мазмұнын 7 басты басымдық құрайды:
- ұлттық қауіпсіздік;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы;

- Шетел инвестициялары мен ішкі қорлардың деңгейі жоғары, дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуі;
- Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты;
- энергетика ресурстары;
- Инфрақұрылымды, көлік пен байланысты дамыту;
- кәсіпқой мемлекет.
1998 жылдан бастап Үкімет үшжылдық стратегиялық жоспарларды жасап, жүзеге асыра отырып, Стратегияны іс жүзінде орындауға кірісті. Стратегия негізінде елдің Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы, Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы, Ауылдық аумақтарды, денсаулық сақтауды және білім беруді дамыту бағдарламалары, Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін реформалау бағдарламасы, «Мәдени мұра», тұрғын үй және т.б. бағдарламалар жасалып, қабылданды.

Сол күні Мемлекет басшысы қазақстандық және шетелдік журналистерге баспасөз мәслихатын өткізіп, онда «Қазақстан-2030» стратегиясына, Ә.М. Қажыгелдин кабинетінің отставкаға кету себептеріне, жаңа Премьер-министр Н.Ө. Балғымбаевтың кандидатурасына, Үкіметтің жаңа құрамының басым міндеттеріне және т.б. қатысты сауалдарға жауап берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Ә.М. Қажыгелдиннің орнынан түсуін қабылдау туралы» №3651, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнынан түсуі туралы» №3652, «Н.Ө. Балғымбаевты Қазақстан Республикасының Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» №3653, «Н.Ө. Балғымбаев туралы» №3654, «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрмеңділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» №3655, «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары — Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3656, «А.С. Павловты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №3657, «Е.Ә. Өтембаевты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы — Қазақстан Республикасының

министрі қызметіне тағайындау туралы» №3658, «Е.Ә. Өтембаев туралы» №3659 жарлықтарына қол қойды.

11 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында барлық деңгейдегі әкімдердің, министрліктер, ведомстволар және Қазақстанда ұзақмерзімді жобаларды іске асыруға қатысы бар ұйымдар басшыларының қатысуымен өткен «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық дамуы» семинарына қатысты.

«Осындай құрамдағы кездесудің мақсаты — стратегиялық мәселелерді түсіндіруге байланысты бірқатар нақты міндеттерді белгілеу», — деп мәлімдеді Президент семинар жұмысын аша отырып.

13 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің кеңейтілген алқа отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде оның Қазақстан халқына Жолдауы барлық құқық қорғау органдарының қызметін қайта құрудың бағдарына айналуы тиіс екендігін атап өтті.

«Мемлекеттік тергеу комитеті ескі құқықтық жүйенің кемістіктерінен айыққан мүлдем өзге орган болуы тиіс. Оның қызметкерлері өздеріне қояр талапты арттырулары қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту керек. Жұмыс стилі мен әдістерін түбегейлі өзгерткен жөн. Ең бастысы — барлық күшті ұйымдасқан қылмыспен күреске бағыттап, халық оны сезінуі тиіс», — деп атап айтты Президент.

Мемлекет басшысы Испания Королі Хуан Карлос I және осы ел Үкіметінің төрағасы Х.М. Азнарға Испания Корольдігінің ұлттық мерекесі — Ұлт күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 қаңтардағы №1090 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №3660, «Қ.Ш. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі — Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №3661, «Қ.Қ. Тоқаевты Қазақстан Республикасы-

ның Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №3662, «А.С. Сәрсенбаевты Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрі қызметіне тағайындау туралы» №3663, «А.С. Сәрсенбаев туралы» №3664, «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасының Ғылым министрі — Ұлттық ғылым академиясының президенті қызметіне тағайындау туралы» №3665, «Б.Ә. Мұхаметжановты Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №3666, «Ф.Х. Ғалымовты Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы — Қазақстан Республикасының министрі қызметіне тағайындау туралы» №3668 жарлықтарына қол қойды.

14 қазан



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Украина Президенті Л.Д. Кучмамен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар ТМД қызметі және мұнайгаз өнеркәсібінде, сондай-ақ қаржылық, заң және әскери салаларда екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша пікір алмасты.

Кездесу соңында Украина Президенті Н.Ә. Назарбаевты Украинаның жоғарғы наградасы — «Князь Ярослав Мудрый» орденімен марапаттады. Өз кезегінде Мемлекет басшысы Л.Д. Кучмаға «Алтын Қыран» орденін табыс етті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы және Украина арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияға, сондай-ақ «Зенит» зымыран-тасымалдауышының жеке бөліктері құлаған аудан ретінде Қазақстан Республикасының аумағындағы жер учаскесін уақытша пайдалану туралы, ғарыш кеңістігін зерттеу мен пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы, стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы, үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. Бұдан басқа, екі елдің әділет, қорғаныс министрліктері және банктері арасындағы ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды.



1

«Князь Ярослав Мудрый» ордені (1-сурет) — Украинаның 1995 жылы тағайындалған жоғарғы мемлекеттік наградасы. Орден украиналық және шетелдік азаматтарға Украина мемлекетіне мемлекеттік

құрылыс саласында, Украинаның халықаралық беделін нығайтуға, экономиканы, ғылымды, білімді, мәдениетті, денсаулық сақтауды дамытуға сіңірген зор жеке еңбегі, қайырымдылық, гуманистік және қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

«Алтын Қыран» ордені Қазақстан Республикасының ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. 1995 жылы бекітілген. Орденмен қазақстандық және шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін марапатталады. Орден жұлдыздан (2-сурет) және ілмекті алқалық белгіден (3-сурет) тұрады.



2



3

Мемлекет басшысы «Б.М. Қуандықовты «Қазақойл» Ұлттық мұнай-газ компаниясының» президенті қызметіне тағайындау туралы» №3669 Жарлығына қол қойды.

15 қазан

Мемлекет басшысы Болгария телевизиясына сұхбат беріп, онда Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, экономикалық өсуінің перспективалары, ел астанасының Ақмола қаласына көшірілуі, саяси жүйенің дамуы, этникааралық және конфессияаралық салалардағы ахуал және т.б. туралы әңгімеледі.

Мемлекет басшысы «М.Қ. Алтынбаевты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №3670, «Н.А. Коржованы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №3671, «Г.А. Марченко туралы» №3672, «Ә.А. Бектасовты Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3673, «Ә.А. Бектасов туралы» №3677, «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі әскери қызметшілерінің әскери киім үлгілері мен айырым белгілері туралы» №3678 жарлықтарына қол қойды.



16 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының халық әртісі, танымал театр және кино қайраткері А.Ә. Әшімовті 60 жасқа толуына орай қабылдады.

Президент мерейтой иесін құттықтап, оған жаңа шығармашылық табыстар тіледі.

Әңгіме барысында қазіргі қазақстандық қоғам өмірінің мәселелері, атап айтқанда, мәдениет, кино және театр, олардың өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі туралы сөз қозғалды.

А.Ә. Әшімов Мемлекет басшысына оның мәдениет проблемаларына және оның қайраткерлеріне үнемі көңіл бөліп отырғандығы үшін алғысын жеткізді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №3679, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3680–3689, «А.Ә. Жабағинді Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №3690, «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін органдардың құрылымы, штат саны және лауазымды адамдардың тізбесі туралы» №3691 жарлықтарына қол қойды.

17 қазан



Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Грекия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі К. Тритаристен сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының құрылымын қайта құру туралы» №3692, «Е.Ж. Қалиевты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №3693, «С.Ж. Дәукеевті Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №3694, «Қ.Е. Көшербаевты Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №3695 жарлықтарына қол қойды.

20 қазан



Мемлекет басшысы Алматы қаласы активінің жиналысын өткізіп, онда Алматы қаласының жаңа мәртебесі туралы жариялады.

Президент негізгі мемлекеттік құрылымдардың Ақмола қаласына көшірілетіндігін мәлімдеп, осылайша оның мемлекеттіліктің барлық атрибуттарымен

астана ретінде бекітілгенін айтты. Алматы қаласы Ақмола қаласына мемлекеттік-әкімшілік қызметтерін тапсыра отырып, соған қарамастан ол ірі өңірлік геосаяси орталық ретінде қала береді.

«Халық арасында оны оңтүстік астана деп атауы өте дұрыс, ол осылайша мәңгілік атала бермек... Еліміз алдағы уақытта да қаланың әлеуетіне, осында жұмыс істейтін тамаша адамдарға иек артпақ. Бүгін де, ертең де Алматы қаласы тұрақты жұмыс істеп, өнеркәсіптік, ғылыми, қаржылық, тарихи және мәдени орталық ретінде дәйекті түрде дами беретін болады...», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бірінші шақырылымының бірлескен отырысына қатысып, оның барысында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығын жария етті.

Президент: «барлық құрылыс жұмыстары рекордтық мерзімде аяқталды: 1996 жылдың қазан айында Ақмола қаласын қайта құру туралы шешім қабылданды, ақпан айында жұмыстар басталып, бүгінгі күнде коммуникациялар мен электр қуатын өткізу ғана қалды», — деп атап өтті. Президент Ақмола қаласын қайта құруға қатыстырылған құрылысшылардың 75 % қазақстандықтар екендігін ерекше атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығына сәйкес, Ақмола қаласы 197 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы қызметін өзіне қабылдауы қажет болатын. Оның ресми тұсаукесерін өткізу 1998 жылдың 10 маусымына белгіленді.

Мемлекет басшысы «Қызылорда облысының Тереңөзек аудандық сотын қайта атау туралы» №3697, «Алматы қаласының мәртебесі және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» №3698, «С.Ш. Ақымбековті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №3699, «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» №3700 жарлықтарына қол қойды.

21 қазан



Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ бас хатшысы Д. Арагонды қабылдады.

Кездесу барысында ЕҚЫҰ орталықазиялық өңірдегі қызметінің мәселелері талқыланып, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде одан әрі ынтымақтасу мен өзара әрекеттесу перспективалары белгіленді.

Мемлекет басшысы «Texaco Inc.» американдық компаниясының президенті П. Бижурды қабылдады.

Кездесу барысында Қарашығанақ кен орнын дамыту мәселелері талқыланды және оны игеру бойынша келісім-шартқа қол қоюды жеделдету туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қарашығанақ газ-конденсатты кен орны Батыс Қазақстан облысындағы Ақсай қаласына жақын орналасқан. 1979 жылы ашылған. Кен орны Өнімді бөлу туралы келісім талаптарына сәйкес құрамындағы «British Gas» және «Eni S.p.A. (әрқайсысы 32,5%), «ChevronTexaco» (20%) және «Лукойл» (15%) бірге халықаралық консорциум әзірлеуде. Қарашығанақ жобасын іске асыру үшін бұл компаниялар «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» консорциумына бірікті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің отырысын өткізіп, онда кадрлық мәселелер қаралды.

Мемлекет басшысы «М.Ә. Бегалиев пен Р.А. Бекенов туралы» №3701, «Ә.Б. Қаженов пен А.Ө. Сәрсенбаев туралы» №3702, «Қазақстан Республикасының облыстық соттары мен Алматы қалалық сотының кейбір судьяларын қызметке тағайындау, облыстық соттары мен аудандық сотының кейбір судьяларын қызметтен босату туралы» №3703, «Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі туралы» №3705, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №3706, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3707, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №3708, «О. Әбдікәрімовті Қазақстан

Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №3709, «О. Әбдікәрімов туралы» №3710, «С.С. Қалмырзаевты Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №3711 жарлықтарына қол қойды.

22 қазан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен Қырғыз Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы («4+N») Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында экономикалық серіктестікті дамыту мақсатында «тауар жіберілетін ел» принципі бойынша қосылған құн салығын төлеу бөлігінде қатысушы-елдердің ұлттық заңнамаларын өзгерту мәселелері қаралды, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаев Мемлекетаралық кеңестің төрағасы болып сайланды. Өзінің сайлануына байланысты жоспарларымен бөлісе келе, Президент еуразиялық модель бойынша ықпалдастықты тереңдету қажеттігін атап өтті.

«4+N» деген атаумен танымал Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Беларусь мемлекетаралық бірлестігі 1996 жылғы 29 наурызда олармен қол қойылған Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету туралы шарт негізінде құрылған болатын.
1998 жылғы 28 сәуірде аталған шартқа Тәжікстан қосылды.

Мемлекет басшысы Венгрия Республикасының Президенті А. Генцке сол елдің ұлттық мерекесі — Революция және 1956 жылғы азаттық күресі күніне, сондай-ақ 1989 жылы Венгрия Республикасын жариялау күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

23 қазан

Мемлекет басшысы Молдова Республикасының астанасы Кишинев қаласында өткен ТМД мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.



Саммит барысында жақын арадағы және ортамерзімді перспективадағы ынтымақтастықтың басым салалары жөнінде пікір алмасу өтті, сондай-ақ ТМД даулы жағдайлар жөніндегі комитеті туралы ереже жобалары, Достастық елдерінің ортақ аграрлық нарығы туралы келісім, Мемлекеттердің заңсыз көші-

қонмен күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімі, ұйымдасқан қылмыспен және қауіпті қылмыстардың өзге түрлерімен күрес бойынша бірлескен іс-шаралардың мемлекетаралық бағдарламасын орындау туралы баяндамасы қаралып, Атқарушы хатшылықтың Достастық органдарының қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу туралы ақпараты тыңдалды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда Ресей, Украина және Беларусьпен бұрынғы КСРО құрамына кірген мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу мақсатында құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамына кірген 11 мемлекет ТМД қағидаттары мен мақсаттары жазылған Алматы декларациясына қол қойды. Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқару комитеті және т.б. ТМД органдары болып табылады.

24 қазан

Мемлекет басшысы Республика күніне орай «Украински новины» газетінің бас редакторы А.Н. Гаркавецті, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі — Ұлттық ғылым академиясы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Археология және этнология институтының директоры, академик М.Қ. Қозыбаевты және Фонтенбло қаласы (Франция) университетінің профессоры А. Фишлерді қабылдап, оларға 1997 жылғы Президенттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлықтарын табыс етті.

Мемлекет басшысы «Президенттік Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын беру туралы» №3713, «Х.А. Самаранчты «Достық» орденімен наградтау туралы» №3714, «Ә.М. Қажыгелдинді «Парасат» орденімен наградтау туралы» №3715, «Президенттік Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 31 тамыздағы №903 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №3716, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы №3432 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №3717 жарлықтарына қол қойды.


25 қазан



Мемлекет басшысы Республика күніне орай Алматы қаласында Қазақстан Парламенті ғимаратының алдындағы алаңда өткен мерекелік шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Кеңес Одағының Батырлары Ә.Н. Молдағұлова мен М.Ж. Мәметоваға арналған қола ескерткішті салтанатты түрде ашты.

27 қазан



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Х.М. Азнарды қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан-Испания қатынастарын одан әрі дамыту мәселелері, экономикадағы, гуманитарлық және мәдени салалардағы ынтымақтастықты кеңейту перспективалары бойынша пікір алмасу өтті.

Н.Ә. Назарбаев пен Х.М. Азнар Азия мен Еуропадағы тұрақтылықты нығайтудың өзекті аспектілерін талқылап, басқа да халықаралық проблемаларды қарастырды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар Мәдениет, ғылым және білім беру салаларындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Х.М. Азнармен бірге Қазақстан мен Испания іскер топ өкілдерінің бизнес-конференциясына қатысты.

Мемлекет басшысы Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязовқа сол елдің мемлекеттік мерекесі — Түрікменстанның тәуелсіздік күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

28 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, жаңа тәуелсіз мемлекеттер бойынша Мемлекеттік хатшысының арнайы кеңесшісі С. Сестановичті қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты қатынастардың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ 1997 жылғы 17–23 қарашасына жоспарланған Қазақстан Президентінің

АҚШ-қа ресми сапарына байланысты мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен, Президенті Әкімшілігінің басшы қызметкерлерімен кеңес өткізіп, онда Қазақстан халқына Жолдауда көрсетілген міндеттер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №170-I, «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» №171-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №172-I, «Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Қарым-қатынастар негіздері жөніндегі шартты бекіту туралы» №173-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №174-I заңдарына қол қойды.

29 қазан



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрі, армия генералы И.Д. Сергеевті және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевты қабылдады.

Министрлер Н.Ә. Назарбаевқа екі елдің әскери ынтымақтастығын дамыту мен кеңейтуге арналған құжаттарды әзірлеу бойынша бірлескен жұмыстарының қорытындылары туралы есеп берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғары тәртіптік кеңесінің дербес құрамы туралы» №3722 Жарлығына қол қойды.

30 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті С. Демирельге сол елдің ұлттық мерекесі — Түркия Республикасын жариялау күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №175-I, «Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына қосылуы туралы» №176-I, «Қазақстан Республикасының Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылуы туралы» №177-I, «Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісімді бекіту туралы» №178-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №179-I заңдарына қол қойды.

31 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек туралы шартты бекіту туралы» №180-I, «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының арасындағы БҰҰ аясында ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру және құру туралы келісімді бекіту туралы» №181-I, «Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымының жарғысына қосылуы туралы» №182-I, «Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімді бекіту туралы» №183-I, «Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» №184-I, «Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы табыстар мен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» №185-I заңдарына қол қойды.

ҚАРАША 1997



Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30



3 қараша



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Венгрия Республикасының Президенті А. Генцпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында мемлекет басшылары екіжақты ынтымақтастықтың әртүрлі мәселелері бойынша пікір алмасты, Қазақстан мен Венгрия арасындағы өзара әрекеттестікті дамыту мақсатында едәуір перспективалы міндеттер мен басымдықтарды тұжырымдады.

Н.Ә. Назарбаев А. Генцке Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы жөнінде хабарлап, осы ұзақмерзімді бағдарлама басымдықтарының бірі шет елдермен, оның ішінде Венгриямен де өзара тиімді халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып табылатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы «Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңес мәселелері туралы» №3723, «З.Х. Кәкімжановты Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі — Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №3724 жарлықтарына қол қойды.

4 қараша

Мемлекет басшысы «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» №186-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ғ.Б. Жақиянов туралы» №3727, «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ережеге толықтыру енгізу туралы» №3730 жарлықтарына қол қойды.

5 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Республикалық балаларды сауықтыру және оңалту орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсімде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «кез келген болашаққа бағыт алған жас мемлекет ұрпақтарын ойлау қажеттігін» ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы» №3731 Жарлығына қол қойды.

6 қараша

Мемлекет басшысы «С.И. Шуткин туралы» №3733, «Ю.А. Хитринді Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қызметіне тағайындау туралы» №3734, «Ж.А. Тұяқбаев туралы» №3736, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы №2542 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №3741, «Ә.М. Бәйменовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңсесінің басшысы қызметіне тағайындау туралы» №3742 жарлықтарына қол қойды.

7 қараша

Мемлекет басшысы халықаралық қаржылық құрылымдардың өкілдері мен донор-елдердің елшілерін қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев шетелдік серіктестерге қазақстандық экономиканы реформалауда моральдық қолдау, сондай-ақ қаржылық және техникалық көмек көрсеткені үшін алғысын білдірді.

8 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстанның жаңа астанасы — Ақмола қаласына мемлекеттік рәміздерді тапсыру салтанатты рәсіміне қатысты.



Өз сөзінде Президент 1994 жылдың 6 шілдесінде қабылданған астананы көшіру туралы шешімін халық тарихындағы тағдыршешті және бірегей шешім деп атап, астананы көшіру мемлекеттің бағдар алған стратегиялық бағытының басы болатынына, мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына, гүлденуі мен тұтастығы идеясына қызмет ететініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Республикалық ұланның қолбасшысы, генерал-лейтенант С.Б. Тоқпақбаевқа мемлекеттік рәміздер эталондарын және Президент штандартын Ақмола қаласына өзі әкелуін тапсырды.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін жаңа астанада қабылдау үшін Ақмола қаласына кетті.

Салтанатты митингте Президент: «Ақмола өмірбаянына жаңа алтын жолдар жазылуда. Осы өлкенің тарихында бұл бірінші рет емес. Республика

үшін өзгерістерге толы кезеңдерде Ақмола бірнеше рет жоғары маңызды қоғамдық оқиғалардың ортасында болды.

...Қазіргі мемлекет үшін бетбұрысты уақытта да біздің назарымыздың Ақмола қаласына аударылғаны кездейсоқ емес. Қаласаңыздар, елімізге жаңа патриоттық серпіліс қажет, тың көтерумен барабар ерлік қажет. Тек сол ғана жаңа шындықпен — тәуелсіздікті нығайту, мемлекеттілікті құру, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді тереңдетумен байланысты. Мен астананың Ақмолаға көшірілуі осы мақсаттарға жетуге септігін тигізетініне нық сенімдімін», — деп атап өтті.

9 қараша

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Ақмола қаласындағы бірқатар салынып жатқан нысандарды, соның ішінде «Самал» шағын ауданының тұрғын үй кешендерін, Парламенттің, Сыртқы істер министрлігінің және Жастар сарайының ғимараттарын қарап шықты.

Мемлекет басшысы Польша Республикасының Президенті А. Квасьневскиге сол елдің ұлттық мерекесі — Тәуелсіздік күніне орай құттықтау жедел-хатын жолдады.

11 қараша



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Грузия Президенті Э.А. Шеварднадземен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастар, одан әрі экономикалық және саяси ынтымақтасу мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияға, Көмірсутекті халықаралық нарықтарға тасымалдаудағы ынтымақтастық туралы меморандумға, Мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға, Табысқа және капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға, статистика, денсаулық сақтау, білім, еркін сауда, стандарттау, метрология және

сертификаттау, әскери салада ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің металл ақша дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы» №3745 Жарлығына қол қойды.

12 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етіп, онда Қауіпсіздік кеңесі туралы ережеге өзгертулер талқыланып, енгізілді, елдің Қорғаныс министрлігіндегі тұрғын-үй заңнамасын бұзуға байланысты мәселелер, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайы қаралды.

Н.Ә. Назарбаев Кеңес мүшелерінен қылмыспен күресті күшейтуге көңіл аударуды талап етті, ол үшін барлық құқық қорғау органдарының күшін біріктіру қажет.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға III Халықаралық орталықазиялық әйелдер конференциясына қатысу үшін келген Америка Құрама Штаттарының Президенті Х. Клинтонды қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев мейманды Қазақстанның тарихы және мәдениетімен таныстырды. Президент Х. Клинтонның «Бізге балалар беретін сабақтар мен үлкен ауыл керек» («It takes a Village and Other Lessons Children Teach Us») атты соңғы кітабында көрсетілген әдіс-тәсілдердің қазақ халқының тәрбие беру әдістемесімен үндес екенін және қоғамның қызығушылығын оятқанын атап көрсетті.

Мемлекет басшысы қазақ қоғамында әйелдер жоғары әлеуметтік мәртебеге ие екендігін ерекше атап өтті. Н.Ә. Назарбаев қазіргі уақытта Қазақстан Үкіметінің құрамында және елдің шет елдердегі дипломатиялық корпустарында әйелдердің табысты қызмет етіп жатқанына Х. Клинтонның назарын аударды.

Мемлекет басшысы «Дипломатиялық қызмет туралы» №187-I, «Сот сараптамасы туралы» №188-I, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы

25 желтоқсандағы №2727 заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» №189-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының тәртіптік алқасы, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар туралы ережені бекіту туралы» №3746 Жарлығына қол қойды.

13 қараша

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Челябі облысының губернаторы П.И. Суминді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Ресейдің шекаралас облыстары арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері қаралды.



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Болгария Республикасының Сыртқы істер министрі Н. Михайлованы қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев пен Н. Михайлова Қазақстан мен Болгарияның алдағы уақытта да экономика, ғылым, білім беру және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытып, нығайта беретінін қанағаттанарлықпен атап өтті.

Мемлекет басшысы «А.М. Жолдасбековті Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының атқарушы директоры — комиссия мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №3749, «Ү.Ж. Кулиновты Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының атқарушы директоры — комиссия мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №3750, «Г.Н. Шалғымбаеваны Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының атқарушы директоры — комиссия мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №3751, «В.А. Быков туралы» №3752, «Ұлттық валюта — теңге күні туралы» №3753, «Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» №3755 жарлықтарына қол қойды.

14 қараша

Мемлекет басшысы жұбайы С.А. Назарбаевамен бірге «SOS — Kinderdorf International» Халықаралық

қорының балалар ауылындағы отбасылық үйлерге барды.

«SOS — Kinderdorf International» Халықаралық қоры — отбасылыққа біртабан жақын ұзақмерзімді тәрбие беретін балалар үйлерінің ерекше типтерін біріктіретін ұйым. Ұйым ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетеді.
Алғашқы балалар ауылы 1949 жылғы желтоқсанда Австрияның Федералды жері Тирольда ашылған болатын. Қазақстанда балалар ауылы 1994 жылы құрылды. Сол жылы «SOS Қазақстанның балалар үйі» ұлттық қауымдастығы өз жұмысын бастады.

Мемлекет басшысы Палестина ұлттық әкімшілігінің төрағасы Я. Арафатқа сол елдің ұлттық мерекесі — Палестина Мемлекетін жариялау күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 22 қарашадағы №3237 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №3758, «Ақмола облысындағы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерді қайта атау және олардың транскрипцияларын өзгерту туралы» №3759 жарлықтарына қол қойды.

15 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы 1997 жылғы 4 қыркүйектегі Қарыз туралы келісімді (Мемлекеттік сектор ресурстарын басқарудағы құрылымдық қайта құруды қолдауға арналған заем) бекіту туралы» №190-I Заңына қол қойды.

17 қараша



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Вашингтон қаласында АҚШ вице-президенті А. Гормен кездесті.

Энергетика саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейту келіссөздердің басты тақырыбы болды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық серіктестік жөніндегі

іс-қимыл бағдарламасына, сондай-ақ ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану, Қарашығанақ газ-конденсатты кен орнын бірлесіп игеру және Каспий қайраңы жобасының өнімдерін бөлу және т.б. мемлекетаралық келісімдерге қол қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы АҚШ вице-президенті А. Гормен бірге Қазақстан-Америка бірлескен комиссиясының IV сессиясына қатысты.

Мемлекет басшысы Латвия Республикасының Президенті Г. Улманиске сол елдің ұлттық мерекесі — Латвия Республикасын жариялау күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы» №3761 Жарлығына қол қойды.

18 қараша



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында АҚШ Президенті Б. Клинтонмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар халықаралық саясаттың және екіжақты байланыстардың әртүрлі аспектілері бойынша пікір алмасты, Қарашығанақ кен орнын бірлесіп игеру және Каспий қайраңы жобасының өнімдерін бөлу туралы келісімдерге қол қойылуына байланысты екі елдің алдағы уақыттағы ынтымақтастығы мәселелеріне, сондай-ақ Еуразияда тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ерекше назар аударды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Қазақстан-Америка қарым-қатынастары туралы Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

19 қараша

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында американдық «Шығыс-Батыс» институтымен ұйымдастырылған «Қазақстанның сауда-инвестициялық мүмкіндіктері және геостратегиялық маңызы» атты бизнес-конференцияға қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы АҚШ Мемлекеттік хатшысының міндетін атқарған С. Талботтпен, АҚШ Қорғаныс министрі У. Коэнмен, АҚШ Энергетика министрі Ф. Пеньямен және ХВҚ атқарушы директоры М. Камдессюмен екіжақты кездесулер өткізді.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Арлингтон зиратына барып, Белгісіз солдат қабіріне гүлтәжін қойды.

20 қараша

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында Хьюстон қаласына барып, қазақстандық студенттермен — «Болашақ» президенттік бағдарламасының стипендиаттарымен, АҚШ бұрынғы Президенті Дж. Бушпен (үлкені) және Техас штатының іскер топ өкілдерімен кездесті.

Мемлекет басшысы Жапония Премьер-министрі Р. Хасимотоға оның осы биік лауазымға қайта сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

21 қараша

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовке екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылғанына бес жыл толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

24 қараша

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасында ресми сапармен болып, Франкфурт-на-Майне қаласында «Қазақстан — жаңа инвестициялық мүмкіндіктер» атты Қазақстан-Германия бизнес-конференциясына қатысты.



Мемлекет басшысы Ливан Республикасының Президенті И. Храуиге сол елдің ұлттық мерекесі — Тәуелсіздік мерекесіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

25 қараша

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары барысында сол елдің аста-

насы Бонн қаласына барып, ГФР Президенті Р. Херцогпен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан-Германия қатынастарын дамытудың кең ауқымды мәселелері бойынша тыңғылықты пікір алмасу өтті.

Мемлекет басшысы Бонн қаласының қалалық ратушасына барып, Құрметті қонақтар кітабына естелік жазба қалдырды.



Түстен кейін Мемлекет басшысы ГФР Федералдық канцлері Г. Кольмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдардағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты қатынастардың жай-күйі мен перспективаларын талқылады. Г. Кольдің өтініші бойынша Н.Ә. Назарбаев өзінің АҚШ-қа сапарының негізгі қорытындылары туралы ақпараттандырып, Қазақстанның мұнай саясаты мәселесі мен Каспий мұнайы үшін жаңа мұнай құбырларын салу перспективалары туралы айтып берді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Экология саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме қабылданды, сондай-ақ табыс пен мүлік салықтарына қатысты қосарланған салық салуды болдырмау, қаржылық ынтымақтастық, германиялық оқытушыларды Қазақстан мектептеріне жіберу, жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильдік тасымалдау туралы келісімдерге қол қойылды.

Кешке қарай Мемлекет басшысы ГФР Федералды экономика министрі Г. Рескродтпен және ГФР Экономикалық даму жөніндегі федералды министрі К.Д. Шпрангермен кездесулер өткізді.

26 қараша

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары барысында ГФР Федералдық сыртқы істер министрі К. Кинкельмен кездесті.

Кездесуде өзекті халықаралық проблемалар мен Қазақстан және ГФР халықаралық аренадағы ынтымақтастығын дамыту мәселелері қаралды.

Н.Ә. Назарбаев пен К. Кинкель сондай-ақ Қазақстандағы германиялық фирмалар мен компаниялардың инвестициялық қызметін белсендіру

турасында екі ел ынтымақтастығының сыртқы экономикалық аспектілерін талқылады.

Сол күні Мемлекет басшысы ГФР Федералды қаржы министрі Т. Вайгельмен, Бундестаг депутаты, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының вице-президенті В. Виммермен, Қазақстан Республикасы Германиялық достар қоғамының Құрметті президенті Г.-Д. Геншермен екіжақты кездесулер өткізді.

Мемлекет басшысы өзінің неміс тілінде жарық көрген «XXI ғасыр табалдырығында» атты кітабының тұсаукесеріне қатысты.

27 қараша



Мемлекет басшысы Польша Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Варшава қаласында Президент А. Квасьневскимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі елдің постсоциалистік қоғамдарын реформалау барысы мен өзгешеліктері туралы пікір алмасу өтті, сондай-ақ саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда екіжақты ынтымақтастықты дамытудың жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастарды дамыту туралы декларацияға қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Польша Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы Е. Бузекпен, Польша Республикасы Сеймі мен Сенатының маршалдары М. Плажиньски және А. Гжещковякпен екіжақты кездесулер өткізді.

ЖЕЛТОҚСАН 1997



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен, Парламенті, Президенті Әкімшілігінің басшылығымен кеңес өткізіп, онда бірқатар шұғыл мәселелер, оның ішінде Ақмола қаласындағы мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдары жұмысын ұйымдастыруға байланысты мәселелер қаралды.

Мемлекет басшысы «И.А. Адырбековті Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №3762 Жарлығына қол қойды.

2 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Тұрақты тұру үшін Беларусь Республикасына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына келетін Беларусь Республикасы азаматтарының азаматтық алуының оңайлатылған тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №191-I, «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы» №192-I, «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы» №193-I, ««Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №194-I заңдарына қол қойды.

3 желтоқсан

Мемлекет басшысы белгілі жазушы, әдебиеттанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі З.Қ. Қабдоловты қабылдады.

Әңгіме барысында елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық соттары сот алқаларының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау мен қызметтен босату, кейбір аудандық (қалалық) соттарының төрағасы мен судьяларын қызметтен босату туралы» №3763, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 желтоқсандағы №3279 Жарлығымен

бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолдану тәртібі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №3764, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3765–3766, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №№3767–3768, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№3769–3772, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №3773 жарлықтарына қол қойды.

4 желтоқсан

Мемлекет басшысы АӨСШК шақыру жөніндегі халықаралық кездесуіне қатысушылар мен Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетел дипломатиялық корпусының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев «мен әріптестер қатарында тек АҚШ, Қытай мен Ресейді ғана емес, сонымен қатар ислам әлемін де көргім келеді, сондықтан АӨСШК шақыру туралы идеясын іске асыру — Қазақстанның өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастық саласындағы қызметінің негізгі бағыттарында басымдыққа ие болатындығын» мәлімдеп, өзінің көпвекторлық саяси бағдарға беріктігін тағы да дәлелдеді.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру бастамасын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылғы қазанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 47 сессиясының мінберінде ұсынған болатын. Форумның басты мақсаты — көкейкесті өңірлік мәселелерді бірлесіп шешу және Азия құрлығындағы ынтымақтастықты нығайту үшін пікір алмасу тетігін құру болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы қазақстандық және шетелдік журналистер үшін баспасөз конференциясын өткізіп, онда өзінің АҚШ, ГФР және Польшаға сапарларының қорытындылары туралы әңгімелеп берді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жаңа астанасы — Ақмола қаласына көшумен байланысты көптеген сұрақтарға жауап берді.



Мемлекет басшысы «В.Л. Левитин туралы» №3774, «Н.И. Баевты Маңғыстау облысының әкімі

қызметіне тағайындау туралы» №3775 жарлықтарына қол қойды.

5 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімі З.Қ. Нұрқаділовті таныстырды, сондай-ақ Қаскелең ауданының Шамалған ауылына барып, болашақ мешіт құрылысының алғашқы тасын қалады.

Мемлекет басшысы «Адвокаттық қызмет туралы» №195-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №196-I, «Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісімді және оған Хаттаманы бекіту туралы» №197-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №198-I, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузияның Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №199-I заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «С.Ә. Үмбетов туралы» №3776, «З.Қ. Нұрқаділовті Алматы облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3777, «Ж.Қ. Рысбаевты Қазақстан Республикасы «Барлау» қызметінің директоры қызметіне тағайындау туралы» №3780 жарлықтарына қол қойды.

7 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Ispat International» компаниясының төрағасы Л. Миттални, «Испат-Қармет» ААҚ бас директоры М. Мукхерджиді, ЕҚДБ вице-президентінің орынбасары Д. Хестерді, Халықаралық қаржы корпорациясының Орталық Азия, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка аудандарындағы инвестиция мәселелері жөніндегі департаментінің директоры А. Хувагимианды қабылдады.

Мемлекет басшысы танымал қазақстандық жазушы К.М. Мұхамеджановты қабылдады. Ол мемлекеттік идеология базасында қалыптасып, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында көрініс тапқан ұлттық идеялар көзқарасымен бөлісті.

8 желтоқсан



Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Австралияның елшісі П.М. Паша мен Венгрия Республикасының елшісі Ш. Шимичтен сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №200-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін құру туралы» №3783 Жарлығына қол қойды.

9 желтоқсан



Мемлекет басшысы Алматы қаласының әуежайында өткен ел басшылығын Қазақстанның жаңа астанасы — Ақмола қаласына шығарып салу салтанатты рәсіміне қатысты.

Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Президент: «Алматы — қазақстандық мемлекеттіліктің алтын бесігі. Бұл Қазақстанды бүкіл әлемдік қауымдастыққа танымал еткен тәуелсіздігіміз түлеп ұшқан ұя. Барша қазақстандықтар Алматыны мақтан етеді және әрқашан да онымен мақтанатын болады...», — деді.

Мемлекет басшысы «1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №201-I Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «З.Қ. Тұрысбеков туралы» №3784, «Қ. Абдуллаевты Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3785, «Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы» №3787 жарлықтарына қол қойды.

10 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанның жаңа астанасы — Ақмола қаласында өткен Қазақстан Республикасы Парламентінің және Үкіметінің бірлескен отырысына төрағалық етті.

Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев астананың көшірілуіне орай Қазақстан халқына Үндеуін жариялады.

«Бүгін біз, Қазақстан Республикасының жоғары өкімет органдары, Ақмола қаласының 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап мемлекетіміздің астанасы болып табылатыны жөнінде салтанатты түрде мәлімдейміз. Бұдан былай және ғасырдан ғасырға, осында ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өміршең маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде енді Отанымыздың жүрегі соғуда, Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады», — деп мәлімдеді ол (Қосымшаны қараңыз).

Президент сондай-ақ 1998 жылды Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялау туралы және Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор құру туралы жарлықтарын жариялады.

Отырыс соңында Мемлекет басшысы астана нысандарын салуда және жоғарғы мемлекеттік билік органдарын Ақмола қаласына көшіруде көзге түскендерге мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Мемлекет басшысы «Ақмола қаласынан Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» №3789, «1998 жылды Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялау туралы» №3790, «Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор туралы» №3791, «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №3792, «Ә.Р. Жақсыбековті Ақмола қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3793 жарлықтарына қол қойды.

11 желтоқсан

Мемлекет басшысы жаңа астана Ақмола қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның жаңа нысандары — «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясының кеңсесін, көлік құрылысшыларының сауықтыру кешенін, тұрғын үй коттеджделерін аралап шықты және жаңа астана құрылысының бас жоспарымен танысты.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен телефон арқылы сөйлесті.

В.С. Черномырдин Н.Ә. Назарбаевты тарихи оқиға — астананы Ақмола қаласына көшіруімен және

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

12 желтоқсан



Мемлекет басшысы Қазақстанның жаңа астанасы — Ақмола қаласында тұңғыш рет өткен ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында Н.Ә. Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен және Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен алдағы уақыттағы экономикалық ынтымақтастық, орталықазиялық өңірде бірыңғай нарықтық кеңістікті құру мәселелерін талқылады.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның халықаралық консорциумдарды құру жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасы мақұлданған хаттамалық шешімге қол қойылды.

Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым.

Ұйым 1994 жылы бұдан бұрын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасымен қол қойылған Экономикалық одақ құру туралы (1993 ж.) және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы (1994 ж.) шарттарға сәйкес құрылған.

1998 жылғы наурыз айында ОАЭҚ ұйымына Тәжікстан қосылды.

1996 жылы байқаушы мәртебесін — Ресей, ал 1999 жылы Грузия, Түркия және Украина алды.

2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына (ОАЫ) айналып, оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кірді.

2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ ұйымына Ресей қосылды.

2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ ұйымын ЕурАзЭҚ ұйымымен біріктіру туралы шешім қабылданды.

13 желтоқсан



Мемлекет басшысы Қазақстанның жаңа астанасы — Ақмола қаласында Тәуелсіздік күні мен Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы ретінде жариялауға орай өткізілген салтанатты жиналысқа қатысты.

Өзінің «Тоталитарлықтан саяси тұрақты және демократиялық Қазақстанға» атты баяндамасында Президент: «Сіздердің толқулы жүздеріңізді көріп тұрмын, залдың мерекелік көңіл ауанын сезініп тұрмын және сіздердің көтеріңкі көңіл-күйлеріңіздің менің бүгінгі жай-күйіммен толық үйлесіп тұрғанын да

ойша аңғарып тұрмын. Несі бар, әділ болайық, бізде бүгін ол үшін барлық негіз бар.

Сіздердің тұңғыш рет Тәуелсіздік күнін мерекелеу жаңа астана — Ақмолада өткізіліп отыр. Осы арқылы тәуелсіз Қазақстанның әзірге қысқа тарихына жаңа парақ жазылуда. Әрі ол сіздердің тікелей қатысуларыңыз арқылы жазылуда. Сіздердің бәріңіз де, қымбатты достар, астананы ауыстыру туралы идеяны толық қолдадыңыздар, мұндай жағдайда болмай қоймайтын қиындықтарды бастан өткеруге келістіңіздер және қазір де әрбір қазақстандық сияқты, осы оңай емес, бірақ ел үшін өте қажетті шешімді біздің ортақ ісімізге лайықты еңбек үлесін қосу арқылы демеуге мейлінше ықыластысыздар. Бұл мереке үшін себеп емес пе!

Бүгін астананың көшуімен мемлекеттілігімізді қалыптасуындағы, еліміздің тәуелсіздігінің нығаюындағы аса маңызды кезең аяқталды деп айтуымызға толық негіземіз бар», — деп айтты (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы Ақмола қаласында Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш мемориалының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы «Еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы конвенцияны бекіту туралы» №202-I, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №203-I, «Халықтың көші-қоны туралы» №204-I, «Қазақстан Республикасының көшіп келу мәселелері жөніндегі кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №205-I, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі» №206-I, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін күшіне енгізу туралы» №207-I, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі» №208-I, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексін күшіне енгізу туралы» №209-I заңдарына қол қойды.

17 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, оның барысында 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының кезекті жылдығына арналған митингке қатысты.

18 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Ж.С. Кәрібжановты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №3795, «Ж.С. Кәрібжанов туралы» №3796 жарлықтарына қол қойды.

19 желтоқсан

Мемлекет басшысы «В.К. Гартманды Ақмола облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3797, «В.К. Гартман туралы» №3798, «Д.К. Ахметовті Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3799, «Д.К. Ахметов туралы» №3800, «Ғ.Б. Жақияновты Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №3801 жарлықтарына қол қойды.

20 желтоқсан

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімі Д.К. Ахметовті таныстырды.

22 желтоқсан

Мемлекет басшысы Жапония императоры Акихитоға оның туған күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі әкімдердің қатысуымен республикалық кеңес өткізіп, онда олардың алдына «Қазақстан-2030» стратегиясы аясында 1998 жылға арналған міндеттерді қойды.

24 желтоқсан

Мемлекет басшысы ТМД атқарушы хатшысы И.М. Коротченяны қабылдап, онымен Достастықтың жай-күйі мен даму келешегін, сондай-ақ ТМД алдағы перспективаға белгіленген міндеттерін талқылады.

Мемлекет басшысы ТМД Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы В.В. Земскийді қабылдады.

Кездесу барысында ТМД ұжымдық қауіпсіздік жүйесін одан әрі дамыту перспективалары, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты ұзарту және оны заманауи геосаяси жағдайларға бейімдеу, көпжақты әскери-

экономикалық және әскери-техникалық ынтымақтастықтарды кеңейту туралы пікір алмасу өтті.

25 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанның кәсіподақ қозғалысы өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында кәсіподақ көшбасшыларымен ұсынылған жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы 1998 жылға арналған келісім жобасы қаралды.

Мемлекет басшысы Ақмола қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында Орыс драмалық және Қазақ музыкалық-драмалық театрларына, Ақмола өлкетану мұражайына және облыстық кітапханаға барды.

Мемлекет басшысы «Энергия үнемдеу туралы» №210-I Заңына қол қойды.

26 желтоқсан



Мемлекет басшысы Атырау облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Атырау қаласында ұйымдастырылған Президенттік жаңажылдық шыршаға қатысты, қалалық жаңа нан зауытына, қала маңындағы Ракуша ауылындағы бекіре зауытына барды, Ғылым үйінде жергілікті шағын және орта бизнес кәсіпорындарының өнімдері көрмесін қарап шықты, облыстың мұнай игеру және өңдеу саласындағы кәсіпкерлерімен және бірлескен кәсіпорындар басшыларымен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің жарғылық капиталы, резервтік қоры және оның 1997 жылғы таза табысын пайдалану туралы» №3810 Жарлығына қол қойды.

31 желтоқсан

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан жаңа 1998 жылмен құттықтады.

«Бастан кешкен жылымыз тарих қазынасына айналып, келесі, жана 1998 жыл табалдырығымыздан аттағалы тұр. Мұндай сәтте, барша жұрт бірдей көңілкүйде болатын сияқты. Өйткені бұл өткенді ой елегінен

еткізіп, келешекке деген арман мүддеңді көңіл таразысына тартатын, алдағы күнге үмітпен көз салатын тұс.

...Бұлай деуге толық негіземіз бар. Мемлекетіміздің өміріндегі маңызды кезең аяқталып отыр. Тәуелсіздікке жеткен жылдар ішінде экономикалық және саяси реформалардың ең бір аурушаң да ауыр аралығын еңсере біліп, кең ауқымда тұрақтылыққа қол жеткіздік, өндірістің құлдырауын тоқтатып, инфляцияны ауыздықтадық.

Әлеуметтік түйінді мәселелерді неғұрлым байсалды да бәсірелі шешуге кірістік. Осы уақыт ішінде мемлекеттілігіміз қалыптасты, конституциялық негізде түбегейлі жаңа заңдық негіз қаланды.

Әлемдік қоғамдастықта Қазақстан бейбітшіл мемлекет ретінде, өзінің тындырған ісі мен жасаған қадамдары үшін жауапкершілігі мығым, ынтымақтасуға әзір тұрған сенімді серіктес ретінде танылды. Қысқасы, тәуелсіз егемен мемлекет құруға кіріскен кезімізде алдымызға қойған бірінші кезектегі қиын міндеттер іс жүзінде шешіліп отыр.

...Қазір біз реформалардың жаңа сатысына қадам бастық, ендігі жерде біз алыс келешекке көз тігерліктей де күйдеміз, алдымызға неғұрлым ауқымды міндеттер қойып еліміздің барлық өлшемдер бойынша серпінді де тұрлаулы дамуына бастайтын бағыттарды белгілей алатындай халдеміз.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы нақ осындай ізгі мұраттың негізінде әзірленіп отыр.

...Осындай мақсатта астананы Ақмола қаласына көшіру жүзеге асырылды, ол Стратегияны іске асырудың орталығына айналатын үміт қаласы, болашаққа қарайтын қала», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясын тарату туралы» №3811 Жарлығына қол қойды.

ҚОСЫМШАЛАР

Қазақстан Республикасы Парламенті бірінші шақырылымы I сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1996 жылдың 30 қаңтары

Құрметті депутаттар!

Бояуын ешқандай қалыңдатпай-ақ айтатын болсақ, осы отырған баршамыз Қазақстан шежіресінің беттерінен, мемлекеттілігіміздің қалыптасу тарихынан лайықты орын алатын оқиғаға куә болып отырмыз. Біз Қазақстанның шынайы, өркениетті парламентаризмінің мөлдір бастауында тұрмыз. Осыны ерекше атап айтқым келеді, өйткені әрқайсымыз уақыт жүктеп отырған аса зор жауапкершілікті сезіне білуіміз керек.

Әрине, өкілетті билік органдары бұған дейін де болған, оның жұмысын ұйымдастыруда өзінің тәжірибелері де болды. Оларға «Парламент» және «парламентаризм» деген түсініктерді де таңып жүрдік, бірақ бұл түсініктердің олардың жұмысына қаншалықты сәйкес келетініне ой жүгірте бермейтінбіз. Тарихтан жақсы білесіздер, Қазақстанда тек 1938 жылы ғана Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі бірінші рет шақырылды. Бірақ ол, республиканың одан кейінгі «кеңестері» секілді, негізінен, одақтық Жоғарғы Кеңестің шешімдерін қайталаумен шектелді.

Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін ғана республикалық өкімет органдары өз заңдарын шығаруға мүмкіндік алды. Алғашқы кездері қоғам мен мемлекет өмірінің маңызды салалары үшін аса қажет болған заңдарды қабылдадық.

Бірақ тәуелсіздік жағдайында жұмыс істесе де, бұрынғы таптаурын ізден шыға алмаған Жоғарғы Кеңес сапалық жағынан мүлдем жаңа, күн сайын өзгеріп отырған экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес тиімді жұмыс істеуге дәрменсіз болып шықты. Ол нарықтық экономика мен құқықтық мемлекет құрумен байланысты ең өзекті деген мәселелерді шеше алмады. Мұндай қауқарсыздық жағдайда он екінші шақырылған Жоғарғы Кеңестің өзін өзі тартуы болмай қоймайтын құбылыс еді.

Өкінішке орай, оның орнына келген он үшінші шақырылған Жоғарғы Кеңес те осы таптаурын болған ескі жолдан шыға алмады. Оның үстіне, Конституциялық соттың шешімі көрсеткендей, ол заңсыз деп танылды. Осының бәрі оның өз жұмысын мерзімінен бұрын тоқтатуына алып келді.

Сол мезгілде депутаттардың алмасып отыру механизмінің жоқтығынан жоғары өкілетті органның сабақтастық пен іркіліссіздікке қабілетсіз болып шыққаны да анықталды. Осылайша, өткен жылдың бас кезінде біздің жоғарғы өкілетті органымызда орын алған кеселдің тіпті де кездейсоқтық емес, принципті сипат алғанына көз жеткіздік. Тәртіп бұзушылықпен аяусыз күресті және азаматтар құқын қорғауды қамтамасыз ете алмаған құқық қорғау және сот органдарының жағдайы көптеген нала мен реніштерді туғызды.

Аталып отырған кеселдер сол уақытта жүйелік сипат алып қана қойған жоқ, реформаның ырғағына, қоғамдық-саяси жағдайға да зиянын тигізді деуге болады. Шын мәнінде біз Кеңес идеологиясы мен оның тәжірибелерінен толық ары-

ла алмаған барлық мемлекеттік жүйенің өн бойындағы дағдарысты басымыздан кешірдік. Бұл дағдарыс 1995 жылға қарай өзінің шарықтау шегіне жетті де, оны дереу конституциялық жолмен шешу қажет болды. Өйткені, мемлекеттік құрылым да, тиімді іс-әрекеттерге бара алмай, сүріне берді. Осыдан келіп мемлекеттік биліктің барлық салаларын, соның ішінде заңдылық тармақтарын, конституциялық жолмен реформалау туралы саяси шешім қабылданды.

Заң шығару билігінде бос кеңістік пайда болған кезде мемлекеттегі барлық істер үшін жауапкершілікті өз мойныма алуыма тура келді. Уақыт көрсеткендей, бұдан демократияға титтей де нұқсан келген жоқ, кейбіреулердің айтқанындай, ешкімнің басына диктатураның қою бұлты үйірілген жоқ. Керісінше, еліміз үшін сын болған сол бір уақытта халық, Қазақстандағы мемлекеттік биліктің қайнар көзі мен соның бірден-бір қожайыны ретінде, референдумда еліміздің жаңа Конституциясын қабылдап, өзінің шешуші сөзін айтты. Реформалар алға жылжып, қоғамдық-саяси тұрақтылық сақталды. Біздің демократияға деген еш өзгермейтін көзқарасымыздың куәсіндей болып, қазақстандықтардың жоғары азаматтық белсенділігін танытқан жаңа Парламентке сайлау өтті.

Парламент жоқ кезде Заң күші бар жарлықтар мен құқықтық реттеу саласындағы кем-кетіктердің орнын толтыруға, нарық шаруашылығын қалыптастыру үшін аса қажет деген экономикалық заңдар пакетін қабылдауға тура келді. Соның нәтижесінде еліміздің шаруашылық кешенінің үзіліссіз жұмысы қажетті заңдылық негіздермен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, конституциялық нормаларды тезірек іске қосу мақсатында Президенттің жарлықтары мен конституциялық заңдардың басым көпшілігі қабылданды. Осы уақыттың ішінде өзім барлығы Заң күші бар 134 Жарлыққа және біздің халықаралық келісімдерімізді бекіту туралы 60-тан астам Жарлыққа қол қойдым.

Біздің бәріміз Парламент болмаған кездерімізде күрделі жағдай қалыптасқанын түсінгеніміз жөн. Және де реформаның, тұрақтылықтың және қоғамдық жарасымның барысында қол жеткеннің бәрін тәуекелге салуға болмайтын еді. Сол кезде мен аса әйгілі емес шараларға саналы түрде барып, кейбір талдаушылар мен журналистердің бақылауында «таза демократиялық процедураларды» жақтаушылардың тарапынан кінәлауға тап болатыныма ойша әзірленген едім. Таңдап алынған жолмен серпінді түрде ілгерілеуді қамтамасыз ету, басталған өзгерістердің кейінге шегерілуіне жол бермеу үшін мен осы шараларын қажет екеніне соншалықты дәрежеде сенімді болдым және өзіме халық берген әрі Конституцияда бекітілген өкілеттіліктерді пайдаландым.

Осы кезеңде қабылданған заң күші бар жарлықтарды өзіндік бір топтарға бөлуге болады. Әрине, олардың ішінде экономикалық реформа, қаржы, банк және басқа да шаруашылық қызметінің мәселелеріне арналған топтың үлкені болатыны да заңды. Олардың ішінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы», «Акциздер туралы», «Банкроттық туралы», «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы», «Лицензиялау туралы», «Құнды қағаздар және қор биржасы туралы», «Жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды тіркеу және олармен келісімдер жасау туралы», «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы», «Қазақстан Республикасындағы салықтық реттеу туралы», «Мұнай туралы», «Жер туралы», «Жер және жерді пайдалану туралы» іргелі жарлықтар бар. «Қазақстан Республикасының 1996 жылға

арналған республикалық бюджеті туралы» Жарлық қабылданды, яғни біз үстіміздегі қаржы жылына өз бюджетімізді алғаш рет дер кезінде бекіттік.

Мемлекеттік құрылыс мәселелеріне арналған жарлықтар жеткілікті түрде үлкен топты құрап отыр. Бұл — «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» және басқа да бірқатар құжаттар.

Мен соттар мен құқық қорғау органдары қызметінің мәселелеріне неғұрлым жіті назар аударуды қажет деп таптым. Сондықтан «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы», «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары туралы» маңызды жарлықтар шығарылды. Бұл жарлықтар, сайып келгенде, елдің Конституциясы белгілеген сот және құқық қорғау жүйелерін реформалауды бастауға мүмкіндік берді. Ал ТМД-да әзірге мұндай балама жоқ екенін бүкіл жауапкершілікпен айтуға болады.

Әрине, өткен кезең ішінде халықты әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелеріне талай рет көңіл аударуға тура келді. Мәселен, «Қазақстан Республикасы халқы өмірінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы», «Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, мүгедектерінің және оларға теңестірілген адамдардың жеңілдіктері мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», «Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы», «Азаматтардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы», «Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы», «Дәрі-дәрмек құралдары туралы» жарлықтар қабылданды.

Заң күші бар көптеген жарлықтарды шығара отырып, мен осыны өмірдің өзі қажет етіп отырған кезде бұрын заң тұрғысынан қамтамасыз етілмеген қатынастарды реттеуге ұмтылып отырдым. Осындай жарлықтардың қатарына жоғарыда аталып өтілген «Мемлекеттік қызмет туралы», «Республикалық референдум туралы», «Мұнай туралы», «Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы» және басқа да бірқатар жарлықтарды атауға болады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту туралы жарлықтар еліміздің сыртқы саяси бағытын жүзеге асырудың құқықтық базасын дамытуға бағытталды, ал оның негізіне игі көршілестік және ынтымақтастық, әсіресе, ТМД елдерімен игі көршілестік және ынтымақтастық принциптері алынған.

Ең бастысы, қарқынды жоғалтып алмай, тіпті өкіметтік құрылымдардың, ұйымдардың, бүкіл қоғамның, дағдарысты жою және экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі қызметі үшін қажетті құқықтық арналарды жасауды едәуір белсенді етуге қол жеткізгенімізде болып отыр. Қазір енді мен жалпы алғанда реформаларды тепе-тең ретпен ілгерілетуді қамтамасыз ете алғандығымызды, өкіметтің барлық тарамдары органдарының қысқа мерзімді міндеттерді шешу жөніндегі жұмысында айқын өзара іс-қимылына қол жеткізгенімізді толық негізбен айта аламын.

Өткен жылы қолымның тигеніне қарай, мен барлық мемлекеттік органдардың жұмысын қадағалап, олардың қызметін жалпы стратегиялық мақсаттар арнасында бағыттап отырдым. Жіберілген кемшіліктер үшін Үкіметтің басшылығы, министрлер, облыстардың әкімдері мен басқа да басшылар менің тарапымнан бүкпесіз сынға ұшырап отырды. Сөйтіп, жалпы алғанда біз өткен жылдардың кейбір елеулі олқылықтарын жөндеуге, реформалардың заңдылық базаларын құрудағы артта қалуды жоюға, бұларды неғұрлым сындарлы арнаға бағыттауға, тіпті жеделдетуге қол жеткіздік.

1995 жылы қол жеткізген оң өзгерістердің өзі бірқатар объективті классикалық көрсеткіштер арқылы расталып отыр, ал мұны қазір елемеу тіпті де мүмкін емес. Біз инфляцияның деңгейін сегіз есе дерлік қысқарта алдық. Өткен жылғы 1 260%-дан биылғы 160,3%-ға жеткіздік. Ішкі жалпы өнім шығарудың жылдық көлемінің құлдырау қарқынын 25,4%-дан 8,9%-ға дейін, яғни үш есеге дейін азайттық.

Өткен жылдың соңы өнеркәсіп өндірісі құлдырауының қарқынын біртіндеп қысқартумен сипатталды. Ал индустрияның химия, мұнай-химия және газ өнеркәсібі, қара және түсті металлургия тәрізді маңызды салаларында өнім шығарудың өткен жылдағы көлемі 1994 жылғы осындай көрсеткіштен тіпті асып түсті. Айталық, түсті металлургияда өндірістің нақты көлемі бір жылдың ішінде 2%-ға дерлік, химия, мұнай-химия өнеркәсібінде — 3,4% ал қара металлургияда 17%-дан астам өсті.

Экономиканың аграрлық секторында Мемлекеттік азық-түлік контрактілік комиссиясының және Ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың жұмысы кеңінен өрістеді. Өндірушілер өз өнімдерін биржаларда еркін баға бойынша өз бетінше сатуда. 1996 жылы селоға елеулі қаржы көмегі, әсіресе, шикізатты ұқсатуды дамытуға көмек көрсету белгіленіп отыр.

Экономиканы реформалауды бастай отырып, біз нарыққа қарай ілгерілеу кәсіпкерлердің жеткілікті түрде қуатты тобын құрмайынша мүмкін емес екенін ұдайы айтып келдік. Бүгін таңда республикада 17 мың жеке кәсіпорын және 29 мың шаруа қожалықтары белсенді жұмыс істеуде. Мұның өзі біздің халықаралық қаржы институттарының қатысуымен және жәрдемімен талдап жасаған бағдарламамызды жүзеге асырудың нәтижесі.

Қызметтің басым бағыттарының бірі бұрынғысынша сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту болып қала береді. Өткен жылдың қаңтар-қараша айларында біздің мемлекетіміздің сыртқы сауда айналымы 8 млрд. доллардай болды, мұның өзі осының алдындағы кезеңдегіден бір жарым есе көп. Бұл орайда оң сальдо 1 млрд. доллар болды.

Біз алтын валюта қорын арттыру туралы үнемі қамқорлық жасап келеміз. Бүгін таңда ол 2 млрд. долларға таяу.

Сайып келгенде, халықтың ең аз қорғалған жіктеріне деген біздің аянышымыз бен олардың тағдырына деген алаңдаушылығымызды білдіретін әлеуметтік сала болып отыр. Инфляцияны ауыздықтауға орай тұрақты төлемақы алатын адамдардың нақты табысының құлдырауы тоқтатылды. Доллармен есептегенде орташа айлық жалақының мөлшері бір жылдың ішінде 1,6 есе өсіп, өткен жылдың желтоқсанында 105 доллардай болды. Алайда, қаңтарда ол небәрі 62,5 доллар болып қалды.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі атқару органдары, экономикалық құрылымдар, еліміздің Үкіметінің басқа да тарамдары органдарының 1994–1995 жылдарға

арнап қабылданған бағдарламалық құжаттардың негізгі көрсеткіштерін орындау үшін көп істер тындырғаны туралы айтуға негіз береді.

Бірақ бұл өзімізді өзіміз алдарқату үшін ешқандай негіз болмақ емес. Егер белгіленгеннің бәрі толық жүзеге асырылса, оның үстіне Үкімет әрбір ведомство және әрбір әкім ойдағыдай жұмыс істесе, онда Қазақстан экономикасы; оның халқының тұрмысы, әрине, бұдан да жоғары болар еді.

Менің бірқатар тапсырмаларына қарамастан, Үкімет пен Ұлттық банк қазірдің өзінде келеңсіз құбылысқа айналып отырған бірқатар принципті маңызды проблемаларды шеше алған жоқ.

Бұл ең алдымен төлем дағдарысын жоюға байланысты. Мен Үкіметке оның есеп беру кезінде, ең таяудағы уақыт ішінде шешімін қажет ететін ірі ауқымды, басты міндеттердің бірі осы екенін айттым. Осы бағытта еліміздің қуатты күштері де, үздік ақыл-ойы да шоғырлануы тиіс. Әйтпесе біз бір орында шиырлап, өсудің зор күш-жігермен жасалған резервтерінен айрыламыз.

Үкімет қолайлы және тұрақты инвестициялық ахуалды жасау міндетін өте баяу шешіп келеді. Осы ерекше маңызды сала ұдайы олқылықтарға ұрынуда: бірде ұйымдық тұрғыдан, бірде құқықтық қамтамасыз ету жағынан, ал тіпті кейде инвестициялық жобалар мен кепілдерді хаттау процедуралары тұрғысынан кемшіліктерден арыла алмай келеді. Әр ретте жаңа ойлар мен әдістер туралы айтылады, пікірталастар өрістейді, бірақ бұл орайда сындарлы, практикалық, ұсыныстар өте аз енгізіледі.

Үкіметтің, оның мекемелерінің, өкімет пен басқарудың басқа да органдарының жұмысында өзге де олқылықтар мен кемшіліктер аз емес. Бірақ ең бастысы — бұл әлеуметтік сала. Үкіметтің тарапынан жалақы мен зейнетақыны төлеуде қарыз болудың келеңсіз практикасы жалғасып жататын болса, ешқандай да ақталуды мен қабыл алмаймын. Өткен жылы біздің жүздеген мың отандастарымыздың тіршілік етудің бірден-бір және қарапайым көзі болып табылатын сомаларды төлеудің ұзақ мерзімге кешіктірілуінің көптеген фактілері орын алды. Қаржысы бола тұрып жалақыны дер кезінде төлемейтін және төлемдерді өтемеу проблемасын қолдан жасайтын меншіктің кез келген түріндегі кәсіпорындардың басшыларына Үкімет шара қолдануға тиіс.

Халық тұрмысының әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелері жөніндегі өзім қабылдаған заңдар мен Жарлықтардың орындалуына бақылау жасауды Президент Әкімшілігінің аппараты және Бас прокуратура жүзеге асырады. Бақылау қатаң әрі тұрақты болады.

Реформаның барлық бағыттары, экономиканың әрбір саласында және секторында жүргізіліп жатқан барлық шаралар, сайып келгенде, халықтың табысының өсуінен, оның материалдық игілігінің жақсаруынан көрінуге тиіс. Бұл басты буын, тіпті реформалардың бүкіл түйіні. Әйтпесе біз жалпы реформаларды несіне жүргіземіз және бүкіл мемлекетті несіне толығынан кайта құрамыз? Әрбір кезеңде барлық өзгерістің жүзеге асу тиімділігін осы басты өлшеммен және индикатормен салыстырған жөн.

Реформалардың одан әрі дамуын айқындау үшін менің тапсыруым бойынша, Үкімет үш жылдық орташа мерзімді бағдарламаны талдап жасады, оны өткен жылдың аяғында бекіттім. Ол өзінің мақсаты етіп 1998 жылға қарай инфляцияның жылдық қарқынын 9–12%-ға дейін төмендетуді қойып отыр. Ал үстіміздегі жылға келетін болсақ, онда инфляцияның деңгейі 26%-ға дейін жеткізілуге тиіс.

Құрылымдық-инвестициялық саясат едәуір күшейтіледі, тиімділігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті өндіріске сыртқы және отандық инвестициялардың тасқыны үшін қосымша ынта туғызылатын болады. Атап айтқанда, 1998 жылға қарай осы жылмен салыстырғанда банк кредит үшін нақты проценттік ставканы шамамен 6 есе төмендету көзделіп отыр.

Айтқандайын, біздің еліміз Халықаралық валюта қорынан және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарынан өзіміз алған мемлекеттік кредиттермен заемдар бойынша 1995 жылдағы өзінің қарызын толық өтеп шықты. Ал бұл аз да, көп те емес — барлығы 249 млн. доллар. Осындай ұқыптылық іскерлер әлемінде жоғары бағаланады. Енді Қазақстанның үлкен бизнес әлемінде сенімді әрі міндетін орындайтын әріптесі ретіндегі беделі ешқандай да күмән келтірмейді, ал мұның өзі біздің шетелмен іскерлік байланыстарды одан әрі өрістету үшін жақсы кепіл болып табылады.

Үстіміздегі жылы өндірістік кәсіпорындардың реформасы жүзеге асырылатын болады, ал жүргізілетін өзгерістердің салмағын макроэкономикалық деңгейден микроэкономикалық деңгейге көшіру көзделіп отыр. Біз, айтылып жүргеніндей, жоғары деңгейден түсініктермен және категориялармен істес болуға және басқаруға үйрендік. Қазір енді қарапайым істермен етене айналысып, біздің кәсіпорындардың қызметін жандандыруымыз қажет. Мұның өзі мемлекеттік те, сондай-ақ жеке де, әсіресе, жаппай ішкі өнімнің негізгі бөлігі жасалатын материалдық өндіріс салаларының кәсіпорындарына да қатысты. Мұны біздің мемлекетіміздің, біздің тәуелсіздігіміздің негізін құрайтын тиімді, нақ сол тиімді нарықтық экономика арнасына көшіру және көтеру қажет.

Нақты орташа жалақының, тұтастай алғанда халық табысының өсуін қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін нақтылы қолдауды күшейту бағдарламаның тағы бір өзекті қыры болып табылады. Оның «Әлеуметтік саясат» деп аталатын тарауында, бір жағынан, тұрмысы нашарларға көмек көрсетуге, екінші жағынан, кірістерді тежеу мақсатында табысты реттеп отыруға көңіл бөлінген.

Үкімет ең кедейлер мен ең байлардың табыстары арасындағы алшақтықты қысқартуға ұмтылады. Алайда, халықтың жеткілікті түрде қамтамасыз етілген, өздерін әдетте ортаңғы тап деп атайтын едәуір көп және бұқаралық жігін қалыптастыруға қамқорлық жасаудың маңызы ерекше. Оған ұсақ және орташа бизнесмендер ғана емес, сонымен бірге білікті жұмысшылар, ғалымдар, басқа мамандықтар мен әлеуметтік жіктердің өкілдері қосылуға тиіс.

Тұрақты қоғам өзінің дәл осындай ортаңғы табымен күшті және соған сүйенеді. Мұндай тап болмаса кез келген қоғамның тепе-теңдік пен тұрақтылық алуы өте киын. Бізде мұндай жік әлі жоқ. Бұл үшін Үкіметтің, жергілікті өкімет орындарының оны қалыптастыруға көмектесетіндей шаралар қолдануы қажет. Сондықтан әлеуметтік-саяси ахуалды бағалаудың негізгі көрсеткіштері қатарына ортаңғы тапты, әсіресе өндіріс саласындағы шағын және орташа бизнестің дамуы есебінен туындатып ортаңғы тапты қалыптастыру процесін сипаттайтын көрсеткіштерді енгізгім келеді.

Мұнда біздің депутаттық корпусымыз да едәуір маңызды рөл атқаруға тиіс. Біздің «Кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Заңды жай ғана қайтадан қарап қоймай, сонымен бірге бүгінгі күннің шындығын ескере отырып қабылданған заң актілерін түзетуіміз және заң пакетін әзірлеуіміз керек. Мемлекет — жеке кәсіпорындарды құру жолындағы, тұтастай алғанда кәсіпкерлік жолындағы барлық бюрократтық тосқауылдарды алып тастауға тиіс.

Өтпелі кезеңде, барлық қиыншылықтарға қарамастан, азаматтық тыныштық пен қоғамдық татулықты қолдаудың ерекше маңызы бар. Басқару және әлеуметтік бақылау институттарын бүлдірместен қоғамдық өзгерістерді қамтамасыз ететін саяси тұрақтылық — қоғамды қайта құрулар табысының ең бірінші шарты. Сондықтан, бүгінгі Қазақстандағы ұлтаралық үйлесім мен әлеуметтік тыныштық — демократияның басты құрамдас бөлігі. Экономикалық қайта құру мен халықтың әл-ауқатын жақсартудың табыстылығы да осыған байланысты. Ал бүлдіруге қызмет ететіндер демократиялық нормаларға және экономикалық реформалардың бағытына кереғар әрекет етеді. Міне, біздің Конституциямыздың мұндай әрекеттерге тыйым салатыны да сондықтан.

Біздің егемен мемлекетіміз үшін бұдан бұрынғы жылдарда саяси саладағы басым бағыт — мемлекеттің егемендігін нығайту, саяси жүйенің ұтымды үлгісін таңдап алу болып келді. Бұл жалпы міндетті біз ойдағыдай орындап шықтық. Енді өз күш-жігерімізді жекелеген, бірақ бәрібір маңызы айрықша проблемаларды шешуге — демократиялық талаптар рухында адамның құқықтары мен еркіндігін толыққанды қамтамасыз етуге жұмылдыра аламыз.

Өткен кезеңде еліміздің жаңа Негізгі заңында жарияланған бұл нормалар нақты мазмұнмен толыға бастады. Бүгінде сөз бен ар-намыс еркіндігі, саяси плюрализм біздің өміріміздің шындығына біржола және, кері қарай кетпестей болып енгенін ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Жаңа Конституцияның жобасын басым көпшілігі сөзсіз қолдаған саяси партиялар мен қозғалыстардың беделі бірте-бірте өсе түсуде. Олармен Үкімет арасындағы пікір алыс неғұрлым сындарлы сипат алып келеді.

Мұның өзі — демократияның дамуы үшін жақсы алғышарт. Сондықтан қол жеткенді нығайтып, одан әрі ілгері басу үшін біздің бәріміздің ойдағыдай жұмыс істеуіміз керек. Ал осы мақсаттар үшін биліктің барлық салаларының, қоғамның барлық саяси субъектілерінің саналы ынтымақтастығы қажет.

Елдің серпінді даму кезеңіне шығу үшін біз пайда болған оңды нышандарды бекітіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік ахуалды біржола тұрақтандыруға тиіспіз. Мұны Парламенттің негізгі саяси міндеті деп қарағаң жөн. Бұл оның қабылдайтын заң актілерінде дәйекті түрде жүзеге асырылуы керек.

Осы орайда мен бір жәйтті айтпасам болмайды. Елдің Конституциясы Парламенттің заң шығарушы құзырының шегін тағайындағаны белгілі. Бұл дұрыс қадам, өйткені әрбір мемлекеттік орган тек өзіне ғана тән өкілеттіктерді жүзеге асыруға тиіс. Алайда бұл құзырлықтың мазмұны өте кең, сондықтан сіздердің жұмыстарыңыз бастан асатын болады, өйткені біздің мемлекеттігіміздің және қоғамдық өміріміздің барлық негіздері шын мәнінде тек заңдар арқылы реттелетін болады. Сонымен бірге Үкімет актілерінің беделі де елеулі түрде өсуге тиіс.

Жаңа заң актілерін, былайша айтқанда, екінші буындағы актілерді қабылдау жөнінде орасан зор жұмыс алда тұр. Бұл ең алдымен жаңартылған кодекстердің үлкен бір тобы. Оның ішінде Қылмыстық кодекс және Азаматтық кодекстің ерекше бөлігі, Әкімшілік құқық бұзу туралы, Неке және отбасы туралы кодекс, Еңбек және Тұрғын үй кодекстері бар. Іргелі қылмыстық-процессуалдық және Азаматтық-процессуалдық кодекстерді қабылдау алда тұр. Бұлар арқылы сот реформасын жетілдіру қамтамасыз етіледі. Бұларды жай тізіп шығудың өзі, төтенше маңызы бар қоғамдық қатынастарды кодификациялап реттейтін осы актілерді қабылдаудың ісі кез келген заң шығарушы органның абыройын көтеретінін түсіну үшін жеткілікті.

Негіз қалайтын конституциялық нормаларды, ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормаларды дамытатын және іске қосатын заңдардың тобын тынымсыз, мұқият әзірлеу және қабылдау қажет. Олардың қатарында Парламенттің қарауына ұсынылған «Митингтер мен шерулер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Ұжымдық еңбек даулары және ереуілдер туралы» және басқа да заңдардың жобалары бар.

Үкімет ұсынған және елімізде нарықтық өзгерістерді одан әрі ілгерілетуді қамтамасыз етуге тиісті экономикалық заңдар жобаларының тізбесі де едәуір ауқымды. Олардың ішінде «Шаруашылық серіктестіктер туралы» (жаңа редакциясында), «Жеке кәсіпкерлік туралы». «Бюджет жүйесі туралы». «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» жобалар бар. Біздің Салық жөніндегі заңымызды жетілдіретін, экономиканың басқа да көптеген проблемаларына көзқарасты қайта қарайтын кез жетті.

Парламент әлеуметтік қатынастарды реформалау жөнінде маңызды рөл атқаруға тиіс. Мен Үкіметке зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау туралы, жұмыспен қамту туралы заңдарға өзгеріс енгізу туралы, өндірістік бақытсыз жағдайлардан және кәсіби аурулардан міндетті түрде сақтандыру туралы, әлеуметтік серіктестік туралы, азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы және басқа да көптеген заң жобаларын әзірлеу жөнінде тапсырма бердім.

Парламенттің заң шығарушы қызметінің елеулі бөлігі мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін, біздің мемлекеттік және қоғамдық институттарымызды ұйымдастыруды және олардың қызметін реттейтін заңдардың жобаларын талқылаудан тұруға тиіс екені де орынды. Бұл орайда табиғатты қорғау, өрт және жол қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс, атом энергиясын пайдалану, жергілікті өкілетті және атқару органдардың қызмет етуі, жергілікті өзін-өзі басқару, нотариат және адвокатура органдарының жұмыс істеуі, дипломатиялық және консулдық қызметтер және тағы басқа мәселелер ескеріліп отыр. Оның үстіне, бұрын қабылданған заңдарды еліміздің жаңа Конституциясына сәйкестендірумен байланысты қызметтің орасан зор көлемі алда тұр.

Жаңа жағдайда біздің заңдарымыз орын алып отырған құбылыстардың жай-күйін жай ғана бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің дамуының ұзақ мерзімді тенденциялары мен келешегін ескеруге, өз бойында болашаққа деген болжамды сіңіруге, біздің көпұлтты халқымызды болашақ ұрпақтардың игілігі үшін қарқынды жұмыс істеуге бағдарлауға, азаматтардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге тиіс.

Әңгіме Парламенттің мемлекеттік өкіметтің басқа да тармақтарымен өзара қарым-қатынасының сипаты туралы болды.

Дүниежүзілік практика, сондай-ақ біздің қазақстандық тәжірибеміз бұл проблема қашанда көкейтесті проблема болып келгенін және болып қала беретінін көрсетіп отыр. Оны шешудің іргетасы тежеу және қарама-қарсы салмақ жүйесі арқылы жүзеге асырылатын өкіметтерді ажырату принципі болып табылады. Бұл принцип мынадай өзара іс-қимылды көздейді: бұл орайда өкіметтің тармақтары дербес әрекет жасайды, біреуінің есебінен екіншісін күшейтуге және бір-бірінің құзырлығына араласуға жол берілмейді. Өкіметтің басқа тармақтарымен, ең алдымен атқару өкіметімен қатынастарда тепе-теңдік және конституциялық ауқым сақталуы туралы

Президенттің жеке өзі қамқорлық жасайтын болады. Ал оған мемлекеттік өкіметтің барлық тармақтарының келісілген өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінде конституциялық міндет жүктелген. Өкіметтің барлық тармақтарына деген бірдей көзқарастың болғаны, Парламенттің де, сондай-ақ Үкіметтің де жоғары мәртебесін қолдау, оларға деген еліміздегі құрмет өте маңызды.

Осыған байланысты ол өкімет пен жалпы қоғамның өзара қатынастарына байланысты мәселеге тоқтады. Бұл орайда, өкімет, атап айтқанда, оның заң шығарушы тармағы тиімді әрекет еткен кезде, қабылданған заңдар шындыққа сай келіп, бір-біріне қайшы келмейтін болса, онда азаматтардың алдынан бастамашылық үшін жол ашылады, сонда ғана қоғамның табысты дамуына, оның экономикалық және әлеуметтік дамуына үміт артуға болатыны бұлжымас шындық. Дегенмен, бұл тұста шығарған барлық заңдарымен бірге мемлекет қоғамдық шарттың нәтижесі және өнімі болып табылады, демек, кез келген қоғамда әрқашан болып жататын түрлі бағыттағы процестерді үйлестіретін әлдебір мәміле болып шығады.

Өкінішке орай, бұл тұжырым қашанда дер кезінде түсініле бермейді. Әсіресе, принциптерге ойсыз бас ұру, «көнгіш зиялыларға» деген немқұрайды көзқарас, алуан түрлі мәмілелерге жек көріп қарау ахуалында басым көпшілігі тәрбиеленген біздің қоғамда бұл әлі түсінілмей отыр. Қазір біздің көпшілігіміз үшін осынау мәмілеге келмеудің салдарынан біз қаншама көп рухани құндылықтардан, қаншама көптеген адамдардан айрылғанымыз түсінікті болар. Бұған көз жеткізетін ащы куәнің бірі — кеңестік дәуірден кейінгі және социалистік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі «ыстық нүктелер».

Тек қазір ғана біз баяу болса да барынша лайықты, тіпті, қазіргі заманғы адамзат қоғамдастығының бірден-бір ықтимал шарты ретінде мәміленің мәнін түсініп, бағалай білуді үйрену үстіндеміз. Сондықтан, заңдарды шығаратын адамдар бір мезгілде білікті заңгерлердің, дана әлеуметтік талдаушылардың, сезімтал психологтардың, ісі мен әрекетінде еш міні жоқ чиновниктердің қасиеттерін бойына сіңіруге тиіс екені әбден айқын.

Ағымыздан жарылып айтсақ, мұндай мұралардан әлі де алыс жатқанымызды өзіміздің мойындағанымыз жөн. Ежелгі және қалыптасқан демократиялық дәстүрлері бар елдердегі біршама пәрменді әрекет етіп отырған сайлау процесінің тетіктері мен процедурасы біздің жағдайымызда заң шығару жұмысы үшін барынша қабілетті адамдарды іріктеп алуды қамтамасыз ете алмайды. Қоғамдық сананың жайы да, саяси институттар да біздің заң шығарушыларымыздың шын мәніндегі кәсібилігін қамтамасыз ететіндей деңгейге жеткен жоқ және әлі жете де алмай отыр.

Алайда осы ахуалдан түңілетіндей ештеңе жоқ. Бүкіл адамзат бұған сан ғасырлар бойына үйреніп келді, біз де үйренетін боламыз. Оның үстіне бізге, бәлкім оңайлау тиер, өйткені, біз басқа елдердің, әлемдік қоғамдастықтағы бауырластарымыздың тәжірибесіне ие болып отырмыз. Үйрену айып емес, қараңғылықта қалып, одан құтылып шығуға әрекет етпеу айып.

Біздің жаңа Парламентімізге жасы, кәсібі, әлеуметтік және саяси бағдары, кәсіптік даярлық деңгейі жағынан әртүрлі адамдар келді. Осы жайт оларға оңай да жарқын өмірді бере қоймас. Бәлкім, мұның өзі жаман да болмас. Шынайы парламентаризм халықтың түрлі жіктерінің мүдделері, пікірлерінің сан алуан өрісі тоғысқан, еркін шығармашылық ахуалы үстемдік еткен жерде ғана туындайды. Оның үстіне, сапалы заң шығару процесі үшін сындарлы саяси оппозицияның болғаны

да пайдалы, өйткені, ақиқат пікір таласынан туындайды ғой. Парламент үйінде қызу айтыс пен пікір сайысы буырқанып жатсын, бірақ олардың қоғамымызды талқандай алатындай толқу туғызудың себебіне айналмауы маңызды.

Егер саяси айтыстар Парламент қабырғасынан көшеге шығып кетсе, бұл жаман. Осындай айтыс-тартыс кенеттен Үкіметті де шарпыса, бұл да жаман. Үкімет — атқарушы орган, ол саясаттан тыс болуға тиіс. Үкіметтің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін бекем де кемеңгер құқықтық база, заңдардың тұрақтылығы және қандай да болсын саяси күрестен аулақ болу аса қажет. Үкіметтің өз мақсаттары бар: елдің заңдарын сақтай отырып, экономика мен әлеуметтік қатынастар саласындағы нақты міндеттерді шешу жөніндегі күнделікті жұмысын атқару. Осы жұмыста Үкімет өзінің күш-жігерін қолдауға ділгер.

Өкімет билігінің екі тармағының әрқайсысы — заң шығарушы және атқарушы тармақтары өзара байланысты болса да, мүлдем өзгеше міндеттерді атқарады. Олар бір-біріне кедергі жасамай, қайта көмектесіп отырса, арқанды қайсымыз тартып әкетер екенбіз ойыны тәрізді әрекетке бой алдырмай, ортақ жүкке жегілсе, онда іс қалыпты да ойдағыдай жүретін болады.

Таяуда мен Ресейдің алғашқы Мемлекеттік думаларының стенографиялық есептерін қарап шықтым, сонда мені XX ғасырдың аяғындағы қазіргі проблемалар осы ғасырдың басындағы проблемаларды айнадағыдай қайталайтыны таң қалдырды. Бұл Ресейдің мемлекеттік құрылысының, негізгі заңдардың жаңа редакциясының мәселелері екен. Ал бұл мәселелер елдің жоғарғы, жарлықшы және заң шығарушы өкіметтерінің өзара қарым-қатынасының сипатын және елдің саяси құрылысы мен жер қатынастарының сипатын айқындаған. Заң шығарушы екі жиналысты таратумен және Мемлекеттік думаның әлеуметтік-саяси бейнесін өзгертумен байланысты туындаған ұйымдық-саяси проблемалар да және сол кездегі атқару өкіметімен оның жанжалдары да ұқсас.

Бұл материалдарды оқи отырып, осының бәрін бүгінгі өзіміздің өміріміздің көріп, білгеніңді ұдайы сезінесің. Заң шығарушы өкіметтің мақсаткерлігі мен пәрменділігі туралы сол баяғы бітпейтін даулар. Мынадай сипатты мысал келтірейін. 1908 жыл, III Мемлекеттік думаның толық мерзімінде жұмыс істеген сол Дума депутаттарының бірінің сөзі. Ол былай дейді: «Өкілетті мекеме енгізілген жағдайда алғашқы палаталар әдетте жаман жұмыс істейтіні баршаға белгілі. Германияда тек 9-шы Рейхстаг (парламент), Италияда тек 11-ші палата іске ойдағыдай кірісе алды, біз Австрияның палатасы жұмысқа мүлдем қабілетсіз екенін де көріп отырмыз».

Осының бәрі бұдан 90 жыл бұрын болып өткен. Бірақ мұның өзі бұқаралық ақпарат құралдарындағы біздің жаңа Парламентіміздің пәрменділігі жөнінде көтеріп жатқан бүгінгі науқанын еске түсіреді.

Алайда, бізді тарихтың дөңгелегі сол бір проблемаларға ұдайы қайта-қайта оралта бергенімен, алыстағы өткенге көз жүгірте берудің қажеті жоқ. Ең алдымен жоғарғы өкімет қызметіне ие болмақшы саяси институт ретіндегі Парламенттің негізсіз талаптарына құлақ аспаған жөн.

Біз өкіметтің түрлі тармақтары арасындағы тепе-теңдік мәселесіне қайта-қайта оралудамыз. Әр ретте осы тепе-теңдікті бір жағына қарай ауыстырып алудың қаупі туып отырады. Мемлекеттік өкіметтің түрлі институттарының өз өкілеттіктерін кеңейту үшін жанкешті күресі көптеген елдерді өткенде және қазірдің өзінде елеулі сілкіністерге және апаттарға әкеліп соқты және әкеліп соғуда.

Мысалы, Ресейде 1917 жылы осы процестегі Мемлекеттік думаның рөлін алайық. 1930-шы жылдарда Германиядағы Рейхстагтың саяси бойкүйездігі, өкіметтің әлсіздігі фашизмнің келуіне әкеліп соқты. Ресейде 1993 жылғы қазанды алайық. Беларусь пен Украинадағы Жоғарғы Кеңестердің бүгінгі таңдағы тайталасы ше? Міне, бұл тізбені одан әрі жалғастыра беруге болады.

Бізге мұндайдың қажеті жоқ және де мен өз міндетімді қалай болғанда да осындай келеңсіздікке жол бермеу деп білемін. Бұл жолда не Парламенттегі тарату арқылы, не Үкіметті қызметінен кетіру арқылы құрбандыққа барсам да мұндайға жол бермейтін боламын. Мұның екеуі де қазір қолданылып отырған Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген.

Иә, елдің Негізгі заңы Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіруі құқығын көздейді. Мұның өзі заң шығарушы және атқарушы өкімет тармақтары арасындағы қарым-қатынастарда бірін-бірі тежеу мен қарсы салмақты сақтау жүйесінің ажырағысыз элементі. Егер ахуал осыны талап ететін болса, депутаттар атқарушы өкіметті жауапқа тарта алады. Сонымен қатар мұндай құқықтардың болуы олардың иесіне өз ісі мен қылығына мейлінше жауапкершілікпен қарауын көздейді. Мен депутаттардың атқарушы өкіметпен келісімді жұмыс істейтініне сенемін. Оның үстіне, енді Үкімет те Парламентке ықпал етудің конституциялық тұтқаларына ие. Ол Президент арқылы бірінші кезекте қаралуға тиіс заңдарды айқындай алады, өзіне сенім көрсетілуі туралы мәселені көтере алады. Мұның өзі Парламентті белгілі бір жағдайға қояды және ақыр соңында, Парламент бюджет қаржысының жұмсалуы туралы мәселені тек Үкіметтің келісімімен ғана қарауға ұсына алады.

Республика Конституциясы өкілетті органдардың бұрынғы бірыңғай кеңестік жүйесін түпкілікті жойып, сонымен бірге Парламенттің заң шығарушы қызметінің аймақтық қырларын ескере отырып. жергілікті өкілетті органдар ретінде маслихаттар Парламенттің жоғарғы палатасын құрады деп көздеді. Бұл орайда бәрі де — сенаторлар да, Мәжіліс депутаттары да жалпы мемлекеттік мүдделерді ойлауы, олардың аймақтық мүдделермен жарасымды ұштасуын көздеуі маңызды. Сөйтіп, Парламенттің республиканың жергілікті өкілетті органдармен қарым-қатынастарының мүлдем өзге жүйесі қалыптастырылуда, мұның бағыныштылық принциптеріне ешқандай да қатысы жоқ.

Елдің жаңа Конституциясынан туындайтын сот билігі жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер Парламент пен сот органдары арасындағы қатынастарға да өзгерістер енгізді. Бұдан былай депутаттар корпусы судьяларды сайлау кезінде бұған дейін болып келгеніндей өздігінен дауыс бере салмайды, қайта Жоғары сот кеңесі және әділеттің біліктілік алқасы арқылы судьялар корпусын қалыптастыруға нақты да пәрменді түрде қатысатын болады. Соттарда бос орын санының айтарлықтай көп екенін және сапа тұрғысындағы жаңа судьялар корпусын калыптастыру қажеттігін ескере келіп, мен сіздерден аталған органдарға Парламент өкілдерін жіберу мәселесін көп ұзатпай шешуді сұраймын. Бұл Конституцияның талабы. Конституцияда Жоғарғы сотты сайлау Сенаттың құзырлығына жатқызылған, ол Президенттің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Бұл құқықтық мемлекет үшін дәстүрлі Парламенттің сот билігінің жоғары буынын қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету қажеттігімен байланысты.

Конституция жаңа мемлекеттік орган — Конституциялық кеңесті құрды. Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс практикасы және қазіргі шетелдік тәжірибе

көрсетіп отырғанындай, Конституциялық сот үлгісі Конституцияны сот тұрғысынан қорғау органы ретінде өзін әр уақытта бірдей ақтап отырған жоқ. Елдің тағдыры, былайша айтқанда, «барлық 100% мөлшерінде», бүкілхалықтық сенім мандатына ие болмаған бір топ адамның ерік-жігеріне тәуелді болмайды және болуға да тиіс емес. Конституциялық кеңес елде конституциялық заңдылық тәртібінің қамтамасыз етілуіне жәрдемдесетін болады. Конституциялық кеңес қабылдайтын шешімдердің әділетті болуы үшін осы мемлекеттік органды қалыптастыруға Президент те, өз палаталарының басшылары арқылы Парламент те қатысады.

Мәртебесі мен қызметін ұйымдастыруы бойынша елдің принципінде жаңа заң шығарушы органының белгіленуі заң шығару бастамасының құқық институтында өзгерістер туғызды. 1978 жылғы Конституция бойынша бұл құқыққа кім қаласа соның бәрі ие болғаны белгілі. Бірақ ешкім де бұл құқықты жүзеге асыра алмады. 1993 жылғы Конституция осындай құқыққа ие субъектілер тізбесін шектеді, алайда бұл проблеманы ақырына дейін шешкен жоқ. Нақ осыған байланысты елдің жаңа Конституциясы заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асырудың өзге тәртібін белгілейді. Үкімет заң шығарушы бастаманың субъектісі ретінде тікелей парламентшілермен жұмыс істейтін болады. Конституция мемлекет басшысында заң шығару процесіне ықпал етуінің тиісті тұтқаларының болуын көздейді. Сондықтан мен мемлекеттік қажеттілік жағдайында оларды пайдаланатын боламын. Бұдан басқа Парламенттің екі палатасына менің өкілдерім тұрақты қатысып отыратын болады, солар арқылы мен депутаттар корпусымен байланысты қамтамасыз етпекшімін. Мен шығарған «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Жарлық жалпы алғанда елдің жаңадан сайланған жоғарғы заң шығарушы органы қызметінің негізгі ұйымдық мәселелерінің көпшілігін шешеді. Бұл оның ұйымдық қалыптасуы кезеңінің мейлінше қысқа және мүмкіндігінше жеңіл өтуіне жәрдемдесетін болады. Мен депутаттарға қалыпты жұмыс пен тұрмыс жайын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлардың барлығының жасалуын, тіпті кеудеге тағатын белгінің әзірленуін де қадағалап отырдым. Мүмкіндік шегіне қарай мұндай жағдайлар жасалды — кабинеттер, тұрғын үй, көлік әзірленген, еңбекке ақы төлеу айқындалған және тағы басқа мәселелер шешілген.

Егер тағы қандай да болсын мәселелер туындап жатса, олар жұмыс барысында бірлесіп шешіледі. Ұйымдық тұрғыдан алғанда мынадай елеулі жәйт бар: заң шығару процесі барысында палаталардың тиімді де үзіліссіз өзара іс-қимылын әу бастан жолға қою аса маңызды. Депутаттар жұмысының түпкі нәтижелілігі де осыған байланысты. Белгілі бір заң шығару міндеттерін шешуге тиіс Парламент палаталарының ішкі алауыздық пен айтыстарға белшесінен батып қалуына жол беруге болмайды.

Еліміздегі биліктің барлық жүйелері, олардың қайсыбір тармағы болмасын, көпұлтты халқымыздың айнасы, халқымыздың мүддесі мен үміті. Биліктің барлық тармақтарының мақсаты бір және басталған істің нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында бірдей жауапты.

Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан арасындағы Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қоюына орай жасаған мәлімдемесі

Қытай Халық Республикасы, Шанхай қаласы, 1996 жылдың 26 сәуірі

Уважаемые дамы и господа!

Подписанное сегодня главами пяти государств Соглашение об укреплении доверия в военной области в районе границы, является первым в Азиатско-Тихоокеанском регионе документом такого военно-политического уровня и географического масштаба. В сферу действия этого уникального Соглашения вовлечен подлежащий взаимному контролю, а в перспективе и сокращению, громадный военный потенциал. Акт такого рода, конечно же, окажет положительное воздействие на поддержание и дальнейшее укрепление мира и стабильности в Азиатско-Тихоокеанском регионе и на планете в целом.

Данное Соглашение создает прочную правовую основу для последовательного и плодотворного развития двусторонних и многосторонних связей между нашими странами.

Уникальность этого акта заключается в том, что 5 государств в ходе длительного переговорного процесса сумели найти единые концептуальные подходы к решению такой щепетильной проблемы, как достижение консенсуса по мерам доверия в военной области. Хочу поблагодарить членов делегаций всех 5 государств, которые проявили высокий профессионализм при согласовании обширного круга вопросов, получивших сегодня полное отражение.

Считаю весьма важным подчеркнуть еще одно преимущество этого документа. В нем достаточно полно отражены все вопросы и сроки, связанные с процедурой его исполнения и осуществления взаимного контроля. Это сделает Соглашение работающим и эффективным.

Пользуясь случаем, хочу подтвердить последовательность и неизменность внешней политики Казахстана, направленной на укрепление мира и стабильности на Азиатском континенте, чему и служит наша неизменная политика по построению отношений дружбы и добрососедства с КНР. Достижению этой цели служит также выдвинутая ранее и поддержанная многими государствами казахстанская инициатива по созыву Совещания по взаимодействию и мерам, доверия в Азии. Хочу выразить искреннюю благодарность главам всех 4 государств, поддержавших эту идею. Убежден, что только совместными усилиями, аналогичными тем, что проявлены при подготовке сегодняшнего исторического документа, можно построить мирную, безопасную и стабильную Азию и постепенно продвигаться к азиатскому общему рынку.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының III сессиясында «Қоғамдық келісім — Қазақстанның демократиялық дамуының негізі» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1996 жылдың 29 сәуірі

Құрметті Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясына қатысушылар!

Бүгін Президенттің өкілеттілігін ұзарту жөнінде референдумның өткізілгеніне тұп-тура бір жыл толады. Ал 4 айдан кейін елдің жаңа Конституциясын қабылдау бойынша референдум болып өтті. Бұл тарихи оқиғалардың екеуі де Қазақстан халықтары Ассамблеясының шешімдерімен қолдау тапқан болатын.

Сондықтан бүгінгі күннің аса маңызды мәселелерін талқыламастан бұрын, мен барлық қазақстандықтарды осы сессияға қатысып отырған, сондай-ақ республиканың барлық өңірінде жұмыс істеп жүрген Қазақстан халықтары Ассамблеясының барлық өкілдеріне біздің еліміздегі саяси және құқықтық жағдайды өзгерткен 1995 жылғы тағдырлы да талайлы күндерде қолдау көрсеткені үшін шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Әдетте біз қолымыздан шығып кеткен нәрсені ғана бағалаймыз. Әрине, саясат ымыраны жиі тани бермейді, бірақ Қазақстанда осыдан бір жыл бұрын алғашқы референдум өткізілмесе, бүгін не болатынын көз алдымызға елестетіп көрейікші.

Біріншіден, біздің 2 жылға сайлау алдындағы тайталастар және оның үстіне Парламент жоқ кездегі тайталастар алдымыздан шығар еді. Сөйтіп, біз экономикалық реформалар мен әлеуметтік проблемаларға ден қоя алмас едік. Еліміз ұзақ мерзімді сайлау алдындағы аламанға қосылып, оның барысында орындалмайтын уәделер үйіліп-төгілер еді.

Екіншіден, біз жаңа Конституцияны қабылдай алмас едік, өйткені Президенттің бағытын бүкіл халық қолдамайынша бүкіл мемлекеттік — құқықтық жүйеде іргелі өзгерістерді ұсыну саяси айқындамамыз, елдегі ішкі саяси тұрақтылықтың арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Үшіншіден, Қазақстанның айқын әрі бірізді интеграциялық бастамалары мүмкін болмас еді.

Интеграциялықтың мәселелері жөніндегі біздің қатаң ұстанымымыз елдегі ішкі саяси тұрақтылықтың арқасында ғана мүмкін болды.

Міне, сондықтан да Қазақстан интеграциялық қиялға немесе де интеграциялық шамшылдыққа бой алдырмай, керісінше байыпты да нақты тұрғыдан кез келген келісімге көзқарасын білдіруде.

Ақыр соңында, сыртқы жағдайды да ескерген жөн. Әртүрлі себептерге байланысты Ресейдегі сайлау алдындағы тайталастар, жоғары деңгейде, соның ішінде Мемлекеттік Дума деңгейінде қабылданылып жатқан президенттік сайлауға бағытталған шешімдер Қазақстандағы қоғамдық көңіл-күйге де өсер етуде.

Егер біздің республика сайлау аламанының қызған шағында болатын болса, онда КСРО-ны қалпына келтіруге жанталасып жүргендер көңіл-күйді барынша ұшықтыра түсу үшін осы жағдайды толығымен пайдаланып қалар еді.

Сондықтан мен осы шешім қабылданған кезде өзімнің жеке басымның қамын ойламағанымды батыл мәлімдеймін. Қазір енді, мұның өзі жұртқа түсінікті.

Конституция жөніндегі референдумға келетін болсақ, оның еліміз үшін іргелі салдарлары болды. Бұрынғы Конституция аса қарама-қайшылықты еді. Бірқатар әп-әжептеуір өркениетті принциптерді жариялай отырып, ол сонымен бірге кеңестік экономикалық және саяси қатынастардың түзілісін шын мәнінде сақтап келді. Ал жаңа Конституция өзінің мәні бойынша бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйені оның түбегейлі өлшемдерімен бірге қоғамның нақты жағдайына сәйкес етті. Бүгін таңда біз мемлекеттік биліктің құрылымдарындағы кез келген қайшылықты шешу жөнінде нақты процедураларға ие болып отырмыз. Тәуелсіздіктің алғашқы 4 жылында қоғам тіл мемлекеттіліктің сипаты, жерге деген меншік мәселелері бойынша жікке бөлінгенін ұмытпағанымыз жөн. Еліміздің жаңа Негізгі заңында, барлық осы мәселелер барынша ретімен шешілген және осының арқасында аталған проблемалар бойынша шиеленіс жойылды.

Конституция биліктің барлық тарамдарының, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының қарым-қатынасының казіргі заманғы негізін шын мәнінде қалады.

Осының бәрі зор маңызы бар мәселелер, ал ең бастысы біз дер кезінде нарықтық және ұлттық мемлекет құрылысы үшін құқықтық іргетасты қалай білгенімізге байланысты. Мемлекеттік-құқықтық реформа бойынша осы ілгерілеуде қарқынды жоғалтып алсақ, ол бүгіндері аса қиын іске айналар еді.

Егер құқықтық саладағы өзгерістер жанамалай және бірден ықпал етпейтін болса, ал экономикадағы жағдай миллиондаған біздің отандастарымыздың тұрмысынан бірден көрінеді.

Қазір социализмге оралу туралы соны аңсаған дауыстар жиі естіліп жатады. Ендеше өзіміздің егемендігімізді жаңа ғана алған 1990 жылдардын басында біздің неге ие болғанымызды еске алып көрелік. Салыстыруымыз әбден түсінікті болу үшін экономикада, сол кезде «бос сөрелер экономикасы» деп сипатталғанындай, 1991-жылдың соңында 1992-жылдың басында не болғанын еске түсірейік.

Мұның өзі созылмалы ауруға ұрынған, әбден қиюы кеткен, тіпті ақшаның өзі шын мәнінде ешқандай құны болмаған экономика еді. Инфляция жабық нысаннан ашық нысанға көшіп, баға барлық қолданылып жатқан шараларға қарамастан әкімшілік бақылаудан шығып кеткен болатын. Ақшасы бола отырып халық та, кәсіпорындар да қажетті тауарлары мен өнімдерін сатып ала алмайтын.

Өмірлік маңызы бар тауарларды алу үшін ұзыннан-ұзақ адамдар кезегі күнделікті және барлық жерде де үйреншікті жағдайға айналды. Бұл кезектерді милиция топтары үнемі оқшаулайтын. «Қара» базар, тауарларды жабық бөлу жүйесі мүлдем өршіп кетті.

Өнімдерді қор арқылы бөлудің бұрынғы тұтқалары ұдайы іске жарамай, тауарлар халықтың көптеген топтарына жетпей жатты. Ақша және тауар массалары арасындағы сәйкессіздік экономиканы бұрқ еткізіп, қопару қаупін туғызды. Ендеше осының бәрін неге тез ұмытамыз?

Ал қазір жағдай бұдан мүлдем басқаша, нарық алуан түрлі тауарларға толы. Дүкендердің желісі күрт өсіп, кезектер мүлдем жойылды. Азық-түлік пен киім-кешекті, электроника мен жиһазды шын мәнінде дүние жүзінің кез-келген нүктесінен сатып алу қазір қиын емес.

Ақшаның болғаны жақсы, ал қазір оған байланысты шынында да проблема бар. Мемлекет бюджеттен алынуға тиіс төлемдерді, еңбекақыны және зейнетақыны тиісті адамдарға берумен байланысты мәселені шешеді. Бұған аздаған уақыт керек.

Ал басқалар үшін бұл енді принципті түрде жаңа сападағы экономикаға, нарықтық экономикаға тән проблема болмақ. Бұл кезде әрбір адам өзінің тұтыну

қабілеті оның қаржы таба ала білу қабілетіне, кәсіпкерлігіне, біліктілігі мен еңбексүйгіштігіне байланысты екенін жақсы түсінуге тиіс.

Еліміздің соңғы жылдары макроэкономикалық тұрақтандыру процесінде қол жеткен жетістіктерін айтпай кеткен жөн болмас. Бұл орайда Қазақстан реформаны шын мәнінде үш жылға жетпейтін уақыт ішінде, яғни теңгенің айналымға енгізілген күнінен — 1993 жылғы қарашадан бастап жүргізіп келе жатқанын есте ұстаған жөн.

Өткен жылы инфляцияның деңгейін едәуір төмендетіп, біз оны үстіміздегі жылда табысты түрде кемітуді жалғастырып келеміз. Биылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша Қазақстанда ол ТМД елдерінің ішіндегі ең аз мөлшері болып отыр. Инфляцияның қарқынын тежеп, біз ең бастысы тұрақты табысы бар адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың негізгі тұтқасын іске қостық. Ал осы категорияға негізінен халықтың аз қамтылған топтары: зейнеткерлер, студенттер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері қатысты. Ең алдымен инфляциядан зиян шеккен кімдер? Нақ осы адамдар, өйткені олардың табыстары инфляция өскен қарқынмен бірдей өсе алған жоқ.

Оның үстіне, үстіміздегі жылы бюджетке байланысты жағдайдың бүкіл шетіндігіне қарамастан, біз бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін еңбекақыны және әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді 2 еседей арттыруға бардық. Ал мұның өзі болжанбалы инфляцияны ескергенде тұрақты табысы бар адамдардың нақты еңбекақысы мен табыстарын 50–60%-ға өсіру дегенді білдіреді.

Қаншама қиын болғанымен, біз осыдан бастап ақшалай салымдар мен жинақтарды индексациялауға кірістік. Мұны халқымыздың ең кедей және жұмысқа қабілетсіз топтары — соғыс мүгедектері мен оған қатысқандардан бастадық. Мен Үкіметтің алдында зейнетақыны төлеу проблемасын шешу және келесі жылдан бастап зейнеткерлердің басқа категорияларына салымдардан шеккен зиянының орнын толтыру туралы міндет қоямын.

Ұлттық валютамыздың белгілі бола бастаған құнын тұрақтандыру кезінде еліміз бойынша нақты орташа еңбекақы доллармен есептегенде ұдайы өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Бүгін таңда Қазақстан осы көрсеткіш бойынша ТМД елдерінде сенімді түрде алғашқы орындардың бірінде келе жатыр. Және Үкіметтің жоспары бойынша бұл көрсеткіш ұдайы өсе түспек.

Мұның өзі жұмыс күшінің біздің республикадан басқа аймақтарға, ең алдымен Ресейге көшіп кетуін азайтып, шекаралас облыстардағы көптеген кәсіпорындардың жағдайын тұрақтандыруға жәрдемдесті.

Алғаш рет саудадағы оң балансқа қол жеткізу, экспорттың күрт өсуі экономикадағы қуанышты оқиға болып отыр. Экспорт 1995 жылы импорттан 1 млрд. 250 млн. долларға асып түсіп, 64%-ға өсті. Оның үстіне экспортты арттыруда агроөнеркәсіп кешені елеулі рөл атқарғанын атап өткен маңызды. Бұл салада өткен жылы ішкі және сыртқы сауданы күрт жандандыруға көмектесетін түбегейлі реформалар жүзеге асырылды. Доллармен есептегенде агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспорты 1995 жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсті. Сөйтіп ол импорттан алғаш рет 1,7 есе асып түсті. Осының бәрі ұлттық валютаның құнын тұрақтандыруға, экономикадағы қаржы жағдайын жақсартуға жұмыс істеп келеді.

Инфляцияның төмендеуімен қоса алғанда мұның өзі халықтың банктердегі салымдарының өсуіне, жинақ ақша процесінің басталуына, демек, өндіріске инвестиция салудың алғы шарттарын жасауға, «инфляциялық» экономикадан инвестициялық экономикаға көшу процесіне жеткізеді. Тек 1995 жылы ғана

халықтың салымдары 5,4 млрд. теңгеден 12,7 млрд. теңгеге артты, яғни бір жылдың ішінде 2 еседен астам өсті.

Осы әлеуметтік-саяси міндеттерді шешуге өндірістегі белең алған тұрақтандыру процесі, экономиканың барлық салаларындағы қаржы тәртібін күрт қатайту жәрдемдесті.

Кәсіпорындарды реформалау, жекешелендіру жөніндегі батыл шаралар бірқатар енді тіршіліксіз қалды дейтін учаскелерде өндірісті жандандыруға мүмкіндік берді.

Кәсіпорындарды жандандырудың осындай әдеттен тыс нысанасы, сондай-ақ, оларды кейіннен жекешелендіру арқылы трасталық басқаруға беру шетелдік инвестициялар мен жұмыс капиталын тартуға ғана емес, сонымен бірге жұмыспен қамтылу, еңбекақыны көтеру, өндірістің және өнім экспортының көлемін көбейту мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Өткізіліп жатқан реформалар саясаты арқасында соңғы бірнеше жылдың ішінде ғана Қазақстан экономикасына шетелдік компаниялар 2 млрд. доллардан астам қаржы берді. Мұның өзі биылғы және келесі жылдарда өзінің жемісін беретіні сөзсіз.

Мұның үстіне бірқатар ірі кәсіпорындардағы жүзеге асырылған реформа саясаты еліміздегі макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайға игі ықпалын тигізді.

Әлеуметтік-экономикалық саладағы күрделі әлі бір мәнді емес проблемаларды жіберілген қателіктер мен субъективті кемшіліктерді, халық алдындағы зейнетақыға, еңбекақыға байланысты қарыздар, қылмысқа қарсы күрес және басқа да проблемаларды жоққа шығару жөн болмас еді. Бірқатар қол жеткенді жоққа шығарып, экономиканы басқарудың Мемлекеттік жоспарлау және Мемлекеттік жабдықтау комитеттерін қайта құру арқылы басқарудың күні өткен тәсілдеріне шақыру қазіргі заманғы дүниеде болып жатқан құбылыстарды мүлдем түсінбеу деген сөз.

Осыны мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының біздің аса жаңа саяси тарихымыздағы тұрақтандырушы және жұмылдырушы рөлінің айқын екеніне байланысты айтып отырмын. Сондықтан зор қоғамдық маңызы бар проблемалар — Еуразиялық интеграцияны дамыту, қоғамды демократияландыру және жаңа азаматтық тепе-теңдік қоғамды құру — осы қазіргі жоғары форумда талқылануға тиіс.

Тоқсаныншы жылдардың басында Достастық мемлекеттерінің көпшілігінде үлкен Еуропаға немесе үлкен Азияға тезірек ену мүмкіндігі туралы көзқарас басым түсіп жатты. ТМД-ның кейбір елдерінде Батысқа немесе Шығысқа тезірек бірігу ұмтылысы, шетелдік көмекке деген үміт пен сенім қазірдің өзінде қолда бар және ондаған жылдар бойы пысықталған шаруашылық байланыстарды сақтаудың қажеттігін көлегейлей берді. Мұндай тәсіл достастықтың өзіндегі интеграциялық процестерді тежеп, экономикалық проблемаларды тереңдете түсті.

Нақ осыған байланысты 1994 жылғы көктемде Еуразиялық Одақты құру идеясы пайда болды. Түрлі күштердің — кеңестік кезеңнен кейінгі кезеңдегі тезірек ажырауды жақтаушылардан бастап, ҚСРО-ны қалпына келтіру жөніндегі қызба мінезді жақтаушыларға дейін осы идеяға ашықтан ашық қарсы әрекет көрсетілуіне қарамастан, ол Еуразияның орасан зор кеңістігіндегі интеграциялық процестердің неғұрлым шынайы үлгісі болып табылды.

Бүгін таңда жаңа интеграцияның өзі Еуразия одағы атымен дамитыны немесе дамымайтынына саюдың қажеті жоқ. Ең бастысы оның аты емес, заты, процестің мәні мен мағынасы болса керек.

Қазір біз, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей шартына ие болып отырмыз. Мен мұны қысқа болу үшін «4+N» деп атадым. Бізде Орталық Азиядағы,

Кедендік одақ, Беларусь пен Ресейдің екіжақты қоғамдастығы бар. Ал енді мұның өзі интеграцияның көп қабаттылығын, көп деңгейлігін білдірмей ме?

Біздің түсінігіміздегі интеграцияның басқа бір шарты — бұл тәуелсіз мемлекеттердің интеграциясы. Қазақстан өзінің саяси тәуелсіздігін қозғамайтын интеграцияның кез келген нысанына әзір. Бұрынғы кеңестік біртұтас мемлекетті қандай да болмасын бір нысанда, ең алдымен еліміздің Конституциясын басшылыққа ала отырып, біздің республика ешқашан да оны қайта құруға бармайды.

Әңгіме мемлекеттердегі адамдар өмірінің барлық салаларындағы жақын, достастық интеграциялық байланыстар туралы ғана болуы мүмкін. Ал мұның өзі қайдағы бір белгісіз және қиялдағы федерацияның бөлшегі емес, тәуелсіз мемлекеттердің қарым-қатынасы болмақ.

КСРО-ны қалпына келтіру немесе Қазақстанды басқа бір мемлекетке қосу жөніндегі кез келген жауапсыз сөздер мен пікірлер, бұл қазақтардың мемлекеттігін жоюға шақыру деген сөз. Мұның өзі халықтың әділетті ашу-ызасын туғызып, елеулі тайталасқа әкеліп соғары анық.

Мұндай әрекеттер Конституцияға және заңға жат. Неге екені белгісіз, ешкім де Ресейді Қазақстанға қосылуға шақырмайды. Бұл түсінікті де. Ендеше қазақ халқын және оның мемлекеттілігін осындай менсінбеу және құрметтемеу қайдан туындап отыр? Мен мұны баршамыздың есте сақтауымызды қалар едім.

4 елдің Мәскеуде 29 наурызда келісіміне қол қойылғаннан кейін жұртшылықтың көбі осы жағдайға орай алаңдаушылық білдіріп, бұл Қазақстанның Мемлекеттік егемендігін кемсітпей ме деген ой салады. Бұл орайда олай емес деп айқын айта аламын. Әңгіме интеграцияның жаңа сапасы туралы болып отыр. Одан басқа ештеңе де емес. Біз экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету тұтқаларының негізін қаладық. Меніңше, интеграцияның жаңа неғұрлым сындарлы нысандары мен органдарын қалыптастырдық.

Істің ыңғайын табудың мәні осында. Бірақ интеграция — бұл күнделікті атқарылатын үлкен іс, оны көп жылдар, тіпті ондаған жылдар бойы жүргізу керек. Мұндай ойластырылған әрі келісілген интеграцияның үлгісін бізге Еуропа көрсетіп отыр. Сондықтан бізде интеграциялық құжаттарға қол қойылудан ешқандай масаттанушылық жоқ. Иә, іргетасы қаланғаны рас, бірақ басты әрі ең күрделі жұмыстар — алда.

Интеграция туралы айтқанда біз тек экономикалық астарды ғана ойламауымыз керек. Интеграцияның адами өлшемдері де бар. Иә, интеграцияның Қазақстанның бүкіл халқының мүдделеріне жауап беретіні рас, бірақ психологиялық, көңіл-күйлік қалтарыстарын да түсіну керек.

Халқының үштен бірін орыстар құрап отырған еліміздің Президенті ретінде мен үшін Ресеймен мәдени, ақпарат, гуманитарлық байланыстарды ұстап тұру және сақтаудың маңызы аз емес. Бүгін таңда интеграция процесін жеделдеткім келген кезде өзіміздің осы азаматтарымыз туралы ең алдымен қамқорлық жасайтынымды барынша ашық айтпақпын.

Қазақстан басшылығы өз елі азаматтарының елеулі бөлігінің мүдделерін ескере келіп, Ресеймен байланыстарды сақтау үшін шын мәнінде мүмкін болғанның бәрін жасады. Мәскеудегі наурыз келісімдері білім беру, ғылым және мәдени ынтымақтастықтың нақты тұтқаларын көздейді. Онда шартқа қол қойған барлық мемлекеттерде кедергісіз азаматтық алу туралы біздің ұсынысымыз қабылданды. Айтқандайын, оны Ресей Думасы бекітті.

Таяуда Ресей мен Қазақстан арасында Каспий аймағындағы ынтымақтастығымыз, мұнай-газ кешеніндегі, Байқоңыр ғарыш айлағындағы бірлескен қызметіміз туралы аса маңызды шешімдер қабылданған.

Тағы да бір сөзсіз тарихи сипаты бар оқиға туралы — өткен аптада Шанхайда Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылғаны туралы айта кеткенім артық болмас. Бұл Азия — Тынық мұхит аймағында осындай орасан зор саяси ауқымдағы жасалған алғашқы қадам. Мұның өзі бейбітшілікті, аймақтағы, сондай-ақ бүкіл планетадағы тұрақтылықты қолдау және нығайту ісіне оң ықпалын жасары сөзсіз.

Осындай сыртқы саяси іс-қимылдарды, біздің көрші Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Қытаймен, басқа елдермен жақындасу жөніндегі интеграциялық шараларымызды лайықты бағалауымыз қажет. Біз халықтардың жақындасуы үшін ештеңе істемей, дүдәмал істерімен баспасөздің және теледидардың кенет қаһарманы бола қалатын шала сауатты қайраткерлердің арандатуына жол бермеуіміз керек.

Қазір интеграцияны қайта өңдеу үлгісі ерекше қауіп туғызады. Мұны байыпты түрде есепке алудың қажеттігі болжауға келмейтін саяси салдарларға апарып соғатындығынан ғана емес, сонымен бірге қайта қалпына келтіру белгілі бір мөлшерде халықтың кейбір топтарының арасында белгілі болып отырғанына да байланысты.

ТМД елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігі түрлі деңгейдегі халықаралық құқықтық құжаттарда белгіленген саяси-құқықтық шындық болып отырғанын түсінген абзал. Қазір олар енді дербес мемлекеттер.

Бірақ, осының бәрінің сыртында: «Сонда шынтуайтына келгенде, нені қайта қалпына келтіру ұсынылып отыр?» — деген тарихи сұрақ келіп туады. Проблеманың тереңіне бойламай-ақ, мынаны ғана айтпақпын: ҚСРО-ның ыдырауы белгілі бір басшылардың ынтасымен ғана емес, талай себептердің ілесуімен айқындалды. Менің пікірімше, бұрынғы кеңестің геосаяси жеңілісі ең алдымен стратегиялық, технологиялық артта қалу себебінен болады. Мен ығыр қылатын деректерді келтіріп жатпайын, 1980-ші жылдардың басында-ақ барлық парасатты адамдарға біздің Батыс елдерімен техникалық және экономикалық жағынан бәсекелестікке шыдай алмайтынымыз белгілі болатын. Тек орасан зор күш-жігердің арқасында стратегиялық әскери тепе-теңдікті ұстап тұруға ғана әліміз жетті. Қарулану жарысына орасан зор ресурстар жұмсалды, мұны экономиканы жаңғыртуға жұмсауға әбден болатын еді.

Қазір мынадай қарапайым нәрсені — жүйені түбегейлі қайта құру идеясы 1986 жылдан бұрын басталғанын көптеген адамдар ұмыта береді. Оны Н.С. Хрущевтің бастағысы және Л.И. Брежнев тұсында А.Н. Косыгиннің де жүргізгісі келген. Сол кезде жүйенің әлсіздігін байыпты бағалай білу бұған тежеу салған еді.

Басқа себептің бірі — ұлттық мәселені шешуге мүлдем қабілетсіздік болатын. Бізде ұлттық мәселе түпкілікті шешілгені және бір ғана кеңес халқы құрылғаны туралы пікір жалған болып шықты.

Және де КСРО бар кезде оның аумағында қанқұйлы ұлтаралық жанжалдардың болып өткені және ұлтаралық шиеленістердің өрши түскені туралы ұмытыла береді. Бұл орайда кеңес тарихының бастапқы кезеңіндегі барлық халықтардың тағдырына қасіретті ықпал еткен этникалық геноцид те естен шығып кете береді.

КСРО-ның соңғы жылдардағы экономикалық тарихындағы шетін жайларды білмейтін адамдар елде өткен және қазіргі 10 жылдықтардың тоғысында қалыптасқан берекесіздік пен қырсыздықты көз алдына келтіре алмайды. Жоспарлардың жыл

сайынғы орындалмауы, экономиканың құлдырауы, жабдықтардың, құрылыс материалдарының, азық-түліктің тапшылығы, шығынды ауыл шаруашылығы, экономикалық байланыстардың күйреуі және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің ыдырауы орын алып келді. Және бұл біздің бәріміздің де есімізде.

Елдің саяси жүйесі кез алдымызда күйреп, аумақтардың егемендік алу процесі қауіпті шекке жетті. 1991 жылғы тамызда күш арқылы қайта біріктіру әрекеті осы ыдырау процесін жеделдете түсті. Ең бастысы елдің тарап кетуі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір жүйенің күйреуі орын алғанында болып отыр.

Бар шындық, өткен режимнің ұлттық емес, қайта нақ әлеуметтік-тоталитарлық табиғатында болғанында жатыр. Режимнің орыс құрбандарының жалпы саны әлденеше миллионға жетіп жатыр. Еуропадағы аса ұлы мәдениеттердің бірі — орыс мәдениеті — неғұрлым білімді адамдардың талай жүз мыңдағанының көзін құртудың барысында орны толмас шығынға тап болды.

Олардың бірнеше миллион таңдаулы өкілдері Ресейден шетке кетуіне, тіпті, анығын айтсақ, қашып шығуына тура келді. Нақ солар кейіннен Батыстың, бірақ Ресейдің емес, ғылымына, мәдениетіне және экономикасына зор үлес қосты. Кулак деп аталған миллиондаған таңдаулы шаруалардың көзін құртқан орыс ұлтындағы этнодемографиялық күйзеліс орыс халқына тіпті дүниежүзілік соғыстармен салыстыруға келмейтін зиян шектірді.

Әлеуметтік өзгерістер кезіндегі ашаршылық Украинада, мамандардың бағалауы бойынша, 3 млн. 5 млн.-ға дейін украиндықтардың өмірін қиды, ал Ресейде құрбандықтар бұдан да көп болды.

Сіздердің бәріңіз, өлім үкімін шығару құқығы берілген «ерекше үштіктер» деп аталғандардың қызметі туралы жарияланған қасіретті құжаттарды оқыған болар-сыздар. Мұның өзі қуғын-сүргінге түсірілгендерді азапқа салу жөніндегі өзіндік бір жарыс іспетті болатын. Мысалы, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің өзі бірінші категория бойынша қуғындалатын адамдардың санын 600 адамға (сотсыз және өкімге шағым жасау құқығынсыз ату) және екінші категория бойынша (концлагерь) — 1 мың адамға көбейтуді сұраған. Мұның өзі бір айдың ішінде ғана!

Ал тарихта саяси партияның аймақтық бөлімшесі өзінің штабынан бекітіліп берілген адамдардың мөлшерінен 600 адамды артық өлтіруге рұқсат сұрағанын қашан және кім көрген? Міне, осындай лимитті бұл жүйе белгілеп беріп келген. Бұл орайда әңгіме тірі адамдар — отандастарымыз, қандастарымыз туралы емес, қайта саны шектен асып кеткен жануарларды атып алу туралы болған сыңайлы. Тірі қалу үшін баласы әкесіне, ағасы інісіне, інісі ағасына жала жабуға мәжбүр болған. Сөйтіп, бұл жүйе ғасырлар бойы орныққан адамгершілік принциптерін күлталқан етті.

Осы залда социалистік заманда Қазақстанға жер аударылған барлық халықтардың өкілдері отыр. Осында отырған адамдардың бабалары мен әкелерін бір кезде туған жерінен айырып, мал сияқты тауар вагондарымен біздің жерімізге әкеліп, 24 сағаттың ішінде бүтіндей халықтарды көшіріп үлгергенін неге айтпасқа.

Республиканың Ішкі істер министрлігі маған берген деректер бойынша, тек соғыс жылдарында ғана Қазақстанға 393 мың неміс, 403 мың чешен мен ингуш, 45 мың қарашай, 37 мың грек, 21 мың балқар, ондаған мың кәріс көшірілген. Осынау қасіретті тізбені одан әрі ұзақ жалғастыра беруге болар еді.

Дінді қадір тұтатын мұсылмандар мен христиандар шайқасушы атеизм жылдарында мыңдаған мешіттер мен шіркеулердің тартып алынғанын, тартып алынып қана қоймай, сонымен бірге халықтың рухани дүниесі ретінде масқараланып,

жойылғанын қалайша ұмыта алар. Тіпті ең қарапайым есепке қарағанда, КСРО аумағында ғасырдың басында болған 25 мың мешіттің 1986 жылы 376-сы ғана қалғаны, ал 25 мың христиан шіркеулері мен соборларының үйіндіге айналып, 500 монастырьдің жойылғаны анық. Меніңше, бағзы заманда құдай біреуді жазалаймын десе оның ақылы мен есін алдымен алады деген рас болса керек. Бабаларымыздың тағдыры туралы естелікті жадымызда сақтаудың өзі өткен кездің тәтті ертегілерінен бізді сақтандыруға тиіс.

Мемлекет дегеніміз — аумақ пен қоғамдық құрылыс, заңдар мен экономикалық құрылым ғана емес, мемлекет өздерін оның азаматымыз деп сезінетін адамдардың белгілі бір саяси ортақтастығы.

Егер мемлекеттіліктің саяси, құқықтық және экономикалық негіздерін қалыптастырумен байланысты мәселелерді жеткілікті түрде өз алдына келтіруге болатын болса, ал азаматтың өзін-өзі айқындауы, азаматтық тұрғыдан сараланууы өте күрделі әрі елеулі бір уақытты талап ететін дүние. Азамат осы мемлекетке деген өзінің қатыстылығын санаулы түрде сезініп, өз тағдырының ел тағдырынан ажырағысыз екенін ұдайы түсінуге тиіс. Нақ осының өзі әр адамның игілігі бүкіл елдің игілігімен тығыз байланысты екеніне көз жеткізуге тиіс.

Бірақ ТМД халықтары біркелкіліктің бір сәтін және бұрын болып көрмеген дағдарысын бастан өткерді. Олар өздерінің бұрынғы мемлекеттігінен бір сәтте айырылып қалды. Осы дағдарыстың күшті болғаны сонша, олардың көпшілігі қазір мұны жеңіп шыққа да, әлі күнге дейін есін жинай алмай келеді.

Түрлі әлеуметтік зерттеулердің деректері еліміз халқының басым көпшілігі өздерін Қазақстанның азаматы ретінде танитынын айқын көрсетіп отыр.

Медицинада «сырқат сыры» деген ұғым бар. Бұл кесілген қол мен аяқ баяғыда жоқ болса да, оның орны қашан да ауыратынын білдіреді. Ал енді мемлекет ретінде КСРО 5 жылдан бері жоқ болса да, адамдардың кейбір бөлігі өздерін осы елдің азаматымын деп санап келеді.

Міне, нақ сондықтан жекелеген экстремистік тұрғыдағы саясатшылар өздерінің тарихи Отаны Қазақстаннан шетте қалған адамдардың сезімінде ойнап, түрлі құйтырқыға баруда. Осынау саяси «сырқат сыры» саясатшылар ашық болған сайын ертерек әрі кінәратсыз өтіп кетері анық. Жұртшылықтың бәріне жағымды болмағанымен, бірақ ең адал қорытынды мынау: КСРО белгілі бір қоғамдық үлгідегі және белгілі бір географиялық аумақтағы мемлекет ретінде мәңгілікке өткенге кетті. Оның үстіне әрбір адам осы тарихи оқиғаны тезірек қабылдап, өзін-өзі айқындай алса, соғұрлым оның өзі үшін де, ел үшін де жақсы болмақ.

Бүгін таңда адамдардың санасынан сығалатып саңылау табу жүріп жатыр, сондықтан кенезесі көгерген өткеннің белгілеріне деген іштей аңсаудың мәнмағынасы бізге белгілі. Сондықтан жаңа біркелкілікті құру демократия, бостандық, пікірлердің сан алуандығы, адам құқығы, азаматтық қоғам идеялары жалпы ұлттық идеяларымен үйлесіп жатқанда ғана табысты болмақ. Мұның өзі екі үлкен идеологиялық тақырыптардың тоғысында — Қазақстанның саяси тәуелсіздігі мен ішкі демократияландыру түйіскенде ғана мүмкін болмақ.

Жаңа біркелкілікті іздестірудің, біздің халқымыздың жаңа өзін-өзі айқындаудың тұжырымдамасы былай қарағанда оңай болғанымен, жүзеге асыру тұрғысынан ерекше күрделі. Оның тұжырымдамасы мынадай: тек демократиялық Қазақстан ғана тәуелсіз болуға тиіс. Өз кезегінде саяси тәуелдіксіз Қазақстанда нақты демократия болмақ емес. Осы тұжырымдаманың үшінші қосымшасы республикадағы азаматтық қауымдастықты қалыптастыру бола алады. Әлде бір аңыздағы әсіре эт-

нос емес, нақ азаматтық қауымдастық болуға тиіс. Осы маңызды мәселеде, біздің де айқындалатын көзіміз жетті.

Қазақстан халқы жаңа бір этникалық қауымдастық емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде қаралады. Біздің дамуымыздың осы кезеңінде мәселені нақ осылай қою бірден-бір шынайы көзқарас болмақ. Айтқандайын, Қазақстан халықтары Ассамблеясының өзі түрлі этностар өкілдерін азаматтық тұрғыдан біріктіру құралдарының бірі болып табылады. Жаңадан өзін-өзі айқындауды, адамдардың, жаңа біркелкілігін қалыптастыру үшін бүгін таңда көптеген нұсқаларды саналы түрде таңдап алу қажет. Жалпы ұлттық идеяларды іздестіру барған сайын көкейкесті сипатқа ие болып отыр. Ол, әрине, жанжалдасушы сипатта емес, қайта біріктіруші сипатта болуға тиіс. Мен бұдан 3 жыл бұрын осыған қатысты пікірімді білдірген едім.

Бірігудің идеялық негізі ретінде тұрақтылыққа, жаңғыруға, тәуелсіздік пен прагматизмге сүйену өте дұрыс. Алайда бүгін таңда осы негіз қалаушы принциптерді нақтылай түсу қажет. Ең алдымен халықтың тарихи санасын жаңғырту керек.

Тоталитарлық режим жағдайында халықтар тек КСРО тарихын білуге тиіс болатын. Бұл әсіресе саны аз ұлттарға қатысты еді. Сондықтан қазақтардың өздері де, оның үстіне қазақстандықтар да біздің жеріміздің тарихын білген емес. Және бұған олар кінәлі де емес. Бұқаралық деңгейде ұлттық мемлекеттіліктің талай ғасырлар бойындағы үздік тарихи байланысы, қазақтардың талай ұрпақтарының тәуелсіздік жолындағы күресі ой-елегінен өткізілуге тиіс. Ал олар болса — қазіргі Қазақстан тұрғындарының ата-бабалары. Осы елдің XX ғасырдың аяғында мемлекеттіліктің барлық нышандарына ие болғанын да ескерген жоқ.

Бұдан бұрынғы кезде қазақтардың мемлекеттілігі болмағаны туралы алуан түрлі сыпсың пікірлерге елеулі түрде тосқауыл қою қажет. Осыған байланысты «мемлекеттілік» пен «мемлекет» деген ұғымдар бір мағынаны білдірмейтініне көңіл аударар едім. Біз мемлекеттілік туралы айтқанымызда, ең алдымен жер аумағын ғана емес, қайта саяси-құқықтық қатынастардың, әлеуметтік және мәдени-рухани бастаулардың бүкіл кешенін ескеруімсіз. Міне, осылардың негізінде қоғам тұтас жүйе ретінде тіршілік ете алады. Бұл мағынада алғанда қазақтардың мемлекеттілігі ежелден орныққан. Қазақ мемлекетін саяси-құқықтық құрылым ретінде хаттауға келсек, бұл басқа іс. Мұның өзі XV ғасырда болғаны белгілі. Алайда зерттеушілердің арасында Қазақ мемлекетін құрудың нақты датасы бойынша бір көзқарастың жоқ екені өкінішті. Ал осы тұста идеологиялық жұмыстың орасан зор бағыты тұр. Өйткені, өз мемлекетіміздің бастауын іздеуде жазылған және жазылмаған деректер бойынша осы күнге дейін адасып жүргенімізде өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру туралы қалай әңгіме айта алмақпыз? Міне, тарихи ғылымның кезек күттірмес міндетінің өзі — осы.

1996 жылғы 2 сәуірде өзім «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлыққа қол қойған болатынмын. Адамдарға ғасырлар бойғы ұлттық дәстүрлерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беру өте маңызды. Қазір жаңа «Тіл туралы» Заң әзірленіп жатыр. Тілді ең алдымен мемлекеттік тілді оқып үйренуге өзгерістер енгізу және нақты тұтқаларын жасаудан бастау қажет.

Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге және оны оқып-үйренуге және білуге тиіс. Бұл орайда бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің туған тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде басым болатынын ескеру орынды.

Бұл орайда қазақтың жазуын кириллицаның шалғайдағы бір нұсқасы ретінде қабылдаудан бас тартқан жөн. Өйткені мұның өзі осы тілге деген лайықты сыйластығына мүмкіндік бермейді.

Ал ұсынылып отырған латын қарпіне көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне енуіне, технологиялық тұрғыдан әлеуетін бейімдеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді.

Мұның өзі қазақ азаматтарының басқа елдер халықтарының тілдеріне деген құрметін арттыра түсер еді. Біздің айқындамамыз — ортақ пікір, өзара құрмет. Бұдан басқадай болуға тиіс емес.

Біздің жағдайымызда этникалық интеграцияның негізі тағдыры Қазақстан мемлекеттігіне байланысы бар, адамдардың саяси өзін өзі айқындауы, жалпыазаматтық қатыстылығы негіз болуға тиіс.

Қысқасын айтқанда, идеологиялық жұмыс негіздерінің бірі азаматтардың этникалық қана емес, сонымен бірге азаматтық тұрғыдан өзін-өзі айқындау принципі болуға тиіс.

Біздің саясат, нақ осыңдай көзқарасқа — адамдардың өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін еркін жүзеге асыруына мүмкіндік беруге, сонымен бірге азаматтық қауымдастық сезімін, Қазақстан халқының тұтастай бірлік сезімін дамытуға көмектеседі. Қазақстан нарықтық әлеуметтік мемлекет деп анықталған республика Конституциясында бұл жай сөз емес, әлеуметтік-экономикалық үлгілермен бірге идеологиялық үлгіні де таңдап алу деген сөз. Мемлекет мол табыстан салықты да молырақ төлеу керек деген кезде, Үкіметті дұрыс түсіну қажет. Біз адамдардың әлеуметтік тұрғыда да бірігуіне жағдай жасауға тиіспіз.

Өзіміз өмір сүрген социализм кезінде жұмыс істегендерге ай сайын еңбек ақысының үштен бірінен астамын тікелей келді (бұл тек ресми мәліметтер бойынша, іс жүзінде будан көп). Мемлекет бұл, білімге, жеңілдіктерге жұмсады. Бөліп беру деп аталған мұндай жүйені жасау адамдарды толық тәуелділікте ұстауға және оларды бақылап отыруға мүмкіндік берді. Осылайша зейнеткерлерден алып қойған ақша экономикада әлі де бар. Сол себепті біз оларға: «Бұл біздің ісіміз емес, енді нарықтық экономика келді, өз қалауларыңша өмір сүре беріңдер» деп айта алмаймыз.

Бұлар қазір жоқ мемлекеттің қарыздары болғанымен, біз аға ұрпаққа оны беруге тиіспіз. Ол үшін жекешелендіруден түскен қаржыларды жұмсау, мүлікке салынатын салықтан алынған сомаларды аудару қажет. Осының есебінен халықтың жинақ кассаларындағы шығындарын өтеу, пайданың есебінен қаржы аудару жолымен тұрғын үй салуға қажетті жеңілдетілген кредиттер үшін арнайы қор жасау қажет. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды — Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың жинақ ақшаларының шығынын өтеу қолға алынды.

Өздеріңіз білесіздер, мен «изм» атаулыға қарсымын. Дүниені көп аралаған кезде капитализм деп аталатын системаның да шегіне жеткен өзімшілдіктен бастап, миллиондаған адамдардың әлеуметтік жағдайының нашарлығына дейінгі кептеген өз проблемалары мен аурулары бар екеніне кезім жетті.

Сондықтан ешқандай идеалдандыру болмауға тиіс. Біздің көзқарасымыз идеологиялық айтысқа емес, халықтың әлеуметтік мүдделерін мейлінше ескеруге құрылған.

Алайда бұл үшін алдын ала елеулі экономикалық ресурстар жинақтау қажет. Олар тек біздің әрқайсымыз жұмыс істеген, өзіне және мемлекетке игілік жасаған

кезде ғана болады. Сондықтан бүкіл нарықтық реформалар — жеке-дара көзделген мақсат емес, нақты әлеуметтік бағыты бар тиімді экономика құрудың құралы.

Әлеуметтік бірдейліктің дағдарысы туралы айтқанда, біз әлеуметтік құрылымның мейлінше сырқаулы өзгерісін, түрлі топтардың әлеуметтік статусының өзгеруін ескеруге тиіспіз. Бұл дағдарыстың күрделілігі мен қоғамдық маңыздылығы оның зиялы қауымның бет қаймағының мүдделеріне тиетінімен анықталды. Әлемдік тәжірибе бұл проблеманы шешудің екі ғана сыпайы тәсілін біледі.

Біріншісі — мәдени, ғылыми, білімді таңдаулы топ қалай дегенмен де нарықтық жүйенің қисынына бейімделуі, демек, өз еңбегімен тапқанына өмір сүруі керек деген сез.

Екіншісі — ұлттың бетке ұстар топтарына демеушілік жасау, жебеу немесе оларды мемлекеттің пәрменді қамқорлығына алу. Бірінші тәсілдің ауыртпалығы мәдениет жаратушыларды сөзбен емес, іс жүзінде қолдаумен жойылуға тиіс. Мен бұл жерде ғылым мен мәдениеттің нағыз жасампаздары мен талантты өкілдері туралы айтып отырмын.

Мына мәселені де атап өткім келеді. Біздің егеменді республикамыздың аса маңызды стратегиялық ресурсы — ғылым болып табылады. Оның үстіне бұл ресурс өзіне тән ерекшелігімен және бұл сөздің дұрыс мағынасында алғанда, ғылым деп аталатын аса күрделі организмнің консервативтілігіне орай, мемлекет тарапынан ерекше көзқарасты талап етеді. Оның біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасуы мен нығаюындағы, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың өзгеру процестеріндегі, елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы, экономиканы дамытудағы рөлі мен маңызын түсіну ғылымды басқару құрылымын жетілдіру және оны нығайту жөніндегі шешімдер қабылдауға алып келді.

Осы шешімді жүзеге асыру тетіктерін жасау мақсатымен биылғы мамыр айында Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуы проблемалары бойынша республикалық кеңес өткізіледі. Оған жетекші ғалымдар мен мамандар, министрліктер мен ведомстволардың, аса ірі өнеркәсіп кәсіпорындары мен компаниялардың, сондай-ақ облыстардың басшылары қатысады.

Қазақстандағы саяси қалыпқа келудің жалпы қисынын да ескеру қажет.

Өтпелі кезеңдегі елдердің қазіргі міндеті шынында да бірегей — мемлекеттік құрылыстың тоталитарлық жүйесінен кейінгі нысандарды мұра етіп алған олар, дамымаған азаматтық қоғамның негізінде демократиялық процестерді қалыптастыруға тиіс. Біз үшін бұл міндет оны көп ұлтты және көп дінді елде шешуге тура келетінімен де қиындай түседі.

Күрделіліктің бұл деңгейін түсінетіндер аз, ал оны түсінетіндердің езі мәселені шешудің ең қарапайым екі тәсілін іздестіреді. Біріншісі — белді тас буынып, ешқандай «демократиялық ойындарсыз» классикалық авторитарлық тәртіпке «өріс беру» болып табылады. Мен бұл көзқарасты екі принципті себеп тұрғысынан теріске шығарамын.

Біріншіден, XXI ғасырдың табалдырығында тұрған кезде тұйық авторитарлық, ақпараттық қана емес, геосаяси себептерге де байланысты ерте ме, кеш пе бір күйреуге алып келеді. Өзінің геосаяси жағдайына орай, бұған балама орынды авторитарлық емес, тек демократиялық Қазақстан ғана таба алатынына терең сенімдімін.

Екінші себеп мұнан да елеулі. Мен авторитарлық билік технологиясының тәжірибесін жақсы игергенімізді, сол арқылы оппозицияның кез келген өскіндерін ә дегенше-ақ көктей солдырудың қиын еместігін талай рет атап көрсеткенмін. Бірақ біздің алдымызда экономиканы, саясатты, ғылым мен мәдениетті шыңдап

жетілдіру міндеті тұр. Адамдарды қай жерде болса да өкіметтің бақылауынан, ең алдымен жеке өміріндегі, рухани саладағы бақылаудан азат етпейінше және қоғамдағы жариялылықсыз ешқандай жаңғыртулар жүзеге аспайды. Халықтың көптеген ұрпақтары бостандықты тәуелсіз мемлекеттегі авторитаризм деген сияқты әдемі сөзбен ауыстыру үшін қан төккен жоқ. Бұл сөздің астарында тек өзінің ұлттық киімін кигізген еріксіздік жасырынып жатыр.

Аталған міндетті шешудің тағы бір қарапайым әдісі — өкіметпен қарсылыққа келу. Иә, XX ғасырдың тарихында өкіметті басып алудың жанжалды үлгісі әлденеше рет жүзеге асырылды. Барлық саяси революциялар осы үлгіде құрылды. Соңғы 5 жылдың ішінде ТМД елдерінде де әлденеше рет осындай оқиғалар болды. Мұның бәрі де қантөгіспен, күш қолданумен және мейлінше дөрекі популизммен жүргізілуде. Ал ең бастысы — бұл еш жерде де жаңа билеушілердің әдемі уәделерінің орындалуына және адамдар тұрмысының жақсаруына жеткізген жоқ. Әдетте, басқалардың қатесінен үйренбейді деседі. Алайда саясатшы үйренуге міндетті, өйткені оның жеке қателері миллиондардың қасіретіне айналады.

Мен көп реттерде «Алғашқы қолдардан» дәл ақпараттар ала отырып, ТМД-ның түрлі аймақтарындағы қантөгісті саяси жанжалдардың болмысы туралы көп ойландым. Менің берік сенімім мынадай: жекелеген топтардың саяси және экономикалық мүддесі халықтың мүдделерін қорғаумен бүркемеленген жерде, этникалық немесе діни белгілері бойынша бұқаралық толқуларға бағыт берілген, халықты саяси агрессияға итермеленген жерде, ерте ме, кеш пе, қан төгіледі.

Мұнан алынатын екінші сабақ — жанжал отын тұтатушылар, әдетте, судан таза, сүттен ақ болып шығады. Алайда нақ солар алдымен қан төгіске жол ашады. Сондықтан да мен қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған кез келген әрекетке тыйым салатын мемлекеттің ішкі қауіпсіздігі туралы Заңның жобасын Парламенттің қарауына енгізуді Үкіметке тапсырып отырмын. Ассамблея бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін. Біз экономиканы түзетуді енді ғана бастадық, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға кірістік. Бізге бос саясатшылдық емес, халықтың бірлігі, достығы, тұрақтылық қажет.

Мен Қазақстандағы партиялық плюрализмді жақтаймын. Бүгін таңда бізді іс жүзінде саяси бірлестіктердің күллі шоғыры бар. Алайда, Конституция мен заңда тыйым салынған қауымдық, діни, рулық, тағы басқа кез келген партияларға Қазақстанда жол берілмейді. Біз өзіміз жинақтаған көп емес болса да, төтенше маңызды демократиялық өзгерістердің тәжірибесін сақтауға және өкімет пен саяси қозғалыстардың пікір таласуларын іс жүзінде дамытуға тиіспіз.

Саяси қозғалыстардың ез арасында тұрақтылық шартын жасасып, барлығы бірге өкіметпен шарт бекітуі ең байыпты іс болған болар еді. Бір кезде либералдық ойдың классиктерінің бірі Джон Стюарт Милль құқық жүйесін халыққа да, Үкіметке де бірдей дәрежеде жүген салу ретінде анықтаған болатын. Егер бюрократия заңды ашық бұзатын болса, адамдардың жаңаша азаматтық құқықтық санасы туындайды деп ойлау байыптылыққа жатпайды. Бұл қарапайым ғана тұжырым, алайда бүгінгі таңда ол біз үшін, өкінішке орай, өте маңызды болып отыр.

Алайда ең іргелі және күрделі міндет — азаматтардың құқықтық сана-сезімін өзгерту. Мемлекеттік жазалауларға арқа сүйеген заңдардан қорқу және заңнан жеңіл құтылып кетуге мүмкіндік беретін екіжүзді мораль — өткендегі құқықтық жалған сана-сезімнің екі жағы, міне, осындай. Мемлекеттің адамның жеке өміріне билеп-төстеушілікпен араласуы жағдайында заңды жаппай құрметтемеу де содан қалған мұра.

Бұл қондырғыны бірер жылда өзгерту де мүмкін емес. Иә, біз прогресшіл заң базасын құрдық, алайда оны жүзеге асырудағы бұрмалаушылық, чиновниктердің жемқорлығы мен түрлі деңгейдегі өкімет орындарында қызмет бабын пайдаланушылық, кез келген тоталитаризмнің бұлжымас серігіне айналатын, халыққа мұра болып сенімді азайтуда. Проблеманы анық көре білу қажет, одан түйеқұс секілді «құтылуға» болмайды. Әңгіме халықтың өкіметке көзқарасы туралы ғана емес, халықтың өз мемлекеттігіміздің тағдырына сенімі туралы да болып отыр.

Қандай лауазымды отырған чиновник болса да, жемқорлыққа араласса, заңдарды бұзса, сеніп тапсырылған билікті жеке басының қамы үшін пайдаланса, халықтың мүддесін ойламаса, онда ол жүргізіліп жатқан реформаларға қарсы жұмыс істейді, елді бүлдіреді, мемлекеттің мүдделерін сатып кетеді. Сондықтан да одан тиісінше қатаң талап етіледі.

Осыдан бір ғана жыл бұрын ұлтаралық келісімге жетудің бірегей институты — Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Бұл уақытта ол қоғамдағы саяси және этникалық тұрақтылық факторларының бірі ретіндегі өзінің мәніс-маңызын нақты істерімен қуаттады.

Республика халықтары мәдениеттің қайта өркендеуі мен дамуына елеулі үлес қосылды, ұлттық мәдениет орталықтарының жұмысы айтарлықтай жандана түсті. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениеттерінің фестивальдары, татардың сабантойы бүкілхалықтық мерекелерге айналып, дүнгендер мен курдтардың той-жиындары тұңғыш рет республикалық деңгейде өтті. Сөз орайы келгенде айта кетейін былтыр қазан айының соңында Алматыда өткізілген ұйғыр жастарының дүниежүзілік фестивалі де, Ақмолада ұйымдастырылған неміс балалары шығармашылығының республикалық фестивалі де, Қазақстан түріктерінің өмірі туралы әңгімелейтін «Халық жадының кітабы» да, тағы басқа көптеген мәдени шаралар да алғаш рет өткізілді. Этностардың мәдени тұрмысы толымды болып, ұлттық-мәдени орталықтардың бастамалары шын мәнінде барлық жерлерде мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Мәселен, Павлодарда, Семейде, Жамбылда, Өскеменде, Петропавлда, Көкшетауда және басқа қалаларда шағын ассамблеялар мен ұлттық-мәдени орталықтар үшін ғимараттар бөлінген.

Ассамблея диаспоралармен жұмысты ұйымдастырудың орталығына айналды. Оның жұмыс органдарына мемлекеттік мәртебе берудің арқасында ұлттық-мәдени орталықтардың проблемалары жедел шешіліп, бұлардың бірқатары бойынша үкіметтік деңгейде шешімдер қабылданды.

Ассамблея мүшелерінің, армян және дүнген мәдени орталықтары төрағаларының қазақстандық көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Левон Мирзоян мен Мағазы Масанчидің есімімен байланысты мерейтойлық күндерді атап өту туралы ұсынысын қолдаймын. Ассамблея кеңесінің шешімімен оның республикалық қоры құрылғаны белгілі. Бұл қор ұлттық-мәдени орталықтарға қаржы және ұйымдық көмек көрсетуге арналған. Оның филиалдары барлық облыстарда бар.

Осы қор республикалық мәдени орталықтарға алғашқы қаржы көмегін көрсетті. Осындай жұмыс облыстарда да атқарылады деп сенемін. Алматыда ассамблеяның бас шаңырағына айналатын Қазақстан халықтары Ассамблеясының үйін ашу туралы мәселе шешілді. Мұнда барлық республикалық ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтар жұмыс істейтін болады.

Ассамблея іс жүзінде халықтық елшіліктің органына айналды. Мұның өзі Алматыдағы елшіліктермен нығайып келе жатқан байланыстың ғана емес, сонымен бірге диаспоралардың тарихи отанымен түрлі байланыстарының да көрінісі.

Осы күш-жігердің арқасында қазақстандық студенттердің Ресей мен Беларуссиядағы саны көбейеді, астанада корей театрының жаңа ғимаратын салу үшін жер бөлінеді. Біздің нығая түскен байланыстарымыздың тағы бір ескерткіші Көкшетау облысында тұрғызылмақ. Мұнда поляктардың Қазақстанға алғаш рет еріксіз көшірілуінің 60 жылдығын мәңгі есте қалдыруға орай жұмысшы тәрбиесін беру орталығының құрылысы басталады.

Ассамблея мүшелері — мәдени орталықтардың басшылары осы мәселелерде белсенді рөл атқарады. Ассамблеяның көмегімен ұлттық диаспоралар өздерінің тарихи отанымен байланыстарын қалпына келтіруде. Мәселен, таяуда «Қазақстан-Украина» ұйымы құрылды, Қазақстан мен Ресей Достық және ынтымақтастық қоғамы өзінің жұмысын бастайды. Біздің ассамблея көрші мемлекеттің қоғамдық ұйымымен — Қырғызстан халықтары ассамблеясымен тығыз байланыс орнатты.

Таяуда ғана ассамблея «Ақиқат» және «Мысль республикалық журналдарының тең құрылтайшысы болды. Оның кеңесінің, ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтардың ұсынысы бойынша осы басылымдардың редакциялық алқаларының құрамына белгілі саяси және қоғам қайраткерлері енетін болады. Олар жарияланымдардың тақырыптық бағытын бірлесіп айқындайды. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесе отырып Ассамблея Алматыда біздің республикада тұратын диаспоралардың тілінде шығатын әдебиеттер сату жөнінде «Отан» кітап магазинінің жұмысын қайта бастау мәселесін шешті. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы облыс әкімдері жанындағы шағын ассамблеялармен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, ұлттық диаспоралар туралы мол материал жинақтады.

Осындай жұмыстың нәтижесі бірегей басылымды — Қазақстан халықтарының энциклопедиясын шығару болмақ. Ассамблея сондай-ақ, ұлтаралық қатынастар проблемалары бойынша бірқатар халықаралық конференциялардың жұмысына қатысты және өзі де жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі (Қазақстан мысалы бойынша) этникааралық қатынастарды үйлесімді ету проблемалары бойынша халықаралық конференцияны ұйымдастырды. Бұл конференция биылғы жылы Алматыда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйыммен бірлесіп өткізілді.

Біздің елімізде ғана кеңестік кезеңнен кейін жоғары оқу орындарына аз ұлттардың өкілдерін жіберу туралы Ассамблеяға квота беру жөніндегі бірегей идея жүзеге асырылды. Биылғы оқу жылына 2682 адам бірінші курс студенті атанды. Олардың бәрі де Ассамблеяның квотасы бойынша оқуға түсті. Саны аз ұлттардың жастарына деген осындай ілтипат бұдан әрі де жалғасатын болады.

Ассамблея өзінің қызметінде алғашқы жылдың өзінде-ақ оның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындай алды деп айтуға болады.

Әрине, шешілмеген мәселелер бар, бірақ жалпы алғанда Ассамблея қоғамдық институт ретінде әбден қалыптасты. Оның рөлі уақыт өткен сайын арта түседі, өйткені ол республика халқын азаматтық біріктірудің түйінді құралдарының бірі ретінде көрініп отыр. Біздің мемлекетіміздің және біздің балаларымыздың болашағы осыған байланысты болмақ.

Биыл мамырдың 1-ін Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі ретінде атап өтетін боламыз. Бұл орайда да Ассамблея көп іс тындырды, өйткені осы мерекенің идеясы Ассамблеяда туған болатын. Ал мереке тартусыз болмақ емес. Мен, Ассамблеяның төрағасы ретінде осы жарқын азаматтық мерекемен баршаңызды құттықтаймын.

Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1996 жылдың 23 тамызы

Ардақты отандастар!
Қадірменді меймандар!

Бүгін біз өз дәуірінің ұлы жыршысы, қазақ халқының біртуар перзенті Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 150 жыл толу мерекесіне жиналып отырмыз. Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылы ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кемеңгер ойшылы Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені, Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпа-төкпе суырып салма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс екені мәлім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мәдени-рухани өміріміздің, саяси-әлеуметтік тарихымыздың ең бір көкейтесті арналарымен ұласып жатуы заңды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Мыңдаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың көз алдында ғасырлар бойы үстемдік еткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-әлеуметтік түбірлі өзгерістер болды. Ал, түбірлі өзгерістерге алып келетін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашан да күрделі. Әсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Соған қарамастан Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын-тегеурінімен, біртуар табиғатымен өз заманының айнымас айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршең ойларымен сол дәуірді саралап берді. Сондықтан да, біз оны қазақ халқының ұлы тұлғалары бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

Тарихқа ден қойсақ, ел-халық тағдырындағы саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермегенін аңғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырлық діни мистика шеңгелінен Ренессанс жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Наполеон өктемдігін бастан кешкен кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостниктік Ресейде XIX ғасыр әдебиет пен өнердің «алтын ғасырына» айналды. Мұны кезінде Гегель «тарихтың тәлкегі» деп атаған.

Осынау «тарихтың тәлкегі» XIX ғасырда да қазақ елін айналып өткен жоқ. Бірақ, бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Ықылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында шын мәнінде ренессанстық рөл атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа Ренессансының бастау бұлағында Дантенің тұрғаны сияқты, XIX ғасырда қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Меніңше, бұл жай ғана әсіре теңеу емес, жан жүрегімізбен сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімін жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шыңдалу жолдарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, біз бүгін рухына тағзым етіп отырған Жамбыл кездейсоқ құбылыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірген лайықты перзенттердің бірі деп нық сеніммен айта аламыз.

Ақынның: асып тұрған ақылым жоқ, жер түсіп кеткендей шешендігім жоқ. Біліп тұрған білімім жоқ. Менің білімім сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым», — дейтіні де осыдан. Ойлап қарасақ, осы сөздерде терең мағына жатыр. Оның осы айтқандары халықтың қуанышы мен қайғысына, сүйінгені мен күйінгеніне ден қойып, жалпақ елдің көкейіндегісін көре білетіндігіне, жатсатұрса соның арман-тілегін, зар-мұңын терең сезінетініне айқын дәлел емес пе! Ал, жалаң ақыл, салқын біліммен, ділмар шешендікпен халықтың алдына кім шығушы еді, халықтан кім биіктеп еді? Халқының барша қасиетін бойына сіңіре білген Жамбылдың да алдына ешкім шыға алмаған. Өйткені, ол елінің бел баласы ретінде халқының мұның мұңдап, жоғын жоқтады. Өзекті жан болып жаратылған соң кімнің де болсын басына бұлт үйірілмей, найзағай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Әйтсе де, қабырғалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымсынған небір бай, шонжарлардың үш ұйықтаса түсіне кірмеген аламан тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар «жасағы жойқын жауға да» үнемі ту көтеріп, жырымен қылыш сермеп өткен. Оған елі куә, тарих куә. Небір жан беріп, жан алысқан айтыстар үстінде ол халқының сөзін сөйлеген ер мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну дегенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының тым биік, жалын мен оттан жаралғандай аса қызулығын, айрықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл тек даңғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер және оның бойындағы халық деген алыптың асқаралы мінезінің сәулесі.

Жамбыл ескі дәуірді де, жаңа қоғамның сипатын да өз тұрғыластарының қайқайсынан да кем түсінбеген. Оған ақынның 80 жылдан астам халқына көрсеткен қызметі, жырлап өткен жырлары айғақ. Ақын қазақ жұртының елдігі үшін күрескен, бойында кісілігі, азаматтық айбыны бар ерлерін басына бақ қонбай жүрген кедей, кем-кетік кезінде де әспеттеп, мадақтаудан аянып қалмаған. Әлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шақыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қазығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан берекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жалыққан жоқ. Әсіресе, айтысқа түскен тұстарда айқын ойы, азаматтық тұғыры, әлеуметтік нысанасы ешбір бұлтарыссыз, ашық-жарқын, өткір терең арна тауып жатты.

Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыңы, айтыс өнеріндегі іргелі табысы — Құлмамбетпен айтысы. Әрине, Жамбылдың сөзбен ұстасқан ақындарының басаяғы бір ғана Құлмәмбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмәмбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, Оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойындамайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Жеңгендері көп, жеңіліп, опық жеген жері жоқ

айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін Жәкеңнің өзі де мойындаған.

Реті келген соң айта кету керек: атақты тарихи тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыласының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насихаттаумен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің өмір сүрген дәуіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан сыр қозғап, сол жайларды айтылар жырдың негізгі өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан етіп жырлаған.

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт», — деген Жамбыл сөзі айтыста жеңіске жетудің тетігі ғана болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кредосы еді. Бұл сөз — уақыт өтіп, заман өзгерсе де мәнін жоймай, қайта асқақтап биіктей беретін жыр абызының сәулелі сөзі. Бізге жеткен өсиет. Бұл өсиет сөз бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ. Егемен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез-келген тарихи кінә артуларына жол бермеуге тиіс. Өйткені, өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн дер едім. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр, балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттілігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті түр. Осы тұрғыдан келіп айтарым, біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл атамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің XX ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау. Ол — өз халқының сөз өнерінің ұстаханасында шыңдалған, туған топырағының төл перзенті.

«Менің пірім — Сүйінбай,
Сөз сөйлеммен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай», — деп Жәкеңнің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі алған ұстазының ар жағында: Сүйекеңмен тұстас Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұрғылас Сарбас, Қуандық, Қожантай, Әмірлер, сонау Сыпыра, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Базар, Ақтамберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Нысан байларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің игі дәстүрі жатыр.

Жамбыл атамыздың елді таңдандырып, өзін көргендерді де, сөзін естігендерді де сүйсіндіріп жүргені, мінеки, осынау ұлан-ғайыр мектептің қайталанбас қасиетін бойына қапысыз дарытқандығында. Жамбыл — ғасырлық ғұмырында ақыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол — өзінен кейінгі әр ұрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліркегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүгінгі ұрпақтың Жамбылдың

рухани мұраларына терең танымтүсінікпен қарап, оның шығармаларының қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы орнын зерек көңілмен бағалағанымыздың бір көрінісі — бүгінгі өткізіліп отырған жыр алыбының мерейтойы. Жамбылдың туған елі мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз жетеді.

Жамбыл жырларын жастайынан жаттап өскен әрбір қазақ баласы ұлы ақын шығармаларын етене жақын тұтып, болашақ ұрпаққа ұсынар ең бағалы аманаттардың бірі деп түсінеді.

Жамбыл жүрегі қашанда халқым деп соқты. Ол ең алдымен халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шыңдады.

Әрине, мәдениет болсын, әдебиет болсын, оның ұлттың рухқа негізделген дәстүрлі мектебі болмайынша, ешқашан өрге баспақ емес. Ал, сол мектептердің абыройын асырып, мерейін көтеретін, сөз жоқ, оның алып ойлы өкілдері. Ұлы жыршы Жамбыл, мінеки, осы біз айтып отырған ауызша үрдісте, ғасырлар бойы өмір сүріп келген қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыптығы сонша, өз басы халыққа берер игіліктеріне иландай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес үкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев секілді шашасына шаң жұқпайтын халық ақындарына игі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сіңірген ұстаз да бола білді.

Құрметті халайық, ардақты ағайын!

Қазір, кеңес дәуірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыздың Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, «сонда бұл қалай?» деген сұрақтар жиі көлденеңдейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа 1916 жылы қазақ жігіттерін қара жұмысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбелеңді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық зорлықзомбылықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілектес болды. Биыл 80 жылдығы аталып өткелі отырған ұлт-азаматтық қозғалыстың бел ортасында болмаса да, соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзбен айтқанда, рухани жағынан демеуші бола білді. Өйткені, ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен өміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, «халықтарға теңдік, бостандық әпереміз, құлдық езгіден құтқарамыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орнынан алып, әділдік орнатамыз, жарылқаймыз» деген ұранмен өмірге келген Кеңес өкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине, бұрынғы «шынжыр балақ, шұбар төстерді» жайпай келді. Қандай дәрежеде болса да, қазақ елі Республика атанып, Кеңестер елінің құрамында өз алдына отау тікті.

Қазақтың зиялы қауымы бар, қарапайым еңбеккері бар бұл өкіметті қолын тендікке, басын бостандыққа жеткіземіз деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша

үкіметінің бұратана халықты басып жаншуы келмеске кетіп, оның орнына ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді деп ұқты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұстатқан жаңа қоғамдық құрылысқа, оның әділетті аталып жүрген басшыларына қол соқпағанда кімге қол соғады? Мұндай біржақты көзқарастан, бүкіл елі секілді Жамбыл да алыс кеткен жоқ. Сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады. Қалған өмірінің бүкіл саналы тірлігін, шығармашылық қуатын соның көркеюі жолына жұмсады.

Біздің әрқайсымыз өз уақытымыздың, өз дәуіріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеңнің тар заманда, отаршылдық дәуірде, немесе кеңестік дәуірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоймақ емес. Жамбыл өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір сөзбен айтқанда, өз дәуірін асқан шабытпен жырлаған сөз зергері. Ал зергерге шашасына шаң жұқпас асыл дүниені қай дәуірде кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені, Жәкеңнің әрбір дүниесі — өз бойынан, жүрегінің тереңінен шымырлап шыққан, бүкіл әлемді мойындатқан шығармалар. Жәкең шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани көзқарасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Сондықтан, кімді де болсын, соның ішінде ақын-жырау, қаламгерді өз дәуірінің деңгейімен, соның паркымен бағалау қажет. Бұл тұрғыдан келгенде, біздің қаламгеріміз бен халық ақындарының жиырмасыншы жылдар мен кешегі қайта құру дәуіріне дейінгі кезеңді қамтитын туындыларынан заманның ығына қарай, кеңестік құрылысты, оның әрқилы дәрежедегі өкілдерін адамгершілік пен қайраткерліктің бірден-бір үлгісі ретінде көрсеткен авторлық көзқарасына кінә қойып, оны бетке салық қылу да қисынға келмейді.

Ендеше, Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Оның тұғыры биік заңғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол XVIII ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, XIX ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін дәріптеп жырлаушы ғана емес, Кеңес кезінің ұлы оқиғаларының да жалынды жыршысы. Алдына жан салмаған ақиық ақын. Ол кімді жырламасын, папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхингол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қай-қайсысын да селқос қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сол себепті де, бірсыпыра ақын туындылары арнайы қолқа салумен дүниеге келетін. Бірақ, ақын өзінің елге тарайтын әр сөзіне зор жауапкершілікпен қарады. Хатшыларына қағазға түсірткен әр өлеңін өзі қайтадан тыңдап, ұнатпағанын кері ысырып, қайта толғайтын, қайта жаздыратын.

Сондықтан да ақын өлеңдері әлеуметтік мәні, қоғамдық салмағы, бойындағы құдіреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен тел қозыдай табысып, миллиондардың арман-тілегімен табиғи табысып жатты.

Орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай деп жазады: «Жамбылдың «Ленинградтық өренім» жыры жарияланған кез — Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды. Күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды. Ет, май

дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылып, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды... Жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай кезде Жамбылдың «Ленинградтық өренім» жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинград радиосы күніне әлденеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптермен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилай ұшып бомба тастап жүргенде, бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Иә, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет. Ақын өзіне мәңгілік ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Жәкенді көзінің тірісінде қай елге барса, халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылдап отырды. Ақынның 1936 жылғы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігіне, 1937 жылдың аяғында Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына байланысты Грузия барған сапары, 1938 жылы май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының 75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсындағы күллі Кеңестер атынан көрсетілген риясыз, қуанышты қарсылалулар тарих парағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық «Жамбыл, Жамбыл! Жәке!» деген ерекше шаттанған дауыспен ұрандата қошеметтеген.

Ақынның сол шығармашылық мерекесіне Алексей Толстой, Миколай Бажан, Павлов Тычина, Тоғалақ Молда, Ғафур Ғұлам, Қалық Аққиев, тағы да басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Дина Нұрпейісова, Күләш Байсейітова, Кенен Әзірбаев, Мәриям Хакімжанова, Қалибек Қуанышбаев секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды ұйымдастыруы, дүние жүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттардың қарша борауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшһүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебиетінің, соның ақпа-төкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, XX ғасырдағы ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовке айтқанда: «миллион жол әлемді жатқа білетін» абыз жыраудың халықтың қасиетін жанымен терең ұғынған замандас ақын інілері — Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Павел Кузнецов, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақовтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті.

Бұл үлкенге тағзым етіп, өзде тартқан адамға қызмет ететін ұлтымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, өткен ғасырлардың толқының XX ғасырға әкеліп толқытқан қарт абыз жыршыға, ғажайып қайталанбас өнерге деген құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді.

Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүние жүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский,

Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Құрметті қауым!

Қазақта «күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» деген сөз бар. Бұл ретте де қазақтың Жамбылын адамзаттың Жамбылы деп мақтанышпен айта аламыз. Шын мәнінде Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына, сол рухани қазынаның өң бойындағы адамды шыңдауға арналған биік парасат пен қоғамды шыңдауға арналған шабытты серпінді жалпы адамзаттық рухани игілік демеске бола ма? Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың қанатты жырлары әлемнің елуге тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүрегіне ізгілік нұрын септі. Біз мұны ең алдымен Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жұртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан Жамбылдың мерейтойы қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана емес, өзінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем алдында ой мен рухтың өресін танытатын кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жұртшылығына өзін саяси-әлеуметтік ұмтылыстарымен, демократияшыл мұраттарымен танытып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танытуға мүмкіндік алып отыр. Бұл ретте қазақстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тозбас құндылықтарды көксеген биік парасаты жалпы адамзатқа ортақ екенін терең сезінеді деп білемін. Егер біз Жамбыл даналығына тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсармен ұласып жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қай-қайсымыз да пендешіл күйкіліктен арылып, парасатпайымымызды шыңдай түсеміз. Өміршең мен өткіншінің ара жігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз. Бүгінгі жыр дүлдүлінің ұлан-асыр тойы — егемен елімізді мекендейтін халықтар достығы ынтымағының тойы, халықтың өзінің ұлы перзентіне деген зор құрметі мен ыстық ықыласының шынайы көрінісі.

Жамбыл мерейтойына дайындық осыдан 4 жыл бұрын бекітілген мемлекеттік бағдарламаға сай жүргізіліп, республикамыздың түкпір-түкпірінде, облыстарда, аудандарда, елді мекендерде кең ауқымда өткізілді. Ұлы ақын құрметіне бой көтерген әртүрлі ғимараттар, архитектуралық келбеті көз тартар елді мекендер, мәдениет, білім ошақтары халық игілігіне қызмет етуде. Ал, ең бастысы, Жамбыл тағылымдары ұрпақтар зердесіне сіңіріліп, оның жақұттай жарқыраған асыл мұралары рухани өреміздің биіктеуіне ықпал жасауда.

Жамбыл мерейтойына дайындық ұлы ақын шығармашылығына терең бойлап, Жамбыл поэзиясын танумен астасып жатты. Ал, ұлы бабамыздың басына барып, талантты өрендеріміздің ақынның биік рухына тағзым етуі қандай сүйінішті. Осы күндері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп жатқан ұлы Жамбылға арналған кештер, поэзия жиындары, жастар мен өнерпаздардың өнер сайыстары, ақындар айтысы ертеңгі күндері жалғасын тауып жатса, ұлы ақынға деген құрметтің шынайы белгісі сол болар еді.

Үкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрылысы жүргізіліп, ақын ауылының архитектуралық келбеті

өзгерді. «Жақсыдан — шарапат» дегендей, бұл атқарылған істер халықтың діттеген жерінен шығып, жұртшылық игілігіне жарауда. Сондықтан да ұлы бабамыздың торқалы тойы ұрпақтарының бүгінгі өміріне, тыныс-тіршілігіне тигізер ықпалы зор деп ойлаймын. Себебі бұл өтпелі науқан емес, бұл той — елдігіміздің, рухани кемелігіміздің өлшемі.

Бүгінгі той — көптікі, абыройы — халықтікі. Жамбылды құрмет тұту қазақ халқының биік рухына, Қазақстан халықтарының патриоттық сезіміне деген құрмет деп ойлаймын.

Ардақты ағайын!

Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның XXI ғасырға қалай кіретіні, ұрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты.

Бүгінгідей шалқыған қуанышты күнде біздің асылымызды дөп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен шалғай және іргелес бауырлас елдердің, туған еліміздің әдебиетсүйер зиялы қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Сөз соңында айтарым, қашан да дүйім халықтың қуанышы мен қайғысын шығармашылығына үзілмес арқау еткен өнер иесі халқының зердесінен мәңгілік орын алады. Жәкең — туған халқының күнгейі мен көлеңкесін тарихи талғам таразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық тағдырының күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білгендіктен, «халықтан шыққан дана ақын» деген атқа ие болған.

Бұл — шындап келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғары бағасы.

«Жамбыл менің жай атым, халық менің шын атым», — деген ақиық ақын ақтық демі біткенше өз халқының мұңы мен мұратын, үміті мен арманын, тағдыры мен тарихын, рухани байлығы мен асқақ тұлғасын өз жырларына өзек етті. Ендеше, қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жыршысы — Жамбыл да мәңгі жасай бермек. Бүгінгі ұлы той — халқының Жәкеңе деген шексіз сүйіспеншілігінің бір көрінісі. Ендеше, құрметті халайық, тойларыңыз тойға ұлассын!

«Сұлу жер — береке, елді жер — мереке» деген мақал бар. Біздің тәуелсіз Қазақстанда әрқашан береке болсын, достық, ауызбіршілік, тыныштық болсын! Жәкең жырлап кеткен осы асыл қасиеттерді қастерлей білсек, еліміздегі түрі басқа — тілегі бір, тілі басқа — жүрегі бір барлық ұлт өкілдерінің жарасымды өмірін қамтамасыз етсек, ежелден бергі елдігіміздің қаймағы бұзылмайтын болады.

Жәкеңнің биік рухы баршаңызды жебеп жүрсін!

«Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Алматы қаласы, 1996 жылдың 7 қазаны

Құрметті депутаттар!
Құрметті қазақстандықтар!

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бергі бесінші жыл да аяқталып келеді. Тарих ауқымынан алғанда, бұл — қас-қағым сәт, уақыт жиынтығы ғана, ал мұндай уақыттың ішінде, әлбетте, мемлекеттік дамудың сапалық жағынан жаңа үлгісін қалыптастыру біршама қиын. Тегінде, баяулық қоғамдық процестер табиғатының өзіне тән, өйткені саяси және экономикалық құрылыстың, қоғамдық құндылықтардың, өмірлік мұраттардың алмасуы ондаған жылдарға созылады.

Алайда осынау 5 жыл бұрынғы бірқалыпты тіршіліктің талай жылдарына татитын оқиғаларды бойына жинақтаған уақыт болды.

Бұрын-соңды болып көрмеген даму серпіні, бағыт-бағдардың күрт алмасуы, еліміздегі істің жай-күйін бағамдау жағынан алғанда, қоғамда кейде екі ұдайылыққа ойысатын кең пікір туғызды. Ең алдымен, еліміз бастан кешіріп отырған ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс, халықтың көптеген топтарының тұрмыс деңгейі мен жағдайының нашарлауы, іргелі нәтижелердің жоқтығы, содан туған түңілушілік осындай келеңсіз баға беруге себепші болған еді.

Жағымды баға беру жағына келетін болсақ, мұндай баға аз, дегенмен бұл баға бір сәттік көңіл-күйге емес, керісінше, өзгерістердің қисынын түсінуге, өзімізге берілген, өлшеулі уақыттың ішінде қол жеткен нәтижелерді салыстыруға, реформалардың дәл осындай жолынан өткен езге елдердің тәжірибесін таразылауға негізделген.

Еліміздің бүгінгі жағдайының соңғы жылдары қабылданған саяси немесе экономикалық шешімдердің нәтижесімен тіпті де өлшенбейтінін ескеруіміз керек. Қалыптасқан ахуал — қоғамдық жүйенің күйреуінің, КСРО-ның ыдырауының салдары, мемлекетті қалыптастыруға қатысты бұдан кейінгі барлық оқиғалардың, жаңа мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың қорытындысы.

Сондықтан да бүгінгі болмыс шындығына осы заманғы тарихтың айнасы арқылы қарау қажет, ал оның дамуының өз қисыны бар.

Нақ солай, бір жылдың шеңберімен шектеліп, ұзақ мерзімді және орта мерзімді келешекке көз салмайынша, 1997 жылғы міндеттерді де түсіну қиын. Әрбір кезекті жыл — бар болғаны еліміздің ұзақ мерзімді саясатын іске асырудағы қысқа кезең ғана. Дамудың мәні мен дәйектілігін терең пайымдап, оны дұрыс қалыптастырған жағдайда, ағымдағы міндеттер де жетерліктей ұғынықты бола түседі.

Осыған байланысты 1997 жылға арналған саясатта, бір жағынан, өткеннің белгілері мен бейімдіктерін бойында сақтай отырып, екінші жағынан, болашақтағы саясатты іске асырудағы алғашқы қадам болады. Уақыт ұштастығы да, олардың сабақтастығы да, даму дәнегінің өзі де, міне, осында жатыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-ші бабына сәйкес халқымызға Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жолдау арнай отырып, мен Президент ретінде қоғамда қалыптасқан ахуалға, алдағы

уақытта әрі, ең алдымен, келесі 1997 жылы шешуіміз қажет басты міндеттерге өз көзқарасымды баяндап отырмын.

Бұл көзқарас менің мемлекетті басқарудағы іс тәжірибемнен, сенім-нанымымнан және қалыптасқан дүниетанымымнан әрі мемлекет басшысы ретіндегі қолымдағы ақпараттан қалыптасып отыр. Бұл — әлемнің көптеген елдерінің даму тәжірибесін, олардың тарихын зерделеуімнің, әлемдегі ортақ процестердің мәні мен серпінін өзімше пайымдауымның жемісі. Бұл — сонымен қатар еліміздің өзім жиі болып тұратын барлық аймақтарындағы нақтылы ахуалды мұқият зерделеуімнің де нәтижесі.

Әрине, бүгінгі және ертеңгі күнді парықтауым үшін менің елімізде, сондай-ақ шетелдерде саяси қайраткерлерден бастап, қатардағы азаматтарға дейін жеке кездесуімнің зор маңызы болғанын және болып отырғанын айтуым керек.

Жолдаумен танысқандардың бәрінің бірдей оның қағидаларымен толығымен келісе бермеуі де мүмкін. Елдің қалыптасуы, әлемдік процестердің дамуы тұрғысынан алғандағы маңызды дүние кейбір адамға онша мәнді көрінбеуі де немесе екінші кезектегі мәселе ретінде ғана көрінуі ықтимал. Мұның өзі — түсінікті әрі әбден табиғи нәрсе.

Алайда әрбір парасатты азаматтың өзінің Жолдауға берген бағасының қандай екеніне қарамастан, өз айқындамасын мемлекет басшысының айқындамасымен салыстыра келіп, елдегі алдағы болатын өзгерістердің ортасынан өз орнын анықтап алғаны абзал болар еді. Мұны адамның жеке өзінің, тіпті қара басының кәдімгі пендешілік мүддесін көздей отырып ескергені жөн, өйткені қоғамның жылжу бағытын дұрыс аңдай отырып, жеке өзіңнің бағдарыңды, әуелгі қажет ісіңді анықтап алу оңай.

Ал мемлекеттік қызметте жүрген адамдарға осы Жолдау оның бағдаршысы, өз жұмысында алдағы уақытта басшылыққа алар ақылшысы болуға тиіс.

Саясаттың бір жыл ішіндегі бүкіл аясын тұжырымдау мемлекеттік бюджеттен езінің сомдалған көрінісін табады десем, мені түсінеді деп ойлаймын.

Осыған байланысты келесі жылдың бюджеті, сонымен қатар өткеннің белгілі бір себеп-салдары мен бейімділіктерін бейнелейтін әрі келелі саясатты іске асыруымыз үшін алдағы уақытта қолданар шараларымызды айғақтайтын болады. Бюджетте, сонымен бірге, осы Жолдауда баяндалған даму басымдылықтарын іске асыру қарастырылуға тиіс.

Үкімет пен Парламент үшін бұлар келесі жылдың бюджетін әзірлеп, бекіткен әрі басқа да заңдар мен нормативтік актілерді қабылдаған кезде тікелей саяси нұсқау болуға тиіс.

І бөлім

Тәуелсіздік жолындағы бес жыл

Қазақстан — әлемдік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі

Өткен 5 жылдағы, әсіресе оның бастапқы кезеңіндегі сыртқы саясат мемлекеттердің тоталитарлық жүйеден кейінгі дамуының объективті факторларының ықпалымен қалыптасты. Халықаралық ауқымда танылмайынша, әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, мемлекеттіліктің қалыптасуы, егемендік, экономикалық реформалар, әлеуметтік саланы дамыту туралы әңгіме қозғау құрғақ сөз болып қана қалар еді.

Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыру, ішкі проблемаларға жұмылу мүмкіндігін алу үшін әлемдегі өз орнымызды табу, бүкіл әлемдік қоғамдастық танығын ел болу талап етілді.

КСРО-ның ыдырауы, тұтас бір қоғамдық-саяси жүйенің жоқ болып кетуі, ғасырымыздың басты оқиғаларының бірі болғаны рас. Осы құбылыстың салдарынан әлемдік дамудың барысы түбірінен өзгерді, мұның өзі әлі де ұзақ уақыт бойы әлемдегі күштердің орналасуы мен халықаралық қатынастардың дамуына ықпал ете беретін болады.

Астам державалар бастаған екі жүйенің қасарысқан қарсы тұруының орнына көп рәуішті дүние келді.

Географиялық жағынан алғанда біздің еліміз аса ықпалды үш геосаяси орталықтардың: Ресейдің, Қытайдың және мұсылман әлемінің ортасында тұр. Оған қоса Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында орналасқан Қазақстан географиялық жағынан неғұрлым шалғай жатқан орталықтардың да ықпалын сезініп отыр.

Мұның өзі көп жағдайда еліміздің сыртқы саясатының мазмұнын айқындап келді және келешекте де айқындай беретін болады.

Сонымен қатар мұндай жағдай елімізге шын мәніндегі стратегиялық артықшылықтар береді, оларды іске асыру Қазақстанның дамуына ғана емес, тіпті күллі Еуразия құрлығында оңтайлы ахуалдың қалыптасуына жәрдемдесуі мүмкін.

Қазақстанның дербес дамуының бастапқы кезеңіндегі сыртқы саяси қызметінің басты қорытындылары қандай?

Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі болды. Бұл фактінің маңызы баға жеткісіз: біз халықаралық құқықтың негіз қалаушы принциптеріне ықыласты екенімізді қуаттап қана қойған жоқпыз, ғаламдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі жұмысты өзіне жүктеген осы аса ықпалды халықаралық ұйымның өзіндік бір қорғауына алындық.

Қазақстанның Хельсинки процесіне қосылуы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына қатысуы қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына кірігуге, жас мемлекеттің егемендігін едәуір нығайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның СШҚ-1 Шарты мен Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы әлемдік маңызы бар оқиға болды. Мұның өзі, сайып келгенде, бізге Қазақстанның қауіпсіздігінің кепілдіктерін едәуір күшейтуге мүмкіндік берді. 1994-1995 жылдардың ішінде барлық ядролық державалар — Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, ҚХР мен Франция Қазақстанға қауіпсіздіктің бірлескен және жан-жақты кепілдіктерін берді.

Көршілерімізбен өзара қарым-қатынастарымызды дамытуға айрықша мән бере отырып, Қазақстан ТМД және Орталық Азия одағын құру мен нығайтудың бастамашыларының бірі болды, біздің елдеріміздің интеграциялық әлеуетін, мемлекеттер арасындағы сенім мен достық ахуалының нығаюы үшін дәйекті іс-қимыл жасады.

Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей арасындағы интеграцияны тереңдету жөніндегі «4+N» шартын ерекше атап ету қажет. Ол Достастықтың дамуының жаңа кезеңге шыққанын бейнелейді, сол арқылы интеграциялық процестерді сан-салалы тереңдету мүмкіндігін паш етеді. Мұның Еуразиялық одақтың құрылуына серпін берері де күмәнсіз. Еуразия идеясының қарсыластары болып келгеніне және күні бүгінге дейін болып отырғанына қарамастан, әлемдік саяси және экономикалық процестер дамуының объективті бейімділіктеріне орай оның да іске асары сөзсіз.

Ресеймен арадағы қарым-қатынастарда біздің мемлекетіміз тарихи қалыптасқан сан алуан байланыстардың бәрін де мүмкіндігінше сақтап қала білді, сондай-ақ

Достық, ынтымақтастық және өзара көмек жөнінде тең құқылы шарт жасасып, онда егемендік пен тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты, қазіргі шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу принципі заң жүзінде дәйектелді.

ҚХР-мен арада 1994 жылы қол қойылған Қазақстан-Қытай шекараларының өту тұстары туралы мәселелерді реттеу жөніндегі келісімнің Қазақстан үшін маңызы өлшеусіз. 5 мемлекеттің арасында (Қазақстан, Қытай, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан) биылғы жылғы сәуір айында Шанхайда қол қойылған Шекара ауданындағы әскери саладағы сенім шаралары туралы бұрын — соңды жасалып көрмеген шарт орасан зор географиялық кеңістікте тұрақтылықты нығайту үшін берік алғышарттар жасайды әрі Қазақстанның қауіпсіздігі мүдделеріне қызмет етеді.

Біз Экономикалық ынтымақтастық ұйымының жұмысына қатысуымызға, бізбен достас түркі тілдес елдермен әріптестігімізді дамытуға үлкен мән береміз.

1995 жылдың желтоқсанында Қазақстан Ислам конференциясы ұйымының толық құқылы мүшесі болды, мұның өзі, сөз жоқ, экономикалық дамудың отарлаудан кейінгі аса құнды тәжірибесіне ие болған және ірі инвестициялық мүмкіндіктері бар мұсылман әлемімен біздің өзара қарым-қатынастарымызды нығайта түседі.

Күллі Азия құрлығында тұрақтылықты нығайтуға ұмтыла отырып, Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары туралы кеңес шақырудың бастамашысы болды, бұл кеңес әлемнің орасан зор аймағындағы алдын ала сақтық жасау дипломатиясының әмбебап институты болуды өз алдына мақсат етіп қояды.

АҚШ-пен, Еуропа мен Азияның жетекші елдерімен қарым-қатынасымыз ойдағыдай дамып келеді.

Осылайша, тарихи өлшемдер бойынша қысқа кезеңнің ішінде күш-жігеріміздің арқасында сыртқы саясаттағы орасан зор тарихи маңызы бар міндет орындалды — біздің шекарамыздың өн бойында берік халықаралық-құқықтық негізге сүйенетін қауіпсіздік, тату көршілік және достық белдеуі жасалды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасын әлемнің 117 мемлекеті таныды, олардың 105-імен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Шетелде Қазақстанның 26 елшілігі ашылды. Алматыда шет елдердің 40 елшілігі мен миссиясы, халықаралық және ұлттық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді. Мемлекетаралық және үкіметаралық 800-ден астам Шарттар мен Келісімдер жасалды.

Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болды деп тұжырым жасауға болады.

Мемлекеттікті нығайту — тұрақтылық пен прогрестің басты факторы

Бұл кезеңде еліміз үшін мемлекеттік құрылыс мәселелерінің бірінші дәрежелі маңызы болды.

КСРО ыдырағаннан кейін біз мемлекеттілігімізді құруды ескі Конституция мен одақтық заңдардың негізінде бастауға мәжбүр болдық, олар болса, бұрынғы жүйенің принциптерін бейнелей отырып, жаңа болмыс шындығына мүлде үйлеспейтін әрі мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізі бола алмайтын еді.

Осыған орай, онша жетік болмағанмен, дербес заң актілерінің алғашқы буынын қалыптастыру және егемен Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдау жолында ерекше күш-жігер жұмсалды.

Алайда уақыт өте келе, сол кезде іргесі қаланған билік жүйесінің үздіксіз туындап отырған проблемаларға, әсіресе экономика проблемаларына әлінің келмейтіні айқын біліне бастады. Экономикалық өміріміздің процестеріне жіті үн қатып,

басқаруға қабілетті атқарушы өкіметті едәуір күшейте түсудің объективті қажеттігі пайда болды.

Мұның үстіне мемлекеттік құрылыстың үлгісіне әуел бастан-ақ басқарудың жаңа президенттік нысаны мен бойындағы бұрынғы кінәраттардың баршасын жаңа мемлекетке мұра етіп қалдырған ескі кеңестер жүйесінің арасында терең және еңсерілмейтін қарама-қайшылық орын алғаны түсінікті бола бастады.

Бұл тек Қазақстанның ғана проблемасы емес еді. Онымен белгілі бір дәрежеде, белгілі бір кезеңде әрқайсысы өзінше шеше отырып, ТМД-ның барлық мемлекеттері ұшырасты.

Оны біз де шештік, алайда бейбіт жолмен — жаңа Конституция қабылдау және Президенттің өкілеттігі мерзімін ұзарту жөніндегі бүкілхалықтық референдумдер өткізу жолымен шештік.

Сөйтіп, елде күшті мемлекеттік өкіметтің тұрлаулы әрі сабақтас институты құрылды, мұның өзі күллі ішкі саяси процестерді тұрақтандыруға және күш-жігерді неғұрлым күрделі учаскелерге — экономикалық реформа мен оны заң жағынан қамтамасыз етуге шоғырландыруға мүмкіндік берді. Соңғы бір жарым жыл таңдап алған бағытымыздың тиімді екенін айқын қуаттап берді. Азаматтық кодекс, жаңа Салық кодексі, жер, мұнай, ипотека, мемлекеттік қызмет туралы заңдар және тағы басқалары — реформаларды сеніммен ілгері бастыруға мүмкіндік беретін іргелі экономикалық заңдардың толық емес тізбесі, міне, осындай.

Бір жылдың ішінде елімізде жаңа Ата заңның арқасында жаңа мемлекеттіліктің іргелі негіздері қаланды, қоғамдық дамуды реттеп және бағыттап отыруға қабілетті біртұтас мемлекеттік өкімет қалыптасты деп тұжырым жасауға болады.

Қоғамның рухани өміріне, оның әлеуметтік көңіл-күйіне, ұлттық сананың түлеуіне байланысты салаларда да біршама күрделі процестер жүріп жатты.

Біздің бәріміз бейбіт өмірдің, тұрлаулылық пен тұрақтылықтың қаншалықты нәзік екенін айқын сезіне отырып, адамдардың жан-жүрегінің этностық астамшылық, жүгенсіздік, төзімсіздік пен ымырасыздық уытына шалдығуына жол бермедік.

Идеологиялық монополия мен өзгеше ой толғауды тұмшалау тетіктерін серпіп тастау, қоғамдық санаға плюрализм, сөз бостандығы принциптерін сіңіру халықтың саяси және рухани қуатының орасан зор күшпен бұлқынып шығуына жағдай жасады.

Өкінішке қарай, бұл процесс алғашқы кезде әрдайым сындарлы арнаға бағытталып отырмады: оны өркениетті жолға салуға қабілетті мемлекеттік және қоғамдық тиісті тетіктер болмаған еді.

Кей-кейде саяси өмір мен ұлтаралық қатынастар салаларында да проблемалар туындап отырды. Бірақ көп ретте қазақстандықтардың байыптылығы мен байсалдылығының, мемлекет тарапынан көрсетілген саяси ерік-жігердің, барлық қоғамдық-саяси күштермен арада білгірлікпен жолға қойылған пікірлесудің нәтижесінде елімізде егесуге жол бермей, тепе-тендік пен тұрақтылықты сақтап қала білдік.

Бұл сабақтарды жақсылап бойға сіңіру керек әрі кез келген ілгері дамудың басты шарты мен бастау алар нүктесі саяси және ұлтаралық тұрақтылық екенін есте ұстау керек. Бұл — іргелі негіздер, оны шайқалту әрекеттерінің алдын алып отыру керек және мұндайға қатаң ескерту жасалуға әрі тыйым салынуға тиіс.

Бүгінгі таңда адамды оның дамуы үшін материалдық қана емес, рухани көтермелеу қай кездегіден де маңызды. Адам өз алдына биік адамгершілік мұраттар қойған кезде жаңа жағдайларға жақсырақ бейімделеді. Біз мәдениетті

дамыту, қоғамның рухани ұстындарын нығайту жөніндегі негізгі қамқорлықты мемлекет өз мойнына алуға тиіс деген қағидаға сүйенеміз. Адамгершілік арқауы ескі идеологиялық жүйенің күйреуіне, қоғамдық формацияның ауысуының салдарынан құндылықтарды қайта парықтауға байланысты босаңсыған тұста біздің мәдениет органдарының адамдардың бойына асқақ ой-ниет нәрін сіңіруге, жас ұрпақты халықтың, бүкіл әлемдік өркениеттің сан ғасырлық рухани және мәдени мұрасының қазыналарынан сусындата білуге қабілетті болуының маңызы ерекше зор.

Біз зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құрудамыз. Бұл принциптер біздің Конституциямызда баянды етілген.

Мемлекетті діннен бөле отырып, біз конфессиялар мен діни наным бостандығын шектегелі отырған жоқпыз. Діндердің көпшілігіне тән қуатты рухани негіз, ешқашан құнын жоймайтын ізгілік қазыналары, нақ сол сияқты конфессиялар арасындағы өзара құрметтеушілік қарым-қатынастар қолдау көрсетуге лайық.

Адамдардың имандылығына, жан саулығына және ақыл-есіне қатерлі діни тайталас оқиғалары, сектанттық уағыз, фанатизм мен төзімсіздік белгілерінің көрініс беруі, заң бұзушылық — осының бәрін де мемлекет үзілді-кесілді тыйып тастап отыратын болады.

Бізде саяси плюрализмге де тыйым салынбаған. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Республикадағы саяси алуан түрлілік ауқымының өзі де қазір мейлінше кең. Сөз және баспасөз бостандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген.

Алайда мұндай бостандық — аумақтық тұтастықты, мемлекеттілік негіздерінің іргесін бұзуға, халық топтары арасында алауыздықты тұтандыруға бағытталуы мүмкін деген сез емес. Бұл — сондай-ақ баспасөз бостандығын қандай да бір адамға жала жабу, моральдық жағынан қысым жасау мақсатында ешбір жауапсыздықпен пайдалануға болады деген де сөз емес. Мұның бәрі де — мемлекеттіліктің конституциялық негіздеріне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, заң жолымен құдаланатын құбылыстар.

Тағы бір маңызды тақырыпқа тоқталайын. Азаматтардың бәрін бірдей өз мемлекетін сыйлауға мәжбүр ету мүмкін емес, алайда көптеген елдерде мұның өзі моральдық, ал кейде заңдық та норма болып табылады.

Ал бізде көптеген адамдар әлі күнге дейін мемлекетті бұрынғы, тоталитарлық мемлекет деп түсінеді. Көптеген адамдар бәз-баяғыша оны бірден-бір қамқоршысына балап, ескі әдеті бойынша өз проблемалары үшін бар кінәні мемлекетке аударады.

Патриотизмнің, мемлекеттіліктің негіздеріне, өз еліне деген құрметтің жоқтығы қоғамның ілгерілеу мүмкіндіктеріне соққы болып тиіп, сайып келгенде, таяқтың екінші ұшы айналып келіп адамның өзін ұратынын әрдайым есте ұстау керек

Бұл мәселелер тіпті де екінші кезекті мәселелер емес. Патриотизмге, азаматтыққа тәрбиелемей, әсіресе жаңа ұрпаққа осындай тәрбие бермей, қоғамның бұдан әрі дамуының маңызды факторларының бірі — оны топтастыруға қол жеткізу мүмкін емес. Азаматтық келісім негізінде әрдайым мемлекет пен халықтың, мемлекет пен жеке сектордың бірлігі тұрып келді. Нақ осының арқасында көптеген елдер дағдарыс пен жоқшылықты еңсере білді.

Әлбетте, сенім екіжақты болуға тиіс. Соның ішінде мемлекет тарапынан сенім көрсетілуге тиіс. Біз осыған қол жеткіздік деп айтуға, өкінішімізге қарай, әзірге болмайды. Осыған бөгет болып отырған басты нәрсе — азаматтардың алдындағы әрі, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзіміздің тікелей міндеттемелерімізді орындамауымыз немесе уақтылы орындамауымыз.

Бірақ осындай жағдайдың өзінде бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан жалақы мен зейнетақыны уақтылы төлемеу практикасы — мүлде төзгісіз нәрсе. Адамдардың басым көпшілігі үшін бұл — бүгінгі күннің басты проблемасы. Әлбетте, оны шешу Үкіметтің негізгі басым міндеті болуға тиіс. Мұның өзі — бүгінгі таңда мемлекет саясатының іргелі мәселесі.

Экономикалық реформалардың барысы

Экономика бүкіл қоғамның назарында тұр, жалпы алғанда, мұның өзі түсінікті де. Адамдардың өмірі, әлеуметтік сала, мемлекеттің өзінің қуаты — осының барша-сы экономиканың жай-күйіне, оның реформалану дәрежесіне байланысты.

Сыртқы және ішкі саяси қызметтің нәтижелерімен салыстырғанда, жұмыстың осы учаскесіндегі істің жайы әзірге неғұрлым осал күйінде қалып отыр. Бірқатар тұтас бағыттар бойынша қол жеткен сындарлы экономикалық көрсеткіштерге қарамастан, азаматтардың көпшілігі әзірге өзгерістердің нәтижелерін нақтылы сезіне алған жоқ. Осының өзі реформаларға деген жақтырмаушылық сезімін туғызып, мемлекетке деген сенімге нұқсан келтіріп отыр.

Соған қарамастан істің шынайы жағдайын түсіну керек, бүгінгі ахуалдың қалай және неліктен осылайша қалыптасып отырғанын білу қажет. Көңіл-күйдің жетегінде кетпей, дәл әрі байсалды баға бере білуімізге көп нәрсе байланысты. Ең алдымен, өзіміздің бұдан былайғы экономикалық саясатымызды саралап жасау осыған бай-ланысты.

Осы жылдардың өн бойында экономикамыз 1970-ші жылдардың басынан бері қарай тиімсіздік қыспағында болып келген бұрынғы экономикалық жүйе туғызған дағдарыстан арыла алған жоқ.

Бұл жаппай дағдарыс еді, оның зардаптарын біз әлі ұзақ уақыт бойы — негізгі капитал ауыспайынша, адамдардың психологиясы өзгермейінше, сезіне беретін бо-ламыз.

Дағдарысты ахуалдың шиеленісуіне Қазақстан экономикасының шикізат бе-руге ғана мамандануы, оның басқа мемлекеттердің экономикасымен өзара аста-сып жатуы да салқынын тигізді. КСРО-ның ыдырауы, экономикалық оқшауланған аймақтардың құрылуы дәстүрлі тауар өткізу мен сатып алу нарықтарын қайта қарауға мәжбүр етті. Мұның өзі өндірістің құлдырау процесіне себепші болды.

Біртұтас рубль аймағы жағдайында қаражат — кредит саясатын үйлестіру әрекеттері сәтсіз аяқталды. Мемлекеттердің өз мүддесін көздеуі әрі ақша қаражатының тоқтаусыз эмиссиясы инфляцияны ырқына жіберді.

Өндірістің құлдырауы, қаржымен қолдап отырудың бұрынғы арналарының жоқтығы бюджеттің кіріс бөлігін күрт тарылтты. Соның салдарынан мемлекет өз шығыстарын күрт қысқартуды қолға алуға мәжбүр болды, мұның өзі инвестициялық және әлеуметтік салаға едәуір ықпал етті, ал осының бәрі айналып келгенде адамдардың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әрі едәуір төмендеуіне әкеліп тірегенін айту керек.

Реформалар бұрынғы экономиканың барлық кембағал тұстарын ашып берді және сауығу алдындағы сырқатты процестерді тездете түскен жеделдеткішке ай-налды.

Сол сияқты бойкүйездік пен байыпсыздық орын алды, экономикалық процестердің жалпы жай-күйі мен дағдарыстың тереңдеуіне салқыны тимей қоймайтын қателіктерге жол берілді. Сөйтіп, халықты ауыр тиетін күйзелістен сақтап қалуға деген игі тілек пен ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны «тежеу»

әрекеті селоны терең дағдарысқа ұшыратты. Осындай жағдай бағаның төмен болуынан; соның ішінде коммуналдық қызмет бағасының төмендігінен залал шеккен энергетика саласында да орын алды.

Соған қарамастан, ахуал біртіндеп түзеліп келеді. Әділін өздеріңіз айтыңыздар. 7 жылдан бері тұңғыш рет өндірістің құлдырауы тоқтатылды, тіпті оның біршама есуіне қол жетті.

Инфляция 1993 жылғы 2 200% деңгейінен 1995 жылы 60%-ға дейін (1995 жылдың желтоқсанын 1994 жылдың желтоқсанымен салғастырғанда) төмендетілді. Ал биылғы жылы оның деңгейі шамамен 30% болады. Инфляцияның төмендеуі және өндіріс құлдырауының тоқтатылуы басты дағдарыстық құбылыстардың еңсеріле бастағанын білдіреді.

Бүгінгі таңда біз молыққан тұтыну нарығына қол жеткізіп отырмыз, мұндай жағдай реформаларға дейін болған емес. Кезектер қаптап тұратын, сөрелер қаңырап бос жататын 1991 жылды еске алатындар бүгін некен-саяқ. Ал осының бәрін өз көзімізбен көрдік қой.

Реформаға дейінгі кезеңмен салыстырғанда мемлекеттің алтын-валюта резервтері өсті, өзіміздің орнықты ұлттық валютамыз, өтімді валюталық нарығымыз бар.

Тұңғыш рет біз оңды сауда балансына шықтық, тұрлаулы төмен бюджет тапшылығына қол жеткіздік.

Алғашқы әлеуметтік нәтижелеріміз де бар. 1995 жылдан бастап орташа жалақы мен зейнетақының нақты өсуі басталды. Елімізді тұтас алғанда, соңғы 1,5 жыл ішінде орташа жалақы 3,6 есе, халықтың коммерциялық банктердегі салымдары 3,1 есе өсті.

Қысқасы, экономикалық ахуалда бетбұрыс жасалғаны айқын және ол күллі халық шаруашылығы кешеніне сындарлы серпін беретін болады. Осы ағымның маңызын әсте төмендетуге болмайды.

Алайда бұл — біздің экономикадағы барлық проблемаларымыз артта қалды деген сөз емес. Өкінішке қарай, олай болмай отыр. Кәсіпорындарды реформалау көпе-көрінеу кейіндеп келеді. Салалық ведомстволар мен жергілікті үкімет орындары осы маңызды міндеттерді шешуге даяр болмай шықты.

Үкіметтің бұрынғы бағдарламасында 1994 жылдың өзінде-ақ алға қойылған мақсат — әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан мемлекетке беру жеткілікті қаражаттың болмауы себепті ұзаққа созылып кетті, ал мұның өзі кәсіпорындардың онсыз да күрделі қаржылық жағдайын мүлде қиындатып жіберді.

Төлемсіздік дағдарысы көптеген кәсіпорындарды ғана емес, тұтас салаларды жансыздандырып, созылмалы әрі жүйелі сипат алып барады.

Экономика секторында шығынмен істейтін кәсіпорындардың 40%-нен астамының болу фактісінің өзі мұның жеке құбылыс емес, қалыпты жағдайға айналғанын айғақтаса керек. Кәсіпорындар мен ұйымдарды, коммуналдық саланы қысқы жағдайда жұмыс істеуге қанағаттанғысыз әзірлеу айықпас кемшілігімізге айналды.

Бюджет саясатында да кемшін кеп. Бюджеттік болжамдардың сапасы ойлағандағыдан әлдеқайда нашар. Бюджет кірісінің деңгейі мүлде төмен, салық пен кеден алымдарын, бюджеттен тыс қорларға, ең алдымен Зейнетақы қорына қаражат жинау жөніндегі жұмыстың жолға қойылуы босаң. Қоғамның дертті проблемасына айналған жұмыссыздықтың өсуі де қатты алаңдатады.

Мұның өзі экономикадағы жағдайдың, соңғы жылдардағы айқын табыстарына қарамастан, әлі өте күрделі күйде екенін және жетерліктей деңгейде тұрақты бола

алмай тұрғанын, көптеген дағдарыстық құбылыстардың еңсерілмей отырғанын білдіреді.

Демек, талдап жасалған бағытымыздан таймай, экономикалық ахуалды сауықтыруға қуатты серпін беруіміз қажет.

II бөлім

Ішкі және сыртқы саясаттың бағыттары мен басымдықтары

Мемлекеттік-құқықтық құрылыс мәселелері

Мемлекеттің негіздерін қалыптастыру аяқталғаннан кейін бізге басқару тетіктерін жолға қою жөнінде тындырымды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл тетіктерді іске қосатын дәнекер тек заңдар ғана болуы керек. Олай болмаған жағдайда, демократиялық мемлекеттілік туралы сөз қозғаудың қисыны жоқ.

Қазір мемлекет жаңа Конституцияның негізінде өзінің әлеуметтік мақсат-мұратын тұтастай алғанда ойдағыдай орындап отырғанын айтуымыз керек: бір жағынан, Қазақстан қоғамында әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде, екінші жағынан, мемлекеттік-құқықтық реттеу тәсілдерімен бәсекелестік орныққан нарықтық ортаны қалыптастыру үшін, құқықтар мен бостандықтардың кең ауқымына кепілдік беру жолымен, жеке адамның өзін көрсетуге деген ынталылығын туғызатын қажетті жағдайлар жасап отыр.

Әлеуметтік қайшылықтарды еңсерудің, қоғамдық мәмілеге қол жеткізудің, мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімді іс-қимылының тетіктері конституциялық деңгейде түзіліп, қызмет істей бастады. Сонымен бірге бұл тетіктер өзінің заң жүзінде баянды етілуін қажет етеді.

Қазақстанның саяси-құқықтық және басқару жүйесінің әлемдік мемлекеттік-құқықтық реттеу әдістерімен үйлесімсіздігінің түпкілікті еңсеру керек, өйткені мемлекеттік-құқықтық құрылымдар мен тетіктердің қызмет істеуінің ортақ заңдылықтары бар.

Сонымен бірге тоталитарлық кезеңнен кейін құқықтық мемлекеттің нормаларына көшуді жүзеге асырып жатқан кез келген ел осы кезеңнің ортақ заңдылықтарына қарамастан, құқықтық дамудың Конституцияға негізделген және елдің ішкі ерекшеліктерін ескеретін өзіндік үлгісін жасайды.

Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құрылыстың перспективалары қазіргі кезеңде шешіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық міндеттермен тікелей байланысты. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығында Қазақстан экономиканы түбірінен жаңарту мен қайта құру кезеңіне қадам басады. Сондықтан мемлекеттік-құқықтық тұлғада атқарушы органдарды орталықта және жергілікті жерлерде реформалау, әкімшілік-аумақтық құрылыстың неғұрлым оңайлатылған және ұтымды, демек, тиімдірек басқарылатын жүйесін жасау мәселелері айрықша маңызды. Елде инвестициялық белсенділікті күшейтіп, материалдық өндіріс пен инфрақұрылым салаларын одан әрі дәйекті жаңарту үшін оған сәйкес келетін заңдық шарттар жасау керек болады.

Халықты әлеуметтік қорғау шараларына арналған заңдар жалпы Қазақстан заңдарының маңызды бір бөлігі болып табылады. Патерналистік көзқарастар өткенде қалғанына қарамастан, мемлекеттің әлеуметтік функциясы бұрынғысынша жетекші функция ретінде қала береді. Мұны былай қойғанда, мемлекеттік саясаттың әлеуметтік жақтары, соның ішінде оның заңдық жақтары неғұрлым жүйелі сипатқа ие болуға тиіс. Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп тегіннен-тегін жарияланып отырған жоқ.

Заң шығару жүйесінде заңдарды көбейте бермей, олардағы қайшылықтарды жою проблемасы көкейкесті күйінде қалып отыр, заңдар үйлесімді әрі Конституцияға сай болуға тиіс. Бұл проблеманы шешу құқықтың барлық салаларын қамтитын барлық заң жүйесін жетілдіре отырып, кешенді әрі жүйелі тұрғыдан келуді керек етеді. Әңгіме елдің заң шығарушы органының күш-жігерін кодекстер түріндегі кешенді, сараланған актілер қабылдауға шоғырландыру туралы болып отыр.

Заңдардың болуы ғана маңызды емес. Құқық қолдану практикасында олардың қалай іске асырылып жүргені одан бір де кем емес, бәлкім, бұдан да маңыздырақ болуы мүмкін. Сондықтан құқықты іске асыру нысандарын жетілдіру қажет.

Түптеп келгенде, заңдарды іске асырудың ұйымдық-құқықтық тетігін жасау қажет. Ал әзірге заңдардың орындалуы мемлекеттік-құқықтық тетіктегі неғұрлым осал буын болып қалып отыр. Соның салдарынан құқық қолдану қызметі процесінде заңдылық пен оңтайлылықтың көңілге қона бермейтін арақатынасы қалыптасуда. Мұның әсіресе атқарушы органдарға қатысы бар, өйткені олар басқару практикасының ерекшеліктеріне байланысты заңдылық пен оңтайлылықтың арасын үйлестіре алмай әуреленетін болады.

Осыған байланысты әрбір заң актісін іске асырудың нормативті белгіленген тетігі болуы керек. Сондай-ақ заңға тәуелді актілер заңдардың мәні мен мазмұнын жоққа шығармауы үшін қажетті жағдайлар жасау керек.

Заңдар бір орнында тұрып қалуға тиіс емес, ол қоғамның даму ырғағына сәйкес келуі, тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық ахуалға ілесіп отыруы керек. Бұл міндетті жаңа заң актілерін қабылдау арқылы да, сол сияқты қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы да шешу қажет. Осыған байланысты Заң шығарушы, атап айтқанда, қолданылып жүрген барлық заңдарды 2 жылдың ішінде (яғни 1997 жылдың тамызына дейін) Конституцияға сәйкес келтіру жөніндегі конституциялық талапты орындауға тиіс.

Қазіргі уақытта сапалық жағынан жаңа заңдар жасалу үстінде, олардың мазмұны азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктерді күшейте түсуге, құқық бұзушылыққа жол бермеуді ынталандыруға, қылмыс үшін міндетті түрде жаза тартқызу принципінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғамдық қатынастарды реттеудің неғұрлым тиімді тетіктерін қарастыру керек. Бұл орайда заңдардың әуел бастан-ақ қылмысқа қарсы сипатта болуы шарт. Яғни, құқық бұзушылықтың жасалуын тиімсіз ететін құқықтық және экономикалық ахуал жасалуға тиіс.

Қабылдау жоспарланып отырған заңдар ұтымды, инфляцияға қарсы сипатта болуы қажет. Біз таза шығындық сипатта болған, ойластырылмаған заң шешімдерінің кесірінен мемлекеттің өзі инфляцияның өсуін ынталандырған өткен жылдардың қателіктерін қайталай алмаймыз.

Құқықтық қызмет тек құқық шығару және құқық қолданумен шектеліп қалмайтынын ұмытуға болмайды. Оның үлкен саяси мәні бар. Азаматтардың құқықтық хабардарлығы, сауаттылығы деңгейін арттыру, олардың құқықтық мәдениетін өсіру мақсатында кешенді шаралар белгілеу қажет. Жалпыға мәлім, қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейі жоғары болған сайын, халық заңдарды жақсырақ білген сайын, заңдарды орындау сатысында проблемалар да азырақ болады.

Сыртқы саясат бағыттары

Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың жалпы жұрт танығаң тең құқықты мүшесі ретінде орныққан бүгінгі таңда елдің сыртқы қатынастарының құрылымдарын

шетелдік әріптестермен арадағы ынтымақтастықтың жаңа мазмұнымен толықтыру кезеңі туып отыр. Әңгіме, ең алдымен, қолдағы бар уағдаластықтарды толығымен іске асыру жайында болып отыр. Мұның өзі қызметтің осы саласына қатыстылардың баршасынан табандылық пен орнықты іс-қимыл жасауды, тиянақты жұмыс істеуді талап етеді.

Қазақстанның сыртқы саясаты жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың негізінде елдің ырғақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Халықаралық аренадағы осы заманғы тенденциялар республика үшін қолайлы бағытта дамып келеді және істің, шын мәнінде, біздің Орталық Азия аймағындағы өзара қарым-қатынасымызды нығайтуға, Қазақстан үшін практикалық ынта-ықылас туғызатын мемлекеттермен, олардың географиялық жағдайына қарамастан, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндігіміз бар.

Егемендік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығы, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау принциптері негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты арттыру сыртқы саясаттың басым стратегиялық міндеттерінің бірі болып қала береді.

Бір жағынан, қолайлы сыртқы орта жасау, ұтымды өзара тиімді экономикалық байланыстарды одан әрі дамыту қажеттігі және екінші жағынан, бүкіл дүние жүзінде интеграциялық процестердің күшеюі біздің республикамыз бен Достастықтың басқа да елдері өздерінің тарихи ерекшеліктеріне қарай көпжақты ынтымақтастықты ұлғайтуға тікелей мүдделі болып отырғанын көрсетеді.

Достастық елдерінің өзара іс-қимылы шеңберінде қазірдің өзінде ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы бекітілді. ТМД-ның 1996–1997 жылдардағы интеграциялық дамуының перспективалық жоспары мақұлданды. Кеден, Төлем және Валюта одақтарын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғасып келеді, қылмысқа қарсы күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасы қабылданды.

Егер сыртқы саясаттың міндеттері туралы айтатын болсақ, ең алдымен, біздің республиканың Ресей Федерациясымен өзара қарым-қатынастарын бөліп атау керек.

Еуразиялық кеңістіктің едәуір бөлігіндегі саяси және экономикалық тұрақтылықтың объективті алғышарты және аса қуатты факторларының бірі бола отырып, Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары ғаламдық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып отырғаны сөзсіз.

Ресейде өткен сайлау, тұтас алғанда, үміт күттірерлік нәтижелер әкелді: Ресей қоғамының демократия мен түбегейлі реформалар бағытын сақтап қалуға деген бағдары қуатталды. Сондықтан Қазақстан үшін келелі маңызы бар тең құқықтық принциптерінің сақталуы сияқты элементтерді қоса алғанда, достық пен ынтымақтастықтың ұзақ мерзімдік қарым-қатынастарын қамтамасыз ету бұрынғысынша Ресей Федерациясымен өзара ынтымақтастықтың басты мақсаты болып қала береді.

Орталық Азия мемлекеттерімен: ең алдымен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен — ынтымақтастықты қарқынды дамыту мен одан әрі кеңейтудің біз үшін аймақтық деңгейде стратегиялық маңызы бар. Әңгіме олардың экономикасындағы өзара іс-қимыл, отын-энергетика және су ресурстарын пайдалану саласында, құрлықтық сипаттағы газ құбырлары, көлік магистральдары мен коммуникациялар құрылыстарын салу мен пайдалануда келісілген саясат жүргізу туралы болып отыр.

Қазақстан екіжақты қарым-қатынастарда ұдайы жаңа түйісу нүктелерін іздестіруге, біздің елдеріміздің арасындағы тұрақты қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға тиіс.

Қазіргі кезде біздің елдеріміздің Орталық Азия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау жөніндегі күш-жігерінің ерекше маңызы бар. Ауғанстандағы соңғы оқиғалардың осы елдегі ғана емес, сонымен қатар тұтас аймақтағы жағдайды тұрақсыздандыруы, ТМД-ның оңтүстік шептерінің қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін екеніне байланысты мұның маңызы арта түседі. Ауғанстандағы ахуалдың шиеленісуі дереу Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан мен Тәжікстан мемлекеттері басшыларының кездесуін еткізу қажеттігін туғызды, бұл кездесу күні кеше Алматыда өткізілді. Салиқалы пікір алмасу арқылы біз Ауғанстанды біртұтас достас ел ретінде сақтап қалудың маңызы, ішкі ауған проблемаларын тек саяси құралдармен шешу керектігі жөніндегі тұжырымға келдік. Біздің аймақтық саясатымыз тек осы айқындамаға сүйенетін және сүйене беретін болады.

Алыс шетелдердің ішінде АҚШ біздің аса маңызды әріптестеріміздің бірі болып қала береді. Бастапқыда біздің мемлекеттеріміздің арасындағы байланыстар ядролық фактордың ықпалымен қалыптасты. Алайда қазір қарым-қатынастардың жаңа негізін қалыптастыруды талап ететін кезең туа бастады. Іс жүзінде Қазақстан, көп жағынан алғанда, бүгін Құрама Штаттармен әріптестік деңгейіне шықты. Қазірдің өзінде сауда-экономикалық қарым-қатынас аясында бірсыпыра шарттар мен келісімдерге, атап айтқанда, Сауда келісіміне қол қойылды. Соған сәйкес біздің республикамыз АҚШ-пен саудада барынша қолайлылық берілген ел мәртебесіне ие болып отыр. Бұдан басқа, біз Преференциялар бас жүйесінің желісі бойынша жеңілдіктерді пайдаланамыз. Екіжақты қарым-қатынастарды дамыту серпінін сақтай отырып, оларды нақты мазмұнмен толықтыру қажет.

Қазақстанның сыртқы саясатының теңдестірілген сипатын еске алсақ, оның еуропалық бағытының елеулі маңызы бар.

Ұзақ мерзімді перспективада біз үшін Еуропалық одақ стратегиялық тұрғыдан ықылас туғызып отыр, соңғы уақытта онымен арадағы қарым қатынас тиісті серпін мен практикалық бағыт ала бастады.

Биылғы жылы Қазақстан — ЕО бірлескен комитетінің құрылуы үміт күттіреді, өйткені ол біздің сыртқы саясатымыздың осы бағыттағы пәрменді құралына айналуы мүмкін. Сонымен бірге ЕО елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты елеулі түрде арттыруға көбірек ден қоя бастау керек. Әлемдегі айтулылар санатына заңды түрде енетін Германияның экономикалық әлеуеті, Қазақстанда едәуір неміс диаспорасының болуы, республиканың герман капиталының келіп түсуіне мүдделілігі — осының бәрі бізді екіжақты экономикалық байланыстарды ұлғайтуға ықыласты етеді.

Франциямен және Ұлыбританиямен қарым-қатынастардың дамуы жүйелі арнамен жүріп жатыр, бұлар Қазақстанның халықаралық аренадағы, оның ішінде Еуропа мемлекеттері арасындағы жағдайының нығаюына және біздің экономикамыздың өрлеуіне жәрдемін тигізетіні даусыз.

Шығыс Еуропа елдерімен қарым-қатынастарды дамытуда да саяси және экономикалық ынтымақтастықтың үлкен әлеуеті бар.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары сапалық жаңа деңгейге шықты, бұларды дамытуға екі мемлекет басшыларының кездесулері, бірсыпыра екіжақты келісімдерге қол қойылуы үлкен үлес болып қосылды. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің таяуда Алматыға жасалған бірінші ресми сапары өзара тығыз іс-қимыл

мен әріптестік деңгейіне жеткізілген бұдан былайғы ынтымақтастық сипатына ұзақ мерзімді ықпалын тигізеді. ҚХР-мен арадағы достық қарым-қатынастарды тереңдету біздің республикамыздың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді.

Сол сияқты Жапониямен және Корей Республикасымен екіжақты байланыстар да қарқынды дамып келеді. Бүгінгі таңда Жапония еліміздің ең ірі қаржы донорларының бірі болып табылады. Қазақстан экономикасын жаңартуды жүргізу аясында осы елдерден инвестициялар мен үздік технологиялар алу проблемасы ерекше өзекті болып отыр.

АСЕАН-ға мүше елдермен, ең алдымен Индонезиямен, Малайзиямен және Сингапурмен қарым-қатынастарда оңды ілгерілеушілік байқала бастады. Бұл мемлекеттердің шапшаң өркендеуі мен олардың біршама қысқа мерзімнің ішінде қол жеткен таңданарлық табыстары бүгінгі күннің өзінде-ақ біздің олармен арадағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту үшін мықты негіз қалауымызға себепші болып отыр.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен: ең алдымен, Түркиямен, Иранмен және Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты ұлғайту Қазақстан дипломатиясының маңызды міндеті болып табылады.

Біздің стратегиялық мақсатымыздың бірі араб дүниесімен арадағы қарым-қатынасты ынтымақтастықтың бай әлеуетіне сай келетін деңгейге жеткізу болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымына енуіне байланысты мүмкіндіктерді барынша толық пайдаланған жөн.

Осы айтылғандардан жасалатын қорытынды: біздің сыртқы саясатымыз ұдайы көп бағытты сипат алуға, жекелеген басымдықтарды шиырлап, тұйықталып қалмауға, икемді, байсалды әрі баянды болуға тиіс.

III бөлім
Экономикалық даму міндеттері
Реформалардың кезеңдері мен дәйектілігі

Экономикалық саясаттың келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған негізгі бағыттарын айқындай келіп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың кезеңдері мен дәйектілігін анықтап алудың маңызы зор. Тек осындай жағдайда ғана біз өзіміздің дамудың қандай сатысында тұрғанымызды айқындап аламыз, ал, ең бастысы, өз күш-жігерімізді негізгі міндеттерді шешуге шоғырландыратын, алға қойылған мақсаттарға жету жөніндегі іс-қимылдардың дәйектілігін қамтамасыз ететін боламыз.

Реформаларды жүзеге асырудың экономиканы ырықтандыру кезеңі деп атауға болатын бірінші сатысы 1993 жылдың аяғынан бастап 1994 жылдың ортасына дейін созылды, бұл тұста елде өз ұлттық валютамыз енгізілді және қаржы-кредит саясатының жаңа тұтқаларын игеру басталды. Осы уақытқа дейін біздің республикамыз өздігінен институциялық реформалар жүргізуге ғана мүмкіндік алып, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізе алмаған еді.

Бірақ ол кезде біз инфляцияның аса жоғары деңгейін, өндірістің құлдырауы мен тұрмыс деңгейінің төмендеуінің анағұрлым ауыр қарқынын бастан кештік. Инфляцияның өршуі шағын деңгейде мүлде жол беруге болмайтын бұрмаланған мінез-құлық үлгісін туғызып, менеджерлерді қаржы жауапкершілігі мен тәртіп, шығыстар мен өзіндік құнды кеміту туралы қамқорлық жасауға ықыласты ете қойған жоқ. Арзан кредиттер берудің келеңсіз практикасы бел алды, сондықтан инвестициялық процестер туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз еді. Біз бұл кезде

қалай да бір әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізу туралы қиялдай да алмағанымыз түсінікті. Мәселенің түйіні ахуалды уыстан шығарып алмай, оны басқарылатын арнаға қалай бұруға келіп сайды.

Экономикалық дербестік алуымыз мәселені қабырғасынан қойды: неден бастауымыз керек, қай бағытпен жүруіміз керек?

Экономикалық жаңғырулар мен дамудың түпкі мақсаты айқын еді, ол — адамдардың тұрмыстық деңгейін арттыру болатын. Алайда ондай жағдайларда бұған қол жеткізу мүмкін емес еді. Еліміз реформаның бірқатар объективті кезеңдерін жүріп етуге, шын мәнінде жүріп етуге тиіс болатын, себебі бұған дейін де одан ешкім де аттап өте алған жоқ еді.

Бірінші кезекте қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу, яғни инфляцияны ауыздықтау, экономиканың барлық «қабаттарында», оның ішінде шағын деңгейде де қаржы тәртібі мен жауапкершілікті жолға қою талап етілді. Соның өзінде инфляцияны инвестициялау мен өндіріске кредит беруге, экономиканың әлжуаз секторларын бөліп шығаруға және оларды сегменттеуге кедергі келтірмейтін көлемге дейін төмендету қажет болды.

Біздің әлеуеті жағынан өмір сүруге қабілетті, алайда тұралап қалған кәсіпорындарды сауықтыру тетіктері арқылы қалыпты экономикаға қайтаруымыз керек болды. Ал нарықтың қатаң жағдайында өмір сүруге дәрменсіздері таратылуға және банкрот деп жариялануға тиіс еді.

Түбегейлі реформа мен кәсіпорындарды сауықтыру, олардың қарқынды жекешелендірілуі мен жеке сектордың нығаюы, әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардың иелігінен бюджетке беру, қаржы секторын реформалау және төлемсіздік проблемаларын шешу осы кезеңнің елеулі элементтері болуға тиіс.

Мұндай бағытты ойдағыдай іске асыра білу тұрақты табысы бар қызметкерлердің тұрмыс деңгейін белгілі бір шамада тұрақтандыру, сондай-ақ өндірістің құлдырауын тоқтату түрінде қосалқы тиімділік те береді. Алайда оған, сонымен бірге, жұмыссыздықтың шапшаң өсуі, бюджеттік шығыстар мен әлеуметтік бағдарламалардың қысқаруы да тән.

Осы жұмыс аяқталғаннан кейін инфляцияның жылдық деңгейі жоқ дегенде 15-20% деңгейіне дейін төмендеген соң, үшінші, инвестициялық кезең басталады, онда жағдайы түзелген кәсіпорындар мен банктер инвестициялар мен кредиттеуге дайын әрі оңтайлы бола түседі, ал инвесторлар кең ауқымды тұрақтылықтың орныққанын көре тұрып, тәуекелге баруға болатынын сезіне отырып, инвестициялар жасауға, оларды бірінші кезекте неғұрлым тартымды салаларға бөлуге ынғай береді.

Осы кезеңнің қарсаңында инвестициялар және ең алдымен, шетел инвестициялары үшін жақсы жағдайлар туғызу, сондай-ақ іскерлік белсенділікті жандандыру маңызды.

Қазақстан үшін іскерлік белсенділікті жандандырудың оңтайлы сәттері жеке және отбасылық кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуда, тұрғын үй құрылысын өрістетуде болса керек.

Егер экономика жеткілікті дәрежеде сауыққан болса, макроэкономикалық ахуал барынша тұрақтанып әрі келешегіне болжам жасайтындай күйге жетсе, ал инвестициялар жеткілікті дәрежеде интенсивті сипат алса, онда объективті экономикалық заңдар мен инвестициялық өлшемдерге сайсақ, экономикалық өркендеу кезеңі басталады.

Бұл кезеңде дамудың алдын ала әзірленген жоспарларына сәйкес экономиканы нысаналы жаңартуға кірісудің маңызы айрықша зор. Мұның өзі инвестициялардың

теңдестірілген есіміне қол жеткізу және олардан барынша тиімділік алу мақсаты үшін қажет. Сайып келгенде, экономика сауығып, жақсы экономикалық өсімге жетсек, мұның өзі бірден әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізеді: халықтың тұрмыс деңгейі артады, жұмыссыздық кемиді.

Қазақстан экономикасының бүгінгі таңдағы жай-күйіне талдау жасау біздің екінші кезеңді — қаржы тұрақтылығы кезеңін аяқтауға тақадық деп айтуымызға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтқанымдай, инфляцияның бетін күрт қайтара білдік.

Теңгенің тұрақтылығы нығайып келеді. Егер 1995 жылдың алғашқы жартысында теңгенің долларға бағамы 28,8% төмендеген болса, биылғы жылдың алғашқы жартысында 4,5% қана төмендеді. Бұл ыңғай жылдың аяғына дейін сақталатын болады.

Инфляция деңгейінің төмендеуіне сәйкес Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы да кеміп келеді: 1995 жылғы маусымда ол жылдық 75% болса, 1995 жылғы желтоқсанда 52,5%, қазір 30% болып отыр.

Өндірістің құлдырауы тежелді: ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) биылғы алғашқы жарты жылда 1995 жылдың алғашқы жарты жылындағы деңгейіне 100,1%, соның ішінде өнеркәсіп өнімі 100,2% болды. Салыстыру үшін 1995 жылғы алғашқы жарты жылда ІЖӨ 1994 жылғы алғашқы жарты жылдыққа — 86,2%, өнеркәсіп өнімі — 91,4% болғанын атап айтқан жөн. Жыл қорытындысы бойынша ІЖӨ, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімінің өсуі тиісінше 0,5%, 0,5% және 7% болады деп күтіліп отыр.

Қысқасы, соңғы 7 жылдың ішінде біз тұңғыш рет өндірістің құлдырауын тоқтатып, аздаған экономикалық өсуге қол жеткіздік.

Сол сияқты тұңғыш рет біз бөлшек-сауда тауар айналымын ұлғайтуға да қол жеткіздік, оның өсу қарқыны жыл қорытындысы бойынша 109% (1995 жылы — 84,9%) болады.

Экспорт өнімінің ұлғайғанына екінші жылға айналды: 1995 жылы оның өсімі 154,5% болды, биылғы жылы да едәуір ұлғаяды деп күтілуде.

Қолайсыз экономикалық ахуалға қарамастан, халықты, ең алдымен, оның табысы аз жіктері мен белгілі мөлшердегі табысы бар адамдарды әлеуметтік қорғау мен қолдау үшін көп күш-жігер жұмсалды.

Инфляция деңгейін күрт төмендетуге бағытталған таза экономикалық шаралардың нәтижесінде бірінші кезекте бюджеттегілер мен табысы аз адамдардың кірістерін жедел құнсыздануда сақтап қалуға мүмкіндік туды.

1994 жылғы қаңтарда Президенттің «Зейнеткерлер мен мүгедектер арасындағы жалғызілікті жұмыс істемейтін азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығы жарияланып, онда тағам өнімдері түрінде тегін жәрдемақы беру көзделді.

1994 жылғы шілдеде келесі Жарлықпен зейнеткерлерді және табысы аз азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорлары құрылды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында соғысқа қатысушылар мен мүгедектер және оларға теңестірілген адамдар үшін бірқатар жеңілдіктер белгіленді. Азаматтардың бұл санаттарының жинақ банкілеріндегі салымдары индекстелді, мұның өзі олардың инфляциялық шығындарын өтеді. Қиындықтарға қарамастан, мемлекет өткен жылдардың зейнетақылар мен бюджет ұйымдарындағы жалақы жөніндегі берешекті өтеді. Осы мақсатқа 6 млрд.-тан аса теңге жұмсалды. Қазір осы мақсатқа қаражат бөлуді ұлғайту үшін мүмкіндіктер іздестіріліп жатыр.

Өткен жылдан бері бюджет ұйымдарында жалақыны, сондай-ақ зейнетақыларды көбейту жөнінде шаралар қолданылды.

Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі күш-жігердің нәтижесінде 1995 жылдан бастап қолға алынған, жоғарыда атап көрсетілгеніндей, нақтылы шешілетін жалақы мен зейнетақылар есе бастады.

Сөйтіп, реформалардың жоғарыда айтылған екінші кезеңі іс жүзінде аяқталды деп санауға барлық негізіміз бар.

Алайда біз басқа да бірсыпыра міндеттерді қажетті көлемде шеше алмадық, бұларды ендігі жерде қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асыру керек, олар:

- кәсіпорындар мен экономиканың аса маңызды секторларының реформасын негізінен аяқтау, жекешелендіруді ақырына дейін жеткізу;

- қаржы (банк) секторына реформа жүргізу;

- бюджет кірістеріне байланысты ахуалды оңдау және оның шығыс бөлігін ұтымды ету;

- төлемсіздік проблемаларын шешу және әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан бюджетке беру.

Қаржылық тұрақтандырудың қатаң қыспағында қалған экономикамыздың тұралау процесіне қарай ойыса бастауы да алаңдаушылық туғызбай қоймайды. Іскерлік белсенділікті жандандыру және өндірісті одан әрі өсіру жөнінде батыл шаралар қолданбайынша, реформалар мен қаржылық тұрақтандыруды бұдан былайғы аяқтау экономиканы ұзақ мерзімдік тоқырауға ұрындыруы мүмкін.

Ендігі жерде не істеу керек? — деген сауал туады. Шынтуайтқа келгенде, істелмей қалған «ұсақ-түйек шаруаларды» тындыруға жұмылып, тағы да бірер жыл кәсіпорындарды және қаржы секторын реформалаумен, одан әрі жекешелендірумен, төлемсіздіктерді жоюмен, құнды қағаздардың қайталама нарығын жандандырумен мықтап шұғылдануға болар еді. Назардан тыс қалған мәселелерді сапалы және жан-жақты шешу үшін мұндай жолдың, бәлкім, тиімді болуы да мүмкін.

Алайда өкінішімізге қарай, ішкі және сыртқы проблемалар біздің мұндай жолға түсуімізге мүмкіндік бермей тұр.

Адамдар нәтиже күтуден шаршады. Жұмыссыздық, жалақы мен зейнетақының төленбеуі — кезең-кезеңмен дәйекті жылжу үшін онша жақсы әлеуметтік негіз емес. Ұзақ уақыт бойы жаңартылмаған және жөндеуден өткізілмеген негізгі капитал едәуір тозып кетті. Бірсыпыра секторларда ол авариялық жағдайдың аз-ақ алдында тұр, мұның өзі бізді ең қысқа мерзімнің ішінде осы проблеманы шешумен шұғылдануға мәжбүр етеді.

Егер былайғы дүниеге көз салатын болсақ, онда көптеген елдерде, әсіресе азиялық елдерде жақсы экономикалық есу байқалады.

Біздің кейіндеп қалуға хақымыз жоқ. Ол — ол ма, бізге алыстап кеткен әлемдік экономика поезының соңынан асыға ұмтылу қажет. Елдің өздігінен даму жолына басқа экономикасы дамыған елдерден ондаған жылдар кешеуілдеп түсуі — біздің кінәміз емес, қасіретіміз.

Сондықтан да алдымызға мүмкіндіктің шегінде дерлік, барынша биік міндеттерді қоюдан басқа жол жоқ, бұлар: XX ғасырға толығымен сауықтырылған және реформаланған экономикамен ену; инфляцияны жылына 4–6% деңгейіне жеткізу; 3–5% экономикалық өсімге қол жеткізу; жұмыссыздықты төзуге боларлық деңгейіне дейін азайту; шетел инвесторлары үшін барынша қолайлы ахуал туғызу; әлеуметтік индикаторлардың тұрақты өсуіне қол жеткізу.

Бәлкім, бүгінгі келеңсіздіктерге қарап, көпшіліктің мұны жүзеге асыру мүмкін емес деуі ықтимал. Алайда біз істі шындап қолға алатын болсақ, кез келген міндетті орындауға күшіміздің жететінін дәлелдеген болатынбыз. Мәселен, 1994 жылдың

басында 3 жылда біз инфляцияны 2 200%-дан 30%-ға дейін төмендетеміз деп айтуға кімнің батылы жетер еді?

Оның үстіне туындап отырған проблемаларды ойдағыдай шешу үшін біз өзімізге барынша биік деңгейде талаптар қоюға міндеттіміз. Орта мерзімді нысаналардың қуатты тұрақтандырушы күші болуы, барлық ресурстар алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылуы керек. Бұлыңғыр перспективалар мен айқын емес нысаналарды басшылыққа алуға біздің хақымыз жоқ.

Алға қойылған міндеттердің орындалуына қол жеткізу үшін не істеу қажет?

Елдің қазіргі жағдайы сондай, уақыт талабына сай жауап таба білу керек.

Ондай жауап бар: біз дәйекті, барлық кезеңдер бойынша бір мезгілде қатарлас бағытпен жүруіміз қажет.

1997 жылы, әрі кеткенде 1998 жылдың бірінші жартысында қаржы тұрақтылығының екінші кезеңін толық тәмамдау: жекешелендіруді, кәсіпорындар мен қаржы секторын реформалауды түпкілікті аяқтау, барлық төлемсіздіктерді анықтап алу қажет. Қаншалықты қиынға соғатынына қарамастан, кәсіпорындарды тарату мен олардың банкроттығы жөнінде ең қатаң шаралар қолданбаса болмайды. Парламент пен Үкімет биылғы жылдың өзінде Банкроттық туралы жаңа заң қабылдауға тиіс. Инфляцияның деңгейі жыл сайын кемінде 2 есе кеміп отыруы керек. Бұл мақсатта тағы да, қаншама күрделі болғанына қарамастан, барлық бюджет шығыстарын кірістерге сәйкес келтіру керек, олар келесі жылдан бастап нақты, бірақ қауырт болуға тиіс.

Жұмыссыздықтың қауіпті зардаптарына жол бермеу үшін Үкімет, барлық атқарушы өкімет, Парламент кәсіпкерлікті, ең алдымен жеке, отбасылық және шағын бизнесті, қоғамдық жұмыстарды, негізінен, тұрғын үй және жол құрылысындағы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жандандыру үшін толық шаралар кешенін жүзеге асыруы қажет.

Қаржы тұрақтылығының аяқталуын күтпей-ақ инвестициялық кезеңді іске асыру жөніндегі жұмысты жеделдете түскен жөн.

Бірінші кезекте инвестициялық ахуалды, әсіресе шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық ахуалды күрт жақсартып, жеңілдіктер мен преференциялар жүйесін әзірлеп, заң жүзінде айқындау қажет.

Салалық және аймақтық басымдықтардың нақтылы жүйесін жасайтын мезгіл жеткен сияқты, ол жеңілдіктердің осы жүйесімен тығыз байланысты болуы керек.

Және, ең ақырында, мемлекеттік инвестициялар, негізінен алғанда инфрақұрылым мен тұрғын үйге мемлекеттік инвестициялар ашу керек. Инвестициялық серпін қажет, ол мемлекеттен бастау алуға тиіс.

Бұрынғысынша, сонымен бір мезгілде экономиканы өркендету, адамдардың іскерлік белсенділігін жандандыру мәселелерімен де мықтап шұғылдану керек. Әзірге оларды ауқымды шешу туралы айту ертерек, бірақ келесі жылдың өзінде-ақ өсу нүктесі мен белсенділік ошақтарын құру қажет. Тұрғын үй құрылысы, шағын және орта бизнес, санациядан ойдағыдай өткен кәсіпорындар осындай ошақтар болуға тиіс. Мұның өзі біздің ағымдағы міндеттерді шеше отырып, инвестициялық кезеңге де, экономикалық өсу кезеңіне де бір мезгілде кірісуіміз қажет екенін көрсетеді.

Сондықтан біз елдің ұзақ мерзімге арналған даму стратегиясын әзірлей бастауға және дамудың 5 және 10 жылдық жоспарларын әзірлеуге кідіріссіз кірісуіміз қажет.

Жұмысында орын алып отырған кемшіліктерге қарамастан, Үкімет соңғы жылдардың ішінде ауыр жағдайлардың өзінде көп іс тындырғанын атап көрсеткен жөн.

Таяудағы жылдарда да барынша күш-жігер жұмсауды керек ететін күрделі жұмыс күтіп тұр. Демек, көп нәрсе Үкіметтің құрамы жағынан қаншалықты қауқарлы болатындығына, алға қойылған міндеттерді қандай шамада орындай алатынына байланысты болады. Мемлекет басшысы ретінде мен бұл үшін қажетті шараларды қолданатын әрі оған тиісті қолдау көрсететін боламын.

Жекешелендіру

Жекешелендіру экономикалық реформалар саясатының басты бағыттарының бірі болды және болып қала береді.

Бір қарағанға, жекешелендіру саласындағы істің жайы жаман емес сияқты. Соңғы деректерге жүгінсек, республика бойынша жеке кәсіпорындардың үлес салмағы 80% шамасында, соның ішінде өнеркәсіпте — 86%, ауыл шаруашылығында — 95%, құрылыста — 84%, көлікте — 54%.

Бүгін жалпы ұлттық өнім өндірісінің ортақ көлеміндегі жеке сектордың үлесі 50% шамасында, оның ішінде өнеркәсіпте 40-45%, ауыл шаруашылығында 90%-ға жуық, құрылыста 60%, саудада 85% болып отыр.

Сөйтіп қазірдің өзінде ел экономикасында жеке сектор басым сипат алды деп айтуға болады. Өнеркәсіп, көлік пен байланыстан басқа барлық салаларда оның ықпалы басым түсіп отыр. Соған қарамастан егер осы процестің салалық жағына көз салатын болсақ, көптеген мәселелер әлі де шешілген жоқ.

Ең алдымен, шағын жекешелендіру мерзімінде аяқталмады. Сауда объектілері, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, автомобиль көлігі салалары бұрынғысынша мемлекеттік меншікте қалып отыр. Бұл процесті жергілікті өкімет орындары да, сондай-ақ халықтың қолындағы қаражаттың жетіспеушілігі де тежеп келеді.

Сонымен қатар жекешелендіруді 1991 жылдың өзінде бастағанымызбен, бәз біреулеріміз экономикалық жағынан әрдайым бірдей сараланбаған «демократиялық» жаңарулардың, әлеуметтік әділеттілікті теріс түсінудің ықпалында қалып, жекешелендірудің көпе-көрінеу тиімсіз әрі жалған дерлік үлгілеріне мойынсұнуға мәжбүр болдық.

Сөйтіп меншікті еңбек ұжымдарына бөліп беруге бардық, ал мұны бұрынғы Жоғарғы Кеңес табандылықпен талап еткен еді. Алайда бұдан ешқандай экономикалық тиімділік алынған жоқ. Біз өз бойымыздан мұндай жолдан бас тартарлық күш таба білдік. Содан кейін жаңсақ әділеттілік сезіміне еріп, инвестициялық жекешелендіру купондары дейтіндер арқылы меншікті бүкіл халыққа бөліп беруді ұйғардық.

Мұндай бөлістердің тіптен тиімсіз екеніне іс жүзінде көз жеткізіп қана, біз, ақыр аяғында, бүкіл дүние жүзінде әлдеқашан сыннан өткен әрі өзін жақсы жағынан көрсеткен ақшалай жекешелендіруге көштік.

Осы қателіктердің салдарынан көптеген кәсіпорындарда көп өкімет пайда болды. Акциялардың бір бөлігі еңбек ұжымының, бір бөлігі инвестициялық қорлардың, көбінесе осындай әлденеше қордың, тағы бір бөлігі ақшалы инвестордың қолына көшті. Әрбір өндіріске бүгінгі күні жұмыс капиталы да, инвестициялар да керек. Олар болса, инвестордың қолында. Алайда ол кәсіпорынға бақылау жасауды қолына алмайынша, оларды жұмсамайтын болады. Сонда белгілі мысалдағыдай: аққу, шаян және шортан болып — әрқайсысы әр жаққа тартып шыға келеді. Сөйтіп, кәсіпорын енді мемлекеттікі емес, жеке меншіктегі кәсіпорын, бірақ нағыз қожайыны жоқ. Әрине, бұдан нәтиже шықпайтыны да өзінен-өзі түсінікті.

Ақыр аяғында, корпоративтік бағалы қағаздар нарығы да өте әлсіз дамып отыр. Сондықтан да жекешелендіру қарқынын жеделдетіп, оны тереңдету жайын-

да мәселе көтерілген кезде, әңгіме мемлекеттік меншікті сату туралы ғана емес, меншікті нағыз қожайынның пайдасына қайта бөлу жайлы, жекешелендіруден кейінгі процестердің тиімділігі жайлы болуға тиіс.

Сол себепті де биылғы жылдың өзінде мемлекеттік меншікті сату мен меншікке беруді жеделдету керек. Тиімсіз объектілерге келетін болсақ, оларды ақысыз меншікке беру немесе ең арзан бағасына сатуға дейін бару керек.

Мемлекет келешекке ден қойып, әлеуметтік саламен, сыртқы саясатпен, жоспарлаумен және жеке сектордың жұмысын үйлестірумен шұғылдануы керек. Шын мәнінде мұндағы жұмыстың шет-шегі жоқ. Жекеменшік иесі мемлекетке қарағанда өндірістік іспен анағұрлым жақсы шұғылданатын болады. Бұл — бүкіл әлем таныған ақиқат.

Әлбетте, банкроттық арқылы, кәсіпорындардың мемлекетке берешегін қайыру арқылы нағыз қожайындарды іздестіру керек, олар үшін қосымша қызмет тетіктерін құру керек. Өйткені жекешелендіру процестері қарқынының баяулығы мен сапасының нашарлығының ар жағында төлемсіздік дағдарысының терең себебі жатқаны баршаға мәлім.

Шағын және орта бизнес

1988-1989 жылдары кооперативтік қозғалыс үшін тоспалар ашылған кезде туындаған әбігер бәріміздің де есімізде. Тауарлар мен қызметтердің қаңырап қалған нарығында жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар тәрізді әр алуан тауарлар мен мүлде соны қызметтер пайда бола бастады. Барлық салаларда шағын кәсіпорындардың пайда болуымен және олардың гүлденуімен байланысты осы тәрізді серпіліс 1990–1991 жылдары орын алды. Мұның себебі оларды мемлекеттің қолдауы және оларға жеңілдіктер жүйесінің берілуі болды.

Әрине, қателіктер мен асыра сілтеушілік те болмай қойған жоқ. Бірақ ең бастысы — базарды молықтыру және осы салаларда жұмыспен қамтудың өсуі жүріп жатты. Қазір ахуал өзгерді, дегенмен мұны істің жақсы жағына қарай өзгерді деуге келмейді.

Биылғы жылдың басында шағын бизнес саласындағы кәсіпорындардың саны 21 260 болды, онда жұмыс істейтіндердің саны 147 мың адам яғни 3%-дай болып отыр.

Өнеркәсіп өнімін шығарумен 2 563 кәсіпорын шұғылданады, бұларда жалпы саны 33,6 мың адам істейді. Тұтастай алғанда, шағын кәсіпорындардың үлесіне өнеркәсіп өндірісі жалпы көлемінің 4,7–4,8% тиесілі, бұларда жұмыспен қамтылған халықтың 3,5% еңбек етеді.

Салыстыру үшін айта кетейін, жоғары дамыған елдерде шағын бизнестің үлесі 60–80%-ды құрайды. Біз, әрине, бірден мұндай деңгейге жете алмаймыз, бірақ қалыптасқан жағдай бізді мүлде қанағаттандырмайды.

Бір жағынан, жұмыссыздық, ал демек, қылмыс та өсіп келеді, сауда және қызмет көрсету саласы жеткіліксіз дамыған, екінші жағынан, өндірістік қуаттар мен үй-жайлар текке қарап тұр, жер де босқа жатыр. Тіпті егер кісі өз ісін ашқысы келсе де, оның сан қилы тосқауылдарға келіп тірелетіндігі сонша — іске деген қызығушылығынан айырылады. Оның не істеуі керек? Жұмыс жоқ, отбасын асырау керек, өмір сүру керек. Міне, осылайша жолы болмаған кәсіпкер не жасырын экономикаға, не одан да жаманы — қылмыстық салаға бой ұрады.

Шағын бизнес еңбекпен қамту мәселелерін шешумен ғана байланысты емес. Көптеген елдерде ұсақ бизнесмендер орта таптың негізгі бөлігі болып табылады.

Олар қоғамды тұрақтандырады, олардың көңіл-күйі мемлекеттің экономикалық дамуының көрсеткіші болып табылады.

Сондықтан бүгінгі күн тәртібінде шағын бизнесті қолдау мен оған жан-жақты көмек көрсетудің арнаулы бағдарламасын іске асыру міндеті тұр.

Ең алдымен, тиісті өлшемдерді айқын таңдап алу және заң тұрғысынан нені ұсақ (жеке және отбасылық), нені шағын және орташа бизнес деп санау қажеттігін айқындап алу қажет. Бұл мәселелерді шешуге салиқалы түрде және құнттылықпен қарау қажет.

Ұсақ кәсіпкерлікке оның алғашқы қадамдарынан бастап-ақ мемлекеттік көмек көрсеткен жөн. Тіркеу рәсімдерін мейлінше жеңіл ету, салық салудың қарапайым және ауыртпалықсыз жүйесін енгізу керек, қағаздарды, анықтамаларды және кабинеттен кабинетке сабылуды азайту принципі бойынша іс-қимыл жасау керек. Бастапқы капитал мен кредиттер проблемасын қайткенде де шешу қажет. Ал бізде әзірге ұтымсыз тіршілік жасалуда. 9 млрд. теңге сома шамасында еңбекпен қамту қоры бар, бұл сома негізінен жұмыссыздарға арналған жәрдемақылар үшін пайдаланылады. Яғни, біз бұл жәрдемақыларды ешбір нәтижесіз төлеп отырмыз.

Бұл қор қаражатты жаңа жұмыс орындарын құруға, жеке кәсіпкерлікті дамытуға нысаналы пайдаланған жағдайда неғұрлым тиімді жұмыс істей алар еді. Мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өкімет адамдарға консультациялар мен білім беру орталықтары түрінде барша қажетті қолдауды көрсетуге, оларға үй-жайлар мен ақы төлеу жағынан көмектесуге тиіс.

Ал шағын, әсіресе орташа бизнеске келсек, қалыптасқан қаржылық-экономикалық ахуалға байланысты ол үшін жеңілдікті жағдай әзірше мемлекет үшін басым болып табылатын қызмет салаларында ғана берілуі мүмкін.

Қазақстанның Азияның даму банкінен 100 млн. доллар мөлшерінде заем алғандығы туралы айтпай кетпеуге болмайды, бұл қаржы нақ шағын және орташа бизнесті қолдау үшін, атап айтқанда, ауылшаруашылық шикізатын ұқсату саласында пайдаланылатын болады. 50 млн. доллар мөлшеріндегі алғашқы транштың игеру ісі басталып та кетті.

Экономиканың осы секторын қолдау жөніндегі қосымша шаралар экономикалық ахуалды тұтастай жақсартуға елеулі ықпал етуге қабілетті.

Тұрғын үй құрылысы

Бұл проблеманың да басымдығы барлық жағынан айқын. Тұрғын үй — адамның басты әлеуметтік игілігі. Мұның үстіне тұрғын үй құрылысы жұмыссыздық проблемасын ішінара шешеді. Егер біз шын мәнінде оны жолға қоя білсек, күллі экономиканың өсуінің басты бір тетігін жасаймыз, өйткені шаруашылық кешенінің кептеген салалары нақ тұрғын үй құрылысында келіп түйіседі.

Біз ақысыз тұрғын үй бөлу принципінен, оны мемлекеттің жаппай тұрғызуынан бас тарттық. 1993 жылы менің Жарлығыммен жаңа тұрғын үй саясаты бекітілді, оны іске асырудан осы саладағы түбірлі бетбұрыс басталды.

Қазіргі таңда тұрғын үй құрылысын қаржыландыруда халықтың қаражатының үлесі ұдайы өсіп келеді. Бірақ, екінші жағынан, құрылыс көлемінің шұғыл қысқаруы да орын алды.

Жаңа тұрғын үй саясатына көше отырып, біз іс жүзінде оны ақша қаражатымен қамтамасыз ете алмадық. Бұған жалпы экономикалық ахуал да, тиісті инфрақұрылымның дамығандығы да әсер етті. Әйтсе де бағдарламада тұрғын үй салудың жаңа принциптерінің негізі қаланды, олар қазір жұмыс істеп отыр. Мұның

өлшеусіз мәнінің өзі де осында. Қазір бізге осы бағыттағы іс-қимылдың нақты, мейлінше ұтымды және қаржымен қамтамасыз етілген бағдарламасы қажет. Үкімет онымен жұмыс істеп те отыр.

Оның негізгі мәні неде болуға тиіс?

Бастау алар нүкте: әрбір азамат табысының деңгейіне қарамастан, тұрғын үйді тек қана өз ақшасына не бірден, не төлеу мерзімін ұзартып сатып алуға немесе салуға тиісті. Тұрғын үй мен ол орналасқан жер, сол сияқты басқа да жеке мүлкі кредиторлар алдында кепіл болуға тиіс.

Бағдарламаның барлық бүге-шігесіне дейін ежіктемей-ақ есептеулердің мынаны көрсететінін атап етейін. Егер халықты тұрғын үймен 15 жылдан кейін қамтамасыз ету мақсатын алға қояр болсақ, онда мемлекет кредиттік ресурстарды толықтыруға жыл сайын 70 млрд. теңге шамасында жұмсауға тиіс.

Әлбетте, мұндай қаражат әзірге біздің қолымызда жоқ әрі таяу келешекте қолымызға тимейді. Сондықтан ең тиімді жол — бағдарламаны, айталық, алдымен 2 облыстан бастап, бірте-бірте қалғандарына ауыса отырып іске асыра бастау. Орташа алғанда, онжылдық жинақтау кезеңінде бір облысқа жыл сайын шамамен 50 млн. доллар қажет болады. Бұдан былайғы жерде мемлекеттік салымдар өзінен-өзі керексіз болып қалады, өйткені құрылыс салушылардың жинақталған қаражаты, сондай-ақ тұрғындар қайтарған кредиттер «іске қосылады».

Әзірге біздің шамамыз, онда да едәуір қиналыспен, тұрғын үй құрылысына жыл сайын теңге эквивалентімен алғанда 40 миллионнан 50 млн. долларға дейін жұмсап отыруға жетеді. Бюджетте осыны көздеу қажет. Біз осы салаға өз қаражатын енгізуге даяр шетелдік құрылыс салушы компанияларды тарту жолын да пайдаланамыз.

Бастапқы кезеңде осы процеске серпіліс беру үшін жеңілдіктерге баруға және мемлекеттің қаражатты қайтару жөнінде белгілі бір тәуекелді мойнына алуына болады. Бірақ мұның өзі құрылыс салу процесі кең қанат жаятын алғашқы 3–4 жылда қажет болады. Бағдарламаға халық тарапынан да қолдау қажет. Біз болсақ, жылдың соңына дейін оны қабылдауға және жыл сайын онда тұжырымдалған қағидаларды іске асыру үшін қажетті ресурстар мен қаражатты іздестіруге, инвестициялық процестерді күшейтуге тырысамыз.

Шетелдік инвестицияларды тарту

1997 жылдан бастап біздің жұмысымыздың басты бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану болады. Оларды, дамушы мемлекеттерді былай қойғанда, дамыған елдердің өзінің пайдаланатындығы белгілі.

Шетелдік инвестициялар рыногындағы ахуал оларға деген Шығыс Еуропа державаларының, бұрынғы КСРО құрамында болған жаңа елдердің, сондай-ақ коммунистік кезеңнен кейінгі елдердің орасан зор сұранысына байланысты елеулі шиеленісіп келеді.

Осының нәтижесінде капиталды импорттаушылар арасында оны экспорттаушыларға қарағанда үлкен бәсеке қалыптасып отыр. Бүгінгі таңда капиталды тарту мәселесінде Қазақстанның әзірше бәсекелестік қабілетінің жоқтығын айтуға тиіспін. Біз әлі қызметтер көрсету және инфрақұрылымды дамытудың шетелдік инвестор дағдыланған деңгейіне жеткен жоқпыз. Көптеген заңдарда, нормативтік актілерде шетелдік салымшылармен жұмыс істеу жүйесінің өзінде әлі айқындық жоқ. Инвестордың жолындағы басты кедергі орталықта да, жергілікті жерлерде де бұрынғыша бюрократия болып табылады. Біз әр инвестормен жеке тіл табысуға мүмкіндік беретін жеңілдіктер мен преференциялардың икемді жүйесін сөзсіз орнықтыруға тиіспіз.

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасын әзірлеу қажет, ол мынадай қағидаларды қамтуға тиіс:

1. Біздің елімізге шетелдік бизнесмендердің келуіне байланысты барлық әкімшілік рәсімдерді оңайлату. Біз визалар алу, шекара және кеден бақылауынан өту, жұмыс істеу құқығына және ел ішінде жүріп-тұруға рұқсаттар беру жөніндегі барлық ережелерді және тағы басқаларын қайта қарауымыз керек.

Күллі іскер әлем қарым-қатынас жасасатын ағылшын тіліне қазақстандықтарды жаппай оқытуды ұйымдастыру қажет. Бұл бәрінен бұрын мемлекеттік қызметшілер мен қызмет көрсету саласында істейтін адамдарға қатысты, өйткені тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі бизнес тілдік кедергілері бар елде нашар бейімделеді. Нақ сондықтан да дамушы елдердің көпшілігі осындай, бір қарағанға ұсақ мәселеге мейлінше салиқалы назар аударады.

Біздің авиа желілеріміздің, әуежайларымыздың, ондағы қызмет көрсетудің қолайлылығына, жоғары сапалы мейманханалардың, телекоммуникациялардың болуына көп нәрсе байланысты. Біздің мақсатымыз шетелдік бизнесменге неғұрлым жеткілікті ықылас көрсету, оның уақытын үнемдеу болуға тиіс. Бұл қызметтердің құны оны әдетте екінші кезекте ғана толғандырады.

2. Инвестицияларға немесе кредиттерге салық үзілістерін, жеңілдікті ставкаларды, салық шегерімдерін беруді қоса алғанда, салық жеңілдіктерін, жеделдетілген амортизацияны, жеңілдікті кеден бажын және тағы басқаларын енгізуге баруға тұрады. Олар мемлекеттік басымдықтарды іске асыру үстінде жаңа құрылыс салу жайында әңгіме қозғалған жерде және тек қана сонда болуға тиіс.

Тым жан-жаққа шашырай берудің қажеті жоқ, қарапайымнан күрделігіне қарай жүріп отыру қажет. Бүгін біздің инфрақұрылым объектілеріне — энергетикаға, газ және мұнай құбырларына, әуежайларға, мейманханаларға, байланыс құралдарына, автомобиль және темір жолдарға, су құбырларына назар аударуымыздың қажеттігі айқын. Бұл міндеттерді шешпейінше, елде қолайлы инвестициялық ахуалдың, экспорт пен сауданың, бизнестің өмір сүруін қамтамасыз етудің күллі жүйесінің жақсы жұмыс істеуі мүмкін емес.

Импортты алмастыру және, бәрінен бұрын, халық тұтынатын тауарларды, тағам және ауылшаруашылық шикізатын өңдеу өнімдерін алмастыру жайында байсалды түрде ойлану қажет.

Ақыр соңында, аймақтық басымдықтарды әрі ең алдымен халықты жұмыспен қамту тұрғысынан айқындау қажет. Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі басымдықтар жүйесімен қатаң ұластырылуға тиіс. Бұл ретте жеңілдіктер берудің барлық ықтимал қиянаттарына сенімді тосқауыл қоя отырып, мейлінше ұқыпты түрде ойластырған жөн.

3. Жер мен жылжымайтын мүлікке берілетін құқық түріндегі гранттар, қызметкерлерді оқытуға арналған демеу қаржы, әртүрлі алымдарды азайту түріндегі субсидиялар сияқты нысанды да пайдалану қажет. Бірақ тағы да басым болып табылатын салаларда ғана.

4. Үкіметтің капиталды сыртқа шығаруға, әртүрлі қызметтер мен жергілікті шикізатты артықшылықты пайдалануға арналған кепілдіктерін күшейту қажет.

5. Үйлестірілген және оралымды жұмыс жүргізу үшін төте шетелдік инвестициялармен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құру қажет.

Шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасымен қазірдің өзінде мамандар жұмыс істеп жатыр. Өз уақытында ол жария етіледі.

Қылмысқа қарсы күрес

Елдегі қылмыстық ахуал аса шиеленісті күйде қалып отыр. Өткен 7 ай ішінде 1995 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 4,2% кем қылмыс тіркелгенімен, көше қылмыстылығы мен бұзақылық әрекеттерді азайтуға қол жеткенімен, ауыр қылмыстар санының едәуір өсуі байқалады, биылғы жылы өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда бұлар 2,5 есе көп жасалған. Олардың ашылуы 8% төмендеді. Құқық қорғау органдарының мүлік ұрлауға қарсы күрес жөніндегі жұмысы жеткілікті жолға қойылмаған, мұның өзі экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің тиімділігінің төмендеуіне әсер етті. Мәселен, биылғы жылы осы салада 11 мыңға жуық қылмыс анықталған. Қорқыту жолымен тартып алуға қарсы күрестің нәтижелері төмендеді.

Ахуалды жақсарту жөнінде мемлекет қандай шараларды қолға алмақ ниетте?

Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобаларын әзірлеу аяқталу деңгейінде. Үкімет пен Парламенттің оларды қабылдаған кезде, бір жағынан, жазалау шараларын белгілеуге қатаңырақ қарауға, екінші жағынан, осы актілердің адам құқығын біздің Ата заңымызда тұжырымдалғандай мүлтіксіз қорғауына қол жеткізуі қажет.

Құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға келсек, ол орталық және жергілікті өкіметтің айрықша міндеті болуға тиіс.

Сонымен бірге қылмыстылықтың жай-күйі жалпы экономикалық ахуалға, халықтың өмір сүру деңгейіне, жұмыссыздыққа, ал оған қарсы күрестің тиімділігі — құқық қорғау органдарын қаржыландыру деңгейіне тікелей байланысты екенін ұғыну қажет. Сондықтан экономиканы сауықтыруға, жұмыссыздықты азайтуға және адамдардың әл-ауқатын арттыруға ұмтыла отырып, біз қылмыстың өсу мүмкіндігін кезең-кезеңімен төмендетіп, оның табаны астындағы тіректі ығыстырып шығаратын боламыз.

Біздің келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған экономикалық саясатымыз бен басымдықтарымыздың негізгі бағыттары осындай. 1997 жылдың бюджеті мен бірінші кезектегі заңдар жүйесі де олармен толық сәйкестікте қалыптастырылуға тиіс.

Бюджет саясатының басымдықтары

Қалыптасқан жағдайларға сүйене отырып, келесі жылдың бюджет саясаты ішкі және сыртқы саясаттың принциптері мен басымдықтарын, сондай-ақ қоғамды толғандырып отырған көкейкесті проблемаларды қатаң басшылыққа алуы керек деп санаймын. Біз осылай істей аламыз, керек десеңіз, міндеттің өзін дәл осылай қоюға тиістіміз.

Мен, мемлекет басшысы ретінде осы басымдықтарды бюджет саясаты сыртқы және ішкі саяси міндеттерді теңдестіре шешетіндей, экономиканың болашағы мен бүгінгі әлеуметтік салаға жұмыс істейтіндей етіп, белгілеп беруге міндеттімін.

Бүгін қазақстандықтарды ең алдымен қандай мәселе мазалап отыр? Соңғы әлеуметтік зерттеулерге қарағанда, проблемалар өзінің көкейкесті сипаты жағынан мынадай ретте түзіледі: бағаның өсуі; жалақы, зейнетақы мен стипендия берудегі кешеуілдеу; қылмыстың өсуі; электр, су, газ бен жылу берудегі іркілістер; жұмыссыздық; айналадағы ортаның жай-күйінің нашарлауы; сыбайлас жемқорлық пен парақорлық; әлеуметтік саланың мүшкіл халі және, ақыр аяғында, ұлтаралық проблемалар.

Көріп отырғанымыздай, жоғары баға мен төмен жалақы экономикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан да басты проблемалардың қатарында тұр.

Сондықтан да бюджет саясатының 1997 жылғы басты міндеті инфляцияны одан әрі төмендету болып қала береді.

Келесі бір басымдық кәсіпорындардағы реформаларды қаржыландыру және инвестициялар әрі, ең алдымен және негізінен, инфрақұрылымдар объектілеріне жасалатын инвестициялар болуға тиіс. Әрине, мұның өзі бүгін мен ертеңгі күннің арасында, өндірістік емес және өндірістік салалар арасында қиын таңдау жасауға әкеліп тірейді. Алайда мұндай таңдауды жасауымыз керек, өйткені біздің жағдайымызда, адамдарға қатысты және экология проблемаларына байланысты инфрақұрылым олардың айрықша алаңдаушылығын туғызып отырған кезде, олай істемеуге болмайды.

Келесі жылы Үкіметтің бюджеттік ұйымдарда жалақыны және зейнетақыларды уақтылы төлеу мәселелерін шешу жөнінде қосымша күш-жігер жұмсауы қажет.

Маңыздылығы жөнінен төртінші басымдық ретінде сыртқы саясат пен қорғаныстық қаржымен қамтамасыз ету проблемасын атаған жөн. Әлбетте, қаржылық жүк бүгін қоғам үшін тым ауыр. Алайда біздің қауіпсіздігіміз, шекарамыздың мызғымастығы, мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы, әлемдік қоғамдастық тарапынан оның қол сұғылмауына берілетін кепілдік, сайып келгенде, осы проблемаларды шешуімізге байланысты. Әрі бұл шығындардың елге миллиардтаған инвестициялар түрінде қайтарылуға тиіс екенінің маңызы да бұдан кем емес. Сондықтан да біз сыртқы саясат ведомствосынан оның жұмысының экономикалық қайратымын анағұрлым көтеруді әрі мемлекет қаржысын үнемді пайдалануды да талап етуге әбден хақылымыз. Барлық дипломаттар мен әскерилер кімдерге және қай салаларға біз қаражатты кем беруге мәжбүр екенімізді мықтап біліп алуға және түсінуге тиіс.

Бесінші басымдық — қылмысқа қарсы күрес. Құқық қорғау органдарын, ең алдымен, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағынан қаржыландыру деңгейін көтеруіміз керек. Адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету ғана емес, бюджет қаражатын толықтыру және шығыстарға бақылауды ұйымдастыру сияқты маңызды проблемалардың шешімі де осыған байланысты. Милиция мен кеденнің қарусыз қалуына, прокуратуралар мен соттардың ең қажетті нәрселермен қамтамасыз етілмеуіне әсте төзуге болмайды. Осы орайда кеденге, соттарға, салық полициясына, басқа да құқық қорғау органдарына жасалған салымның экономикалық тұрғыдан да айтарлықтай тиімді екенін естен шығармаған жөн.

Басқаларына қарағанда, нақ осы салада жалақы мен зейнетақыдағы ауытқушылық тым үлкен. Кеден қызметкері өз еңбегі үшін бар болғаны 3–4 мың теңге алса, зейнет демалысына шыққан прокурор орта есеппен 15 мың теңге алады. Осының бәрін ақылға салып теңдестіру қажет.

Алтыншы басымдық — жұмыссыздыққа қарсы күрес және тұрғын үй құрылысын ұлғайту. Бұл проблемаларға мен жоғарыда мейлінше егжей-тегжейлі тоқталдым.

Жетіншісі — әлеуметтік сала. Әрине, бұл салалар басымдығының соншама төмен болып отырғаны өкінішті. Адамдар материалдық игілік пен рухани қазына арасында лажсыздан таңдау жасаған кезде, әзірге алдымен алғашқысына артықшылық беруге бейім. Мұндай таңдау жасауды осы әлеуметтік салалардағы реформалау деңгейінің тым төмендігімен ғана түсіндіруге болады. Алайда біз қоғам мен мемлекет үшін олардың стратегиялық маңызы бар екенін және таяу жылдарда олардың басымдығы тынбай арта беретінін мықтап есте ұстауға тиіспіз. Ал әзірге біз мұнда ресурстарға қайта топтастыру жүргізуге және желіні ұтымды етуге мәжбүрміз. Алайда мұның өзі мемлекеттің бұл салада жалақыны, әсіресе дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақысын көбейтуіне кедергі келтірмеуге тиіс.

Ақыр соңында, басқаруға тоқталмай өтуге болмайды. Бұл салада да басқарудың бір буынында шенеуніктердің көптігіне, екіншісінде, жетіспеушілігіне байланысты қайшылықтар көптеп сақталып қалып отыр.

1997 жылдың бюджетіне сай белгілі бір қайта ұйымдастыру, ең алдымен, атқарушы өкіметте қайта ұйымдастыру жүргізуді қолға алуымыз қажет.

Осы тұрғыдан келгенде, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі басымдықтары мен бағыттарын біздің жүзеге асыра алатындығымызға сенімді бола аламыз.

1997 жылға біз шешімін таппаған міндеттер мен жіберілген қателіктер қалпындағы өткеннің ауыртпалықтарын, сондай-ақ бұдан былайғы дамудың қисынын айқындайтын жаңа міндеттер жүгін арқалап қадам басатын боламыз.

Бұл жылдың да оңайға түсетін сыңайы жоқ, қалай дегенде де, мұның бұрынғы жылдардан жеңіл болмайтын түрі бар. Алайда экономиканың бұл жылы енді құлдырамайтыны жайында, оған қауырт еңбекпен жету керек екеніне қарамастан, бүгінгі күннің өзінде нық сеніммен айтуға болады.

Біз келесі жылға зор мән береміз, өйткені нақ 1997 жылдың ішінде экономикадағы негізгі ауыр рәсімдерді артта қалдырып, оны басты бағыттарда сауықтыруға, ең бастысы, қайта жарақтандыру мен дамыту міндеттерін шешуді қолға алуға бел байлап отырмыз.

Қазақстандықтардың білек сыбанып, жұмысқа жұмылудан басқа жолы жоқ. Әркім өзін де, отбасын да өзі қамқорлыққа алуға тиіс, сөйтіп, елдің экономикалық реформалар жолымен тезірек алға жылжуына көмектесуі керек. Ақиқаттың өзі, міне, осында. Ал өзгеше үндейтін ұрандардың бәрі біздің мемлекетіміздің жағдайының жақсаруына құлықсыз адамдардан тарайды.

Біз өзіміздің барлық күшімізді жұмылдырып, асығуға тиіспіз. Осылай істемейінше, жедел экономикалық өркендеуге де, реформалардың әлеуметтік нәтижелеріне де қол жеткізе алмаймыз. Адамдар ертеңгі күнге деген сенімді сезініп, экономикалық оқиғаларды болжауға болатынын бағамдауға тиіс. Сонда ғана олардың күш-қуаты мен іскерлігі экономиканы қайта жарақтандыру міндеттерін шешуге сүбелі үлес болып қосылады. Ал алдағы уақытта біз мұнсыз аттап баса алмаймыз.

Әлем шұғыл дамып келеді әрі жаңа мыңжылдыққа нық қадам басқалы отыр. Ал Қазақстанның өткізіп алған уақытының орнын толтырып, ілгері кеткен өркениетті қуып жетуіне тура келеді. Бұл айтары жоқ, аса қиын міндет, алайда, егер біздің үшінші сортты державаға айналғымыз келмесе, бұдан басқа жолымыз жоқ.

Алға жылжудың негізгі алғышарттары қазірдің өзінде жасалды. Ендігі жерде бастамашылық пен білім, ерік-жігер мен тәртіп, төзімділік пен табандылық, білгірлік пен жауапкершілік керек. Міне, сонда ғана біз қандай болсын күрделі де жауапты міндеттерді жүзеге асыратын боламыз.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 5 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман» атты сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1996 жылдың 16 желтоқсаны

Салтанатты жиналысқа қатысушы қымбатты достар!
Құрметті отандастар!

Баршаңызды, сіздер арқылы бүкіл Қазақстан халқын біздің қайта туған мемлекеттігіміздің тұңғыш мерейтойымен — тәуелсіздігіміздің 5 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздіктің 5 жылы — тым тереңдеп тұжырым түйіп, барынша байыпты баға беруге аздық ететін келте кезең. Бірақ, Қазақстанның тәуелсіздігінің тарихы алдағы болашаққа қарай зымырап бара жатқан біздің ғасырдың соңғы онжылдығына ғана тіреліп тұрған жоқ.

Осынау Ұлыстың ұлы күні — етжүрегі Отан деп соққан әрбір азаматтың қасиетті мерекесі, еліміздің ең басты тойы.

Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген киын да қызықты, талайлы тағдыр кешті. Ол негізінен, тәуелсіздік жолындағы күреспен өтті. Бүгінгі Қазақстанның алдына уақыт қойып отырған міндеттердің ауқымы мен артар жауапкершілік жүгін әлгіндей оқиғалардың жанды тізбегін, ата-бабаларымыздың жүздеген ұрпақтарының жанын жай таптырмаған азапты ізденістерін ескермей тұрып бағалау да, бағамдау да қиын.

Қазақстанның тәуелсіздік тарихы аппақ парақ бетіне күні кеше түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.

Біздің мемлекеттігіміздің тарихи белестері

Осыдан 1,5 мың жылдай бұрын біздің ата-бабаларымыз өздерінің тұңғыш ұлы мемлекетін — Түркі қағандығын құрды. Еуразиядағы көптеген мемлекеттер, олардың ішінде біздің еліміз де сол қағандықтың бүгінге келіп жеткен сілемі болып табылады.

Ұлан-ғайыр аумақта арлы-берлі жөңкіліп күн кешкен Азия көшпенділері тұтас құрлықтардың этникалық және мемлекеттік келбетін талай өзгеріске түсірді. Түркілердің көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары бүгінгі көптеген халықтардың, ең алдымен түркі тілдес халықтардың қалыптасуына негіз жасап берді. Олар ұлан-ғайыр аймаққа орналасты. Бір шеті сонау Саха елінен бастап, екінші шеті сонау Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы 10 мың шақырым жерді жайлап жатты.

Бір елден кейін бір елді жаулап алып, VII–XIII ғасырдың аралығында жер-жаһанға қанатын жайған арабтарды, ұлы географиялық жаңалықтар кезеңінен кейін ашылған құрлықтарды, отаршылдық пен басып алған еуропалықтарды қоспағанда, бұрын-соңды бірде-бір халық немесе, тіпті, халықтардың тұтас бір тобы мұндай аса ұланғайыр аумақты қоныстанып көрмепті.

Осыншама ұлан-байтақ аумақты басқалар емес, тап көшпенділердің игеретін жөні де бар. Өйткені олар қоғамдық өндірістің ерекше табиғи жағдайларға бейімделген, төрт түлікті бағып-күтуге лайықталған бітімі бөлек мәдени-шаруашылық тұрпатын жасақтады. «Жылқы ысқырса желдікі, айдаса жаудікі» дейді қазақ. Сондықтан да көшпелілер малшы ғана емес, жауынгер де бола білді. Әскери тұрғыдан даусыз басымдығының арқасында ғана көшпелі халықтар әлгіндей кең-байтақ аймақтарға ие бола алды.

Түркі көшпенділерінің әлем тарихында алар орны ерекше. Сан ғасырлар бойында түркілер құрған империялар, о баста жаугершіліктің арқасында дүниеге келгенімен, бара-бара едәуір дәрежеде өркениетті рөл де атқарды. Сондықтан да көшпелілерге «жабайы ордалар» деп қарау тарихи әділеттілікке жатпайды. Оның үстіне әлемдегі көптеген мемлекеттердің —Қытайдың, Үндістанның, Мысырдың, тағы басқа елдердің дамуына көшпелілердің қосқан үлесі қомақты екені даусыз.

Еуразия құрлығының келбетін Шыңғысханның басқыншылығы астан-кестен етті. Моңғол шапқыншылығы Қазақстан аумағында халықтың қалыптасуын күрт тоқтатып тастады. Ірі тайпалар тобы сапырылыска түсіп кетті. Қыпшақтардың бір тобы Қазақстанның солтүстігі мен Батыс Сібірдің ту сыртына көшті. Қуғынға түскен наймандар мен керейлер де солай қарай жөңкілді. Қыпшақтардың талайы Жерорта теңізінен Үнді мұхиты мен Тынық мұхитқа дейінгі аралықтағы елдерге тарап, сіңіп кетті. Амалсыз қоныс аудару моңғол билігі орнағаннан кейін де тоқтай қалған жоқ. Моңғол билеушілері Шығыс Қазақстан мен Жетісудың шұрайлы жайылымдарын басып алды. Сол жерлердегі тұрғылықты халықтың тоз-тозын шығарды. Өздері меншіктеген өлкелерді ұлыс-ұлысқа бөліп тастады. Бұл этникалық тұрғыдан туыстас тайпалардың бір-бірінен қол үзіп, бөлшектеніп кетуіне әкеп соқтырды. Басқыншылық біткеннің бәрі де қатыгездікпен жүзеге асырылғанында дау жоқ. Дегенмен, басқа жайды да естен шығаруға болмайды. Елді бір орталықтан басқарудың негізі тап сол кезеңде қаланған-ды. Тап сол ұлыстардың негізінде кейіннен Батыс, Оңтүстік, Солтүстік хандықтары құрылды. Шыңғысхан көшпелілерді қарудың күшімен біріктіргенде бір орталықтан билік жүргізуді және салық төлетуді көздеген болатын. Бұл өз кезегінде, қазақ жерінің бірігуіне жағдай жасады.

Моңғол империясының қиратылған жұртында көптеген мемлекеттер дүниеге келді. Қазақстан жерінде басқыншылық тоқтатып тастаған халықтың, мемлекеттің қалыптасу процесі қайта өріс алды.

Қазақ хандығының дүниеге келуі — моңғол басқыншылығы қарсаңында қазіргі Қазақстан жерінде бастау алған әлеуметтік-экономикалық және этно саяси процестердің заңды нәтижесі болды. Қазақ мемлекетінің дүниеге келуі Жәнібек пен Керей хандардың есімдерімен, ал 1480 жылдан бастап Бұрындық ханның атымен байланыстырылады. XV ғасырдың үшінші бөлігінде Жетісудағы тайпалар мен рулардың бірте-бірте Қазақ хандығына қосылуы үдей түсті. Сырттан қазақ билеушілерінің қысымы жиілеп, іштен алауыздық күшейіп, бір кездегі тегеурінді Моғолстан хандығы бет-бетіне бытырап кетті. Моғол билеушілері Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға ығысуға мәжбүр болды. Осы кезеңде қазақ хандары Орта Азияға иелік еткен хандармен Сыр бойындағы қалалар үшін күресті өршітті. XVI–XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, шек шеңбері кеңи түсті. Енді оның аумағы қазақтардың этникалық жер-суларының негізгі бөлігін тұтасқа жуық қамтитын болды. Шектес жатқан Орта Азиямен, Астрахан, Сібір хандықтарымен, Орыс мемлекетімен алыс-беріс, барыс-келіс жиіледі. Туған жерді түгендеуді тездете түскен көрнекті қазақ хандарының арасында Қасым ханның орны айрықша.

Қазақ мемлекетінің құрылуы оның құқықтық негізін жасақтауға мүмкіндік берді. Сол дәуірдегі заң жәдігерліктері деп біз бүгінгі күнге жетпей қалған «Қасым ханның қасқа жолын», осы дәуірге дейін сақталған Тәуке ханның «Жеті жарғысын» атаймыз.

Қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғын көп қадаған. XVIII ғасырдың басынан бері қарай Қазақстанның сыртқы саяси жағдайы күрт шиеленісіп кетті. Батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуылдай бастады. Жайық бойындағы ен шалғынға башқұрттар таласуын қоймады. Оның үстіне қалмақтар да, башқұрттар да орыс патшалығының бодандары еді. Мұның өзі, айналып келгенде, орыс-қазақ қатынастарының шиеленісе түсуіне себепкер болды.

Дегенмен, басты қауіп Шығыстан, ойраттардың бір орталықтан басқарылатын қуатты көшпелі мемлекеті — Жоңғар хандығы тарапынан төніп тұрды.

Орталық Азия тарихындағы осы бір қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы азулы басқыншыға қарсы 200 жылдық күрестің ең ауыр жүгін жеке өз мойнымен көтерді. Бұл жолда елім деп еңіреген ерлер мен кемел қолбасшыларды алға шығарды. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Тайлақ, Саңырақ, Малайсары, Есет, Жәнібек сияқты көптеген батырлар сондай тұлғалар болды. Олардың ерен ерлігін халық жырға қосып, атын аңызға айналдырды. Ер есімі — ел есінде. Еркіндік алған елдің бүгінгі ұрпақтары өздерінің батыр бабаларына тағзым етіп, әзіз аттарын ардақтайтыны әбден әділетті іс.

1726 жылы Түркістанның оңтүстік-шығыс бетіндегі Ордабасы биігінде қазақтың барлық тайпалары мен руларының жақсысы мен жайсаңының басы қосылған ұлы жиыны өтті. Сол жиында бүкіл қазақ қосынының басын біріктіру жөнінде тарихи мәні ерекше шешім қабылданды. Халықтың үш ұлы перзенті — Әлібекұлы Төле би, Келдібекұлы Қазыбек би, Бәйбекұлы Әйтеке би елдің бірлікті аңсаған арманын жүзеге асырды. Қазақ әскерінің бас сардары болып өзінің жаужүрек қолбасы екенін талай танытқан Әбілқайыр сайланды.

Жоңғар қолы мен қазақ жасағының алғашқы ірі шайқасы 1727 жылы Бұланты өзенінің бойында болды. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен де, кейінгі тарихқа ықпал-әсері жөнінен де кешегі кеңес дәуірінің ғылымы жете бағаламай кеткен сол қан-қасап қырғынға тең келер шайқас болған емес. Ойраттарға ойсырата соққы берілді. Шайқас даласын халық содан бері «Қалмақ қырылған» деп атап кетті.

Шыңғысханның ұлы жорықтарын қайталауды ниет еткен Жоңғар хандығына қарсы күрестің негізгі ауыртпалығы қазақ халқына түсті. Бұланты бойындағы жеңіс ұлтты ұйытып, тас-түйін жұмылдырды, жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы барысындағы бетбұрыс кезеңнің басы болды. Содан бері қарай стратегиялық басымдық қазақтар қолына көшті. 1730 жылғы Аңырақай шайқасындағы жеңіс соның айқын айғағы еді.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарындағы жоңғар шапқыншылығының Қазақстан мен Орталық Азия халықтары үшін қасіретті зардабы өте зор болды. Қалалар қирап, сауда мен қолөнер тоқырады, халық мың-мыңдап босқындыққа түсті. Көші-қонның дәстүрлі реті мен бағыт-бағдары бұзылды. Көшпелі тұрмыс пен отырықшы өмір арасындағы экономикалық байланыс үзілді. Аймақтағы өндіргіш күштер әлсіреді. Бұл жылдар қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» атанды. Ел өміріне ұзақ уақыт жазылмайтын жара салды.

Қазақстанның батыс шекараларында бейбітшілікке қол жеткізу қазақ хандарының басты сыртқы саяси міндеттерінің бірі болды. Қазақстанның Жоңғар хандығымен күреске бел шеше кірісу үшін батыс тараптағы елдермен бейбіт қарым-қатынас орнату қажет болды.

Оны Ресейдің патша әміршілдігі де жақсы түсінді. Ол сол кездің өзінде халықтарды бір-біріне айдап салу саясатын шебер жүргізе бастаған-ды. Атап айтқанда, мұндай әдістер екі халықты да қирату мақсатымен, қазақтар мен ойраттар арасында соғыс өртін тұтату үшін пайдаланылды. XVIII ғасырда мұнан кейін болған аса күрделі оқиғалардың алғышарттары осылай болды. Соның салдарынан алдымен батыс, одан кейін басқа да аймақтар тәуелсіздігінен айырылды, ақыр аяғында Қазақстан Ресей империясының отарына айналды.

Осы тұста Қытайдың Орталық Азияға сұғына кіруі де өрістей түсті. Сол кездегі Қазақстанның екі империяның арасында қалған қиын халін Мағжан Жұмабаев:

Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Арты — ор, алдында — көр, жан-жағы жау,
Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?! — деп күйзеле суреттеген болатын.

Ел басына ауыр күн туған XVIII ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылай керемет қолбасы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де таныла білді. Пекинмен елшілік және сауда байланыстарын үдете дамыта отырып, Абылай Ресеймен немесе Қытаймен бірлескен яки қапталдасқан түрде олардың бірде-біріне қарсы әрекет етудің қай-қайсысынан да бойын аулақ сала алды. Дегенмен, тарих доңғалағы тоқтамай алға жылжи берді. Көшпелі мемлекеттердің біртіндеп басынан бағы тая бастады. Сан түрлі жағдаяттар жинала келіп, Қазақстанның тәуелсіздігінен айырылар күнін жақындата түсті.

Қазақстанның Ресейге қосылуы біржарым ғасыр уақытқа созылды. Ол бейбіт жолмен де, әскери күшпен де жүзеге асырылды. Қалай дегенде де ол басып алу болатын. Қазақстанның Ресейге қосылуының әдіс-тәсілдерінің әрқилы екендігіне қарамастан, оның мәні айналып келгенде біреу — отарлау.

Бұл бір жағынан Қоқан мен Хиуаның басып кіруіне қарсы күресіп жатқан қазақ халқының табанды қарсылық көрсетуіне тап болды.

Халықтың тәуелсіздік жолындағы күресін бастаған Сырым Датов, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов сынды талай-талай көсемдер мен батырлардың айрықша ардақты аттары дәл сол жылдарда елдігіміздің тарихына мәңгі-бақи жазылды.

Қазақ даласында тәуелсіздік жолындағы жалпы ұлттық қозғалыс басталды. Оның тізгінін атақты Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов ұстады. Басбасына босып жүрген қазақ рулары қанқұйлы көршілердің оңай олжасына айналатынын, сондықтан да қоғамның ұйысуы, қазақтың мемлекеттігін қалпына келтіру өмірлік қажеттілік екенін нақ Кенесары айқын түсінді. Кенесары ханның қазақ даласын біріктіру әрекеті әбден пісіп жетілген болатын.

Даланың дәстүрлері мен құқықтық негіздеріне сүйене отырып, ол өзін хан сайлатып алды да, патша әміршілдігі мен Орта Азия хандарының басқыншылық ниеттеріне кесе-көлденең тұрды.

Кенесары Қасымовтың қазақ жерін отарлауға қарсы 10 жыл бойы жүргізген соғысына Қазақстанның көпшілік бөлігі көтерілді. Ол күрес тарих шежіресіне ел рухының қайта өрлеген кезеңі және ең соңғы көшпелі Қазақ мемлекетінің біржола күйреген кезеңі болып енді. Кенесары хан мерт болғаннан соң қазақ рулары отаршылдық басқыншылыққа қарсы жеке-жеке қарсыласып жатты.

XIX ғасырдың екінші жартысында Кенесары Қасымовтың, басқа да қазақ сұлтандары мен батырларының отаршылдыққа жан аямай қарсыласқаны арқасында Ресей империясының Орталық Азияға қарай жылжуы едәуір кешеуілдеді.

XIX ғасырдың соңына қарай Қазақстан аумағына Ресей империясының еуропалық бөлігінен көшіп келушілер ағыла бастады. XIX ғасырдың 60-шы жылдарында патша үкіметі Қазақстанды отарлауды әскери казактарға қоса шаруалардың қолымен де қатыгездікпен жүргізуге көшті. Отарлау барысында тұрғылықты халықтың жерлері жаппай тартып алына бастады.

Патшалық Ресейден көшіріп келтіру саясаты қазақ қоғамының шаруашылық өміріне аяусыз соққы болып тиді. Бұл кезде ең шұрайлы, шүйгін жайылымдар, егін алқаптары бастау-бұлақтарымен қоса тартып алынды, қазақ елінің мұң-мұқтажын аяқасты етудің салдарынан жұрт ата мекенінен айырылып, ежелгі көш жолдарынан көз жазып қалды. Қазақ ауылдары өсіп-өнген өңірінен аластатылып, үй-мүлкі қиратылды. Байырғы жұртты зорлап жаппай көшіріп жіберіп, олардың жерін жаңа келгендерге еншілей салу әдеттегі іске айналды.

Ендігі жерде азаттық қозғалысының тізгінін ұлттың бірлесуін мұрат қып ұсынған алаштың білімді де білікті асыл азаматтары қолға алды.

Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер және басқалар болды, олардың көпшілігі Петербургтің, Мәскеудің, Варшаваның, Қазанның, Омбы мен Орынборлың жоғары оқу орындары мен училищелерін бітіріп шыққан, асқан сауатты адамдар еді.

1905 жылғы желтоқсандағы Орал қаласында Бірінші жалпықазақтық құрылтай болып өтті. Онда ұлттық саяси партия құру міндеті алға қойылды. Құрылтайға қатысушылар патша өкіметінің, оның ішінде әсіресе жер мәселесіндегі саясатын қатты сынға алды.

1906 жылғы ақпан айында, Әлихан Бөкейхановтың қамауға алынғанына қарамастан, Екінші жалпыұлттық құрылтай болып өтті, оған 150 делегат қатысты. Құрылтай қазақтарға барлық тартып алынған жерлерін қайтарып беруді, шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтатуды, мектептер, медреселер мен университет ашу жөнінде заң қабылдауды талап етті.

Ресей қатысқан Бірінші дүниежүзілік соғыс қазақтарды тіпті титықтата түсті. 1916 жылы «бұратана» халықтарды тыл жұмыстарына шақыру арқылы үкімет арзан жұмыс күшін пайдаланып қалуды, сонымен қатар бұдан босаған орыс жұмысшыларымен, шаруаларымен әскер қатарын толықтыруды көздеді.

1916 жылғы шілденің аяғы мен тамыздың бас шенінде Қазақстанда өз-өзінен құрылып жатқан көтерілісшілер жасақтарының кәсіби әскермен қиян-кескі шайқастары жүріп жатты.

Олардың арасында Торғай төсіндегі көтеріліс басқаларынан гөрі ұйымшыл, ұзағырақ болды. Көтерілісті Кенесарының жауынгер серігі Иман батырдың немересі Амангелді Үдербайұлы Иманов бастады.

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін өкімет басына келген уақытша үкімет империялық ұлт саясатының салдарларын жоюға, сөйтіп ұлттық бітім-бәтуа саясатын жүзеге асыруға әрекет жасап көрді. Сол жылғы 20 наурызда уақытша үкімет Ресей азаматтарының дінге, нанымға және ұлтқа қатыстылығына байланысты құқықтық шектеулерінің барлығын да алып тастады. 7 сәуірде Түркістан комитетін құру туралы үкіметтің қаулысы қабылданды.

Осы шешімнің арқасында Қазақстанды басқаратын ұйымдардың құрамына қазақтың озық ақыл-ой иелері алғаш рет енді. Мұның өзі Алаш қозғалысы қайраткерлерінің Дала өлкесінің саяси өміріндегі белді орнын мойындаудың белгісі болатын.

Патшаның тақтан түсуі, елдегі қоғамдық-саяси өмірдің демократияланууы қозғалысты ұйымдық тұрғыда бекітіп, оның негізіне 1917 жылғы шілдеде Орынбор қаласында өткен Жалпықазақтық құрылтай «Алаш» партиясын құруға мүмкіндік берді. Көп ұзамай партия бағдарламасының 10 тараудан тұратын жобасы да жасалды. Партияның негізгі мақсаты — қазақтың мемлекеттік егемендігін бастапқыда Ресей құрама демократиялық республикасының құрамында автономияны жүзеге асыру болатын.

Қазақ халқы өзінің басты мақсатына жетуге — ұлттық мемлекеттігін қайта қалыптастыруға мүмкіндік алды. Алайда, Ресей қоғамындағы жаңа тығырық оқиғаларды одан әрі бейбіт түрде дамытпады, соның салдарынан большевиктер партиясының диктатурасы орнатылып, елді азамат соғысының өрті шарпыды.

Ұлттық мемлекеттік десе аза бойы қаза болатын большевиктер өздерінің билігін нығайту үшін оянған Ресей халықтарының ұлттық мүдделерін атымен ескермей тұра алмады, сөйтіп ұлттық-мемлекеттік құрылымдар түзуге көшуге мәжбүр болды. 1920 жылы құрылған Қазақ АКСР-і дүниеге осылайша келді.

1920-шы жылдардың екінші жартысынан бері қарай большевиктік мемлекеттік жаңа экономикалық саясат қисынынан бірте-бірте аулақтап, өз саясатын қазан революциясы тұсында межеленген халықты жазалай отырып, алға жылжу бағытына бет бұра бастады.

Қазақтарды күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, ауылдағы қарамақайшылықтарды қолдан ушықтыру, қоғамның бір бөлігін бір бөлігіне айдап салу ақыр аяғында ұлттық апатқа ұрындырды. Социалистік утопия идеяларын қазақ ауылында 1920–1930-шы жылдардың өзінде жүзеге асырып тастаймыз деген әсіреқиялдық бұрын-соңды көрмеген қасіретке әкеліп соқтырды. Дәстүрлі шаруашылық жүргізудің негізі болып табылатын мал шаруашылығы толықтай қирап тынды.

Демографиялық апаттың ауқымы бәрінен де сұмдық болып шықты, 1929–1933 жылдардағы аштықтан, соған байланысты індеттен қайтыс болған, шет жерге көшіп кеткен қазақтардың саны әлі күнге онша анық болмай тұр. Айтушылар бұл жылдарда опат болғандар санын 1 млн. 750 мың мен 2 млн. 200 мың деген сандардың арасын атайды. Демек, ұжымдастыру барысында осы елдегі негізгі этностың 42% мен 49% аралығында құрбан болған.

Аштық жылдарында 1 млн. 30 мың адам республикадан шет жерлерге көшіп кетті, олардың 616 мыңы қайтпай қалды.

Мемлекеттің тізеге салған зорлықшыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. Жұртшылықтың арасында режимге қарсы бой көрсетуден тайынбайтындар көбейе түсті. 1929–1931 жылдарда шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірілері Созақ, Ырғыз, Ақсу, Абыралы, Адай, Қарақұм және басқа да көтерілістер еді. Бәрі де қызыл армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жаншылды.

Бұған сол жылдарда республикада кеңінен қанат жайған сталиндік жаппай жазалауды қосу керек. Оның барысында қазақ мәдениетінің, ғылымы мен білімінің аса көрнекті өкілдері атып-асылды, лагерлерде көзі жойылды.

Дәл бүгінгідей күні 1937–1939 жылдардағы жазықсыз жазалаудың құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердиевті, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Мұхамеджан Тынышбаевты, Мағжан Жұмабаевты, Санжар Асфандияровты, Ораз Жандосовты, Тұрар Рысқұловты, Сәкен Сейфуллинді, Ілияс Жансүгіровті, Бейімбет Майлинді, Сұлтанбек Қожановты, тағы басқа да мыңдаған адамдарды еске алмау мүмкін емес.

Социалистік утопияны жүзеге асырамыз деп әлектенген большевиктік эксперимент қазақ халқын осындай күйге түсірді. Алайда, халықтардың тарихындағы сол бір қасіретті, қанқұйлы кезең туралы сталиндік режимнің тұсында да, жеке басқа табынушылықты әшкерелеген жылдарда да ешкім тіс жара алған жоқ.

Тоқырау жылдарында мұны ешкім ауызға алмады. Кешегі кезеңді боямалап көрсетуге бейім тұрғандар қазір де ол күндерді ұмытуға тырысады. Бірақ ол күндерді ұмыту дегеніміз қанды режимнің миллиондаған құрбандарының аруағын қорлау деген сөз.

Социализмнің бұдан кейінгі «ұлы» құрылыстары аса ауқымды экологиялық апатқа — Арал трагедиясына әкеліп соқтырды. Әскерилердің әсіреңкі әрекеттері Семейдегі, Қазақстанның өзге де аймақтарындағы қасіретке ұласты.

Қазақ халқы мен қазақ жері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін алдымен Ресей, содан кейін кеңес империясының отарлық шылауы болып келді.

Ондаған жылдар бойы айтылмай келген тарихи шындықты тұжыра айтсақ осындай.

КСРО-ның батыс бөлігі жауда қалған Екінші дүниежүзілік соғыс, Батыспен текетірес түскен «қырғи-қабақ соғыс» кеңес үкіметінің экономикасын бір жерге шоғырландырмай, елдің шығыс бөлігінің де әлеуетін дамытуға мәжбүр етті. Көбіне-көп шикізат өндіру мен өңдейтін кәсіпорындар салынды.

Қазақстан басқа аймақтарға минералдық шикізат шығарып, жаппай экологиялық зиянды өндіріс республикасына айналды.

Соғыстан кейінгі жылдары екпінді құрылыстар салғанда да коммунистік басшылық осындай жымысқы саясат жүргізді.

Біз мемлекеттік тәуелсіздікке көп ұлтты және көп дінді күрделі құрамда жетіп отырмыз. Сондықтан да, тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап, барлық ұлттар адамдары арасындағы теңдікті, туысқандықты, достықты және бірлікті өз саясатымыздың өзегі қылып ұстандық. Ол «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталатын біздің Ата заңымызға да жазылып, болашақ дамуымыздың да негізі болып саналады.

Біз өз халқымыздың тарихын шындыққа адалдық тұрғысында айтып отырмыз. Бірақ бұдан қосымша астар іздеудің қажеті жоқ. Қазақстандықтардың бүгінгі көзі тірі ұрпақтары — біздің еліміздің азаматтары. Осы бәрін де ұқтырады.

Қазіргі Ресей, патшалық Ресей, кеңес үкіметі — әрқайсысы әр сипатты мемлекет. Қазақстан көршілерінің бәрімен де, оның ішінде Ресеймен де, достық және ынтымақтастық, жөнінде келісім шартқа отырды. Оны бұлжытпастан орындаймыз.

Жаңа Қазақстан өз мемлекеттігін орната отырып, күллі адамзаттық қауымдастықпен тату-тәтті өмір сүруді, өз ішінде ұлтаралық ынтымақты нығайтуды көздейді.

Бірақ, біз бұл туралы тек тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында ғана емес, бұл істе белгілі бір өкімет билігі жүйесі алпауыттарының ерік-жігерін атқарушы болып келген қарапайым адамдардың ешқандай кінәсі жоқ болуы себепті де айтып тұрмыз. Сол жылдардың қатынастарын Қазақстан достық пен ынтымақтастық қатынастарын орнатып отырған, демократияға қарай қадам басып келе жатқан бүгінгі Ресейге ойсыз, бейғам түрде ауыстыра салмауға тиіспіз.

Оның үстіне орыс халқымен қатынастарды отаршылдау кезеңінің өлшемдеріне қарап құруға тиіс емеспіз. Қазақтардың ол халықпен тарихтың небір аумалы-төкпелі қиын-қыстау кезеңдеріне қарамастан, туысқандық пен сенімнің шынайы

қатынастары қалыптасқан болатын. Осы қатынастарды казіргі заманның ақиқат шындықтарын ескере отырып нығайту екі халықтың түбегейлі мүдделеріне сай келеді.

Біз бүгін тағы бір датаны — 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығын да атағалы отырмыз. Сол бір жан күйзелтер күндер мен түндерде болған оқиғалардың кездейсоқ еместігі әуел бастан-ақ айдан айқын еді. Алайда, ол оқиғалардың ауқымы мен тарихи мән-маңызын біз уақыт өте келе ғана толығырақ пайымдай алдық.

1986 жылғы желтоқсанда Алматы ұлт мәселесін шешудің социалистік доктринасының күлі көкке ұшқанын айдай әлемге әйгіледі. Біз бүгін таптық сезім ұлттық сезімнен басым тұрады деген тұжырымға арқа сүйеген кез келген доктринаның түптің түбінде аяғы аспаннан келмей қоймайтынын басын аша айтуымыз, айқын ұғынуымыз қажет. Кәдуілгі айта беретін кеңес халқы дегеннен «аға халықтың» ерекше орны бар-мыс дегенге дейінгі талай аңыздар шынтуайтқа келгенде ұлттық сезім мен ұлттық сананы езіп-жаншудың талай жылға созылған жымысқы саясатын бүркемелеп тұратын бетперде ғана болатын.

Ұлт мәселесін шешудің тоталитарлық тәсілдері тұңғыш рет Қазақстанда сыр берді. Шығыс Еуропада өз алдына мемлекеттер құрып отырған Венгриядағы 1956 жылғы, Чехословакиядағы 1968 жылғы ұлттық бой көрсетулердің өзі дөрекі күш қолдану арқылы басып тасталған еді. 1986 жылғы оқиғалардан кейін қазақ халқын ұлтшыл деп байбалам салған айыпты режимнің өзі алып тастауға мәжбүр болды.

Аңызбен апталып, қалыппен қапталған ұлттық сана-сезім соғыстан кейін алғаш рет саяси іс-қимылға айналды. Ашықтан-ашық саяси қарсы шығудың мұндай жаңа үлгісі бүкіл Кеңес Одағындағы ұлттық демократиялық қозғалыстың дамуына орасан серпін бітірді. Тбилисидегі, Бакудегі, Киевтегі, Вильнюстегі, Мәскеудегі, елдің басқа да қалаларындағы осы тектес оқиғалардың барлығы Алматыдан кейін болған еді.

Ескі саяси жүйенің аясында да тізгін үзуге болатындығы айқын көрінді.

Әрине, мемлекетте демократиялық процестердің мұндайлық қарқынмен өрістеуінің басқа да сан түрлі себептері бар. Дегенмен бұл істегі негізгі тетіктің бірін өздері басқаның айтқанынан шықпайтын құлаққесті орындаушылар емес, азаттыққа жаны құштар ата-бабаларының мұрагерлері деп сезінген қазақ жастарының қозғап жібергендігі даусыз.

Сондықтан да өзінің туған мемлекетін оңды-солды сынап сөйлейтіндердің кейбірі тәуелсіздік өзі келіп қолымызға қона қалды деп көкіп жүрген бүгінгі күндерде мен тәуелсіздік жолында халқымыздың сан ғасырлар бойы күресіп келгенін, осыдан дәл 10 жыл бұрын өрімдей жастар Тәуелсіз Қазақстан үшін қан төккенін арамыздан шыққан мәңгүрттердің есіне әдейі сала кетпекпін.

Бүкіл қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетін аспандатқан азаматтардың аруағын, ең алдымен жастарымыздың батыл да қалтқысыз іс-әрекеттерін ардақтай отырып, мен жастай қаршынынан қиылған есіл ер Қайрат Рысқұлбековке біздің еліміздің ең жоғары наградасы — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бүгін 5 жылдығын тойлап отырған біздің тәуелсіздігіміз қазақ халқының талай ғасырлар бойғы тарихындағы миллиондаған жандардың еркіндік жолындағы күресінің, төгілген қанының өтеуі. Біз Екінші дүниежүзілік соғыста Отан мүддесі жолында қаза тапқан жүздеген мың отандастарымызды да ұмыта алмаймыз. Сол жолда шейіт болған бабаларымыздың аруағына бас иіп, қолдай гөр деп орындарымыздан тұрып еске алайық!

1997 жылы И.В. Сталин жүргізген қайғылы жаппай жазалауға 60 жыл толады. Осы алдымыздағы жылды тоталитарлық жүйенің құрбаны болған барлық бабаларымызды еске алып, елдің басын біріктіретін жыл ретінде атап өткен дұрыс деп санаймын.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің саяси және экономикалық негіздері

XX ғасырдағы француз тарихшы Марк Блок былай деген еді: «Империяларға, корольдер мен саяси режимдерге бөліп-бөлшектеуге жұрттың неге құмар болатынын түсіну оңай. Мұның астарында өкімет билігінің белгілеріне баяғы дәстүрлер бойынша берілер марапат қана тұрған жоқ. Уақыт өлшемінде белгілі бір оқиғаның нақты анықталған орны, жылына, тіпті күніне дейін көрсетілген уақыты болады. Дегенмен, дәлме-дәлдік деген ойдан шығарылған тәңірге табынбай-ақ қоялық. Әлеуметтік құрылымның, экономиканың, наным-сенімнің, ойлау жүйесінің өзгеріске түсуін хронологиялық тар аяға сол күйінде енгізе қою мүмкін емес».

КСРО-ның құлауы — бір күнде, тіпті бір айда жүзеге асты деп кесіп айта қоятындай оңай оқиғаға жатпайды. Мен бұл кезеңге өз бағамды мұнан бұрын айтқан болатынмын.

Уақыттан өткен әділ қазы жоқ. Қазірдің өзінде бұл оқиға ерекше қуатты державаларды бірінің экономикалық, геосаяси, идеологиялық тұрғыдан стратегиялық жеңілісі болғандығы талас тудырмайды. Әрине, КСРО-ның құлауының себептерін сөз еткенде, геосаяси бәсекелестің қатаң қысымы да бар екенін байқамау үшін барып тұрған идеалист болу керек шығар. Бірақ мұны ешкім жасырып жауып та жатқан жоқ. Солай бола тұрса да, негізгі себеп — жүйенің іштей ірігені еді.

Бұл арада ең алдымен экономиканың бүгінгі заман талаптарына сай еместігін айту шарт. Кеңестік жүйенің қирауының алдындағы хал-ахуалын көзге елестету үшін ұзыннан ұзақ шұбатылып жататын кезектерді, талон карточкасыз ештеңе берілмеуге айналғанын, құны кетіп, қадірі қашқан ақшаны еске алсақ та болады.

Экономиканың әбден тұралауы жаппай зат алмасуға әкеліп соқтыратын еді. Кешегі Одақтың көптеген аймақтарында азаматтық және ұлттық қақтығыстар жүріп жатқан сол тұста Қазақстан экономикалық құз шатқалға құлап кетудің аз-ақ алдында тұрған еді, мұның аяғы неге соқтырарын болжау қиын болатын.

1993 жылдың соңына дейін біздің өзіміздің экономикалық саясатымыз болған жоқ. Бюджетті жоспарласақ та, инфляцияға қарсы шараларды, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын ойластырсақ та біз күннен-күнге «семіп» бара жатқан сол баяғы сомға қарайлайтынбыз. Оның үстіне бәріміз бір «қаржы қайығына» мінгесіп алғаннан кейін жеріне жете ойластырылмаған ырықтандыру бағдарламасына амалсыздан қосылдық. Енді бүгін мына жайды ашық айтуға болады: біздің жас мемлекетімізге апат қаупі анық төнген еді. Сол апаттан бізді КСРО құламай тұрып бірқатар ең тиімді өндіріс салаларын өз бетінше қызмет етуге бейімдеп алғанымыз ғана сақтап қалғанын атап айтқым келеді. Президенттік билік институтын енгізу жөніндегі шешіміміздің маңызы да мұнан кем болған жоқ. Бұл арқылы сондай күрделі жағдайда өкімет билігін орнықты ұстап, мемлекетті басқару тетігін қолдан шығармадық.

Тарихи таңдау жасаған кезеңде еркіндік аясы неше түрлі қисындардағы құрғақ қиялға құрылған кеңістіктерден әлдеқайда тарлау болып келеді. Осы онжылдықтың екінші бөлігінде: «Шын мәнінде нарықтық реформалар стратегиясына балама жол болды ма?» деп сәуегейситіндер көбейе бастады.

Әрине, болды. Бұл арада алдымен баяғы «бұйрық соқпағына» түсіп тарта беруді айтар едік, ал оған түссек, бұл соқпақ талон-карточка жүйесіне біржола

көшіріп, жұртшылықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық ынталылығынан біржола айырылып тынар едік. Бұл баламаңыз бей-берекеттікке, мемлекеттің құлауына соқтырар еді.

Бей-берекеттігі мұнан кем соқпайтын тағы бір жол бар болатын. Ол жол — экономиканы 100, 200 немесе 500 күн ішінде ерекше резолюциялықпен ырықтандыру еді. Қазақстан жағдайында бұл өндірісті басқарудан толықтай айырылып қалуға апаратын қауіпті жол болатын. Бұғанасы қатпаған мемлекетіміз мұндай сілкіністі көтере алмайтын.

Революцияны алып-ұшпа албырт жандар жүзеге асырады, ал реформаны бәріне байыппен қарайтын ақылды жандар жүзеге асырады. Біз елімізді эволюциялық даму арнасына салып, іргелі институттық реформаларды табанды түрде жүргізе алдық.

Бүгінгі әлемде бұған дейін ойлап табылғанды кайта ойлап табудың қажеті жоқ. Біздің стратегиямыз экономикалық трансформацияны ойдағыдай жүзеге асырған елдердің классикалық тәжірибесіне арка сүйейді. Дегенмен, өзгенің істегенін айнытпай қайталауға да болмайды.

Ал жаңғыртудың Түркиядағы, Оңтүстік Кореядағы, Қытай мен Мексикадағы тағы басқа елдердегі талай-талай үлгілері қатаң қалыпқа салмай, белгілі бір жағдайға бейімдеп жүргізілген жұмыс өз жемісін беретінін дәлелдей түседі.

Бүгінгі әлемге біз ондаған жылдар бойы өзімізбен өзіміз болып, томаға тұйық күй кешкен күннен келіп отырмыз. Өз бетімізбен, талай жерге сүріне-қабына жетіп отырмыз, бірақ осылай етпесек, онда біржола тоқырап, артта қаламыз. Біз онсыз да бұл істі кешігіңкіреп қолға алдық. Енді баяуласақ, осы қалғанымыз қалған.

Қазіргі хал-ахуалымызға баға бергенде, біз кешегі күннің қатаң қалыптарынан шығып, жалпы қабылданған өлшемдер бойынша ой түюге тиіспіз.

Алайда, экономикалық даму үлгісін таңдау өткен бесжылдықтың басқа бір маңызды құбылысын ескермеуге апарып соқтырмауы керек, ол құбылыстың мәні — XX ғасырдың соңындағы ұғымдарға сай келетін төл мемлекетімізді құру.

XVIII ғасырдың жасыны жарқылдаған қазақ сахарасында Абылай арман-дап өткен, мұң-шерге толы XIX ғасырда Кенесарыны мерт еткен, жаппай қырып-жоюдың қарсаңында Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ.

Ол арман — аңсардың барлығы да «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде — 1991 жылғы 16 желтоқсанда жүзеге асты.

Осы 5 жылда біз толыққанды тәуелсіз мемлекеттің барлық нышандарына ие болып үлгердік. Азаматтық институтының маңызын ескере отырып, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін 4 күн өткен соң «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заң қабылдадық.

Бір ғана 1992 жылдың өзінде мемлекеттің төл күш-құрылымдары — әскери күштер, Республикалық ұлан, ішкі және шекара әскерлері құрылды.

1993 жылдың сәуір айынан бастап біз ұлттық тарихымызда тұңғыш рет төл Әскери-теңіз Күштерімізді құруға кірістік. Сөйтіп, жас мемлекеттің қорғаныс және қауіпсіздік жүйесін құру ісі аяқталды. Елдің жаңа мемлекеттік рәміздері қабылданып, төл наградаларымыз тағайындалды.

Бұл істің соңғы нүктесі 1993 жылғы 11 қарашада Қазақстанның өзінің ұлттық валютасы — теңге енгізілген күні қойылды.

Осынау 5 жылда елдегі саяси-құқықтық жағдай түбегейлі өзгерді. Мемлекеттілікті қалыптастырудың мән-маңызы айрықша белесі артта қалды.

Қазақстан әлемдік қоғамдастық түгел таныған мемлекетке айналды. Президенттік басқару нысаны біржола қалыптасты. Демократиялық институттар мен принциптерді бекіткен жаңа конституцияны қабылдадық. Негізінен алғанда, елдің жаңа тұрпатты құқықтық жүйесі қалыптасты. Мемлекет өмірінде өкімет билігін бөлу принципі нақты жүзеге асты, соның арқасында билік құрылымдарының өзара іс-қимыл жасау мәселелері өркениетті жолмен шешім тапты.

Мемлекеттің біртұтастығы және оны басқарудың тиісті деңгейі қамтамасыз етілді. Мемлекет құру тәжірибесі мемлекеттік институттардың өміршеңдігіне, Қазақстандағы реформалардың жедел жүруіне кепілдік беретін іргетас — елдің біртұтастығы екендігін көрсетіп берді. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелесін мемлекеттің біртұтастығына нұқсан келтірмейтіндей етіп жөнімен шешудің де жолы табылды.

Осы 5 жыл бойында біз көптеген мәселелер бойынша ымыраға келу жолымен жүріп отырдық. Конституциялық құрылыс мәселелерінде де біз дәл осылай еттік. Мұның өзі түсінікті жәйт. Өйткені, үлкен саясат дегеніміз, «ұлы мәртебелі ымыра» мен басты саяси шешімдердің кейде адам айтса нанғысыз, кейде қисынға келе бермейтіндей қосындысы, құйындысы болып келеді.

Алайда, ымыраның да ымырасы бар. Мемлекеттік құрылым мәселелерінде ақтап алғысыз босбелбеулік пен көңілжықпастық мемлекеттік биліктегілердің ойдағыдай жұмыс істемеуіне әкеліп соқса, тілдердің мәртебесі, Қазақстан мемлекеттілігінің табиғаты мен жерге жеке меншікті енгізу мәселелерінде ымыраға келу ауадай қажет болды. Осы іргелі мәселелер біздің тәуелсіздігіміз жариялануынан 5 жыл өткеннен кейін лайықты конституциялық шешімін тапты.

Соңғы 5 жыл ішінде жүргізіліп жатқан реформалардың құқықтық негізі жалпы алғанда қалыптасып үлгергенімен, мұның өзі азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қорғауға, отандық тауар өндірушіні қолдауға, шетел инвестицияларын тартуға неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға, қылмысты ауыздықтауға, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға қызмет ететін ұғынықты да әділетті заңдарды қабылдау қажеттігін күн тәртібінен түсірмек емес. Елдің құқықтық және экономикалық жүйесінің даму келешегін дәл осылайша болжайтыным менің Қазақстан халқына жолдауымда баяндалған.

Неміс философы Лейбниц туралы айтылған: «Ол не нәрсенің де дәл анықтамасын береді, бірақ сол айтқан анықтамасы сөзбен ойлайтын тұстарда әлгіндей еркіндігінен айырылып қалады» деген сөз бар екен. Сыртқы саясатта дәл сондай сала, мұнда анықтаманы дәл беру ерекше қажетті.

5 жыл бұрын Қазақстан дербес сыртқы саясат жүргізуді тақыр жерден бастаған болатын. Рас, КСРО-ның тұсында да бізде Сыртқы істер министрлігі бар еді, бірақ республиканың сол министрлігін нағыз сыртқы саясат мекемесі деп атау тым жөнсіздеу болады. Осы жылдарда халықаралық ынтымақтастықтың толық келісімдік-құқықтық негізі жасалды. Осы кезеңде шет елдермен және халықаралық ұйымдармен барлығы 800-ден астам құжатқа қол қойылды. Сыртқы саясат саласындағы жаңа тарихымызда Қазақстан аумағындағы ядролық қару-жарақтың тағдырын шешкен ерекше бір сәттер де болды. Бұл жөніндегі шешім оңайлықпен қабылданған жоқ, сол бір күндердің шиеленісті жағдайы тарихшыларымызды толғандырардай тақырып.

Алайда, неше түрлі жобалардың арасынан, олардың ішінде отандық «геосаясатшылардың» қиял жетпестей ұсыныстары да бар, біз бірден-бір дұрыс шешімді таба алдық, мұнын өзі, сөз жоқ, еліміздің халықаралық беделінің артуына септігін тигізді.

Біз қазір Қазақстанның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығына әлемдегі ең ірі державалардың кепілдігін алып отырмыз. Қолымызда Америка Құрама Штаттары мен Демократиялық серіктестік туралы хартия, Ресей Федерациясымен келісімдердің тұтас бумасы бар. Осы жылдарда біз Қытаймен арадағы шекара мәселесін шешуге қол жеткіздік. Кеңес дипломатиясы ондаған жылдар бойы бұл міндеттің мүддесінен шыға алмай-ақ кетіп еді.

Бауырлас үш халықты байланыстырған Орталық Азия одағымен ерекше қарым-қатынас қалыптасты. Кейінгі жылдарда түркі тілдес мемлекеттердің тоталитарлық томаға-тұйық жүйе кезінде үзіп тастаған экономикалық, саяси диалогы қалпына келтірілді, бұл істе біздің құрметті мейманымыз — Түркия Президенті Сүлеймен Демирелдің зор еңбегі бар. Мұның өзі әлемдік саясатта үстемдік алып тұрған фактор, Қазақстан осы бағыттағы біріктіруші байланыстардың нығая түсуін белсенді түрде жақтайды. Біз сондай-ақ араб әлемімен мәдени, іскерлік ынтымақтастықты кеңейтуді де қолдаймыз.

Республикаға ірі көлемде шетел қаржысы келе бастады. Алайда, бізде сары уайым сапырып, өз егемендігімізді шетел инвестицияларына сатып жатырмыз деп пайымдайтындар да бар. Алайда, бұл жекешелендіру үрдістерін жандандыру және экономиканы көтеру мақсатымен жасалып отырған жоқ па?

Ендеше, әлгіндей ойлайтындардың мынадай қарапайым жайды түсіне алмағаны ма: өзінің қаржысын Қазақстанға салған инвестор ұзақ уақытқа деп есеп жасайды, мұның өзі басқа жақтарын айтпағанның өзінде, біздің тәуелсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызға берілетін қосымша кепілдік емес пе? Осы соңғы жылдар ішінде жан-жағымызда қолайлы сыртқы саяси орта қалыптасқаны ішкі реформаларды жүзеге асырудың аса маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Біз о бастан-ақ Қазақстанның сыртқы саясатын көп тармақты етіп құрған болатынбыз. Өткен 5 жылдың тәжірибесі, мұның өзі Қазақстанның геосаяси жағдайына әбден сәйкес келетінін көрсетіп берді.

1990 жылдардың бірінші жартысы кейбір жылдар кәдуілгі тарихтың ондаған жылына татиды деген ежелгі ойдың әділ екенін дәлелдеді. Уақыттың жүрдек ағымы «интеграция» терминінің мазмұнын да өзгертіп жіберді. Алғашқы кезде Қазақстан бұл орайда кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте бұрыннан қалыптасып қалған экономикалық, саяси, сондай-ақ кәдімгі адамдық байланыстарды сақтап қалу қажеттігін алдымен айтатын.

Көптеген қайраткерлердің ақыл-есі, өкінішке орай, саяси коньюнктураға сәйкес кейде кіресілі, кейде шығасылы болып тұратыны бар. Сондықтан да Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру идеясы ең алдымен Қазақстанның сындарлы бағытының арқасында аман қалғанын сондайлардың есіне сала кеткім келеді.

Алайда, сол алғашқы кезеңнің өзінде-ақ біз жаңа интеграциялық құрылымдарды құруға қатыстық, олардың арасынан Экономикалық ынтымақтастық ұйымын және Орталық Азия одағын бөле айтуға болады.

Қазақстан Еуропаның Кайта құру және даму банк ісінің, Азия Даму банкінің мүшелігіне өтті, НАТО-мен, Еуропа Одағымен, сондай-ақ Ислам конференциясы ұйымымен қарым-қатынасын жолға қойды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылғаннан 3 жыл өткеннен кейінгі осы құрылымның сөзге бейімделіп бара жатқанын байқап, оған тың серпін беру қажеттігіне көзіміз жетті. Қазақстан Еуразия Одағын құру жөнінде үлгілі бастама көтеріп, ұсыныс жасады. «Қалғып» бара жатқан Достастықты бір сілкінткен жай осы болды. Біздің үлгілік жобамызда көзделген идеялардың көпшілігі кейіннен

екіжақты, көпжақты шарттар нысанында жүзеге асты. Мұның өзі экономикалық салада, кеден одағын құруда, азаматтық мәселелерін шешуде нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Өтіп бара жатқан ғасырдың соңында «интеграция» ұғымыменен салиқалы түрде қайта пайымдап алмасақ болмайды.

Біріншіден, біз ешқандай идеологиялық, діни немесе өркениеттік аңыздар мен өлшемдерге артықшылық атаулыны қабылдамаймыз. Басты өлшем — тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттік мүддесі.

Екіншіден, біз қай істе де прагматизмді ұстанамыз. Иә, тарихтың ұлы ұстаз екені рас, дегенмен мәңгі бақи оның ішінде қалып қоюға болмайды. Біз өткенді көксей бермей, Еуразия кеңістігіндегі тарихи байланыстарымызды жаңаша сипатқа көшіруіміз керек.

Үшіншіден, әртүрлі интеграция құрылымдарына болып көргендегі тәжірибеміз бүгінгі таңдағы интеграцияның әмбебабы принциптерінің артықшылықтары мол екенін дәлелдеп отыр. Бұл принциптер — теңдік пен еріктілік. Күшпен біріктіру деген «империялардың қаңқасын құрап» жүретіндердің сандырағында ғана қалған.

Төртіншіден, интеграция эволюциялық жолмен дамыса ғана өнімді болмақ. Революциялық оқыс сілкіністер, аяқ астынан біріге қалу, байыбына бармай жатып конфедерация құра салу сияқты қадамдар қалыпты және табиғи дами келе жатқан процеске тек залал келтіруі мүмкін.

Ақыр аяғында, бір бағыттағы интеграция қадамдары басқа бір бағыттағы қадамдардан бас тартуға соқтырмауға тиіс.

Бүгінгі әлемде аймақтық одақтардың неше түрі бар, олар сонысымен де мықты болып отыр. Мұның өзі Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүдделерімен әбден орынды қабысады.

Рас, реформа қазірше өзінің артықшылығын барлық қазақстандықтарға дәлелдеп үлгерген жоқ. Бізге бюджетке қарайтын саланы қаржыландыруға, тұрмысы нашар адамдарды, мүгедектерді, зейнеткерлерді қолдауға, ескірген өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға, қорғаныс қабілетін ойдағыдай деңгейде ұстауға қыруар қаражат керек. Бізге жер қойнауындағы қазыналарымызды сыртқа алып шығып, мемлекет мүддесіне жарату үшін жаңа, экологиялық таза және ғылымға негізделген өндіріс жасау үшін ғаламат күш-қуат жұмсау керек.

Дегенмен, біздің еліміздегі өзгерістердің стратегиялық бағытын айқындап келген және алда да айқындай беретін ортақ қағидалар бар. Сол қағидаларды берік ұстана білу — реформаның жемісін бүкіл халық көретіндігінің кепілі.

Ең алдымен реформалар саяси тұрғыдан қолдауды қажет етеді. Былайша айтқанда, реформалардың экономикалық жағынан орынды болуы жеткіліксіз, олар саяси жағынан қорғалуы да шарт.

Бұған қоса реформаларды тез жүргізу керек. Тез жүргізген соң халыққа онша жаға бермейтін шаралар болмай қоймайды. Ал жай жүргізу — адамдардың тұрмысын жақсартуды баяулату деген сөз. Демек, бұлай асықпаудың әлеуметтік құны да арта түседі.

Реформалардың жақсы жемісін адамдар өздерінің күнделікті өмірінен нақты сезінуге тиіс. Қоғамның үміті үзілмеуі қажет. Иә, бүгінгі таңда көптеген қазақстандықтар жаңа саяси және экономикалық жағдайларға әлеуметтік бейімделу кезеңінен өтіп болып қалды. Көптеген адамдардың ашып алған өз кәсібі бар. Өнеркәсіп орындарының бірқатары шаруашылық жүргізудің жаңа тиімді түрлерін тауып үлгерді. Ендігі жерде сонда жұмыс істейтін адамдар реформаларды

тежеп, кешегі күнге қайтып оралуды әсте де қаламайды. Алайда, тәуелсіздігіміздің жаңа бесжылдығына және өзіміздің қаржы-ақша жүйеміз жұмыс істей бастағалы бергі төртінші жылға аяқ баса отырып, біз нарықтық өзгерістердің әлеуметтік әсері қалың жұртшылықтың көпшілігіне тиетіндей болуын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Ақырында, реформаларды жүзеге асыра отырып, принципті мәні бар мәселелер бойынша келісімпаздыққа салынуға болмайды. Келісімпаздық саясаты реформаны жүргізушілердің өзіне келісімге келіп отырған саяси күштердің тарапынан қолдауды да, тіпті бейтарап қарауды да кепіл ете алмайды. Өзгерістердің ең басты өлшемдерінің бірі деп біз саяси өлшемді айтуымыз керек. Қазіргі таңда ол өлшем өзгерістердің жүзеге аспай қоймайтыны болуға тиіс. Нағыз оппозиция болуы керек, оның болғанының өзі жақсы да. Оппозиция — демократияның бір белгісі.

Сондықтан да біз барлық саяси күштерді сындарлы диалогқа шақырамыз, сонымен бірге мұндай әңгіме өткізудің шарты заң шеңберінде саяси іс-әрекет жасау екенін еске саламыз. Бұған қоса, Конституцияға қарсы келетін іс-қимыл жасауға шақыратындарға байланысты ұстанатын біздің бағытымыз да айнымақ емес — мемлекет заңды саналы түрде бұзып, саяси және материалдық ұпай жинап қалғысы келетін, қоғамның негіздерін шайқалтпақ болған арандатушыларға төзіп отыра бермейді.

«Бүгіні күннің байыбына уақыт өте келе ғана баруға болады» деген сөздің мәніне зер салатын күн жеткен сияқты. Қазір болып жатқан өзгерістердің және алдымызда тұрған мәселелердің ауқымын бағамдау үшін бүгінгі күнге кештегімен салыстыра отырып көз тастау қажет. Жалақы мен зейнетақының уақытылы төленбеуі, коммуналдық қызмет саласындағы қиындықтар, бюджетке қарайтын әлеуметтік салалардың проблемалары, тағы басқа мәселелердің барлығы да таяу жылдарда өз шешімін табады. Сонда бүгін біз негізін қалап жатқан нәрселердің арасынан принципті маңызы ерекше деп нені айтқан жөн?

Келешек дегеніміз — келеңсіздіктерден арылған бүгінгі күн деген сөз бар. Бүгін не істесек те соның бәрі болашақ дамуымыз үшін негіз жасауға арналады. Біз басым бағыттардың басын ашып алып, болашақ туралы телеэкранға немесе газет бетіне үңіле қалған бөлігі кемшін кейбіреулердей емес, сол басым бағыттар биігінен ой толғауымыз керек.

Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалудан маңызды міндет болмақ емес. Қазіргідей күрделі жағдайда өзінің қорғаныс құрылысын жүргізіп жатқаны, ол істі барлық қиындықтарға қарамастан жалғастырып отырғаны әлдебіреудің ойына түсе қалған нәрсе емес, мәні терең өмірлік қажеттілік екендігін болашақ ұрпақтарымыз бағалай жататын болады.

Соңғы жылдардың бәрінде Қазақстан қолданып келген саяси құралдардың бай арсеналы да идеализм атаулыдан ада екенін баса айтуымыз керек. Мұның барлығы да тәуелсіздік пен аумақтық тұтастықты нығайтудың құралы. Біз ынтымақтастық процестерін де осы тұрғыда қарастырамыз.

Осы кезеңде біз үшін экономиканы кең көлемде нарық жағдайына көшіру де өте маңызды. Нарықтың өзі, әрине, түпкі мақсат емес, ол бізді дерт біткеннің, әлеуметтік мұқтаждық атаулының бәрінен құтқара да қоймайды, бірақ дәл бүгін тиімді экономика қалыптастырудың бұдан басқа жолы жоқ. Мұндай экономикасыз Қазақстанның нағыз тәуелсіздігі де болмайды, адамдарымыздың тұрмыс-тіршілігі де оңала қалмайды.

Осы арада мына бір тақырыпта ой қозғасам деймін. Келмеске кеткен кешегі күнімізге қайтып оралуға шақырып жүргендерді, нарық ұлттық дамуымызға қауіп

төндіреді дейтіндерді, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды біз баяғы қалпында сақтап, тұмшалап ұстауды талап ететіндерді нағыз отаншылдар деп санайтын жаттама сөздер, меніңше, қазір соны айтатын адамдардың өзін де жалықтыра бастаған сияқты.

Ұлттың, мемлекеттің мүддесін қыздырмалы қызыл сөзге қия салмай, осы іспен күнбе-күн, білек сыбана айналысатын адамдар егер біз әлемдік рыноктың қатаң талаптарына бейімделе білмесек, Қазақстанның тәуелсіз экономикасында болмайтынын әлдеқашан ұғынып алды.

Демократиясы дамығалы, нарықтық институттары орнағалы бір жарым ғасыр өткен дәулетті елдерде халық еркінірек, жағдайы бізден гөрі жақсырақ, әлеуметтік бағдарламаға келгенде де бізден гөрі жомарттау екен деп, қырық қайталап айта бергеннен ештеңе шықпайды. Оған біз де жетеміз, бірақ ондай аңсарлы іс бүгін де, ертең де орнай қалмайды. Оған қол жеткізу үшін бұдан 5 жыл бұрын ешкім де көзге нақты елестете алмайтындай принциптерге негізделген толыққанды экономиканы қалыптастыруымыз керек. Әркім өзінің игілігіне еңбек етсін, сонда мемлекеттің де игілігі артады. Сондай-ақ әркім осы күрделі кезеңде өз еліне қол ұшын беруге ұмтылуға тиіс. Бүгінгі таңда масылдыққа еш жерде де орын болмауға тиіс. Игілікке кенелу туралы айтпас бұрын алдымен нақты бір нәрселерді жасап алу керек.

Біздің стратегиялық мәні бар басым бағыттарымыздың бірі — ұлтаралық келісім. Біз ұлт мәселелерін шешуге біртіндеп, абайлап кірісуді жақтаймыз. Осылай еткеніміздің жемісін көріп те отырмыз. Бұл — жеке адамның пікірі емес. Мұны әлеуметтік, атап айтқанда, көші-қон статистикасы, басқа да көптеген зерттеулер қуаттайды. Экономикадағы елеулі қиындықтар тұсында, саяси-құқықтық салада түбегейлі өзгерістер жасап жатқан кезде бізде ұлтаралық қақтығыстар болмағаны осы жылдардың маңызды нәтижелерінің бірі ғана емес, мұның өзі болашаққа берік негіз қалайтын жай. Кеңес өкіметі тараған кеңістікте ұлт мәселесін күшке салып шешеміз деген тұста әрдайым жүздеген, мыңдаған адамның қаны төгіліп отырғанды. Өкінішке қарай, бұл кездейсоқтық емес, заңдылық. Қит етсе күш көрсетеміз деп үркітіп, ұлт мәселелерді тасалап, тұншықтырып ұстаған тоталитарлық жүйенің шаңырағы ортасына түскен кезде аса күрделі ұлт мәселесін реттеудің жаңа тәсілдеріне үйрену қажеттігі туындады. Бұл ғылымға алаңда айқайлаумен көзге түсуі, өкімет билігіне ұмтылып баққан талай адамдардың тісі батпай-ақ қойды. Бір халықты бір халыққа айдап салу оп-оңай. Ол кез келген жәдігегөйдің қолынан келеді. Ал ұлт мәселесінде ондаған, тіпті кей тұста жүздеген жылдар бойы қордаланып қалған тап — тауарын түсініктер мен ұшқары ұғымдардан адамдар санасын арылта алу — көршінің терезесіне тас атқандай таңданарлық іс болмағанымен, ең бір ұсынақты зергердің шеберлігін қажет ететін киын шаруа.

Біз мына позицияны айқын да табанды түрде ұстануымыз керек: Қазақстан барлық ұлттық мәселелер атаулыны өзінін жана тарихының алғашқы 5 жылындағыдай бірте-бірте, тізеге салмай шешіп отыратын болса ғана қуатты да тәуелсіз, егемен, аумағы біртұтас мемлекет ретінде сақтала алады.

Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет құрудың негізгі тетігі — саяси тұрақтылық. Бұл — жай айта салған ұран сөзі емес. Бұл ұғымға ең алдымен осы өткен 5 жылдың ішінде өмірге келген жаңа қоғамдық-саяси институттармен — билік тармақтарымен, партиялармен, мемлекеттен тыс бұқаралық ақпарат құралдарымен, тәуелсіз сот жүйесімен қалыпты өзара іс-әрекет ету жатады. Мұндай іс-әрекет салған беттен жемісін бере қалады деп үміт етуге болмайды. Дегенмен, осы жылдар ішінде жаңа саяси жүйенің құрылымдық әлеуеті жасалғанын да ескерген жөн. Бұл жүйе

елдегі тұрақтылық негізгі саяси топтар қызметінің мақсаты мен ұстанар қалыбына айналғанда ғана ойдағыдай дами алады.

Бұл арада қоғамдық дамудың екі түрлі стратегиясын нақты көре білу шарт. Оның біріншісі — нарықтық экономика, құқықтық мемлекет, дамыған азаматтық қоғам. Тұрақтылық этникалық әралуан қоғамдарда ұлтаралық келісімге арка сүйейді.

Бұл стратегияның баламасы қандай? Әміршіл экономика, тоталитарлық мемлекет, ұлтаралық қақтығыс па? Келісім мен тұрақтылықты қоғамдық дамудың бірінші үлгісіне ғана негіздеп құруға болады.

Тұрақтылық саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне көбірек сүйенгенде ғана сақталмақ. Осыдан біраз жыл бұрынғы күшке салып өткізілген саяси науқандарды да, бұрынғы кеңестік мемлекеттердің бір қатарындағы күш көрсетудің неге соқтырғанын да тез ұмытқандаймыз.

Иә, өздері темірдей тұтқан, өмір бойы сеніп өткен мұраттарының күйрегені, туысқандық, достық байланыстарының үзіліп қалғаны, тұрмыс деңгейінің бұрынғыдан нашарлағаны талай адамға оңай тиген жоқ. Одан да ашығырақ айтар болсам, жер-жерде қаулай жөнелген, біздің халқымыз бен мемлекетіміздің ерік-жігерінің арқасында ғана Қазақстанды шарпымай өткен ұлтаралық қақтығыстардың аяусыз өртіне күйген адамдарға жаңа қоғамдық құрылысты жақсы деп дәлелдеу де оңайға түспейді. Сонда да мен бүгін қазақстандықтарға: сіздердің өздеріңіз жасаған таңдаудың дұрыстығына күмән келтіретін арзымсыз саясаткерлердің сезіне сенбес бұрын біздің қандай мұрадан бас тартқанымызды және неге қол жеткізгенімізді ой безбеніне салып көріңіздер дегім келеді. Халықтың ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсаған арманы жүзеге асқаны кімге зиян? Қазақстан бүгінде «КСРО-ның бір бөлігі» емес, жыл өткен сайын әлемдік қоғамдастықта беделі арта түсіп келе жатқан егемен мемлекет болып отырғаны кімге зиян?

Біздің жеріміздің қойнауындағы аса бай қазыналар алғаш рет Қазақстан халқына қызмет ете бастағаны кімге зиян? Біздің жерімізді адам өмір сүре алмастай уланған шөл аймаққа айналдырған өлім сепкіш қарудың сыналмайтын болғаны кімге зиян? Біздің жерімізде бейбітшілік пен тыныштық орнағаны, балаларымыздың Ауғанстанда, Таулы Қарабақта, Днестр маңы өңірінде немесе Шешенстанда ажал құшпай жатқаны кімге зиян? Осының қадір-қасиетін білейік те, ағайын.

Біз туындап жатқан проблемаларда күш көрсетейік десек, күшіміз жетпей жатқан жоқ, оған ешкім алаң болмай-ақ қойсын. Біздің Конституциямызда мемлекетті және оның демократиялық институттарын қорғаудың барлық жолдары көзделген.

Қақтығыстарда күш қолданбай шешуді ұсынсақ, реформалар жүргізіп жатқан қазіргідей күрделі кезеңде бәтуаға келу ерекше қажет екенін ұғынғанымыздан деп білу керек.

Саяси тұрақтылықты аспаннан өздігінен түсе қалған сый секілді керуге болмайды. Ол саяси қарым-қатынастардың орнықтылығымен, қоғамдық дамудың дәйектілігімен тікелей байланысты. Сондықтан өкімет билігінің тармақтарының да, саяси қозғалыстардың да бұл туралы есте ұстағаны маңызды. Барлық заңдарды, шешімдер мен іс-әрекеттерді олар қоғамның тұрақтылығы мақсаттарына сай келе ме деп сараптан өткізгені жөн.Тек содан кейін ғана ол шешімдерді кабылдау керек. Ешкімнің де Конституция талаптарына қайшы әрекет етуге құқығы жоқ. Біз Негізгі заңда айқындалған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермейміз.

Саяси қарым-қатынастардың орнықтылығын қамтамасыз ететін көптеген факторлардың арасында экономикалық тұрақтылықты, ұсақ және орташа меншік

иелерінің тұтас бір буыны болуын, заңдардың қатаң орындалуын, әлеуметтік, ұлтаралық, сондай-ақ діни төзімділікті атауға болар еді.

Саяси тұрақтылықтың сақталуының негізгі шарты мықты экономика екенін біз жақсы түсінеміз. Біздің негізгі күш-жігеріміз алуан түрлі сауда-саттыққа ғана емес, дәл осы салаға жұмсалуы керек. Реформаларды жақтайтындардың қатарын жаппай көбейту — экономикалық қана емес, идеологиялық та міндет. Бізге қазір жартылай социалистік ұрандардың басын онды-солды қоса салған қойыртпақ емес, реформашылық идеологиясы керек.

Алайда саяси тұрақтылықты бір келген соң басқа тепсе кетпес бактай көруге де болмайды. Шиеленіс шығатын жерлер табылмай тұрмайды, олар әсіресе әлеуметтік салада көбірек. Жаңа мәселелерді шешудің тетіктерін іске қоспасақ, әр салалардағы реформалардың қарқынын үйлестіре білмесек, жалпақ жұртшылықтың сенімінен шыға алмасақ, онда тұрақтылықтың сақтала беруі неғайбыл болады.

Біз реформаларды күрделі жағдайларда жүзеге асырып жатқан үкіметті қолдаймыз. Бірақ біздің бұл қолдауымыз адамдардың күнбе-күнгі өмірлік мәселелері қалай шешілетіндігіне тікелей байланысты. Олай болмаған жағдайда үкіметке басқа адамдар келуі керек.

Біз өтпелі кезең туралы көп айтамыз. Бұл кезеңнің қашан аяқталатынын ешкім де нақты айта алмайды. Оның кешегі күнге кайта оралуға болмайтындай жағдай жасалғанда ғана аяқталғанын айта аламыз.

Өтпелі кезеңнің өзі әртүрлі қоғамдық-саяси күштердің қақтығысымен сипатталады. Әңгіме кез келген мемлекетте кездесе беретін саяси кереғарлықтар туралы болып отырған жоқ. Мәселе дамудың екі түрлі бағытында: оның бірі — әрқилы әдемі ұрандармен боялып, сылап-сипап қойған өткен кезеңге қайта оралу да, екіншісі — бұрынғы қоғамдық институттарды түбегейлі алмастыру. Осынау екі түрлі мүдденің, екі түрлі стратегияның, екі түрлі идеологияның, екі түрлі көзқарастың қақтығысына біз күнбе-күн куә болып келеміз, өзгерістер енді кешеуілдемейді, мемлекеттің барлық проблемалары түбегейлі шешілді деп сеніммен айтуға әлі ертерек.

Кез-келген өтпелі қоғамдағы әлеуметтік құрылым орнықсыз болады да тез өзгереді. Бұл арадағы мәселе материалдық өзгерістер туралы емес, барлық әлеуметтік топтардың қоғамдық мәртебесі алмағайып күйге түсетіндігі жайында болып отыр.

Осының бәрі бас-аяғы 5 жылдың ішінде болғандықтан да бұқаралық сананың бұл өзгерістерге тиісінше жауап беріп үлгере алмай қалатынына таңданудың жөні жоқ. Мұның өзі ара-тұра жұрттың зықысына тиіп, баяғы идеологияның сарынымен сөйлеуге итермелеп те жатады, бұл кейде тоталитарлық утопияға, ал кейде ауыл арасындағы социал реформизмге де ұласып кетеді.

Осы солшыл немесе солшыл-орталық ыңғайдағы доктринашылдық сырттай қарағанда тартымды-ақ болып көрінгенімен, ол болашақ Қазақстан үшін сүйеу бола алмайды, мұның объективті себептері бар.

Біздің қоғамымыз құрылымдық тұрғыдан алғанда осы-таяу жылдардың өзінде бірнеше ірі топтардан тұратын болады. Оларды шартты түрде ұсақ және орта меншік иелері, жалдамалы еңбекпен айналысатындар, ірі ұлттық капитал иелері деп бөлуге келеді. Әрине, қоғамды басқаша өлшемдер мен жіктеулер бойынша да қарастыруға болады, дегенмен бұл арада нақты және жаппай әлеуметтік мүдделерді осы топтардың өкілдері білдіретіндігін ұғыну өте маңызды. Әлеуметтік серіктестіктің қандай тетіктері іске қосылатынын біздің күнделікті жұмысымыз бен нақты экономикалық мүмкіндіктеріміз айқындайды. Қазақстан қоғамының жаңа

жағдайға, жаңа әлеуметтік құрылымға бейімделуі революциялық, ұраншылдық арқылы емес, әлеуметтік серіктестік арқылы жүруі керек.

Осы 5 жылда біздегі қоғамдық институттар қандай өзгерістерді бастан кешті?

Меншік иелерінің тұтас бір буыны дүниеге келді; баға еркін белгіленетін болды; тың тұрпатты сот жүйесі жасалды; шаруашылық жүргізуші орындар қалай да жоспар орындауды емес, кіріс табуды көздеуге көшті; қатаң бәсеке өрістеуде; қаржы көздерінің. мемлекеттен тыс инфрақұрылымы жасақталды; ашық экономика қалыптасты; қорлар рыногы құрылды, тағы басқа өркенді өзгерістер өмірге енді. Кейінгі 2 жылда еліміздің мәдени өмірінде де елеулі жақсы жаңалықтар болды.

Ұлы ақындарымыз Абай мен Жамбылдың бір жарым ғасырлық тойларын лайықты деңгейде өткіздік.

Рас, қазірше нарықтық инфрақұрылымның барлық нышандары бірдей тиісінше дамып кете қойған жоқ, дегенмен, біз бүкіл дүние жүзі жүріп еткен жолға түсу үшін батыл қадам жасай алдық. Бізді сынап сөйлейтіндер мемлекет тарапынан реттеуге қайта кешу керек еді дегенде, бұлай етсек жаңа жағдайларға бейімделіп үлгерген экономиканы біржола құртып тынатынымызды түсінбейді. Ендігі міндет жүзеге асырылып қойған реформалардан әлеуметке мүмкіндігінше көбірек пайда келтіру. Беталды сынай бергеннен береке кіре қалмайды.

Өтпелі қоғамның ерекше мәнді сипаты мен өзіндік проблемасы қоғамдық институттардың жеріне жете реформаланбауынан, әміршіл экономиканың қалдықтары мен нарықтық институттардың араласып келуінен танылады. Қазақстанның XXI ғасырға толыққанды жұмыс істейтін нарықтық жүйемен енуін қамтамасыз ету бүгінгі тандағы аса іргелі міндеттердің бірі болып отыр.

Сонымен, оқиғаларды кейіннен тарих деп аталатынның бойына жинақтаған осы 5 жылдықта біз не нәрсеге қол жеткіздік?

Біріншіден. Біз жаңа мемлекеттіктің негізін жасадық. Бұдан 100 жыл бұрын үзілген эволюциялық процесс қалыпты арнасына қайтып оралды. Ал бүгінгі таңда қалыптасып жатқан нәрселерді ауқымы жөнінен ұлттың өткен жолының бірде-бір кезеңімен салыстыруға болмайды.

Екіншіден. Біздің нарықтық экономика құруға қарай шешуші ұмтылыс жасауымыздың сәті түсті. Кәнеки, ауыл-аймақтық баға беруден іргені аулақ салып, шындықтың көзіне тура қарайықшы. Әлемнің нарықтық реформациялар шапшаң және дәйекті жүргізілген аймақтарында бүгін таңда тұрмыс деңгейі күрт көтерілді; ал табансыздық пен жартыкеш әрекеттер бой көрсеткен жерде бұл кадам тұйыққа апарып тіреді. Біз 5 жыл ішінде ілгері ұмтылуымызға қажетті институттарды құрдық.

Үшіншіден. Бүгін таңда нашар түсінілетін, бірақ құқықты жүйеде ұзақ мерзімді нәтижелері болатын бетбұрыс жасалды. Біз ілгері қарай алыс кеттік және күні кешегі тоталитаризмнің сүргінге толы құқықтарынан мәңгіге құтылдық деп үміттенемін. Және біз жеке-дара партияның өктемдігін талқандадық. Ол сөздің шын мәнінде қалыпты партия бола да алмады, керісінше, өктемшіл мемлекеттік аппаратқа айналды. Егер қысқа ғана айтсақ, еркін қоғамның құқықтық негізі жасалды.

Төртіншіден. Біз езіміздің жас мемлекетіміз қалыптасуының мейлінше күрделі учаскесін қан төгусіз өттік. Көп ұлтты және көп дінді елге бұрынғы мемлекет пен қоғамдық құрылыстың дереу ыдырауы жағдайында мұның қаншалықты күшке түскенін келесі ғасырдың тарихшылары айтатын болады. Бірақ бұл — біздің даусыз жетістігіміз, онда халықтың кемеңгерлігі де, басшылықтың саяси ерік-жігері де бейнесін тапты.

Бесіншіден. Қазақтың мемлекеттік бірлестіктері ежелгі Қытай, Араб және Еуропа дереккөздерінде еске алынғанымен, Қазақстан ешқашан да осындай дүние жүзі таныған мемлекет ретінде болған емес. Бұл соңғы 5 жылдың жетістігі. Кәнеки, Қазақстанның ыдырап кеткен империяның шет аймақтағы бұрышынан дүниежүзілік қоғамдастық құрметтейтін және ядролық қарусыздану сияқты ғаламдық процесте орасан рөл атқарған тәуелсіз мемлекетке дейінгі ауқымы жағынан ғаламат қашық жолды жүріп еткенін есте сақтайық. Егер әлем бізді топтасқан, демократиялық, бір пікірлестердің экономикалық қуатты қоғамы деп көретін болса, дүниежүзілік қоғамдастық Қазақстанды осы ретте тани беретінін түсіну маңызды.

Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығын XXI ғасырда атап ететін болады. Мынадай бір оғаш ақиқат бар: ғасырлардың тоғысында ұлттар мен мемлекеттердің алдында тарихи таңдаудың проблемалары айрықша өткір тұрады. Уақыттың үніне дұрыс жауап қайтарудан тек казіргі ғана емес, ертеңгі ұрпақтың да өмірі байланысты болады. Біздің басым бағыттарымызды тұжырымдап көрейін.

Біріншіден. Мемлекеттік тәуелсіздік — бұл тарихтың сыйы емес және тек казіргі ұрпақтың бір өзінің ғана меншігі емес. Бұл — өткеннің алдындағы парыз және болашақтың алдындағы жауапкершілік. Қазіргі ұрпақтың рөлі мынада — ол осы мемлекеттік пен тәуелсіздікті тек нышандармен ғана емес, олар қандай сүйкімді болып көрінсе де, кайта нақты мазмұнмен толықтыруға тиіс. Жай ғана саяси тәуелсіздік пен күшті мемлекет арасын орасан зор қашықтық бөліп жатыр.

Біздің мақсатымыз — Қазақстанның тәуелсіздігін ақиқат шындыққа айналдыру, экономикалық, құқықтық, әскери, ақпараттық өлшемдерді ақиқат шындыққа айналдыру. Бүгінгі мемлекеттіктің аксиомасы осындай.

Екіншіден. Біз бүгін тарих тағылымдарын жақсырақ түсінеміз. Мәселе тек түсінуде ғана емес, сонымен катар қорытынды шығара білуде де. Ұлттық тарихымыздың ең бір алмағайып сағаттарында халық бірігу үшін әрқашан да күш таба білді, алайда ұлттық ыдырау тетіктерінің соншалық тез іске қосылуы да мәңгілік лағнетке батыратын. Біз ғасырлар бойы шыға алмай келген ескі қақпанға түспес үшін атам заманғы таптаурындықтардан іргені аулақ салуымыз керек. Сондықтан біздің міндетіміз шынайы ұлттық топтасуға қол жеткізуде болып отыр, онсыз біздің мемлекетіміздің болашағы жоқ.

Үшіншіден. Ұлтаралық келісім — бұл тәуелсіздігіміздің бірінші және екінші бесжылдығының мәселесі емес және жалаңаш саяси прагматизмнің мәселесі емес. Біз қарапайым екі ақиқатты игеріп, келесі ұрпаққа беруге тиіспіз: Қазақстан әрқашан да көп ұлысты мемлекет болды және ешкім, ешқашанда қандай да бір ұлттық тазартуды жүргізбейтін болады; біздің көп ұлыстығымыз — орасан зор мәдени, экономикалық және саяси ресурс. Алдымызда қарапайым міндет тұр — біздің бәріміз азаматтық ортақтығымызды сезінуге тиіспіз. Бірақ осындай қарапайымдылықтың ту сыртында орасан зор күрделіліктер бой тасалауда: өткенді аңсау да, мен ағамын, сен інісің деген сияқты жаман әдет те бар. Біз жаңа саяси болмысты — тәуелсіз Қазақстанды тезірек сезінсек — еркім өзінің оның тағдырына қатыстылығын тезірек сезінсе, біздің ұлтаралық татулығымыз да одан бетер бекем бола түседі.

Төртінші. Бостандық пен тәуелсіздік — бұл тек мемлекеттің сөзсіз өлшемдері ғана емес. Миллиондар мемлекеттің тағдырына тікелей қатыспайынша оның келешегі жоқ. Мемлекет сағаң не беруге тиіс деген сұрақ қисынды да әділетті. Бірақ оның тарихындағы ең маңызды кезеңде сен өз мемлекетің үшін не істеп жатырсың деген сұрақ та әділетті болмақ. Біздің ата-бабаларымыз, біздің өр кеуделі және

бостандық сүйгіш халқымыз ең қатаң жылдарда да өздеріне осындай сұрақ қоятын. Бүгін отаршылдық пен тоталитаризм ғасырларынан кейін мемлекеттің тағдыры әрбір адамның азаматтық өлшеміне айналуға тиіс.

Және, ақыр аяғында, бесіншіден. Бүгін біз қандай қоғам құрып жатырмыз деген сұрақтың берілмеуі мүмкін емес. Иә, жай ғана — құқықтық көзқарас тұрғысынан алғанда барлығы заңмен тұжырымдалып, айқындалған: біз әділетті қоғам құрғымыз келеді.

Бірақ әділетті қоғам нарықтың әлеуметтік проблемаларды өзінен-өзі шеше алмайтыны сияқты декреттермен құрылмайды. Нарықтық романтизмнің немесе құқықтық абстракциялардың кезекті утопиясының торына түсіп қалмас үшін біз халықтың жаппай күтіп отырған нәрселерін парасаттылықпен бағалай білуге тиіспіз. Әрине, әділетті қоғам — бұл қайыршылықтағы теңдік емес, бірақ касталық иерархия да емес. Нарықтық экономикалы, еркін, тәуелсіз мемлекеттегі әділеттілік — бұл ең алдымен баршаның заң алдындағы теңдігі. Жас мемлекеттердің ежелден белгілі дерттері — жемқорлық, қылмыстың жүгенсіз кетуі және бюрократтық өктемдік — ең терең реформалардың мәні мен мазмұнын бұрмалап жіберуі мүмкін. Бұқараның реформалардың әділеттілігіне деген сенбеу қаупі нақ осы арада бой тасалап жатыр, құқықтардың нақты жұмыс істейтін тетіктерін жасау — ғасырдың соңындағы ең басты міндеттердің бірі нақ осы.

Біздің буын ту сыртынан тарих тынысын сезіп тұр десек, бұл қыздырмалы қызыл сөз емес. Миллиондаған ата-бабаларымыздың алдындағы, даланың ұлы билеушілері мен батырларының алдындағы, осы 100 жылдықтың алғашқы 30 жылының керемет дарынды мемлекет қайраткерлерінің алдындағы, бәрінен бұрын талай жылдардан кейін тәуелсіз мемлекеттердің сапында өз орнын қайта тапқан халқымыздың алдындағы ерекше жауапкершілік жүгі бізге осылай айтқызып отыр.

Мұндай тағдыр жер бетіндегі халықтардың бәрінің маңдайына жазыла бермейді, қысқа ғана уақыт аралығында осыншама күрделі міндеттерді шешу де кез келген халықтың қолынан келмейді. Өзіміздің қуатты мемлекеттігімізді құра отырып, тиімді экономиканы қалыптастыра отырып, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап қалу — XXI ғасырдың табалдырығындағы біздің міндетімізді осылайша тұжырып айтуға болар еді. Әртүрлі ғасырлар мен әрқилы дәуірлерде тарих біздің халқымыздың алдына өте қатаң, кейде тіпті қатал міндеттер қойып отырған. Мемлекеттігімізден айрылғанда да біздің халық ретінде сағымыз сынған жоқ. Ғасырлар тоғысында тұрған осы сәтте де біз жағдайды боямалаудан аулақпыз.

Алайда, ұлттық тарихымыздың қандай бел-белесінде де біз өзіміздің мемлекеттігімізді сан ғасырлар бойы тапжылмай тұратындай етіп құруға дәл осындай мүмкіндік алып көрген емеспіз. Тағдырдың осы сирек сыйын пайдаланып қалу — біздің ұрпақтың маңдайына жазылыпты.

Осы бақыт үшін біз баршамыз тәубе дейміз, осы жолда біліміміз бен білігімізді, қайратымыз бен қабілетімізді, қажет болса жанымыз бен қанымызды аямай жұмсаймыз.

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен тағы да шын жүректен құттықтаймын!

Нұрлы Отанымыз — Тәуелсіз Қазақстанның бағы жанып, абыройы арта берсін!

Жаңажылдық құттықтауы

Алматы қаласы, 1996 жылдың 31 желтоқсаны

Дорогие мои казахстанцы, друзья!

Я прекрасно знаю, какие непростые жизненные препятствия приходится порой преодолевать каждому из вас. И тем более признателен, что вы, дорогие мои земляки, с пониманием относитесь к сложившейся ситуации, вопреки неблагоприятным обстоятельствам продолжаете спокойно, с достоинством делать свое дело — варить сталь, строить дома, растить и воспитывать детей. Самоотверженным трудом вы вносите свой вклад в укрепление нашего государства, его независимости. Большое спасибо за мужество и поддержку — это множит силы, заставляет и меня работать с удвоенной энергией.

От всего сердца поздравляю вас с Новым 1997 годом! Пусть для каждого казахстанца он станет годом жизненных свершений, исполнения всех планов и чаяний. Желаю вам, дорогие соотечественники, крепкого здоровья, благополучия, успехов, хорошего праздничного настроения. Пусть под вашим кровом всегда царят достаток, мир и взаимопонимание!

Пусть сбудутся все ваши надежды! Счастья всем вам, вашим родным и близким!

С Новым годом, уважаемые сограждане!

Қазақстан халықтары Ассамблеясының IV сессиясында «Қазақстан халқының азаматтық таңдауы — тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар» тақырыбында сөйлеген сөзі

Ақмола қаласы, 1997 жылдың 6 маусымы

Құрметті Ассамблея делегаттары мен қонақтары!

Ежелгі әрі мәңгі жас Ақмолада өздеріңізбен қауышу мүмкіндігі туғанына шын жүректен қуаныштымын.

Сірә, оның тарихында тұңғыш рет осындай басалқалы басқосу өткізіліп отырған болар, оған қатысушылар елімізді мекендеген барлық ұлттардың, демек, көпұлтты Қазақстанның күллі халқының мүддесін білдіреді. Осы жағдаят жаңа астана республиканың қоғамдық-саяси өмірінің шынайы факторына, ал бұл ретте ұлтаралық қатынастарды одан әрі тұрақтандырудың өзіндік құралына айналуының айқын куәсі.

Ең алдымен сіздерге аса маңызды әрі уақытылы бастамаларыңыз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер, соған сәйкес Қазақстанда ынтымақтастық жайлы келісім жасалды. Осы құжатқа қол қойған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер мен ұлттық-мәдени орталықтар азаматтық татулықты сақтауға деген кепілшілер рөлін өздеріне алды, ал Ассамблеяның өзі Қазақстан қоғамында айрықша сындарлы рөл атқарып отырған белсенді қоғамдық институт мәртебесін қуаттап берді.

Ынтымақтастық туралы келісім менің Жарлығым мен Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланған тұтас 1997 жылға саяси реңк береді. Мұның өзі әсіресе өзіміз саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске түсірген 31 мамыр күні жарқырап көрінді. Барлық қазақстандықтар тарихымыздың қайғылы парақтары қайталанбауға тиіс деген бір тоқтамға келді.

Жыл идеясын талқылаудың өзі кейде біздің тоталитарлық өткенімізді пайымдау қажеттігін түсінбеушілік бар екенін көрсетті.

Осы орайда тарих сабақтарын ұдайы, ұрпақтан-ұрпаққа игере беру керек екеніне менің көзім әбден жетеді. Әсіресе бүгін біздің Қазақстан басынан кешіп отырған қоғамдық және экономикалық дамудың өтпелі кезеңінде, осыны естен шығармау керек.

Тоталитаризм сабақтары

Өткен дәуірдің аса ұлы философтарының бірі Иммануил Кант болмысымыздың кез келген азды-көпті маңызды мәселенің жақсы, жаман жақтарын мұқият талдап отыратындығымен мәшһүр болған екен. Біздің Ассамблеямызда да Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуының аса күрделі мәселелерін мейлінше ашық қарайтын жақсы дәстүр қалыптасқаны белгілі. Осы дәстүрді бүгін де бұзбайтын болайық.

Сонымен, еске алу және татулық жылы жөнінде бір-біріне қарама-қайшы екі ұдай пікір бар. Олар мынаған саяды: біріншіден, өткенді шола келгенде, біз кінәлілерді, соның ішінде кінәлі ұлттарды іздей бастауымыз ықтимал; ал екіншіден, біздің артымызда тек сыни көзқарас тұрғысынан ғана саралауға келмейтін даңқты жол жатыр. Алдымен осы екі айқындаманың басын ашып алғым келеді.

Әуелі мынадан бастайық, тоталитаризмнің күйрете берген әрі өкінішке қарай, кей ретте орны толмас залалы тимеген бірде-бір ұлт, бірде-бір халық жоқ.

Егер әңгіме біздің көлгір оппоненттеріміз жеріне жеткізе айта алмай жүрген мәселе жайында, атап айтқанда, осы қанқұйлы қуғын-сүргіндегі орыс халқының рөлі жайында болса, онда XX ғасырдың ащы шындығының бірі — бұрынғы империяның және КСРО-ның ең саны көп халқы ретінде нақ осы орыс халқының өзінің мыңжылдық тарихындағы аса зор этникалық қасіретті басынан кешіргенінде жатыр. Дәл сол сияқты қазақ халқы да тікелей және жанама түрде өзінің тура тең жартысына жуығынан айырылды. Қоныс аударылған халықтарды этникалық қырып-жоюдың адам айтқысыз зор ауқымы мен тағылық сипаты жайындағы мәліметтерді қайталап жатпайын. Осы жылдың шараларын өткізе келгенде, біз әр нәрсені өз атымен атауға тиіспіз. Сонда ғана күллі тарихи шындық толығымен ашылмақ: өтіп бара жатқан ғасырдың осынау этникалық зобалаңы үшін бірде-бір халық кінәлі емес. Бұл — жүйенің кінәсі.

Екінші жағынан, шаш ал десе, бас алуға әзір тұрмау керек. Барлық халықтардың, соның ішінде қазақ халқының күні кешегі тарихындағы сындарлы сәттерге көз жұма қарау аңғалдық болар еді. Қысқа мерзімде, небәрі 70 жылдан сәл ғана асқан уақыт ішінде, экономика түбірінен жаңарып, бір кездегі орасан зор патриархалдық өмір салтында орын алған жаңғырулардың болғаны даусыз. Ал бұл табыстарға өзге планеталықтар жеткізген жоқ, сіз бен біз жеттік, әкелеріміз бен аталарымыз жеткізді. Өткен жолымыз — жеңістері мен жеңілістері, қуанышы мен қасіреті қатар өрілген ортақ өткеніміз. Ендеше басқа пікірдегі адам өзінің тарапынан аға ұрпақтың істері мен әрекетін тарихи мәнсіздік пен ұсақтық деп кінәлар болса, мұнысы кісілікке жатпайтынын біліп қойсын.

Менің әрдайым тарихқа деген салиқалы көзқарасты жақтайтынымды өздеріңіз білесіздер. Бұл жалғандыққа, өңін айналдыруға төзбейтін ғылым. Біз дәнді қауызынан арши білу өнері өткендегі қателіктерді қайталамаудың бірден-бір кепілі екенін әрдайым жадымызда ұстауға тиіспіз. Сондықтан еске алу және татулық жылын өткенге топырақ шашу жолындағы жарысқа айналдырып жібермеу керек. Оның мүлде өзге мазмұны және мүлде өзге тағылымы бар. Мен мұны тоталитаризмнің қасіретті сабақтары деп атар едім.

Бірінші сабақ. Біздің бәріміздің өзімізге дейін өмір сүрген ұрпақтар алдында адамгершілік парызымыз бар. Саяси қуғын-сүргіннің сан миллион құрбандарының тағдырын ешкім ойдан шығарған жоқ. Бұл қатал шындық және ол өткенде қалғанмен, одан кеудедегі қайғы-шер азаймақ емес. Қазақ жері тоталитаризмнің ең бір жан түршіктірерлік туындыларының бірі — қаптаған концентрациялық лагерьдер орналасқан орынға айналды.

Фашистік Германия концлагерлерінен көп бұрын Қазақстаннан, соның ішінде сіздер мен біз қазір жиналып отырған облыс аумағында, ауқымы және қанқұйлылығы жөнінен ондағыдан бір де кем түспейтін «адам материалына сұрыптау» жүргізілгенін ой сарабынан толық өткізіп болдық па? «Көсемдер санатындағы» иі жұмсақтауы саналатын кеңестік тоталитаризм тіректерінің бірі Бухарин мырза шімірікпестен дәл солай деген болатын.

Осы залда дінге барынша ден қойғандар да, атеисттер де отыр. Демократиялық мемлекеттегі ұждан бостандығы, шын мәнінде, адамның жеке өз мәселесі.

Бірақ, адам ойынан кемеңгер ескерткіштерінің бірінде бейнеленген жалпы адамзаттық қағидалар бар: «тірілер дүниеден озарын біледі, ал өлгендер бәрінен бейхабар, олар өздеріне енді тағзым етілмейтінін, өйткені есімдерінің естен өшерін білмейді». Еске алу мен татулық жылының міндеті — осы қайғылы сөздер арқылы біздің парызымызды еске салу. Нақақтан қаны төгілген жандарды еске алып қайғырғанда біз адамзат заңына да, тіпті киелі жазуға толық сай келетін қарекет жасаймыз.

Кейбір фактілерді ой елегінен өткізейікші. КСРО-да жеке басы және «кулак отбасылары» делінетіндердің құрамында, шамамен, 25-27 млн. адам қуғын-сүргінге ұшырады. Соның ішінде 20 млн.-нан астамын «кулак» деген айдар тағылған, малмүлкі тәркіленген, шын мәнісінде «тап ретінде жойылған» шаруалар құрайтын, төңкеріс пен азамат соғысынан кейін КСРО-ны 2 миллионға жуық адам тастап кетті. 1954 жылдың ақпанында Н.С. Хрущев үшін 1921 жылдан 1954 жылдар ішінде «контрреволюциялық қылмыстары» үшін сотталғандардың саны жөнінде егжей-тегжейлі анықтама әзірленіп берілді. Сотталғандардың жалпы саны 3 млн. 717 мың адам, соның ішінде ең ауыр жазаға кесілгендер 642 мың адам болды. Қазақстанда осы кезең ішінде саяси себептермен 100 мыңнан аса адам сотталды, ал 25 мыңнан аса адам атылды, саяси қырып-жоюдың ауқымы жан түршіктірерлік.

Саяси қуғын-сүргіндердің ауқымы таң қалдырмай қоймайды. Ең бір сорақысы — Қазақстандағы ұжымдастыру салдарынан етек алған алапат ашаршылық жылдары бір ғана 1931 жылы Орталық Қазақстанның аудандарына Ресейдің ішкі аудандарынан 150 мыңнан астам арнайы қоныс аударушылар жайғастырылды. Қазақстандағы ашаршылық пен оның іш сүзегі індеті сияқты зардабының тікелей құрбандарының арақатынасын ажырату қиын, алайда, осынау зорлық-зомбылық пен жасалған тәжірибе жалпы саны 1 млн. 750 мыңдай адамның өмірін қиды, бұл республикадағы қазақ тұрғындарының 42%. 1 млн.-нан астам қазақ елден тысқары көшіп кетті.

Адам басына салған қасіреті қисапсыз тағы бір фактіні айта кетейін. 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3 млн. 200 мың адам жер аударылды. Бұл қайғы-қасірет жөнінен Қазақстан жері көш басына шықты: зерттеушілердің есебі бойынша мұнда қырқыншы жылдары 1 млн. 200 мыңнан астам адам арнайы қоныстанушылар болған.

Белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің есебі бойынша, 1927 жылдан 1953 жыл аралығында КСРО-да 40 миллиондай адам қуғын-сүргінге ұшыраған екен. Өзге зерттеушілердің пікіріне салсақ, бұл статистика одан да қатерлі. Дегенмен, саны түрліше құбылғанмен, қуғын-сүргіннің дәл мұншалықты ауқымын адамзат тарихы бұрын-сонды білген емес және бұдан былай ешқашан білмейді деп ойлаймын.

Проблема осы қасіреттің орасан зор этникалық зардабына ғана емес, оның аса бір келеңсіз әлеуметтік салдарына тіреледі. Әңгіме тұтас таптар мен әлеуметтік топтардың жойылуы және осы заманғы тепе-тең әлеуметтік құрылымның орнына еңбек пен адам өмірінің мүлде бұрмаланған іріп-шіріген қоғамдық жүйенің пайда болғанында. Сыртында миллиондардың да қасіреті тұрғанымен, сандар ғана қорқынышты емес. Одан қатерлісі — тоталитаризмнің сұрқиялығын түсінбеуде жатыр.

Екінші сабақ. Біз тоталитарлық режимнің қандай тарихи таңдауды тықсырып тастағанын, егер тарих көшіне аса ауқымды әрі қатыгез әлеуметтік утопия кірікпегенде, өзіміздің қандай жолмен дамуымыз мүмкін екенін пайымдауға тиіспіз.

Таяуда ғана Қазақстан азаматтары тәуелсіз мемлекетіміздің 5 жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл халықтың бостандық пен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі ғана емес, мұның өзі ұлттық зиялы тектілеріміздің ешқашан да толастамаған қызметінің қорытындысы. Ғасырымыздың басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов пен олардың серіктері «Алаш» партиясын құрды, оның бағдарламасы біздің бүгінгі күні жүзеге асырған ісіміздің көпшілігін көздеген еді. Осыдан 92 жыл бұрын Оралда 5 облыс делегаттарының съезі болып өтті, онда «Конституциялық-демократиялық партия» құрылған болатын. Іс жүзінде ол сонымен бір мезгілде өзін Ресей Конституциялық-демократиялық партиясының Қазақстандағы филиалы деп жариялады, ал оның

басшысы Әлихан Бөкейханов осы партияның Орталық комитетінің мүшесі болып сайланды.

Қазақ конституциялық демократтары-кадеттер өз бағдарламасында заң шығару билігін дума арқылы жүзеге асыруды және елде президенттік институт енгізуді ұсынғанын білгендеріңіз сіздерге, сірә, артық болмас.

Сайлауға қатысу құқығы тегіне, ұлтына, діни нанымына және жынысына қарамастан барлық азаматтарға беріледі. Делегаттар сайлау төте, тең және жабық дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс еді.

Ғажайып көрегендік! Бірақ қай жағынан алғанда да осынау ардақты адамдарға кеңес тарихнамасынан бар бұйырғаны — «ұлтшылдар» деген айдар ғана.

Осы фактінің сырына тереңірек үңілейікші. Тарихи тұрғыдан алғанда Қазақстан аумағында жиырмасыншы ғасырдың бірінші ширегінде демократиялық мемлекет құру мүмкіндігі бар еді. Ресейдің де даму бағдары қалыпты эволюциялық дамудың осы жолымен келе жатты. Әртүрлі себептердің салдарынан осы қалыпты әрі өркениетті жол үзіліп қалды. Демократиялық өзгерістер бағытына бұдан 80–90 жыл бұрын түссек, біз бүгін ең болмағанда Оңтүстік-Шығыс «жолбарыстары» немесе «Аждаһалары» аталатындардың соңынан еріп, қуып жетушілердің күйін кешер ме едік? Бұл үлкен мәселе.

Осы проблеманың келесі бір қырының маңызы да бұдан кем емес. Егер Ресейде сол кезде қалыпты эволюциялық процестер бел алғанда, онда Еуразия кеңістігінің барлық елдерінде ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы жарты ғасыр ертерек қалыптасатын еді. Өзіміз тап болған тарихи артта қалушылық кезеңі — уысымыздан шығып кеткен ұлттық мүмкіндіктің тікелей салдары екенін біздің айқын түсінуіміз керек. Режимнің кесірінен қолымыздан шығып кеткен мүмкіндік. Бұған кәсіпқой тарихшылар жақсы қанық. Бірақ осы қарапайым ақиқаттың байыпты бағамы бұқара санасына сіңірілуге тиіс.

Қазақтар да, орыстар да, украиндар да, өзбектер де, қай жағынан болсын, нақ сол индонезиялықтардан немесе филиппиндіктерден кем түспейді. Олай болса, күллі Оңтүстік-Шығыс Азияда немесе дәл сол Мексиканың өзінде орын алған соңғы жылдардың ғажап жетістіктерін немен түсіндіруге болады? Ұлттық психологияның тылсым сырына сілтейміз бе? Жоқ, тіпті де олай емес. Ақылды немесе ақымақ халық болмайды. Біздің артта қалуымызды жалғыз ғана коммунистік идеологиясы бар тоталитарлық режимнің саяси және әлеуметтік-экономикалық сипаттамасымен түсіндіруге болады.

Ендеше екінші сабақтың айтары — өткендегі тоталитарлық режим бізді бүгінгі күні өміріміздің барлық салаларын жедел қарқынмен реформалауға мәжбүр етті.

Бұл реформаларды неге шапшаң жүргізу қажет болып отыр? Өйткені өзге елдер ілгері ұмтылуға арнаған уақытты тоталитаризм тоғышарлықпен қолдан шығарып алды. Мұны баршаның түсінетін кезі жетті.

Үшінші сабақ. Өткенді естен шығармау бізге режим құрбандарының алдындағы парызымызды өтеу үшін және жеделдетілген реформа жүргізудің неліктен соншама күрделі екенін түсіну үшін ғана қажет емес. Мұның өзі қателіктерді қайталамау үшін де қажет.

«Ақиқат маңдайыңа тимей, санаңа сіңбейді» деген сөз бар. Ал бұл ақиқат маңдайымызға тиді. Бүгін саяси басқарудың бұрынғы қатаң әдістеріне үндеген сөздер де естіліп жатады. Сонда тәртіп мықты болады деседі. Үзілді-кесілді келісе алмаймын. Мұндай топшылаулармен жеке басымның түсінігіне сай келмегендіктен ғана емес, себебі, жуан жұдырықтың ығытымен тәртіп орнату тарихи тұрғыдан

мүлде кері нәтижелер беріп жүр. Оның үстіне халық өз бостандығын қолдан бермек емес және бұған ешкім жол бермейді.

Қарабайыр шешімдердің жаңсақ келетін кездері жиі. Бір партия, бір идеология, бір ойлау жүйесі тән тоталитарлық саяси машинаның қарапайымдығы, соның арқасында жарқын болашаққа бармақ болған әрекет жалған болып шықты, Бұл қарабайырлық, әсіресе, ұлттық қатынастар саласында айрықша зұлматты болып шықты. Зорлық-зомбылық пен идеологиялық сыңаржақтылыққа негізделген кеңес кезеңінің ұлттық саясаты адамдардың санасы мен рухани дүниесінің адам айтқысыз жұтаңдануына әкеліп тіреді. Әлі күнге дейін кеңестен кейінгі кеңістіктің әртүрлі аймақтарында лаулап жатқан ұлтаралық қақтығыстар мен ағайынаралық қантөгістердің бықсыған ошағын жекелеген халықтардың бойындағы туа біткен егесқұмарлықтан емес, нақ сол қарабайырлықтың қайталануларынан іздеу қажет.

Бір ғана қарапайым мәселе төңірегінде: — «Неліктен тоталитарлық жүйе алдымен зиялылардың көзін жойды?» деген сауалдың айналасында ойлану артық болмас еді. Мұның да қисыны қарапайым: халықты ұлттық намысы мен ұлттық қадір-қасиетінен айыру үшін оны зердесінен айырып, мәдениетін, парасатын жою керек. Нақ сол Ресейдің өзінде алдымен орыстың зиялылық дәстүрінің даңқын шығарған философтар, әдебиетшілер, ойшылдар қуылды. Ал елде қалғандардың тағдыры талқыға түсті. Осы жүйенің өмірінің соңғы сағатына дейін Әлихан Бөкейханов пен оның серіктерінің ізіне түсуі де кездейсоқ емес, тіпті, жүйенің өзі қолдап, өзі өсірген С. Сейфуллиннің, О. Жандосовтың, Қ. Сәтбаевтың, М. Әуезовтің және еуропаша білімдар әрі демократиялық ұстанған ондаған өзге де қазақ зиялыларының тағдыр тақсыретін тартуы да кездейсоқ емес.

Бүгін бұрынғы одақта ұлттық мәселенің шешілгендігі жайлы айтылған кезде, белгілі бір дәрежеде оның шешілгендігіне келісуге де болады. Бірақ мұның мәнісі, ұлттық болмыстың жүйенің саяси мүддесі үшін құрбандыққа шалынуында жатыр. Мұның өзі неден көрініс тапты? Бұл — біреулердің тыныштығы өзгелерді езгіге салу, ресми түрде туысқан республикаларды «үлкен», «кіші» деп бөлу, тұтас бір халықты бір түн ішінде қарудың күшімен мал таситын вагондарға тоғытып, туған жерінен жыраққа айдап әкету арқылы көрініс тапты. Әрине, билеушілер үшін мүлде қарапайым нәрсе, ал халық үшін орны толмас қайғы-қасірет.

Міне, сондықтан да, ұлттық татулық жайын айтқанда, біз ұлттық мәселені «шешудің» өткеннен өзімізге мәлім жолын қайталауға ешбір жағдайда жол беруге болмайтыны жөнінде өзімізге өзіміз есеп беруге тиіспіз. Ал бұл үшін шындықтың бетіне тура қарау керек.

Ең маңыздысы сол, табиғатта ұлттық мәселені шешудің даяр нұсқалары болмайды және әр ел ұлтаралық қатынастар саласын өзінше дамытады. Мұның өте күрделі проблема екеніне кемелденген демократиялық жүйесі мен қолайлы экономикалық ахуалы бар елдердің өзінің тәжірибесі айғақ.

Сөйтіп, тоталитаризмнің бізге берген үшінші тағылымы — ұлттық мәселені шешудің тұйыққа тірейтін және мүлде келешегі жоқ тәсілі. Осындай ескі негізде қазіргі заманғы Қазақстанда ұлтаралық татулыққа қол жеткізу мүмкін емес.

«Социалистік сырқат сызын» еңсеру: психологиялық астары

Осы сессияда біз тарихи зерде мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырып отырғандықтан, құбылыстың психологиялық жағын қарастырған да жөн, мен оны «социалистік сырқат сызы» дер едім. Бір жақсысы әлі алысқа ұзай қоймаған өткенімізден жеткен тағылым талдап-саралауға мол материал береді. Мұның

өзі бүгін күнделікті тіршілік барысында халық өмірі үшін қайсысы қалаулырақ-тоталитарлық социализм бе, әлде нарықтық демократия ма деген сұрақ жан-жақты талқыланып жүргендіктен маңызды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын күйреген кеңестік жүйе құрылысы 70 жылдан астам уақыт қаланғанын еске түсірейікші. Ал біздің тәуелсіздігімізге бар болғаны алтыншы жыл. Бірақ, мұның өзі, былайша айтқанда, «заң жүзінде». Ал істің мән-жайына объективті тұрғыда қарайтын болсақ, шын мәніндегі дербес саясатты біз тек 1993 жылдың соңынан бастап қана жүргізе бастадық.

Жоғарыда еліміздегі тоталитарлық, жоспарлы жүйенің ондаған миллион адамдардың азап шегуі, біздің әкелеріміз бен бабаларымыздың төккен қаны мен тері арқылы құрылғаны айтылып өтті. «Төңкерістің жалынды жаршысы» Владимир Маяковский сталиндік казармалық құрылыстың іргесі қалана бастаған кезде өз ұрпағының арманшыл мұратын — «Шайқаста құрылған социализмді» көруді мақсат тұтып жар салған болатын.

Бұл ұрыстар жергілікті, жалтетпе сипатта болатындай көрінгенді. Бірақ олар 70 жылға созылған ұдайы, бірде-бір минөтке тоқтамаған күреске айналды. Осы уақыт ішінде Кеңес Одағында бірнеше ұрпақ алмасты, бірақ олардың бірде-біріне кәдімгі молшылық көріп өмір сүрудің реті ақыры келмеді. Мен билеуші топ ұдайы жариялап келген, бірақ миллиондаған қарапайым адамдар үшін қол жетпес арман болып қала берген құт-береке жайында, тіпті, сөз етпей-ақ қояйын. 1930-шы жылдары тұрмыс қиын болды, ол кезде Қазақстанның өзінде ғана ашаршылықтан халықтың жартысы қырылды, кейінгі — соғыс және соғыстан кейінгі жылдарда да дүкен сөрелері қаңырап бос қалған, рухани жұтаңдық билеген «кемелденген социализм» делінетін дәуірде де тұрмыс оңай болған жоқ. Орасан зор былыққа батып, жүйенің түпкілікті күйреуіне әкеліп соққан горбачевтік «қайта құру» жылдарында да игіліктің ауылы алыс болды. Шын мәнісінде, кеңестік дәуірдің күллі тарихының өзі — бұл халықтардың орасан әрі шексіз кезегі болып табылады. Концентрациялық лагерьлерге және шетелге қоныс аударуға, азық-түлік пен пәтерлерге, машиналар мен басқа да көз аштырмаған таусылып бітпейтін тапшылыққа кезек.

Сол жылдардың көпшілігіміздің есімізде қалған жағдайында қоғам, бәрінен бұрын, рухани бостандыққа ұмтылды. Бұл жайында ас үйлер мен «шылым шегетін жерлерде», ең жақын достар арасында біз бүгін «электорат» деген сәнді сөзбен атайтын адамдардың баршасы дерлік ұдайы, бұқпалап болса да, сөз ететін. Олар «қол баспа» қолжазбаларын құныға оқып, цензураның барлық түрлерімен тыйым салынған магнитофон жазбаларын тыңдайтын, шынайы ақпаратты шетелдік «радио дауыстардың» түнгі хабарларынан алатын.

Соңғы онжылдықта шықпа жаным шықпамен әрең жан сақтап келген әкімшіл-әміршіл жүйе күйреді де, аңсаған бостандық былайша айтқанда, барлық арна атаулыдан саулап қоя берді, ал жариялылық барлық мүмкін болған және салиқалы шектердің бәрін тез толтырды. Бірақ бостандықтың алғашқы селіне шомып масаттану өткен кезде, белгісіздіктің қысқа кезеңі артта қалған шақта ғана біз болашаққа ұмтылыс жасау үшін мәре межесіне қадам баса алдық. Нақ сол кезде жаңа қоғам құрылысы, қазіргі заманғы нарықтық экономикасы бар тәуелсіз мемлекетті құру басталды.

Әуел бастан-ақ және қазіргі кездің өзінде бізге саясаттың, экономиканың, қорғаныстың, әлеуметтік саланың, ішкі өмірдің, халықаралық қатынастардың барша қырларында түбегейлі жаңа міндеттер мен проблемалардың орасан зор ауқымын кешенді түрде шеше отырып, бәрін де бір мезгілде игеруге тура келіп отыр.

Бұл — біздің ойлап тапқан жол емес, бүгінгі таңда барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер осы жолмен жүріп келеді. Әрі олардың бірде-бірі өткен жүйені сақтап қалуға немесе бұрынғы «социализмді» қалпына келтіруге талпынып отырған жоқ. Өйткені, тарих тегершігін ешкім кері бұра алмақ емес. Біз осы жолды таңдай отырып, алдымызда тосып тұрған күйзелістердің қаншалықты күшті боларын, үлесімізге қаншалықты терең экономикалық және әлеуметтік сынақтың иыққа түсерін ғана елестете алдық.

Адам зердесі әрдайым аса талғампаз және белгілі бір дәрежеде тіпті өзімшіл категория болатынды. Әлбетте, әркімнің де тегін білім алу мен денсаулық сақтау жайында, тұрақты жалақы алып, зейнеткерлікке дейін отыруға болатын орнықты және жайлы жұмысы болғанын есте тұтқысы келеді. Бірақ осы ретте, егер сіз жоғары білікті маман болсаңыз, сіздің білім-білігіңізбен қабілетіңіз сол тұста қаншалықты объективті бағаланатын еді, ал мұны неге ұмытасыздар. Немесе, керісінше: сіздің, өзіңіз жұмыс істейтін ұйымыңызбен қоса, еңбегіңіз жалпы біреуге керек болды ма деген сұрақ қойып көрдіңіз бе?

Иә, бұрынғы жалған социализмнің көптеген елестері сейілді. Бірақ әлі де өткенді марапаттауға, теңгермешілікті әлеуметтік әділеттіліктің жоғары көрінісі ретінде аңсауға бейіл адамдар бар. Психологиялық тұрғыда мұның өзі түсінікті. Уақыт кері қайтып келер болса, шіркін, дегендей! Бірақ оларға іргетасы қирағаң үйдің қабырғасын сақтаудың мүмкін еместігі беймәлім. Яғни күйреген, шашылып кеткен экономика тұрғанда бұрынғы әлеуметтік қондырманы сақтау да мүмкін емес қой.

Негізгі тауарларды бөлудің нақ сол карточкалық-талондық жүйесін еске түсірейікші. Сұрапыл соғыс жылдары емес, берекелі делінетін 1960-шы, 1970-ші және 1980-ші жылдары ел түптеп келгенде барлық заттың тапшылығын басынан кешті. Сатуда ең қарапайым заттар, тіпті сабынға, сіріңкеге, электр лампочкаларына, тұзға, қантқа, кір жуатын ұнтаққа және күнделікті тұтынылатын көптеген басқа заттарға дейін болған жоқ. Адамдар жартылай бос тұрған сөрелерде ілуде бір көрінген нәрсенің бәрінен қор жинайтын. Қазақстан астанасында 1988 жылдың маусым айы күндерінде ас тұзының жарты жылдық қоры сатылып кетті. Республика Үкіметі орасан зор күш-жігер жұмсай отырып, егін орағына қатысатын комбайншылар мен механизаторларды және тағам, темекі өнімдері мен қамтамасыз ету мақсатында қор құру үшін Мәскеудің қисапсыз кабинеттеріне алақан жаятын.

Осының бәрін — жаппай теңгермешілік пен бәрібір көрініп тұратын кедейшілік, диктатураның шексіз билігі мен жеке басымыздың қажетсіздігі, насихаттың аярлығы мен өз өмірімізді жақсы жағына қарай өзгерту мүмкін еместігі туралы еске түсірейікші. Еске түсірейік те өзімізге сауал қоялықшы: өзінің күллі «сәнімен» келмеске кеткен социализмге өкіну қажет пе?

Ашығын айтайық: Қазақстан бұрынғы «КСРО халық шаруашылығы кешенінің» ықпалынан арыла алмай әлектенген тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында басымыздан көп қиындықтарды көшуге тура келді. Әлбетте, әңгіме біздің толық экономикалық дербестігіміз, қалыптасқан әрі салиқалы, экономикалық жағынан тиімді шаруашылық байланыстарды түпкілікті үзу жайында болған жоқ еді. Қазақстан мәселені ешқашан бұлай қойған емес және мұндай бастамаларды көтерген емес. Керісінше, сол кездің өзінде-ақ біз бар дауыспен экономикалық интеграцияланудың қажеттігі туралы жар салдық. Кейіннен өмірдің өзі біздің сол айқындамамыздың дұрыстығы мен көшелілігін толығымен қуаттады.

Бірақ біз Мәскеу жүргізіп отырған, әлсін-әлі дағдарыстың кезекті құрдымына итермелеген аласапыран толқынына ілесіп кеттік. Осылайша баға бірден босаты-

лып, барлық бұрынғы кеңестік республикалар есеңгірерлік соққы алып, орны толмас күйзеліске ұшыраған 1992 жылдың қаңтарына дейін созылып келді.

Тек өзіміздің ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін ғана біз осы бір қауіпті кеселді өз бетімізбен емдеуді колға алып, тәуелсіз экономикалық бағыт жүргізе бастадық. Сондықтан инфляцияны ауыздықтауға бізге 2 жылдан астам уақыт керек еді. Тек өткен жылы ғана бізге оның деңгейін қауіпсіз шекке дейін төмендетудің сәті түсті.

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық және экономикалық өміріне барған сайын сенімдірек қадам басқан кешегі мектеп оқушылары, әлбетте, біздің 7-8 жыл бұрынғы болмысымыздың салты мен психологиясын білмейді. Бірақ бұл олардың ата-анасының есінде жақсы сақталған. Олар балаларына сол уақыт туралы шындықты айтып берсін. Жастар, ертеңгі басшылар, менеджерлер, бизнесмендер, мемлекеттік қызметшілер, бір сөзбен айтқанда, еліміздің экономикалық және қоғамдық саяси өмірінің белсенді қатысушылары болатын, оның өндірістік және рухани әлеуетін дамытатын адамдар өз халқының мешеу құй кешуінің қайталануына жол бермеуі үшін тарихтың ешбір боямасы жоқ күллі шындығын білуге тиіс.

Маған адамдардың бүгінгі өмірінің кешегі немесе алдыңғы күнгіден несі артық деп қарсылық білдіруі мүмкін. Иә, бізде, әсіресе әлеуметтік салада әлі проблемалардың көп екенін мен білемін. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсаны бойы менің мейлінше көкейкесті және толғағы жеткен мәселелерін шешумен тікелей айналысқаным өздеріңізге жақсы мәлім. Жалақы, зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге байланысты берешекті жою, жекешелендіру, шағын және орташа бизнесті дамыту мәселенің басты түйіні болғанын естеріңізге сала кетейін.

Барлық деңгейлердегі атқарушы органдардың қызметі жайындағы менің тұжырымдарым мен оларға берген бағам туралы, сондай-ақ, қолданылған шаралар мен алғашқы оңды ілгерілеушіліктер туралы да білесіздер. Үкімет пен әкімдердің, министрліктер мен комитеттер басшыларының қызметіне қатаң талаптар қойылды. Олардың алдына экономиканың барлық бағыттарында жұмысты жақсарту, реформалардың тиімділігін арттыру, осы істе тәртіп орнату және әлеуметтік тұрғыдағы шығыстарды азайту жөнінде нақты міндеттер қойылды.

Президенттің қысымымен жасалған іс барлық деңгейлердегі басшылар үшін күнделікті нормаға айналуға тиіс. Мен мұны қатаң қадағалап отырмын. Бұрынырақ бұл жайында айтқан болатынмын, ал қазір әдейі қайталаймын: егер Үкімет белгіленген мерзімде қойылған міндеттерді толық көлемінде атқара алмаса әрі халық реформалардың өз игілігі үшін іске асырылып отырғанын нақты сезінбейтін болса, менің тарапымнан басқа шаралар қолданылатын болады. Бірақ қойылған мақсатқа қалай болғанда да қол жеткізілуге тиіс.

Ал бүгінгі таңда елде берекесіздікке, қоғамның қарама-қарсы блоктар мен қозғалыстарға бөлшектелуіне жол бермеу үшін біздің бәріміздің күш-жігерімізді жұмылдыру, қиындықтарды еңсеру үшін күш-жігерімізді топтастыру қажет. Кей сәтте дегенмен төзу де керек.

Уақыт өте келе біздің барлық қателіктеріміз бен кемшіліктеріміз айқын көрінеді. Таяудағы өткенімізге талдау жасай отырып, олардың көпшілігінен айналып өтудің де киын болғанын, алайда алдын алуға болатындары бар екенін түсінесің. Сондықтан да кемістіктерімізді түзей отырып, баршамызға жұмыс істеп, реформаларды ілгері қарай жылжыту қажет. Қайткенде де саяси еркімізді сақтап қалу, өзіміз таңдап алған стратегиялық желіні жүзеге асыруда іркілістер мен бұраңдарға жол бермеу қажет.

Ұлттық татулық — саяси тұрақтылық негізі

Ұлттық келісім дегеніміз — тегінде теориялық пікір сайыс мәселесі емес, мемлекет күнбе-күн іске асыратын саясаттың практикалық мәселесі. Әлбетте, біз Қазақстанда бұл саясат негізінен дәйекті де салиқалы жүргізіліп келеді деп айта аламыз.

Егер В.И. Ленинмен бір нәрсе жөнінде келісуге болады десек, онда практика дегеніміз ақиқаттың шын мәніндегі өлшемі деген тұжырымына келісуіміз керек. Ал ақиқат мынада: біздің ұлттық саясатымыздың практикалық нәтижелері көз алдымызда.

Осыдан 3-4 жыл бұрынғы азаматтық мәселесі төңірегіндегі қатаң пікірсайыстарды немесе Конституция жөніндегі 1995 жылғы референдум қарсаңындағы тіл туралы пікірсайыстарды естеріңізге түсіріңіздерші. Біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлтаралық қатынастарда күшті қақтығыстар орын алғанын жасырмаймыз. 1992-1993 жылдары әрбір төртінші қазақстандықты ұлтаралық қатынастардың ушығу қатері қатты мазалаған еді.

Бүгінгі таңда, әртүрлі деректерге қарағанда, осы проблемаға байланысты біршама алаңдаушылық білдіретін қазақстандықтардың саны 5-6%-ға дейін төмендеді.

Бұқаралық сананың жай-күйі — сезімтал барометр. Дәл осы барометр қоғамның ұлтаралық қатынастар саласындағы ахуалына алаңдаушылығының ұдайы төмендеп келе жатқанын көрсетсе, мұның өзі ұлттық саясат бағдарының дұрыс таңдап алынғанының куәсі емес пе? Яғни уақыт өзі бәрін орын-орнына қойып, біздің орын алған проблемаларды шешуге деген көзқарасымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

Біздің саясатымыз дәйектілігінің басқа, бұдан да гөрі байыпты куәсі бар. Бұл — көші-қон деңгейінің едәуір төмендеуі. Атап өтетін бір жәйт, бұл проблема әрдайым бірдей сыпайы қойыла бермейді. Көші-қон туралы айтқанда, кейбір байқаушылар мен сарапшылар мынадай қарапайым фактіні — 1980 жылдардың өзінде-ақ Қазақстаннан тысқары жерлерге көшудің орын алғанын, әрі көп мөлшерде орын алғанын көргісі келмейді. Мұның да көптеген себептері бар еді. Ең алдымен бұл адамдардың тұтас бір ұрпағының белгілі бір ғұмыр өрісінің аяқталуына байланысты болды. Тың игеруге келгендердің және Қазақстанның өнеркәсіп алыптарына ұйымдасқан түрдегі іріктеу бойынша жұмысқа келгендердің көпшілігі мерзімді жұмысын атқарып, үйлеріне қайта оралып жатты. Ал мұның ешқандай саяси астары да болған емес. Алайда, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көші-қон ағысына жиі-жиі саяси мән беріле бастағаны түсінікті. Мұның ішінара шындыққа сәйкестігі де бар. Тек ішінара ғана.

Біріншіден, қоныс аударушылардың елеулі бөлігі бұрынғы жылдардағы санатқа жататын адамдар еді, олар өз отанына оралып жатты.

Екіншіден, бірталай әскерилер мен олардың отбасы мүшелері көшіп кетті — мұның да қарапайым себебі бар, өйткені ыдыраған мемлекеттің әскери инфрақұрылымы бұрынғы мемлекеттің өзі болмаған соң тұрақтап қала алмайтын еді. Сондықтан бұл жерде Қазақстанға ешқандай кінә қойылуға тиіс емес.

Үшіншіден, жаңа бір құбылыс пайда болды — көптеген адамдар белгілі бір қолайсыздықты сезініп, өз келешегін ойлап қауіптенді, жаңа жағдайда әрбір адамның бойында әрқашан пайда болатын сенімсіздікті бастан кешірді. Бұған миллиондаған адамдардың, былайша айтқанда, жеке өмірбаяндық сипаты бар өзгерістермен ғана емес, мемлекеттік құрылыстағы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық ұйымдастырылуындағы орасан зор жаңғырулар туындатқан әлеуметтік қиыншылықтарға ұшырасқан кездегі көңіл-күйін қосыңыз.

Мұндай құбылыстар әр кезде, планетаның әр бөлігінде бір кездегі тұтас мемлекеттер салиқалы жолмен ыдыраған сәттердің өзінде де орын алып келген еді. Айталық, осындай жағдай қазір Оңтүстік-Шығыс Азияда да, Африка құрлығында да орын алып отыр.

Төртіншіден, осыдан 10 жыл бұрын, мәселен, жүздеген мың немістерге заңды түрде және орасан зор ауқымда этникалық отанына, онымен қоса дүние жүзінің барынша дамыған әрі орнықты мемлекеттерінің бірі — Германия Федерациялық Республикасы сияқты отанына кайтып оралатын мүмкіндік туады-ау деп кім ойлай алар еді? Егер осындай құқық 1970-1980-ші жылдары берілген болса, онда, көші-қон ағынының ауқымы бұдан кем емес, тіпті ауқымдырақ болар ма еді, одан әрі. Гректердің Грекияға, поляктардың Польшаға және тағы басқалардың еш кедергісіз еркін қоныс аудару мүмкіндігі болды ма? Жоқ, бұрын ондай мүмкіндік болған жоқ. Кеңес өкіметі тұсында әдетте шетелге кетуге тыйым салынды немесе оған саяси астар берілді. Бұл орайда еврейлердің Израильге көшуі Кеңес үкіметі мен Батыстың арасында шиеленісті саяси қажасу туғызғанын еске түсірсек те жеткілікті.

Сондықтан әділ болайық және бұл процесте мемлекеттің қайдағы бір кемсіту саясаты емес, тұрғылықты жерді таңдау еркіндігін берген еліміз заңдарының, күллі саяси саланы ырықтандырудың шешуші рөл атқарғанын мойындайық.

Ақыры ТМД-ның көптеген халықтарының өз тәуелсіз мемлекеттерін құра отырып, өз елдерінде құқық терминдерінің тілімен айтқанда, басты ұлтқа айналуы фактісімен санаспауға да болмайды. Демек, бұл халықтардың мемлекеттікті нығайтуға, өз ана тілін, мәдениетін, дәстүрлерін сақтауға, тарихи мұраны қалпына келтіруге деген ұмтылысы заңды. Мұның өзі қуатты әрі әбден түсінікті сезім.

Көші-қонның өрлеу сәті 1992–1994 жылдардың үлесіне тиеді. Бүгінгі күні ахуал бірсыдырғы тұрақтанып отыр. Таяуда маған берілген статистика мәліметтеріне қарағанда, 1996 жылы елден кетуші орыстардың саны 1994 жылмен салыстырғанда 3,2 есе қысқарған екен. Қазақстанның тысқары жерлерге қоныс аударумен бірге, кері процесс — қайтып оралу, яғни бұрынырақ Қазақстаннан кеткендердің кері кайтып келу процесі де жүріп жатыр ғой. Әлбетте, мұның халықтың барлық ұлттары мен топтарына қатысы бар.

Мәселен, Германиядағы Қазақстан елшілігінің деректері бойынша, ұлты неміс біздің бұрынғы мыңдаған азаматтарымыз Қазақстанға кайтып келуге тілек білдіруде. Сөйтіп, қоныс аударудың негізгі себебі не, экономикалық әлде саяси тұрғыдағы факторлар ма, деген пікірталасына нүкте қойылған тәрізді. Басқадай болуы мүмкін де емес еді: ірі өнеркәсіп орындарының жұмыс істей бастауы мұң екен, біз қоныс аудару қарқынының едәуір мөлшерде қысқарғанын байқай бастадық.

Тұтас алғанда, мамандардың есептеулері бойынша, көші-қон процесінің айтарлықтай тұрақтанатынын болжауға болады. Статистика қоғамдық процестер, әсіресе көші-қон процестерінің бағытын бұлжытпай тіркейді. Бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар тұрақтылығының сыртқы көріністерінің бірін тіркеп отыр.

Біз жаңа жағдайларда ұлттық саясатты іске асырудың бірегей қоғамдық институты болып табылатын Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрдық. Бұл институт тоталитарлық қоғам жағдайында мүмкін емес әрі, турасын айтсақ, керексіз еді. Өйткені ол кезде, біз білгендей ұлттық саясат өзгеше құралдармен және өзгеше нысандарда жүзеге асырылды. Ассамблея қызметінің нәтижелері тек Қазақстанда ғана танылып қойған жоқ. Бүкіл әлемдегі беделді халықаралық ұйымдардың өкілдері Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды үйлесімді ету тәжірибесін зерделей келіп, оның зейін қоюға лайық екенін атап көрсетті.

Мәселен, Еуропадағы кауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) үш конференциясына қатысушылар осы ұйымның аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссары М. ван дер Стул мырза бас болып осындай қорытындыға келді. Өткен жылдың желтоқсан айында оның төрағалық етуімен Швейцарияда Қазақстандағы ұлттық саясат мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізілді. ЕҚЫҰ-да таратылған төрағаның ресми мәлімдемесі «Қазақстан Республикасының басшылығы елдегі барлық этникалық топтардың мүдделерін іске асыру және ұлысаралық қатынастарды одан әрі үйлесімді ету үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету саясатын дәйекті түрде жүргізіп отыр. Азаматтық институттар мен азаматтардың көпшілігінің қолдауы және, ЕҚЫҰ-ны қоса алғанда, халықаралық қоғамдастықтың жәрдем жасауы жағдайында осындай саясатқа адалдық елде ұлысаралық қатынастарды әрі қарай тұрақтандыру үшін берік негіз болып табылады», — деп жариялады.

Осынау жоғары халықаралық баға тектен-тек берілмейді және оның ар жағында ауқымды да тынымсыз жұмыс жатыр. Бұл мұның ішінде осы залда катысып отырған адамдардың баршасының жұмысы. Осы орайда сіздердің барлығыңызға тағы да өз алғысымды айтқым келеді.

Ассамблеяның кейбір мүшелерін ЕҚЫҰ ұлтаралық қатынастар проблемалары жөніндегі халықаралық сарапшылар қатарына енгізді. Сіздердің тәжірибеңізді ТМД-ның көптеген елдері зерделеуде. Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельциннің жарлығының бірінде біздің Ассамблеямыз тәрізді институт құру туралы мәселе қарау міндеті қойылған. Осындай құрылым Қырғызстанда да құрылуда.

Сіздердің қызметіңіз туралы айтқанда, Ассамблея ұлтаралық бірлік пен татулықты сақтауға және нығайтуға үлкен үлес қосып отырғанын мойындаған жөн. Мұның ішінде ұлттық саясат саласында жаңа заң жобаларына қоғамдық сараптама жасауға қатысу да бар. Мұның ішінде ұлт тілдерін, мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын жаңғыртудың басты тетіктері ретінде республикалық және аймақтық мәдени орталықтармен жүргізілетін ауқымды жұмыс та бар. Мұның ішінде ұлыстардың съездерін фестивальдерін өткізуде, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастыруда, Қазақстан халықтарының тілдерінде әдебиет шығару да бар. Мұның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасымен және біздің этникалық топтарымыз өкілдерінің тарихи отанымен байланыстарын нығайту жөніндегі жұмыс та бар. Мұның ішінде аз ұлттарға білім беру саласындағы оң ілгерілеулер де бар.

Бүгінгі таңда республикада 11 ұлт тілінде газет шығарылады. Телестудия Қазақстан халықтарының 12 тілінде және радиостанциялар 6 тілінде хабар береді. Мұның өзі ұлттық толысу мен дамудың ақпараттық кеңістігін құру үшін салиқалы негіз болып табылады.

Сондай-ақ, ұлттық балабақшалар, мектептер ашылуда. Республикада мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінде 7 ана тілінде 426 мың, ал жалпы білім беретін мектептерде 3 миллионнан аса бала оқытылып, тәрбиеленеді. Аз ұлт өкілдерінің 106 мың баласы өз ана тілін дербес пән ретінде оқып-үйренеді. Павлодарлықтардың ізгі де пайдалы бастамасын атап көрсеткім келеді. Мұнда 900 оқушыға арналған Ұлттық жаңғыру мектебі ашылған, онда оқу және тәрбие беру ісі этникалық топтардың 9 тілінде жүргізіледі. Жоғары оқу орындарына түсу кезінде Ассамблея квоталары енгізілді. 1996 жылы казақстандық студенттердің 9%-дан астамы немесе 2 мыңға жуық адам нақ осындай квотамен оқуға түсті. Жалпы алғанда жоғары оқу орындарының бірінші курстарындағы аз ұлт өкілдерінің үлесі 12%-дан 17,7%-ға дейін артты. Барлығы, 1995 жылдан бастап республика жоғары оқу орындарына аз ұлттардың 4 600 өкілі түсті. Бұл өте-мөте қажетті жұмыс әрі оны уақытша науқан деп қабылдамау керек.

Осы сессиямызға әзірлік кезінде мен мемлекеттік органдар қызметшілерінің ұлттық құрамы туралы статистиканы арнайы іріктеп алуды сұрадым. Деректер қызғылықты болып шықты. Мәселен, Президент әкімшілігінде қазақтар мен орыстар, украиндар мен беларустар, корейлер мен ұйғырлар, татарлар мен болгарлар жұмыс істейді. Үкімет құрамы бүгінгі таңда мынадай: — онда 8 қазақ, осынша орыс, украин және 1 татар бар екен. Әрине, бұл арақатынастың өзгеруі де ықтимал. Бірақ ондай өзгерістерге тек адамның іскерлік қатынастары ғана негіз болады. Барлық деңгейлердегі сот жүйесінде қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, корейлер, немістер, ингуштер, армяндар, өзбектер, поляктар, беларустар, молдовандар, еврейлер, ұйғырлар, әзірбайжандар, шешендер, башқұрттар, чуваштар, осетиндер, қырғыздар бар. Айтыңыздаршы — қайда, ТМД-ның қай елінде осындай жағдай бар?

Бірақ осыған қарамастан, Рим папасынан да әулие болып көрінгісі келетін әрқилы қамқоршыларынан бір, мыңнан бір бас көтеріп, Қазақстандағы әлі де бір ұлттық қысымшылық жайында топшылау жасауын қояр емес. Бұл жөнінде бір ғана қарапайым жайды айтайын. Егер өз ағайындарыңыздың тағдырына шынымен алаңдайды екенсіз, ендеше олардың мәдениетін, тілін дамытуға іс жүзінде қаржылай, экономикалық қолдау жасаңыз, өз отандастарыңыздың арасында бизнестің қалыптасуына көмек көрсетіңіз. Күллі әлемде көптеген өркениетті елдер осындай үлгі көрсетіп отыр. Егер тозығы жеткен ұрандардан өзге берер ештеңеңіз жоқ болса, онда өзінің жаңа мемлекетін, жаңа азаматтығын жан жүйесімен және ақыл-санасымен қабылдаған адамдарды жайына қалдырыңыз. Өйткені шетелдегі өз диаспораларына өркениетті қолдау көрсетудің нақты тетіктері жоқ мұндай саяси сөзуарлықтың ұлтаралық, шиеленісті ушықтырудан өзге ештеңе бермесі анық.

Жаңа казақстандық азаматтықтың қалыптасуы біздің мемлекеттілігіміздің негіздерін қозғайтын көкейкесті саяси проблемалардың біріне айналып отыр.

Біз саяси азаматтық бірлікке ұмтылып отырмыз және де Қазақстан халқы әлдебір жаңа этникалық қауымдастық ретінде емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде көрінуге тиіс.

Ең алдымен мемлекет құраушы этнос ретіндегі казактардың рөлін ұмытпауымыз керек. Қазақстанның тәуелсіздігі — қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезенді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтіруге тиіс емес.

Бұрынғы КСРО-да қазақтар саны жағынан бесінші ұлт болғанына қарамастан, олар туған жерінде аз ұлтқа айналды, олардың ана тілі де жойылып кетудің азақ алдында тұрды. Мұның өзі де сол баяғы жүйенің кінәсі. Қазақ ұлтының өз мәдениеті мен тарихын, ұлттық төл тума болмысын жаңғыртуға деген ұмтылысына Қазақстанның басқа ұлттары азаматтарының тарапынан құрметпен қарау елдегі тұрақтылықтың стратегиялық негізі мен адамдар арасындағы сенімнің факторы болып табылады.

Біріншіден, Қазақстанның казіргі аумағы — қазақ халқының осы шекарада өз мемлекеттігі жөніндегі сан ғасырлық арманын іске асыруына тарихи және саяси тұрғыда шынайы мүмкіндік беретін планетамыздағы бірден-бір кеңістік.

Екіншіден, осы мемлекеттікті құра отырып, қазақтар өздеріне тән даналық пен әділеттілікті тағы да паш етуде. Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте ғана емес, біздің көзіміз жегіп отырғандай, ұлттық мемлекеттіктің түлеуіне байланысты өзгерістер кезеңін басынан кешіп отырған барлық мемлекеттердің ішінде бүкіл

қоғамда татулық пен ауызбіршілікке алып келегін салиқалы да дәйекті мұндай ұлттық саясат мысалдары некен-саяқ. Бұл ретте аталған осы санаттағы елдер арасында халқының этникалық құрылымының күрделілігі жөнінен Қазақстан мен салыстыруға келетіндер бірен-саран ғана.

Үшіншіден, өзгеге талап қою үшін ең алдымен өзіңе нақ сондай талаптар қоюың керек. Мыңдаған жылдар өресінде адамдар арасында қалыптасқан мынадай алтын қағида бар: «Өзіңе тілеместі өзгеге істеме». Мұндай қағиданың кез келген мәдениетті адамға да, сондай-ақ тұтас халыққа да қатысты бар. Әсіресе мұның көпұлтты қоғам халықтарына қатысы ерекше.

Қазақ халқының диаспоралары күллі әлемде осы талаптарға сай келеді. Біздің отандастарымыздың саны 5 млн. адамдай, олар негізінен Ресейде, Орталық Азияда, ондаған өзге елдерде тұрады.

Олардың бәрі де осы елдердің сан жағынан негізгі болып табылатын халықтарының тілін тамаша меңгерген. Олардың салттары мен дәстүрлерін құрметтейді, басқа ұлт өкілдерімен де тату-тәтті тұрады. Ешбір жерде қазақ ұлттық факторына саяси реңк беретін қозғалыстар мен партиялар құрылмаған.

Сіздер қазақтардың елден тыс жерлерге негізінен шарасыздан, тоталитарлық жүйенің немесе аштықтың қысымымен көшіп кетуге мәжбүр болғанын жақсы білесіздер. Шетелдерде жүруге амалсыздан мәжбүр болған барлық жылдар ішінде қазақтардың байырғы халыққа қарсы ұлттық, саяси немесе діни себептермен бірден-бір дәлелсіз ірі немесе кішігірім бой көрсетуінің орын алғаны бізге мәлім емес. Бұл ретте осы елдердің бәрінде де қазақ тіліне қандай да бір институциялық мәртебе берілмесе де, қазақтар бүгінгі күні де ұлттық болмысын сақтап қалуға тырысып бағуда.

Шетелде болып, отандастарыммен, қазақ диаспорасының өкілдерімен кездескенімде, мен әрқашан оларды өздері тұрып жатқан елдердің мемлекеттігіне, жергілікті мәдениетіне, тіліне, салттарына құрметпен қарауға шақырамын. Мен бұл адамдарды заңды құрметтейтін азаматтар болуға, осы елдердің халықтары жасаған саяси, құқықтық таңдауды тануға, олардың егемендігі мен аумақтық тұтастығына құрметпен қарауға шақырамын. Бұл орайда Қазақстан өз кезегінде қазақтар тұратын елдермен достық және тату көршілік қарым-қатынастар орната отырып, күллі оңтайлы саяси және экономикалық тәсілдермен бүкіл әлемдегі қазақ диаспораларын қолдайтынын атап көрсетемін.

Қазақстан тарихының едәуір бөлігі — оны мекендейтін халықтардың этникалық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы, барлық сапада дерлік — тілімізде, мінез — құлық дағдымызда, дүниетанымымызда, діліміздің терең тамыр тартып отыр. Міне, қазір де біздің жас мемлекетіміз тоталитаризмнің жалған принциптерін лақтырып тастап, шын мәніндегі бірегей функцияны атқаруда — барлық ұлттық мәдениеттердің тең құқылы, толыққанды дамуын қамтамасыз етуде. Олар жалпы қазақстандық мәдениеттің жаңа сапасын айқындайды. Басым рөлі оны толық ауқымында әрі ең алдымен мемлекеттік тілді жаңғырту жөніндегі тарихи міндетпен айқындалатын қазақ мәдениеті біздің еліміздің барлық халықтарының мәдениетінің дамуына ешқандай да кедергі келтірмейді.

Біз мәдени қоғамның қазақстандық үлгісі бір жағынан — өз жағдайымызға сәйкес келуіне, екінші жағынан — қазіргі дәуірдің күрделілене түскен талаптарына сай келуіне ұмтылып отырмыз. Яғни мемлекет шығармашылық процестерге қысым жасаудың кез келген идеологиялық нысандарынан бас тартады. Мәдениеттің дамуы ендігі жерде әлемдік мәдениеттің даму заңдылықтары жүйесіне кірігуімен, бүгінгі

әлемнің жаңа мағыналық және сезімдік-пайымдық астарларына бойлап енуімен айқындалады. Шын мәніне келгенде, нақ сол еуразиялық идеяның көрініс беруі.

Біздің мәдениетімізді әлемдік мәдениеттен оқшаулап тұрған «темір перде» енді жоқ, Қазіргі ахуалдың принципті жаңа тұрпаты Қазақстанның барлық этникалық топтары мәдениеттерінің мазмұндық өлшемдерінің сапалық өзгерісімен айқындалады. Шығармашылық тұрғыдан тоғысу принципті түрдегі ашықтық, басқа да дүниежүзілік мәдениет үрдістеріне үндесу бағыты олардың негізгі сипаттамаларының біріне айналады. Келешекке көз салсақ, диаспоралар мәдениеттің құрлықтық аймақтарының бөліктері ретінде ғана көрініп қоймайды, сайып келгенде, бүкіл көп ұлыстық қазақстандық мәдени өркениет кешенінің «өкілетті өкілдері» болып шығады. Яғни, олар біздің басқа ұлттық-ұлыстық жүйелермен өзара іс-қимылымыздың бір арнасы мен тетігіне айналады.

Сөйтіп, біздің еліміздің ұлттық мәдениетінің бірлігі аралық Азия кеңістігінде қалыптасып келе жатқан жаңа мәдени құбылыстың негізі және Еуразия құрлығының осы заманғы мәдениетінің төлтума және сүбелі бөлігі болып табылады. Бұл орасан зор байлық, біз оны сақтап, ұрпақтарымызға табыс етуге тиіспіз.

Кез келген елдің өзінің экономикалық, саяси тәуелсіздігі және соған сәйкес келетін құқықтық негізімен бірге рухани тәуелсіздігі де болуы керек. Ал бұл өз кезегінде осы мемлекет азаматтарының өзінің мәдени өркениет саласымен сәйкестігін сақтау мен дамыту талаптарының күрделі қосындысын қамтиды. Осыдан 5 жыл бұрын ғана дербес мәдениетін құртуға мүмкіндік алған еліміз жалпы ұлттық мәдени кеңістік қалыптастырудың бастапқы кезеңінде тұр.

Бұл ұзақ мерзімдік міндет әрі өзінің мәні жағынан стратегиялық міндет.

Біздің мемлекетіміздің саясаты болып жатқан өзгерістерді ескеруге және алдағы ғасыр құндылықтарының алға қояр талаптарының аясында сенімді стратегия сомдауға тиіс. Ал мұндағы ең бастысы — өзінін сәйкестілігін сақтау. Әңгіме халықтың мынау шапшаң өзгеріп отырған дүниеде өзін сақтап қалу қабілеті төңірегінде болып отыр. Ендігі жерде біз, барша қазақстандықтар, бір әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық және сайып келгенде, бір мәдени кеңістікте тұрғанымызды түсінуіміз қажет. Біз — тарихқа айналған кеңестік мәдениеттің мұрагерлері ғана емес, дәл сол тарихи қажеттілік тұрғысынан алғанда — сапалық жаңа мәдени қауымдастықты құрушылармыз. Қазірдің өзінде бұл біздің өміріміздің ішкі мәні, мазмұны болып отыр. Қазақстан біздің елдегі кез келген ұлттық мәдениет үшін жалпы мемлекеттік, азаматтық-саяси «үй» ғана емес, тең тұрғыдан мәдени-өркениет «үйі».

Тұтастай алғанда, Қазақстанда ұлтаралық қатынастарды реттеу принципті түрде өзгеріп отырған мынадай жағдаяттарды мұқият түсінуіне негізделуі керек.

Біріншіден, саяси демократияландыру мен экономикалық ырықтандыру адамдардың мінез — құлқын да жаңа нақыш енгізеді және олардың арасында жаңа қарым-қатынастар орнықтырады. Бұл өзгеру ұлтаралық қарым-қатынастарға да әсерін тигізеді. Егер осы ықпалдың негізгі бағытын айқындайтын болсақ, саяси және экономикалық ырықтандыру тұтастай алғанда Қазақстандағы ұлтаралық қарым — қатынастарға оңды әсерін тигізді деп айтуға негіз бар (әйтседе ол барлық жерде бірдей болмағанын мойындау керек).

Екіншіден, біз ашық қоғам орнатып жатырмыз. Президенттік басқару нысаны, азаматтардың еркін ерік-жігерін білдіруі негізінде қалыптасқан кәсіби парламенті бар қоғам. Сөз бостандығын практикада жүзеге асырып отырғанда ұлттық қарым-қатынастарды жабық қоғамның үрдісі бойынша реттеуге болмайды. Иә, жабық қоғамда кез келген ұлттық проблеманы «адам жоқ екен, проблеманың да болуы

мүмкін емес» деген принциппен шеше беруге болады. Бұл орайда кез келген, тіпті ең қатыгез деген әрекеттің өзі ақпараттық жағынан әйгіленбейді немесе бір ғана көзқарас тұрғысынан түсіндіріледі. Мен қылмыстық кодексе бұқаралық ақпарат құралдарын қорғауға бағытталған баптың енгізілуін саналы түрде талап еттім. Ал мұның өзі тіпті де жәй ғана ишарат емес, принципті айқындама, өйткені тәуелсіз бақсыз ашық қоғам орнатуға болмайды.

Өз кезегінде ұлтаралық қарым-қатынастардағы проблемалар талқылануға тиіс әрі жабық және сапер күректерінің көмегімен жасалатын қанды «қажасудың» арқауы емес, қоғамдық татулықтың негізі болуға тиіс.

Үшіншіден, Қазақстанның XX ғасырдың соңғы 10 жылдығында дамуы ұлтаралық шиеленіс сілкіністеріне сырғитындай ешқандай да тақсіретті әрі тізгін бермес қажеттілік жоқ екенін көрсетіп берді. Босния мен Таулы Қарабақтың, Днестр маңы өңірі мен Абхазияның, Тәжікстан мен Шешенстанның ащы тәжірибесі әлі кейінгіні орнықтыратын негіз емес. Бірақ аса күрделі өтпелі кезеңді бастан кешіп отырған Қазақстанның да тәжірибесі бар ғой, алайда біз ұлттық қарым-қатынастарды реттеудің белгілі бір практикалық тәжірибесін жинақтай отырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алдық. Бүгінгі таңда бізде өткеннің, қалтарыс қатпары көп қанқұйлы өткеннің проблемаларына байланысты мәселелерді шешуден, ғасырлар бойы қордаланып қалған келеңсіз таптаурыннан бастап өзекті міндетті — осы заманғы Қазақстанның барлық ұлттық топтарының жаңа азаматтық сәйкестенуін шешуге ойысатын мүмкіндік бар. Саяси тұрақтылық та және экономикалық серпіліс пен мәдениеттің жай-күйі де біздің, міне, осы міндетті қалай шеше алатындығымызға байланысты болады. Біздің балаларымыздың болашағы да соған байланысты болмақ.

Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы

Әлеуметтік-экономикалық даму тақырыбына ойысқанда, біз реформаның Қазақстанның таяудағы 20–30 жылға арналған даму бағдарламасын жасау үшін нақты мүмкіндік туған кезеңіне аяқ басқанымызды бірден атап көрсеткім келеді. Менің тапсырмам бойынша түрлі елдердің ең тәжірибелі деген мамандарын тарту арқылы осы құжатты әзірлеу жұмысы қызу басталып та кетті. Бұл жұмыспен менің Жарлығыммен құрылған Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік шұғылдануда. Мен бұл жайында халыққа кейінірек егжей-тегжейлі айтатын боламын. Қазір бұл мәселеге қысқаша тоқтала кетейін.

Сіздер білесіздер, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу күні кешегі кезеңнің басымдығы болды. Инфляция белең алған және экономиканы ырықтандыру ықпалы есеңгіреткен жағдайда қандай да бір тұрлаулы болжамдар жасау туралы сөз қозғау мүмкін болмағаны әбден түсінікті жәйт. Базалық көрсеткіштер тым солқылдақ еді, біз солардың негізінде қандай да бір нақты ұзақ мерзімдік жоспарлар жасай алмадық.

Сондықтан барлық күш пен қаражат экономиканы тұрақтандыруға, оны құлдырау «қысталаңынан» шығаруға бағытталды.

Бізге толық үйлестікке қол жеткіздік деп айту әлі ертерек. Себебі, қол жеткен тепе-теңдік әлі тым әлжуаз. Алайда 1993 жылы ұлттық валютаны енгізу сәтінен басталған дәйекті реформалар, мен бұл жайында жоғарыда айтым өттім, сондай-ақ, макротұрақтылықтың батыл және мүлтіксіз жүргізіліп жатқан саясаты, еліміз «қайтып оралу нүктесінен» өтті, енді біз шаруашылық организмінің тұрақты дамуын және экономикалық көрсеткіштердің өсуін еселеумен мықтап шұғылдана аламыз деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда біздің қолымызда не бар? Жеткілікті түрде тұрақтанып келе жатқан экономикамыз бар. Экономикалық құлдырау «процесін кері бұруға» мүмкіндік алдық — аздаған өсуге қол жеткіздік, ал оны келесі 2–3 жылдың ішінде 2–3% деңгейінде ұстап тұруды көздеп отырмыз.

Мемлекеттік шығыстар мен кірістердің қатаң саясаты бюджет тапшылығын бірнеше жыл бойы ІЖӨ-нің оңтайлы 2-4% деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Айта кеткен жөн, бюджет тапшылығының 3% деңгейі Батыс Еуропаның дамыған елдері үшін ЕҚ-ға енудің шарты ретінде қабылданды.

Сыртқы берешегінің деңгейі жағынан Қазақстан бұл жөніндегі көрсеткіштері байыпты елдер қатарына жатады. Республиканың орасан зор экспорт әлеуетін ескергенде, ол тіпті жақсара түсуге тиіс, мұның өзі елдің жалпы кредиттік қабілетіне игі ықпалын тигізбек.

Жан басына шаққанда шетелдік тікелей инвестицияларды тарту деңгейі жағынан Қазақстан Орталық және Шығыс Еуропа, сондай-ақ, ТМД елдерінің алғашқы бестігіне сенімді түрде кіреді. Тұтас алғанда бізде макроэкономикалық көрсеткіштер қалыпты, әрине, қолымызда оларды жақсартудың үлкен әлеуеті де бар.

Тағы бір фактор — ұлттық нарықты дамытуға жәрдемдесетін құрылымдық реформалар, сөреде кідіріп қалғанмен, біз өзгерістердің бара-бар жүруін қамтамасыз ететін қарқын таба білдік. Біздің жоспарларымыз бойынша барлық реформалар таяудағы 2 жыл ішінде аяқталуға тиіс. Қазақстан экономикасының әкімгершіліктен нарықтыққа қарай ойысқан өткіншілік мәртебесі анағұрлым тұрақтана түседі. Бұған барлық жағдай бар.

Бірақ ең бастысы, біз қол жеткен экономикалық өрістермен бірге Қазақстанның қуатты әлеуеті де бар, мұның өзі болашаққа сеніммен қарауға және ең батыл деген жоспарлардың сөзсіз іске асатынына үміт артуға мүмкіндік береді.

Бұл әлеует неден құралады?

Біріншіден, біздің мемлекетіміз мұнайдың, газдың, көмір мен уран кендерінің дүниежүзілік қорларын иеленушілер ішінде алдыңғылардың бірі болып отыр. Бұл салаларды дамыту және оларды тиімді басқару мәселесі мемлекеттік ерекше назар аударуды қажет етеді.

Дүниежүзілік қоғамдастықтың Қазақстанды XXI ғасырдағы негізгі энергия көздерін берушілердің бірі деп білуі орынды. Біздің алдымызда келесі 10–15 жылдың бедерінде мұнайды ірі экспорттаушылардың бірі болу жөнінде нақты міндет тұр.

Басқа да көптеген пайдалы қазбалардың қолдағы қорларын кәсіпорындардың қалыпты дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстанда мыстың қоры әлемдік мыс қорының 10%-ін, қорғасынның — 19%, мырыштың — 13%, темірдің — 10%, марганецтің — 25%, хромит кендерінің 30%-ін құрайды. Барит пен вольфрамның анықталған қорлары да дүниежүзілік қордан асып түседі. Осының бәрі біздің металл өндіретін елдердің арасында лайықты орынға шығуымызға мүмкіндік береді.

Республика қойнауында өндірілетін минералдық шикізаттың әлеуеттік құндылығы 8,7 трлн. АҚШ долларымен, соның ішінде барланған қорлар 3,3 трлн. доллармен бағаланады, болжанған ресурстар 5,4 трлн. доллар. Республика үшін минералды шикізат кешенінде қатты табиғи байлықтар жөнінен темір, марганец, хром, уран, полиметалдар, мыс, алтын — басым бағыттар. Осы кешенді реформалау тиісті заңдар, сондай-ақ, жер қойнауын пайдалануды және жер қойнауын қорғауды басқарумен реттеу тұжырымдамасы негізінде жүргізіледі.

Екіншіден, Қазақстан орасан зор ауылшаруашылық жеріне ие. Қазірдің өзінде біз ауылшаруашылық өнімдерімен өзімізді толығымен қамтамасыз етіп,

оның өндірілген көлемінің үштен біріне жуығын экспортқа шығарып отырмыз. Ал агроөнеркәсіп өндірісіндегі стратегиялық бағытқа келсек, ол Қазақстан ауылшаруашылық кешені және ең алдымен дәнді дақылдар өнімдерін Орталық Азия рыногына өткізу экспортының үлесін осы деңгейде ұстап, ұлғайта беруге бағытталуы керек.

Бұл орайда таяу жылдары КХР мен Үндістанда тамақ өнімдерін тұтынудың өсе түсетіні жөніндегі болжам ескеріліп отыр. Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін негізгі және жақын жердегі өткізу рыногы қатарына Ресей де жатады. Бұл жерде экспортқа деген әлеуеттің орасан зор екені әбден түсінікті.

Үшіншіден, республиканың дүниежүзілік сауда арналарынан қазіргі кезде жырақ жатқанына қарамастан, біздің транзит әлеуетімізді пайдаланушы салалар елдің болашақ дамуының қуатты қайнарын құрайтын болады. Бұл әлеуеттің стратегиялық бағыттар қатарына енгізілуі бірнеше объективті жағдайларға байланысты туды. Олардың ең бастысы — шапшаң дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытай, Үндістан мен Ежелгі Құрлық елдерінің бұдан былайғы дүниежүзілік сауда алмасу барысында көлік шығындарын төмендету қажеттігі. Сонан соң таяу келешектегі Қазақстанның дүниежүзілік мұнай өндірудегі үлесінің артуына байланысты оның экспорты үшін жаңа көлік қуаттарының қажет болатыны да өтеөте маңызды. Қазақстанның географиялық жағдайы мен құрлықтағы ұлан-ғайыр аумағы бізге бүгінгі таңда және келешекте кейбір басқа елдердің алдында табиғи артықшылық береді.

Сөйтіп, Қазақстанның дамуының ұзақ мерзімді даму стратегиясының бірі — көлік инфрақұрылымын дамыту болуы керек. Ол мұнай құбырлары, магистралдық даңғылдар, темір жолдар, айлақтар мен өзен терминалдары, әуежайлар құрылысы. Біз дамыған коммуникациялар жүйесін сала отырып, экспорттық әлеуетті едәуір арттырып қана қоймай, Қазақстан арқылы бұдан былайғы транзиттік тасымалдың дамуына да жол ашамыз.

Проблема мынада: коммуникациялық жобалар өте қымбатқа түседі және өзінөзі ақтау мерзімі ұзаққа созылады. Басқа елдердің тәжірибесі нарық тетіктері инфрақұрылымының дамуына ықпал етпейтінін көрсетіп отыр, демек, бұл жерде негізгі рөлді мемлекет өзіне алуы керек. Біз Ақмола мен Қарағандыдағы аса ірі әуежай, трансазия темір жолындағы Достық стансасы, Каспийдегі Ақтау порты, Алматы-Ақмола автодаңғылдары, біздің телекоммуникацияларымыз және т.б. құрылысы кезінде осылай істедік. Алдағы уақытта да солай істемекпіз.

Тегінде, өндірістік инфрақұрылым туралы сөз қозғағанда, Қазақстанға біздің экспорттық мүмкіндіктерімізді елеулі түрде арттыруға мүмкіндік беретін алғашқы ірі жоба жайында айтпасқа болмайды.

Биыл Каспий құбыр арнасы консорциумының (ККК) құрылысы басталады. 1999 жылға жоспарланған оны пайдалануға беру мұнайдың жыл сайынғы экспортын 67 млн. тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда XXI ғасырдың басында-ақ Қазақстанда мұнай өндіруді 100 млн. тоннаға, ал 2010–2015 жылдардың бедерінде 170 млн. тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Әрине, бұл кезде ККК-нің қуаттары бізді қанағаттандыра алмайтыны аян. Мұның үстіне біз өз алдымызға мұнай экспорттауды 100 және одан да көп млн. тоннаға дейін арттыру міндетін қойып отырмыз. Сондықтан қазірдің өзінде маршруттар Қара теңізге ғана емес, басқа бағыттарға да созылатын осындай мұнай арналарының құрылысы туралы ойлануымыз керек. Сонымен бірге біз мұнай өнімдерін темір жол және теңіз көлігімен тасымалдау көлемін арттыруды көздеп отырмыз.

Төртіншіден, егер біз өз адамдарымыздың мүддесін көздеп, қаржы жұмсамайтын болсақ, онда отандық экономиканы өркендету жөніндегі барлық ұмтылысымыздан ештеңе шықпасы анық.

Мен өткен жүйенің сирек артықшылықтарының бірі баршаның қолы жетерлік білім алу болғанын айтып өттім.

Білімді халқымыздың болуы, бұл орасан зор табысымыз, ондай жағдай Оңтүстік Кореяда да, Малайзияда да, Индонезияда да болған емес. Көптеген адамдар біздің орта біліміміздің бәсекеге барынша қабілетті екенін айтады. Ал экономикалық құлдыраудың салдарынан алдымен жоғары және орта мектеп оқытушыларының, студенттердің зардап шеккені өкінішті-ақ. Мұндай мұрадан айырылып қалу күпірлік болар еді. Бұған біз жол бермейміз. Ол ма, біздің өсуімізге де қажет резерв бар, яғни ағылшын тілін, экономика және қаржы пәндерін, құқықты ақпараттаманы оқыту деңгейін арттыру керек.

Азия елдерінің экономикалық өсуіне ықпалын тигізген факторлардың бірі АҚШ-тың, Еуропаның дүниежүзілік ғылым мен оқу орталықтарына мыңдаған студенттерін оқуға жіберуі болды. «Болашақ» бағдарламасы бойынша жол берілген белгілі бір іркілістерге қарамастан, біз алдағы уақытта да білім саласында мемлекеттік қолдау көрсетеміз, қазақстандықтардың қазір де, болашақта да қажетті білімі мен дағдыларын арттыруға жәрдемдесе береміз. Біздің студенттерімізді шетел университеттерінде оқытуды қаржыландыра отырып — Қытайдың, Кореяның, Жапонияның тәжірибесі соның айқын дәлелі — біз тек осылай ғана күрделі міндеттерді шешетін кадрлар даярлай аламыз.

Ал енді отандық білім беруді дамытуға келсек, мұнда білімді компьютерлендіру бағдарламасы шешуші рөл атқарады. Бұл іске әлемдік жетекші оқу орталықтарына жақындастырылған өз білім беру құрылымдарымызды қалыптастыру қызмет ететін болады. Ондай жоғары мектеп көшбасшылары қазірдің өзінде бізде бар. Олар — Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, ұлттық мемлекеттік басқару жоғары мектебі және басқалары.

Бесіншіден, кез келген стратегияның табиғи және сіңірілген артықшылықты дамыта беруге құрылатынын айтып өттім. Әлбетте, біздің стратегиямыз да оны айналып өте алмайды. Алайда бүгінгі әлемде біз мұнай, металл немесе ауыл шаруашылық өнімдері экспортына тәуелді болып қалмауға тиіспіз, онда осы артықшылықтарымыздан айырыламыз. Бұл проблеманың шешімі — экспортты диверсификациялауда. Бұл жолы әлемдік конъюнктураның өзгеруі жағдайында шығысымызды төмендетіп қана қоймай, сонымен бірге өнеркәсібіміздің одан әрі технологиялық дамуына жәрдемдеседі. Қазақстан уақыт өте келе өңделмеген мұнай мен кенді экспортқа шығарумен бірге, мұнай өнімдерін, химия мен машина жасау өнімдерін экспортқа шығарары сөзсіз. Әрине, технологиялық даму кезеңдерінен ешкім «көктеп» өте алған емес. Біз де бұл жолмен жүрмейміз. Міндет басқада — негізінен ұқсатушы салаларды, мұнай-химия, машина жасауда, жеңіл өнеркәсіпте, құрылыс материалдары индустриясында, тамақ өнімдері өндірісінде және тағы басқаларында қолда бар салаларды дамытып, жаңа салалар құрумен сындарлы ұштастыруда. Осы міндеттердің бәрін біз қазірдің өзінде басымдықтар санатына қосып отырмыз.

Әлбетте, стратегияның құндылығы ойластыруында емес, ойдағыдай жүзеге асырылуында. Ал біздің жағдайымызда белсенді түрде шетел инвестицияларын тарту мен инвесторларға саяси кепілдіктер бергенде ғана табысқа жетеміз. Өкінішке қарай, таяу болашақта ішкі ресурстарға арқа сүйей алмаймыз. Көптеген мамандар

халық 2 млрд. жуық долларды «жамбасына басып» отыр деген пікірде болғанмен, сенімді қаржы жүйесін қалыптастырып, қазақстандықтардың сеніміне қайта ие болғанға дейін уақыт өтетінін мен жақсы түсінемін. Әлбетте қазірдің өзінде бұл қаражатты банктерде сақтау тиімді екенін адамдарға түсіндіру қажет.

Қысқасы, өздері инвестор болсын, елдің экономикасына жәрдемдессін, өзінің игілігіне қызмет етсін.

Әзірге отандық өнеркәсіпті аяғынан тік тұрғызу үшін шетел инвестициялары керек. Озық тәжірибе, жаңа технологиялар мен ноу-хау басқару мен маркетинг дағдылары қажет.

Міне, соңдықтан да біз инвестициялық ахуалды жақсартуға көп күш-жігер жұмсап келеміз. Сол үшін Инвестициялар жөнінде мемлекеттік комитет құрылды. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң әзірленді. Біздің қазіргі міндетіміз — капитал ағысын реттеудің дәйекті де баршаға түсінікті ережелерін жасау. Инвесторлар үшін жеңілдіктер мен артықшылықтар берудің егжей-тегжейлі жүйесін әзірлеу, әлеуметтік және коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту. Басқаша айтқанда, әлемнің іскер топтары үшін Қазақстан беделін арттыру керек. Сөйтіп, біз қолында елеулі ресурстары, озық технологиясы, өнім бөлудің ғаламдық арналары бар әлемнің аса ірі ұлтаралық корпорацияларының капиталын тарта аламыз.

Бұл күндері Алматыда аса ірі инвестициялық басқосу өтіп жатыр, оған аса ірі әлемдік компаниялардың басшылары қатысуда. Кеше осы басқосуда өзім де сөйледім, оған катысушылардың сөздерін де тыңдадым, елімізге шетел капиталы келуін ұлғайту жолдары туралы мүдделі де келелі әңгіме қозғалғанына көзім жетті. Көптеген бизнесмендердің Қазақстанға көзін ашу керек, әлеуетіміздің мүмкіндігінен, даму келешегінен хабардар ету керек. Басқосудың біздің әлемдік шаруашылық байланыстарына кірігуімізге қуатты серпін береріне күмәнім жоқ.

Экономиканы инвестицияларға бейім қалыпта тұратындай жағдайда ұстау үшін тыңғылықты жұмыс істеу қажет. Демек, экономикалық реформаларды жүзеге асырудың серпінді де қатаң ырғағы керек. Нарықтың өзіне де экономиканы «қыздыратын» бірталай уақыт керек екенін ескеру қажет. Сондықтан бүгінгі таңда нарықтық реформаларды көп ретте мемлекеттің өзі ынталандырып келеді. Мемлекеттің экономикаға бұлайша араласуына сын айтылатын кездер де сирек емес. Бірақ бұл араласудың әмірлік-әкімшілікпен салыстыруға келмейтінін ұмытпайық. Біз реформалардың бағыты нарықтық күштерге астасуы үшін бәрін істеуге ұмтылудамыз.

Мұндай шаралардан талданарлық нәтиже алынуы мүмкін. Бұл ретте «Азия жолбарыстары» деп аталатындардың тәжірибесі үлгі аларлық.

Ендігі жерде біз қысқа мерзім ішінде жекешелендіру арқылы жеке меншік иелері табын қалыптастырып, ресурстарды барынша тиімді пайдалану үшін оны бөлу тетіктерін жолға қоюымыз, әлеуметтік-экономикалық дамуды заңдық және реттеуші негіздермен ұдайы «жетелеп» отыруымыз керек.

Әкімшілік жүйемізді сауықтыруымыз қажет. Шенеуніктердің далиған штаты қазірдің өзінде біздің даму жолымыздағы елеулі тежегішке айналып отыр. Кейде тіпті оғаштыққа ұрына бастадық. Мемлекеттік қызметшілер санын бүкіл халыққа шаққанда, Қазақстан Батыс Еуропаның неғұрлым дамыған елдерімен бір қатарда тұр. Алайда біздің аппараттың жұмыс сапасы ешқандай сын көтермейді. Өздеріңіз білесіздер, еуропалық қалыптың ауылы әлі алыс.

Әлбетте, бюджеттегілердің осынау қалың қосынын онша бай емес мемлекет есебінен ұстау ауыр міндет. Демек, егер біз экономикалық өсуді жеделдетуге бекем бел байлаған екенбіз, онда мемлекеттік басқару органдары реформасын

белсенді іске асыруымыз қажет. Бұл процесс осы жылдың наурызында басталды, біз онда министрліктер мен ведомстволар санының тең жартысын қысқарттық, аумақтық басқару органдарының құрылымы мен санын оңтайландырдық, 5 облыс пен ондаған ауданның басқару аппараттары қысқартылды. Нәтижесінде біз барынша іскер, икемді басқару органдарын сомдайтын боламыз. Тұтас үкіметтің және әр министрдің алдына нақты міндет қойдым, оны жүзеге асыру мерзімін белгіледім. Жаңа астанаға ұйымшылдықпен, беріле істейтін, осы заманғы өлшемдермен пайымдай білетін кадрларды топтастыруды көздеп отырмын.

Сонымен бірге 1 млн. бюджетшілер туралы айтқанда, мемлекеттік қызметте тұратындардың бәрінің 70% дәрігерлер мен мұғалімдер екенін естен шығармауға тиіспіз. Бір жағынан қызмет сапасын арттыру үшін, екінші жағынан, республикалық бюджеттен ауыр жүкті алу үшін біз білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін кең көлемде реформалауды жоспарлап отырмыз.

Мұғалімдер мен дәрігерлерге түсетін салмақ, мектептер мен ауруханалар саны оңтайландыруға, ел қажетіне сай болуға, ал қызметшілердің осы санатының еңбегіне төленетін ақы әжептәуір жоғары болуға тиіс. Айтып өткенімдей, мемлекет алдағы уақытта да білім беруді тағдырдың тәлкегіне тастамайтын болады, бірақ оны қолдау міндетті. Білім беру жүйесі, гранттар мен шәкіртақылар арқылы жүзеге асырылады. Мен жеке меншік мектептердің, бірақ лицензияланған, әрі мемлекеттік талаптарға сай келетін мектептердің, университеттердің, ауруханалардың көп болғанын қалаймын. Медициналық сақтандыру жүйесіне баса назар аударылатын болады.

Құрметті Ассамблея делегаттары мен қонақтары!

Соңғы жылдары біз реформалардың жасампаз кезеңінен өттік. Қазақстанның мемлекеттігін нығайту, әлемдік қауымдастыққа кірігуі үшін көп іс тындырдық. Біздің алдымызда әр жолы жаңа, ауқымды міндеттер тұрды және тұратын болады. Бірақ енді бұл жан қорғалау қиындығы емес, өсу қиындықтары.

Қалай болғанда да біз көп этникалық мемлекеттің тоталитаризмнің ауыр мұрасына қарамастан, барлық ұлттар адамдарының сенімі мен татулығы, адам құқығына құрмет ахуалында, халықтың барлық топтарының, барлық Ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің әлеуметтік әріптестігі мен ынтымақтастығы жағдайында бейбіт жолмен дами алатынын және дамуы керектігін дәлелдеп бердік.

Біздің еліміз алдағы уақытта да ілгерішіл ұлттық саясат жүргізетін, болашақ ұрпақтардың бейбіт өміріне, әр адамның еркін дамуына және барлық этностарымыздың арасындағы үйлесімге кепілдік беретін демократиялық мемлекеттің заңдары бойынша өмір сүреді.

Осындай мемлекет орнатып, біз талай тауқыметті бастан кешкен, бірақ бірегей көпұлтты Қазақстан халқын асырап сақтаған, баулып-түлеткен мейірімі мәңгі де дарқан қасиетті қазақ жерінің алдындағы, қазақстандықтардың ұрпағы алдындағы өз парызымызды орындайтын боламыз.

М.О. Әуезовтің 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1997 жылдың 27 қыркүйегі

Қымбатты достар, құрметті отандастар, қадірлі меймандар!

Бүгін біз осы зәулім шаңырақтың астына еліміздің қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі аса бір айтулы оқиға — қазақтың ұлы жазушы-гуманисі, ғалымы, кемеңгер ойшылы, туған топырағымыздың біртуар перзенті Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 100 жыл толу салтанатын атап өтуге жиналып отырмыз.

Мұхтар Омарханұлының есіміне байланысты басқа да мерейлі шаралар сияқты бұл басқосу да — халқының асқақ мұраттары жолына бойындағы бар жақсысын: күллі ғұмырын, дарын қуатын, терең танымын, білімі мен білігін аямай жұмсап, рухани ұстаз хақына ие болған арыстарымызды, қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің асыл тұлғаларын бүкіл халық болып қастерлеу, мерекелеу сияқты жақсы салтымыздың жалғасы.

Абай, Шоқан, Құрманғазы, Жамбыл, Шәкәрім... Қандай жарқын есімдер, даналық жарқылы, дарын жасыны іспетті! Осы ғажайып шоғырдың ішінде жарқырап Мұхтар жұлдызы нұр шашып тұр.

Құлашын кеңінен сілтеуге мұрсат бермеген ғұмырының ішінде ол кең құлашты прозалық шығармалармен қатар хас шебердің өріміндей әсем ондаған әңгімелер, пьесалар, либреттолар мен сценарийлерді дүниеге әкелді, оның қаламынан туған тың тыныстық әдеби зерттеулер мен терең мазмұнды оқулықтар қаншама, тәржімандық өнердің үлгісіндей әлемдік классиканың үздік туындыларын қазақ тілінде сөйлеткен аудармалары өз алдына бір төбе.

Әңгіме, әлбетте, санда емес, М.О. Әуезов туындыларының асылдығында, мінсіз сапасында. Ол «Абай жолы» эпопеясынан өзге бір жол жазбаған күннің өзінде, осы туындысының өзі-ақ оның келер ұрпақ көкірегінен мәңгілік орын алуы үшін жетіп жатар еді. Осы ғажайып шығарманы қолыңа алған сайын, оның әр жолын оқыған сайын көкірегіңде өз елің үшін, өз халқың үшін мақтанып сезімі оянады.

Сөйтіп, өткенімізге мұқият зер сала қарауға ұмсындырады, тындырған ісіңді ұлы бабаларымыз ісінің таразысына тартуға ұмтылдырады, өз затыңды, туа бітті табиғатыңды пайымдатпай қоймайды.

Ендеше, Әуезовті қазақ әдебиетінің классигі демегенде, не дейсіз. Ендеше, «Абай жолы» біздің әдеби шығармашылығымыздың шыңға біткен шынары демегенде, не дейсіз.

Осынау эпопеядан басқа Мұхаңның қаламынан туған хикая, әңгіме, пьесаларын, інжу-маржан басқа дүниелерін алайық.

Олардың бірде-бірін тебіренбей-толғанбай оқу мүмкін емес. Шығармаларының әрқайсысынан қазақ ауылының етене тыныс-тіршілігі, ғасырлар бойы қазақ жұрты шешіп келген тағдырлық, тұрмыстық, имандылық мәселелері мен мұндалап тұрады. Алайда, бұл тек қазақтың пешенесіне ғана жазылған талай ма еді? Кешегі «қилы заманда» мұндай құқайды басқа халықтар көрген жоқ па екен? Тегінде, Әуезов шығармашылығына қазақтар ғана емес, әлемнің әр шалғайындағы жұрттардың айрықша ықылас қоюының бір сыры осында жатса керек. Әуезов көркемсөз құдіретінің қазақ көгінен шығандап күллі адамзат аспанына шарықтауында

жатса керек, оның осынау қарымы тәңір берген талантымен ұштасып, оны әлемдік деңгейдегі туындыгер деңгейіне көтеруінде жатса керек.

Әуезов шығармашылығының нағыз тереңдігін, оның адамзаттың мәдениет қазынасына қосқан үлесінің қомақтылығын Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде ғана емес, планетаның барша түкпірінде жақсы түсінеді. Жазушының осы мерейтойының ЮНЕСКО-ның аясында өткізіліп жатқаны да бекер емес. Бұл үшін біздің бәріміз осы халықаралық беделді ұйымның басшылығына және оның бас хатшысы Федерико Майор мырзаға шын көңілден ризамыз.

Алайда, оның таза жазушылық еңбектен өзге — мехнат машақаты мол, күллі күш-қайратыңды беруді талап ететін еңбектен өзге — түркология мен шығыстануды едәуір дамытқан әдебиетшілік еңбегі де болды. Ол әлемдік классиканың бірегей жұлдыздарын қазақ тілінде сөйлеткен біртума аудармалар да жасады. Республика Ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақ және Мәскеу университеттерінің профессоры бола жүріп, белсенді ғылыми әрі педагогикалық қызметпен де айналысты. Республика Парламентінің депутаты, көптеген кәсіби және қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде белсенді жұмыс атқарды. Денсаулығы керемет мықты бола қоймаған бұл адамның осыншама қыруар жүкті қалай көтергеніне, бәріне де үлгергеніне әрі бәрін өзіне тән ыждағаттылықпен, тамаша талантпен ақтарғанына еріксіз қайран қаласыз.

Оның бүкіл өмірі тағдырдың тауқыметі мен ауыртпалығына толы болды. Халықтың ар-ожданы, оның ойы мен арманының көрінісі болған «Алаш» ұйымының басшылары қызылдардың құрығына түскен кезде олармен бірге Мұхтар Омарханұлы Әуезов те қуғын-сүргінге ұшырады. Тағдыр оны ең ауыр қатерден аман алып қалды, алайда, «буржуазияшыл ұлтшылдығы» үшін тағылған дәлелсіз айыптау өмірінің соңғы күндеріне дейін дерлік қара елестей қалмай қойды. 1930-шы жылдарда да, 1940-шы, 1950-ші жылдарда да ол тоталитарлық режим органдарының жазалау қылышы өзіне талай рет төнгенін бүкіл болмысымен сезіп-біліп отырды.

Бұған қоса айтарым: тіпті Мұхтар Омарханұлы қайтыс болғаннан кейін де режим бұл адамды сүйіп және құрмет тұтқан адамдармен есеп айырысуға әрекет жасады. Сол арқылы оның өзін де амалын тауып төмендетпек, ұлы Мұхаңа күйе жақпақ болды. Осы залда отырғандардың ешқайсысы біле қоймайтын бір мысал келтірейін. Осыдан 10 жыл бұрын, біз Әуезовтің туғанына 90 жыл толуын атап өттік. Содан көп уақыт өтпей-ақ республика партия ұйымының «штабында» бір назар аударарлық құжат өмірге келді. Шынын айтқанда бұл республика компартиясы Орталық комитетінің идеология бөлімі Мәскеуге жолдаған, өсек-аяңға құрылған хат болатын. Хатта аталған шараның барысында «партияның бағытын» жүргізуді қамтамасыз етпеген Жазушылар одағына ашу-ызаға толы шабуыл жасалған еді.

Ондағы айыптаудың ең жеңіл дегені мынадай болатын. Үзінді келтірер болсам, онда: «тойға жиналғандардың басым көпшілігі қазақ ұлтының адамдары болып, жекелеген билеттер кездейсоқ, онша лайықты емес адамдардың қолына тиді», деген секілді сөздер болды.

Мұнан соңғы айыптаулар сол кездегі Жазушылар одағы дайындап ұсынған баяндамаға бағышталды. Жаланы жеткізушілердің пікірінше, онда Әуезовтің шығармашылық және еңбек жолы туралы драмалық-трагедиялық тұрғыда айтылыпты. Қазақстанның шығармашы зиялыларының арасында болған қуғын-сүргіннің ауқымы едәуір ұлғайтып көрсетіліпті, республиканың идеологиялық басшыларының жазушыларға қысым жасап отырғаны расталды, жаңа идеялар мен жаңа шығармалардың жолына кедергі қойылады-мыс.

Мен бұл жаланы өмірге әкелген авторлардың есімдерін атап жатпаймын. Оларға өздерінің ар-ожданы әділ қазы болсын. Мен басқа жәйтті атап өткім келеді: «идеологиялық» астары бар шулы жанжал ұйымдастыру әрекеті тікелей Мұхтар Әуезовтің есімімен байланыстырылды. Демек, бұл жанжалдың өзі де ұлы жазушының ар-ожданы мен абыройына нұқсан келтіруге тиіс болды, Бақытқа орай, сол кезде дайындалып жатқан «қатарды тазалаудың» жолын кесе алдық... Бірақ, содан қалған өкініш пен жиіркеніш сезімі, шынымды айтсам, әлі күнге дейін кетер емес.

Ол уақыт енді келмеске кетті. Бүгін таңда әдебиет ұстаханасының шеберлеріне қысым көрсетуге, олардың шығармашылық ізденісін шектеуге және шығармаларын ревизиялауға ешкімнің де құқығы жоқ. Ендеше, жауапкершіліктің, өз Отаны мен туған халқын сүюдің үлгісі болған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жігерлендіруші өнегесі жазушыларымыздың шығармашылық еңбегінде ұстанар адамгершілік бағыты болсын!

Құрметті мәжіліске қатысушылар!

Фирдоуси мен Гомер, Гете мен Бальзак, Шекспир мен Толстой сияқты, біздің Әуезовіміз де бүкіл адамзаттың Әуезовіне айналып отыр. Оны еске алып, аруағына тағзым етуге әлемнің барлық түкпірінен адамдар келуінің өзі де, міне, осыны айғақтайды.

Біздің меймандарымыз — халықаралық және аймақтық беделді ұйымдардың, ТМД мемлекеттері мен шалғай шет елдердің жазушылар бірлестіктерінің өкілдерін, мәдениет мәселелерімен кәсіби түрде айналысатын қызметкерлерді, Қазақстанның барлық облыстарының шығармашыл зиялыларының өкілдерін құттықтау мүмкіндігіне шексіз қуаныштымын.

Сіздердің осы залда отыруыңыз мемлекетаралық және аймақаралық деңгейдегі мәдени қарым-қатынастың тоқтамағанын көрсетеді, Демек, мәдениет бұрынғысынша, бейбітшілік елшісі күйінде қалып отыр. Міне, бұл — тамаша нәрсе.

Өзімнің және Қазақстанның барлық азаматтарының атынан біздің еліміз өміріндегі осынау дәуірлік оқиғаға қатысқаны үшін, біздің қуанышымызды бөлісуге және Қазақстан мәдениетінің жетістіктеріне тиісті құрмет көрсетуге ұмтылыстары үшін меймандарға зор алғыс сезімімді білдіремін. Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, барлық шығармашылық ойларыңызды міндетті түрде жүзеге асыруда сәттілік тілеймін!

Қымбатты достар!

Ал бүгінгі қазақтың да Мұқаң творчествосы мен өмірінен алатын тағлымы аз емес. Ол, ең біріншіден, Алаш басшылары мен Мұхтар Әуезовтің аңсап жете алмай кеткен бүгінгі тәуелсіздігімізді ардақтай біліп, оны қорғай, сақтай білу.

Екіншіден, Мұхаңды қуғын-сүргінге қиғандар өз ішімізден шыққанын ешуақытта ұмытпайық. Ел бірлігін сақтап, арандатушы мен алауыздарды тоқтата білуіміз керек. Бұл болашақта ел болуымыз үшін керек.

Үшіншіден, қолына қалам ұстаған зиялы қауым Мұхаң шығармашылығынан нәр алып, Мұхаңдай халқы мен Отаны алдындағы жауапкершіліктен таймауы тиіс, өз елі мен халқының болашағына қызмет істеуі керек.

Қымбатты достар! Қазақтың ұлы жазушысы, қазақ әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі, ғұлама ғалым және көрнекті қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

«Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Алматы қаласы, 1997 жылдың 10 қазаны

Жаңа ғасыр табалдырықтан аттайды,
басқа дәуір туып келеді.

Вергилий

Әр дәуірдің өз міндеттері бар.

Гейне

Кіріспе

Өткен күннен алыс жоқ,
келер күннен жақын жоқ.

Қазақтың халық мақалы

Қадірлі халайық!

Мен сіздерге, Қазақстан халқына, қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің мұраты хақындағы өзімнің пайымдауымды жолдап отырмын. Мен Сіздерге осынау болашаққа қол жеткізіп, өз мұратымызды іске асыруға жәрдемдесе алады-ау деген сенім ұялататын стратегияны ұсынғым келеді.

Мен сіздермен келер ғасырға, жаңа мыңжылдыққа, алыс перспективаға ендеп бойлайтын болашақ жайлы өзімнің ой-толғаныстарыммен бөліскім келеді. Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті.

Бұл бізге не үшін қажет? Менің ойымша, біздің әрқайсымызда ендігі жерде тек бүгінгі күнмен ғана, ағымдағы міндеттерді толассыз шешумен ғана өмір сүруге болмайтындығын терең түсіну сезімі пісіп-жетілді.

Біз ненің іргесін тұрғызғымыз келетінін, таңдап алған мақсатымызға алып келетін өз дамуымыздың траекториясы, даңғылы қандай болуға тиіс екендігін анық білуге және ұғынуға тиіспіз.

Өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындап, тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, осы жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта отырып, біз өзімізді бұралаң-бұрылысты сенделістерден, күш-қуатымызды, уақытымыз бен ресурстарымызды жөнсіз зая кетіруден сақтандырамыз.

Мықты стратегияға ие болып әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыроймен еңсере аламыз.

Бүгінгі таңда басымыздан кешіп отырған қиын жағдайлар бізді күш-қуатымыз бен үміттен айырмауға тиіс. Перспективаларымызды айқын ұғыну, жолымызда тұрған қиындықтар мен қауіп-қатерді бүкпесіз түсіндіру біздің қоғамымыздың барша азаматтарын осынау ортақ міндетті шешу үшін жұмылдыруға жәрдемдеседі.

Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтынын: әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз.

Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді?

Олар әл-ауқатты өмір сүре ме, тоғайған, дендері сау әрі білімді-білікті бола ма?

Олар жақсы әрі азат қоғамда өмір сүре ме?

Олар бейбіт-татулықта өмір сүре ме?

Олар өз қауіпсіздігі мен балаларының қауіпсіздігі үшін алаңсыз бола алар ма, көшелермен емін-еркін жүріп, өз дүние-мүлкі үшін қауіптенбес болар ма?

Біз оларға қуатты мемлекет пен өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыра аламыз ба?

Біз осынау қарапайым, бірақ маңызды сұрақтарға бүгіннің өзінде жауап беруге тиіспіз.

Бір данагөй: егер сіз қайда бет алып бара жатқаныңызды білмейтін болсаңыз, онда сізді ол жерге кез келген жол алып баруы мүмкін деген екен. Осыны естен шығармай, болашақтың моделін жалпыланған түрде және нақты қысқа мерзімді мақсаттар түрінде ұдайы көз алдымызда бағдар етіп ұстауға тиіспіз. Мұның өзі қандай да бір іс-әрекетке кірісе отырып — біз дұрыс бағытпен жүріп келеміз бе әлде бағдардан ауытқыдық па, оқиғалардан ілгеріге оздық па әлде шабандап қалып келеміз бе — ұдайы таразылап отыру үшін қажет.

Бүгінгі күнді ертеңгі күнмен ойша салыстырған кезде, бұл процесті сан рет қайталай отырып, проблемалардың ауқымы мен олардың маңызын өзгеше қабылдайсың. Өзімізді әлеммен бүкіл планетаның бір бөлігі ретінде түйсіне отырып, біз жаңа дәуір мен жаңа уақыттың тынысын және олардың жуықтай түскенін сезінеміз.

Қазақстан жаңа мемлекет ретінде көптеген империялардың: Оттоман, Австро-Венгрия, ал мүлде таяуда — Кеңес Одағының жан тәсілім еткенін көрген дәуірде дүниеге келді.

Біз жаңа мемлекетті, жаңа нарықтық экономика мен жаңа демократияны көптеген өзге де жас тәуелсіз мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіп те үлгерген уақытта құру үстіндеміз.

Біз қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда сөзсіз елеулі рөл атқаратын күннен-күнге өсе түскен ауқымдану мен ұлғайып келе жатқан өзара тәуелділік дәуірінде өмір сүріп отырмыз.

Егер біз өз ниетімізді байсалды ұстансақ және пайымды да парасатты болсақ, өз дамуымыздың ішкі және сыртқы факторларын бүкпесіз талдап-таразылауға қабілетті болсақ, онда біздің жалпы топтасуымыз, өз тарихымыз бен ерекше жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз де бар.

Біз басқа елдердің тәжірибесін зерделей алсақ та әрі солай етуге тиісті болсақ та және халықаралық қоғамдастықтағы қолайлы үрдістерді пайдалана алсақ та, біздің жасымызға жеткенде балаларымыз бен немерелеріміз мақтан ете алар Қазақстанды құру жөніндегі үмітіміз бен арманымызды іске асыру үшін қажетті осынау орасан зор жұмысты өзге ешкім де емес, тек біздің өзіміз ғана игере аламыз.

Неліктен нақ бүгінгі таңда біздің алдымызда осы міндет тұр?

Өйткені кеше біз бұған даяр емес едік, тәжірибеміз бен білігіміз жетіспеді, жағдай, ересен тұрақсыздық пен тұрлаусыздық мүмкіндік бермеді. Міндеттің өзі де басқа болатын. Алдыңғы кезеңнің күллі мәні мынаған: басталып кеткен ала-сапыран өтпелі кезеңнің буырқанған жағдайында дербес мемлекет ретінде табан тіреп қалуға келіп сайды. Көптеген көріпкелдер біз сәтсіздікке ұшыраймыз және

де мемлекет құрылысының, қоғамдық және экономикалық қайта құрудың бұрынсоңды болмаған міндеттерін игере алмаймыз деп сәуегейлік еткенді.

Бірақ алғашқы сынға біздің лайықты төтеп бере алғанымыз — еңсемізді тік ұстап, иілмегеніміз бүгін-ақ айқын. Барлық қиындықтарға қарамастан біз бейберекетсіздік пен жөнсіздік шыңырауынан шыға білдік.

Қазір біз тұрақтану кезеңіне өтудеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткізген табысымыз бізге жан-жағымызға үңіле зер тастауға, өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, өз жоспарларымызды түзеуге мүмкіндік береді.

Аса ауыр жағдайларда жинақталған мемлекеттілік құру, саяси және экономикалық реформалар жүргізу тәжірибесі, әлем және оның дамуы туралы білім-білігіміз, қазақстандықтардың төзімділігі мен түсінушілігі бізге қосымша күш-қуат пен сенімділік үстейді.

Бұл міндеттерді шешуді ертеңге қалдыруға да болмайды, өйткені біз өз реформаларымызды толық аяқтағанша күтіп те отыра алмаймыз.

Басқаша айтқанда, кеше әлі ерте болатынды, ал ертең кеш болып қалуы мүмкін.

Мемлекетіміз бен қоғамымызды құрудың дұрыс стратегиясын таңдап алудың өміршең мәні бар. Екшеле талданып жасалған стратегиялық жоспар назарды жинақтайды, тәртіпке жұмылдырады және жәрдемдеседі.

Ол мемлекет назарын басымдықтардың аса қысқа тұжырымды тізбесіне жинақтайды, ол тәртіпке жұмылдырады әрі Үкіметті осы міндеттер мен стратегияларды күнделікті шешіп отыруға талпындырады. Ақыр аяғында, ол біздің мақсаттарымыздың іске асуына алып келетін күн сайынғы және жыл сайынғы шешімдерді қабылдауымызға жәрдемдеседі.

Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Осы нұсқауларды өмірге енгізудің, жобаланған жоспарларды іске асырудың маңызы мүлде кем емес. Сондықтан әрбір министрлік пен ведомство өз жұмысын әрбір күн, ай мен жыл біз қадам басқан сайын қойылған мақсаттарымызға қарай ілгерілейтіндей етіп ұйымдастыратын жүйені құру аса қажет.

Мемлекеттік қызметшілер күн сайын алдарындағы стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды көріп отыруы, екінші кезектегі және күнделікті міндеттерді шешуге алаңдамастан оларды іске асыруы қажет.

Қабылданатын заңдар мен шешімдер біздің стратегиямыздың арнасында, жұмыс жинақы — жұмылған әрі үйлесімді болуға тиіс.

Келесі жылдан бастап біздің жыл сайынғы жоспарларымыз ұзақ мерзімді басымдықтарымызға сәйкес болуға тиіс. Оның үстіне, мониторинг жүйесі қойылған мақсаттарымызға қол жеткізуде біз қаншалықты ілгеріледік деген сұраққа жауап беруге тиіс. Сондықтан бізге стратегиялық жоспарлау мен стратегиялық бақылау, есептілік пен жауапкершілік жүйесі қажет.

Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты — біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындап, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады. Мұны мемлекеттің халықтың жекелеген топтарымен және жекеше сектормен ынтымақтастығы негізінде іске асыру қажет.

Осы Жолдау менің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясатымыздың негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнап сөз сөйлеу жөніндегі Конституциялық міндеттерімнің шеңберінде әзірленген болатын. Бірақ мен жоғарыда атап өткендей, біздің мемлекетіміз, тұтас алғанда қоғамымыз үшін де координаттар жүйесі болып табылатын, соның шеңберінде жыл сайынғы іс-қимыл жоспарларымызды жасай алатын неғұрлым ауқымды болжам мен стратегияны қажет етеді. Сол себепті осы мәселелерге ерекше орын беріліп отыр.

Президенттің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы бұдан кейінгі жыл сайынғы Жолдаудағы ұзақ мерзімді стратегияның іске асырылуына берілетін бағаны қамтиды, сондай-ақ алдағы жылға арналған нақты міндеттерді айқындайтын болады.

I. Біз бүгін қай жерде тұрмыз?

Адамдардың өмірінде шарықтау сәті бар,
ол, егер дұрыс пайдалана білсе, табысқа жеткізеді.
Егер оны қолдан шығарып алса,
онда одан кейінгі жол қайраңға малтығып,
тайғақ кешумен ұласады.

Шекспир

Ұланғайыр мүмкіндіктер баршаға беріледі,
бірақ көп жандар олармен ұшырасқанын сезбейді де.

Даннинг

Соңғы 6 жыл ішінде біз екі басты стратегиялық мақсатты көздедік.

Біріншіден, Қазақстан егемен тәуелсіз мемлекет болды. Көптеген адамдар қазір мұны тиісті нәрсе ретінде қабылдауға әзір, бірақ қазақстандықтар мұның біздің тарихымызда қаншалықты сирек әрі қиындықпен болғанын ұмытпауға тиіс.

Екіншіден, біз кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастадық. Аталған мақсаттарға әлі жете қойғамыз жоқ, дегенмен, жекелеген бағыттарда көзге түсер нәтижелеріміз де бар.

Енді ахуалды терең таразылау, дамуымызды әлемдік тәжірибе тұрғысынан талдау және реформаларымызды іске асыру мен жаңа институттарымыздың қалыптасу дәрежесін үздік әлемдік тәжірибемен салыстыру маңызды. Өзіміздің секем және босаң тұстарымызды салиқалы тұрғыдан талдап, тек содан кейін ғана дербес төл стратегиямызды талдап жасаудың маңызы бұдан бір де кем емес.

Біздің ішкі бекем тұстарымыз бен Қазақстанның қолындағы сыртқы мүмкіндіктерді, өзімізге тән босаң тұстарымыз бен сыртқы қатерлерді талдаудан бастайын. Еліміздің қолында 8 артықшылық бар.

Біріншісі. Біз өзіміздің тәуелсіз, егемен мемлекетіміздің негізін қаладық. Барлық қажетті мемлекеттік институттар қазірдің өзінде бар әрі ай сайын тәжірибесі мен біліктілігін шырата түсуде. Бірақ мемлекетіміздің құрылысы аяқталатын күн әлі алыс.

Екіншісі. Біз жетпіс жыл бойы өзіміз өмір сүрген ескі саяси және экономикалық жүйеден іргемізді түбегейлі аулақ салдық. Бүгін мүлде жаңа мемлекет өмір сүріп отыр, мүлде өзге саяси және экономикалық жүйе жұмыс істеуде.

Үшіншісі. Қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік. Қысқасы, біз азаттық алдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгертті. Әрине, ескі жүйе шақтап болса да неғұрлым сенімді әлеуметтік игіліктер беріп келді, әрі бірсыпыра салаларда жетістіксіз де болған жоқ. Алайда, экономикалық тұрғыдан бәсекеге қабілетсіз болғандықтан, ол жүйенің күйреп тынғанын да ұмытпауға тиіспіз. Ол әлеуметтік жағынан да осал болып шықты, өйткені адамдардың көпшілігінің тұрмыс деңгейі шетелдегі тұрмыс деңгейінен төмен еді. Ол, сондай-ақ жеке адам хақында да осалдық танытты, өйткені еркіндік бермеді. Нарықтық экономика мен демократиялық тұрғыда таңдап алынған мемлекет Қазақстанға қандай шамада өркендеу мен бостандық әкелерін уақыт өте келе біздің өз тәжірибеміз көрсетуге тиіс. Өтпелі кезең уақытында біздің азаматтарымыздың көпшілігі қилы істі бастан кешірді әрі көп нәрсені құрбан етті. Бірақ біз мұны тек сіздер мен біздің игілігіміз үшін ғана емес, ең алдымен, балаларымыз бен немерелеріміз үшін жасап отырмыз.

Төртіншісі. Біздің басты 10 игіліктеріміздің ішінде — халқымыздың немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары білім өресі биік халқымыз бар. Көптеген елдерде бұл жоқ, әрі олар осындай сапаға жетуді өздерінің стратегиялық мақсаттарының бірі санайды. Мұның өзі — біздің халқымыз бен бұрынғы жүйенің аса ірі жетістігі. Біз қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз.

Бесіншісі. Біздің табиғи ресурстарымыз — орасан зор байлық. Алайда, мұның өзі қаншалықты кереғар көрінгенімен, әлемдік тәжірибе табиғи байлығы бар көптеген елдердің оны дұрыс игере білмегендіктен, ақыры кедейлер қатарынан шыға алмағанын көрсетеді. Алайда, Шығыс Азияның неғұрлым серпінді дамыған елдері — табиғи ресурстары жоқ елдер. Осының бәрі жетекші фактор — бұл адамдардың өзі, олардың ерік-жігері, күш-қуаты, табандылығы, білім-білігі екенін тағы да дәлелдей түседі. Бұл — бізге гүлдену мен тәуелсіздік есігін айқара ашуға мүмкіндік беретін нақ сол «алтын кілттің өзі».

Әлемнің келеңсіз тәжірибесін де үйрену қажет. Ол даму стратегиясының немесе оларды іске асыру қабілетінің болмауы табиғи байлықтар әлеуетінен басым түсетінін айқын көрсетіп отыр. Сондықтан, бұдан біз шығаратын басты қорытынды — ойластырылған стратегия жасап, оны барлық қиындықтарға қарамастан жүзеге асыру қажеттігі. Жер қойнауының байлығы — барша келер ұрпақтың игілігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше, Үкіметті қоса, біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағыдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз.

Алтыншысы. Біздің ауқымды алқаптарымыз, ауыл шаруашылығы жерлеріміз — орасан зор әлеуетіміз. Көптеген өлшемдер бойынша біз Канада мен Австралияға ұқсаспыз, бізге тек бір нәрсе — олардың өнімділігі мен экспорттық әлеуеті жетіспейді. Бұл жерде де, тағы да, ең бастысы — нақты және тиімді стратегия, адамдар мен капитал.

Біздің жетінші бекем тұсымыз қоғамымыздың саяси тұрақтылығы мен бірлігінде жатыр. Біз қоғам ішінде тікелей тайталасқа жібермей, ахуалды тұрақтандыра білдік, мұны мақтан етеміз, өкінішке қарай, көптеген дамушы және кешегі коммунистік кейінгі елдердің бұған қолы жеткен жоқ. Алайда, толық тұрақтылықтың, ал топ-

тасу мен бірліктің ауылы әлі алыс жатыр, сондықтан біздің баршамыз өзіміздің біртұтас отбасымыз деп сезіну, өз мақсаттарымызды айқын біліп, оларға қарай келісе ілгерілеу үшін алдағы уақытта көп жұмыс тындыруға тура келеді.

Бұл бір-бірімізбен кедейшілік пен жоқшылық жағынан теңесу, теңгермешіліктің жаңа жүйесін орнату да емес. Сондай-ақ қандай да бір этникалық немесе діни топтарға басқалармен салыстырғанда басымдықтар беру жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Біздің стратегиялық міндетіміз — халықтың көптеген топтарының бірлігі, жекешіл және қоғамдық негіздерін салиқалы үйлестіру, мұның өзі қоғамымыздың жарасымды сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі.

Байлардың ат төбеліндей шағын тобы жарлы адамдардың үлкен тобынан едәуір алшақтап кеткен жерде қоғам еш уақытта еңсесін көтеріп, абаттанып гүлдене алмайды. Түрлі этникалық және діни топтардың құқықтары әртүрлі болып келетін, біреулерге мүмкіндіктер беріліп, өзгелерге берілмейтін, саяси партиялар мен қозғалыстар тікелей қарама-қарсы тараптарға «бұра тартатын», бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен жауапкершілігі, либерализм мен демократияның және мемлекет күшінің арасында орасан зор сәйкессіздіктер бар елдің де болашағы жоқ. Біз шектен тыс шығандап кетудің бірін бастан кешірдік, екіншісіне түсіп малтықпасақ игі. Менің ойымша, осы бір ақылға сыйымды дүниелерді ұғыну қоғамдық санада нық орын тепкен де тәрізді.

Сегізіншісі. Мен қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігін, олардың кеңпейілділігі мен ақжарқындығын атап айтқым келеді. Мұны шетелдіктердің барша-сы дерлік айтып жүр. Мен өз отандастарымызға өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарын түсініп, оған төзіп отырғаны үшін ризамын және осы қасиеттер — біздің табысқа жетуіміздің, қоғамымыздың топтасуының, шетелдік инвестицияларды тартудың және халықаралық қоғамдастықты біздің проблемаларымызды шешуге кірістірудің елеулі кепілі деп санаймын.

Біздің осындай күшті жақтарымызбен бірге сыртқы сипаттағы бірқатар мүмкіндіктеріміз бар. Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміз ең алдымен, еліміздің географиялық, геосаяси және геоэкономикалық жағдайымен айқындалады. Қазақстанның негізгі үш мүмкіндігін бөліп айтуға тұрарлық.

Бірінші мүмкіндік біздің Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды. Әлемдік экономикалық және саяси процестердің ауқымдану процесі осы факторды түйінділерінің қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас отбасы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді: атақты Жібек жолы бойымен Еуропа және Азия елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы ұйымдастырылған болатын. Бүгін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны ұлғая түседі.

Көптеген саяси тұрақтандырушы факторлары туралы айтпағанның өзінде, мен нақ осы себептен, Еуразия идеясын ұсындым және оны дамыта бермекпін, әрі оның стратегиялық болашағына да сенімім кәміл.

Бізбен шектес кез келген ел тәрізді Қазақстанның жеке өзі де тиімді транзиттік әлеуетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақпен жасау қажет.

Осындай 9 жолдың торабында орналасқандықтан, шекараларымыздың өн бойында өз өнімімізді өткізудің аса ірі нарықтарының орасан зор әлеуетіне ие

болып отырмыз. Таяу жатқан сыйымдылығы 2 млрд. адамға жуық нарықтардың бірен-сарандары болмаса, қалған кез келгені Қазақстан өнімін, әлбетте, оның бәсекелестік қабілеттілігі болған және тиісті көлік арналары дамыған жағдайда жұтып қоюға қабілетті. Бұл көршілер — Ресей, Қытай және ислам мен Орталық Азия мемлекеттерінің тобы. Таяу және Орта Шығыс елдері — тарихи тұрғыда маңызды әлемдік орталықтар болып табылады. Күллі Еуразия құрлығында бейбітшілік пен тату көршілік және өзара сенім қарым-қатынастарын орнықтыру — табысты дамудың қажетті шарты. Соғыстарға, бақталастыққа, бәсекеге және егеске килікken елдер өздерін тоқырау мен артта қалушылыққа ұрындыра отырып, өз ресурстарын, уақыты мен күш-қуатын орынсыз шығындайды.

Екіншісі. Мемлекет құрылысы мен реформаларды жүргізудің ауыр процестерін шетелдік мемлекеттер мен донорлық ұйымдар тарапынан қолдау бізге қосымша мүмкіндіктер береді. Бұл тұрғыда көптеген елдердің бізге қарағанда оншалықты жолы болмады. Осы фактор, әсіресе, өтпелі кезеңнің бастапқы кезеңдерінде өте маңызды, өйткені бізге сырттың қаржы ресурстары мен білім-білігі қажет.

Үшіншісі. Ауқымдану және ғылыми-техникалық прогресс процесі, әсіресе, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуы біздің аумақты әрі аз қоныстанған еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Алайда, біздің осы процестермен қатар адымдайтынымызға ешкім кепілдік бере алмайды. Демек, осы технологияларды ұғыну, олардың біздің қоғамымызға толық кіруіне қол жеткізу, ғылыми-техникалық кадрларды қолдау маңызды.

Бүгінгі дамуымыздың келеңсіз сипаттары туралы айта отырып, олардың көпшілігінің уақытша және өтпелі сипаты барын, оның өзі де кеңестік мұра мен өтпелі кезеңнің қиындықтарының салдары екенін атап өту қажет.

Бірінші. Бұл — коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше ұрпақтары қалыптастырған біздің діліміз. Кейбіреулер жақында болған өзгерістерді ынта-жігерімен пайдаланды, бірақ басым бөлігі олай істеген жоқ. Адамдарға субъективтік және объективтік факторлар ықпал етеді, олар болып жатқан өзгерістерге баяу бейімделіп, өз проблемаларын шешуде бұрынғысынша мемлекеттің көмегіне иек артып отыр. Мұндай пәлсапа мен тұрмысқа деген көзқарас олардың жаңа қиындықтарға төтеп беруіне бөгет болады, күш-қуаты мен өзінше іс-әрекет жасау талабынан айырады.

Мемлекеттің ендігі жердегі жаңа рөлі адамдар үшін шешімдер қабылдауда емес екенін көптеген шенеуніктердің өздерінің де әлі түсіне бермейтіні құпия емес. Керісінше, оның рөлі бәрінен бұрын азаматтар мен жекеше сектор өздері мен өз отбасылары үшін тиімді шаралар қолдана алатын жағдайларды қалыптастыруда болып отыр. Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз.

Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін объективті тенденцияларды түсіндіру маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады.

Екінші. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру, КСРО-ның ыдырауы және Қазақстан экономикасының әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне кіруі өндіріс көлемдерінің елеулі төмендеуіне әрі осының салдары ретінде — әлеуметтік

ахуалдың объективті түрде төмендеуіне әсер етпей қоймады. Технологиялық тұрғыда артта қалған және қуатты мол қажет ететін өндірістердің ауқымды бөлігі, даярланбаған және шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларын игере алмаған менеджмент — бәсекеге қабілетсіздікке және көптеген кәсіпорындардың тұрып қалуына, дәстүрлі өткізу рыноктарын жоғалтуға, төлемсіздіктер мен өндірістің құлдырауына алып келген негізгі факторлар, міне осылар. Осының салдарынан біздің елімізде соңғы сегіз жылда өндіріс деңгейі екі еседен артық қысқарды, ал бюджеттік түсімдер одан да көбірек қысқарды. Мұның өзі көптеген дамушы елдердегі экономикалық өсудің жоғары қарқынымен бір мезгілде болғандықтан, біздің экономикамыз шартты түрде алғанда үш еседен астам артта қалып қойды. Осы факт бізді бұрынғыдан да жігерлі қимылдауға мәжбүр етіп отыр.

Үшінші. Біздің экономикалық құлдырауымыздың салдарынан азаматтарымыздың көпшілігінің табысы мен өмір сүру деңгейі нашарлап кетті. Теңгермешілікті жою және жұмыс істейтін еңбек рыногын құру байлар мен жарлылар арасында елеулі айырмашылықтың туындауына әкеліп соқты. Бұл ретте — мемлекеттің жетекші тірегі және қоғамның негізгі тұрақтандырушы факторы — орташа таптың шоғыры аз.

Төртінші. Экономиканың қозғаушы күші болуға тиіс ұлттық жинақталымдардың ұлғаюы мен капиталдың қорлануы баяу. Ішкі капитал мен жинақталымдардың жеткіліксіздігінен Қазақстан шетелдік капиталға, жекеше капиталға да, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарына да одан әрі тәуелді бола түсті. Экономиканы әрі қарай сауықтыру инвестициялардың зор көлемде келіп құйылуына байланысты, мұның өзі инвестициялық ахуал едәуір жақсартылса ғана мүмкін болады.

Бесінші. Әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға ауыртпалықпен өту бұған дейін осындай ауқымда бізге беймәлім болған кедейлік пен жұмыссыздық проблемаларын туғызды. Бұлар қылмысқа, есірткіқұмарлыққа құнарлы негіз қалап, қоғамдық түңілушілікті туындатады және қоғамдық тұрақсыздық мүмкіндігін арттырады. Зейнетақылар мен еңбекақылардың уақтылы төленбеуімен астасқан жоғары жұмыссыздық деңгей негізінде экономикалық проблемалардан, қаржылық капиталдың болмауынан және оларды шешудегі әлсіз стратегиялардан туындады. Аграрлық және әлеуметтік секторларды (денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және т.б.) реформалаудың тиімді бағдарламаларының жоқтығы және өтпелі кезеңнің қысылшаң жағдайларында бюджет қаражатын бөлуді қысқарту осы бір өмірлік маңызы бар салалардың нашарлауы мен тұралап қалуына алып келді.

Осы процестер алтыншы осал жағымызды, кез келген тұрғыдан қауіпті — демографиялық өнімсіздігімізді де сипаттап отыр. 1992 жылдан бастап соғыстан кейінгі 50 жыл ішінде тұңғыш рет біздің халқымыздың саны қысқара бастады.

Біздің босаң тұстарымыздың қатарына жетінші осал жағымызды — жете даярланбаған және нашар ұйымдастырылған мемлекеттік басқаруды жатқызған жөн. Мұның өзі де таза қазақстандық проблема емес. Бұл құбылыспен түгелдей барлық колониализм дәуірінен кейінгі дамушы және коммунистік кезеңнен кейінгі елдер бетпе-бет келді. Бүгінгі таңда көптеген проблемалардың шешімі осы факторға келіп тіреледі және оны тез еңсеру де мүмкін емес. Әзірше бізде стратегиялық міндеттерді, жоғары кәсіби деңгейде, отансүйгіштікпен және адал шешуге қабілетті адамдар мүлде аз.

Барлық істерге жөн-жосықсыз араласу әдеті, ақпаратты қоғамнан жасыруға жетелейтін құпияшылдықтың қажетсіз және зиянды сілемі, ведомствошылдық пен жершілдік, жекжатшылдық пен топшылдық, ұжымдық жауапсыздық, сүреңсіздік

пен бойкүйездік, сәйкессіз және көп сатылы құрылым, сыбайлас жемқорлық — міне біздің бюрократияның бұрынғы режим тәрбиелеп кеткен әрі соңғы жылдары анық көрініс берген, жасырын нысаннан ашық күйге ауысқан «қадір-қасиеттерінің» әлі де толық емес жиынтығы осы.

Бұл проблеманың екінші бөлігі кәсіпорындардағы менеджерлер корпусының мүлде төмен сапасы болып табылады.

Жағдайды оңалту үшін көп іс істелді, соның ішінде кей сәтте оташылық әдістерін де қолдандық. Бірақ бұл проблеманың басым проблемалар қатарында тұрғаны айқын.

Мемлекет басшысы ретінде мен бір нәрсені айтуға тиіспін. Шенеуніктердің жаңа жағдайға бейімделуі үшін біз бөле алатын уақыт өтіп кетті. Ендігі жерде өзге адамдардың есебінен жарылқаушы болуға, елдің дамуына нұқсан келтіруге болмайды. Осы зиянды әдеттердің қаулап өсу әлеуетіне түбірінен балта шауып, Үкімет аппараты мен мемлекет қызмет реформаларын жеделдету қажет.

Ақыр соңында, бізге заңдарымыздың жартыкештігіне және тұрлаусыздығына көңіл бөлу қажет. Үйдің іргетасын қалау жеткіліксіз — оның қабаттары, қабырғалары мен шатыры болуы қажет. Мұның өзі инвестициялық ауанды жақсартуға, кедейшілікті азайтуға, қылмыс біткенді құртуға және әлеуметтік саланы дамытуға қатысты маңызды мәселе.

Мен теріс факторларды оң факторлармен қатар ұлттық стратегиямызды іске асыру үстінде өзіміз ұшырасуға тура келетін міндеттерді белгілеу үшін санамалап өттім. Мықты тұстарымыз бен мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ әлсіз тұстарымыз бен елімізге келер қатерді бөліп атай отырып, олардың уақыт кеңістігіндегі серпінділігін әрі диалектикалық тұрғыда өзара байланыстылығын назарда ұстау қажет. Мүмкіндігіміз қатерге ұласуы да, керісінше болуы да мүмкін. Бүгінгі мықты тұстарымыз әлсіз тұстарымызға айналуы және керісінше болуы да мүмкін.

Біз қандай шамада мүмкіндіктерімізді пайдаланып, қауіп-қатердің алдын аламыз, өзіміздің оңымызды еселеп, терісімізді азайтамыз — бұл біздің өзімізге, мақсаттар мен басымдықтарды дәл қоя білуімізге, оларды уақтылы әрі оралымды іске асыруымызға байланысты.

II. Қазақстан мұраты

Алдыңда не күтіп тұр, соны ойла.
Игі мақсатқа тура жүрген жетеді.

Фирдоуси

Қай портқа бет алғанын білмейтін кеменің
желі де оңынан тұрмайды.

Сенека

Бүгін біз зор мүмкіндіктер табалдырығында тұрмыз. Азияның ең кедей елдерінің кейбірінің 30 жыл ішінде қайыршылықтан оңалып, индустриялы мемлекеттерге айналғанын сіздердің көпшілігіңіз білесіздер. Алғашқылары Корея, Тайвань және Сингапур болса, ал қазір оларға Малайзия, Индонезия және Таиланд қосылды. Біздің ұлы көршіміз — Қытай жоғары қарқын танытып отыр. Үндістан мен Бразилия да өз қуатын еселей түсіп келеді. Бізге достас Ресей де жуық арада ұлы елдің жаңа келбетіне ие болады деп шынайы үміт артамыз және оған сенімдіміз.

Осыдан 40 жыл бұрын Сингапур өз тәуелсіздігін алған кезде, жан басына шаққанда 200 долларға жетпес табысы бар әлемдегі ең кедей елдердің бірі еді. Бүгінгі таңда сингапурлықтардың жан басына шаққанда 20 мың доллардан асатын табысы бар. Өзінің халқы, этникалық құрамы жөнінен және басқа да «көптеген» параметрлері бойынша бізге ұқсас ел, Малайзия да 20 жылға жетпейтін уақыт ішінде өз азаматтарының өмір сүру деңгейін 10 есе арттыруға қол жеткізді. Осындай табыстарының нәтижесінде бұл елдер күллі әлемде Азия жолбарыстары ретінде танылып отыр.

Қазақстан өзінің күллі мүмкіндіктерімен нақ осындай нәтижеге қол жеткізе алмайды дейтін себептер бар ма? Ондай себептер жоқ. 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін.

Бізде жолбарыстар жоқ, ал тауларымызда тіршілік ететін қар барысы дүниежүзілік қоғамдастыққа онша таныс емес.

Жануарлар әлемінде жолбарыс туыстас болғанымен барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар.

Бұл — өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ.

Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды әрі тікелей соқтығыстардан бойын тартатын болады. Бірақ егер өзінің еркіндігі мен тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады.

Ол сыптай да серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс: әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды.

Ол жаңа асулар мен шыңдарды бағындыруда, мақсатына жетелейтін елеусіз, бірақ сенімді соқпақтарды іздестіруде табанды да бірбеткей болуға тиіс.

Ол қауіп-қатерден қаймықпауға, тоқшылықтан босаңсымауға тиіс.

Ол өз ұрпағын баулыған кезде: оны баса-көктей келген қонақтардан қорғай отырып, аузындағы дәмдісін соның аузына тосуға, оның саулығына, өресі мен пайымына нәр беруге тиіс, сөйтіп кез келген ортадағы қатаң бәсекелестік жағдайында ерте сақайып, өз бетінше дербес өмір сүруге жетелеп, көрегендік танытады. Ол өзі ішетін тұнық судың ылайланбауын, ал өз аясында тіршілік ететін табиғатпен тыныстайтын ауасының жақсаруын қатаң қадағалап отыратын болады.

Ендеше қазақстандық Барыстың бойына дамудың алдыңғы қатарлы үздік деңгейіне үстелген Батыстың талғампаздығы да, Шығыстың кемеңгерлігі мен төзімділігі де тән болуға тиіс.

Ол өзінің талпыныс-ұмтылыстарында, жеңістері мен сәтсіздіктерінде бір ананың сүтін тел емген өзінің бауырлары — Өзбек, Қырғыз және басқа да Орталық Азия барыстарымен дәйім бірлікте болып, олардың өрлеуі мен жетістіктерін мақтаныш тұтатын болады.

Дегенмен, 2030 жылғы осындай Қазақстан өзінен-өзі пайда болмайды. Оны біз өз қалауымызбен және табысқа жетуге талпынған ерік-жігеріміз арқылы тұрғызамыз. Егер біз осы мүмкіндікті сәтімен пайдалана алмасақ, егер біз болашағымызға жоспар құрмай және бүгінгі күні нақты іс-қимылдарды іске асырмай, күндер мен апталарды уысымыздан шығарып алсақ, егер сәтсіздікке ұшырасақ, онда өзімізден басқа ешкімге кінә арта алмаймыз.

Еш нәрсеге бірден қол жетпейді. Табысты әрі тұрақты дамуға объективті түрде белгілі бір сатылар тән, оған құлашты бір сермегеннен жетуге болмайтыны да белгілі.

Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен Қарулы Күштер құра алмаймыз, демографиялық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз.

Экономикалық дамудың жоғары қарқынына қол жеткізу өз кезегінде саяси тұрақтылық пен тұрлаулылықты, қуатты әрі нысаналы реформаларды талап етеді. Ал бұл үшін Президенттің саясатын іске асыруға, ескінің қарсылығын еңсеруге, әрі күмәнданушыларды соңынан ерте білуге қабілетті кәсіпқой, зерделі, батыл және отансүйгіш Үкімет қажет.

Бұл жұмыста табысқа жету Қазақстан азаматтарының қолдауына байланысты. Ал мұндай қолдау адамдар істің оңалуға беталысы мен әділеттілікке көзі жеткен жағдайда ғана көрсетілелі. Нақ сондықтан адамдардың әл-ауқатының өсуі біздің күллі күнделікті жұмысымыздың күретамыры болуға, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес батыл жүргізілуге тиіс.

Осындай болашақтың іргесін тұрғызу үшін және алған бағытымыздан ауытқымас үшін біз өзіміздің нені қалайтындығымызды білуге тиіспіз. Сондықтан ұзақ мерзімді кезең жайында айтқан кезде, мен мемлекет басшысы ретінде, біздің еліміздің мұраты: ұлттық біртұтастық, әлеуметтік әділеттілік тән әрі күллі халқының экономикалық әл-ауқаты артқан тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстанды сомдау деп санаймын.

Барша қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы — өзіміз орнатсақ дейтін Қазақстанды сипаттайтын өрелі сөздер, міне, осылар. Біздің ілгері жылжуымызға қарай бұл сөздер әрдайым біздің ізашарымыз болып қалуға тиіс.

Мен өзіме 33 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанды қалай елестетемін? Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады.

Біздің балаларымыз білігі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, магазиндердің иелері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен фабрикалардың иелері, биржа делдалдары және спортшылары болады.

Олар мұнай, газ бен электр қуатын, тамақ өнімдерін өндіретін әрі олармен әлемдік экономиканы қамтамасыз ететін болады. Көпшілігі халық тұтынатын жоғары технологиялық тауарларды және әлемдік рынокта өзінің арзан бағасы мен үздік сапасына орай жоғары сұраныспен пайдаланатын өнімнің көптеген басқа да түрлерін өндіруші болады.

Біздің жас ұрпақтың кей өкілдері мемлекеттік қызметке тұрады. Олар жоғары ақы төленетін, жақсы оқытып-үйретілген, Қазақстан мен Қазақстан халқының мүдделерін өздерінің жеке мүдделерінен жоғары қоятын мамандар бола отырып, жаңа дәуір жағдайында жұмыс істейтін болады.

2030 жылдың азаматтары мемлекеттің өздерінің құқықтарын қорғайтынына және мүдделерін биік ұстайтынына сенімді болады. Бұл ретте олар қолайсыз жағдаяттар себебімен өмірден өз орнын таба алмай, мемлекетке әлеуметтік көмек

сұрап жүгінуге мәжбүр болған аз ғана адамдарға да мемлекеттің қамқорлық жасайтынын білетін болады.

2030 жылғы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуға тиіс. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйлеріміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балаларымыз бен балаларымыздың балалары кінәрәтсіз жағдайда толыққанды өмір сүретін болады.

2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстанды Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендеп келе жатқан үш аймақтың — Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстырушы буын рөлін атқаратын болады.

Оны барлық ұлттар үшін тең мүмкіндіктер барына сенімді, бірақ бәрінен бұрын өздерін Қазақстанның азаматтарымыз деп санайтын көптеген ұлттардың өкілдері мекендейтін болады.

2030 жылғы Қазақстан әлі де барынша кемелдене алмайды. Ол әлі әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған ел бола қоймайды, бірақ ол күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады.

Әрине, мұның бәрі — болашақты ой көзімен көру, оның моделі, асқақ мұрат, арман ғана. Сіздердің көпшілігіңіз бұл мұратты кей кезде ең қарапайым нәрсенің өзі жетіспей жататын бүгінгі тіршілікпен салыстырып, мұны қиялға балап, ащы мысқылмен езу тартуларыңыз да мүмкін.

Бірақ олай емес. Мұның бәріне де қол жеткізуге болады әрі әлемдік тәжірибе бұл жоспарлардың ақиқаттығын қуаттап отыр. Иә, бүгін бәрімізге қиын түсіп отыр. Оңай болған кезі бар ма? Біздің аталарымыз бен әкелеріміз осы 100 жылда қандай жеңіл кезді бастан кешірген екен? Азамат соғысы, аштық пен жұт, жаппай қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы немесе соғыстан кейінгі күйзеліс жылдары оларға оңай тиді дейсіз бе?

Өткен ғасыр мен оның алдындағы ғасыр жеңіл болып па? Әрине, бұл — тарих. Тіпті бүгінгі күні де жер бетінде 800 млн. адам жыл сайын асқа жарымай, аштықты бастан кешіруде, талай жүздеген миллион адамдардың баспанасы жоқ, миллиондар қанды соғыстарда қаза тауып жатыр.

Ендеше, біз неге аһылап-уһілей береміз, ішкі қуатымызды қысыр сөз бен күңкілге несіне жұмсаймыз?

Кез келген сыннан бірлігіміздің, күш-жігеріміздің және болашаққа деген сеніміміздің арқасында абыроймен шыққанымызды ұмытатындай зердеміз соншама қысқа ма еді? Тәулік бойы тыным таппай жұмыс істеп, аш құрсақ жүрсек те, аузымыздағыны балаларымызға жырып беріп, олардың ертең жақсы өмір сүретініне сенген едік қой.

Бүгін және ертең дәл осылай істеуімізге не кедергі? Ендеше неге уайымға салынып, еңсемізді түсіріп жібердік? Ендеше еліміздің алдында, әрқайсымыздың алдымызда орасан зор мүмкіндіктер ашылған осындай кезде, ең бастысы, бұрын ешқашан еншімізге тимей келген еркіндікке қолымыз жеткен кезде мұнымызға не жорық! Барлығы тек өзімізге, сенімімізге, ерік-жігерімізге, бірлігіміз бен еңбегімізге байланысты. «Ел мен үшін не істей алады деп сұрамаңыз, ел үшін өзім не істей алам деп сұраңыз».

Джон Кеннедидің американ халқына арнаған үндеуіндегі осы бір сөздер біз үшін бұрынғы қай кездегіден де гөрі көкейімізден шығып тұр.

III. Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары

Бұл әлемде ең бастысы — біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қандай бағытта жылжып барамыз - міне, сонда.

Холмз

Біздің еліміз мен айтқан перспективаларға қол жеткізуі үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет:

1. Ұлттық қауіпсіздік. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. Энергетика ресурстары. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. Инфрақұрылым. Әсіресе көлік және байланыс. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. Кәсіби мемлекет. Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы үшін біз бір жылдық, үш, ал кейіннен 5 жылдық жоспарларда белгіленген нақты іс-қимылдарға күш-жігерімізді жұмылдыра отырып біз стратегиямызды талдап жасауға және оны дәйекті түрде іске асыруға тиіспіз.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтар мемлекет пен біздің азаматтарымыздың күш-жігерін жұмылдыру үшін қызмет етуге, еліміздің бюджеті мен кадр саясатын қалыптастыру кезінде өлшемдер негізіне алынуға тиіс.

1-ші ұзақ мерзімді басымдық
Ұлттық қауіпсіздік

Сақтықта қорлық жоқ.

Халық даналығы

Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында оның ұлтының қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуы тұрғанына куә. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Біздің ұрпақ еңсере алмай, өздеріне қалдырған ауыртпалықтар, қиыншылықтар

мен проблемалар үшін болашақ ұрпақ кешірер. Егер біз өз мемлекеттілігімізден айрылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ. Әрине, болашақты бағамдаудың мұндай қисыны кез-келген ішкі және сыртқы жағдайларда ұзақ мерзімді кезеңге арналған Қазақстан саясатының стратегиялық бағыты үшін уақыты жағынан үздіксіз болуы керек. Бұл Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының бірінші стратегиялық басымдығы болуға тиіс.

Қауіпсіздіктің басымдығы анық: егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз. Бабаларымыздың өз мемлекетінің іргетасын қалауы мен дамытуын шолып қарағанда, олардың өз мемлекеттілігін сақтап қалу үшін тарихи ауыр және қатал күрес жүргізгенін айқын көрсетеді. Осы стратегиялық міндеттің шешімін үнемі іздестіру қажеттігі бізден қалыптасып отырған жағдайды геостратегиялық күштермен және олардың өзгеру серпінімен теңдестіре байсалды әрі барабар бағалауды талап етеді.

Қазақстанның қазіргі кездегі және жақын болашақтағы ұлттық қауіпсіздігіне төнуі ықтимал қауіптің тікелей әскери басып кіру және мемлекеттің аумақтық тұтастығына қатер төндіру сипатында болмайтынын біз түсінеміз. Ресейдің де, Қытайдың да, Батыстың да және мұсылман елдерінің де бізге шабуыл жасауға итермелейтін сылтауы жоқ екені айдан-анық. Бұл тыныштық пен тұрақтылықтың болжап білуге болатындай қашықтығы Қазақстанның экономикалық әлеуетін тиімді нығайту үшін пайдаланылуға тиіс, соның негізінде біз ұлттық қауіпсіздіктің сенімді жүйесін құра аламыз.

Өз қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілерімізбен берік және достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи достас көршіміз Ресеймен арадағы сенім мен теңқұқылы қарым-қатынасымызды дамытып, нығайта береміз. ҚХР-мен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастырамыз. Қазақстан Қытайдың гегемонизмге қарсы, көршілес елдермен достыққа бағытталған саясатын құптайды.

Біз Орталық Азия мемлекеттерімен байланыстарымыз бен интеграциялық процестерді күшейте береміз.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен де қарым-қатынастарымыз тиісті деңгейде нығая береді.

Біздің стратегиямыздың екінші құраласы — Америка Құрама Штаттарын қоса алғанда, басты, демократияшыл, индустриясы дамыған мемлекеттермен байланысын күшейту. Бұл елдер тәуелсіз және гүлденген Қазақстанды құрудың өздерінің ұлттық мүдделеріне сай келетінін ұғына бастады.

Үшіншіден, БҰҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік, Азиялық, Еуропалық және Ислам даму банктері сияқты халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен қолдауын барынша пайдаланамыз, бұл Қазақстанға халықаралық қауымдастық тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Біздің стратегиямыздың төртінші элементі — еліміздің ұлттық егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін сенімді негіз бола алатын бай табиғи ресурстарды игеру.

Бесіншіден — біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз. Халық пен мемлекет арасындағы бұрынғы тығыз байланыс едәуір босаңсып кетті, ал жеке мен мемлекеттік мүдде арасындағы жаңа байланыс әлі қалыптаса қойған жоқ. Бақытымызға орай,

бұқаралық санада адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын түсіну пісіп-жетіліп келеді. Адамдардың тұрмысының жақсаруына орай ол сезімнің нығая беретініне күмәнім жоқ. Бұл әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі ол тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне байланысты екені сияқты, бір қарағанға, қарапайым ақиқатты пайымдауды жеделдетеді.

Біздің ұжымдық қауіпсіздігіміз қамтамасыз етілгенде әрбір адам өзінің жеке мүдделері ғана қамтамасыз етіліп, ал қоғам қауіпсіздігі қыл ұшында тұрғандағыға қарағанда әлдеқайда көп нәрсе ұтады. Егер еліне қауіп төніп тұрса, жеке адам қаншалықты сәтті өмір сүргенімен, ол бәрібір қорғансыздың күнін кешеді. Қоғамдық мүдденің жекеменшік мүддеден басым екенін көрсете отырып, мұны әсіресе біздің ұлттық капиталымыздың өкілдері терең пайымдауға тиіс.

Бізге деген ниеті теріс күш иесі өзінің, оны қолданбақ әрекетіне немесе қатер төндіруіне қарсылық көрсетілетінін алдын ала білуі үшін біз әлемге бірлігіміз бен тәуелсіздікке деген ерік-жігерімізді, азаматтығымыз бен отансүйгіштігімізді паш етуге тиіспіз. Айқын азаматтық тұғырымыз болмайынша, стратегияның тәуелсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған басқа элементтерін ойдағыдай іске асыру өте қиынға түседі.

Қорғаныс саясатымызға келетін болсақ, біздің бейбітшілік сүйгіш халық екеніміз және ешкімнің жеріне, ресурстарына, байлығына көз тікпейтініміз баршаға аян болуға тиіс. Жеріміз де, мол қазынамыз да өзімізде жеткілікті, ал дәулетті өз еңбегімізбен еселей береміз.

Бірақ біз басқа елдермен өзіміз қандай қарым-қатынаста болсақ, Қазақстанға қатысты дәл сондай қарым-қатынасты талап етеміз және кез келген тосын жағдайларға әзір тұрамыз.

Біздің дәуірімізде, әлемнің әскери егестен алыстауына орай, бәсекелестік әскери саладан саяси және экономикалық салаға ойыса бастады. Біз бұл үрдістің бел алатынына сенеміз және бейбітшілік орнап, тату көршіліктің қалыптасуына бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Сонымен қатар, біз Қазақстанның өзінің экономикалық дамуына орай, дүниежүзілік экономикаға дәйекті енуі елді әскери-саяси, экономикалық және конфессионалдық сипаттағы әртүрлі аймақтық қақтығыстардың тосын иірімдеріне тартып әкетуі мүмкін екенін де түсінуге тиіспіз.

Міне, сондықтан да қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысында сөзсіз басымдық біздің сыртқы саяси қызметімізге және Қазақстанның өз көршілерімен, дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым-қатынасының берік тұғырын қалыптастыруға беріледі.

Бүгін, XX-шы ғасырдың аяқ шенінің өзінде. Екінші дүниежүзілік соғыс пен қырғи-қабақ соғыстан алынған сабақтан кейін де, әлемнің блоктар мен одақтарға бөліну қаупі жойылған жоқ. Бірақ бұл жол Қазақстан үшін қолайлы емес, біздің 5 элементтен тұратын стратегиямыз осыған келіп саяды. Еліміздің этникалық құрамы соншама алуан түрлі болып келеді, біздің мүдделеріміз де өте маңызды, келешегіміз де өте зор, сондықтан да біз қандай да бір елмен арадағы қарым-қатынасқа тәуелді болып қалуға немесе соған ғана иек артуға жол бере алмаймыз.

Қазақстан халқы мен Қазақстан Үкіметі бар күш-жігерді ірі ұлтаралық капитал үшін тәзімді және оңтайлы экономикалық өріс құруға жұмсауға, елімізге ұзақ мерзімді инвестициялар тарту үшін «ықыласты рай» туғызуды көтермелеуге тиіс. Біз қандай да бір тайталасты әскери жолмен шешуге барынша қарсы тұрып, «жақсы араздықтан жаман татулық жақсы» дейтін қағиданы уағыздауға тиіспіз. Жақын және алыс болашақтағы

ұлттық мүдделерді қорғау мен күштердің теңдестігін қамтамасыз етудегі біздің мықты құралымыз, ынтымақтасу саясатын алдымен Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы Орталық Азия одағын нығайтып дамыту, басқа мемлекеттердің ісіне араласпау, қарсы тұрудан гөрі татулық ахуалын басым ұстау саясаты болуға тиіс.

Әскери қақтығыстардың жосықсыз екенін әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үкіметтердің уәдесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытпағанымыз жөн.

Сондықтан Қарулы Күштеріміздің құрылысы мен жаңартылуына, олардың кәсіби даярлығы жауынгерлік әзірлігінің деңгейіне және оларды қарудың осы заманғы құралдарымен жарақтандыруға зор басымдық берілетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезге сай әрі тиімді армиясын, Әскери әуе және Әскери теңіз күштерін құру үшін бізге материалдық бөлімді, жеке құрамды және оны оқыту жөніндегі жұмысты нығайту керек. Мұның өзі Қарулы Күштерге бөлінген және бұдан былай да бөлінетін бюджет қаражатын үнемді және тиімді жұмсауды тұрақты түрде талап етеді. Бұған қоса аймақтық қорғаныс жүгін бөлісу үшін еліміз өз көршілерімен ынтымақтасатын болады.

Қауіпсіздік пен тұтастық мәселелерінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз. Біздің көрсетіп отырған және болашақта да көрсете беретін ізеттілігіміз бен меймандостығымыз тіпті де аңқаулық пен кіріптарлықтың көрінісі емес.

Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуға тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдарымыз бұған бұрынғысынша немқұрайлылықпен қарайтын болса, онда біз XXI ғасырдың қарсаңында Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші-қон процестерінен ғана емес, табиғи жолмен кеми беретін «демографиялық оппа» жағдайына тап боламыз. Бұл тенденция дереу тоқтатылуға тиіс.

2-ші ұзақ мерзімді басымдық
Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы

Бірлік жоқ жерде — тірлік жоқ.
Төле би

Тату көршілік бірінші кезектегі міндет, алайда, елді ішкі алауыздық жайласа, ол шешілмейді. Егер әр түрлі топтар оларды мүдделердің — саяси, идеология, діни, этникалық немесе таптық мүдделердің біріктіретініне қарамастан, қарама-қарсылық күйде болса, бұл халықты ортақ игілікке қол жеткізу мен өзінің ұлттық мүдделерін іске асыру мақсатынан жаңылыстыратын қауіпті жағдайға әкеп соғады. Бұл жерде әңгіме тікелей қарсыластық немесе соғыс жағдайы туралы да болып отырған жоқ. Солтүстік Ирландия, бұрынғы Югославия, Перу, Ауғанстан, Камбоджа мен Руанда және басқа да елдер ешбір өркениеттің, ешбір мәдениеттің алауыздықтың ауыр салдарынан сақтандырылмағанын дәлелдеп отыр.

Бірлікке апаратын жолдағы бұрынғы кедергілерді жойып, әдетке, құштарлыққа, ерекше мүдделерге, дінге, жас қарайластығына немесе басқа факторлардың қайсысына негізделгеніне қарамастан, жаңа кедергілерді болдырмау — біздің міндетіміз. Диалогтың ықтимал барлық нысандарын көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты күшейту арқылы біз біртіндеп ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз.

Қоғамның негізі болып табылатын бұл басымдықты жүзеге асырудағы біздің стратегиямыздың мынадай құрамдас бөліктері бар:

- еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтығымызды дамытатынымызға кепілдік беру;
- этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету;
- қоғамымыздағы дәулеттілер мен жарлылардың арасындағы айырмашылықты азайту және ауыл проблемасына үнемі ерекше көңіл бөлу;
- өтпелі және кейінгі кезеңдерде пайда болатын әлеуметтік проблемаларды ұдайы шешіп отыру;
- ұзақ мерзімді болашақта саяси тұрақтылықты да, қоғамның топтасуын да қамтамасыз ететін бай Қазақстанды барынша жігерлі түрде қалыптастыру;
- адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық нысандарын дамыту;
- әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды нығайту.

Бүгін «Біздер — қазақстандықтар кімдерміз?» деген сырттай қарағанда қарапайым сауалға кез келген адам бірден жауап бере алмайды. Өзін-өзі бірегейлендіру проблемасын шешу үшін уақыт пен белгілі бір тарихи даму кезеңі қажет болады.

Коммунистік режим 70 жылдан астам уақытта бірыңғай кеңес халқын ақыры қалыптастыра алмады.

Орталықтан шыққан көп ұлтты елдердің көпшілігі ондаған жылдар өткеннен кейін де бұл процесті аяқтай алмады. Бізде де бұл сезім қалыптасып, орныққанға дейін бірнеше ондаған жылдар өтеді.

Бірақ қазірдің өзінде бізді біріктіретін бірқатар факторлар бар. Бұл — өз шекарамыздың шегіндегі жеріміз, оны көркейткен ата-аналарымыз, сәтсіздіктердің ауыртпалығын бірге көтеріп, жетістіктеріміздің қуанышын бірге бөліскен ортақ тарихымыз. Бұл — келешекте осы жерде бірге тұрып, бірге жұмыс істейтін біздің балаларымыз. Сондықтан біздің әрқайсымызды өз ата-анамыздың алдындағы борышымызды ұғыну мен балаларымыздың өмірін одан әрі жақсарта түсуге деген ұмтылысымыз біріктіреді. Бүгінгі таңда осы айқын мақсаттар бірлік пен топтасу үшін нақты тұғыр болып табылады.

Тәуелсіздік пен реформалардың алғашқы жылдарында біз коммунистік-ұжымдық негіздерден жекеше-дарашылдыққа қарай ыға бастадық. Жекеменшік дарашылдықтың жедел дамуы құндылықтар бағдарын ауыстыруға ғана көмектесіп қоймай, этникааралық қарама-қайшылықтардың терең тамырларын қиып, олардың әлеуетін кемітуге де ықпал етті.

Алайда, шовинизм мен ұлтшылдық әлі толық ұмытыла қойған жоқ. Мұндай процестерді қыздыра түсу әрекеттері халықтың көпшілігін қызықтырмайды, керісінше олардың наразылығын тудырады. Русофобия күрт кеміп, қазақ дәстүрлері мен тілінің қайта өрлеу үрдісі табиғи құбылыс деп қабылданатын болды. Қоғам этникалық проблемаларды бұрынғы жылдарға қарағанда анағұрлым байыппен, сындарлы және ашық талқылайтын болды.

Біздің нарыққа қарай басқан космополиттік және интернационалдық қадамымыз этникааралық қарама-қайшылықтарды әлсіретіп, зор қызмет атқарып отыр. Еркін нарық та мемлекеттің бара-бар рөлінсіз кіршіксіз емес, ол маятник сияқты құндылықтардың бір жүйесінен екінші жүйесіне ауысу жылдамдығын алғаннан кейін

бізге қажет тепе-теңдік нүктесінен ендігі аттап кеткен тәрізді. Бүгін қарсы тұрудың жаңа полюстері — кедейлер мен байлар арасындағы, басқарылатындар мен басқарушылар арасындағы, село мен қала арасындағы қарсылық полюстері ашылды.

Бұл алшақтық жалпы қабылданған шектен тыс деген түсінік қоғамда пісіп-жетілді. Егер Қазақстан бай адамдардың шағын тобы бар мемлекет болса, өмірге төзімділіктің төмендеуі мен ішкі-сыртқы тұрақсыздық салдарынан, жақсы дегенде, әуре-сарсаңға түседі. Біз кедейлер мемлекеті болып көрдік. Мемлекет ең алдымен орта таптың — фермерлердің, «ақ жаға — көк жағалылардың», интеллигенцияның, ұсақ буржуазияның мүддесін білдіруге тиіс. Кезінде большевиктердің осы топтардың барлығына шүйліккені тегін емес. Олар капитализмнен коммунизмге өту үшін басты соққыны қайда бағыттау керек екенін білді. Олар капиталистік мемлекеттің тірегіне соққы берді. Бізді кулактарға, «шірік интеллигенцияға», жұмысшы ақсүйектеріне, ұсақ саудагерлерге қарсы қалай тәрбиелегенін еске түсірейік. Көпшілігімізде жек көрушіліктің орнығып қалуы осыдан емес пе екен?

Ішкі саяси тұрақтылық пен даму үш тапқа да: байларға, орташаларға және кедейлерге сүйенеді. Олардың барлығы да қазірше қоғамда болады бірақ, әрине, қалыпты өркениетті арақатынаста болуға тиіс.

Қала мен село арасындағы қарым-қатынаста жіктелу айқын көрінді. Мұнда жіктелудің терең процесі жүріп жатыр және бұл ретте алшақтық үнемі ұлғая түсуде. Село таяудағы 10 жылда, нарықтық өзгерістерге қосымша серпін беру және әлеуметтік проблемаларды шешуге ерекше көпшіл бөлу, инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан басым сала болуға тиіс.

Біз селодағы жұмыс күшінің көптеп босауына, село тұрғындарының қалаға көшуінің ұлғайып, урбанизация процестерінің дамуына әзір болуға тиіспіз. Село бүгін: жалақы, зейнетақы төлемеу, артта қалушылық, кедейлік пен жұмыссыздық, әлсіз инфрақұрылым, білім беру мен денсаулық сақтау, экологиялық апат сынды барлық негізгі әлеуметтік проблемалардың өзегіне айналды. Әйтсе де мұнда демографиялық әлеует өте жоғары.

Орталықтан қиындықпен «жиналған» қажетті ресурстар қалаларда қалып қойып, селоға жетпейді. Мұндай «жайылыңқы» саясатты доғару керек. Қысқа мерзімде селодағы барлық өзгерістерді аяғына жеткізу керек, олар қуатты және нысаналы әлеуметтік саясатпен қатар жүргізілуге тиіс.

Мұндағы біздің мақсаттарымыз айқын — біз шаруалар мен село тұрғындарына өз өмірін көбірек қадағалауға мүмкіндік беруге, сондай-ақ осындай бақылауды жүзеге асыруы үшін оларды құралдармен қамтамасыз етуге тиіспіз.

Бұл проблемаларды стратегиялық тұрғыдан, негізінен, экономикалық ілгерілеу арқылы шешуге болады. Мейлінше бай Қазақстан әр адамға барынша көп мүмкіндік береді. Әлемге әйгілі ұлы басшы айтқандай «судың көбеюі қайраңнан барлық кемені көтереді». Біздің стратегиямыз ұлғайып келе жатқан ұлттық байлықтың бір бөлігін әр адамның алуына мүмкіндік беретіндей болуға тиіс.

Ал, қазіргі өтпелі кезеңде адамдардың көпшілігіне оңай болмайды, Үкіметтің де барлық адамға бірдей көмектесетіндей қаражаты жоқ. Бұл салада біздің стратегиямыз мемлекеттік көмекті халықтың ең мұқтаж топтарына, тек соларға ғана тікелей жіберу болып табылады. Бірақ бүгін біз өз қиындықтарын өзі жеңе алатын адамдардың санын көбейтуге мұқтаж болып отырмыз.

Балаларымыздың болашағы мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қандай болатыны туралы сөз қозғағанда біз өзіміз құратын өркениеттің — біздің болашақ

қоғамымыздың моделін алдын ала білуге тиіспіз. Бүгін тоталитарлық және либералды қоғам арасындағы дау жойылған кезде либералдық қоғам модельдерінің өзі әртүрлі болатыны және әр елдің өзіндік ерекшеліктері болатындығы анықталып отыр. Негізгі айырмашылық модельдердің екі үлгісінің: ағылшын-саксон және «азиялық жолбарыстар» көрсеткен азиялық үлгілерінің арасында болып отыр. Бірқатар бағыттарда ортақ сипаты бола тұра олардың арасында үлкен айырмашылықтар байқалады. Бірінші модельге көбіне даралық, екіншісіне — коммунитаризм тән. Бірінші жағдайда мемлекеттің шектеулі рөлі уағыздалса, екіншісінде мемлекеттің жоспарлаумен белсенді түрде айналысып, жекеше сектор мен бүкіл қоғамға жетекшілік етуге тиіс күшейтілген рөлі уағыздалады. Бірінші модельде көңіл макроэкономикаға, екіншісінде — микроэкономикаға бөлінеді және т.с.с.

Бұдан бұрын айтып өткенімдей, бұрынғы жылдары алдымызға жедел өзгерістерді мақсат етіп қойып, белсенді түрде ағылшын-саксон нұсқасы бойынша жүрдік, бірақ бүгін біз бұдан әрі қай жолмен жүру керек деген стратегиялық сауалға жауап табуға тиіспіз. Қоғамда бұған қатысты консенсус жоқ. Қазақстан Еуропаның кішкентай болса да бір бөлігі, тарихи тұрғыдан да біз Батыс өркениетіне ұмтыламыз дейді біреулер. Біз көбінше азиялық елміз, сондықтан «жолбарыстардың», Жапонияның, Кореяның тәжірибесін ұстануға тиіспіз дейді екінші біреулер. Біз ресейлік менталитет пен ұжымшылдық принциптерін терең сіңірдік, сондықтан біздің таңдауымыз Ресейдің таңдауына сай болуға тиіс дейді үшіншілер. Төртінші біреулер біздегі халықтың басым көпшілігі мұсылмандар, сондықтан біз жаңа түркі моделін негізге алуға тиіспіз деп дауласады.

Ғажабы, бұлардың барлығының айтқаны ақиқат және сонымен бір мезгілде олардың барлығы қателеседі. Біз — өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік, болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді.

Алдымызға екінің бірін таңдап алу керек деген мәселені қоймаймыз. Біз екеуін де, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген барлық өркениеттердің ең соны жетістіктерін пайдаланып, диалектикалы боламыз.

Біздің моделіміз қоғам дамуының әртүрлі модельдерінің түйісуін бейнелеуге тиіс. Қазақстан Конституциясына сәйкес біз әлеуметтік-нарықтық экономика құрудамыз. Бұл — бізге қажеттінің нақ өзі.

Біздің моделіміз басқа модельдердің элементерін сабақтастыра отырып, бірақ негізінен, өзіміздің ерекшеліктерімізге, тарихымызға, жаңа азаматтығымызға және даму кезеңдерінің нақтылығын еске ала отырып, ұмтылыстарымызға сүйеніп, өзіміздің жеке даму жолымызды белгілейтін болады.

3-ші ұзақ мерзімді басымдық
Шетел инвестицияларының деңгейі жоғары, дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу

Экономика неғұрлым еркін болса, соғұрлым әлеуметтік болады.
Эрхард

Біздің салауатты экономикалық өрлеу стратегиямыз мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделеді. Ол мынадай 10 принциптен тұрады:

Мемлекеттің белсенді рөл атқара отырып, экономикаға араласуының шектеулі болуы. Экономикалық реформалардың табысы мен олардың жекелеген учаскелерде тежелуі мемлекеттің рөлін қайта қарастыруды талап етеді.

Орталықтағы және жергілікті жерлердегі үкімет экономикаға араласудың барлық түрімен, дән себу, егін жинау және басқалармен айналысуды тоқтатуға тиіс. Мемлекет жекеше сектор басты рөл атқаратын нарықтың заңды шеңберлерін құра отырып, экономикада маңызды, бірақ шектеулі рөл атқаруға тиіс. Яғни, меншік құқықтарын ресімдеуге, бәсекелес рынок пен монополияға қарсы күресті реттеудің сенімді құралдарын құруға, фискальды және монетарлық саясатты қолдауға, әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға, қажетті инфрақұрылымды, білім беруді, денсаулық сақтауды дамытуды қамтамасыз етуге және мықты экономикалық саясат жүргізуге бағытталған құқықтық және нормативтік база жасауды аяқтау көзделіп отыр.

Бірақ нарық дамымаған, нарықтық кеңістік әкімшілік жүйенің қалдықтарына толған жерлерде мемлекет нарықты дамыту мен ол кеңістікті тазарту үшін араласуға тиіс. Экономиканың өзі тұрақсыз дамудың аралық кезеңінде тұрғанда, мемлекеттің реттеуші рөлі мен араласуы бара-бар болуға тиіс.

Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін біз мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын едәуір көтеруге, жекеше сектор мен ұлттық капиталға жәрдемдесуге, оларды ынталандыруға және олардың белсенділігін арттыруға тиіспіз.

Осымен бір мезгілде мемлекеттің өзі еркін экономиканың кепілі болуы керек. Оның міндеті нарық ережелерін белгілеу, бұл ретте әділ әрі байыпты іс-қимыл жасай отырып, ол ережелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Біз — саналы да жігерлі халықпыз. Егер ойын ережелері айқын белгіленіп, олардың орындалуы объективті негізде қамтамасыз етілсе, онда Қазақстан азаматтарының нарықтық экономикаға тез бейімделетініне менде күмән болмайды.

Дамыған рыноктарда мемлекет рөлінің шектеулі болатынына қарап, ол еркі мен қайратынан айрылып, енжар байқаушыға айналады деген түсінік тумауға тиіс. Керісінше, ол заңдардың орындалуы үшін өте күшті, конъюнктураның өзгерістеріне даяр болу үшін құзыретті, әлемдік және отандық рыноктарды білетін, босаң және шашыраңқы болмау үшін өз жұмысын белсенді жоспарлайтын болуға тиіс. Ол халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін анықтауға, даму басымдықтарын айқындауға, жекеше сектормен тығыз ынтымақтастықта болуға және сол арқылы қоғамды біріктіре, беріктете түсуге тиіс.

Ал бүгін мемлекет қажетсіз жерлерде зор әкімшілік билікке ие болып, керісінше, рөлі жоғары болуға тиісті жерлерде енжар қалып отыр. Алайда, істің мұндай күйі біздің дамуымызға кедергі болып отырғаны барған сайын айқын көрініп келеді.

Екінші жағынан алып қарағанда, салықтар мен баждарды толық ала алмай, жалақы мен зейнетақыны уақытында төлемей отырып, заңдар мен жарлықтар көбінесе орындалмай отырғанда өзімізді күшті мемлекет деп санай аламыз ба? Осыған байланысты саналы салық төлеушілер мен кәсіпорындардың адал иелері, сондай-ақ халықтың аз қорғалған жіктері үнемі зиян шегіп отырады. Ал кәсіпорындардың оспадарсыз басшылары мен салық төлемейтіндер алшаң басуда.

Бұл проблемаларды шешудің стратегиясы белгілі. Біз:

- Үкіметтің әлі де орын алып отырған сауда мен өндіріске әкімгершілік араласуын жоюға;

- жылжымайтын мүлікті, қалған ұсақ және орта кәсіпорындар мен агроөнеркәсіп кешенін қоса алғанда, жекешелендіру процесін аяқтауға;

- орталық үкіметті және жергілікті өкімет орындарын парасатты ұйымдастыру мен оңтайландыруға, олардың рөлін, өкілеттігі мен жауапкершілігін байсалды ой елегінен өткізуге;

- сот билігі мен құқық қорғау органдарын реформалауды жандандыра түсуге;

- заңның шексіз үстемдігін белгілеуге және заңды орындайтын азаматтарды қылмыстан қорғауға тиіспіз. Бұған керісінше, билік пен заңның бар күшін заңсыз жолмен, шалқып өмір сүретіндерге қарсы қолдану керек.

Соңғы 3 жылдың ішінде біздің экономикалық стратегиямыз макроэкономиканы тұрақтандыру болды, бұл мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қысқарту мен қатал монетарлық және несие саясатын дәйекті жүргізуді білдіреді. Бүгін біз осы мәселені шешуге бұрынғыдан да жақын тұрмыз. Бірақ бүгінгі табыстарымыз тоқмейілсуге негіз бола алмайды.

Егер елдегі инфляция шектен асып кетсе, ұлттық валютаның бағамы экономиканың жалпы жағдайы мен біздің стратегиялық ұмтылыстарымызға сай келмесе, ал өсім ставкалары нақты сектор үшін жоғары болып, оған қол жеткізу мүмкін болмай қалса немесе нақты сипатында теріс болып отырса, біз алға қойған мақсаттарды іске асыра алмаймыз.

Халықаралық тәжірибенің сабақтары айқын. Экономикалық жоғары табыстарға қол жеткізген кез келген ел жедел экономикалық өрлеудің алдындағы кезеңде жоғары инфляцияны жою жөнінде барлық шараларды міндетті түрде қолданған және кейін макроэкономикалық көрсеткіштерді белгіленген шекте ұстап тұруды қатаң қадағалаған. Бұл жолдан ауытқығандар сәтсіздікке ұшырады.

Бірінші Азиялық барыс болу үшін біздің басымдықтарымыздың қатарына макроэкономикалық көрсеткіштер саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе енгізілуге тиіс.

Ол — инфляция мен бюджет тапшылығының төмен болуын, ұлттық валютаның күшеюін, жинақтау нормасының жоғары болуын көздейді. Бұл рецепт Жапонияда, Кореяда, Индонезияда, Тайвань мен Чилиде іске асты. Қазақстанда да іске асады.

Біздің алдымызға не инфляция, не экономикалық өрлеу деген таңдау қойылған жоқ және қойылмайды да. Түпкілікті мақсат экономикалық өрлеу екенін және макротұрақтандыру осы мақсатқа жетудің құралы ғана екенін біз назарда ұстауға тиіспіз. Әрине, басқа процестерге қарағанда қаржылық тұрақтанудың көптеген әлеуметтік топтардың жағдайын қиындатқаны белгілі. Бірақ жүйелі және құрылымдық қайта құру жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес еді. Нарық — қатаң қаржылық жауапкершілікке толы демократия. Халықтың көпшілігі мұны енді түсінді. Әрине, макротұрақтандыруға ауыр тоқырау мен ақшаның жетіспеуі ілесе жүрді. Бірақ нақты секторды құрылымдық қайта құру жүріп жатыр, енді таяу арада ақша және тауар массасы қажетті сәйкестікке жетеді.

Уақыты келгенде өмір мен жұмыстың қиын кезеңінде шыныққан адамдар да бұл дағдарыстан шығады. «Таршылықты көрмеген кеңшіліктің парқын білмейді» дейді қазақ мақалы.

Инфляцияны қолайлы деңгейге түсіре отырып, біз стратегиялық күшті экономикалық ілгерілеуге бағыттаймыз. Бірақ экономикалық, тіпті жалпымемлекеттік стратегия монетарлық саясатқа сай келмейді, сондықтан біз бүгін неғұрлым кең және бара-бар мүмкіндікке иеміз. Бұл орайда, таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканың нақты секторына, оны сауықтыруға, фискальды және монетарлық қатаң шектеулер жағдайындағы өсу мен күшті әлеуметтік саясатқа ау-

дарамыз. Ұзақ мерзімді болашақтағы макротұрақтандыру туралы әңгіме болғанда біз осы салада пайда болатын қауіпті болдырмауға әзір болуға тиіспіз. Пайдалы қазбаларымызды игеруге және экономиканың жекелеген секторларындағы үміт артып отырған экспорттың ұлғаюы біздің валютамыздың бағамын едәуір қиындыққа ұшыратып, оны көтеріп жіберуі мүмкін. Ал мұның өзі басқа салаларды, ең алдымен экспорт және қайта өңдеуші салаларды «жоғалту» қаупін төндіреді.

Сондықтан валюталық нақты ақша ағымының бір бөлігін импортты кең қолданбастан игере білуіміз керек. Бірақ адам санының аз болуына және қазірше халықтың сатып алу қабілетінің төмен болуына байланысты Қазақстанның ішкі рыногы өте шағын. Сондықтан дүниежүзілік тәжірибені және инвестициялар нарығындағы жұмыс істеп тұрған тетіктерді мұқият зерттеп алып, шетелдегі қаржы инвестицияларының стратегиясын алдын ала әзірлеу керек.

Біз аяқтаған бағаны ырықтандыруға енді күмән келтірілмейді және өзгеріс болмайды.

Жекеменшік институттары жерге деген құқықтың, сондай-ақ меншік құқықтарын және келісім-шарттардың орындалуын қорғайтын заң жүйесін құрудың есебінен нығайтылады.

Кәсіпорындарды жекешелендіру негізінен аяқталды. Енді оны, ең алдымен аграрлық кешен мен әлеуметтік салада түпкілікті аяқтау және акциялардың айналымы процесін дәл реттеу керек. Стратегиялық сипаттағы кәсіпорындардағы акциялардың мемлекеттік пакеттері орынды пайдаланылатын болады.

Ырықтандыру жолында біз үлкен жетістіктерге жеттік, бірақ ауыл шаруашылығында, өндірістің бірқатар салалары мен әлеуметтік секторда нарықтық қатынастар төмен деңгейде қалып отыр. Өндірістік сектор бүтіндей дерлік меншік иелері алдында есеп бермейтін немесе есеп бергенситін олақ және жемқор басшылардың іс-әрекетінен туған төлем жүйесі дағдарысынан зардап шегіп отыр.

Көптеген ірі рыноктар арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі біздің жағдайымыз ашық экономика мен еркін сауда құруды талап етеді.

Тұйықтық пен өз рыногын оқшаулау әрекетінен гөрі мұндай саясат елдер мен құрлықтар арасын әлдеқайда жылдам жалғайды.

Біздің ұлттық капиталымыз кішкентайынан бастап шыныққып, өз рыноктарында күресуге даяр болуға тиіс. Бұл өте күрделі міндет, бірақ онсыз ол ертең сыртқы рыноктарда жеңіп шыға алмайды. Бірақ қазір ол жас әрі әлсіз болып тұрғанда, жаңадан тәй-тәй басып келе жатқанда қорғансыз жағдайда тұр, мемлекет оны қанатының астына алып, жылдам аяғына нық тұруына көмектеседі.

Ішкі рыноктары шағын бола тұрып аса биік экономикалық нәтижелерге қол жеткізген елдерді өзін-өзі оқшаулау жолын таңдап алған елдермен салыстыру, жабық рыноктары, шектен тыс мемлекеттік реттеу, сондай-ақ шаруашылық жағынан дараланауға қол жеткізу әрекеттері қысқа мерзімді экономикалық табыстарға алып келгенмен, түбінде сәтсіздікке ұрындырары бізге мысал болып отыр.

Өзіміздің энергетикалық және өзге де табиғи ресурстарымызды игеру жалғаса береді. Оның мақсаты — экспорттан экономикалық өрлеумен қатар елдің саяси тұрақтылығына, сондай-ақ оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін табыс алу.

Шетел инвестицияларын тиісінше қорғауды және пайданы кері қайтарып алу мүмкіндіктері бұрынғысынша назарда бірінші кезектегі мәселелер қатарында ұсталады. Экономиканың бірнеше секторы бар: табиғи ресурстарды игеру,

инфрақұрылым, коммуникациялар және ақпарат, еліміз үшін бұлар тұрақты маңызға ие. Осы салаларды дамыту экономикалық өрлеуге ғана емес, әлеуметтік салаға да, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кірігуіне ықпал етеді. Бұлар капиталды қажет ететін салалар, оларды дамыту үшін шетел капиталымен қатар мемлекеттің қатаң стратегиялық бақылауы қажет. Бірақ тіпті Адам Смиттің де мойындағанындай, жекеше секторды қызықтырмайтын кейбір қоғамдық мұқтаждар да бар. Мұндай жағдайларда және осы мұқтаждарды қамтамасыз етудегі соңғы шара ретінде мемлекет оны өз мойнына алады.

Аймақаралық ірі көлік орталығы ретіндегі біздің бағытымыз шетел инвестицияларының неғұрлым бәтуәгер режимін орнатуды талап етеді. Тек осылайша ғана біз қаржы мен білімнің қажетті ағынын тартып, өз мүмкіндіктерімізді және шетелдермен тұрақты сауда айырбасын дамыта аламыз.

Әділ әкімшілік бұлжытпай орындайтын, анық тиімді және қатаң ұстанатын заңдары бар ашық және бәтуәгерлік инвестициялық саясат шетел инвестицияларын тартудың барынша қуатты ынталандыру тетігі болып табылады. Мұндай саясатты талдап жасау біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болуға тиіс, өйткені Қазақстанның шетел капиталынсыз, технологиясынсыз және тәжірибесінсіз жедел экономикалық өрлеу мен жаңартуға қалай қол жеткізетінін көз алдымызға келтіру қиын.

Біздің инвестициялық ахуалымыз неғұрлым қолайлы, ал Қазақстан тартылған шетел инвестицияларының көлемі мен сапасы бойынша басты орынға шығуы үшін бізге саяси ерік-жігер мен нақты іс-қимыл қажет. Әлемге әйгілі инвесторларды мүмкіндігінше көптеп тарту үшін біз қажетті тетіктерді пайдалануда асқан шеберлік танытуға да тиіспіз.

Сондықтан да мен өз Жарлығыммен Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетті құрып, оған тікелей инвестицияларды қорғаудағы саясатымызды іске асыру құқығы бар Қазақстандағы бірден-бір мемлекеттік орган мәртебесін бердім. Шетелдің күрделі қаржылары соңындағы құғынның ұзаққа созылатынын әрі ешқашан бітпейтінін есте ұстау керек. Бұл бәйгеде біздің артта қалуға хақымыз жоқ.

Қазақстан үшін индустриялы технологиялық стратегияны қалыптастыру қажеттілігі дүниежүзілік тәжірибеден туындап отыр. Дамушы елдердің барлығы дерлік еңбекті қажет ететін өндірістен капиталды, технология мен ғылымды қажет ететін өндірістерге дейінгі жолдан өтті. Өндірістің инерциялық және ауыр құрылымын құлашты бір сермеп түзетуге болмайды. Дүниежүзілік тәжірибе жалпы ұлттық өнімде ауыл шаруашылығының, өндіруші өнеркәсіптің үлесін ұдайы кеміту және, керісінше, өңдеуші өндірістің, ең алдымен — ғылымды қажет ететін, қосылған құны жоғары өндірістерді, сондай-ақ қызмет көрсету саласының үлесін ұлғайтуға саятын белгілі бір дәйектіліктің қажеттігін көрсетіп отыр.

Қолайлы жағдай туғанда еліміздің тірек саласы болып табылатын мұнай-газ өндіру саласының, сондай-ақ бүкіл өндіруші өнеркәсіптің көлемі айтарлықтай арта-ды деп санауға жеткілікті негіземіз бар.

Бұл — өз құрылымдық саясатымызды құруда басшылыққа алуымызға тиіс бағдар болады. Бұл ретте біздің индустриялық стратегиямыз жекелеген кәсіпорындарды қозғамайды. Біз мемлекеттік саясат тетіктерін Қазақстанға қолайлы салаларды дамытуға жәрдемдесетіндей етіп пайдаланатын боламыз.

Тек шикізатқа бағдарланған ел болып қалмау үшін біз жеңіл және тамақ өнеркәсібін, инфрақұрылымды, мұнай мен газ өңдеуді, химия мен мұнай-химиясын,

мәшине жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпкілікті өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туризмді бұрынғыдан да ілгері қарқынмен дамытуға тиіспіз.

Тұрақты өрлеуді қамтамасыз етуге бізге өндірісті диверсификациялау көмектеседі. Қазірге бәтуәгер импорт кезіндегі қатаң бәсекелестік жағдайында өндірістер мен бүтіндей салалардың нарыққа бейімделу процесі жүріп жатқан кезде, біздің шикізаттан басқа өнімдеріміз бәсекеге түсе алмайтын кезде, біз өндірістің ауыр шикізаттық құрылымына қарай құлдырай береміз, ал бүкіл өркениетті және дамушы әлем бұған тікелей қарама-қарсы бағытта жүріп барады. Өндірістің құлдырауы мен оның кертартпа құрылымы бұдан былай есепке алмауға болмайтын екі есе қауіпті фактор болып табылады. Егер еркін рынок шын мәнінде еркін болса, ол елде жаңа өндірістер туғызады. Біздің міндетіміз Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастық алдында инвестициялар үшін тартымды жер ретінде көрсетіп, неғұрлым маңызды салаларға инвесторларды пәрменді тарту болып табылады.

Бірақ әзірге тек рыноктың күшіне ғана сенуге болмайды. Үкімет диверсификацияның пәрменді индустриялық саясатына кірісіп, назарды макродеңгейден микродеңгейге аударуға тиіс.

2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлу керек. Бұл, басымдық тәртібімен айтар болсақ — ауыл шаруашылығы, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, туризм, тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылым жасау. Осы салаларды дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін де шешеміз, бұл қазіргі уақытта ерекше маңызды нәрсе.

Экономикалық өрлеуден еліміздің дамуы үшін қаншалықты маңызды екенін баршамыз түсінеміз. Қарқынды экономика болмайынша біз мектептер мен ауруханаларды қаржыландыра алмаймыз, қоғамды жемқорлық пен қылмыскерліктен қорғай алмаймыз. Сондықтан бұл басымдық бүгін де, ертең де және алдағы 30 жылдың ішінде де ең маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді.

4-ші ұзақ мерзімді басымдық
Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты

Тазалық — саулық негізі,
Саулық — байлық негізі.
Қазақтың халық мақалы

Экономикалық ілгерілеу біздің азаматтарымыздың игілігіне өздігінен кепілдік бере алмайды. Гүлденген экономика жағдайында-ақ өз денсаулығын дұрыс күтпеуінің және қоршаған ортаның ластануы салдарынан науқас адамдардың саны жылдан-жылға өсіп отырғанын көзге елестету қиын емес. Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек.

Бұл мақсатты іске асырудағы біздің стратегиямыз мынадай құрамдас бөліктерден тұрады.

Ауруды болдырмау және салауатты өмір салтына ынталандыру. Мемлекеттің, бір жағынан, ауруды болдырмау, екінші жағынан, салауатты өмір салтына

ынталандыру жөніндегі қадамдары халықтың денсаулығына әсер ететін маңызды фактор екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аурулардың алдын алу дегеніміз таза су мен кенеулі асты пайдалануды, тазарту жүйелерінің болуын, қоршаған ортаны ластайтын және экологиялық зиян келтіретін объектілерді қысқартуды, басқа да қауіпті факторларды төмендету жөніндегі осыған ұқсас шараларды білдіреді.

Салауатты өмір салтына ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т.с.с. бағытталған.

Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда ауруларға қарсы күрес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеуден басталады. Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды, тазалық пен санитария ережелерін насихаттайтын пәрменді ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі қажет. Ол мыналарды қамтуға тиіс.

Нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес. Есірткіні әкелу мен таратуға қолданылатын жазаны қатайту және осыған байланысты бірқатар елдердегідей, оның ішінде Малайзия мен Сингапурдегідей өлім жазасын енгізу керек пе деген мәселені қоғамның талқысына шығару керек. Есірткі — өте ерекше және түпке жететін сала, сондықтан бұл жерде адамгершілік принциптерінің қандай дәрежеде қолданылуы үлкен мәселе. Таразының бір басында оны әкеліп, тарататын адамның өмірі тұрса, екінші басында соның «көмегімен» қор болған есірткі тұтынушылардың ұмыры тұр.

Темекі мен алкогольді тұтынуды қысқарту. Алкоголь мен темекінің адам өміріне зиянды екені дәлелдеуді қажет етпейді. Халықаралық тәжірибе бұл салада мемлекеттік саясатты жүргізудің алкоголь мен темекіге салық енгізу, сондай-ақ маскүнемдіктен емделуге арнайы салық салудан бастап, бірнеше сабағын ұсынып отыр. Біз бұл мәселеде байыпты саясат жүргізуіміз керек. Контрабанданың ағыны мен қылмыскерліктің өсуі сияқты кері нәтижеге душар болмас үшін бұл арада барлығын салмақтап, бірнеше қайтара есептеп шығу керек. Бастапқы кезде алкоголь мен темекіні жарнамалауға барлық жерде және түпкілікті тыйым салынуға тиіс. Шылым шегу терең ойластырылып, асыра сілтеушілікке ұрынбай, біртіндеп қоғамдық орындардан ығыстырылуы қажет. Мұны басқаларға үлгі болу үшін мемлекеттік үйлер мен мекемелерден бастау керек. Жалпы, адамдар неліктен өз денсаулықтарын құртып, оны улайтындарға төзіммен қарауға тиіс?

Мен барлықтарыңызды шылым шегушілерге ымырасыз болуға шақырамын.

Қоғамдық сана мен мораль алкогольге барынша қарсы болуға тиіс. Мемлекет бұл сезімді тәрбиелеуге тиіс. Кеңес өкіметі жылдарында арақ біздің тұрмысымызға, әдетімізге, дәстүрімізге тереңдеп енді. Ол ауылдық жерлерде де адам өмірінің ажырамас бөлігі болып алды. Бүгін көпшілік қиыншылыққа тап боп, күйзеліске түскенде ішкілікке салыну артып отыр.

Көптеген елдер бұл кеселге тыйым салғанмен, табысқа жете алмады. Осыған қарамастан кейбір елдер ұтымды ақпараттық және түсіндіру саясатын жүргізу, мәдениет пен білім арқылы едәуір табыстарға қол жеткізді. Өнеркәсібі дамыған елдерде ішімдікті пайдаланушылар мен темекі тартушылардың саны кеми түсуде, өйткені кәсіпкерлік — денсаулығы мықты жандардың үлесі. Өмір салтын теріс әдеттерден спортқа көшіру тиімді жолдардың бірі болып табылады.

Әйел мен баланың денсаулығын жақсарту. Ана мен баланың денсаулығын қорғау біздің мемлекетіміздің, денсаулық сақтау органдарының, жұртшылықтың

тікелей назарында болуға тиіс. Уақыт өтіп, қазына кірісі өскенде мемлекет үшін де, отбасын қолдауға тиімді демографиялық саясат үшін де қолайлы нысанда аналар мен балаларға мемлекеттік қолдау көрсетуге қаражат табамыз. Біз бұрынғы уақыттан бері және қиындықтарға қарамастан бүгін де осындай көмекті көрсетіп келеміз. Мен балалы болғысы келмейтіндерге салық енгізу туралы ұсыныста көпшілік талқысына саламын. Одан түскен қаржыны көп балалы отбасыларды қолдауға жұмсар едік.

Бізге жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керек. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызбасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда — еліміз үшін алаңдамауға да болады. Бұл ұсыныстар Қазақстан халқына қашанда тән болған, оларды жандандырып, жан-жақты қорғау қажет. Жұртшылық мұнда дұрыс шешімді көрсетіп, ол отбасы туралы заңда бейнеленуге тиіс.

Салауатты тұрмыс құрып, сол арқылы балаларына үлгі көрсетіп отырған ата-аналарды айрықша атап көрсету қажет. Мен компаниялар мен жұмыс берушілерге осы тұрғыдан көтермелеудің тиісті нысандарын іздестіруді ұсынар едім.

Елімізде жыл сайын 200 мың аборт жасалады. Қоғамда абортқа тыйым салу керек пе, жоқ па деген мәселе пікірталасына түсуі керек. Мұндай өте нәзік мәселеде де, басқа мәселелерде де мен көпшілікті қолдаймын. Қандай жағдайда да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркениетті жолына түсуіміз керек.

Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз.

Тамақтануды, қоршаған орта мен экологияның тазалығын жақсарту.

Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20%-на себеп болып отыр, ал кейбір аймақтарда жағдай мұнан да қиын. Отандастарымыздың үштен бірі сапасыз ауызсуды пайдаланады. Жеткілікті және дұрыс тамақтанбау да теріс демографиялық салдарға әкеп соғады.

Сондықтан біздің әрқайсымыз тамақтану мен ауызсуға ерекше көңіл бөлуге тиіспіз. Біздің мамандарымыз қалай дұрыс тамақтану керек екенін, табыс дәрежесіне қарай өз рационын қалай құру керек екенін қазіргі заманғы жеке басының тазалығы ережелерін орындауды, сапасы төмен ауызсудың зиянын қалай тигізбеуді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіруден жалықпауы керек. Экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мен стандарттау органдары қойылған мақсаттардың басымдығына сәйкес жұмыс жүргізуге тиіс. Кез келген сапасыз тамақ өнімдерін өткізушілер мен жасап шығарушыларға, табиғи ортаны ластаушылардың бәріне берік және қат-қабат тосқауыл қойылуы қажет.

Мемлекеттік ведомстволардың басшылары осының бәрінде де үлгі көрсетуге тиіс. Сонымен қатар дінбасылар мен қоғамның басқа да құрметті адамдарын осы процеске қосылуға шақырамын. Бұл — маңызы зор мәселелер. Адамдардың денсаулығы мен оны мыңдаған отандастарымыздың өмірі осы шараларға тікелей байланысты.

5-ші ұзақ мерзімді басымдық
Энергетика ресурстары

Байлық — байлыққа ие болуда емес,
оны ұқсата білуде.

Сервантес

Қазақстан табиғи ресурстардың, әсіресе энергетика ресурстарының орасан зор қорына ие. Біздің еліміздің аумағында, бағам бойынша мұнайлы алғашқы 10 елдің қатарына қосарлық мұнай мен газ кен орындары бар. Сонымен қатар Қазақстанда көмірдің, уранның, алтынның және басқа да бағалы минералдардың мол қоры бар.

Соған қарамастан, біз көп жылдар бойы өзіміздің ішкі қажетімізді қамтамасыз ете алмай келеміз. Бұл — кеңестер кезеңінде жасалған бөліс жүйесі, сондай-ақ өзімізде қажетті инфрақұрылым болмауының салдары.

Сайып келгенде халықаралық рынокқа мұнай мен газ экспорттау үшін қажетті коммуникациялардың болмауы дамуымыздың жоспарларын жүзеге асыруға керекті қаражат алатын мүмкіндігімізді барынша шектеп отыр.

Энергетикалық ресурстарды пайдалану стратегиясы мынадай элементтерді қамтиды.

Біріншісі, біз өз қорларымызды жедел әрі тиімді пайдалану үшін үздік халықаралық технологиялар, ноу-хау, ірі капиталдар тарту мақсатымен басты халықаралық мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді әріптестікке барамыз.

Біз қазірдің өзінде бірсыпыра ірі контрактілерге қол қойдық, ал басқа контрактілер әзірлену үстінде.

Біз ұзақ мерзімді келешекке өзімізге міндеттері сәйкес келетін әріптестер іздейміз. Контрактілерде біз Қазақстанның мүддесін, экологиясын, өз адамдарымыздың жұмыспен қамтылуы мен даярлануын, әлеуметтік міндеттерді шешу қажеттігін қатаң әрі парасат тұрғысынан кездестіретін боламыз.

Өзіміздің табиғи ресурстарды пайдалануда біз үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін және Қазақстанның мүдделеріне жауап беретін орнықты келісімдерге мүдделіміз.

Біздің кірістеріміздің тұрақтылығы және контрактілеріміздің әділеттілігі, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың қолдауының кепілдігі, міне, осында жатыр.

Біздің стратегиямыздың екінші бөлігі — мұнай мен газ экспорты үшін құбыр арналарының жүйесін құру. Тәуелсіз экспорт арналары көп болғанда ғана біз көршіміздің біріне тәуелді болудан және келесі тұтынушыға баға жөнінен кіріптар болудан құтыламыз.

Үшіншісі. Отын ресурстарын пайдалану жөніндегі біздің стратегиямыз әлемдік қауымдастықтың ірі елдерінің мүддесін Қазақстанға, оның әлемдік отын өндіруші ретіндегі рөліне бағыттау. Бұл ретте біздің мұнай-газ бизнесімізді инвестициялауға тиіс компаниялар мен елдер АҚШ-ты, Ресейді, Қытайды, Жапонияны және Батыс Еуропаның мемлекеттерін қамтиды. Бұл елдер мен компаниялардың біздің ресурстарымызды тұрақты және тұрлаулы негізде экспорттауға деген экономикалық мүдделері Қазақстанның тәуелсіз және қарыштап дамуына жәрдемдесетін болады.

Төртіншіден, шетел инвестицияларын тарту арқылы біз ішкі энергетика инфрақұрылымын құру мен дамытуды, ішкі қажеттілік пен тәуелсіз бәсекелестік проблемаларын шешетін боламыз.

Ақыр соңында, бесіншіден, бұл стратегия осы ресурстардан түсетін келешек кірістерді барынша үнемшілдікпен пайдалануды көздейді.

Біз өзіміздің стратегиялық ресурстарымызға қатаң бақылау қоюға, үнемшіл болуға әрі қаражатты ұқыпты жұмсап, олардың бір бөлігін өзіміздің болашақ ұрпақтарымыз үшін жинақтауға тиіспіз.

6-шы ұзақ мерзімді басымдық
Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс

Адамға абырой әперетін үш іс бар:
құмда қазылған құдық, өзенге салынған көпір,
жол жағасына отырғызылған саялы ағаш.
Шығыс мақалы

Тарихи тұрғыдан алғанда, еліміздің аумағы арқылы Шығыстан Батысқа және кері қарай көлік легі тоқтаусыз өтіп жатты, ал олардың жылжу жиілігі бүгінгі күні де саябырситын емес. Қазақстанның міндеті отандық көлік-коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілетін және аумағымыз арқылы өтетін сауда легінің ұлғайтылуын қамтамасыз етуде жатыр.

Белгілі бір дәрежеде бұл сала біршама дамыған, ал ұзақ мерзімдік келешекте жан-жақты өсу стратегиясына ілесуге тиіс, мұның өзі ұлттық рынокты жан-жақты жетілдіруге және біздің көлік және коммуникациялық қызметімізге ден қоятын жаңа рынoктар іздеуге саяды. Бұл стратегия автомобиль жасау, туризм, қызмет жүйесі, жол және күрделі құрылыс салаларын барған сайын дамыта беруге және отандық өнімнің өзіндік құнындағы көлік шығасысын кемітуге жәрдемдесетін болады.

Темір жол көлігі

Аумағымыздың ауқымын және экономикамыздың шикізаттық бағдарын ескерсек, Қазақстанда жүк тасымалының негізгі көлемі темір жол арқылы жүзеге асырылатын болады. Көліктің осы түрінің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін басымдықтар ретінде мыналарды атау керек:

- халықаралық көлік және сауда байланыстарын, сондай-ақ Трансазия магистралі бойынша транзиттік жүк тасқынын қамтамасыз ететін негізгі теміржол бағыттарын жаңарту;
- Достық бекетін дамыту мен «Достық-Ақтоғай» учаскесін нығайтуды аяқтап, оның өткізім қабілетін жылына 10 млн. тонна жүк тасымалына дейін жеткізу;
- жүк жинақталатын аудандарда көп модульді терминалдар ұйымдастыруға кірісу, сол арқылы көліктің сан түрлерінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ететін контейнерлік және бумалық тасымалды қолдана бастау;
- барлық көліктік-коммуникациялық монополияларды батыл қайта құрылымдауды жүзеге асыру, оларды бейіні сәйкес келмейтін кәсіпорындардан арылту.

Автомобиль жолдары және автокөлік

- автомобиль жолдарын шапшаң аралықтар құру арқылы халықаралық тасымалды қамтамасыз ететін бағыттарда дамыту;

- жекеменшік автомагистральдар салу, қазіргі барларын жекешелендіру мен концессияға беру жөніндегі жұмыстарды бастау. Оларға осы заманғы халықаралық талаптар деңгейінде қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету;

- ауылдық жерлердегі автожолдардың желісін басымдық тәртібімен дамыту және ұзақ мерзімді келешекте олардың қатқыл табанды жолға көшірілуіне жету, автомагистральдар мен көпір конструкцияларының өткізім қабілетін жақсарту.

Әуе көлігі

- авиацияда тәртіп орнату және ұшақтар паркін лизинг пен жоғары сыныпты ұшақтардың белгілі бір көлемін сатып алу есебінен толықтыру;

- әуежайларды қайта жаңартуды қолға алу, қызмет көрсету мен сервисті қамтамасыз ету деңгейін халықаралық стандарттарға дейін жеткізу;

- Қазақстан арқылы өтетін транзиттік әуе желілерін дамыту мақсатында әуе қозғалысын басқару жүйесін қайта ұйымдастыру.

Су көлігі

- «Ақтау» айлағын қайта жаңарту және флотты «өзен-теңіз» түріндегі кемелермен толықтыру үшін шетел инвестицияларын тарту;

- өзен пароходстволарының жұмысын, әсіресе, жүк және жолаушы тасымалындағы өзіндік құны төмен кемелерді іске қосып, олардың жұмысын жандандыру.

Байланыс және телекоммуникациялар желілері

Телекоммуникациялар нарықтық тетіктер қызметін ақпарат алуды кеңейту мен олардың берілуін жүзеге асыру арқылы қуаттап отырады.

Телефондар, факстар мен электрондық почта — осы заманғы бизнесті дамытудың өмірлік маңызды әрі объективті тұрғыдан қажетті шарты.

Ақпараттық технологиялар, оның басқа түрлерімен салыстырғанда, өз мәнісі жағынан неғұрлым «көпшіл» әрі икемді бола отырып, бизнесті, экспорттық қызметті дамытуға және экономиканы орталықсыздандыруға барынша жәрдемдеседі. Олар ұлттық экономикаларды шоғырландырады және аймақтың ауқымын кеңейте отырып, әлемдік экономикалық байланыстарды нығайтады.

Сонымен қатар телекоммуникациялар жаңа жұмыс орындарын бере отырып, ауылдық және қалалық аймақтардың арасындағы экономикалық көші-қонды азайта отырып, әлеуметтік салалардағы кереғарлықтар мен келеңсіз құбылыстарды азайтуға барынша жағдай жасай алады. Ақпараттық технологиялардың денсаулық сақтау мен білім беру салалары үшін, сондай-ақ айналадағы ортаны жақсарту үшін маңызына баға жеткісіз.

Баршаның пайдалануына ортақ әрі толығымен іске қосылған телекоммуникациялық жүйенің келесі бір жақсы жағы — жолдың ауырлығына, жекелеген аймақтардың алыстығына және жолаушы тасымалы бағасының қымбаттығына қарамастан, күллі жұртқа ақпарат алуға мүмкіндік беретін кепілдігінде жатыр.

Біздің үкіметіміз шалғайдағы әлсіз дамыған аудандарға, ең кемі, байланыс қызметінің ең төмен деңгейін беретін болады. Айталық, балалар мен жастарға арналған аймақтық оқыту бағдарламаларын таратып отырады. Мұның өзіндік құны өте арзан, әрі алдағы уақытта едәуір пайда келтіреді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының алдында, ең алдымен, болашақта әлемнің дамыған елдерінің осындай инфрақұрылымдарымен бәсекелесуге қабілетті

дербес тәуелсіз және тиімді телекоммуникациялық қызмет көрсету жүйесін құру міндеті тұр.

Қазақстан телекоммуникацияларының қазіргі жай-күйі басқа елдермен салыстырғанда өз желілерінің жетерліктей тығыздығына қарамастан, елеулі экономикалық проблемаға айналып отыр.

7-ші ұзақ мерзімді басымдық
Негізгі міндеттермен ғана шектелетін кәсіпқой мемлекет

Бастығы көп ел заңнан таяды.
Соломон

Қазір мемлекеттік аппаратты қайта ұйымдастыру мен жетілдіру қолға алынды, алайда, бұл процеске неғұрлым қуатты қарқын беру қажет. Менің биылғы жылдың басынан бері үкіметіміз бен оның дербес құрамын түбегейлі реформалау стратегиясын іске асыруға кірісуім де сондықтан. Үкімет орталық және аймақтық деңгейлерде қысқартыла бастады және бұл процесс жалғаса береді.

Біздің міндет — Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін жасау, басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру; ұлттық мүдделердің сақшысы бола алатын мемлекет қалыптастыру.

Кеңестік әміршілдік экономика дәуірінде мемлекет бастан-аяқ бәрін бақылауға тырысты. Соның салдарынан ол көптеген қайталанатын қызмет буындары көп ебедейсіз құрылымға айналды. Қалыпты дамыған елдерде кеңес мемлекеті бақылауына алуға әрекеттенген міндеттердің 80% мемлекеттердің функциясына жатпайды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін мемлекеттік құрылыс пен басқару мәселелерін көп ретте жаңадан шешуге тура келді. Ең алдымен бұл жаңа тәуелсіз мемлекеттің өмір сүруінің заңдық құқықтық негізін қамтамасыз етуге, әлеуметтік саяси тұрақтылықты дәйектілікпен орнықтыруға қатысты болды.

Бүгінгі күні қоғамның және экономиканың күрделі жүйелік қайта жаңғыруларын мемлекеттік басқару жүйесінің өзін жүйелі ету мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Әрине, бұған біртіндеп, соның өзінде мемлекеттің функцияларын ұзақ мерзімді реформалаудың үйлестірілген, дәйекті жоспарын алдын ала әзірлеген жағдайда ғана жетуге болады.

Үкімет пен жергілікті өкіметті түпкілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін 7 негізгі стратегия принциптері мынаған саяды:

1. Неғұрлым маңызды бірнеше функцияларды ғана орындауға жұмылған ықшам әрі кәсіпқой Үкімет.

2. Стратегиялар негізіндегі іс-қимыл бағдарламалары бойынша атқарылатын жұмыс.

3. Нақтылы жолға қойылған ведомствоаралық үйлестіру.

4. Министрлердің өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін, олардың есептілігін және олардың қызметіне стратегиялық бақылауды арттыру.

5. Министрліктердің ішінде, орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жекеше секторға қарай орталыққа тәуелділікті жою.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл да ымырасыз күрес.

7. Кадрларды жалдау, даярлау және жоғарылату жүйелерін жақсарту.

Табысқа жеткен үкіметтер, әдетте ықшам келеді әрі мемлекет қана атқара алатын ең басты бірнеше функцияларға жұмылады. Әлбетте, оңтайлы үкіметтер аз санды басымдықтарға және осы мақсатқа жету жолындағы стратегияларды іске асыруға ұмтылады.

Үкіметтің тиімділігі өзара байланысты 3 факторға: оның құрылымдық ұйымына, стратегиялық үйлесімділігіне және кадрлар даярлығының дәрежесіне негізделеді. Біздің таяу болашақтағы міндетіміз стратегиялық жоспарлау әдістерін меңгерген қабілетті әрі адал кадрлардан тұратын шағын, оңтайлы аппарат құру болады.

Әлеуметтік экономикалық өмірдегі дағдарысты құбылыстардың негізгі себептерінің бірі — министрліктер мен ведомстволар арасында, аймақтар арасында үйлестірудің болмауында екенін айтып жату артық. Нақтылы міндеттерді шешу жолындағы жауапкершілік көлемінің бір-біріне сәйкес келмеуі, функцияларды қайталау және жең ұшынан жалғасу сан түрлі кедергілерге және бюрократиялық ішараздыққа, қағазбастылық пен ұжымдық жауапсыздыққа әкеліп соғады. Бүгінгі мемлекеттік басқарудың діні де, тіні де осында жатыр.

Бұл проблеманың тамыры — стратегиялық жоспарлардың жоқтығында болып отыр. Әрбір министрліктің, ведомствоның әкімшіліктің жұмысы, сайып келгенде аймақтық дамудың өзі мақсаты айқын, міндеттері нақты жалпымемлекеттік стратегияға бағындырылуға тиіс.

Мұның тың көзқарас пен жаңа әдістемені талап етері даусыз. Стратегиялық жоспарлау, қаржылық бағдарламалау мен жобалық менеджмент таяу болашақтағы мемлекеттік басқарудағы жаңарудың өзегіне айналуға тиіс.

Ведомствоаралық және аймақтараралық үйлестіру басым мақсаттарға жедел жетуге деген саяси ерік-жігердің көрінісі ретінде ауадай қажет.

Ведомстволардың стратегиялық міндеттерді іске асыру жөніндегі қызметі мен күш-қимылын бақылайтын біртұтас билік жүргізуші үйлестіруші орган құру қажет.

Мемлекеттік үйлестіру жүйесі тиімді әрі қарымды болуға тиіс. Оның жұмысының нәтижелері барлық есепті органдар үшін ашық болуы қажет.

Министрліктер мен ведомстволардағы бүгінгі қалыптасқан ахуалға келетін болсақ, жауапкершілік деңгейі өкілеттілік көлемінен асып түсіп отыр. Өкілеттіктер мен жауапкершіліктер арасалмағының бір жағына қарай ауытқуы басқару тиімділігін күрт төмендетеді. Әлемдік тәжірибе мекеме басшысына ішкі басқару жөнінен кең өкілеттік берудің билікті асыра пайдалану мүмкіндігінен келетін залалдан гөрі әлдеқайда көп артықшылықтар беретінін дәлелдеп отыр.

Министр мен әкім кең өкілеттіктер иеленуге тиіс және солай болуы керек, алайда, олардың қызметі жоғары тұрған органдарға есепті болуы қажет әрі ұдайы жасалып отыратын тәптіштеуші бақылау емес, стратегиялық бақылауға алынуы керек.

Бір қолға шоғырланған барынша кең өкілеттіктер қабылданған міндеттемелердің орындалмай қалғаны үшін барынша кең дербес жауапкершілікті көздейтіні анық.

Менің айтып өткенімдей, әр министрлік пен ведомство өзіне тән емес функциялардан арылуы керек, оларды мүмкіндігінше орталықтан аймақтарға қарай, мемлекеттен жекеше секторға қарай ойыстыру қажет. Сатылар мен аралық буындар аз болған сайын, өкілеттіктердің ара жігі де айқын ашылады.

Билікті орталықтан алудың және өкілеттіктерді өздері шұғылданатын объектілерге тікелей қатысты неғұрлым төменгі деңгейлерге ойыстырудың қажеттігі айдан-анық, сонда орталық және өзге мемлекеттік органдар өзінің іс жүзінде керектігін және пайдалылығын ұдайы дәлелдеуге мәжбүр болады.

Нарықтың көмегімен біз аймақтар арасында: тұрмыс жағдайы жоғары аймақ, таңдаулы аймақ принципі бойынша бәсекелестікті туғызып, күшейте беруге тиіспіз. Сонда өндіргіш күштер неғұрлым қолайлы жағдай жасалған аймақтарға шоғырлануға тиіс.

Аймақтардың жарыстас болуы олардың, әсіресе, бюджет мәселелеріндегі дербестігіне көбірек сүйенуі керек, шамадан тыс орталықтандыру, міне, осы тұста айқын көрінеді.

Бет-жүзіне, лауазымына қарамай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу қажет. Басқару корпусы батыл тазаруға және жаңаруға тиіс.

Жаңа тұрпатты шенеунік — өз ұлтының отаншыл әрі әділ, ісіне адал және кәсіпқой білікті қызметшісі болуға тиіс. Мемлекеттік қызметтің беделін биік көтеру және қолдап отыру — біздің таяу жылдарда шешуге тиіс стратегиялық міндетіміз.

Күні кешегі өткенімізден бойымызда қалған ескі ниет-пайымымыз, әсіресе, идеологиялық кертартпалығымыз, нарықтық шаруашылықтың жаңа жағдайында жұмыс істеуге қабілетсіздігіміз бен білместігіміз — әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы үлкен тосқауыл. Иә, алғашқы жалт еткен жағымды көріністер бар. Алайда, тұтасынан алғанда, жаңа тұрпатты басқарушылар даярлау — таяу болашақтың кезек күттірмес міндеті. Басқаруға білек сыбана іс тындыруға әзір, басым мақсаттар мен міндеттерге жетуге қабілетті білімдарлар келуге тиіс.

Кәсіпқойлық, отаншылдық, ұзақ мерзімді міндеттер қоюға қабілеттілік, оларды жаңа жағдайда шеше алатын білімділік пен жігерлілік — кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың басты өлшемдері.

Республикада кәсіпқой мемлекеттік қызмет негіздері қазірдің өзінде қаланды. Алайда, әлі де көп іс тындыру керек.

Кадрларды басқарудың жалпымемлекеттік жүйесін құру қажет, онда оларды елімізде және сырт жерлерде нысаналы әрі тиімді даярлаудың, оларды қызмет бабында жоғарылатудың әділетті тәртібі, бірыңғай ақпарат тетігі, әлеуметтік қорғау кепілдігі әрі басқарудың ең іргелі ресурсы — адамға деген сергек көзқарас қамтылуға тиіс.

Сонымен бірге бұл мемлекеттік жүйенің білімсіз, біліктілігі төмен қызметкерлерді ығыстыра алатын қабілеті де болуы керек. Әр қызметкер іс жүзінде өзінің пайдалы екенін және керектігін ұдайы дәлелдеп отыруға тиіс.

IV. Күн тәртібінде: 1998–2000 жылдар

Бүгінгі бір күн ертеңгі екі күнге татиды.
Франклин

Егер біз XXI жүзжылдықтың басына дейін келесі үш жылға арналған қысқа мерзімді міндеттерімізді белгілеп, оларды орындай алмасақ, осы айтқанымыздың бәрінің де құрғақ қиял, жел сөз болып қалу қаупі бар.

Біздің көптеген азаматтарымызды дәл бүгін алыс келешектің онша алаңдатып отырмағаны аян, өйткені қазіргі проблемалар еңсе жаздырмай тұр.

Адамдардың көпшілігі таяу уақытта аздап болсада нақтылы нәтижелерді сезінбейінше, олардың ұзақ мерзімді мақсаттар мен жақсы деген уағдалардың өзіне сенімсіздікпен қарары анық.

Біздің стратегиялық жолымыздағы алғашқы қадамдар мен алғашқы нәтижелерді неғұрлым тереңірек аңдау мен қадағалау мүмкіндігі бар. Солардың негізінде таңдап

алған жолымыздың дұрыстығын терең пайымдайтын боламыз, мемлекетке деген сенім артады, ортақтық және отандық сенім беки түседі. Біздің азаматтарымыз парасатты. Бірталай жылдардың ішінде экономика сауығып қарқын алмайынша, барлық әлеуметтік өткір проблемаларды шеше алмайтындығымызды олар жақсы түсінеді.

Таяудағы бірнеше жылдың ішінде ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асыру және ұзақ мерзімді стратегияның шеңберінде қысқа мерзімді нақтылы іс-қимыл жоспарларын орындау үшін мемлекет ресурстарының шектеулі екенін де олар түсінеді.

Соған қарамастан, адамдар ғасырымыз аяқталғанға дейін азды-көпті жақсылықтар күтуге де және оларды алуға да хақылы, сондықтан да мен осы тұста Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізінде 1998–2000 жылдарға арналған неғұрлым маңызды міндеттерге тоқталып кетемін.

Басым мақсаттар былайша түзілуге тиіс:

- ілгері елдермен белсенді қарым-қатынас жасау, Қазақстанның энергетикалық секторына капитал тарту және еліміздің әскери доктринасын әзірлеу арқылы ұлттық қауіпсіздікті нығайту;
- ауылдың неғұрлым өткір проблемаларын шешу;
- кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірлігін нығайту жолымен экономикалық өркендеуге жету;
- барлық әлеуметтік-экономикалық реформаларды аяқтау, ең алдымен бюджет саласындағы реформаларды аяқтау, соның нәтижесінде зейнетақыларды, жалақыны және әлеуметтік жердемақыларды толық көлемінде уақтылы төлеу;
- қолайлы инвестициялық ахуал туғызу;
- Үкімет пен мемлекеттік қызмет реформаларын жеделдету, сыбайлас жемқорлық пен қиянатқа қарсы күресті күшейту.

Ұлттық қауіпсіздік

2000 жылға қарай:

- Қазақстанның төнірегінде қалыптасып келе жатқан стратегиялық тепе-тендікті еліміздің геосаяси тұрғыдағы ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін тұрақтылықты мемлекеттің сыртқы саяси институттары арқылы көтермелеу;
- біз Ресеймен және Қытаймен, Орталық Азиядағы көршілерімізбен, ислам мемлекеттерімен және Батыспен қарым-қатынастарымызды нығайтуда едәуір алға жылжитын боламыз;
- Каспий шельфі мен Қарашығанақ кен орындарын игеруге АҚШ-тың, Ресейдің, Қытайдың, Ұлыбританияның және басқа ілгері мемлекеттердің ірі компаниялары мен капиталы тартылды, ол алдыңғы қатарлы державалардың біздің еліміздің тәуелсіздігіне деген мүдделілігін күшейтеді. Ал мұның өзі әлемдік рынокқа отын шығарып тұрудың тұрлаулылығын қамтамасыз етеді;
- сыртқы саяси және барлау органдарының күш-жігері мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге жұмылдырылады;
- Қазақстанның әскери доктринасы әзірленеді, ол қалыптасқан жағдайға қарай әлсін-әлі дәлденіп тұратын болады;
- демографиялық стратегияны іске асыру қаражаттың жетіспеуі себепті негізінен, оның жоғарыда аталған шығасысыз элементтерінен басталады. Дегенмен Үкімет балаларды және көп балалы аналарды қолдауға арналған жәрдемақыларды одан әрі төлеп тұратын болады.

Ауыл проблемалары

Ауылдың ең бір елеулі проблемаларын шешуге келетін болсақ, біз 2000 жылға қарай:

- жергілікті әкімшілікті нарықтық қатынастарға араласудан шеттететін боламыз;
- жеке меншік пен тиесілі бөлістерді заттай айқын телитін күмәнді жеке шаруашылықтарға жекешелендіру жүргіземіз;
- банкроттық тетіктері арқылы ауыл экономикасын сауықтыратын боламыз;
- ең алдымен фермерлер мен нағыз жеке шаруашылықтар үшін кредиттерді арзандатамыз;
- Азия және Еуропа қайта құру және даму банктері заемдарының, басқа ұйымдар мен тілеуқор елдердің көмегінің есебінен ауылдағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытамыз;
- 25–30 мың теңге көлемінде кіші кредиттер үлестіреміз. Үкімет үш жыл ішінде мал мен мүлік сатып алуы үшін, заңда тыйым салынбаған кез келген бизнеспен шұғылдануы үшін, жан бағып, өздерінің іскерлік дағдыларын ұштауы үшін өте қиын жағдайда қалған кемінде 150 мың ауыл адамына қажетті осындай қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті;
- тікелей отандық және шетел инвестицияларын тартатын боламыз;
- фермерлерге өнімдерін өткізуге жәрдем көрсетеміз;
- сумен жабдықтау және ирригация проблемаларын шешетін боламыз;
- барлық министрліктер мен қорлар желі бойынша ауыл проблемаларының басымдықпен қаржыландырылуын қамтамасыз етеміз.

Кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес

Осы жылдардың ішінде кедейшілік пе жұмыссыздыққа қарсы күрес стратегиясы:

- кіші кредиттер жүйесін енгізуге;
- шағын және орта бизнесті дамытуға;
- еңбекті көп қажет ететін салаларды басымдықпен дамытуға және бұларға шетел инвестициялары мен ұлттық капиталды белсенді тартуға;
- шарттар мен контрактілер және бюджетті сатып алулар кезінде жұмыспен қамту проблемаларына қатаң тұрғыдан келуге;
- қоғамдық жұмыстарды, ең алдымен жол құрылысы мен орман отырғызуды дамытуға;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту жолындағы қажетсіз әкімшілік кедергілердің бәрін алып тастауға;
- қызмет көрсету саласын және әсіресе, туризмді белсенді дамытуға негізделеді.

Экономикалық өсу

Өзіміздің осы бағыттағы ұзақ мерзімді басымдықтарымызды іске асыру мақсатында келесі үш жылдың ішінде:

- қатаң монетарлық саясат бұлжытпай жүргізіледі;
- жекешелендіру аяқталатын болады;
- заң шығару жетілдіріліп, жақсартыла түседі, мұның өзі еліміздегі инвестициялық ахуалды барлық жерде бірдей жақсарта түседі;
- шетел инвестицияларын тарту бұрынғыдан да белсенді жүргізілетін болады, олардың көлемі мен нәтижелері жайында халыққа егжей-тегжейлі ақпарат беріліп тұруға тиіс.

Энергетикалық ресурстарға келетін болсақ:

- Қазақстан ҚҚК құбыр арнасы құрылысын аяқтау және 2000 жылы оны іске қосу, ал 2004 жылы басқа құбыр арнасын Қытай Халық Республикасына жеткізу үшін қолынан келгеннің бәрін істейді;
- Жерорта теңізіне, Парсы шығанағына, Араб теңізіне балама құбыр арналарын тартуды қаржыландыру мен салу мәселесін пысықтайтын боламыз. Қазақстан өнеркәсібі мен тұрғын үйлерге, сондай-ақ халықаралық рыноктарға отын жеткізу үшін газ құбыры арналары тартылады;
- Каспий шельфіндегі мұнай және газды барлау мен өндіру, Қарашығанақ газ конденсаты кен орнында газ конденсатын өндіру, тасымалдау және өңдеу жөніндегі келісімдерге қол қоямыз.

Инфрақұрылымды дамыту жоспарында мыналар қарастырылған:

- 2000 жылдың соңында «Достық» және «Ақтоғай» бекеттері арасындағы темір жол инфрақұрылымын жақсарту, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында темір жол көлігінің қуаттарын ұлғайту;
- 1999 жылдың соңына қарай Ақтау қаласындағы теңіз айлағын қайта жаңартудың бірінші кезегін жүзеге асыру;
- 2000 жылдың соңына қарай «Алматы-Ақмола-Бурабай» жолын жаңғырту;
- 2002 жылдың соңына қарай Семей қаласында Ертістегі көпір мен оның кірме жолдарының құрылысын аяқтау;
- 2000 жылы Ақмола қаласындағы әуежайды қайта жаңарту.

Экономикалық және әлеуметтік реформалар

2000 жылға қарай:

- жалақы мен зейнетақы төлемеу деген болмайды — бұл өткен уақыт құбылысына айналады;
- қоғамымыздың барынша мұқтаж топтары, соның ішінде 150 мың адам кіші кредиттердің көмегімен және 3,5 млн.-нан аса адам (зейнеткерлерді қоса) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі арқылы мемлекеттен көмек алады;
- барлық өнімділігі төмен және шығынмен істейтін зауыттар банкроттық жосығынан өткізіледі;
- ұзақ мерзімді басымдықтарымызды қолдауға бағытталған бюджет реформаларын батыл жүргіземіз, қолымыздағы қаражатымызға қарай өмір сүру принципін ұстанатын боламыз;
- қазақстандықтар үшін салық төлеу үйреншікті іске, отаншылдық парызға айналады;
- зейнетақы реформасын нысаналы түрде жүргізе беретін боламыз;
- өз қаржы секторымыздың реформасын тәмамдап, құнды қағаздар нарығын іске қосамыз.

Кәсіпқой Үкімет

2000 жылға қарай:

- Үкімет пен мемлекеттік қызмет реформасы аяқталатын болады;
- біліктілігі саяз шенеуніктерден арылуға және мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық пен билікті асыра пайдалануға қарсы күреске бірінші кезекті мән беріледі.

V. Үкіметке 1998 жылға 8 нақты тапсырма

Қол қусырып қарап отырсаңыз,
түзу жолдың үстінде де табан астында қаласыз.
Годфрей

Мен өзіміздің ұзақ мерзімді басымдықтарымыз ішіндегі келесі 3 жылдағы міндеттерімізді айқындап бердім, алайда сонымен қатар келесі жылдың өзінде шешуіміз қажет бірсыпыра міндеттер бар. Сондықтан да мен Үкіметке 1998 жылға мынадай 8 нақты тапсырма беремін:

1. Зейнетақыларды, жәрдемақыларды және бюджеттік ұйымдарда жалақыны толық және уақытылы төлеуді қамтамасыз ету.

2. 1 жыл ішінде кемінде аз қамсыздандырылған 30 мың азаматқа, бірінші кезекте ауылды жерлерде жұмыс орындарын құруға 3 жыл мерзімге 400 АҚШ долларына пара-пар сомада кіші кредиттер беру.

3. Үстіміздегі жылдан бастап шағын және орта бизнесті, фермер қожалықтарын дамытуға, жұмыс орындарын құруға кемінде 100 млн. доллар сомасында кредиттердің берілуін қамтамасыз ету.

4. Мектептерді, ең алдымен ауылдық жерлердегі мектептерді компьютерлендірудің кең ауқымды бағдарламасын іске асыруға кірісу, бұл мақсатқа 1998 жылдың өзінде кемінде 22 млн. долларды бөлу.

5. Шаруа және фермер қожалықтарына арналған кредиттердің кемінде 2,5 млрд. теңгеге арзандатылуын қамтамасыз ету.

6. Салауатты өмір салты жолындағы қоғамдық науқанды бастау.

7. Осы мақсатқа кемінде 40 млн. долларды бөле отырып, тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісу. 1998 жылғы сәуірде осы бағдарламаны жүзеге асырудың принциптері мен одан күтілетін нәтижелер жайында жұртшылыққа баян ету.

8. Балалардың мектепке толық баруын қамтамасыз ету.

Қорытынды

Күштімін деген сенімнің өзінде күш жатыр.
Боуви

Ұзақ мерзімді басымдықтарды таңдап алу, 1998–2000 жылдарға арналған міндеттерді белгілеу және келесі жылдың іс-қимыл жоспарын әзірлеу — аса күрделі міндет. Алдын ала бәрін болжау мүмкін емес, бұл жолда қандай қиындықтардың тосып тұрғаны да беймәлім. Алайда осынау ұзақ мерзімді басымдықтарды әзірлеу бірден бәріміздің қажырымызды жанып, іске жұмылдырары анық, ал бұл бізге жетіспей жүрген қасиет.

Бүгінгі ұрпақтың көпшілігінің осынау стратегиямыздың іске асқан кезіне жетер-жетпесі де неғайбыл. Ендеше онысы нақтылығы мен дұрыстығын бағамдау — біздің балаларымыздың еншісі. Біздің күнбе күнгі мақсаткерлігіміз бен табандылығымызға баға бере отырып оны әлем жұртшылығы саралайтын болады.

Осынау ұзынсонар жолда бізді орасан зор ішкі және сыртқы қиындықтар тосып тұр. Өз дамуының стратегиясын әзірлеуге қауқары жетпеген көптеген елдер

әлемге аян. Өз жоспарларын іске асыра алмаған мемлекеттер болғанының мысалы одан да көп. Жағдаяттардың ыңғайы, бастаушыларының саяси ерік-жігері мен қабілетінің әлсіздігі оларды мұратына жеткізбеді.

Егер күн сайын енжарлығымызды еңсеріп, бойымыздағы барша күш-қуатымызды басты бағыттарға жұмылдыра алмасақ, табандылық пен икемділік, тәртіп пен шығармашылық қарым таныта алмасақ, біздің де сондай күйге ұшырауымыз ықтимал.

Күнбе-күнгі қам-қарекет пен ағымдағы істердің ыңғайына жығылып, басты нысанамызды біртіндеп естен шығару, жеңіл, тіпті кейде керексіз жұмыстарға ауысып, ауырын, алайда стратегиялық тұрғыдан маңыздысын кейінге ысыру — ежелгі сіңісті дертіміз. Сондықтан да күн сайын алдымызда тұрған басымдықтарды бажайлау, әр күн ертеңгілік алдағы мақсатымызға қарай алға жылжудың аз да болса қамын ойлау, содан кейін әр кеш сайын уақытымызды қаншама тиімді пайдаланғанымызды бағамдап отыру абзал.

Жыл соңына дейін барлық 7 басымдығымыздың әрқайсысы бойынша оларды іске асырудың үш жылдық және жылдық нақтылы жоспарлары әзірленіп, олар кейіннен даму жоспарлары мен бюджеттердің негізіне алынады.

Үкіметтің құрылымы біздің стратегиялық басымдықтарымыз бен жоспарларымызға сәйкес келтіріледі.

Биылдың өзінен бастап Президенттің, Үкіметтің, Парламенттің және жергілікті өкіметтің қызметі өзіміздің ортақ стратегиямызды іске асыруға бағындырылады.

Қазақстан Үкіметінің әрбір министрінің қолында стратегиялық жұмыс жоспары болады әрі ол өз ведомствосының, сол жоспардың әрбір нақтылы тармақтарын орындау жөніндегі қызметі жайында тоқсан сайын есеп беріп отырады.

Жыл сайын мен сіздердің, еліміздің азаматтарының алдында не істегеніміз, нені істемегеніміз және неліктен істемегеніміз жайында есеп беремін. Әрбір жыл сайынғы Жолдауда мен біздің стратегиялық мақсаттарға қарай ілгерілей түсуіміз үшін келесі жылға жаңа міндеттер қойып отырамын.

Алдымызда тұрған қиындықтардың көптігіне қарап, бұл жоспарларды байыпсыздық санар көптеген күмәншілдер де табылар. Бәзбіреулер біздің мұратымыз бен стратегиямызды бос сөзге балар. Енді біреулері орталықазиялықтар, оның ішінде қазақстандықтар өздерінің Барысы болуға қабілетсіз дер.

Қазақтың халық мақалы «Шапшаң жүргенге шаң жұқпас» дейді. Сондықтан да бізге — уақыт төреші. Мұратына жүрген жетеді.

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бірінші шақырылымының бірлескен отырысында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлығына байланысты сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1997 жылдың 20 қазаны

Құрметті депутаттар!

Алдарыңызға тағы да бір тарихи жағдаймен келіп тұрмын. Астанамыздың Ақмолаға қарай бас бұру мәселесін, бұрынғы Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 6 июлінде өз қаулысымен шешкен болатын. Ол кейін менің Жарлығыммен бекітілді. Содан бері біраз уақыт өтті. Неге мұндай шешім қабылдағанымыз, неліктен бұлай деп шешіп жатқанымыз, қиын-қыстау заманға қарамай талай рет айтылған. Оның барлығын айтып, сараптап жатудың меніңше қазір қажеті жоқ. Менің қысқа ғана айтатын сіздерге мәліметтерім бар. Бүгін таңертең мыңнан артық алматылықтарменен кездесіп, жағдайдың бәрін түсіндіріп айтып, Алматының статусын бекіттік. Көп мәселе шешілгеннен кейін, енді бұл мәселені нақты шешіп, анау-мынау деген әңгімені тоқтатып, басқа жұмысқа көшуіміз керек. Ол мәселені шешіп тастауымыз керек. «Шешінген судан тайынбайды» дегендей, осы айдың 22-де деп айтқанмын. Құрылысшылардың барлығын кішкене нығымдап, сығымдаудың мәсілесіменен көп жұмыс жасалды. Жалпы, құрылыстың барлығы бітті. Дегенмен, асығыстық жасамай, осы арада мынау бюджеттің мәселелерін қарап, сіздер де каникулға дейін бір мәселені шешіп тастап, бізде дайындалып, актілерге қол қойылсын, анау-мынау электр, жылу, үйдің барлығына асығыстық жасамай, байсалды көшу үшін желтоқсанның 10-нан бастап астанаға көшуге шешім қабылдадым.

Уважаемые депутаты!

Перенос столицы явление неординарное и требующее серьезного осмысления. Это отнюдь не случайное явление или чье-то субъективное желание, а представляет собой элемент стратегии XXI века. Мне уже приходилось говорить о причинах и факторах переноса столицы, но сегодня мы убедились в том, что есть и еще более фундаментальные причины. Если вспомнить аргументы двух-трехлетней давности, то они сводились к следующему.

Во-первых, речь шла о необходимости размещения столицы ближе к географическому центру нашего государства. Если для ряда европейских или азиатских государств это не представляет собой серьезной проблемы по причине малой территории или наличия прямых выходов к океанским коммуникациям, то для огромного сухопутного Казахстана необходимость переноса столицы нарастает с каждым годом. Это веление времени и его, к сожалению, у нас не так уж и много.

Во-вторых, дороговизна нового строительства в Алматы в силу высокой сейсмичности также очевидна. Вопрос стоит предельно просто. Для адекватного выполнения столичных функций дальнейшее развитие Алматы будет стоить слишком

дорого для государства. Я вам приводил примеры: каждый квадратный метр здесь и там — это разница в 2,5 раза.

В-третьих, естественные ограничения на развитие города в западном, восточном и южном направлении резко сужают градостроительные возможности столичного города. Необходимо ясно представлять себе эти ограничения и роль подобных ограничений уже в недалеком будущем. Ведь совсем не случайно, например, в Лондоне столь напряженная ситуация с двумя основными аэропортами из-за нежелания жителей пригородов иметь дело с шумовыми проблемами в случае строительства нового аэропорта. А у нас аэропорт размещен практически в черте города. Да и целый ряд промышленных объектов и инженерных коммуникаций находится порой даже в центре Алматы. Это то, что перешло к нам с бывших времен. Насколько это не соответствует современным градостроительным подходам, знают специалисты.

В-четвертых, экологическая ситуация в Алматы критическая, и мы все это ощущаем на себе ежедневно, особенно в зимний период времени. Есть серьезные опасения, что в случае дальнейшего выполнения функций столицы Алматы может превратиться в одну из самых неблагополучных столиц мира в экологическом отношении. Необходимо срочно разгружать городскую агломерацию от запредельных нагрузок. Перенос значительной части нагрузок в Акмолу и возможность более рационального развития Алматы в этом случае позволят постепенно снизить экологическую напряженность в городе. Это в интересах прежде всего самих алматинцев. Конечно, этот город-сад, каким он был лет 40 назад, в силу жестких тенденций технологического развития уже восстановить трудно, но создать приличную экологическую среду для крупнейшего города Казахстана, мы просто обязаны. По прогнозным оценкам, Алматы останется крупнейшим городом страны и местом жизнедеятельности более чем миллиона наших сограждан — это очень важный вопрос, который сыграл далеко не последнюю роль в решении о переносе столицы.

Однако главное заключается не столько в наборе негативных факторов, сколько в тех явно позитивных аргументах, которые связаны с переносом столицы в Акмолу. Аргументах, не столь очевидных сегодня, но абсолютно оправданных исторически.

Это прежде всего выигрышное положение Акмолы как крупного транспортного узла в центре страны. Как известно, на протяжении советского периода истории вопрос о переносе столицы в Акмолу уже ставился, и только в силу политических интересов режима и политической конъюнктуры он не был решен положительно. Очевидно, что сама постановка вопроса о переносе столицы Казахстана в Акмолу была вызвана, в первую очередь, очевидным транспортно-географическим преимуществом этого города.

Опыт переноса многих столиц мира демонстрирует чрезвычайную важность такого фактора как возможность свободного беспрепятственного в плане природно-географических ограничителей развития города. Это не только дает возможность оптимального планировочного и архитектурного решения. Это позволяет рационально выстроить и инфраструктурное обеспечение и значительно удешевить расходы. Нельзя сбрасывать со счетов и то обстоятельство, что перенос столицы осуществляется с учетом накопленного градостроительного опыта, как отечественного, так и зарубежного.

Стратегия развития Казахстана может быть реализована только при создании нескольких региональных поясов роста. Поэтому формирование мощного центра экономического роста в северных регионах страны имеет не только тактическое значение. Очевидный перекос и диспропорции в региональном развитии сами по себе являются одним из главных социально-экономических вызовов для молодого государства. Многие государства мира сталкиваются с этой проблемой и не находят зачастую решений. Создание двух мощных центров роста на юге и в центре Казахстана, безусловно, расширит наши структурные возможности.

Необходимо сказать и о таком факторе как активизация строительной индустрии. Такой мощный фактор как транзит столицы всегда способствует оживлению целого сектора экономики, и не только строительного. Вы это сами сегодня наблюдаете.

Ведь в строительстве объектов в Акмоле принимают участие 17 крупных строительных организаций, в том числе 12 отечественных и 5 иностранных. Нашим строителям приходится вступать в конкуренцию с лучшими фирмами мира. Это их сильно подтянуло. Казахстанские строительные организации привлечены из 21 города республики, и они строят там совсем неплохо. Производство строительных материалов и конструкций осуществляется более чем на 60 предприятиях строительной индустрии. Задействованы заводы металлоконструкций, предприятия легкой промышленности. Кстати, нашим средствам массовой информации необходимо знать точные цифры — практически 75% всех занятых на строительно-монтажных работах — это казахстанцы, остальные — иностранные строители. Это естественно увеличило базу поступления налогов в бюджет. Дало работу тысячам казахстанцев.

Но мы должны сегодня задуматься и над тем, что есть определенные геоэкономические причины переноса столицы.

Стратегическая линия глобального экономического развития будет определяться истощением традиционных источников минерального и органического сырья, циклическими изменениями климатических параметров, неравномерным характером демографического развития и целым рядом других крупномасштабных трансформаций. Политическая инфраструктура следующего века будет претерпевать изменения в географическом плане — от обеспечения института «жизненных интересов» супердержав к устойчивым международным производственно-экономическим и коммуникационным связям. Международный капитал будет определять благополучие тех или иных мест на земной поверхности, исходя не столько из политических, сколько из экономических критериев и целей.

В масштабах Центральной Азии, располагающейся от афганской территории до северной оконечности Западной Сибири, от Каспия до Монголии, местоположение Акмолы как раз приходится на центр того перспективного района Евразии, куда могут быть устремлены инвестиции огромного масштаба. Акмола, географически совпадающая с перекрестком коммуникационных линий от Тихоокеанского побережья до Европы, в будущем может претендовать на роль крупного транзитного перевала. И нам надо это время не упустить, потому что другие будут тоже стремиться занять это место. Надо вовремя осуществить этот перенос, чутко реагируя на транспортно-коммуникационные сигналы будущего столетия.

Перенос главного города Казахстана вверх по меридиану должен в будущем решить и не менее серьезную внутреннюю задачу, связанную с преодолением неравномерности этнодемографического развития страны. Эта задача принципиально важна для молодой государственности Казахстана.

Вопрос состоит в том, что долгое время само развитие Казахстана определялось не собственными интересами республики и ее жителей, а задаваемыми извне посылками. Это положение достаточно типично для всех сторон экономической и политической жизни тех стран, когда метрополия сама определяет целесообразность географического размещения той или иной функции на подвластной ей территории. На протяжении многих столетий существования таких огромных империй это являлось аксиомой. То обстоятельство, что территория Казахстана в этнодемографическом плане подвергалась все большей дифференциации, мало кого заботило. Но это не может не заботить нас, ибо судьба нашей государственности определяется не какими то потусторонними силами, а нами самими. И ответственность за принимаемые решения перед историей нести нам с вами. Кстати говоря, ответственность перед будущими поколениями возникает не только по поводу того, что сделано, но и по поводу того, что не сделано. Принимаемое сегодня решение адекватно смогут оценить только наши потомки по прохождении времени. Как говорится, лицом к лицу лица не увидать. Все большое, что мы сделаем, будет видно со временем, и я полагаю, у них не будет повода упрекнуть нас за то, что мы не совершили этого исторического действия.

Вот это обстоятельство — то, что мы впервые в своей национально-государственной истории принимаем решение о столице, исходя из интересов своего собственного государства, имеет огромный политический и национальный смысл.

Решение о начале реконструкции и новой застройки Акмолы было принято мною в октябре прошлого года, исходя из экономических, политических соображений. Фактическое строительство и реконструкция начались в феврале, может быть в марте, и за это короткое время проведена колоссальная работа. За такое время Казахстан, наверное, никогда не решал столь масштабные задачи. Работа сделана, все готово. Сегодня я уже получил от Генерального секретаря ООН господина Кофи Аннана поздравления в связи с новой столицей.

Мы параллельно решали и другие вопросы. С сегодняшнего дня новая компания «Боинг-737» будет совершать каждый день 2 рейса туда и обратно. Создается вторая компания, в следующем месяце подойдет второй самолет, который свяжет все областные центры современными самолетами по нормальной стоимости.

Аэропорт завершен. Все типы самолетов Акмола может принимать. VIP в аэропорту к нашему приезду будет готов. Внешний облик вы видели, все были там.

В связи с этим я сегодня подписал Указ «Об объявлении города Акмолы столицей Республики Казахстан». Вот его содержание:

«В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 15 сентября 1995 года «О столице Республики Казахстан», имеющим силу Закона, постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 6 июля 1994 года № 106 «О переносе столицы Республики Казахстан», постановляю:

Объявить столицей Республики Казахстан город Акмолу с 10 декабря 1997 года.

Официальную презентацию города Акмолы как столицы Республики Казахстан провести 10 июня 1998 года.

Правительству Республики Казахстан, Управлению делами Президента Республики Казахстан, Государственной комиссии по передислокации высших и центральных государственных органов в город Акмолу обеспечить исполнение настоящего Указа.

Настоящий Указ вступает в силу с момента опубликования».

Могу этим ограничиться, но настолько исторически важен этот момент для нашей страны и народа, что я попросил руководителей обеих Палат пригласить вас, чтобы этот Указ вашим решением был одобрен. Можно было бы этого и не делать, но я думаю, что не только Президент, но и Парламент, и Правительство должны быть исторически причастны к этому большому делу в истории нашего народа и нашего государства.

Қазақстан халқына үндеуі

Ақмола қаласы, 1997 жылдың 10 желтоқсаны

Қымбатты қазақстандықтар!

Бүгін біз, Қазақстан Республикасының жоғары өкімет органдары, Ақмола қаласының 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап мемлекетіміздің астанасы болып табылатыны жөнінде салтанатты түрде мәлімдейміз. Бұдан былай және ғасырдан ғасырға, осында ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өміршең маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде енді Отанымыздың жүрегі соғуда, Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады.

Біз өз мақсаттарымыз бен негізгі принциптеріміздің сабақтастығын қуаттаймыз. Ежелгі қазақ жеріндегі барлық ұлттық топтардың мәдени және тарихи өзектестігінің терең тамырлары Қазақстанның көпұлтты халқының азаматтық және мәдени бірлігі арна тартар бастау бұлақ болып табылады. Аумақтық тұтастық дегеніміз — тек құқықтық норма ғана емес. Мұның өзі әрбір қазақстандық үшін киелі қағида. Оны сақтау біз үшін жоғары басымдық болып қала береді, өйткені бабаларымыз ғасырлар бедерінде білектің күшімен, найзаның ұшымен жан сала қорғап қалған Орталық Азияның Каспийден Алтайға дейін құлаш кере жазылып жатқан орасан зор кеңістігі, бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтың да игілігі.

Қазақстан еуразиялық ел болып табылады. Ақмола — Еуразия құрлығының географиялық кіндіктерінің бірі. Біздің таңдауымыз уақыт өте келе бұл қаланың осынау ұлан-ғайыр алып құрлықтың қуатты коммуникациялық орталықтарының біріне айналатындығымен де айқындалады. Ілгерілеп даму үстіндегі еуразиялық кеңістіктің экономикалық, технологиялық және ақпарат ағындары XXI ғасырда біздің жаңа астанамыз арқылы да көктеп өтетін болады. Астананы Ақмолаға көшіру біздің бейбіт әрі сан бағдарлы сыртқы саясатымызға кері әсер етпейді. Ол біздің Шығысқа да, Батысқа да, сол сияқты Оңтүстікке де, Солтүстікке де ашықтығымыздың нышанды көрінісі де болып табылады.

Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет бірегей маңызы бар құжатқа — елдің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына ие болады. Біздің өз болашағымыз туралы бұрынғыдай қиял-елестер нысанында емес, байсалды әрі дәл тұжырымдалған болжам нысанындағы топшылауымыз бар. Қазақстан өзінің барлық азаматтары азат қана емес, ауқатты да болып, ертеңгі күніне сенімділікпен қарай алған жағдайда ғана өркениетті мемлекетке айналады. «Қазақстан-2030» стратегиясы экономикалық құжат қана емес, бұл — Қазақстанның барша халқының мүдделерін ұштастырып — үйлестіру жолы. Біздің баршамыздың ортақ игілігіміз оның іске асырылуына тікелей байланысты.

Өтпелі уақыттың қиындықтарына көзжұмбайлық жасауға болмайды. Бүгінгі таңда, ұлттық тарихымыздың бетбұрыстық кезеңінде, отандастарымыздың елеулі бөлігі мұқтаждық пен жоқшылыққа душар болып отырған сәтте, әрбір қазақстандық ағайынның күйзелісінен тыс қала алмайды. Кедейлік жеке азаматтың да, тұтас елдің де еңсесін түсіреді. Осы бір шапағатты күні біз тұрмысы төмен азаматтарға қолдау жасау жөнінде Жалпы ұлттық қор құру туралы шешім қабылдадық. Ал

Президенттің, Парламент депутаттарының, Үкімет мүшелерінің жеке жарналары осыған қосылған алғашқы үлес болсын. Осы залда қатысып отырған баршамызды, барлық билік құрылымдарын, Қазақстанның күллі бизнесмендерін, ірі шетел компаниялары мен бірлескен кәсіпорындардың, елдің өнеркәсіп алыптарының өкілдерін осы ізгі өрнекті қолдап, атсалысуға шақырамыз. Біздің туған Қазақстанымыз байлар мен кедейлердің арасын өткел бермес шыңырау бөлген әлемнің көптеген елдерінің нарыққа ену тарихының неғұрлым қасіретті беттерін қайталамауға тиіс. Біз әлеуметтік әріптестікке ғана емес, әлеуметтік өзара көмекке де шақырамыз. Мұндай өзара қолдау біздің халқымыздың салт-дәстүрінде әрқашан орын алып келді.

XX ғасыр Қазақстан үшін қатыгездігі мен ұлттық геноцид жөнінен атышулы ғасыр болды. Біздің демократиялық таңдауға деген бейімділігіміз либералдық қисынға жасалған тағзым емес, бүкіл халқымыз ой тезінен өткізген, тайғақ кешулер сынында шыңдалған таңдау. Адамдар еңсесін тіктеді, енді ешқандай да саяси бұралаң-бұрылыс оларды тоталитаризм торына кері қайтуға мәжбүр ете алмайды. Біз мейлінше қырағы болып, ұлттық және әлеуметтік араздыққа, бір партияның немесе жеке тұлғаның шексіз билікті иеленуіне шақырушыларға сөзімізбен де, ісімізбен де қатаң тыйым салуға тиіспіз.

XX ғасырдың шиеленісті тарихында біз тұңғыш рет өз мемлекетіміздің астанасы туралы дербес шешім қабылдадық, қайда өмір сүріп, кіммен достасып, кіммен араздасарымызды біз үшін әлдебіреулер айқындаған уақыт келмеске кетті. Бәлкім, ұлттық тарихымызда біз өз балаларымыздың болашағына алаңдамай азаттық самалымен тұңғыш рет тыныстап отырған шығармыз және де XXI ғасыр табалдырығында біз өз таңдауымыз — көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа астанамыз туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есімдері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадір-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайықты болайық!

Тәуелсіздік күніне және Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялауға арналған салтанатты жиналыста «Тоталитарлықтан — саяси тұрақты және демократиялық Қазақстанға» атты сөйлеген сөзі

Ақмола қаласы, 1997 жылдың 13 желтоқсаны

Қымбатты жиналысқа қатысушылар!
Қымбатты қазақстандықтар!

Сіздерді — Ақмола қаласын еліміздің астанасы етіп жариялауға арналған салтанатты жиынға қатысушыларды Қазақстанның Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Сіздердің толқулы жүздеріңізді көріп тұрмын, залдың мерекелік көңіл ауанын сезініп тұрмын және сіздердің көтеріңкі көңіл-күйлеріңіздің менің бүгінгі жай-күйіммен толық үйлесіп тұрғанын да ойша аңғарып тұрмын. Несі бар, әділ болайық, бізде бүгін ол үшін барлық негіз бар.

Сіздердің тұңғыш рет Тәуелсіздік күнін мерекелеу жаңа астана — Ақмолада өткізіліп отыр. Осы арқылы тәуелсіз Қазақстанның әзірге қысқа тарихына жаңа парақ жазылуда. Әрі ол сіздердің тікелей қатысуларыңыз арқылы жазылуда. Сіздердің бәріңіз де, қымбатты достар, астананы ауыстыру туралы идеяны толық қолдадыңыздар, мұндай жағдайда болмай қоймайтын қиындықтарды бастан өткеруге келістіңіздер және қазір де әрбір қазақстандық сияқты, осы оңай емес, бірақ ел үшін өте қажетті шешімді біздің ортақ ісімізге лайықты еңбек үлесін қосу арқылы демеуге мейлінше ықыластысыздар. Бұл мерееке үшін себеп емес пе!

Бүгін астананың көшуімен мемлекеттілігімізді қалыптасуындағы, еліміздің тәуелсіздігінің нығаюындағы аса маңызды кезең аяқталды деп айтуымызға толық негіземіз бар.

Өте қысқа тарихи мерзімде, небәрі 6 жыл ішінде орасан зор ауқымды жұмыс атқарылды. Елдің жаңа Конституциясы жасалды, президенттік басқару нысанына жайлы көшу жүзеге асырылды, мемлекеттің тіршілігі үшін өте маңызды өкілеттіктерді биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу принципі іске асырылды, азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдік беретін заңнамалық база негізінен қалыптасты. Мемлекет пен қоғамның мүддесіне реформалар бағытын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағдарланған ұлттық қаупсіздік жүйесі қалыптасты. Біздің өмірімізге қазірдің өзінде патриоттық мақтанышымыздың тірегіне айналып отырған мемлекеттік рәміздеріміз — Елтаңба, Ту, Әнұран берік енді. Ұлттық валютамыз да өзін еркін сезінуде. Өзіміздің Қарулы Күштеріміз қалыптасты. Қазақстанды әлемдік қоғамдастық теңқұқықты серіктес ретінде қабылдады.

Жүргізіліп жатқан реформалардың пәрмеңділігінің арқасында бізде елдің тұрақты дамуын, экономиканың одан әрі өсуін, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ететін тұғырдың іргесі қаланды. Практикамызда біз тұңғыш рет Қазақстанның жан-жақты негізделген ұзақ мерзімді даму бағдарламасын талдап жасай алдық. «Қазақстан–2030» Стратегиясы нақ соның өзі болып табылады.

Оның базасы экономиканы сенімді тұрақтандырғанымыз және тіпті оның кейбір көрсеткіштерін өсіргеніміз болды. Бюджет дефициті мен мемлекеттік қарыз жөнінен Қазақстан Еуропа қауымдастығының дамыған елдері қабылдаған позицияларға шықты. Біздің елеулі табыстарымыздың бірі — тартылған шетелдік инвестициялардың көлемі. Қазақстанға қазірдің өзінде 6 млрд. доллардан астам шетел капиталы салынды. Қол қойылған контрактілер бойынша ұзақ мерзімдік инвестициялық портфель 60 млрд. доллардан асады. Бұл шамамаен бүкіл ТМД мен Шығыс Еуропа елдері үшін болжанып отырғанының 40%.

Бұл орайда әлеуметтік саланы дамытуға басым көңіл бөлінуде.

І. Жаңа астана — тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық таңдауы

Орталық мемлекеттік өкімет органдарының Ақмолаға көшуі тақырыбына орала отырып, мұның өзі мемлекеттің өзекті мүдделерінен ғана туындап отырмағанын, сонымен қатар XXI ғасыр стратегиясының элементі болып та табылатынын айта кетейін. Әртүрлі аудиторияларда мен осындай шешімнің дұрыстығына сан дәлелдер келтірдім. Тағы да қайталаймын, соңғы рет қайталап отырмын деп үміттенемін, себебі, көшу жүзеге сақан факті болып отыр.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін көп ұзамай-ақ тәуелсіз мемлекеттің астанасы көптеген жаңа талаптарға жауап беру керек екендігі барынша айқын болды. Бір жағынан, мемлекетаралық қарым-қатынастар белсенділігінің арта түсуі, елдің ішінде де, сыртында да қаржылық, өндірістік, коммерциялық және басқа да байланыстардың ұлғаюы, басқару міндеттерінің күрделіленуі мен кеңеюі астаналық функциялар санының күрт өсуіне міндетті түрде алып келеді, оларды жүзеге асырудың сапасына талапты арттыра түседі.

Екінші жағынан, қазіргі замандағы әлемдегі астана мәртебесі, ол мемлекеттің негізгі рәміздерінің бірі болғандықтан, оның геосаяси сұранысына сәйкес болуын талап етеді. Демек, ұдайы дамып, әлемдік қоғамдастыққа экономикалық өсімнің мүмкіндігін танытып, халықтың әл-ауқатын көтеріп әрі елдің тұрақтылығын нығайтып отыруын талап етеді.

Осыны ойлана келе, 1994 жылдың басында мен арнаулы комиссияға Қазақстан астанасын оңтайлы орналастырудың түрлі нұсқаларына зерттеу жүргізуді тапсырдым. Бұл ретте астана сәйкес келуге тиіс 32 өлшем айқындалды. Олардың арасында — әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, ауа райы, жер бедері, сейсмикалық жағдай, қоршаған орта, инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының, коммуникациялардың қолда бары мен даму перспективалары, құрылыс кешені, еңбек ресурстары және басқалар. Әрине, елдің дамуының алыс келешегі мен стратегиялық мүдделері де есепке алынуға тиіс болды.

Бәрінің ішінде Ақмола нұсқасы неғұрлым қолайлы болып шықты. Тактикалық сипаттағы артықшылықтары қатарында мынаны айтуға болады.

Біріншіден, Ақмола Қазақстанның географиялық орталығы дерліктей жерде әрі өңірлерден бірдей қашықтықта орналасқан, бұл басқарушылық міндеттерді шешу, нарықтық инфрақұрылымдарды дамыту тұрғысынан тиімді.

Екіншіден, қаланың жағдайы, оның аумағы елдің өзге өңірлеріне қарағанда архитектуралық-құрылыстың міндеттерін икемді шешіп, экономикалық едеуір тиімді жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оған біз іс жүзінде көз жетікздік.

Үшіншіден, қаланың қолда бар тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту шектен тыс шығынды әрі күрделі болмайды.

Төртіншіден, Ақмолада қазірдің өзінде қалыптасқан көліктік-коммуникациялық инфрақұрылымды одан әрі дамытудың жақсы келешегі бар.

Және, ең ақырында, мұнда қалыпты экология бар әрі ол бәріміздің ортақ күш салуымызбен сақталатын болады.

Едәуір ірілендірілген жоспар ретінде астананы көшіру арқылы біз өндірістік күштерді біржақты орналастыру, халықтың көп тұруынан елдің оңтүстігіндегі жасырын жұмыссыздықты жою жөнінде ауқымды жұмыстарды бастайтындығымызды айта аламын. Бұл өңірде инновациялық, ғылымды көп қажет ететін, жоғары технологиялық өндірістердің дамуы, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, және айырықша маңыздысы, ауыл индустриясының қайта өңдеу желілері едәуір қалыпты жағдайда жүзеге асатын болады. Ал бұл, тағы да сол жаңа жұмыс орындары, еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану, бүкіл елдің экономикалық белсенділігін арттыру.

Астананы көшіру Алматыны дамытуға сапалық тұрғыдан жаңа көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бейнелеп айтсақ, біз осы қадамымыз арқылы қаланың екінші рет түлеуіне мүмкіндік береміз. Орталық Азияда аса көркем және бірегей мегаполисті тұрғызған көрнекті сәулетшілер мен жобалаушыларға, алматылықтардың өздеріне тағзым етуге тиіспіз.

Алайда біржарым миллиондық лангдшафтық шектеулері бар әрі өзін-өзі биоресурстық реттеудің мүмкіндіктері едәуір артып кеткен қаланың салмақты азайтуға, экологиялық сауықтыруға, оның тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа концептуальдық шешімдерді жүзеге асыруға мұқтаж екендігі туралы бұдан көп бұрын ойлау қажет еді.

Мұның бәрі туралы мен жақында алматылық активпен кездесуде айттым.

Алматы ұзақ жылдар бойында елдің күллі экономикалық және саяси-қоғамдық өміріне пәрменді ықпал ететін басым іскерлік, қаржылық, ғылыми және мәдени орталық болады, халықтың санасына әбден сіңгендей, оңтүстік Астана болып қала береді.

Жұрттың бәріне айқын осы уәждердің бәрінен басқа, стратегиялық тұрғыдағы факторларды да назарда ұстау керек.

Қазақстан халқына жуырдағы Жолдауымда мен елдің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі тұжырымдары туралы тезистік тұрғыда баяндап бердім. Атап айтқанда, онда қазіргі әлемнің дамуының шешуші параметрлерінің бірі жаһандану болып отырғандығына назар аударылады. Басқаша айтқанда — ұлттық-мемлекеттік жүйелердің, экономикалық және ақпараттық бағыттардың барған сайын үлкен ашықтығы.

Ауғанстаннан Батыс Сібірдің солтүстік шетіне, Каспийден Моңғолияға дейін созылып жатқан Орталық Азияның ауқымында Ақмола алып инвестициялар ағыны құйылуы мүмкін келешегі бар өңірдің тұп-тура ортасына орналасқан. Тынық мұхиттың жағалауынан Еуропаға дейін созылып жатқан коммуникациялық желілердің қиылысына орналасқан ол келешекте ірі транзиттік асудың рөліне үміт артып, болашақ жүзжылдықтардың көліктік-коммуникациялық белгілеріне сергек үн қатуы мүмкін.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы өсудің бірнеше өңірлік белдеулері құрылғанда ғана жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан елдің солтүстік өңірлерінде экономикалық өсудің қуатты орталығын қалыптастырудың тек тактикалық қана мәні бар емес. Өңірлік дамудағы қиғаштықтар мен сәйкессіздіктердің өздері де біздің жас мемлекетімізге әлеуметтік-экономикалық шақырулардың бірі болып табылады. Бұл

проблемамен әлемнің көптеген елдері бетпе-бет келеді және көбіне оның шешімін табады. Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігінде екі қуатты орталықтың құрылуы — сөз жоқ, біздің құрылымдық мүмкіндіктерімізді елеулі ұлғайтады.

Сондай-ақ стратегиялық міндеттердің қатарына елдің едәуір этнодемократиялық біркелкі дамуы қажеттілігінің қатыстылығы да күмән тудырмайды. XX ғасырдың өн бойында Қазақстан тек экономкиалық сынақтардың аренасы ғана емес, сонымен бірге этникалық қайта қоныс аударудың тарихындағы ең ірі аумақ та болды. Этникалық тұрғыдан Дала ұзақ уақыт бойы бір ұлтты болды әрі тек өткен ғасырда ғана жағдай өзгерді: мұнда қоныс аударушылардың толқындары бірінен кейін бірі лек-легімен келіп жатты. Бұл орайда тоталитаризмнің көсемдерін Қазақстанның тұрақты дамуы мүлде қызықтырмады — алып державаның империялық мүдделері бәрінен жоғары тұрды. Алайда, ахуал түпкілікті өзгерді әрі енді біз өзіміздің егеменді еліміздің мұқтаждарын ескере отырып, этнодемографиялық жағдайды өзіміз реттей аламыз. Өз дамумыздың келешегін кем дегенде келесі жүзжылдықтың алғашқы үштен бір бөлігінің соңына дейін айқындай отырып, біз Қазақстан мемлекеттілігі тұрақтылығының қосымша тетіктерін жасауымыз керек.

Егер XX ғасырдың тарихын байыптап шолар болсақ, республиканың әкімшілік орталығын көшіру проблемасының көтерілгені бір бұл емес. Орталықтың езгісіндегі Қазақстанның ұзақ уақыт ортақ астанасының болмай келгені де белгілі. Оның аумағы орталықтары өлке шегінен сырт жатқан генерал-губернаторларға бөлшектенгені, мәселен, Омбыда орналасқаны мәлім. Ортақ астанасы бар ұлттық мемлекеттілік құру жөніндегі мәселені Алаш партиясының көтергенін де білеміз. 1917 жылдың желтоқсанында Екінші Бүкілқазақтық съезд негізінен қазақ тұрғындары басым облыстардың ұлттық аумақтық автономиясын құру туралы бірауыздан қаулы қабылдады. Оның орталығын Семейде орналастыру көзделді. Алайда, большевиктердің либерал-демократ зиялыларымызға қарсы жүргізген саяси қуғын-сүргіні бұл идеяны келмеске келтірді.

Автономиялық Қазақ кеңес республикасының құрылуына байланысты өлкенің орталығын айқындап алу туралы мәселе қайтадан күн тәртібіне қойылды. Мүлде құйтұрқы шешім қабылданды: Мәскеу ұлттық мүддені ескермей әрі жергілікті үкіметтің ұсыныстарын құлаққа ілмей, Қазақстанның астанасы етіп Орынбор қаласын белгіледі. Шын мәнісінде, мұның өзі республикада Кеңес өкіметін нығайту үшін Орынбор жұмысшыларын пайдалануды көздейтін пиғыл еді. Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің қаулысымен Орынбор Қазақстанның құрамына енгізілді, дегенмен бұл қала өлкенің ұйқысына айнала алмады.

Қазақстанда орын алған аумақтық-демографиялық өзгерістер жаңа, соларға сәйкес келетін шешім қабылдау қажеттігін өктем талап етті. Сол кездің өзіндеақ астананы Ақмолаға, Ақтөбеге, Шымкентке, Әулиеатаға, Қызылордаға көшіру нұсқалары ұсынылды. Көріп отырсыздар, бұдан 72 жыл бұрын-ақ Ақмола Қазақстанның басты қаласы болып аталған екен! Алайда ақтық шешім тағы да республикадан тыс жерде қабылданып, 1925 жылы Астана Қызылордаға ауыстырылды. Түрксіб құрылысы астананы Алматыға ауыстырудың негізгі себебі болды. Бұл шешім заң жүзінде 1927 жылдың 3 сәуірінде қабылданғанмен, іс жүзінде көшу 1929 жылы ғана жүзеге асырылды.

Осылайша, республика астанасын бұған дейінгі көшірудің барлығы әлде бір «төңкерістік», әлде бір «таптық» қажеттілік дейтін топшылаулармен ұштастырыла жүргізілген Қазақстанның өзінің мүддесін ешқашан ескерген емес. Сондықтан да

біздің өз тарихымызда тұңғыш рет ұлттық мүдделерімізге негіздей отырып, астанамыз жөнінде шешім қабылдап отырғанымызды орасан зор саяси және рухани-адамгершілік мәні бар.

Егер ежелгі және осы заман зерттеушілерінің жазбаларын ізерлеп оқитын болсақ, Ақмола даласының әркезде сан алуан этностар мен мәдениеттер өзара қоян-қолтық біте қайнасқан қарым-қатынас аумағы болып келгеніне көз жеткізу қиын емес. Біздің дәуірімізге дейінгі алғашқы мыңжылдықтың ортасында-ақ осы кең жазираның төсінде көне грек тарихшысы Геродот аузына алған Ұлы Дала арқылы көктей өтетін жол жатқан екен. Кейіннен ол кеңінен әйгілі болған Ұлы Жібек жолына айналды. Сан тарау керуен сүрлеулерінде сауда мен кәсіпшілік өркендеген қалалар орын тепті, ал ауыл тұрғындары дәстүрлі мал шаруашылығына қоса жер өңдеумен айналысты, бұл ретте сол дәуір үшін алдыңғы қатарлы агротәсілдерді кеңінен қолданды. Былайша айтқанда, бұл өз уақытынан едәуір ілгері кеткен өркениет ошақтары еді.

Иә, жұлдыздық самғау сәттерінен басқа, Жібек жолы құлдырау кезеңдерін де бастан өткерді, бірақ ол әрдайым тек қана сауда артериясы ғана емес, сонымен бірге маңызды мәдени-коммуникациялық жүйе де болды.

Ақмола XIX ғасырда-ақ даланың ірі сауда-экономикалық орталығы болған. Оның ғасырдың екінші жартысындағы аса ірі аграрлық орталық ретіндегі рөлі де дау туғызбаса керек. Осынау өңірдің мәдениеті — жалпыұлттық мәдени игілігіміздің орасан зор бөлігі.

Астананы көшіру идеясына таяу және алыс шетелдің көптеген көрнекті мемлекет қайраткерлерінің орасан зор рухани қолдау көрсеткенін айта кетуге тиіспін. Олар біздің жаңа астанаға көшуімізге байланысты құттықтаған лебіздерін білдіруде. Атап айтқанда, маған осында қатысып отырған Қырғызстан Президенті Асқар Ақаев пен Өзбекстан Президенті Ислам Каримов өте көп көмек көрсетті. Бұл үшін мен оларға шынайы ризамын. Нақ осы ақпейілділік пен күрделі проблемалар күрмеуін шешуге жәрдем жасауға деген ынта-ықылас Орталық Азия одағына мүше мемлекеттер арасында қалыптасқан достық, шынайы қарым-қатынастарды айқындайды деп ойлаймын.

II. Тоталитарлық өткеніміз қайталанбауға тиіс

Біздің ең жаңа тарихымыздың сирек кезеңі ғана Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланған 1997 жылмен теңесе алады.

Іс жүзінде саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұлттық мәдени орталықтардың баршасы дерлік осындай жылды өткізу туралы идеяны қуаттап, ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Миллиондаған азаматтар 31 мамырда нақақтан қаза болған қазақстандықтарды жалпы қауым болып еске алып, аза тұтатын күнге айналған Еске алу күніне қатысты. Республикалық телемарафон іс жүзінде әрбір қазақстандықтың жалпыхалықтық акцияның қатысушысы болуына мүмкіндік берді. Діни қағидаларға сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына бағыштап, бүкіл еліміздің аумағындағы мешіттер мен шіркеулерде еске алу шараларын өткізген негізгі діни қауымдастықтар өкілдерінің тындырған істерін ерекше атағым келеді.

Қазақстанда қазанның ортасында Рухани татулық күні атап өтілді. Өзінің бүкіл бітімі мен мазмұны жағынан өте тамаша бұл акция жан-жақты қолдау көрсетуге лайық.

Республиканың барлық аймақтарында бірқатар ірі ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді, жазықсыз жапа шеккендерге арналған болашақ ескерткіштер мен ескерткіш белгілерінің іргесі қаланды. Жазалауға ұшыраған поляк ұлтының азаматтарына Павлодарда, жазалауға ұшыраған корейлерге Атырауда ескерткіштер орнатылды. Балқашта, Қарағанды, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының елді мекендерінде әртүрлі ескерткіш ғимараттар тұрғызылды. Алматыда қала көшелеріне құғын-сүргін құрбаны болған Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейханов, Анна Никольская және басқа қоғамдық қайраткерлер есімдерін беру рәсімдері өткізілді.

Оралда, Қостанайда, Қарағандыда, Павлодарда жергілікті материалға негізделген мемориалдық жұмыстар жарық көріп жатыр. Маған мәлім болғанындай, «Қазақстан этностары» кітаптарының тұтас сериясы жарыққа шығарылмақ. Аймақтарда Аза кітаптары баспаға әзірленді.

Тамыздың соңында Алматыда соғыс жылдарында еңбек міндеттілігін темір тордың ішінде өтеген Еділ бойы немістерінің II съезі болып өтті. Бұл адамдар аса ауыр тағдыр тауқыметін бастан кешірді, оларға тоталитарлық режимнің соққысы тым қатты тиді, ендеше тарихи шындықты қалпына келтіру — біздің адамгершілік парызымыз.

Таяуда тағы бір датаға — Ресей корейлерін Приморьеден біздің республикамызға күштеп қоныс аударуға 60 жыл толды. Ал оның қаралы оқиға ретінде емес, Қазақстанға келген корей диаспорасының екінші отанын табуының 60 жылдығы ретінде аталып өтуі есте қаларлық.

Биылғы жылы Мирзоянның, Розыбақиевтің, Амосовтың мүшелтойлары аталып өтеді. Олардың да сталиндік режимнің құрбандары болғаны мәлім.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Заң шыққан күннен бастап республика прокуратурасы 7,5 мыңнан астам қылмыстық іс қарады, бұлар бойынша шамамен жазықсыз жапа шеккен 11 мың адам ақталды. Соның ішінде үстіміздегі жылы ғана 2,5 мыңға жуық адам ақталды.

Әдейі қоныстандырылғандарды ақтау жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр, бүгінгі күнге «сенімсіз адамдар» саналған 160 мыңнан астам адамдардан жазықсыз айыптаулар алынды. Жұрттың бұл есімдердің бәрін бұқаралық ақпарат құралдары хабарлары арқылы білуі өте қажет. Өкінішке қарай, көбінесе барша жұрт хабардар 20-30 есімдер туралы ғана сөз қозғалып жүр. Ал жазықсыз жапа шеккендердің саны көптеген нөлдері бар цифрлармен есептеледі ғой. Әлі күнге дейін 9 мыңнан астам архивтік істердің қозғаусыз қаралмай жатқанының өзі-ақ соны көрсетеді. Кулактар деп аталған ондаған мың адамның істері де өз кезегін күтіп тұр.

Техникалық сипаттағы қиындықтарды алып тастап және ақтаудың тетіктерін оңайлату үшін мен Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлық шығардым. Бұл жұмысқа көмектесті, сонымен бірге қайсыбір өңірлерде бұл нормативті актілердің орындалмай жатқандығы туралы белгілер түсуде. Барынша жауапкершілікпен мәлімдеймін, бұл маңызды мемлекеттік істегі селқостық пен салғырттықты түбірімен қиып тастаймын, сөзбұйдалыққа жол берген лауазым иелеріне қатаң шаралар қолданылатын болады.

Қазір өмір сүріп отырған ұрпақтардың адамгершілік борышы мен қасиетті міндеті — біздің әкелеріміз бен аталарымыз тоталитаризм режимінің тезі астында өмір сүрген сол бір жылдарды зерделеу. Ол осы тарихи нәубет ешқашан қайталанбау үшін біздің бәрімізге қажет нәрсе.

Тоталитарлық жүйе әсіресе ұлттық сана мен төлтума ерекшеліктің кез келген көрінісін мейлінше күйретіп бақты. Біздің тарихымыздың тұп-тұтас жүздеген жылдары, оның аса бір нәзік әрі шетін өрімдері қаныпезер оташының өткір қандауырының жүзіне ілікті. Өткен кезеңдерді аяусыз турамшылаған тоталитаризм қазақ ұлтының өткенін таптар арасындағы таусылмас күреске тели салуға тырысты.

Ол көпшіліктің санасына ұлттық элитаның жаппай сатқындығы мен бейшаралығы туралы тайыз, сонымен бірге өлтіретіндей әсерлі ойды табандылықпен енгізді. Мұның бәрі ұлттық нигилизм мен өз тарихына құрметпен қарамауды орнықтыруға ықпал етіп, таңқаларлық жағдайда бүгін де бой көрсетуде. Кейде біздің дамуымыздың қазіргі кезеңінің барлық қиындығын түсінбеушіліктің пайда болуы — бұл билік өкілдері не істесе, соның бәрін де ресми тарихи жылнама жаппай қарғап-сілеген өткеннің жеңіл көзге түсетін қайталануы ғой.

Парасат бәсекесінен өлердей қорқатын жансебіл жадағайлардың өздерінің этникалық тәжірибелерін ұлттық элитаны жоюдан бастайтыны да сондықтан.

Тоталитаризмнің өзге әмбебап әрі ұтылыссыз дерлік әдісі — ұлттық сананы әлеуметтік-топтық санамен алмастыру. Ұлттың басын біріктіріп тұратын элитаны қалай қарусыздандыру керек? Өте қарапайым: ұлттық бірегейліктің орнына топтық бірегейлікті орнықтыру керек. Сол арқылы тұтас бір халықтың маңызды оқиғаларға толы тарихы құдайдан қорықпай бұрмаланады.

Тоталитаризмнің санаға салған зардаптарын жоя отырып, біз екі бірдей міндетті шешеміз — өзіміздің өткенімізді объективті тұрғыдан саралаймыз әрі өзіміздің болашағымыздың үлгісін жасаймыз.

Алайда тоталитаризмнің өз мұрасын түсіндірудің маңызы да бұдан кем емес. Біз бүгін тоталитарлық идеологияның ықпалдылығының себептерін айқын түсіне біліміз керек. Бұл түрлі мемлекеттік идеологияларды жеңіл түсіндірумен шатастырылып біткен үлкен тақырып, ол әлі өз зерттеушілерін күтіп тұр.

Қазақстан қоғамдағы бір идеологияның монополиясынан тартуды неге конституциялық түрде жария етті — бүгінде модада болғанымен, бірақ өте тұрақсыз либерализмнің пайдасына ма, әлде басқа бір себептер бойынша ма? Ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияның ара қатынасы қандай? Ана немесе мына идеологиялық постулаттарды күштеп енгізу жолымен жүруге болмйады?

Иә, сәнді әрі ұран үлгісіндегі бірыңғай идеологияны құруға әбден болады. Идеологиялық таптаурын тұжырымдарды адамдардың санасына тақтайға шеге қаққандай сыналап енгізіп, басқаша ой түйетін барша әлеуметті елден ақырындап ығыстырып жіберуге де болады. Ал мұның іргесі күштеп оқшаулаудан, ол ма тіпті шындықты өздерінің ғана еншісіне айналдырғандарға қарсы келген жандардың көзін құртудан онша алыс емес.

Миллиондаған адамдардың тағдырларын қанға батырып, аяусыз жаныштаған XX ғасырдағы тоталитарлық идеологиялық жүйелердің берген сабағы кешегі күнді өлердей аңсап жүрген жандарды шынымен-ақ ешнәрсеге үйретпегені ме?

Ұлттық идеяға келсек, оның іргетасы мүлде бөлек, әрі ол ең алдымен адамдардың өздерінің ұлттық тақылеттестігін айқын парықтауына негізделген. Бұл идея ешкімге де күштеп таңылмайды — ол қоғамның өз ортасында пісіп жетіледі. Ол идеология абыздары ашқан жаңалық та емес, ал миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін терең пайымдауының жемісі.

Ұлттық идеяны төл тарихыңды жаңаша түйсіну негізінде ғана қалыптастыруға болады. Өйткені кешегі тарихтан идеологиялық дүниенің қос сілемі — ресми идео-

логия әлемі және қарапайым адамдардың көңіл күйінің әлемі қосамжарласып өмір сүргені барша жұртқа мәлім. Халықтың мыңжылдық тарихын баршаның терең пайымдауынсыз және әркімнің өзінің жеке рөлін түсінуінсіз ұлттық идея құру мүмкін емес. XXI ғасыр өрістерінде өзіңнің өткеніңді әділ таразылау, оған қол жеткізу жолындағы алғашқы қадам, одан басқа жол жоқ.

Сөйтіп, ұлттық идея қағидасы ұлттық тарих кеңістігінің өзінде жатыр. Оны басқа өрістерден іздестіру — мейлі ол либералдық немесе тоталитарлық утопия болсын, кезекті әмбебап құрылымға қарай сөзсіз ығысу деген сөз.

III. Қоғамдағы саяси тұрақтылық — 2030 стратегиясын іске асыру шарты ретінде

Елдің дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын іске асырудың қажеттілігі туралы осыдан 2 ай бұрын өзімнің Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда айтылған болатын, онда мен еліміздің 2030 жылға дейінгі дамуының стратегиясын баяндаған едім.

33 жылдан кейінгі Қазақстанды қалай елестететінімді естеріңізге сала кетейін. Біздің жас мемлекетіміз өсіп кемелдене түседі, онымен бірге біздің балаларымыз бен немерелеріміз өсіп есейеді. Олар өз ұрпағының жауапкершілігі жоғары, жігерлі, қайратты өкілдері болып жетіледі, денсаулығы жақсы, парасаты биік азаматтар болады. Осы заманғы нарықтық экономика жағдайында істей жүріп, бұл бозбалалар мен бойжеткендер әлем азаматтары деңгейіне көтеріледі, сөйте тұра олар өздерінің жедел дамып келе жатқан, күллі әлемге әйгілі де қадірлі бейбіт елдерінің патриоттары болып қалады.

2030 жылдың азаматтары мемлекеттің өз құқықтарын қорғайтынына, мүдделерін жақтайтынына, жағдаяттардың ығытымен өмірден өз орнын таба алмай қиналған бірен-саран жастарға қол ұшын беретініне сенетін болады.

2030 жылғы Қазақстан Еуразия орталықтарының бірі бола отырып, жедел дамып келе жатқан Қытай, Ресей және мұсылман әлемі сияқты үш аймақтың арасындағы экономикалық және мәдени ынтымақтың дәнекеріне айналады.

Елімізде дәл бүгінгі күні сияқты көптеген ұлттардың баршамен бірдей мүмкіндігі бар, ертеңгі күніне сенімді, өздерін Қазақстанның тең құқылы азаматтары санайтын өкілдері өмір сүретін болады.

Әрине, 33 жылдан кейін мемлекетіміз әлі де әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған ел бола қоймас. Әйткенмен жаңғырулардың ауыр жолынан абыроймен өтіп, дамудың келесі кезеңіне нық сеніммен қадам басады. Сөйтіп, азиялық жолбарыстар мен аждаһалардың қатарында серпінді дамып келе жатқан жаңа ел пайда болады, оны мен азиялық барыс деп атар едім.

Осындай келешектің шындыққа айналуы үшін, меніңше, біраз басымдықтарды іске асыру керек. Олар: ұлттық қауіпсіздікті, ішкі саяси тұрақтылықты және қоғамның ынтымағын қамтамасыз ету, деңгейі жоғары шетел инвестициялары мен ішкі жинақтаулары мол ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өрлеуге қол жеткізу, азаматтардың денсаулығын жақсарту, білімін көтеру, дәулетін арттыру, қолдағы энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік білігі биік осы заманға лайық тобын даярлау.

Бұл жарқын болашаққа жету бағдарламасы да, мерзімінен бұрын орындау міндеті қойылған жоспар да емес. Бұл біздің құбыланамамыз, басқалардың тәжірибесіне сүйеніп жасаған алға басуымыздың бағдары. Бұл халықты өз игілігі үшін, осындай игі мақсатқа жету үшін тынымсыз тындырымды еңбек етуге шақырған үндеу.

Бұл мақсатқа жету үшін әрбір қазақстандық алға қойған нысананың айқын екенін терең пайымдауға, оның нақты екеніне және оған жетуге болатынына көз жеткізуге, әлбетте бәрі де оның ортақ іске қосқан үлесіне байланысты екенін түсінуге тиіс.

Дамудың барлық мүмкін бағыттарын іске асыру саяси тұрақтылықты сақтаудың іргелік жағдайларына байланысты екенін атап көрсеткім келеді. Егжей-тегжейлі екшеліп жасалған стратегияның құмдағы ізге айналып кетпеуі үшін Қазақстан өз дамуының күрделі өтпелі кезеңінен азаматтық сілкіністерге жол бермей өтуге тиіс.

Біз ішкі саяси ахуалға, тыныштық пен татулықты қамтамасыз етуге әрқашан баса көңіл бөліп келдік. Әлемнің түрлі аймақтарындағы ахуалды талдау қатарына Қазақстан да кіретін өтпелі кезеңде тұрған әрбір мемлекетке қоғамдық тұрақсыздықтың нақты қатері бар екенін көрсетіп берді. Демек, біздің бүгінгі таңдағы басты міндетіміз қол жеткен табыстарға тоқмейілсушілікке жол бермей келеңсіз үрдістерге салауатты баға беріп, олардың алдын алып отыруға саяды.

Осы тұрғыдан келгенде біздің ішкі саяси тұрақтылықтың аса маңызды шарты ретінде ұлтаралық татулықты одан әрі нығайту жөніндегі жұмысқа барынша ден қоюымыз керек, демек елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз қажет.

Қазақстанның ерекшелігі тек қана оның полиэтникалығында емес. Жемеженмге келгенде, қазіргі әлемде мүлде таза күйінде бір ғана ұлттан тұратын елдер іс жүзінде жоқ. Біздің ерекшелігіміз көп этностан құралатын ел екендігімізде болып отыр. Сондықтан көз жететін келешекте бізде бір ғана ұлттан тұратын мемлекетті құру жөніндегі түрлі әрекеттердің жолы болмайтыны анық. Бұл тақырыпқа басқа қаншама болжаммен айтылған тұжырымдар ұсынылғанымен, мұның өзі шүбәлануға жатпайтын аксиома.

Бұдан шығатын қорытынды біреу: біздің стратегиялық бағытымыз да — Қазақстанның барлық азаматтарының саяси қауымдастығының басымдығы, тақылеттестіктің барлық басқа да түрлерінен ортақтастығымыздың айрықша басымдығы. Айталық, өзімнің таяудағы Америка Құрама Штаттарына, ГФР мен Польшаға ресми сапарымның кезінде мен бұл елдерде мәселенің дәл осылайша қойылып отырғанына көз жеткіздім.

Үстіміздегі ғасырдың екінші жартысында, яғни 1997 жылы сан жағынан басым түсіп, елдің бүкіл халқының жартысынан астамын құрап отырған қазақ этносы ендігі жерде саяси ынтымақтасудың ұйтқысы болуға тиіс. Бұл ретте оған эволюциялық жолмен ықтиярлылық ығытымен қол жеткізіледі. Сондықтан да Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиясында барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі мен тұрмыс жағдайының жақсаруы біздің басым мақсаттарымыз ретінде алға қойылуы тегіннен-тегін емес.

Таяудағы болашақта біздің үлкен стратегиялық маңызы бар бірқатар практикалық міндеттерді шешуіміз қажет.

Біріншіден, әңгіме халықты толық паспорттандыру бағдарламасын аяқтау туралы болып отыр. Тақылеттестік тұрғысындағы жалпылама әңгімелердің нақты істермен толыққан кезде ғана маңызы арта түседі. Адамдардың өз азаматтылық қатыстылығын түпкілікті айқындап алатын мезгіл жетті. Ендігі жерде осы мәселе Президенттің тікелей өзінің бақылауында болады. Әлбетте осынау маңызды жұмыстағы бюрократтық сөзбұйдаға салушылықтың қандайы үшін де елеулі жазалау шаралары қолданылуы әбден мүмкін.

Екіншіден, біздің тіл саясатымызды оңтайландыру да қажет. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі байсалды да дәйекті түрде енгізілуге тиіс. Бұл тұста негізгі

міндет мемлекеттік өкімет органдарына жүктеледі, ал олар болса, өкінішке қарай, тиісті заңды іс жүзінде қолдануды, әсіресе мемлекеттік тіл функцияларын іске асыру жөнінен төзгісіз кешеуілдетіп келеді. Сонымен қатар ақпараттық технологиялық ілгерілеу жағынан кешігіп қалмау амалдарын да ойластыру қажет. Мен осы заманғы талаптарға бара-бар стандарттарға, нышандар мен қаріптерге көшуді айтып тұрмын.

Орыс тілін үйренуге арналған мектеп сағаттарын күрт қысқарту жөніндегі ұсыныстардың ешбір қисынға келмейтінін айрықша атап көрсеткім келеді. Қазақтардың баршасының қос тілділігі — осы заманғы ақпарат легін игеруге жол ашатын өзіндік бір тамаша құбылыс. Сонымен қатар замананың беталысы халыққа білім беру жүйесінің алдына ендігі жерде үш тілділік туралы мәселені көлденең тартып отыр. Әңгіме жастарға қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жаппай оқыту жайында болып отыр.

Сонымен бірге Қазақстанда барлық этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамыту үшін жағдай жасалатын болады. Анығын айтсақ, қазірдің өзінде мектептерде оқу 15 тілде жүргізіледі, ал республиканың театрлары өз қойылымдарын 5 ұлттық тілде жүзеге асырады. Біздің ақпараттық кеңістігімізде 11 тіл қолданылып жүр.

Қазір дүниедегі елдердің көпшілігі көпэтникалылықты қоғамдық дамудың сындарлы факторы ретінде ойдағыдай қолдана білуде. Біз де осы арнамен ілгері жүретін боламыз, сөйтіп келер 100 жылдықта ұлттық мәселені ойдағыдай шешудің үлгісін де шешерміз деген ойдамын.

Біздің топтасу үшін берік тұғырнамамыз бар. Ол — біздің бүгінгі шекарадағы тиесілі жеріміз, туған топырағымызды абаттандырған бабаларымыз, жеңістері де, жеңілістері де астасып жатқан ортақ тарихымыз, Қазақстан жерінде өмір сүріп, еңбек етуге тиіс болашақ ұрпақтар.

«Кешегі күнсіз келешек жоқ». Бұл қағиданың әділдігіне күн сайын көзіміз жетіп жүр. Біздің ұлттық санамыздың ерекшеліктерін, әдет-ғұрпымыз бен дағдымызды білмейінше, енді 25–30 жылдан кейін біздің қай жерге жетерімізді түсіну қиын. Менің ойымша, саяси тарихтың күнтізбесіне Қоғамдық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып енген 1997 жыл біздің әрқайсымызға қазақстандықтар деп аталатын адамдар қауымдастығымен қанымыздың да, жанымыздың да бір екенін терең де дәйекті сездірген сияқты.

Иә, өтіп бара жатқан ғасырға қарағанда, біздің тарихымыз әлдеқайда бай әрі алуан қырлы. Осыны түсіне келіп, біз, халықтың бірлігін сақтау мен өткен ұрпақтарды есте ұстаудан асқан абыройлы парыздың жоқ екенін терең пайымдаймыз. Бұл міндеттердің шешілуін — адамдарды өзінің ұлттық тарихына деген терең құрмет сезіміне тәрбиелеуді және олардың ықылас-ниетін жалпықазақстандық патриотизмге қол жеткізуге бағыттауды біріктіруге бола ма? Иә, әрине. Меніңше, бұл қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық үйлесімді қамтамасыз етудің жалғыз ғана жолы.

Сондықтан да бүгінгі күні жаңа астанада, көне де мәңгі жас Есіл даласында мен келесі жылдың басты идеясы — халықтың бірлігі мен ұлттық тарихқа тағзым идеясы болуға тиіс деп айтқым келеді.

Сөзімнің соңында, қымбатты достар, сіздерді, сіздер арқылы күллі қазақстандықтарды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын. Біздің ортақ Отанымызды арман-мүддеміз іске асқан, үмітіміз орындалған өлкеге айналдыру үшін сіздер қолдан келгеннің бәрін істейді деп сенемін.

Жаңажылдық құттықтауы

Ақмола қаласы, 1997 жылдың 31 желтоқсаны

Қадірлі отандастарым, достар!

Бастан кешкен жылымыз тарих қазынасына айналып, келесі, жана 1998 жыл табалдырығымыздан аттағалы тұр. Мұндай сәтте, барша жұрт бірдей көңіл-күйде болатын сияқты. Өйткені бұл өткенді ой елегінен еткізіп, келешекке деген арман мүдденді көңіл таразысына тартатын, алдағы күнге үмітпен көз салатын тұс.

Сіздер сияқты менің де көксеген өз арманым мен нақтылы жоспарларым бар. Бұлар өзімнің отбасыма да, сіздердің баршаңызға да қатысты ой-ниет. Мен Жаңа жылдың мемлекетіміздің тарихындағы жана кезеңді бастайтын уақыт болуын қалар едім, әлбетте солай болатынына да әбден сенемін.

Бұлай деуге толық негізіміз бар. Мемлекетіміздің өміріндегі маңызды кезең аяқталып отыр. Тәуелсіздікке жеткен жылдар ішінде экономикалық және саяси реформалардың ең бір аурушаң да ауыр аралығын еңсере біліп, кең ауқымда тұрақтылыққа қол жеткіздік, өндірістің құлдырауын тоқтатып, инфляцияны ауыздықтадық.

Әлеуметтік түйінді мәселелерді неғұрлым байсалды да бәсірелі шешуге кірістік. Осы уақыт ішінде мемлекеттілігіміз қалыптасты, конституциялық негізде түбегейлі жаңа заңдық негіз қаланды.

Әлемдік қоғамдастықта Қазақстан бейбітшіл мемлекет ретінде, өзінің тындырған ісі мен жасаған қадамдары үшін жауапкершілігі мығым, ынтымақтасуға әзір тұрған сенімді серіктес ретінде танылды. Қысқасы, тәуелсіз егемен мемлекет құруға кіріскен кезімізде алдымызға қойған бірінші кезектегі қиын міндеттер іс жүзінде шешіліп отыр.

Мұның бәрі, сайып келгенде, барша қазақстандықтардың барынша байыптылық танытуы мен елімізді өркендетуге жете ден қоюының, әрі татулық пен ұлтаралық жарасымды сақтай білуінің жемісі.

Қазір біз реформалардың жаңа сатысына қадам бастық, ендігі жерде біз алыс келешекке көз тігерліктей де күйдеміз, алдымызға неғұрлым ауқымды міндеттер қойып еліміздің барлық өлшемдер бойынша серпінді де тұрлаулы дамуына бастайтын бағыттарды белгілей алатындай халдеміз.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы нақ осындай ізгі мұраттың негізінде әзірленіп отыр. Бұл құжат болашақты боямалап суреттеуге тырысқан қисынсыз әрекет емес, онда ең әуелі қолымызда бар күшіміз бен әлеуетіміз айтылған. Әлбетте оны қайткен күнде де іске асырмақ ләзім. Мен қазақстандықтарға дәулетті тұрмысқа бастайтын сара жолды нұсқап отырмын. Егер біз осы жолдан таймай, ерік-жігерімізді жанып, дәйектілік таныта білсек, онда Қазақстанның өсіп-өркендеуін қамтамасыз етеріміз, өз отбасымызды, бала-шағамыз бен немерелерімізді игілікке кенелтеріміз кәміл.

Алайда ойдағыны іске асыру үшін әрқайсымыздың аянбай қажыр-қайрат жұмсауымыз қажет екенін де естен шығармауымыз керек. Өйткені, Қазақстанның бағыты қаншама айқын, қаншама дұрыс десек те, алға басудың басты бағдаршысы халықтың өзі.

Қазірдің өзінде еліміз жаңа қарқынмен, жаңа ырғақпен өмір сүріп еңбек етіп жатыр. Астананы Ақмолаға көшіргенде де осындай мақсат көзделген еді. Осынау тарихи қадамның қадіріне замандастарымыз да, келер ұрпағымыз да жететін болады. Аймақтық саясатты түбірінен өзгерте келе әрі қолдағы жадығатты барынша ұтымды пайдалана отырып, біздің өз елімізді XXI ғасырдың болмысына сай келетіндей деңгейге көтерерімізге шүбә жоқ.

Өздеріңізге деген жаңажылдық құттықтауымды алғаш рет жаңа астанадан арнағанда, мен, ең алдымен, өзіміздің болашаққа ұмтылған ұлт екенімізді атап көрсеткім келеді. Біз келешекке алдымызда ғұмыр кешкен қазақстандықтардың сан буынының рухына тәу етіп, өткенімізді санамызда қастерлеп сақтау арқылы беттеп келеміз. Бізді әрдайым тәуелсіздік хақындағы арманымызды жүзеге асыру үшін жан аямай күрескен, мемлекеттілігіміздің іргесін қалап, еліміздің болашақ қуатын бекемдеген барша бабаларымыздың аруағы сыртымыздан желеп-жебеп жүр. Өтіп бара жатқан жылды жалпыұлттық татулықты нығайту мен саяси құғын-сүргін құрбандарын, сайып келгенде, дүниеден баз кешкен барлық қазақстандықтардың сан ұрпағын еске түсіруге арнағанымыз дұрыс болды-ау деген ойдамын.

Қазақстанда тарихи зерденің нәрлі қайнары әманда сарқылмақ емес десем, көпшіліктің ойынан шығарым анық. Біз әрдайым еліміздің аса бай тарихынан жан сергітер нәр алып, бойымызға тың қуат қосатын боламыз. Менің келер жылды өз Жарлығыммен Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы деп жариялауымның сыры да осында жатыр.

Қымбатты достар!

Жаңа жылдың кіруіне санаулы минуттер қалған тебіреністі сәтте баршаңызға шын жүрегімнен бақыт тілеймін, барлық ақ тілектеріңіз бен игі ниеттеріңіз қабыл болсын, денсаулықтарыңыз мықты болсын! Дастарқандарыңыздан ырзық үзілмесін, шаңырақтарыңызды халықтың ауызбірлігі мең татулығының жалыны жылытсын, ортақ үйіміз — Қазақстанға құт-береке ұяласын!

1996 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасында экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шартты бекіту жөнінде» 1996 жылғы 15 мамырдағы №1-І;

2. «1974 жылғы 12 тамызда Джиддада қол қойылған Ислам даму банкінің Құрылтай шартын бекіту туралы» 1996 жылғы 15 мамырдағы №2-І;

3. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы №3-І;

4. «Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорлары туралы» 1996 жылғы 3 маусымдағы №4-І;

5. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Лицензиялау туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы №5-І;

6. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І;

7. «Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) «Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы және өндірістік орта туралы» 1981 жылғы №155 Конвенциясын бекіту туралы» 1996 жылғы 13 маусымдағы №7-І;

8. «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасы төрағасының республикада төлем және несие тәртібін нығайту мәселесі жөнідегі есебі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің экономикалық нормативтерін бұзғаны үшін коммерциялық банктерге қолданылатын санкциялар туралы уақытша ережеге өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің «Есеп айырысуларда қолдағы ақшаның пайдаланылуын ретке келтіру туралы» 1994 жылғы 27 қаңтардағы №1532 Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» 1996 жылғы 13 маусымдағы №8-І;

9. «Қару-жарақ, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы» 1996 жылғы 18 маусымдағы №9-І;

10. «Еңбекшілерді жұмыс орындарындағы ауаның ластануы, шу мен тербеліс салдарынан болатын кәсіби қауіптерден қорғау туралы» Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) 1977 жылғы №148 Конвенциясын бекіту туралы» 1996 жылғы 26 маусымдағы №10-І;

11. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы жөніндегі келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 26 маусымдағы №11-І;

12. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды жою және табыс пен мүлік құнының өсіміне салынатын салықты төлеуден жалтаруды болдырмау туралы конвенцияны бекіту жөнінде» 1996 жылғы 26 маусымдағы №12-І;

13. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» 1996 жылғы 26 маусымдағы №13-І;

14. «1993 жылғы 24 қазанда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруды болдырмау туралы конвенцияны, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруды болдырмау туралы конвенцияның кейбір ережелері жөніндегі өзара түсіністік меморандумын және Салық конвенциясы мен Көрсетілетін қызметтер саудасы жөніндегі бас келісімге (ККСБК) қатысты ноталар алмасуды бекіту туралы» 1996 жылғы 26 маусымдағы №14-I;

15. «Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі №1663 «Атакент» еркін сауда аймағы туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» 1996 жылғы 26 маусымдағы №15-I;

16. «Саяси партиялар туралы» 1996 жылғы 2 шілдедегі №16-I;

17. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау жөніндегі келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 2 шілдедегі №17-I;

18. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 3 шілдедегі №18-I ҚРЗ;

19. «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» 1996 жылғы 5 шілдедегі №19-I;

20. «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы»1996 жылғы 8 шілдедегі №20-I;

21. «Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы Займ (Арнайы операциялар) (Білім беру жүйесін басқаруды жандандыру және жақсарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 12 шілдедегі №21-I;

22. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 12 шілдедегі №22-I;

23. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канаданың Үкіметі арасындағы Сауда келісімін бекіту туралы» 1996 жылғы 12 шілдедегі №23-I;

24. «Қазақстан Республикасы мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасындағы Займ («Ақтау» портын қайта жаңарту жобасы (1-кезең) туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 12 шілдедегі №24-I;

25. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ (Қаржы секторын құрылымдық қайта құруға арналған займ) туралы келісімді бекіту жөнінде» 1996 жылғы 12 шілдедегі №25-I;

26. «1992 жылғы 9 қазанда Бішкек қаласында Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина арасында жасалған Құғындалған адамдардың, аз ұлттар мен халықтардың құқықтарын қалпына келтіруге байланысты мәселелер жөніндегі келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 12 шілдедегі №26-I;

27. «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі №27-I;

28. «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі №28-I;

29. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі №29-І;

30. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі №№31–32-І;

31. «Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақ КСР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 16 шілдедегі №32-І;

32. «Қазақ КСР-інің кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 1996 жылғы 16 шілдедегі №33-І;

33. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы»1996 жылғы 18 шілдедегі №34-І;

34. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Сақтандыру туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 23 тамыздағы №35-І;

35. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ (Суландыру мен құрғату жүйелерін жетілдіру жобасы) туралы 1996 жылғы 25 маусымдағы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 27 қыркүйектегі №36-І;

36. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Жеке тұлғаларға арнап шетелдік валютадағы және теңгемен жасырын шоттарды енгізу туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының жасырын шоттар мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 1996 жылғы 27 қыркүйектегі №37-І;

37. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы 1996 жылғы 18 шілдедегі Займ туралы келісімді (Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы) бекіту туралы» 1996 жылғы 16 қазандағы №38-І;

38. «1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық ынтымақтастық ұйымының транзиттік саудасы туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 18 қазандағы №39-І;

39. «Қазақстан Республикасы мен Венгрия Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы» 1996 жылғы 18 қазандағы №40-І;

40. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Достастыққа кірмеген мемлекеттермен шекараны күзетудегі ынтымақтастық туралы шартын бекіту туралы» 1996 жылғы 18 қазандағы №41-І;

41. «1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Экономикалық ынтымақтастық ұйымында мүше елдердің бизнесмендеріне арналған виза рәсімдерінің оңайлатылған тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 29 қазандағы №42-І;

42. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румынияның Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы №43-І;

43. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы №44-І;

44. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы №45-І;

45. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы №46-І;

46. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Заң күші бар Жарлығының 149-ші бабына толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы №47-I;

47. «Өрт қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы №48-I;

48. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ (Қазынашылықты жаңғырту жобасы) туралы 1996 жылғы 22 тамыздағы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 7 желтоқсандағы №49-I;

49. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»1996 жылғы 7 желтоқсандағы №50-I;

50. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы» заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» 1996 жылғы 20 желтоқсандағы №51-I;

51. «Бюджет жүйесі туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы №52-I;

52. «Кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы №53-I;

53. «Валюталық реттеу туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы №54-I;

54. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы №55-I;

55. «Мәдениет туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы №56-I;

56. «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы №57-I;

57. «Қазақстан Республикасының Су кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы №58-I;

58. «1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №59-I;

59. «Қазақстан Республикасы Президентінің «1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №60-I;

60. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №61-I;

61. «Сауда және соған байланысты мәселелер бойынша, бір жағынан, Еуропалық қоғамдастық, Көмір мен болат жөніндегі еуропалық бірлестік, Атом энергиясы жөніндегі еуропалық қоғамдастық және, екінші жағынан, Қазақстан Республикасы арасындағы уақытша шартты бекіту туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №62-I;

62. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузияның Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузияның Үкіметіне берген мемлекеттік несиелері бойынша Грузияның Үкіметінің қарызын қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №63-I;

63. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №64-I;

64. «Мемлекеттік баж туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №65-I.

1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» 1997 жылғы 8 қаңтардағы №66-I;

2. «Банкроттық туралы»1997 жылғы 21 қаңтардағы №67-I;

3. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Банкроттық туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы №68-I;

4. «Қазақстан Республикасының «Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы №69-I;

5. «Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігі арасындағы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы №70-I;

6. «Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы №71-I;

7. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Үкіметі арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы №72-I;

8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы №73-I;

9. «Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канаданың Үкіметі арасындағы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы №74-I;

10. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 28 ақпандағы №75-I;

11. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 28 ақпандағы №76-I;

12. «Құнды қағаздар рыногы туралы» 1997 жылғы 5 наурыздағы №77-I;

13. «Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы» 1997 жылғы 5 наурыздағы №78-I;

14. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Құнды қағаздар және қор биржасы туралы» Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 5 наурыздағы №79-I;

15. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 5 наурыздағы №80-I;

16. «Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы Қарыз туралы (Жай операциялар) (Жолды қалпына келтіру жобасы) 1996 жылғы 18 қазандағы келісімді бекіту жөнінде» 1997 жылғы 5 наурыздағы №81-I;

17. «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы» 1997 жылғы 6 наурыздағы №82-I;

18. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 6 наурыздағы №83-I;

19. «Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 10 наурыздағы №84-I;

20. «Экологиялық сараптама туралы» 1997 жылғы 18 наурыздағы №85-I;

21. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзияның Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 27 наурыздағы №86-I;

22. «Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы» 1997 жылғы 27 наурыздағы №87-I;

23. «Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 2 сәуірдегі №88-I;

24. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Лицензиялау туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 7 сәуірдегі №89-I;

25. «Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы» 1997 жылғы 10 сәуірдегі №90-I;

26. «Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар жарлықтарына толықтырулар енгізу жөнінде» 1997 жылғы 11 сәуірдегі №91-I;

27. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 11 сәуірдегі №92-I;

28. «Атом энергиясын пайдалану туралы» 1997 жылғы 14 сәуірдегі №93-I;

29. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94-I;

30. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №95-I;

31. «Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №96-I;

32. «Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы» 1997 жылғы 28 сәуірдегі №97-I;

33. «Мемлекеттік статистика туралы» 1997 жылғы 7 мамырдағы №98-I;

34. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 7 мамырдағы №99-I;

35. «Азаматтық қорғаныс туралы» 1997 жылғы 7 мамырдағы №100-I;

36. «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» 1997 жылғы 7 мамырдағы №101-I;

37. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 12 мамырдағы №102-I;

38. «Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры мен Қазақстан Республикасы арасындағы Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысының жобасы бойынша Қарыз туралы 1997 жылғы 12 наурыздағы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 12 мамырдағы №103-I;

39. «Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартқа Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1997 жылғы 15 мамырдағы №104-I;

40. «Мемлекеттердің Айдағы және басқа да аспан денелеріндегі қызметі туралы келісімге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1997 жылғы 15 мамырдағы №105-I;

41. «Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді қайтару туралы келісімге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1997 жылғы 15 мамырдағы №106-I;

42. «Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1997 жылғы 15 мамырдағы №107-I;

43. «Ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді тіркеу туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1997 жылғы 15 мамырдағы №108-I;

44. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы қарыз туралы (Сумен жабдықтау жөніндегі пилоттық жоба) 1997 жылғы 24 қаңтардағы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 16 мамырдағы №109-I;

45. «Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 16 мамырдағы №110-I;

46. «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» 1997 жылғы 19 мамырдағы №111-I;

47. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы (азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөнінде)» 1997 жылғы 19 мамырдағы №112-I;

48. «Бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық қоғамдастықтардың және оларға мүше мемлекеттердің арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 26 мамырдағы №113-I;

49. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» 1997 жылғы 27 мамырдағы №114-I;

50. «Шетелдік инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 2 маусымдағы №115-I;

51. «Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 9 маусымдағы №116-I;

52. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы туралы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 10 маусымдағы №117-I;

53. «Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 10 маусымдағы №118-I;

54. «Қазақстан Республикасы мен Чехия Республикасы арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 11 маусымдағы №119-I;

55. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзияның Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 11 маусымдағы №120-I;

56. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Лицензиялау туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» 1997 жылғы 13 маусымдағы №121-I;

57. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Мұнай туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 13 маусымдағы №122-I;

58. «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Ұстап беру туралы шартты бекіту туралы» 1997 жылғы 13 маусымдағы №123-I;

59. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 13 маусымдағы №124-I;

60. «Бюджет жүйесі туралы «Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы №125-I;

61. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы №126-I;

62. «Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы №127-I;

63. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 17 маусымдағы №128-I;

64. «1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 18 маусымдағы №129-I;

65. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер жағдайындағы жергілікті өкілді органдар жүйесі туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы №130-I;

66. «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы №131-I;

67. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы №132-I;

68. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу жөнінде» 1997 жылғы 19 маусымдағы №133-I;

69. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы №134-I;

70. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы №135-I;

71. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы №136-I;

72. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы №137-I;

73. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 30 маусымдағы №138-I;

74. «Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі Заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 30 маусымдағы №139-I;

75. ««Қазақстан Республикасы Президентінің «Күзет қызметі туралы» және «Республикалық ұлан туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 30 маусымдағы №140-I;

76. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 30 маусымдағы №141-I;

77. «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы» 1997 жылғы 30 маусымдағы №142-I;

78. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 1 шілдедегі №143-I;

79. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 2 шілдедегі №144-I;

80. «Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымына қатысушы-мемлекеттер мен «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасына қатысатын басқа да мемлекеттер арасындағы олардың Қарулы Күштерінің статусына қатысты келісімді және оған Қосымша хаттаманы бекіту туралы» 1997 жылғы 3 шілдедегі №145-I;

81. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 3 шілдедегі №146-I;

82. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 3 шілдедегі №147-I;

83. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 3 шілдедегі №148-I;

84. «Біріккен Ұлттар Ұйымының Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенциясын бекіту туралы» 1997 жылғы 7 шілдедегі №149-I;

85. «Сот приставтары туралы» 1997 жылғы 7 шілдедегі №150-I;

86. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I;

87. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы заем (Жылжымайтын мүлікке деген құқықты және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеудің Пилоттық жобасы) туралы 1997 жылғы 16 мамырдағы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №152-I;

88. «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капитал салықтарына қатысты салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №153-I;

89. «Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №154-I;

90. «Нотариат қызметінің ұйымдық және құқықтық негіздері» 1997 жылғы 14 шілдедегі №155-I;

91. «Қазақстан Республикасының нотариат мәселелері туралы кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану жөнінде» 1997 жылғы 14 шілдедегі №156-I;

92. «Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу жөнінде» 1997 жылғы 14 шілдедегі №157-I;

93. «Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі №158-I;

94. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Шаруашылық серіктестіктері туралы» заң күші бар Жарлығына инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізу мәселесі бойынша толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі №159-I;

95. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» 1997 жылғы 15 шілдедегі №160-I;

96. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 15 шілдедегі №161-I;

97. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 1997 жылғы 15 шілдедегі №162-I;

98. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 1997 жылғы 16 шілдедегі №163-I;

99. «Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкін құру туралы» Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы 1994 жылғы 8 шілдедегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 16 шілдедегі №164-I;

100. «Шетелдік инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 16 шілдедегі №165-I;

101. «Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу жөнінде» 1997 жылғы 16 шілдедегі №166-I;

102. «Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі» 1997 жылғы 16 шілдедегі №167-I;

103. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы» 1997 жылғы 16 шілдедегі №168-I;

104. «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1997 жылғы 22 шілдедегі №169-I;

105. «Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 28 қазандағы №170-I;

106. «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» 1997 жылғы 28 қазандағы №171-I;

107. «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 28 қазандағы №172-I;

108. «Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Қарым-қатынастар негіздері жөніндегі шартты бекіту туралы» 1997 жылғы 28 қазандағы №173-I;

109. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 28 қазандағы №174-I;

110. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы» 1997 жылғы 30 қазандағы №175-I;

111. «Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына қосылуы туралы» 1997 жылғы 30 қазандағы №176-I;

112. «Қазақстан Республикасының Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылуы туралы» 1997 жылғы 30 қазандағы №177-I;

113. «Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 30 қазандағы №178-I;

114. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 30 қазандағы №179-I;

115. «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек туралы шартты бекіту туралы» 1997 жылғы 31 қазандағы №180-I;

116. «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының арасындағы БҰҰ аясында ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру және құру туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 31 қазандағы №181-I;

117. «Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымының жарғысына қосылуы туралы» 1997 жылғы 31 қазандағы №182-I;

118. «Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 31 қазандағы №183-I;

119. «Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 31 қазандағы №184-I;

120. «Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы табыстар мен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды

болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 31 қазандағы №185-I;

121. ««Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» 1997 жылғы 4 қарашадағы №186-I;

122. «Дипломатиялық қызмет туралы» 1997 жылғы 12 қарашадағы №187-I;

123. «Сот сараптамасы туралы» 1997 жылғы 12 қарашадағы №188-I;

124. ««Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы №2727 заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» 1997 жылғы 12 қарашадағы №189-I;

125. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы 1997 жылғы 4 қыркүйектегі Қарыз туралы келісімді (Мемлекеттік сектор ресурстарын басқарудағы құрылымдық қайта құруды қолдауға арналған заем) бекіту туралы» 1997 жылғы 15 қарашадағы №190-I;

126. «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Тұрақты тұру үшін Беларусь Республикасына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына келетін Беларусь Республикасы азаматтарының азаматтық алуының оңайлатылған тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 2 желтоқсандағы №191-I;

127. «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 2 желтоқсандағы №192-I;

128. «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 2 желтоқсандағы №193-I;

129. ««Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1997 жылғы 2 желтоқсандағы №194-I;

130. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195-I;

131. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №196-I;

132. «Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісімді және оған Хаттаманы бекіту туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №197-I;

133. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №198-I;

134. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузияның Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №199-I;

135. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1997 жылғы 8 желтоқсандағы №200-I;

136. «1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы» 1997 жылғы 9 желтоқсандағы №201-I;

137. «Еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы конвенцияны бекіту туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №202-I;

138. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №203-I;

139. «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №204-I;

140. «Қазақстан Республикасының көшіп келу мәселелері жөніндегі кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №205-I;

141. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №206-I;

142. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін күшіне енгізу туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №207-I;

143. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №208-I;

144. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексін күшіне енгізу туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №209-I;

